

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

II

1991-1995

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР



Mr. Raymond - 1934

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

**II том
1991–1995**

Астана – 2014

УДК 342.5
ББК 67.400.6
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

Таңдамалы сөздер.

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. II. – 1991–1995 жж. – 736 б.

ISBN 978–601–277–185–5

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының екінші томына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1991–1995 жылдар кезеңінде жұрт алдында сөйлеген өзекті сөздері енгізілді. Мұнда тоталитарлық жүйе қирап, мемлекеттіліктің жаңа үлгісін іздеу мен нарықтық экономиканың қалыптасу үдерісі жүрген ең қауырт және айқындаушы кезеңдердің бірі – Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы оқиғалар баяндалады.

УДК 342.5
ББК 67.400.6

ISBN 978–601–277–185–5 (Т. II)
ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

ЖОЛ БАСЫНДА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» екінші томы еліміз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы (1991–1995 жж.) оқиғаларға арналған. Бұл тоталитарлық жүйе қирап, мемлекеттіліктің жаңа үлгісін іздеу мен нарықтық экономика қалыптасуының күрделі үдерісі жүрген, мемлекеттік құрылыс тұрғысынан алғандағы ең қауырт және айқындаушы кезеңдердің бірі еді.

Бұл уақыт Қазақстан тарихына шынтуайтында жаңа елдің тууының, мемлекеттің іргетасы қалануының, алғашқы жылдардағы қиын-қыстау қалыптасуы мен әлемдік қауымдастық тұрғысынан таныла бастауының мейлінше маңызды және алмағайып кезеңі ретінде кірді. Қазақстандағы қазіргі қоғамдық құрылыстың саяси-құқықтық және институционалдық арқауы нақ осы жылдарда түзілді, коммунистік жүйеден демократиялық бостандықтар мен экономикалық көпукладтылыққа көшуге бағытталған өзекті реформалар жүзеге асырылды.

Бұл ауқымы мен мән-мағынасы жағынан тағдыршешті оқиғалар көзді ашып-жұмғандай жылдамдықпен бірін бірі алмастырып жатқан аса қауырт әрі нығыздалған уақыт болатын.

1991 жылғы 10 желтоқсанда 1991 жылдың 1 желтоқсанындағы алғашқы бүкілхалықтық сайлау нәтижесі

бойынша сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевты ұлықтау рәсімі болды.

16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы Конституциялық заң қабылдады да, ол біздің еліміздің шынайы тәуелсіздігінің бастау жолын салып берді. Онда Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде бүкіл аумағындағы барша билік толықтығына ие болатыны, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтайтыны салтанатты түрде жарияланды. Бұрынғы Қазақ КСР-інің аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылды және оның бөлінбестігі мен қол сұғылмастығы жария етілді. Барлық «ұлттардың азаматтары бұдан былай біртұтас Қазақстан халқын құрайды, мемлекеттік билік соның еркіне негізделеді делінді.

Қазақстан жағының бастамасымен 21 желтоқсанда бұрынғы 11 кеңестік республикалардың басшылары Алматы қаласында бас қосып, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының тарағанын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылғанын заң жүзінде жариялаған Алматы декларациясына қол қойды.

Жаңа дәуір басталды...

* * *

Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуіне арналған салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев жас мемлекеттің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттердің шеңберін айқындап берді: «Саясатта бұл – билікті бөлісуге қатысты қадамдар. Бұл – атқарушы органдардың

сындарлы басқару жүйесін құруға мүмкіндік беретін сатылас президенттік құрылымдарды қалыптастыру. Бұл – республика Жоғарғы Кеңесінің объективті түрде кәсіби парламентке ұласуы, ал ол депутаттар жасағын және жергілікті Кеңестердің далиып кеткен аппараттарын елеулі түрде қысқарту қажеттігімен байланысты. Бұл – пікір алуандығын қолдай отырып, экстремизм мен ұлттық алауыздықты, республиканың аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған сепаратизмді уағыздайтын партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйым салу. Бұл – құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтауды нығайту жөніндегі батыл қадамдар. Бұл – барлық қазақстандықтар құқықтарының теңдігі негізінде ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекеттік саясаттың іргелі қағидаты ретіндегі саяси тұрақтылықтың басымдығы.

Осындай саяси негіз болмайынша, Қазақстанды қазіргі заманғы өркениеттің арнасына түсіру, бағаны ырықтандыруды, қаржыны сауықтыруды, жекешелендіруді, нарықтық инфрақұрылым қалыптастыруды, меншіктің барлық түрлерінің теңдігін көздейтін экономикалық терең өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Экономикалық жаңғырудың басты қозғауыштарының бірі болуға тиісті ұжымдық және жеке кәсіпкерліктің жолындағы кез келген төрешілдік кедергілерді жою маңызды».

Бұдан кейін Н. Ә. Назарбаев мемлекеттік құрылыстың басымдықтарына көзқарасын «Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен даму стратегиясында» (1992 ж.) және «Қоғамның идеялық топтасуы – Қазақстан дамуының басты шарты» (1993 ж.) деген еңбектерінде негіздеді, «Ресурс сақтау мен нарыққа

көшу стратегиясымен» (1992 ж.) қоса, бұлар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылыс теориясы бойынша алғашқы іргелі еңбектер болды.

Осылайша, Н. Ә. Назарбаев болашақ елдің түп бейнесін – Қазақстанның ашық тұрпатты қоғам, демократиялық, бейбітшіл мемлекет ретіндегі дамуының тұжырымдамалық үлгісін жасады, ал ол, Қалыптасу стратегиясында атап көрсетілгендей:

а) адам құқықтары мен бостандықтарына, саяси және идеологиялық пікір алуандығына кепілдік беретін, тұрақты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, сенімді қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, халықаралық қауымдастықта лайықты және тең құқықты жағдайға ие болатын мықты президенттік республика болып табылады;

ә) әралуан меншік түрлері мен әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпкерлігі, жетілген бәсекесі бар, шетелдік инвесторлар алаңсыз қатысатын дамыған нарықтық экономикаға сүйенеді;

б) айқын бедерлі әлеуметтік бағыты бар, ешкімді аламастан жұрттың бәріне бірдей өз қабілеттерін қолдануға және материалдық жағынан лайықты өмір сүруге жағдай жасап, мүмкіндік туғызады, әрбір халықтың ұлттық ерекшелігін сақтап, дамытады, тұрақты дамудың негізі ретіндегі ұлттық пәтуа саясатын жүргізеді.

Осыншама ауқымды міндеттерді шешу қажеттігі қоғамды шоқтай үйіріп, жұмылдыруға қабілетті мемлекеттік биліктің пәрменді құрылымын жасауды талап етті.

КОКП-ның саяси сахнадан кетуіне байланысты билікте пайда болған бос кеңістікті Жоғарғы Кеңес бастаған халық депутаттарының Кеңестері толтырмаққа әрекет етіп көріп еді, бірақ оларынан ештеңе шықпады. Реформалар қайшылықтарды шиеленістіріп жіберді және өршелене түскен әлеуметтік-экономикалық

дағдарысқа төтеп беріп, елдің нарықтық экономикаға көшуін қамтамасыз етуге Кеңестердің қабілетсіз екендігін әшкереледі. Осындай жағдайда қолына биліктің бар мүмкіндігін жинақтаған Кеңестер жүйесі іс жүзінде Қазақстанның одан әрі даму жолындағы кедергіге айналды. Онымен де қоймай, ол тіпті демократиялық қоғамның түп негізіне – билікті бөлісу қағидатына қайшы келді.

Конституциялық реформаның қажеттігі пісіп-жетілді және ол 1993 жылғы 28 қаңтардағы Конституциядан өзінің тұжырымды бейнесін тапты.

Жаңа Конституция Қазақстан егемендігінің қалыптасуын заң жүзінде баянды етті. Алайда көп ретте 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының көшірмесі түріндегі Негізгі заң ымыралы сипатта болатын. Бұрынғы сатылас Кеңестер түріндегі өзекті тегігін сақтап қалған жаңа Конституция шын мәнінде Қазақстанның қолы жеткен мемлекеттігінің астына кідіріп жарылатын мина қойғандай еді. Елде, әсілі, қос өкімет қалыптасып, іс жүзінде оның дамуын тұралатты және өзінің тез арада шешілуін қажет етті.

Қазақстандағы саяси өмірдің Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы қарама-қайшылықпен сипатталатын одан кейінгі мазмұнын көбіне-көп осы жағдай айқындады.

Президенттік-парламенттік қарама-қайшылықтың шарықтау шегі 1993–1995 жылдардағы екі дүркін парламент дағдарысы болды да, олар Жоғарғы Кеңесті мемлекеттік институт ретінде жоюмен аяқталды.

Мемлекеттік биліктің дәрменсізденуіне жол бермеу мақсатында 1995 жылғы 29 сәуірде бүкілхалықтық референдум өткізіліп, ол Президент Н. Ә. Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартты.

Жоғары заң шығарушы орган болмаған кезде Президент заң шығару қызметінің ауыртпалығын өз мойнына алуға мәжбүр болды. Осы кезеңде оның заң күші бар жарлықтарымен құқықтық реттеудегі саңылауды толтыруға, экономиканы және мемлекеттік құрылысты одан әрі ауқымды түрде жаңғырту үшін нақты негіз қалайтын едәуір заңнамалық база қалыптастыруға мүмкіндік туды. Мұның сыртында, конституциялық нормаларды мүмкіндігінше тез іске «қосу» үшін, президенттік жарлықтармен конституциялық заңдардың негізгі бөлігі қабылданды. Осы мерзімде Президент барлығы заң күші бар 134 жарлық пен біздің халықаралық шарттарымызды бекіту туралы 60-тан аса жарлық шығарды.

Сонымен бір мезгілде ел Президенті қажеттілігі бұрынғысынша Қазақстанның күн тәртібінде өткір тұрған жаңа Конституцияның жобасын әзірлеуге бастамашы болды. Бұл жоба бүкілхалықтық талқылаудан өткен соң, референдумға шығарылды. 1995 жылғы 30 тамызда өткен республикалық референдумда дауыс беруге қатысқан ел азаматтарының 89,1 %-ы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын жақтап шықты, сөйтіп ол уақыт талабына сәйкес мемлекетті басқару ісін ұйымдастыруға, адамның, азаматтың меншігіне, құқықтары мен бостандықтарына және басқаларға қатысты көптеген мәселелерді шешіп берді.

* * *

Экономикалық салада да маңызы мен күрделілігі бұдан кем түспейтін үдерістер жүріп жатты.

КСРО-дан Қазақстанға мұра болып жоспарлы экономикалық жүйенің шикізат шылауы қағидаты бойынша құрылған теңгерімі бұзылған экономика қалған

еді. Кеңес Одағының күйреуі адам айтқысыз жұмыссыздықпен, асқынған инфляциямен, шаруашылық қатынастарының бұзылуымен қоса жүрді. Экономикадағы төлемсіздіктер көлемі республикадағы ІЖӨ көлемімен тең болды, несие мөлшерлемесі 400 %-дан асты, жылдық инфляция 2500 %-ға дейін жетті, кәсіпорындардың жартысынан көбі банкрот болды немесе шығынмен жұмыс істеді, орташа айлық жалақы 2 еседен аса, ал ең төменгі жалақы – 90 %-дай кеміп кетті.

Өндірістің құлдырауы, қаржылық нәрлендірудің ескі арналарының болмауы бюджеттің кіріс бөлігін бірден кемітіп жіберді. Соның салдарынан мемлекет өзінің шығындарын күрт қысқартуға мәжбүр болды, ал бұл әлеуметтік салаға қатты әсер етті және халықтың тұрмыс деңгейінің елеулі түрде төмендеуіне соқтырды.

Осының бәрі экономиканы тұрақтандыру мен тез арада нарыққа көшу жөніндегі шұғыл әрі батыл шараларды қажет етті. Осы мақсатпен бағаны ырықтандыру, мемлекет иелігінен алу және жаппай жекешелендіру мен басқа да қадамдар жасалды.

1990-шы жылдардың ортасында-ақ экономика құрылымындағы жеке бизнестің үлес салмағы 80 %-ға жетті, соның ішінде ауыл шаруашылығында – 95 %, өнеркәсіпте – 86 %, құрылыста – 84 %, көлікте 56 % болды. Жалпы ұлттық өнім өндірудің тұтас көлемінде жеке сектордың үлесі 50 %-ға дейін, соның ішінде өнеркәсіпте – 45 %, ауыл шаруашылығында – 90 %-дай, саудада – 85 %, құрылыста – 60 % өсті.

Қазақстан Халықаралық валюта қорына кіріп, шетелдік бизнеске өз рыногын ашты, бірлескен кәсіпорындар құра бастады. Республикаға шетелдік инвестициялар тарту саясатының «ізашарлары» қатарында «Шеврон»,

«Филипп Моррис» сияқты және басқа да әлемге әйгілі компаниялар келді.

Сонымен бірге, 1993 жылдың соңына дейін рубль аймағында тұрған Қазақстанның іс жүзінде дербес экономикалық саясат жүргізуіне нақты жағдайы болмады. 1993 жылғы 15 қарашада Қазақстанда өзінің ұлттық валютасы – теңге енгізілді де, бұған нүкте қойылды.

* * *

Елдегі күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайда этносаралық қатынастар саласында да белгілі бір деңгейде жағымсыз ахуал қалыптасты.

Бұл кезеңде неғұрлым өткір пікірталас қос азаматтық туралы мәселе бойынша кең өрістеді. Дегенмен ақырында ақылға сыйымды пікір белең алды: қос азаматтыққа жол берілмеді, сөйтіп елдің саяси және экономикалық қауіпсіздігіне деген қатер елеулі түрде бәсеңдеді. Мәселе мынада: КСРО-ның ыдырауы барысында бұрынғы республикалар арасында толып жатқан аумақтық және мүліктік өзара талап қоюшылық жинақтала бастаған болатын, ал Қазақстанның айналасында және өз ішінде шекараларды қайта пішуге үндеген сепаратистік пиғылдағы саяси топтар белсенді бола түскен еді.

Тұтастай алғанда, Қазақстандағы этносаралық келісімді демеуге шешуші дәрежеде ел Президентінің сарабдал және дәйекті саясаты ықпал етті. Этносаралық келісімді, азаматтық татулық пен қоғамдық тұрақтылықты шын мәнінде Н. Ә. Назарбаевтың саяси философиясының «үш ұстыны» және сөзсіз категориялық императивтері деуге болады, ал оларсыз Қазақстан қоғамының ілгерішіл дамуы мүлдем болмақ емес. Бірақ

көптеген елдерде және ғылыми доктриналарда көпэтносттықты «жарылыс қауіпті» фактор деп санайтын болса, Н. Ә. Назарбаев тіпті 1980-ші жылдардың соңынан бері мемлекеттің этностық, тілдік, конфессиялық әр алуандығын баға жеткісіз әлеуметтік-гуманитарлық капитал және топтасудың факторы ретінде қарастырып, әлгі таптаурын пікірді талқан етті. Бұл стратегияның заңды қорытындысы 1995 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының – ел Президентінің жанында консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істейтін, дүниеде өзге теңдесі жоқ бірегей ұйымның құрылуы болды.

Ел басшысы Ассамблеяның әмбебап және бұлжымас рөлін оның жұмыс істей бастаған алғашқы жылдарында-ақ ашып көрсеткен болатын: «Ұлтаралық келісім – тәуелсіздіктің бірінші және екінші бесжылдығының мәселесі емес әрі жалаң саяси прагматизмнің де мәселесі емес. Біз мынадай қарапайым екі шындыққа тоқтап, келесі ұрпаққа қалдыруымыз керек: Қазақстан әрқашан көпэтносттық мемлекет болады әрі ешқандай ұлттық тазалау дейтінді ешкім және ешқашан жүргізбейді; біздің көпэтносттығымыз – орасан зор мәдени, экономикалық және саяси ресурс. Міндет қарапайым ғана – азаматтық тұтастықты бәріміз сезінуіміз керек. Дегенмен осы қарапайымдылықтың астарында бір жағынан өткенді аңсаушылық, екінші жағынан ағаның астамшылығы мен інінің төменшіктігі секілді үлкен қиындықтар бар. Жаңа саяси шындықты – тәуелсіз Қазақстанды – біз неғұрлым тез ұғынатын болсақ және әркім оның тағдырына өзінің қатыстылығын неғұрлым тез сезінетін болса, ұлтаралық келісім солғұрлым берік болмақшы».

Мұнымен бір мезгілде басқа бір үдеріс – кезінде Отанын тастап кетуге мәжбүр болған оралмандардың Қазақстанға қайтуы басталды. Қазақ диаспорасының әртүрлі бөліктерінің Қазақстанмен қайта табысуын шешуші түрде бастап берген қазақтардың 1992 жылғы I Дүниежүзілік құрылтайы болды, оған әлемнің 30-дан астам елінен 700-ден аса делегат жиналды. Онда осы заманғы қазақ этносының келелі проблемалары талқыланып, Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығы құрылды және оның төрағасы болып Н. Ә. Назарбаев сайланды.

* * *

Тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап-ақ Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа өзін мойындатуға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және өзара тиімді экономикалық қатынастар орнатуға бағытталған белсенді көпвекторлы саясат жүргізді.

Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып таныған Түркия Республикасы болды, ал содан соң оны дүние жүзі мемлекеттерінің басым көпшілігі мойындады. Артынша шет мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнату үдерісі өріс алды.

Сондай-ақ Қазақстан неғұрлым беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орната бастады, олардың қатарында БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЕО, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, ЕҚДБ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЮНЕП, ЭСКАТО, БҰҰДБ, ДДСҰ, АЭХА (МАГАТЭ), ЭЫҰ, ИКҰ және басқалар бар.

Бұл мақсатта Н. Ә. Назарбаев барлық мүмкіндіктерді, соның ішінде ең мәртебелі халықаралық мінберлерден сөз сөйлеу мүмкіндігін де пайдаланды. Оның сол кезеңдегі аса маңызды сөздерінің ішінен Халықаралық

қатынастар жөніндегі Нью-Йорк кеңесінде (1992 жылғы мамыр), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің пленарлық отырысында (1992 жылғы шілде), БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында (1992 жылғы қазан), Колумбия университетінде (1994 жылғы ақпан), БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі конференциясында (1995 жылғы маусым) сөйлеген сөздерін және басқаларын айтуға болады.

Әлбетте, тәуелсіздіктің елең-алаңында Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен абыройын көтерген шешуші қадамдарының бірі ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы болды. КСРО-дан мұраға қалған, қуаты жөнінен дүниедегі төртінші ядролық арсеналға ие болғанына қарамастан, Қазақстан жаппай қырып-жоятын қарудан өз еркімен біржақты бас тарту жолын таңдады. Өзін ядросыз мемлекет деп жариялап және 1992 жылғы 22 мамырдағы Лиссабон хаттамасына қол қойып, жас өркен республика дүниеге парасатты және жауапты іс-қимылдың бұрын-соңды болмаған өнегесін танытты және сонысы арқылы әлемдік жетекші державалар тарапынан қауіпсіздік кепілдігіне ие болды. Қазақстанда сақталып қалған жаппай қырып-жоятын қару инфрақұрылымын қысқартудың осындай пацифистік ұстанымнан туған дәйекті үдерісі 1990-шы жылдардың орта шенінде аяқталды. Оның дәуірлік мәні мен мазмұнын кейін Н. Ә. Назарбаев өзінің «Бейбітшілік кіндігі» кітабында байыптады.

Қазақстанның бұл өнегесі БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылғы 47-ші сессиясында оған үлкен сенім білдірілуіне себепші болды, ал онда Н. Ә. Назарбаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шара-

лары кеңесі (АӨСШК) шақыру туралы ұсыныс жасады: «Еуропадағы ЕҚЫК үлгісі бойынша біздің құрлығымызда Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын құру идеясы әлдеқашаннан бері көңілдердің түкпірінде жүр... Мұндай құрлықтық құрылымға жету жолы көп қадамды, кезең-кезеңді болуы мүмкін. Ол, мәселен, мынадай сұлбамен: «екі жақты қатынастардан» – ынтымақтастықтың жекелеген түрлері (сенім мен ұжымдық қауіпсіздік шараларын жасау, гуманитарлық, экономикалық, мәдени ықпалдастық) бойынша өңірлік және құрлықтық құрылымдар мен коалициялар арқылы – проблемалардың кең ауқымды шоғыры бойынша ынтымақтастықтың ортақ құрлықтық органдарына дейін өтуі ықтимал».

1995 жылға дейін консультациялар арқылы негізінен ең жақын көршілерімен (Ресеймен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Түрікменстанмен, Әзірбайжанмен) шекара маңы мәселелерін реттеп, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша көпжақты келіссөз үдерісін бастаған Қазақстан дәл осындай көпвекторлы ауқымда өз шекараларының периметрі бойынша «бейбітшілік пен тату көршілік белдеуін» жасауға кірісті. Осы келісім-шарт негізінде 2000-шы жылдардың орта шеніне қарай Ресеймен және Қытаймен арадағы шекараларды делимитациялау мәселелері түбегейлі шешіледі де, тарихшылар оны «ғасырдың келісім-шарттары» деп сипаттайтын болады.

Тәуелсіздікке қолы жетуі Қазақстанның орасан зор интеграциялық және ұйымдастырушылық әлеуетінің жолын ашты, ал бұл оның толып жатқан интеграциялық бірлестіктердің бастамашылары мен қатысушыларының бірі болуын қамтамасыз етті. Н. Ә. Назар-

баевтың 1994 жылғы 29 наурыздағы Ресей Федерациясына тұңғыш ресми сапары кезінде М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің оқытушы-профессорлар құрамымен және студенттерімен болған кездесуінде ұсынған Еуразиялық Одақ құру жөніндегі идеясын да осы тұрғыдан қарастыру керек. Бұл ұсыныс ТМД-ның көпе-көрнеу дәрменсіздігіне байланысты айтылған болатын.

Сонымен бірге, өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың дәйекті жақтаушысы бола жүріп, Президент елдің Қарулы Күштерін құруға зор көңіл бөлді. 1992 жылғы 7 мамырда ол «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойды. 1992–1993 жылдары Республикалық ұлан, ішкі және шекара әскерлері, Әскери-теңіз күштері құрылды. Бұл Қазақстанның шын егемендікке, қорғаныс қабілетін нығайтуға және халықаралық беделін көтеруге қарай жасаған тағы бір қадамы болды.

* * *

Елдің тәуелсіздігі Қазақстан халқының шынайы рухани жаңғыруына бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашты. Ғасырлар мен ондаған жылдарға созылған мәңгірттіктен кейін ол ардақты есімдерімен және жәдігерлерімен қайта қауышты. Дүнияуи күнтізбеде жаңа мерекелер пайда болуымен қатар, бұл кезеңде республикада тарихи оқиғаларды, ұлт тарихының көрнекті қайраткерлерін (Желтоқсан қаһармандарын, қазақтың кемеңгер билері – Төле биді, Қазыбек биді, Әйтеке биді, Қазақстанның нақақ жазалауға ұшыраған қайраткерлері – Т. Рысқұловты, С. Қожановты, С. Сейфуллинді, І. Жансүгіровті, Б. Майлинді және т. б.) еске алып, құрмет көрсету шаралары өткізілді, ал 1995 жылы

қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын халықаралық мәртебелі деңгейде тойлау осының бәрінің шырқау биігі болды.

* * *

Қазақстанның осы кезеңдегі жетістіктерін қорытындылай келіп, кейінірек, тәуелсіздіктің 5 жылдығына арналған сөзінде Н. Ә. Назарбаев былай дейтін болады: «Планетадағы кез келген халықтың талайына осындай тағдыр бұйыра бермейді, мұншама қысқа мерзімде дәл осындай күрделі міндеттерді шешу кез келген халықтың пешенесіне жазылған емес. Ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтай отырып, өзінің қуатты мемлекеті мен пәрменді экономикасын құру – ХХІ ғасырдың табалдырығында міндеттің тұжырымдалатын тілі, міне, осы. ...біз бұрын-соңды ешуақытта, ұлттық тарихымыздың ешбір бетінде жүздеген жылдарды көздейтін өз мемлекеттілігімізді құруға дәл осылай жақын тұрған емеспіз. Сондықтан сирек кездесетін осынау тарихи мүмкіндікті пайдаланып қалу – біздің ұрпақтың міндеті».

Қазақстан Республикасы
Президентінің қызметіне ресми кірісуіне
байланысты Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1991 жылғы 10 желтоқсан

**Қадірлі отандастар!
Құрметті халық депутаттары!
Қадірменді меймандар!**

Дана бабалар дәстүрімен осы салтанатты сәттегі сөзімді алдымен ата жұртыма, қасиетті халқыма арнаймын!

Бүгінгі күн – Қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Тарихтың талай бұралаң белесінен өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз.

Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеумен келе

жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қилы кезең, зар заманға да талай ұшыраған. Айқайлап жүріп, ашаршылыққа ұрынып, ұрандап жүріп, ұлт мүддесін ұмытқанамыз да ақиқат.

Шүкір, кештеу де болса, ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын да тіге бастадық. Қазақстан Республикасының Президентін бүкіл халық сайлағаны – осы жолдағы ең биік белестің бірі. Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді деп бірауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын.

Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Бұл жолда ең алдымен дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабаның аруағына сүйенемін.

Алдымызда қиын-қыстау күндер, асуы биік белдер, айбынды міндеттер тұр. Оның үдесінен шығу үшін, ең алдымен бірлік, ынтымақ керек. Тілі бөлек болса да, тілегі, үміті бір, тіл табысып, ежелден бірге өмір сүріп келе жатқан іргелес елдермен татулық керек.

Қазақ мемлекетінің халықаралық қауымдастықта өзіне лайық орын алуы, қазақ халқының, бүкіл қазақстандықтардың бақытты, дәулетті өмір сүріп, өзіндік мәдениетін өркендетуі үшін, бәрінен бұрын республикада тыныштық болғаны жөн. Тар жол, тайғақ кешуде қиындыққа төзіп, жалаң сөзге ермей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір-бірімізге таяныш, сүйеніш бола білуіміз керек. «Ырыс алды – ынтымақ» дейді халқымыз. Ынтымақ артпай, ырыс артпайды. Байтақ жерімізде шынайы бауырмашылықтың ақ туы желбіресе деп армандаймын.

Ел бірлігі қашанда мүдде бірлігінен басталады. Біздің болашағымыз Қазақстан халқының ортақ мүдделестігінде. Біз мұны көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Егеменді ел болудың жүгі де жеңіл болмайды. Ендігі жерде қалай өмір сүретініміз қалай еңбек ететінімізге байланысты. Дәулетті тұрмыс құрудың жұмысты жақсы істеуден басқа жолы жоқ.

Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез келген ұрпақтың үлесіне тие бермейді. Қазір біздің көз алдымызда әлемнің картасына жаңа мемлекеттер пайда болып, қоғамдық-саяси және экономикалық формациялар, мемлекеттік басқарудың пішіндері ауысуда десек, асырып айтпаған болар едік.

Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көптеген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да, адамдар сияқты, балалық, жастық, кәмелеттік дәуірлерден өтіп, құлдырау және қайтадан еңсе көтеру кезеңдерін бастан кешірді. Сөйтіп, тарихтың жаңа тарауында Қазақстан халықтары өркениетті демократиялық қоғамды қалаған өз таңдауларын жасады.

Бізге шын мәнінде өмірдің әлеуметтік-экономикалық укладын түбегейлі түрде ауыстыру міндеті тұр, ал ол, тарих айқын танытқандай, адамдар тек тұтас идеямен құлшынып, сол үшін уақытша қиындықтарға, тіпті жекелеген сәтсіздіктерге дайын болған қоғамда ғана ойдағыдай өтеді.

Біз үшін бұл идея – еркін егемен демократиялық Қазақстан мемлекеті. Мың жылдық қазақ тарихында тұңғыш рет өз Президентін бүкіл халық болып сайлаған республика азаматтары желтоқсанның 1-і күні, тегінде, сол идея үшін дауыс берген болатын.

Егемендік туралы айтқанда, мен Қазақстан түйықталған жүйе болуға дайындалып жатыр демеймін. Тегі, оның саяси және экономикалық дербестікті жүзеге асыру мүмкіндіктеріне зиянды болары айқын ғой. Тағдырдың өзі республикаға Азия мен Еуропаның, Батыс пен Шығыстың ұлы мәдениеттері арасындағы өзіндік көпір болуды жазған еді. Қазақстанның мұндай жағдайының бірегейлігі мен қайталанбастығын XVIII ғасырдың ортасында ыдырап бара жатқан Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіріп, іргелес мемлекеттермен тату көршілік қатынастарды жолға қоя білген кемеңгер Абылай да түсінген болатын. Мұны кейінгі ұрпақтар да түсініп, оның ісін жалғастырды.

Қазір қоғам үшін дағдарысты жағдайда – екі дәуір айырығында – уақыт факторы зор рөл атқарады. Бұрынғы федерация республикалары арасындағы ұлғайып келе жатқан шиеленіс, таяу айларда біз бет-бет келетін проблемалардың өткірлігі ырғалып-жырғалуға уақыт қалдырмай, шапшаң, батыл да айқын іс-қимыл жасауға мәжбүрлеуде.

Тарихтың бізге өндірістік қатынастарды түбегейлі өзгертуден басқа ешқандай таңдауды қалдырмағаны қазір әркімге дерлік айқын. Бірақ нарықтық экономикаға бет бұрудың ғаламат күрделілігі де баршаға дерлік айқын болып отыр. Алайда қазіргі жүзеге асырылып жатқан шаралар мүлдем жеткіліксіз. Олардың кейбіреулері шектеулі, екіншілері жартыкеш, үшіншілері кертартпа күштердің жасырын және көпе-көрнеу тежеуіне, ескі әміршіл-әкімшіл жүйе қалдығының қасақана қарсылығына тап болып отыр. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру үшін біз бір-бірімен байланысты түбегейлі шараларды шұғыл

жүзеге асыруымыз қажет, өйткені қазіргі кезде дағдарыс өзінің шарықтау шегіне жақындап келе жатыр.

Бұл ретте батыл бағытты жаппай қиратумен және бүлдірумен шендестіруге болмайды. Оны біз бастан кешіріп үлгердік. Зиян шеге жұмыс істейтін кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қайта құру керек, өйткені экономикалық тиімділік тегін ақшаны қылғыта беретін дотациялық сүзгімен сыйыспайды. Бірақ мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру мемлекет меншігін толық жоюды, ал фермер шаруашылықтарын қолдау жаппай ұжымсыздандыру дегенді білдірмейді. Мейлі, кешегі күннен бізге қалған пайдалы нәрсе аз болсын-ақ, бірақ шын мәніндегі бағалы тәжірибені, сондай-ақ тарихи байланыстарды да мұқият сақтау керек. Мен бұрынғы федерация республикаларының қалыптасқан интеграциялық байланыстарының, тиімді экономикалық қоғамдастығының мәні, олардың саяси одағын ресімдеу туралы талай рет айтқанмын және қайталап айтуды артық санамаймын.

Мынаны ашық айтқым келеді: жаңа Одақтық шартқа қол қою, экономикалық қоғамдастықты құру болашағы бүгін қай кездегіден де күрделі болып отыр. Бұл біздің кінәмізден болған жоқ. Менің қатты өкінетінім – бірқатар республикалардың басшы буынында кейбіреулер егемендікті оқшауланумен шендестіре бастады. Ресей, Украина және Беларусь басшыларының мәлімдемесі, олардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімге қол қоюы тым тосын болды. Үш республика жетекшілері қабылдаған шешім оларға ізін суытпай үзілді-кесілді баға беру үшін тым елеулі. Алайда Қазақстан оқиғаның қандай да болсын өріс алуына әзір болуға тиіс. Біз дербес өмір сүре аламыз.

Бұл үшін бізде қажетті экономикалық әлеует, аса бай табиғат ресурстары, ал ең бастысы – жұмысшылар мен шаруалардың білікті жасағы, дарынды ғалымдар мен инженерлер бар. Бізде туған республикасын өркендету үшін қызмет етуге әзір тамаша шығармашылық интеллигенция мен жастар бар.

Сөйте тұра біз бұрынғысынша тарихтың объективті барысынан туған интеграциялық үдерістердің жақтаушысы болып қалып отырмыз.

Біз бірінші кезекте қандай шаралар қолдануымыз қажет?

Саясатта бұл – атқарушы органдардың үйлесімді басқару жүйесін құруға мүмкіндік беретін билікті нақпа-нақ бөлісуге, сатылас президенттік құрылымдарды қалыптастыруға қатысты қадамдар.

Бұл – Республика Жоғарғы Кеңесінің объективті түрде кәсіби парламентке ауысуы, ал ол депутаттар корпусын және жергілікті Кеңестердің далиып кеткен аппаратын айтарлықтай қысқарту қажеттігімен байланысты.

Бұл – экстремизм мен ұлттық алауыздықты, республиканың аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған сепаратизмді уағыздайтын партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйыммен қатар, саяси пікір алуандығын қолдау.

Бұл – құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтауды нығайту жөніндегі батыл іс-әрекеттер.

Бұл – барлық қазақстандықтар құқықтарының теңдігі негізінде ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекеттік саясаттың негіз қалаушы қағидаты ретінде саяси тұрақтылықтың басымдығы.

Осындай саяси негіз болмайынша, Қазақстанды қазіргі заманғы өркениеттің арнасына түсіру, бағаны ырықтандыруды, қаржыны сауықтыруды, жекешелендіруді, нарықтық инфрақұрылым қалыптастыруды, меншіктің барлық түрлерінің теңдігін көздейтін экономикалық терең өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Экономикалық жаңғырудың басты қозғауыштарының бірі болуға тиісті ұжымдық және жеке кәсіпкерліктің жолындағы кез келген төрешілдік кедергілерді жою маңызды.

Егемен Қазақстанды іс жүзінде халықаралық қатынастардың дербес субъектісіне, дүниежүзілік экономикалық кеңістіктің белсенді әрекет етуші тұлғасына айналдыру керек. Республиканың географиялық орналасуы және әлеуметтік әлеуеті Қазақстанның Азия-Тынық мұхит өңіріне де, сондай-ақ Еуроатлантикалық өңірге де бағдар ұстауына жағдай жасайды. Біз ашық тұрпаттағы нарықты қалыптастыруымыз, шетелдік инвестицияларды халық шаруашылығындағы түбегейлі құрылымдық өзгерістердің маңызды факторына айналдыруымыз, алтын қоры мен валюта қорын ұдайы ұлғайта беруіміз қажет.

Осыған байланысты мемлекет меншігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендіру, концессиялар құру үдерістеріне шетелдік капиталдың қатысуына жол беру ниетіміз бар екенін айтқым келеді.

Қаржы және материалдық мүмкіндіктеріміздің шектеулі екеніне қарамастан, біз халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған және өте әлжуаз жіктері: зейнеткерлерге, мүгедектерге, жетімдерге, көп балалы отбасыларына, оқушыларға қолдау көрсетудің айқын бағытын жүргізетін боламыз.

Мен экономиканы дамыта отырып, Қазақстанның табиғи байлықтарына ұқыптылықпен қарау, қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесі үшін экологиялық бағдарламаларды жүзеге асыру мейлінше маңызды деп санаймын.

Менің сайлау қарсаңындағы тұғырнамамды тыңдаған адамдар: жергілікті жердегі басшылардың көбі тіпті сөз жүзінде сізді қолдай отырып, іс жүзінде ескіге жарма-сып, нарыққа көшуді барынша тежеумен болса, сіздің ойлағандарыңыздың жүзеге асуы мүмкін бе? – дейтін бір сұрақты қайталап қоюмен болды. Мұнымен келісіп қана қою жеткіліксіз. Нарықтық экономиканың саналы қарсыластарының қатарына реформаны жүзеге асыруға қабілетсіз, іске деген лауазымдық құлшынысы экономикалық біліктілікті алмастыра алмайтын қолында билігі бар шалағайларды да қосу керек. Мәселенің шешімі біреу-ақ: республиканың болашаққа серпілісін қамтамасыз ете алатындай жас басшылардың шоғыры қажет.

Біздің әрқайсымыз өтпелі кезеңнің қиындықтарын: бағаның өсуін, ақшаның құнсыздануын, тұрмыс деңгейінің төмендеуін өз басымыздан өткеріп отырмыз. Біздің айналамыздағы өмірдің өзі онша жайлы емес. Сайлау қарсаңындағы кездесулерде де айтқанымдай, ол тез арада жақсарып кетеді дей алмаймын және оған уәде де бере алмаймын. Егер олай десем, сіздердің алдарыңызда өтірікші болар едім. Қасарысып алып, ертеңгі күнге деген сеніммен осының бәрінен өтуіміз керек. Түркия мен Оңтүстік Кореяда да, Сингапурда да осылай болған. Мақсатты білу, мүдделердің ортақтығы және іс-қимылдың бірлігі осы елдердің халықтарына қазіргі экономикалық ғажайыпты жүзеге асыруға мүм-

кіндік берді. Қазір осыны Шығыс Еуропа елдері бастан кешіруде.

Біздің үлесімізге тарихи мүмкіндіктің тиіп отырғанын түйсінуге қажет, біз оны қолдан шығарып алмауға тиіспіз. Мен бұрынғы ұрпақтардың дәстүрлері мен даналығын бойына дарытқан, жасампаздықтың жұмсалмаған күш-қуатын жұмылдырған, интернационализмнің, ұлттық және азаматтық келісімнің мол тәжірибесіне қаныққан қазақ ұлты өзінің өңіріндегі тұрақтылық пен тыныштық кепілі болу жөніндегі ұлы борышты өз мойнына алып, дүниежүзілік қауымдастыққа лайықты түрде кіре алады және кіруге тиіс дегенді айтып тұрмын.

1 желтоқсанда сайлау учаскелерінде жәй ғана бір дауыс беру өткен жоқ. Ол қазақтардың, орыстардың, украиндардың, корейлердің, немістердің, ұйғырлардың – қазіргі шиеленісті уақыт арқылы республикамыздың саламатты болашағына біртұтас жұмылып жол ашуды ұйғарғандардың барлығының жаңа туысқандық қауымдастығын қалыптастырудың бастамасы болды.

Құрметті отандастар!

Қазақстан Президентінің бірінші бүкілхалықтық сайлауында маған жоғары сенім артып, зор құрмет көрсеткендеріңізді мен барынша жақсы сезінемін. Әртүрлі ұлттар мен әлеуметтік жіктердің, қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың, діни қауымдардың өкілдерін қамтыған сайлаушылардың – мені және мен ұсынған бағдарламаны қолдағандардың барлығына шын жүректен алғыс білдіргім келеді. Бүкілхалықтық сенім мандаты – іс-қимыл құқығы ғана емес, сондай-ақ бүкіл халық алдындағы зор жауапкершілік те.

Сондықтан мен сіздердің қолдау-көмектеріңізге сенемін және сіздердің арман-мүдделеріңіз бен үміттеріңізді ақтау үшін мүмкін нәрсенің бәрін істеуге уәде беремін.

Мен Қазақстан аумағында біздің жоғары дамыған көпэтностық өркениет құра алатынымызға сенемін, онда қазақ ұлты қайта түлейтін болады, оған енген барлық ұлттар мен ұлыстар өздерін еркін сезінетін болады.

Егемен мемлекеттер
басшыларының кездесуінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1991 жылғы 21 желтоқсан

Қымбатты достар!

Маған осы сөзді сіздерге арнау құқығын беріп тұрған біздің халықтарымыздың арасында қалыптасқан дәстүрлі достық байланыстардың зор тарихи көрінісі ғана емес. Бүгін сіздерге Қазақстан жерінде сәлем бере тұрып, мен ең алдымен біздің болашақ қарым-қатынас-тарымыздың негізіне – тәуелсіз егемен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың негізіне – біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтары қалыптастырып, нығайтқан ұлттардың рухани бірлігі алынатындығына сенім білдіргім

келеді. Өздерін бір үлкен Отанның ұлдары мен қыздары деп сезінуге үйренген адамдар үшін аса қымбат нақ осы бірлік бұдан былай да біздің жаңа Достастығымыздың негізгі біріктіруші буыны болып табылады ғой деп ойлаймын.

Сөз жоқ, бұрынғы тоталитарлық мемлекеттік жүйені қирату бізге оңайға түскен жоқ. Экономиканың дағдарысы мен орталық басшылықтың толып жатқан өрескел саяси қателіктері арқылы тереңдей түскен осы бір тым шетін үдеріс ортадан сыртқа тебуші күштердің тегершігін айналдырып жіберді де бұрынғы Одақтың кейбір аймақтарындағы ұлтаралық шиеленісті күшейтіп, қатерлі шегіне жеткізді. Бірақ мен әрқашан да ақыл-ойдың парасаттылығына сендім, ерте ме, кеш пе, осы заманғы өркениеттің негізгі арнасына міндетті түрде қайтып оралатынымызға сендім. Бүкіләлемдік дамудың басты бағыты бөліну мен оқшаулану арқылы емес, интеграциялану, бірлесу үдерісі арқылы жүреді. Біздің бүгінгі кездесуіміз – осынау аса маңызды ақиқатты бірге түсінетініміздің сенімді куәсі.

Алайда, идея қаншалықты айқын болғанымен, оның жүзеге асуы тар жол, тайғақ кешумен өтеді. Біз бірлесіп өмір сүрудің әртүрлі жобаларын талқылау үшін, талай рет бас қостық. Жасырмаймын, кейде маған қажетті тұжырымдама табылғандай болып көрінетін, тең құқықты және өзара тиімді негізде бірлесуге қол созым жер қалғандай болатын. Бірақ өмір өзінің өзгерістерін енгізе отырып, бізді оның объективті шындықтарына сәйкесетін бірден-бір айқын әрі жалғыз ғана мүмкін нұсқаны бұдан да табандырақ және тереңірек іздеуге мәжбүрледі. Бүгін артымызға бұрылып қарап,

өткен жолымызды бағалай келіп және оның басты кезеңдерін – Одақтық шарттың көптеген жобаларын, Ново-Огарево келісімдерін, Алматыдағы бірінші кездесу мен басқа да көптеген жайларды еске ала отырып, солардың бәрі босқа жасалған іс болды дей алмаймын. Керісінше, біздің әрқайсымыз жекелей де, бәріміз бірлесіп те зор саяси, демократиялық және адамгершілік жетілу мектебінен, өзімізге болашағын сеніп тапсырған халықтардың тағдыры үшін аса жоғары жауапкершілік мектебінен өттік.

Жинақталған тәжірибенің арқасында біз, сірә, мемлекеттік құрылыстың және мемлекетаралық қарым-қатынастардың осы заманғы міндеттерін түсінудің мейлінше жаңа деңгейіне шыққанға ұқсаймыз. Ең бастысы, менің білуімше, әуелден-ақ текетіресушілік пен сенімсіздік идеясын туғызатын этностық, діни және басқа да белгілер бойынша зиянды бөлінушілікті болдырмау біздің қолымыздан келді. Шығыс пен Батыстың құшағын шынайы достықта айқастырып, біз оқиғалардың барысына алаңдаулы әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдарының өте ділгір сұрағына жауап бере алдық. Олардың көпшілігі бүгін үмітін сенімге жалғап, еркін тыныс алған болар деймін.

Бір-бірімізге қарай жасаған қадамымызды біз «жоғарыдан» ешкім айтпай-ақ, орталықтағы әлдебір «беделді ағаның» саусағымен нұсқауынсыз-ақ жасағанымызды ерекше қанағаттанғандықпен атап өткім келеді. Болашақ Достастықтың нақ өз субъектілері ғана осы кездесудің шынайы бастамашылары болды. Мұның өзі осы дөңгелек үстел басында отырғандардың бәрінің де ықылас-пейілінің, біздің татулықта және ізгі ниетті көр-

шілікте тұруға, халықтарымыздың игілікті өмір сүруі үшін, ынтымақтасуға деген шынайы құлшынысының тағы бір көрінісі.

Соңғы уақытта қабылданған құжаттарға және егемен республикалар басшыларының мәлімдемелеріне қарағанда, біздің ядролық қаруға бірыңғай бақылау орнатуды қамтамасыз ету және стратегиялық тежеу әскерлеріне біріккен қолбасшылық құру мәселесі бойынша ортақ көзқарас ұстанып отырғанмыз қуанышты. Ядролық қаруды бірыңғай басқару мен оны таратудан бас тарту, АЭХА (МАГАТЭ) нормаларын сақтау және тәуелсіз жаңа мемлекеттердің жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау қызметіндегі Батыс елдерімен ынтымақтастығы – бізді әлемдік қоғамдастықтың тануының қажетті шарты.

Қазақстан үшін және, сірә, жалғыз ол үшін ғана емес болар, ядролық держава ретінде халықаралық деңгейде танылудан гөрі тәуелсіз мемлекет мәртебесіне жету, келешекте өз аумағын ядролық қарусыз аймақ деп жариялап, БҰҰ-ға мүше болу анағұрлым артық екенін атап көрсеткім келеді.

Келесі маңызды мәселе Достастықтың құқықтық негізіне қатысты. Ыдыраған КСРО-ның бұдан былайғы тағдырының көмескілігі барған сайын төзуге болмайтындай сипат алып барады: радикалды экономикалық реформалар, республикалардың әлемдік қауымдастыққа кірігуі тежелуде. Бірақ кірігу үдерісі берік құқықтық іргетас арқылы өтуі қажет екеніне бәріңіз де келісетін боларсыздар.

Біз осы кездесуге қатысушылардың саяси тәжірибесі мен парасаттылығына, барлық объективті және субъективті қиындықтарға қарамастан, біздің оң нәтиже-

лерге жететінімізге сенетін миллиондаған адамдардың үмітін ақтай аламыз ғой деп ойлаймын. Ешқандай әсірелемей-ақ айтсам, Жер шарының алтыдан бір бөлігінде қалыптасқан жағдайға алаңдаған бүкіл әлемдік қауымдастықтың да назары бүгін Алматыға ауған. Өз Достастығымыздың тағдырын шеше отырып, біз көбіне-көп аса күрделі, бірақ, меніңше, онша үмітсіз де емес проблемаларды шешудің жауапты, шын демократиялық және өркениетті амалдарын табады деп өзімізге үміт артып отырған планетаның саяси, экономикалық және адамгершілік ахуалын айқындаймыз. Сіздерді, қымбатты достар, бүгін таңда өзімізге соншама қажетті мәмілеге қол жеткізуде барынша шыдамдылық пен өзара түсіністік, саяси икемділік танытуға шақырамын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он екінші шақырылымының
VII сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1991 жылғы 23 желтоқсан

Құрметті халық депутаттары!

Соңғы күндер тарихтың күрт бұрылыстарында оқиғалардың құбылмалы шапшаңдықпен өзгеретініне біздің көзімізді тағы да жеткізді. Өткен екі апта бұрынғы кеңестік федерация субъектілерінің болашағына, интеграциялық үдерістің мазмұнына деген көзқарастарымызға айтарлықтай түзетулер енгізсе, ақыр соңында, ол геосаяси шындықтың терең өзгерісіне алып келді.

Осыған байланысты Экономикалық қоғамдастық туралы көзделген шартты бекіту мен Егемен Мемле-

кеттер Одағы туралы шарттың жобасын талқылау күн тәртібінен объективті түрде алынады, өйткені Минск келісімі, содан кейін іле-шала болған Ашғабад уағдаластықтары және, ақыр соңында, 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматыдағы кездесуі мәселені мүлдем басқа тұрғыдан қойып отыр.

Бүгін мен халық депутаттарына қалыптасқан жағдайға өз бағамды мәлімдеп, осы бір күрделі, кейде тіпті алмағайып аптадағы республика басшылығы ұстанған айқындаманы ашып бергім келеді. Бірден айтайын: ол біздің бүкіл соңғы жылдар бойы қорғап келген берік саяси бағыттың қисынды жалғасы болды. Мен Қазақстанның унитарлы өткенінен арылған сапалы жаңа Одақтағы халықтарымыздың бірлігін сақтауды көздеген стратегиялық бағытын меңзеп тұрмын.

Талдау толық болу үшін, бұдан бір жыл бұрынғы оқиғаны – Ресей, Украина, Беларусь және Қазақстан секілді 4 республика Егемен Мемлекеттер Одағын құру бастамасын алғаш жасаған оқиғаны еске алу керек деп ойлаймын. Егер естеріңізде болса, бұл қадам орталықтың келеңсіз саясатынан туындаған болатын және соның салдарынан жаңа Одақтық шартты әзірлеу жөніндегі жұмыс тұйыққа тірелген еді. Біз сол кезде КСРО Президентіне егер қол қою кешіктірілетін болса, біздің республикалар жаңа Одақтың өзегі болуға және орталықтың қатысуынсыз-ақ шарт жасауға әзір екенін тура айттық.

Бұл М. С. Горбачевті интеграциялық үдерістің мазмұны мен қарқынына қатысты өз ұстанымын қайта қарауға және оны жандандыруға мәжбүр етті. Шын мәнінде Ново-Огарево кездесулері нақ сол жолы басталған болатын. Оның немен аяқталғаны баршаға

мәлім. Тамыз оқиғалары кертартпа күштердің қайткенде де тарихтың объективті барысына бөгет жасап, айрылғанын қайтарудың, мүлдем іріп-шіріген империялық, тоталитарлық режимді қайта жандандырудың жан ұшырған әрекеті болды. Бүлікшілер бұған қол жеткізе алмады, бірақ орталықтан ауытқу үрдісі күшейді. Республикалардың толық мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылуы енді тек ұлттық сана-сезімнің буырқана өсуін ғана емес, сондай-ақ өздерін тоталитарлық орталықты қайта жандандырудан сақтауға деген берік ниетін де көрсетті.

Сол жағдайда да Қазақстан тарихи бірлікті сақтау идеясын табанды және дәйекті түрде қолдауын жалғастыра бергені естеріңізде болар. КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде мен Ново-Огарево үдерісіне қатысушылардың тапсыруымен мәлімдеме жасадым, онда мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі реформалау, конфедеративтік негізде жаңа Одақ құру ұсынылды. Ол кезеңде бұл ұсыныс қалыптасқан саяси жағдайға барынша сай болғанына сенімдімін.

Алайда орталықтан ауытқу үрдістері оны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Демократия маятнигі күрт оңға ауытқып кетті. Реакция күштерін еңсерудің қызды-қыздысымен кейбір саяси және қоғам қайраткерлері құтқарушылықтың кесірлі идеясына қайта бет бұрып, демократия жалауы астында бұрынғы империялық, ұлыдержавалық ой-санаға қайта оралуға жол берді. Мұның өзі, атап айтқанда, бұрынғы кеңес республикаларының бірқатарына қойылған белгілі аумақтық талаптардан байқалды. Соның салдарынан олардың кейбіреулері – бірінші кезекте Украина – өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауды тездетті.

Мүлдем жаңа жағдай қалыптасты да, мұнда біздің республика тағы да бастамашылықты өз қолына алды. Үстіміздегі жылғы қазан айында бірінші Алматы кездесуін ұйымдастырып, сәтті өткізу үшін, қаншама күш жұмсауға тура келгенін өздеріңіз білесіздер, ал оның нәтижесінде Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоя алдық. Сол кезеңде бұл бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтау, күшейіп келе жатқан экономикалық дағдарыс пен адамдардың әл-ауқатының төмендеуіне қарсы әрекет жасау мақсатындағы ең қолайлы шешім болғанын тағы атап өткім келеді.

Өкінішке қарай, осы жағдайда да орталық оқиғалардың барысына ілесе алмады. 14 қарашадағы Мемлекеттік Украина өкілі қатыспаған мәжілісінде М. С. Горбачев республикалар басшыларының бірауызды пікіріне тағы да құлақ асқысы келмеді. Сол жолы ел саяси бірліксіз экономикалық бірлікті көз алдына келтіре алмайтынын мәлімдеді және орталықтандырылған мемлекеттік құрылымның қажеттігін талап етті. Одан да зорын айтсам, Михаил Сергеевич тіпті ұсынысы қабылданбаған жағдайда қызметтен кетемін деп қорқытты. 30 қарашадағы Мемлекеттік кеңестің келесі мәжілісі, айтпақшы, республикадағы Президент сайлауына байланысты мен қатыса алмаған мәжілісі, тұйыққа тірелді. Украинадағы желтоқсан референдумының салдары оның жарқын көрінісі болды. Мемлекеттік тәуелсіздікке берік бағыт ұстанған әрі орталықтың тиісті әрекеті болмаған бұл республика іс жүзінде ортақ кірігу үдерісінен шығып қалды.

Бәлкім, мұның нені білдіретінін жұрттың бәрі бірдей түсіне де қоймас. Ұзақ түсіндіруге бармай-ақ айтсам: Украинаның тек Достастықтан кетуінің өзі-ақ бұрынғы

кеңестік федерация республикалары экономикалық байланыстарының толық қожырауын білдіретін-ді. Бұған ешбір жағдайда жол беруге болмайтын еді. Минскідегі шешімдер қабылдаудың асығыстығын мен нақ осымен түсіндіре аламын. Минск құжаттарына қол қою маған және ортаазиялық республикалардың басшыларына көп ретте күтпеген жағдай болғанын мен бұрын да айтқанмын. Рас, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімге төртінші тең құрылтайшы ретінде алдын ала қол қоюға мені шақырған болатын, алайда мен бас тартуға мәжбүр болдым, өйткені құжатты әзірлеу үдерісіне басынан бастап қатысқан жоқ едім.

Онымен танысқаннан кейін келісімнің тұтастай алғанда даусыз оң сипаты барына көзім жетті. Онда республикаларда тұратын барлық халықтар мен этностық азшылықтардың құқықтарына кепілдік беріліп, кең көлемді ынтымақтастық ниетінің жарияланатынын айтсақ та жеткілікті. Осы идеялардың бәрін бұрынғы федерацияда болған басқа мемлекеттердің өкілдері де мақұлдап қабылдады. Сондықтан, егер басқа республикалардың басшылары Минскіге шақырылғанда, Алматы нұсқасындағы Достастық біршама ерте дүниеге келер еді деп ойлаймын.

Ал Беловежьедегі кездесу тіпті де бірімәнді пікір тудырған жоқ. Кейбіреулер тек славяндық жаңа құрылымның идеясын пайдалана бастады. Ашғабадта жиналған тәуелсіз бес мемлекеттің басшылары балама достастық құру туралы ойды мүлдем қабылдамай тастады. Керісінше, қазіргі шындыққа парасатты, салмақты көзқарас танытылды. Біз мәлімдемеде Минскіде қол қойылған ТМД туралы келісімге алдын ала мәлім-

деме, түзетулер мен ұсыныстар қабылдадық. Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары Ресей, Украина және Беларусь лидерлерінің бұрынғы еріксіз республикалардың орнына тәуелсіз құқықтық мемлекеттер құруға деген ұмтылысын түсіністікпен атап өтті. Сонымен бірге, біз Украинаның кірігу үдерісінің арнасына қайтып оралуын лайықты бағаладық.

Ашғабад кездесуінің материалдары баспасөзде жарияланды, сіздер олардың мәнін жақсы білесіздер. Мен тек бес республика басшылары жаңа Достастықты құрудың құқықтық жағына ерекше назар аударғанын атап өткім келеді. Өйткені үш мемлекеттің атынан КСР Одағының халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтату туралы жариялануын жұрттың көбі құқықсыздық деп бағалағаны құпия емес. Ресей, Украина және Беларусь лидерлерінің шешімін осы республикалардың парламенттері бекіткеннен кейін ғана дау-дамай бәсеңсіді.

ТМД құрылтайшыларының келісім мәтінін жаңа саяси одақтың ынталы нұсқасы ретінде қарау жөніндегі ұсынысын ескере отырып, бес республика президенттері бұл құжатқа жоғары дәрежелі келісуші тараптар тең құқықты негізде қол қоюға әзір екендігін білдірді. Басқаша айтқанда, Минск келісімін талқылай отырып, біз өзіміздің ресейлік, украиналық және беларусьтік әріптестерімізге мәміле жолын іздеуге әзір екендігімізді білдірдік.

Бұрын КСРО-ға енген республикалардың ерікті таңдау негізінде жаңа Достастық құруы қалыптасқан жағдайда ортақ болашақ үшін қажетті мәмілеге жедел қол жеткізу мақсатындағы бірден-бір парасатты шешім болғанымен сіздер, сірә, келісетін боларсыздар. Маған:

бұл Кеңес Одағының болашағы туралы бүкілхалықтық референдумның қорытындысына қайшы емес пе? – деген сұрақ қойылуы мүмкін. Үстірт қарағанда, мүмкін, қайшы келер. Бірақ сол жолдың өзінде-ақ қазақстандықтар орталықтан «жіберілген» түсініксіз нұсқаға емес, республика Жоғарғы Кеңесі қабылдаған тұжырымдамаға дауыс бергенін еске сала кетейін. Сондай-ақ басқа бір нәрсені де атап өткім келеді. Біз әрқашан да тиісті кезеңдегі барынша мүмкін болатынды басшылыққа алып, әрқашан да еліміздің бейберекет ыдырауының алдын алуға тырыстық. Бұл мағынада біздің арымыз таза.

Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, мен тәуелсіз мемлекеттердің басшыларын Алматыда жинау үшін барынша күш-жігер жұмсадым. Бұл ретте ішкі шиыршық атуы кейде тым асқындап тұрған жағдайды кездесу қарсаңында ушықтырып алмаудың барлық мүмкіндіктері қарастырылды. Шамшыл, бос лепірмелік пен қажетсіз айтыстардың орнына икемділік пен саяси ұстамдылық басым болуы үшін, Қазақстан кездесуінің қорытындысында ешкім өзін ұтылған деп сезінбеуі үшін қолдан келгеннің бәрі жасалды.

Бұл оп-оңай істеле қоймағанын айту керек. Аса үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді, оның барысында біздің сарапшыларымыз Мәскеуде, Минскіде және Киевте болып, болашақ құжаттардың әрбір жолын мұқият келісті.

Нәтижесінде біздің күткендегіден де көп іс тындыра алғанымызбен сіздер келісерсіздер деп ойлаймын. Он бір мемлекет сапалық жағынан жаңа құрылымға, атап айтқанда, не мемлекет емес, не мемлекет үстіндегі құрылым емес Достастыққа бірігуге шешім қабылдады.

ТМД-ның құрылуына байланысты 69 жылдық тарихы бар Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы енді өмір сүруін тоқтатып, тарих тұңғиығынан орын алды. Әрине, Одақ институттары, КСРО Президенті туралы мәселелер де туындайды. Мұнда әртүрлі көзқарастар болды. Мен мәселені халықаралық құқық нормаларына мейлінше жақындатылған тұрғыда шешуді, атап айтқанда, М. С. Горбачевтің қызметтен кетуін КСРО Жоғарғы Кеңесі сессиясының соңғы мәжілісінде қабылдауды ұсындым. Бірақ Ресейдің, Украинаның, Беларусьтің, басқа республикалардың басшылары, тәуелсіз мемлекеттердің жоғары органдары одақтық парламенттен өз өкілдерін кері шақырып алу туралы шешім қабылдап қойғанына сілтеме жасады. Демек, тиісті кворум болмайды. Объективті шындық осындай.

Ал Достастыққа қатысушылардың қарым-қатынастары қалай жүзеге асырылады? Ең алдымен – тең құқықтық қағидатында, бір-бірінің аумақтық тұтастығы және қазіргі бар шекараларының мызғымастығын құрметтеу, тепе-теңдік негізінде және ТМД мүшелерінің арасындағы келісіммен белгіленетін тәртіппен жұмыс істейтін бірқатар үйлестіруші жүйелер арқылы іске асырылады. Достастыққа қатысушы мемлекеттер өздерінің конституциялық рәсімдеріне сәйкес бұрынғы КСР Одағының шарттары мен келісімдерінен туындайтын халықаралық міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.

Тәуелсіз жас мемлекеттердің бірлесуі «жоғарыдан» түсетін ешқандай нұсқаусыз және міндеттеген қысымсыз, өз бастамалары бойынша болғандығы да Алматы кездесуінің табысты өтуіне едәуір дәрежеде ықпал етті ғой деп білемін. Сірә, соның қарсаңында, 20 жел-

тоқсанда Қазақстан Президентінің Жарлықтарымен бұрынғы кеңестік федерацияның барлық республикаларының тәуелсіздігі ресми түрде танылуы да енді айта қаларлықтай болып көрінеді.

Бүгінде күн тәртібінде біздің республикаларымызда ядролық қаруды бірлесіп басқару және оны таратудан бас тарту, АЭХА (МАГАТЭ) нормаларын сақтау және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің жаппай қырып-жоятын қару-жарақты таратпау туралы Батыс елдерімен ынтымақтастығы мәселесі тұр. Бізге өзіміздің ядролық қаруымызбен дүниені қорқытуды әлдеқашан қоятын кез жетті. Осыған байланысты Алматыда ядролық әлеуетке ие төрт республиканың «Ядролық қаруға қатысты бірлескен іс-шаралар туралы» келісімі қабылданғаны өте қуанышты. Ол біздің ядролық қаруды таратпауға бейілдігімізді, оны бірінші қолданбауға деген міндеттемемізді, барлық ядролық қаруды жоюға ортақ ықыласымызды, сондай-ақ халықаралық тұрақтылықты сақтауға барынша ықпалдасуға деген ниетімізді қуаттайды. Біз біріккен стратегиялық қарулы күштердің құрамына енетін ядролық қару Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылардың бәрінің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады деп келістік.

Келісімге сәйкес Беларусь Республикасы мен Украина Ядролық қаруды таратпау туралы 1968 жылғы шартқа ядролық қарусыз мемлекет ретінде қосылуға міндеттенеді. Қазақстан аумағында стратегиялық ядролық күштер сол қалпында қалады. Дегенмен, бізді әлемдік қоғамдастық танығаннан кейін және БҰҰ-ға толық құқылы мүше ретінде кіргеннен соң, біз республиканы ядролық емес аймақ деп жариялау мәселесін қарауға дайын екендігімізді атап өткім келеді.

Қарулы Күштерді реформалауға келетін болсақ, бұл мәселеге қатысты барлық құжаттарды 1991 жылғы 30 желтоқсанға қарай тәуелсіз мемлекеттер басшыларының қарауына ұсыну тапсырылды. Ортақ әскери-стратегиялық кеңістікті біріккен қолбасшылықтың басқаруында сақтау көзделуде.

Алматы кездесуінде, Алматы декларациясын және 1991 жылғы 8 желтоқсанда Минск қаласында Беларусь Республикасы, РКФСР, Украина қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісім хаттамасын қоса алғанда, барлығы негізге алынатын алты құжат қабылданды. ТМД-ны құру туралы келісім негізінде және оны бекіту кезіндегі ескертулерді ескере отырып, Достастық шеңберінде ынтымақтастықты реттейтін құжаттар әзірленетін болады.

Достастық мемлекеттерінің ортақ мүдделері саласындағы іс-қимылдарын үйлестіруге байланысты мәселелерді шешу үшін Достастықтың жоғары органы – Мемлекет басшыларының кеңесі, сондай-ақ Үкімет басшыларының кеңесі құрылды. Достастық мемлекеттерінің өкілетті өкілдеріне осы жылғы желтоқсанның 30-ына дейін Мемлекет басшылары кеңесінің қарауына бұрынғы КСР Одағының құрылымдарын тарату және Достастықтың үйлестіру институттары туралы ұсыныстарды беру тапсырылды.

Болашақ экономикалық және саяси альянстың маңызды тактикалық және стратегиялық негізі оның қызметінде ұлттық және жалпыұлттық мүдделерді үйлестіру болуы керек.

Мұндай үйлесімді іс жүзінде қамтамасыз етуде Еуропа қоғамдастығы институттарының: ЕЭҚ, Еуропалық көмір және болат бірлестігінің, Атом энергиясы

жөніндегі Еуропа қоғамдастығының іс-қимыл тәжірибесін ескеру өте пайдалы.

Бұдан өзге, Алматы кездесуінде Достастықтың жоғары органының тұңғыш шешімі қабылданып, онда КСРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы мүшелігін, Қауіпсіздік Кеңесі мен басқа да халықаралық ұйымдардағы тұрақты мүшелікті қоса, жалғастыруды өз міндетіне алған Ресейдің бастамасына қолдау көрсетілді. Беларусь Республикасы, РКФСР, Украина Біріккен Ұлттар Ұйымына толық мүшелік мәселелерін шешуде Достастықтың басқа мемлекеттеріне қолдау көрсетеді деп келісілді. Тәуелсіз мемлекеттер халықаралық құқық субъектілерінің мәртебесін алғаннан кейін шетелдердегі мекемелердің бұрынғы КСРО-ға қарасты материалдық базасы туралы мәселе туып отыр. Ресей бұдан былай елшіліктерді, сауда өкілдіктерін және басқаларды ұстауды өз міндетіне алады, алайда шетелдіктер мен дипломатиялық байланыстар орнатуына қарай Достастыққа мүше әрбір мемлекеттің шетелдік дипломатиялық миссиялар меншігінің өзіне тиесілі бөлігіне құқығы болады деген уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазір жұртшылық тәуелсіз мемлекеттердің басқа республикалар аумақтарындағы мәдени игілігі туралы мәселені мейлінше әділ қозғап жүр. Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастырып, барлығына қолайлы әділ шешімге келу үшін, арнаулы комиссия құрды. Соның өзінде Қазақстан бұл сияқты даулы мәселелерге бәтуалы тұрғыдан қараудың өнегесін көрсетуде. Мұнда Байқоңыр ғарыш айлағын барлық мүдделі жақтармен бірлесе пайдалану жөніндегі біздің көзқарасымызды еске сала кеткен де орынды.

Көріп отырғандарыңыздай, қысқа мерзім ішінде орасан зор ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Оның нәтижелері айдан анық. Баспасөздің хабарларынан Алматы кездесуінің нәтижелері кең құлашты әлемдік пікір туғызып, АҚШ-та, Жапонияда, Германияда, басқа да көптеген елдерде ризашылықпен қабылданғанын көруге болады.

Дегенмен тоқмейілсуге әлі ерте. Бүгінгі аса күйзелісті экономикалық дағдарыс жағдайында уақыт факторы үлкен рөл атқаруын жалғастыруда. Енді бір аптадан кейін, 3 желтоқсанда, Мемлекет басшыларының кеңесі, жаңа Достастық іс-қимылдарының нақты тетіктерін жасауға қатысты шешімдер қабылдау үшін, Минскіде жиналатын болады, ал бұл шешімдер оның болашақ бет-бейнесін айқындамақ. Осыған орай Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіруі туралы қабылданған шешімді жедеғабыл бекіту өте маңызды. Құрметті депутаттар, осы тарихи актіні, Ашғабадта айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, мақұлдауларыңызды өтінемін.

Сөзімнің соңында депутаттардың назарын бүгін мынаған аударғым келеді. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуы біздің барлығымызға аса зор және ешқандай теңдесі жоқ жауапкершілік жүктейді. Үш жүз жылға жуық уақыттан бері тұңғыш рет империялық және тоталитарлық құрылымдар тарапынан нұсқаусыз-ақ қалай өмір сүруіміз керектігін өзіміз айқындайтын боламыз. Бірақ бостандықтан масайрау сезімі өзінің шешілуі үшін күн сайынғы қажырлы еңбекті талап ететін қыруар проблемалардың жиынтығын бүркемелемеуі керек. Өйткені іс-әрекет бостандығы өзінен өзі елді тойындырып, киіндірмейді, адамша дұрыс өмір

сүруге қаражат та бермейді. Бұл жөніндегі қамқорлық та енді тек өзіміздің ғана ісіміз. Өзімізден басқа ешкім де бізге көмектеспейді, тек өз күшімізге сенуіміз керек. Кеңес өкіметінің өткен барлық жылдарында республика дотацияда отырғанын еске алайықшы. Демек, жетіспейтін қаржыны қазір бізге ешкім зерлі табаққа салып әкеліп бермейді. Ал енді жаңа шығындар да қосылды, оның ішінде армияны, ішкі әскерлерді ұстау шығыны да бар. Дереу ақшамызды санап, шетелдік капиталды кеңінен тартуды қоса алғанда, республика бюджетін толықтырудың көздерін табуымыз керек, тиімді салық салу мен экономикалық реформаларды құқықтық жағынан қамтамасыз етуді ескеруіміз керек. Осы заңдарды және атқарушы билікті нығайту туралы заңдарды кешіктірмей қабылдау қажет. Егер мемлекеттің қалтасы тесік болса, тәуелсіздік дегеніміз бос сөз болып шығады. Бүгінде тауар қорларын жасау аса қажетті, мал қыстатуды білгірлікпен, шығынсыз өткізуіміз керек. Еңбекшілердің өмірі үшін барлық жауапкершілік мемлекеттік өкіметтің өкілетті органдарына түседі, сұрауы да солардан болмақ. Барлығы да республиканы өркендетудің ортақ ісіне бағындырылуы тиіс.

**Бағаларды ырықтандыруға байланысты
Қазақстан халқына**

ҮНДЕУІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 14 қаңтар

Қымбатты отандастар!

Бағаның ырықтандырылуынан кейін небәрі бірнеше күн өтті, бірақ олар қазірдің өзінде көптеген адамдарды аса ауыр жағдайға душар етіп отыр. Ресейден және басқа республикалардан кейін біздің де осындай шара қолдануға мәжбүр болғанмызды сіздер жақсы білесіздер. Әйтпесе біздің өнімдерімізді, бірінші кезекте азық-түлік пен халық тұтынатын тауарларымызды бұрынғы КСР Одағының басқа аймақтарының халқы жаппай сатып әкетер еді де, сөйтіп, Қазақстан экономикасы орны толмас шығынға ұшырар еді.

Нарыққа балама жоқ екенін тағы да атап көрсеткім келеді. Бағаның өсу үдерісі, біздің ырқымыздан тыс, өткен жылдың өзінде-ақ жүре бастаған болатын. Одан «қалтарысшылдардың», басқа да алыпсатар элементтердің байып, құныға түскені белгілі. Сондықтан да бұған тыйым салу керек болды.

Әйтсе де біз Ресей мен басқа да республикалардың басшылығына бағаның ырықтандырылуын 1992 жылғы 1 шілдеге дейін кейінге қалдыруға өтініш жасадық, ол үшін таңдап алынған кезеңді мүлдем қолайсыз деп санадық. Қыстың көзі қырауда, оның үстіне егін шықпаған жылдан кейін, азық-түлік пен дүние атаулының бәрінің қатаң тапшылығы жағдайында мұндай шараға баруға болмайтын еді.

Жаз кезі болса бірсәрі: жаңа өнімнің алғашқы жемісі пайда болып, шаруашылық шарттар, үкіметаралық келісімдер жұмыс істей бастар еді. Халыққа да жеңілдеу тиер еді.

Ол аздай, еркін бағаны күту шаруашылық шарттарды жасауды апатты түрде тежеп отыр. Ал қазір, естен тандыру терапиясы жағдайында, кәсіпорындар серіктестері ұсынған бағаны қолайсыз санап, бір-бірінен өнім алудан бас тартуда.

Бірақ, өкінішке қарай, біздің дәйектемелеріміз түсіністік таппады.

Мен нарыққа көшу елеулі қиыншылықтармен және ауыр сынақтармен қосарлана жүретіні туралы талай айтқан болатынмын. Ал өмір оның дұрыстығын дәлелдеп отыр.

Ырықтандырылуынан кейін бағаның шарықтап кетуі республиканың көптеген қарапайым адамдарына ауыр тиді. Халық, әрі ең алдымен оның аз қамтамасыз етілген

жіктері, іс жүзінде кедейшіліктің шегінен де төмендеп кетті.

Сондықтан өзіме халық берген билікті пайдалана отырып, мен нанның, сүт пен сүт өнімдерінің барлық түрлеріне, сары май мен қатты ірімшіктен басқасына, бағаны оның ырықтандырылуына дейін қолданылып келген бағадан 3 еседен асып кетпейтін деңгейде қалдыру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім біздің экономикамыз бен бюджетімізге ауыр тиетіні түсінікті және ол, бәлкім, кейбір шығындарды күрт қысқарту немесе тіпті тоқтата тұру есебінен жүзеге асырылатын болар. Бірақ басқа амал жоқ. Мен бұл қадамды саналы түрде жасап отырмын және жалақыны өсірумен, зейнетақыны, жәрдемақы мен стипендияны ұлғайтумен бірге ол сіздердің баршаңызға, Қазақстан азаматтарына, еркін бағаға көшудің алғашқы, ең ауыр кезеңінен өтуге мүмкіндік береді деген үміттемін.

Бұл орайда ең қысқа мерзімде қалалардағы сауда алаңдарының кем дегенде 10%-ын кеңшарларға, ұжымшарларға және өңдеуші кәсіпорындарға беру қажет деп санаймын. Соның нәтижесінде азық-түлік тағамдарымен сауданы елеулі түрде қарқындату мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен бір мезгілде мен сөзімді ауыл еңбеккерлеріне, аграрлық-өнеркәсіптік кешен шаруашылықтары мен кәсіпорындарының басшыларына және мамандарына арнап, оларды өз өнімдерін қала тұрғындарына мүмкіндігінше төмен, әлеуметтік қол жетімді бағамен сатуға және сол арқылы осынау қиын кезеңде оларға нақты қолдау көрсетуге шақырамын.

Мынаны барынша ашық мойындау керек: жергілікті билік орындары бюджеттік ұйымдарда 15 желтоқсан-

нан бастап жалақыны 90 % өсіру туралы шешімді дер кезінде жүзеге асыруды қамтамасыз етпеді. Сондай-ақ кәсіпорындардың аз қамтамасыз етілген жұмыскерлер мен ардагерлерге ақшалай және заттай көмек көрсетуін ұйымдастыру, кедейшілікке ұшыраған нақты азаматтарға тегін тамақ беру мен әлеуметтік төмен бағамен тауарлар сатуды жолға қою үшін қайырымдылық асханалары мен магазиндерінің жүйесін өрістету және басқа да көптеген жайлар жөнінде нақты қадамдар жасалған жоқ.

Мұның барлығы жергілікті билік орындары енжар, сүлесөк, іске қабілетсіздік қалпында қалатын болса, жоғарыдан қабылданған кез келген шешімдер халыққа ешқандай жеңілдік әкелмейтінін, ізгі ниеттердің өзін немқұрайдылықтың, төрешіліктің, сөзбұйдалықтың ми батпағына батыруға соқтыратынын көрсетіп отыр. Міне, сондықтан да биліктің барлық салаларында, жоғарыдан төмен қарайғы өн бойында олардың жүзеге асырылуы үшін қатаң сұраныс болуы қажет.

Халықтың мүддесін басшылыққа ала отырып, мен жергілікті кеңестердің басшыларынан, олардың атқарушы органдары мен жауапты лауазым иелерінен, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларынан халыққа қосымша әлеуметтік қолдау көрсету мен республиканың тұтыну рыногын қорғау жөніндегі бұрын өзім қабылдаған және өткен жылғы желтоқсанда баспасөзде жарияланған жарлықтар мен қаулыларды нақты жүзеге асыру жөніндегі шараларды қабылдауды үзілді-кесілді талап етемін. Олай болмаған жағдайда кез келген лауазымды адамдар халық үшін осындай қиын-қыстау уақыттағы қылмыстық қарекетсіздігі үшін қатаң әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылатынын ескертемін.

Сондай-ақ Министрлер Кабинетіне менің шешімдерімнің сөзсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етудің қажетті тетіктерін қарастыруға тапсырма берілді.

Біз өз еркімізден тыс тап болған осындай қиын жағдайдан шығудың жолы халық үшін де, өнім өндірушілер үшін де қоқан-лоқы жасаумен немесе ереуілге шығумен жалақыны өсіру, өнімнің кез келген қымбаттауының өтемін қайтару, я болмаса өнімнің бағасын үнемі көтере беру емес екенін мен талай рет, соның ішінде сайлаушылармен сайлау алдындағы кездесу кезінде де айтқанмын және оны тағы да атап көрсеткім келеді. Мұндай қадам тек инфляцияның жаңадан шиыршық атуына соқтыруы мүмкін, ал оның тұтынушыларды да, өндірушілерді де одан әрі титықтатары анық. Бұдан шығатын жол біреу-ақ – халықтың әл-ауқатын ұдайы және дәйектілікпен арттыра түсу үшін, көбірек әрі жақсырақ еңбек ету.

Осыған байланысты кәсіподақтар мен еңбекшілердің басқа да қоғамдық бірлестіктеріне өздерінің барлық күш-жігерін қазақстандықтарды өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру, оның көлемі мен ауқымын ұлғайту ісіне топтастыруға бағыттау жөнінде ұсыныс айтқым келеді. Өйткені оның кез келген тоқтауы экономика мен адамдардың өмір сүру деңгейіне қатты соққы болып тиеді, берекесіздік туғызады және нарықтық экономиканы енгізуге байланысты барлық үмітімізден айыруы мүмкін. Бізді құтқарып қалатын бір-ақ нәрсе бар, ол – өзара ұстамдылық, шыдамдылық және ықтиятты еңбек.

Қазақстандықтар қазіргі қиыншылықтармен бет-бет келе отырып, байсалдылық сақтайды, абыржымайды деп сенемін. Қайта олар өздерінің барлық ықти-

малды күшін, жігері мен еркін жұмылдыра отырып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару көлемін ұдайы еселей түсіп, өз еңбегімен республиканы қазіргі дағдарысты жағдайдан алып шығатынына сенімдімін.

Қымбатты отандастар!

Біздің әрқайсымыз өмірдің өте қиын әрі күрделі кезеңіне қадам бастық. Онсыз өсіп-өркендеген елдер қауымдастығына кіру мүмкін болмайтын әлеуметтік-нарықтық шаруашылық құруға тәуекел ете отырып, біз бұл кезеңді бастан өткізуге мәжбүрміз. Өздеріңіздің Президенттеріңіз ретінде, өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен қиыншылықтарын халыққа жеңілдету үшін, қолымнан келетін және мүмкіндігім жететін нәрсенің бәрін істемекпін.

Халықаралық валюта қоры мен
Дүниежүзілік банктің
басшылығымен кездесуде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы,
1992 жылғы 2 ақпан

Құрметті мырзалар!

Қазақстанды ХВҚ мен Дүниежүзілік банкке қабылдау жөніндегі шешім – мейлінше тарихи оқиға. Біз үшін ол ХВҚ-дан кредит алу мүмкіндігін білдіріп қана қоймайды, ең бастысы – Қазақстанның әлемдік қоғамдастық алдындағы беделінің көтерілуі. Біздің ХВҚ-ға кіруімізбен Дүниежүзілік банк қаржыландыратын жобаларға қатысу мүмкіндігіміз де тікелей байланысты, ал бұл біздің мемлекетаралық шептерімізді нығайтады.

ХВҚ-ға кіруді мен Қазақстан экономикасын орталықтың көрсоқыр саясаты апарып тіреген тығырықтан

шығумен байланыстырамын. Өздеріңіз білетіндей, бұрынғы КСРО-да ондаған жылдар бойы дүниежүзілік қауымдастықпен ынтымақтастыққа қыры жоқ, өзге дүниеден оқшауланған экономикалық жүйе жасалумен болды.

Біз халықаралық қаржы органдары көмегінің терең мәнін түсінеміз. Бізді ешкім кіріптарлыққа да, масылдыққа да алғалы отырған жоқ – олар біздің еңсемізді көтеруімізге көмектеспекші. Сондықтан осы ұйымдардан алынатын қаржы жыртығымызды жамауға емес, нарық моторын іске қосуға пайдаланылатын болады.

Қазір біздің экономикалық ойлау кемелдігімізге басты емтихан тапсыратын кезіміз келді. Біздің капиталға зәрулігіміз ересен. Қазақстан тым ушыққан инвестициялық дағдарысты бастан кешіруде, әрі мұны қазіргі біздің дағдарыстарымыздың ішіндегі ең ауыры және салдары жағынан ең қауіптісі десе де болады.

Қолда бар қуаттарды демеуге ғана емес, өндірістік әлеуетті кеңейтуге де ақша салмайтын кез келген экономика күйреуге душар болады. Бүгінде мемлекеттік күрделі қаржы жұмсалымы барынша кеміген (тиімді экономиканың ерекше жағдайы), ал еркіндік алған кәсіпорындар өздерінде бар қаржыны жанталасып тұтыну қорына бағыттауда.

Ал көптеген кәсіпорындардың техникалық жағдайы олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмайды. Бірақ бұл қаржы ескі қалыппен бөлінеді дегенді білдірмейді. Әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қаражаттар шығындары мен нәтижелерінің нақпа-нақ коммерциялық

негіздемелері, қатаң міндеттемелері бар жобаларға жұмсалатын болады. Біз бүгінгі инвестициялар ХХІ ғасырда қаншалықты тиімді болатынын және олар халық шаруашылығының болашақтағы құрылымына қалай әсер ететінін анықтап алуымыз керек. Жақын арада мемлекеттік бюджет арқылы іске асырылатын инвестициялық жобаларды, шетелдік инвестицияларды сүзгіден өткізуге қабілеті болатын ұлттық агенттік құрылмақшы. Бірақ бұл біздің мемжоспарлық үлгідегі немесе ескі министрліктер рухындағы орталықтандырылған үлестіруші жүйені қайта қалпына келтірмекші екендігімізді білдірмейді. Әңгіме ықтималды несиелерді ақылмен пайдалану туралы болып отыр. Бізге бос ақша емес, ықтималды жобалардың сапасымен байланысты ақша ұсынылады. Бұл республика үшін тарихи мүмкіндік: я біз бөлінген қаржыны барынша пайдаланамыз, я болмаса масқараға ұшыраймыз.

Халықаралық қаржы ұйымдарына мүше болу – тіпті де табыс кепілі емес. Оған жету табандатқан еңбекті талап етеді, ХВҚ нақты сомада ақша бөлуге келісетін экономикалық және қаржы саясатының нақты көзқарасы бойынша ХВҚ мен Қазақстан арасындағы пікір таласын қалайды. Мұндай жұмыс басталып та кетті және мен іс-әрекеттің келісілген бағдарламасы жақын арада аяқталатын болар деп үміттенемін.

Мен Қазақстан Республикасында жүріп жатқан экономикалық үдерістер жайынан сіздерді қысқаша хабардар етсем деймін.

Өздеріңіз білетіндей, 1991 жылы ел саяси дағдарысты басынан кешірді: дүние жүзінің картасынан біртұтас КСРО мемлекеті жойылды. Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығы құрылды, бірақ, менің ойымша, ол да экономикалық одақты нығайта алмады.

Керісінше, жекелеген мемлекеттер сепаратизмге, интеграциясыздануға үміт артып, өздерінің экономикалық және әлеуметтік проблемаларын жеке-дара шешуге ұмтылуда. Осындай әрекеттердің қорытындысы ретінде қазірдің өзінде-ақ көпжылдық шаруашылық байланыстары үзілді және соның салдарынан бұрынғы одақтас республикалардың бәрінде өндіріс шапшаң құлдырап, инфляция тез қарқынмен шарықтап кетті.

Шындық ТМД субъектілерінің экономикалық саясат саласындағы іс-әрекеттерінде үйлесімділіктің жоқтығын көрсетеді. Бүгін осы бағытта істеліп жатқанның бәрі – нарықтық өзгерістерге немесе рубль аймағы шеңберінде экономикалық тұрақтандыру жөніндегі қадамдармен нықтаусыз экономикалық дағдарыстан шығуға деген бейілділікті жәй мәлімдеу ғана.

Қазір ТМД экономикасы үшін оңай шақ емес. Экономикалық парасаттылық саяси шамшылдықтың құрбандығына шалынуда. Рубль аймағына кіретін мемлекеттерді экономикалық жаңғыртудың, шаруашылық жүргізудің нарықтық формаларына көшудің және тіпті халықтың тұрмыс дәрежесінің мәселелері саяси ойындардың ермегіне айналды.

ТМД-ның 1991 жылы әзірленген экономикалық уағдаластықтарының күллі топтамасы 1992 жылдың қаңтарында-ақ толық күшін жойды.

Қазіргі рубль түбегейлі беделінен айрылуда. ТМД-ны құрушылардың КСРО Мемлекеттік банкін жойғанымен, ТМД орталық банкін немесе банкаралық одақ құру жөнінде ешқандай шешім қабылдамауы жағдайды одан әрі күрделендіріп жіберді. Соның салдарынан заңдық

және экономикалық қисынсыздық туды: Ресей он төрт тәуелсіз мемлекетті өз валютасымен қамдайды да, сонымен бірге, қолма-қол ақша алуға өзінің шарттарын қояды. Бұл жағдайдың астарында тек қана экономикалық қақтығысқа соқтыруы мүмкін іштейгі шиеленіс бар. Әрі біз қазірдің өзінде-ақ соның куәгеріміз және еріксіз құрбандығына айналып отырмыз.

Мен әрдайым рубль аймағында экономикалық одақ құруды (оған өз валюталары бар республикаларды қосуды да теріске шығармай) жақтап келдім және әлі де соны жақтаймын. Мұндай одақтың негізіне тауарлардың, капиталдардың, жұмысшы күші мен қызметтердің еркін ауысу қағидаттары алынуы тиіс. Маңыздысы – қаржының, ақша-несиенің, салықтың, бағаның, әлеуметтік саясаттың, көпукладты экономиканың келісілген саясаты болуы. Өзара келісім негізінде жалпыұлттық, жалпымемлекеттік үйлестіруші институттар құру, мемлекеттер арасындағы өзара ықпалдастықтың жекелеген мемлекеттер тарапынан өзгелерге зияны тиетіндей біржақты шешімдер қабылдануына жол бермейтін басқару, реттеу және бақылау жүйелерінің жұмыс істеуінің ортақ қағидаттарын түзу қажет.

Мен мұнда егемен мемлекеттердің қалыптасуына күдік келтірейін деп тұрған жоқпын. Әңгіме осы ілгерішіл үдерістің, тым болмағанда өтпелі кезеңде, жете ойластырылмаған экономикалық интеграциясызданумен қатар жүрмеуінде. Өйтпеген жағдайда өндірістік тауарлардың да, тұтыну тауарларының да тапшылығы салдарынан мемлекетаралық қана емес, мемлекетішілік қайшылықтар да ушығуы мүмкін.

Республикадағы экономикалық жағдай өздеріңізге жақсы мәлім, ол туралы сіздердің қызметкерлеріңіз

жасаған талдау негізінде ХВҚ мен Дүниежүзілік банк мәжілістерінде баяндалған болатын. Мен мұнда республикадағы экономикалық реформаның жекелеген бағыттарына тоқталмақшымын, әрине, жаңа жағдайларды және халықаралық беделді қаржы ұйымдарының ұсыныстарын ескеріп, олар әлі түзетілетін болады. Үкіметтің осылайша мейлінше пысықталған нақты бағдарламасы жақын арада республика Парламентінің сессиясына ұсынылатынын атап айтқым келеді.

Егер республика Үкіметі инфляцияны қоздыратын, жеңілдіктер мен өтемдердің өсуіне бағытталған кесімді бағаларды сақтайтын тиімсіз өндірістерді қаржыландыратын, табыстардың басым бөлігін индекстейтін саясат жүргізуді жалғастыра беретін болса, онда экономикалық күйреу болмай қоймайды.

Республика басшылығының табанды саясатының арқасында жаңа экономикалық бағыт серпінді де кешенді және бірқатар негізгі бағыттар бойынша үйлесімді түрде жүзеге асырылуда. Солардың ең маңыздысы – экономикалық тұрақтылық. Оның негізіне республика Парламенті қабылдаған бюджет, бұлжымас қаржы саясаты, салық реформасы жөніндегі заңдар топтамасы алынған. Мемлекеттік шығындар құрылымын өзгерту, зиянмен жұмыс істейтін кәсіпорындарды қаржыландыруды азайту, мемлекеттік басқару органдарының аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындарды кеміту және т. б. батыл шаралар көзделген.

Салық жүйесін реформалау оны жаңа жағдайларға бейімдеуге және, сонымен бір мезгілде, қағидаттар мен құрылымы бойынша нарықтық экономика елдерінің салық жүйесіне жақындатуға бағытталған. Мұндағы маңызды нәрсе жаңа салықты – қосымша құн салығын

енгізу болып отыр. Дегенмен, әзірге оның мөлшерлемесі тым жоғары екенін атап айту керек. Сондықтан кәсіпорындардың одан жалтаруының алдын алу, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет белсенділігі деңгейінің төмендеуін болдырмау мақсатымен қосымша шаралар (оның мөлшерлемесін кеміту, одан әрі біріздендіру) қолданылатын болады.

Республикадағы экономикалық реформаның басты бағыты – бағаны ырықтандыру. Үкіметтің бағдарламасы ақша жиыны мен рыноктағы тауар ұсынымының арасындағы тепе-теңдікті, өте жанға бататын болса да, бір ғана жолмен – бағаны ырықтандырумен қалпына келтірудің объективтік қажеттілігін басшылыққа алды. Бұл ретте нарыққа көшудің бастапқы кезеңінде нақты тауар өндірісінің монополиялануы мен сыртқы сауданың ырықтандырылуы деңгейіне байланысты бағаны реттеу көзделді. Бағаның одан әрі босатылуы тек уақыт еншісіндегі мәселе деп қаралды да, «рубль аймағына» кіретін басқа мемлекеттермен келісімді саясат жүргізу жорамалданды.

Өкінішке қарай, Ресейдің бағаны ырықтандыру жөніндегі біржақты шаралары республикада тиісті жұмыстар жүргізіп, Үкімет саясатына тактикалық сипаттағы өзгерістер енгізуге мүмкіндік бермеді.

Қазақстанда экономикалық дамудың мемлекеттік меншік монополиясына негізделген әкімшіл-әміршіл үлгісін боршалаудың белсенді үдерісі жүріп жатыр. Бұл үдерістер ең әуелі билік жүргізу-шаруашылық қатынастарын пәрменді түрде дербестеу, шаруашылық жүргізуші субъектілердің күш-жігері мен шаруашылық қызметі нәтижелерінің арасындағы жоғалған тікелей байланысты қалпына келтіру мақсатымен

этатистік-төрешіл органдардың монополиясын жоюға бағытталған.

Мен мемлекет меншігін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің бағдарламасын бекіттім, онда қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындарды, сауданы, тұрмыстық қызметті, коммуналдық шаруашылықты, тұрғын үй кәсіпорындарын, өнеркәсіптің, құрылыстың, ауыл шаруашылығының, автокөліктің ұсақ кәсіпорындарын жекешелендіру кезеңі, сондай-ақ индустрия мен аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің ірі кәсіпорындарын акционерлеу кезеңі қоса көрсетілген.

Республикада мемлекет меншігін республикалық және муниципалдық (коммуналдық) деп бөлу жүзеге асырылды. Бұл мемлекеттік меншікті жекешелендіру үдерісін күрт жеделдетуге және оны жүзеге асырудың, атап айтқанда, ақылы және тегін тәсілдерді үйлестірудің алуан формалары мен әдістерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Шағын және орта кәсіпорындарды жекешелендіру серпінді түрде дамып келеді, бұл жұмыскерлердің бойында кәсіпкерлік қызмет машығын дамытуға кең ауқымды негіз жасайды.

Экономикалық реформаның басқа шараларымен қатар, меншік пен шаруашылық формаларының алуан түрін пайдалану шаруашылық өмірін жалпы сауықтыру мен ширатуға елеулі үлес қосады.

Сонымен бірге, нарықтық қатынастардың шынайы субъектілерін реформа әлі туғыза қойған жоқ. Кәсіпорындар нарықтық ынтаға бұрынғысынша тым енжар.

Мемлекеттің қаржылық және әкімшілік ауыртпалығын кеміту, бәсекені дамыту, экономикалық тиімділікті арттыру, мемлекеттік емес инвестицияларды тарту, мемлекеттік монополияны жою мен

құрылымдарды бюрократиясыздандыру жекешелендіруді жүзеге асырудағы басым міндеттер болып қалуда. Мемлекет жекешелендірілген кәсіпорындардың қызметін реттеудің жаңа түрлерін жасауға тырысулы.

Біз мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдеріс-терінің баға, банк, қаржы, әлеуеттік, монополияға қарсы саясатпен, сондай-ақ кәсіпорындарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартумен, кәсіпкерлік пен бәсекені дамытумен бір қатарда жүзеге асырылуына ерекше мән береміз. Сонымен бірге, жаңа талаптарға сәйкес статистикалық, бухгалтерлік есеп пен талдау жүйесі де өзгереді.

Қазақстанның табиғи-экономикалық әлеуеті орасан зор. Аграрлық секторда 220 млн гектардан аса ауылшаруашылық жерлер, соның ішінде 35,5 млн гектар егістік жер бар. Жыл сайын шамамен 24 млн тоннадай дәнді дақыл, 1,5 млн тонна ет, 107,7 мың тонна жүн және басқалар өндіріледі. Ұлттық табыстың жалпы көлеміндегі агроөнеркәсіп өндірісінің үлес салмағы 36,4 %, күрделі қаржы жұмсалымы – 34 %. Ауыл шаруашылығы халықтың негізгі азық-түлік түрлеріне деген қажетсінуін толық өтеуге және оларды республикадан тысқары жерлерге шығаруға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатымен біз оны нарықтық экономика жолына салу жөніндегі заңдар топтамасын қабылдадық, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастырудың, көпукладты меншік формаларын дамытудың құқықтық алғышарттары жасалды. Қазір оларды іске асыру жөнінде қарқынды жұмыс жүргізілуде. Соның нәтижесінде қазірдің өзінде-ақ шаруашылық жүргізудің алуан түрлі формалары: кеңшарлар, ұжым-

шарлар, кооперативтер, шаруа қожалықтары, шағын кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар және басқалар тең құқықты жағдайда жұмыс істейді.

Кеңшар мүлкін мемлекет иелігінен алу мен жеке-шелендіру барысында акционерлеу, болашақта оны сатып алу мүмкіндігімен еңбек ұжымдарына жалға беру, ал жекелеген жағдайларда – негізгі және айналма қорларды еңбек ұжымына тегін беру басым дамуда. Сонымен бірге, атап өтейік, ауыл шаруашылығы өндірісінің басты құралы – жер Қазақстан Республикасының айрықша меншігі болып қалуда, ол азаматтарға өмір бойы мұрагерлік иеленуге, сондай-ақ, шетел азаматтарын қоса алғанда, заңды және жеке тұлғаларға жалдық шартпен уақытша пайдалануға беріледі.

Шетелдік капиталды, техника мен технологияларды, өндірісті ұйымдастыру мен басқару тәжірибесін кеңінен пайдалану Қазақстанның экономикалық өсуінің маңызды секторы ретінде қарастырылады. Республикада экономикадағы ілгерішіл құрылымдық жаңғыртулар бағыты жүргізілуде. Қазіргі кезде халық шаруашылығына салалық құрылымның дендей бұзылуы, оның аса жоғары селқостығы мен ресурс сыйымдылығы, халық тұтынатын тауарлардың (негізінен азық-түлік емес) импортына тәуелділік тән. Сондықтан Қазақстан экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстарына неғұрлым белсенді түрде қосылуының мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Республикада сыртқы экономикалық байланыстардың 1 100-ден аса қатысушысы, соның ішінде 116 бірлескен кәсіпорын бар, 21 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істейді, бірлескен халықаралық коммерциялық банк пен 1 шетелдік кәсіпорын

ашылған. Экспорттық тауарлар номенклатурасы 290-ға жуық атауды қамтиды және дүниенің 80-нен аса еліне шығарылады.

Алдағы жылдарда экспорт әлеуетінің негізін Қазақстан үшін дәстүрлі мұнай-газ, металлургия, химия және агроөнеркәсіп кешендерінің өнімі құрайтынын атап айту керек.

Осы аралықта, экономикалық талаптарға сай жобаларға сырттан жедел келетін инвестициялар тартып, қолдау көрсету мен қажетті жағдайлардың бәрін жасау және шетелдік инвесторлар үшін жағымды имидж қалыптастыру мақсатында оларды ынталандырудың бағдарламасы әзірленіп, қабылданатын болады. Әңгіме ауыл шаруашылығы, тамақ және энергетика өнеркәсібі, түсті және қара металлургия, қалдықтарды қайталама өңдеу, медицина өнеркәсібі, тұтыну тауарларын өндіру, құрылыс материалдарының индустриясы және құрылыс сияқты экономиканың басым секторларындағы жобалар туралы болып отыр. Қазақстандағы инвесторлар қатысатын экономикалық жобалар Қазақстанның барлық заңдарында сондай жобаларға көзделген артықшылықтарды, заңдық және экономикалық жеңілдіктерді пайдаланатын болады әрі кемсітушіліктің ешқандай түріне душар етілмейді. Әлемдік қоғамдастықтың Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде мойындауы оған халықаралық құқықтың қолданыстағы нормаларына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті қамтамасыз ететін заңнама тұрғысынан белгілі бір міндеттемелер жүктейді. Шетелдік инвестициялар мен концессиялар туралы, сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидаттары туралы, еркін экономикалық аймақтар туралы заңдар қабылданды.

Бұл заңдардағы нормалар ықтимал шетелдік серіктестердің Қазақстан экономикасына капитал инвестициялауын ынталандыратындай етіп белгіленген. Қазақстанның барлық аумағында орналасқан шетелдік кәсіпорындар мен шетелдік капиталы 30 %-дан асатын бірлескен кәсіпорындар жарияланған пайдасын алған сәттен бастап 5 жыл мерзімге дейін оған салық төлеуден босатылатыны көзделген.

Қазақстан шетел инвесторларына шетелдік қатысушысы бар заңдық тұлғалардың қызметінен және оларды жоюдан, сондай-ақ олардағы өз үлестерін сатудан түскен қаржысын шет елге еркін аудару құқығына кепілдік береді.

Тұтастай алғанда, экономикалық реформаның нәтижелері мен қоғамда қалыптасқан ахуалдың жақсаруы ішкі де, сыртқы да факторларға байланысты болатынын атап айту керек. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының басты міндеті өзінің іс-әрекетіндегі дәйектілігі мен табандылығы, оларды басқа мемлекеттермен үйлестіріп, келісу, іске мейлінше кәсіби, біліктілік тұрғысынан қарай отырып, жер-жердің бәрінде нарықтық әдістерді пайдалану болмақшы.

Мен халықаралық қаржы органдары, әлемдік қоғамдастық көрсететін көмек Қазақстанның экономикалық дағдарыстан шығуына мүмкіндік береді деп пайымдаймын және, уақыты келгенде, біздің еліміз де ХВҚ мен Дүниежүзілік банк арқылы әлемнің экономикалық дамуына да дәл осылайша ықпал ететін болады деп үміттенемін.

Қазақстанның егемен мемлекет ретінде
қалыптасуы мен дамуының

СТРАТЕГИЯСЫ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 16 мамыр

I. Қазақстан дамуының стратегиялық мақсаттары мен тұжырымдамалық үлгісі

Бұрынғы Кеңес Одағының бет-бейнесін түбегейлі өзгерткен оқиғалар тарих еншісіне айналды.

Қоғамдық организм, онда орын алған саяси және экономикалық қатынастар өзгеру үстінде. Қоғам мен экономика барған сайын ашық сипатқа ие болуда. Демократияның дамуы, меншік қатынастарын реформалау және толыққанды нарыққа қадам басу экономиканы дағдарыстан шығарудың баламасыз жолы ретінде танылып, ұлттық мемлекеттің қалыптасуы үшін қолайлы жағдай жасауда.

Осы бағытпен жүре отырып, біз қалыптасқан шындықты байсалды бағалап, қандай да болсын әсіре құлшыныстан бас тартып, сабырлы да салмақты іскерлікпен қарулануға тиіспіз. Әрі ең бастысы – барлық қоғамдық қайта құруды бұрынғы тоталитарлық режимнің санамыздағы және қылықтарымыздағы өзіміз қанша қаласақ та, тез арыла қоюымыз қиынға соғатын сарқыншақтарын міндетті түрде ескере отырып, халықтың қалыптасқан психологиясы мен дәстүріне сәйкес жүзеге асыру қажет.

Қазақстанды біз үшін басқа ешкім де өзгертпейтінін, әлемдік қоғамдастықта оған лайықты орын алып бермейтінін, біздің өміріміздің қалыбын жоғары көтермейтінін түсіну маңызды.

Бүгінде біз алдымызға қандай стратегиялық мақсаттар қойып отырмыз? Саясат саласында олар мынаған саяды:

– жас егемен мемлекетті күшті президенттік республика құру бағытында дамыту;

– демократиялық өзгерістерді тереңдететін және көпұлтты қоғамды топтастыруға жағдай туғызатын, жаңа саяси қайраткерлер мен лидерлерді ұсынатын көппартиялы жүйе құру;

– басты саяси мақсат ретінде, әсіресе, өтпелі кезеңде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету;

– геосаяси тұрғыдағы өзін өзі айқындауды ескере отырып, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін көпжақты әрі әртүрлі нұсқадағы әскери-саяси және экономикалық тепе-теңдікті сақтау;

– демократиялық бостандықтар мен адам құқықтарын сақтау есебінен Қазақстанның әлемдік қоғамдас-

тықтағы саяси салмағын арттыру, әлемдік экономикада өзіндік және қомақты орнын іздеу;

– әлем шаруашылық байланыстарына ену технологиясында Қазақстанның тиімді геосаяси жағдайын пайдалану.

Еуропа мен Азияның арасындағы орталықта орналасқан Қазақстан аумағы ежелден осында мекендеп келе жатқан көне тайпалармен және олардың ұрпақтарымен қоса қызу сауда және саяси байланыстардың сахнасы болды. Сондықтан Қазақстан бүгінде Еуропа, КСРО-ның ортаазиялық бөлігі, жедел дамушы Азия-Тынық мұхит аймағы және Азия құрлығының оңтүстігі арасында байланыстырушы буынның стратегиялық маңызды рөлін атқара алады.

Экономика саласында:

– бәсекелестікке негізделген, экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстардың ортақ жүйесінде әрқайсысы өз міндетін атқаратын негізгі меншік түрлерін (жеке меншік пен мемлекеттік меншікті) үйлестіріп, ықпалдастыратын әлеуметтік нарықтық экономика құру;

– адамның экономикалық өзін өзі айқындау қағидатын іске асыру үшін құқықтық және басқа да жағдайлар жасау.

Мемлекеттік меншіктің үлесі үнемі азая береді және болашақта, сірә, 30 % төңірегінде тұрақтайтын болар. Бұл біздің экономиканың өзегі республиканың меншігін құрайтын жер қойнауының байлықтарына негізделген салалардан тұратынына байланысты.

Біздің әлеуметтік нарықтық шаруашылыққа қадам басқан кезеңдерімізде мемлекеттік реттеу элементтері пайдаланылатын болады.

Қазақстан үкіметінің экономикаға, оның оңтайлы құрылымын қалыптастыруға ықпалы макроэкономикалық сипат алады, ол қабылдайтын шешімдер нарық серпініне негізделіп, ақша айналымын реттеуге, салық, баж салығы және бюджет саласындағы саясатқа, валюта бағамы мен банк пайызына байланысты болады.

Экономика дағдарыстан шыққаннан кейін немесе тұрақтанған соң ұлттық валютаны енгізу және оның ішкі, ал одан соң сыртқы өтімділігін қамтамасыз ету мәселесі алға қойылады. Өтпелі кезеңде ортақ валюта – рубльдің маңызды екені сөзсіз. Бірақ ол Қазақстанның дербестігін тежейтін және оның экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін екенін естен шығаруға болмайды.

Сондай-ақ банк жүйесін жаңғырту, құнды қағаздар нарығын жасап, оны реттеу де қажет болады.

– Қазақстанның табиғи ресурстарының негізінде және ұқсатушы әрі ғылымды көп қажет ететін салаларды жеделдете дамыту, қазіргі шетелдік техника мен технологияларды қатыстыра отырып, экспорттық және импортты алмастырушы өндірістер есебінен оның экономикасын қайта құру арқылы әлемдік тауар рыногында өзінің нақты орнын табу немесе оны өзге елдермен бөлісу;

– тұтыну рыногын молықтыру. Бұл – еңбекке ынталандыруды күшейтудің, қазақстандық отбасының тұрмыс сапасын жақсартудың әрі әлеуметтік тұрақтылық қалыптастырудың басты жолы. Тұтыну тауарларының жеткілікті молшылығы болмайынша, еңбекке деген құлшыныс күшті болмақ емес. Онсыз инфляция мен бюджет тапшылығын да жоюға болмайды;

– Қазақстанды дамыту үшін шетел инвестицияларын тарту мен тиімді пайдалану.

Нарыққа көшуді жүзеге асыра отырып, сонымен бір мезгілде, біз экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруды және қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялауды жүргізуге, техникалық және технологиялық артта қалушылығымызды жойып, экологиялық таза өндірістері бар жоғары индустриялы елге айналуға тиістіміз. Республиканың халықаралық экономикалық және қаржы органдарына белсене қатысуының, шетел банктері жүйесін ашуының маңызы өте зор.

Сонымен бірге, Қазақстан әлеуетінің молдығы сондай, көз жетерлік болашақта республика өзінің капиталын басқа елдердің экономикасына жұмсай алатын мемлекетке айналады деп нық сеніммен айтуға болады.

Әлеуметтік даму саласында:

– іс жүзінде баршаның игілігін қамтамасыз ететін қоғам орнату;

– әрбір ниет білдірушінің кәсіпкерлік еркіндігі мен кәсіпкерліктің кез келген басқа саласына күш жұмсау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Өз тәжірибемізде көзіміз жеткеніндей, теңгермешілдік, экономикалық еркіндіктің болмауы адамның ынтасын жояды. Мұның өзі қоғамның серпінділігін жоғалтуға әкеліп, әлеуметтік масылдықты туғызады;

– этностық өзіндік ерекшелікті дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени алуан түрлілігін сақтау, соның негізінде қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты өңір ретінде оның әлемдегі беделін арттыру;

– экономиканың өсуі мен тұрақтануына және оның әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуіне орай

еңбек табыстарын, зейнетақыны және жәрдемақыны арт-тыру, бірақ заңсыз баюға жол бермеу.

Осылайша, Қазақстан дамуының тұжырымдамалық үлгісі ашық тұрпатты қоғам, демократиялық, бейбітшіл мемлекет құруды көздейді, ал ол:

а) адам құқықтары мен бостандықтарына, саяси және идеологиялық плюрализмге кепілдік беретін, дәйекті азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, сенімді қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, халықаралық қоғамдастықта лайықты әрі тең дәрежелі жағдайға ие болатын мықты президенттік республика болып табылады;

ә) әралуан меншік түрлері мен әлеуметтік жауапкершіліктегі кәсіпкерлігі, салиқалы бәсекелестігі бар, шетелдік инвесторлар алаңсыз қатысатын кемелді нарықтық экономикаға сүйенеді;

б) айқын бедерлі әлеуметтік бағыты бар, ешкімді аламастан жұрттың бәріне бірдей өз қабілеттерін қолдануға және материалдық жағынан лайықты өмір сүруге тең жағдай жасап, мүмкіндік туғызады, әрбір халықтың ұлттық ерекшелігін сақтап, дамытады, дәйекті дамудың негізі ретіндегі ұлттық пәтуа саясатын жүргізеді.

Осындай үлгінің шындыққа айналуы үшін, әрбір қазақстандықтан, оның ұлтына, діни сеніміне, саяси тұрғы-дан ұнатуына немесе ұнатпауына қарамастан, экономикада түбегейлі өзгерістер жасамайынша, Қазақстанның лайықты болашағы ешқашан болмайтынын айқын түсінуі талап етіледі. Гүлденген қоғамға тек нарық, ашық экономика, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау арқылы ғана жетуге болады.

Егер барынша нақты айтатын болсақ, таяудағы 3 жылда біздің алдымызда тұтыну рыногын бір қалыпқа

келтіру, келесі 7–10 жылда экономиканың шикізат сипатын жою мен инфрақұрылымды дамыту үшін ірі қадамдар жасау, тағы бір 5–7 жылда жаңа индустриялық елдердің қатарына қосылу міндеті тұр.

Қазақстанда либералдық немесе халықтық капитализм емес, шынайы, яки жаңғырған социализм де емес, тек қана көпукладты нарықтық экономикасы бар, әр адамға өзінің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық және саяси мүдделерін іске асыруын өзі таңдап, экономикалық өзін өзі айқындауына тең мүмкіндіктер ашатын қалыпты демократиялық қоғам болады.

II. Ішкі саясат саласындағы стратегия

Ішкі саясаттың жалпы проблемалары

Ішкі саясаттың орын алып отырған проблемалары Қазақстанның жаңа әрі жаңарған тарихында өзін жанжақты дамытуы үшін тұңғыш рет нақты жағдайға ие болған даусыз шындығымен тығыз байланысты; бұл даму қазақ этносының және республика халқының әрауан өрнегін құрайтын басқа да ұлттардың өзіндік ерекшелігін жаңғырту мақсатында жүргізілуде. Сондықтан ішкі саясаттың іргелі ережесі ұлтаралық пәтуа қағидасы болып отыр. Демократиялық құқықтық мемлекет құрудың қазақстандық жолының ерекшеліктері мен біздің әлемдік қоғамдастыққа кіруіміздің ерекшеліктерін де осы айқындайды.

Қазақстан егемендігінің күрделі этносаяси және құқықтық табиғаты бар. Ол қазақтарды өздерінің ұлттық бастаулары мен дәстүрлеріне қайта оралтатын ұлттық егемендігінің және біртұтас этносаяси қоғамдастық ретіндегі жалпы Қазақстан халқы егемендігінің өзіндік

жиынтығын білдіреді. Сондықтан да көпұлтты халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен мүдделерінің серпінді тепе-теңдігі әрқашан да біздің мемлекеттің қалыптасу үдерісінің барысын айқындайтын болады. Осыны айқын сезіне отырып, Қазақстанның өркендеуі үшін республиканың барлық халықтарының ынтымақта-суына, әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге ұдайы қамқорлық жасап отыру керек. Қазақ халқының ежелден-ақ кез келген ұлттардың және ұлыс-тардың өкілдерімен ынтымақтастық пен татулықта тұра білетін дәстүрлі кемелдігіне, туа бітті кеңпейілдігі мен көрші ақысына адалдығына сүйене отырып осыған жете аламыз. Қазақ ұлтының қайта өрлеуге деген табиғи ұмтылысына Қазақстанда өмір сүретін басқа да халықтар тарапынан болатын кеңпейілділік, құрмет пен түсіністік біздің мемлекетіміздегі татулық пен достықтың іргетасына айналмақ.

Орталықтың қайта құруға дейінгі өктем саясаты қазақ ұлтын апат пен азғындаудың шегіне апарып тіреді, мәңгүрттендіру мен ұлтсыздандырудың мақсаткерлікпен жүргізілген үдерісі ондаған жылдар бойы жалғасты.

Сондықтан кімнің қай ұлтқа жататынына қарамай, баршаға арналған мүмкіндіктер теңдігі мен баршаның заң алдындағы теңдігі қағидатын іске асыратын біздің мемлекетімізде түпкілікті ұлттың – қазақтардың мүддесі, бірқатар мемлекеттерде істелетіндей ерекше ескерілетін болса, ол әбден орынды. Бұл ұлттық мәдениет пен тілді жаңдандыруға, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқа да байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге

мәжбүр болған жандардың өз отандарына оралуына жағдай жасауға қатысты.

Осылайша, жалпыдемократиялық үдерістермен, адам құқықтарын іске асырумен үйлесе келгенде, қазақтардың ұлттық түлеуі басқа ұлттардың тең құқықты дамуының қажетті шарты болып табылады. Өзінің дамуына бөгеттер кездестірмеген қазақ ұлты, сөз жоқ, басқа халықтардың мүдделері мен мұқтаждарына түсіністікпен және құрметпен қарайтын болады.

Ұлт мемлекеттіліксіз өмір сүре алмайды. Мәселенің қатаң диалектикасы осындай. Сонымен бірге, этностың мемлекет құруға қабілеті, ең алдымен, оның қалған ұлттардың өкілдерімен ынтымақты өмір сүру, республикада тұратындардың бәрі Қазақстанды өз Отаны деп есептейтіндей ахуал туғызу ниеті мен білігінен көрінеді. Басқадай ұстаным тұйыққа тірейді. Бұл – өте маңызды, мен айтар едім, өзекті нәрсе. Әңгіме қазақ ұлтының топтастырушы миссиясы туралы болып отыр.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің дамуы президенттік басқаруды іс жүзінде қамтамасыз етумен қатар жүретін болады. Республика Президенті, мемлекет басшысы ретінде, пәрменді басшылық жүргізу үшін барлық қажетті тұтқаларға ие болуы керек.

Жаңа Конституцияның қабылдануымен парламенттік қызметті ұйымдастырудың неғұрлым дамыған түрлеріне көшу дәйектілікпен жүзеге асырылады. Қазақстанның жоғары өкілетті органы шағын және құзырлы депутаттық корпусы бар, заң жобасы жұмысын жоғары сапамен қамтамасыз етуге қабілетті шынайы кәсіпқой органға айналады.

Өкілеттікті айқын ажырату қағидаттары негізінде билікті бөлісуді жетілдіру мен олардың өзара іс-

қимылын неғұрлым тиімді ұйымдастыру бағыты одан әрі жалғастырылады.

Республикада сот билігі біртіндеп соттардың өз міндеттерін өмір бойы атқару жүйесіне, оны қалыптастыру жөніндегі өкілеттіктерді мемлекет басшысы мен өкілетті билік арасында неғұрлым ұтымды бөлуге көше бастайды. Сайып келгенде, біз республиканың біртұтас жоғары сот органы мен жергілікті мамандандырылған сот органдарының тарамдалған жүйесіне жететін боламыз.

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың жүйесін жетілдіру алғашқыларының шынайы өкілдік бастауларын дамыту және жергілікті атқарушылықтың функцияларын жүзеге асыруының билік сипатын нығайту бағытында жалғасатын болады.

Республикада саяси және экономикалық билікті айыру, мемлекеттің меншікті, экономика мен тұтастай қоғамның дамуына тұрақтылық беретін меншік иелерінің қалың қатарлы орта жігін қалыптастыруды даусыз дара иеленуін еңсерудің тоталитарлықтан кейінгі кезеңге тән үдерісі жүретін болады. Нақ осы жік қоғамдағы масылдық пиғыл, экономикалық қиыншылықтар туған жағдайда көмекке арқа сүйеу, өкіметке алақан жаю сияқты теріс құбылыстарды жоюға мүмкіндік туғызады.

Бірақ әл-ауқат деңгейінің айтарлықтай жіктелуі жүретін және халықтың көпшілігі үшін нарықтық жүйенің орнауы негізінен әл-ауқатты жақсартудан гөрі ауыртпалықпен байланысты болатын өтпелі кезеңде адамдардың жүргізілетін реформаларға деген теріс көзқарасын түсіністікпен қабылдау керек. Нарықты тосырқаудың нарық шындығымен таныс емес, жаңа

жағдайда нақты жұмыс істеуге жеткілікті тәжірибесі жоқ адамдардың әбден түсінікті дәрменсіздігінен туып отыр. Осыған байланысты, нарықтық игіліктердің жарамдылығы мен әділдігіне адамдардың көзін жеткізе алатын нарықтық идеологияны орнықтыру үшін, жаппай негіз құрумен айналысу қажет.

Бұл – экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асырудың басты әлеуметтік шарты.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын басшылыққа ала отырып, біз азаматтардың мүлтік құқығын нақты мазмұнмен толықтыруға ұмтылатын боламыз.

Қайта жаңғыруды ойдағыдай жүргізудің басқа бір шарты – азаматтардың құқықтық санасын арттыру, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың, шаруашылықты жүргізуші барлық субъектілер мен азаматтардың заңға құлықтылығы. Сондықтан кез келген билік кез келген заңнан жоғары тұрған біздегі дәстүрлі жағдайды түзеу үшін, өкіметтің, құқық қорғау және сот органдарының барлық тұтқалары пайдаланылады.

Таяудағы болашақта мемлекет әлеуметтік-экономикалық үдерістерді негізінен жанама түрде реттеу функциясын сақтайтын болады, экономикалық бостандық пен мемлекеттің мақсаткерлі түрде ықпал жасауы арасындағы қисынды тепе-теңдігі қолдау табады. Өтпелі кезеңде атқарушы билікті күшейту үрдісі сақталады, онсыз іс жүзінде экономиканы реформалау мүмкін емес. Азаматтардың құқықтық санасында мемлекет құқық пен заңдылықтың қабілетті кепілдігі деп қабылданатын болуы тиіс.

Азаматтың меншік иесі болу сияқты табиғи құқығын іске асыруды және, бізде талай рет болғандай, қоғам-

дық қажеттілік деген желеумен мүлкінен еріксіз түрде жаппай әрі заңсыз айыруға жол бермеуді қамтамасыз ету ерекше маңызды.

Қазақстанның ішкі саясатында демократиялық азаматтық қоғамның ажырағысыз құрамдасы ретіндегі әртүрлі саяси партиялар мен ұйымдар барған сайын елеулі рөл атқаратын болады.

Көппартиялылық объективті түрде халықтың мүлкітік, кәсіби және басқа да жіктелуіне байланысты болатын қоғамның әлеуметтік топтары мүдделерінің нақты айырмашылығын білдіреді.

Көппартиялылық тіпті де жасанды түрде емес, оған нақты негіз пайда болуына қарай, нарыққа барар жолда қоғамның әлеуметтік-экономикалық біртектілігінің табиғи бұзылуы мен халықтың әртүрлі топтарының мүдделері түзілуінің есебінен құрылады. Сонымен бір мезгілде, саяси бостандық пен қоғамдық тәртіптің жалпыадамзаттық нормаларын өрескелдікпен аяққа басуды саяси бостандық ретінде ұсынудың арасындағы межелер айқын ажыратылатын болады. Сондықтан біз егемен еліміздің конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығына қатер төндіретін ұлттық, таптық және діни төзбестікті уағыздаушы саяси партиялар мен ұйымдарға батыл түрде тойтарыс береміз.

Экономикалық даму стратегиясы

Қоғамдық өмірдің шешуші саласы – экономика саласындағы стратегия мен тактика құрылымдық және технологиялық артта қалушылықты бір мезгілде жоя отырып, нарықтық жүйеге көшуді одан әрі жалғастыруды білдіреді.

Тіпті тұрақты экономиканың өзіне ауыр болатын бұл проблемалар біз үшін Қазақстанның бүгін таңда әміршіл экономиканың тұйыққа тірелуінен туған күрделі экономикалық дағдарысқа тап келуімен одан әрі тереңдей түсіп отыр.

Дағдарысты еңсеруді қалай бастап, қайткенде құлдырауды тоқтатуға және біртіндеп еңсе көтеруге болады?

Мұнда шет елдердің инвестициялары жақсы демеу бола алатыны сөзсіз. Бірақ, сөйте тұра, әуелі өзіңе сенуің керек және өз күшіңе арқа сүйеп, дағдарыстан шығуды бастау қажет. Негізінен өзіміздің өндірушіміз бен инвесторға сенім артуымыз керек, ал көмек жұмыс істейтіндер мен өнім өндіретіндерге, қаржы сақтайтындар мен қаржы салатындарға көрсетіледі.

Әрине, егер ТМД-дағы біздер саяси кеудемсоқтық пен нәтижесіз ойындарды серпіп тастап, бәріміз күш-жігерімізді біріктіре алсақ, дағдарыстан бірлесіп шығу анағұрлым жеңіл болар еді. Өйткені біздің экономикаларымыз бір-бірімен тығыз астасқан, бұрынғы Одақтың әр мүшесі егемен мемлекет болған екен дейтін желеумен сол байланыстарды үзу ақылға сыймаған болар еді. Дүние жүзінің көптеген елдері байыпты ақыл-ойды басшылыққа ала отырып және кейде өз егемендіктеріне ішінара нұқсан келтіріп те, интеграцияға ұмтылады.

Қазақстан дағдарыстан шығудың бірлескен нұсқасына қашан да дайын болды, оны экономикалық та, сондай-ақ саяси да тәсілдермен іске асыруға табандылықпен ұмтылып келді. Алайда, өкінішке қарай, біздің бастамашылығымыз ТМД-дағы серіктестеріміздің көпшілігі тарапынан қолдау таппады. Сондықтан біз, күш-жігерді бірлестірудің шын жақтастары бола оты-

рып, қалыптасқан жағдайдан өз бетімізше шығудың жолын іздеуге, атап айтқанда, ТМД елдерімен «кірігу» саясатынан «үйлестіру» саясатына өтуді жүзеге асыруға мәжбүрміз. Бұл саяси бағыт абыр-сабырсыз және қауіпті шыдамсыздықсыз, ішкі әлеуетті мүмкіндіктерге сүйене отырып жүргізілетін болады.

Біріншіден, бұл – іс жүзінде кез келген өндіріс түріне сенімді шикізат негізі болатын пайдалы қазба байлықтардың көптігі.

Екіншіден, қатынастарын реформалағаннан кейін Қазақстанның тіпті әлемдік аренада елеулі азық-түлік экспорттаушы болуына мүмкіндік беретін ұлан-байтақ ауылшаруашылық жерлері мен егістіктер.

Үшіншіден, жергілікті мөлшердегі дамыған өндірістік әлеует пен барлық салаларда сауатты жұмысшылар контингентінің болуы.

Төртіншіден, бұрынғы жүйе шындап талап етпеген ғылыми идеялардың, жаңалықтар мен өнертабыстардың мол арсеналы.

Сонымен, стратегиялық салдары бар алғашқы түбегейлі тұжырым: дағдарыстың өршуін өз күшімізбен еңсеріп, экономиканы өз мүмкіндігімізбен қалпына келтіруіміз керек. Біздің тарихымызда бұдан әлдеқайда нашар жағдайда да тығырықтан шыққан кездеріміз болған.

Маңызы дәл осындай екінші бір қорытынды: экономиканың ілгерішіл құрылымдық қайта құрылуы, оның технологиялық артта қалуын еңсеру дұрыс басымдықтарды таңдау арқылы және оларды жекелеген салаларды дамытудың экономикалық көтермелеу тетігін құру негізінде жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан үшін материалдық өндіріс саласындағы басым бағыттар мыналар:

– рынокты азық-түлікпен және халық тұтынатын тауарлармен молықтыру;

– құрылыс пен құрылыс индустриясы базаларын, бірінші кезекте тұрғын үй құрылысы үшін ұлғайту;

– түсті және қара металлургияда түпкі қайта қорытуды жасау, экономиканың шикізаттық бағытын жою, қорғаныс кәсіпорындарын әртараптандыру, экологиялық таза технологияларды енгізу;

– осы заманғы инфрақұрылымды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақүй жүйесі) қалыптастыру.

Басым бағыттарды жүзеге асырудың нақты жолы индикативтік жоспарларға және оларға қатысу негізінде жасалатын жаңа ұйымдық құрылымдарға арқауланған арнайы мемлекеттік бағдарламалар болады.

Бүгінгі таңдағы басты міндет – адамның еңбек етіп, табыс табуға ниеті ауып, нарықтың жасампаздық рөліне сенуі үшін, еңбекке ынталылықты ояту керек. Оның бірден-бір жолы – тауар молшылығын жасау. Бастапқы кезде адамдарға ең болмағанда өздерінің талғамды көп қажет етпейтін, бірінші кезектегі сұраныстарын, әсіресе, азық-түлікке деген сұранысын еркін қанағаттандыруға мүмкіндік беру.

Сондықтан барлық стратегиялық басымдықтардың көш басында агроөнеркәсіп кешенін дамыту, оны дәйекті де батыл реформалау, сондай-ақ тұтыну рыногын өнеркәсіп тауарларымен молықтыру шаралары жүретін болады.

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттер тәжірибесін басшылыққа ала отырып, бізге белгілі бір кезең ішінде Қазақстан экономикасының дамуына

Үкімет тарапынан тұрақты талдау мен бақылау жасау мақсатында индикативті сипаттағы қысқа-орта-ұзақ мерзімді жоспар-болжамдар практикасын енгізу қажет.

Стратегияның маңызды элементі Қазақстанның қайта түлеуі мен дамуының қарқыны болмақ.

Біз бұл жолға өзіміз үшін, біздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін түсуге тиіспіз. Олай болса, бұл өзіміздің еңбек ырғағымызды арттыра түсуге тиіспіз дегенді білдіреді, өйткені даму мен прогресс жолы қарапайым әрі жалғыз – қол жеткеннен үнемі асып түсу. Қалтқысыз жанқиярлық еңбекке үндеу бізге кезекті насихаттық ұран ретінде емес, егер біз шындап аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, төтенше және қатаң қажеттілік ретінде керек. Объективті барлық негіздеріміз бола тұрып, тағдырдың өзі беріп отырған мүмкіндікті уыстан шығарып алуымыз жарамайды.

Жедел даму стратегиясы бүкіл қоғамның, Қазақстанды өзінің Отаны деп есептейтін және өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен болашақ жақсы өмірдің қуанышын онымен бірге бөлісуге әзір әркімнің экономикалық идеологиясына айналуы керек.

Нарықтық экономика арнасымен өзіндік кезеңдері мен соған сай келетін нақты міндеттері бар айқын «кестесіз» жүруге болмайды. Маған ол мынадай болып көрінеді.

Бірінші кезең 1995 жылға дейін созылады және ол макро-экономикалық тұрақтылықтың негізгі екі үдерісімен: меншікті мемлекет иелігінен белсенді түрде алумен, оны жекешелендірумен және тұтыну рыногын тауарлармен молықтырумен сипатталуға тиіс.

Бұл уақыт ішінде меншікті реформалау белгілі бір түрде стратегиялық маңызы бар және ұлттық

қауіпсіздікті қамтамасыз ететін объектілерден басқа мемлекеттік меншіктің барлық нысандарында жүргізілуі тиіс.

Бұл шаралар монополияға қарсы белсенді саясатпен ұштаса келіп, жекеменшік секторы мен меншік иесі – кәсіпкерлерді нығайтуға жәрдемдесетін болады. Сондай-ақ озық технологиялық жобалар үшін шетел инвесторларына жерді ықшамдап концессияға, ұзақ мерзімді жалға беру мен сатуды тәжірибеге енгізу қажет.

Сонымен бір мезгілде, ғылыми зерттеулердің қысқа мерзімін, жоғары қайтарымын, коммерциялық өнімді тез алуды қамтамасыз ететін әлемдік деңгейдегі талдамаларды анықтау және тәуекелшіл (венчурлік) кәсіпкерлікті дамыту мақсатымен республиканың ғылыми-техникалық әлеуетіне егжей-тегжейлі тексеру жүргізу қажет.

Іс жүзінде болашақ технологиялық дүмпуге қажетті алаң мақсаттылықпен даярлануға тиіс. Алматы мен Павлодардың іргесінде озық даму аймағын, Семей полигоны мен Байқоңыр ғарыш айлағының негізінде халықаралық сипаттағы технопарктер немесе технополистер, Қарағандыда, Өскеменде, Атырауда, Ақмолада инновациялық орталықтар құру үшін объективті алғышарттар бар.

Екінші кезеңде (1996–2005) экономиканың шикізаттық бағытын біртіндеп жою жалғасады және сонымен бір мезгілде оның басты мазмұны көлік жүйесі мен телекоммуникацияларды жедел дамыту, сондай-ақ дамыған тауар және валюта нарығын, басқа да нарықтарды – капитал, жұмысшы күші, бағалы қағаздар, зияткерлік меншік нарығын құру болмақ.

Тынық мұхиттан Босфор бұғазына дейін тартылатын Трансазиялық теміржол магистралі мен Алматы

маңында осы заманғы халықаралық жүк-жолаушы әуежайының құрылысы жобаларын жүзеге асырудың, бір мезгілде Шығыс пен Батысқа тартылатын мұнай құбырлары құрылысының басым маңызы болады. Бұл Қазақстанның әлемдік экономикаға енуін жеделдетеді, оның Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия-Тынық мұхит аймағы елдері арасындағы өзіндік бір «көпір» болуына және сондай-ақ өзінің геосаяси міндеттерін жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Екінші кезең ішінде экономиканы қарқынды дамытудың мынадай қозғаушы күштері мен стимулдары пісіп-жетілуі тиіс:

- толыққанды нарықтық тетіктер;
- барлық тауар өндірушілердің шынайы еркіндігі;
- табиғатты ұтымды пайдалану;
- жоғары технологияларды игерудің және әлем экономикасында шептерді жеңіп алудың қарқын алған үдерісі;
- отандық және халықаралық бизнес саласындағы білікті кадрлар корпусы.

Ұзақтығы 5–7 жылға дейін созылатын үшінші кезең ашық үлгідегі экономиканың шапшаң қарқынмен дамуы, соның негізінде өтпелі кезеңнің стратегиялық мақсаттарына жету, Қазақстанның әлемдік саудадағы ұстанымдарының нығаюы және дүние жүзіндегі жаңа индустриялық елдер қатарына кіруі арқылы сипатталатын болады.

Нарықтық қатынастардың құрылуына қарай бюджет тапшылығы мен валютаның өтімділігі проблемалары шешіледі. Мемлекетте тек, нарықтық құрылымдарды қоса алғанда, өзі басқа құрылымдардан гөрі жақсырақ атқаратын функциялар ғана қалады.

Бұрынғы экономикалық ақпарат жүйесі экономикадағы болып жатқан үдерістерді біліктілікпен бағалауға жарамсыз болып қалды, өйткені ол жаңа өндірістік қатынастарға сай бола алмай отыр. Кәсіпорын туралы заң кәсіпорыннан тиісті ақпарат алу мүмкіндігін бұзды. Сондықтан халықаралық талаптарға, соның ішінде қаржы активтерінің жай-күйі де бар, төлем қабілеттілігіне, бағаларға, өзіндік құнға және басқа да көрсеткіштерге бейімделген біртұтас ақпарат жүйесін құру үшін, кәсіпорындардың статистика және банк органдарына объективті ақпарат беріп тұру міндеті заң жүзінде бекітілуі қажет.

Өтпелі кезең стратегиясының мазмұны мен мақсатының толық орындалуына байланысты Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы жаңа сапасы мен жаңа рөлін ескере келіп, басқа стратегиясын талдап жасау қажеттігі туады.

Әлеуметтік даму стратегиясы

Экономика саласындағы міндеттерді іске асыру әлеуметтік даму мәселелерімен тығыз байланысты. Тұтыну рыногын молықтыру мен азық-түлік молшылығын жасау сонымен бір мезгілде экономиканы тұрақтандыру мен халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, әлеуметтік шиеленісті төмендету міндетін де шешетінін айтсақ жеткілікті.

Ең алдымен, инфляцияны жандандыруға және сөйтіп халықтың нақты табысын азайтуға байланысты себептерді бәсеңдететін шаралар қолданылатын болады. Мұның өзі бір-бірімен байланысты екі жолмен жүзеге асырылады: біріншісі – тауарларды өндіру мен қызмет-

терді ұсынуды кеңейту; екіншісі – табысты ағымдағы тұтынудан (құнды қағаздар, тұрғын үй құрылысы, ұзақ мерзімге пайдаланатын заттар және т. б.) алып шығу үшін оның өсуін тоқтату және дәйектеу.

Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау мемлекеттің өтпелі кезеңдегі стратегиясының бел ортасында болады:

– ең әуелі еңбекке жарамсыз және тұрмысы төмен жіктерді: зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, оқушы жастарды мемлекеттік қолдау және әлеуметтік жебеу жүйесін құру;

– ғылымға, мәдениетке, білім беруге және денсаулық сақтауға мемлекеттік қолдау;

– жұмыссыздық жөніндегі әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету.

Қымбатшылықтан және тұтыну сұранымының кемуі салдарынан кәсіпорындар жаппай банкрот болған жағдайда жұмыссыздық шапшаң қарқынмен арта түспек. Сондықтан әр облыс пен қала қосымша жұмыс орнын құру жөнінде бағдарлама жасаумен шұғылдануға тиіс. Бәсекелестік, банкроттық пен жұмыссыздық – нарықтық жүйенің міндетті төлсипаттары.

Жұмыссыздықтың теріс салдарын мейлінше азайту үшін, жұмыспен қамту қызметіне елеулі көңіл бөлінетін болады. Осы мақсатпен мамандар мен жұмысшыларды қайта даярлау жүйесі нығайтылып, тұрғын үй рыногы құрылады және адамдардың Қазақстанның ішіндегі және одан тысқары жерлердегі көшіп-қонуы өркениетті шеңберге енгізіледі.

Инфляция серпіні ескеріле келіп, зейнетақы мен еңбек-ақының ең аз мөлшері оларды көбейту жағына қарай үнемі қайта қаралып отыратын болады.

Экономиканың дағдарысқа ұшырауы жағдайында ең алдымен халықтың зияткерлік әлеуеті неғұрлым көп шоғырланған өндірістік емес сала зардап шегеді. Мемлекеттің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мұндағы орташа еңбекақыны өндірістік саладағы орташа еңбекақыға жақындату үшін шаралар қолданылады.

Бүкіл өтпелі кезеңге халықтың әлеуметтік әлжуаз контингентіне негізгі медициналық қызметтердің, сондай-ақ білім арудың тегін болуы сақталады. Жоғары мектеп пен техникумдар жүйесінде ақылы оқытуды енгізу қатаң мөлшерленуі тиіс, онсыз білім алуға тек ауқатты адамдардың ғана қолы жетуі мүмкін.

Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары әрі ісі оңғарылған кәсіпкерлер өтпелі кезеңде халықтың кедей, еңбекке жарамсыз жіктеріне көмекке келуге тиіс. Сонымен бір мезгілде үкіметтің алдында қысқа мерзім ішінде шағын бизнеске орта және ұзақ мерзімге несие берудің айқын, талғамалы жүйесін жасау міндеті тұр. Қазақстан үшін мұның зор маңызы бар, өйткені өндірістің тым жоғары шоғырлануына байланысты шағын кәсіпорындардың үлесі өте мардымсыз болып отыр.

Біздің дәстүрлерімізді және тіпті халықтың ауқатты бөлігінің бастапқы дәулетінің деңгейін еске алғанда, жеке меншік шешуші рөлге ие болуы үшін көп уақыт қажет. Сондықтан ұжымның игіліктері мен пәрменділігінен және кәсіпкер-еңбеккердің тиімділігінен бас тартудың қажеті жоқ. Кәсіпкерлікті қорғау – өтпелі кезеңнің қажетті әрі маңызды элементі.

Азаматтарды қосымша қорғау шарасы ретінде ерікті зейнеткерлік қамсыздандыруды енгізу көзделіп отыр.

Тұтастай алғанда, өтпелі кезеңдегі әлеуметтік стратегияның құрамдас бөлігінің бірі – нарықтық экономиканы әлеуметтік бағдарлау негізінде, Қазақстанның ауылдық аймақтарына белгілі бір назар аудару арқылы, халықтың табысы аз және кедей топтары мен жіктеріне тұрмыс дәрежесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Бүкіл әлемде қабылданғанындай, мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі мен әлеуметтік беделі елеулі түрде арттырылатын болады, олардың еңбекақысы жоғары, еңбек сіңірген жылдары үшін алатын сыйақысы және мемлекетпен ұзақ жылға жасалған еңбек шарты болуы керек. Мемлекеттік аппараттың біліктілігін арттыру жөніндегі шаралар іске асырылуы тиіс.

Түбегейлі өзгерістердің нәтижесі халықтың жаңа әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік институттарды нарықтық жүйеге сәйкес қалыптастыру, сондай-ақ ұлтаралық қатынастардың тұрақтылық деңгейін арттыру болмақшы.

Әлеуметтік стратегияның мазмұны қысқаша түрде мынаған саяды:

– дамыған елдердің тұтыну стандарттарына жақын адамдар тұрмысының жаңа сапасына жету;

– экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің, нарықтық реформаларға ынтагерліктің, экономиканы тұрақтандыру мен өрге бастырудың өзекті факторы ретінде Қазақстан кәсіпкерлерінің әлеуметтік жігін (еңбекке жарамды халықтың жалпы санының 10–15 %-ы) қалыптастыру;

– жас ұрпақта нарықшыл сана-сезімді қалыптастыру арқылы қоғамдағы бағдар құндылықтарын өзгерту;

– әлеуметтік жағынан қорғаудың қосымша арналары ретінде қамсыздандырудың әртүрлі жүйелерін дамыту;

– арнаулы қорлардан қаржы бөлу және шаруашылық жүргізудің жеңілдік тәртібі есебінен Қазақстанның өз ішіндегі артта қалған аймақтардың әлеуметтік даму деңгейін көтеру.

Тұтастай алғанда әлеуметтік өзгерістер үш сатыда өтеді:

- 1) қоғамның әлеуметтік жікке бөлінуі;
- 2) жаңа әлеуметтік құрылымдардың нарық жағдайына бейімделуі;
- 3) олардың өзара кірігуі мен өзара оңтайлы іс-әрекеті.

Қазақстан үкіметі, қоғамның табыс деңгейі бойынша жікке бөліну үдерісіне қарамастан, бұл айырмашылықты ақылға қонымды аз мөлшерге жеткізуге тырысады. Бұл үшін қажетті экономикалық тұтқаларды әлі жасауға тура келеді.

Әлеуметтік даму стратегиясын жүзеге асыруға ықпал ететін оң сипаттағы да, теріс сипаттағы да факторлар туралы бірер сөз айта кету керек. Олардың біріншісіне жататындар:

– түбегейлі өзгерістерге кіріскен көптеген елдермен салыстырғанда, индустрияландырудың неғұрлым жоғары деңгейі;

– республика халқының біршама жоғары білім деңгейі;

– міндетті негізгі орта білім, тегін медицина, арқаулық мәдени қызметтердің қолжетімділігі және т. б. түріндегі мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың дамыған жүйесі;

– болашақ орта жіктің ықтимал негізін құрайтын зиялы қауым мен басқарушылардың бұқаралық әлеуметтік топтарының болуы;

– қандай да болсын өңірлік блоктарға қатыспаушылықтан туған геосаяси таңдаудың салыстырмалы еркіндігі.

Масылдық психологиясының сақталуы, тұрғын халық пен әлеуметтік даму ресурстары таралуының өңірлер бойынша күрт әркелкілігі, өндірістік аппараттың кенжелеушілігі тежегіштер ретінде әрекет етуі мүмкін.

III. Сыртқы саясат пен ұлттық қауіпсіздік саласындағы стратегия

Сыртқы саясаттың жалпы проблемалары

Егемендік алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына және көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болған Қазақстан өзі үшін жаңа проблемалармен – өзінің сыртқы саясатының, қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігінің проблемаларымен, әлемдік экономика мен әлемдік қоғамдастыққа дербес ену проблемаларымен бетпе-бет келіп отыр.

Халықаралық сахнаға шыққан Қазақстан сапалық тұрғыдағы өзге ортаға қойып кетті, ал ондағы оның сыртқы саяси бағыты, кез келген басқа мемлекеттікі сияқты, ұлттық-мемлекеттік мүдделер талап ететін өз қисыны бойынша дамуда. Бірақ осының бәрінде Қазақстанның сыртқы саясаты жалпыадамзаттық қуатты да меншіктеуге тиіс болады, ал мұның өзі болашақта оның халқына әлемдік қоғамдастықта лайықты орынды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық құрамының ерекшелігі, экономикасының дамуы мен әскери құрылысының деңгейі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, ең алдымен

өз күшіне және парасатты, салмақты дипломатияға сүйене отырып, әсіресе, Одақ мемлекеттігі қалыптасуының қазіргі, алмағайып кезеңінде, саяси құралдарды басым етеді.

Соңғы жылдары мүлдем жаңа геосаяси жағдай туды, онда Қазақстан Еуропаны Азия-Тынық мұхит өңірімен байланыстыратын, сыртқы саяси және стратегиялық тұрғыдағы тиімді кеңістікті алып жатыр.

Бірақ ашық теңізге тікелей шыға алмауы, коммуникациялық құралдардан қашықта орналасуы республиканың халықаралық экономикалық байланыстарға қатысуын қиындатады. Сондықтан іргелес мемлекеттермен, ең әуелі біз үшін дүниежүзілік коммуникацияларға кіретін қақпа есепті Ресеймен және Қытаймен толық сенім қағидатында өзара тиімді достастық қатынастардың ерекше мәні бар. Қазақстан бұған әзір. Сонымен бірге, біз, әлбетте, халықаралық әділеттілік пен серіктестік негізінде барлық басқа елдермен кең байланыстарды дамытуды жақтаймыз.

Бізге ортақ шекараларымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикаларының өзара бірін бірі толықтыруымен және өзара тәуелділігімен қоян-қолтық араласып отырған, тарихи және мәдени-этностық ортақтығымен етене Орталық Азия мемлекеттерімен де тығыз өзара қарым-қатынас жасау өте маңызды.

Қазақстан мен Түркия, Пәкстан, Үндістан, Иран арасындағы келісімдерге қол қойылуы Азияның осы және басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықтың дамуы туралы айтуға негіз береді.

Серпінді дамып отырған капиталдардың, технологиялардың, шикізат пен өнеркәсіп өнімдерінің рыно-

гына кіру мақсатында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Таяу және Орта Шығыстағы интеграциялық үдерістерге Қазақстанның қосылуы қарқын ала түседі. Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың жетекші елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту маңызды стратегиялық бағыт болып қалады.

Әлемдік қоғамдастыққа кіру саясатын нарықтық жүйенің үш басты орталығы – АҚШ-тың, Жапонияның және Батыс Еуропаның серіктестік мүмкіндігін тиісті бағалай отырып құру және нақ осылардың әлемдік-шаруашылық байланыстарын қарқындатудың қозғаушы күші болғанын есте ұстау қажет. Олармен өзара іс-қимыл Қазақстанның халықаралық қаржы және басқа институттарына кіруіне жол ашты, ал әлемде олардың рөлі айтарлықтай өсіп отыр. Халықаралық ұйымдар – БҰҰ-мен, ХВҚ-мен, Дүниежүзілік банкпен, ТСБК-мен, ХҚДБ-мен және басқаларымен көпжақты ынтымақтастық пен тиімді қатысуды біз өз қоғамымыздың ашықтығына деген бағыттың, экономикалық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытының қисынды жалғасы ретінде қарастырамыз.

Басқа елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, осы қатынастарды барынша әртараптандыру үшін, Қазақстан қазіргі заманғы халықаралық құқыққа сәйкес өзінің теңізге бөгетсіз шығуын баянды етуі қажет. Бұл құқықты көршілерімен екіжақты шарттарда және келісімдерде баянды етіп, нақтыламайынша, Қазақстан тәуелді жағдайда болады, ал бұл оның тек экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси дербестігіне де нұқсан келтіруі мүмкін. Өз тарапымыздан біз өзіміздің әуе кеңістігіміз, сондай-ақ аумағымыз (теміржол және

автомобиль магистральдері) адамдар мен тауарлардың барлық бағытта транзитті жүріп-тұруы үшін пайдаланыла алатынына кепілдік береміз. Сонымен бірге, біз Каспий, оңтүстік арқылы Жерорта теңізі мен Қара теңізге шығу мүмкіндігін пысықтап жатырмыз. Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейін транзитті теміржол магистралін жасау туралы Қытаймен, Иранмен және Түркиямен арадағы қол жеткен уағдаластықтың маңызды мәні бар.

Осылармен қатар, ТМД-ға қатысушылармен екі жақты шарттар және келісімдер шеңберінде шекаралардың ашықтығы, азаматтардың жүріп-тұру мен ақпарат беру бостандығы қағидатын қабылдап, жүзеге асыру қажет. Шарттарда қауіпсіздік (әскери, экономикалық, экологиялық) кепілдіктері, тараптардың бір-біріне қандай түрде болсын, соның ішінде екінші бір жақпен көршілес үшінші елдің аумағын, аумақтық сулары мен әуе кеңістігін пайдалану арқылы күш қолдануына немесе күш қолдануға қоқан-лоқы жасауына бармау міндеттемесі бекітілуі керек.

Ұлттық қауіпсіздікті құру кезінде біз екі держава – Ресей мен Қытайдың тоғысқан жеріндегі өзіміздің геостратегиялық жағдайымызды басшылыққа аламыз. Ол ұжымдық қауіпсіздік жүйесінде қатысуымен өзіміздің қорғаныс құралдарымыздың үйлесімі арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін. Қазақстанның қауіпсіздік жүйесі өңірлік және планеталық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Географиялық, саяси, этностық және басқа тарихи факторлардың нәтижесінде Ресеймен қатынас біз үшін маңызды мәселе болып табылады. Ресеймен өзара қарым-қатынаста біз қажет болған жағдайда онымен

өзара қауіпсіздік туралы келісімдер мен ұзақ мерзімді шарттар жасауға тырысамыз әрі оның да бұған деген қарымта мүдделілігіне сенім артамыз.

Варшава шарты ұйымы тарағаннан кейін қазіргі дүниеде НАТО-ның рөлі жаңаша көрінеді. Онда біздің жақындасуымызға қолайлы міндет – Шығыс және Орталық Еуропа мен ТМД елдерінің демократиялық дамуына жәрдемдесу, өзінің мүмкіндіктеріне қарай өңірлік қақтығыстардың алдын алу міндеті бар. НАТО, ЕО сияқты, бұрынғы Одақтың республикалары арасындағы өзінің ықпалын кеңейтуге, бұл үшін арнайы құрылған орган – Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесі шеңберінде қорғаныс саласындағы үнқатысуды, серіктестік пен ынтымақтастықты, сондай-ақ екі жақты байланыстар мен алмасуларды дамытуға мүдделі. НАТО-ға мүше елдер осы мақсатта өздері жинаған айтарлықтай сараптық әлеует пен қорғаныс сипатындағы мәселелерді шешу тәжірибесін беруге міндеттеме алды.

Әскери байланыстарды қатаң реттелген шеңберде әртараптандыру, еуропалық қауіпсіздік жүйесіне белсене қосылу республика мүддесіне сай келеді. Хельсинки Қорытынды актісінің 10 қағидатының арасында шекаралардың мызғымастығы, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен күш қолданбау немесе күш қолдануға қоқан-лоқы жасамау бар. Бір осының өзі-ақ Қазақстанның НАТО-мен байланысты кеңейту және бұрынғы Одақтың құқықтық мирасқорларының бірі ретінде өзіміз қатысушысы болып отырған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің жұмысына қосылу ниетін ақтайды.

Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды. Өз қауіпсіздігіміздің мүддесін ескергенде, біздің түпкі ниетіміз – ядролық әлеуетсіз аумақтық тұтастық пен тиіспеушілік кепілдігіне ие болу.

Біздің заманымыздың қайғылы нышаны – алуан бейнелі экологиялық қауіп. Қазақстан үшін ол құрғап бара жатқан Аралға байланысты. Бұл тек өңірлік қана емес, сондай-ақ планеталық та проблема – Жердің биосферасын сақтауда Арал үлкен рөл атқарады. Арал проблемасын шешу оны қорғау жөніндегі кең ауқымды және пәрменді халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруды талап етеді. Бұл – тірі қалудың талабы және бүкіл адамзаттың адамгершілік борышы.

Біздің экологиялық дипломатиямыз өңірдің экожүйелерін басқаруды реттейтін көпжақты және екіжақты мемлекеттік келісімдер жасауға бағытталатын болады. Оған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін су бассейндерін пайдалануға байланысты алауыздықтар мен жанжалдарды реттеудің нақты тетігін жасаған Дунай және Рейн комиссиялары, Ұлы көлдер жөніндегі канадалық-америкалық комиссия үлгі бола алады.

Ұлттық қауіпсіздік жүйесі және әскери доктрина

Соңғы кезде геосаяси жағдайдағы болған өзгерістерге және тәуелсіздігін жариялауына байланысты Қазақстан өзінің Қарулы Күштерін құрды, ал мұның өзі бүкіл өркениетті дүниеде дербес мемлекет құрылымының міндетті элементі болып табылады.

Республиканың ұлттық қауіпсіздік жүйесі мынадай қағидаттар бойынша құрылуға тиіс:

– республиканың қауіпсіздігін, оның мемлекеттік және аумақтық тұтастығын ең алдымен саяси шаралардың көмегімен және экономикалық өзара ықпалдастықты тереңдету арқылы кепілді түрде қамтамасыз ету;

– ұлттық қауіпсіздікке жауап беретін ведомстволардың жоғары үкімет органдары мен жалпы қоғамның жариялылық пен барынша ашықтық жағдайындағы бақылауында болуы;

– қарулы күштерді ұйымдастырудың, құрал-жабдықтармен және техникамен жабдықтау дәрежесінің қорғаныстың жеткіліктілігі қағидасы негізінде нақты соғыс қаупі жағдайына барабар болуы;

– ұлттық қауіпсіздік жүйесін құрудың ұлттық-тарихи дәстүрлер мен әлемдік тәжірибені ескере отырып, құқықтық мемлекеттің қағидаттарына және халықаралық құқық нормаларына сәйкестігі.

Республиканың ұлттық қауіпсіздігі жүйесінің орталық бөлігі – әскери қауіптің жолын кесу мен оған қарсы әрекет тетігі бар әскери доктрина.

Ең алдымен біз өз саясатымыздың бейбітшілік сүйгіш бағытын жариялаймыз және әлемнің бірде-бір мемлекетіне аумақтық талабымыздың жоқтығын мәлімдейміз. Өзіміздің жауапкершілігімізді сезініп және кез келген әскери жанжалдың апатты салдарға апарып соғатынын түсіне отырып:

– Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым мақсаты ретінде бейбітшілікті сақтауды мойындаймыз;

– соғысты және әскери күштің қоқан-лоқысын саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға жетудің құралы ретінде қабыл алмаймыз;

– ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін алуға және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға ұмтыламыз;

– жаппай қырып-жоятын қаруды бірінші болып қолданбау қағидатын қолдаймыз және осы міндеттемені әлемдік қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің қабылдауын қалаймыз;

– қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидаттарын ұстанамыз.

Бүгінде әлемдік ядролық және кәдімгі соғыстың тікелей қаупі едәуір бәсеңсіді. Сонымен бірге, әлемде экономикалық, аумақтық, діни, этностық және басқа да сипаттағы елеулі қайшылықтар сақталып қалып отыр, олар Қазақстанның және ол өзара қорғаныс немесе өзге міндеттемелер арқылы байланысқан басқа да мемлекеттердің мүддесін қозғайтын қарулы жанжалдарға апарып соғуы мүмкін.

Ықтимал соғыс қаупінің көздері ретінде біз мыналарды қарастырамыз:

– мемлекеттердің немесе олардың коалицияларының әлемдік қоғамдастықта немесе өңірлерде басымдыққа ие болуға және даулы мәселелерді соғыс құралдарымен шешуге ұмтылуы;

– бірқатар мемлекеттерде немесе олардың коалицияларында қарулы күштердің қуатты топтарының және олардың сақталған орналасу жүйелерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының шекарасына таяу жерлерде болуы;

– бірқатар мемлекеттерде ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығы мен мемлекеттер арасындағы қарулы жанжалдардың орын алуы;

– мемлекеттердің белгілі бір бөлігінің өз әскери қуатын өрістетугі.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықтағы ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға қатысуды өзінің басты мақсаты етіп қояды және кез келген бітімгершілік жолындағы күш-жігерге белсенді түрде жәрдемдесуге міндеттенеді. Осы мақсатта республика:

– жанжалды жағдайларды тек қана бейбіт жолмен, халықаралық құқық шеңберіндегі келіссөздер арқылы реттеуге;

– Жер бетіндегі жанталаса қарулануды тоқтатуға және оның ғарышқа шығуына жол бермеуге;

– халықаралық қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің өз қарулы күштерін қорғанысқа жеткілікті ең аз деңгейге дейін кезең-кезеңімен қысқартуына;

– жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін және, бірінші кезекте, ядролық қаруларды өндіруді және сынауды болашақта толық жою мақсатымен қысқартуға;

– қазір бар жаппай қырып-жоятын қаруларды қолдануға және оны өндіру үшін жаңа технологияларды жасауға тыйым салуға; жаппай қырып-жоятын қаруларды жасау мен таратуға мүмкіндік беретін материалдар мен технологияларды сыртқа шығаруға (беруге) тыйым салуға;

– химиялық қаруларды жоюға;

– әскери қызметтегі өзара ашықтыққа және сенім мен қауіпсіздікті нығайту саласындағы шараларды жүзеге асыруға;

– әскери-саяси одақтардың ұжымдық және кең ауқымды халықаралық қауіпсіздік жүйесінің жаңа

құрылымдарына ұласуына ұмтылуда және ұмтыла беретін болады.

Қазақстанның Ресеймен және ТМД-ның басқа да елдерімен әскери-саяси және экономикалық мүдделерінің ортақтығын мойындай отырып, біз халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі күш-жігерімізді БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттермен үйлестіретін боламыз.

Кез келген егемен мемлекет сияқты, Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі әрі оның бүкіл халқының ісі деп санайды және баршаға ортақ халықаралық қауіпсіздік жүйесі құрылғанға дейін өзімен бірге қорғаныс одағына енуге ниет білдірген басқа мемлекеттермен бірлесіп әскери құрылысын жүргізе беретін болады. Біздің басты мақсатымыз – Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру қорғаныс стратегиясының тұжырымдамасы негізінде жүргізілді. Оның құрамында құрлықтағы әскерлер, әскери-әуе күштері, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, әскери-теңіз бөлімдері, сондай-ақ қамтамасыз ету мен қызмет көрсету құрамалары мен бөлімдері бар. Соғыс уақытында ішкі әскерлер мен республика ұланы оның резерві болып табылады.

Қазақстан Республикасының армиясы Қазақстан мен оның одақтастарына қарсы агрессияға тойтарыс беруге, республика мен қорғаныс одағына қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауға арналған. Оны жасақтау аумақтық, жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызметке шарт

бойынша ерікті қабылдауды үйлестіру және республиканың барша азаматтарының әскери міндетін орындау кезінде заң алдындағы теңдігі қағидаттарында жүзеге асырылады.

Өз әскери доктринамыздың негіздерін жариялай отырып, біз қорғаныс одағы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қабылданған, сондай-ақ басқа халықаралық құқықтық актілермен белгіленетін міндеттемелерді қатаң сақтауға кепілдік береміз.

Сыртқы экономикалық байланыстар стратегиясы

Қазіргі жағдайда мемлекеттің табысты дамуының негізі макроэкономикалық тұрақтылық – инфляцияға ұшырамаған ақша-несие саясаты, бюджет тапшылығына қатаң бақылау жасау мен қалыпты баға белгілеу, сондай-ақ сыртқы саудадағы ашықтық – экспортты ынталандыру, импортты барынша аз шектеу, біртұтас импорт тарифы, ұлттық валютаның оңтайлы бағамы мен сыртқы инвестициялар үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Республиканың сыртқы экономикалық қызметін күшейту шеңберінде мыналар қажет:

– кәсіпкерлікті дамыту мен халықтың жиған ақшасын тарту үшін жағдай жасау, өйткені барлық дамушы елдерде, шетелдік капиталға қарағанда, ұлттық капитал инвестицияны 8–12 есе көп қамтамасыз етеді;

– сыртқы экономикалық байланыстар саласында заңдар кешенін әзірлеу мен енгізу, олардың орындалуы мен тұрақтылық кепілдігін қамтамасыз ету;

– инфрақұрылымды: көлікті, байланысты, қаржы рыноктары мен сақтандыру ісін, банктер жүйесін дамытып, осы заманғы ақпарат жүйесін құру;

– халықаралық құқық пен маркетинг, статистика саласында кадрлар, салық инспекторларын, банк қызметкерлерін, аудармашылар, қаржыгерлер, аудиторлар, бухгалтерлер, сыртқы сауда жөніндегі кадрлар, нарық үшін және реформаны білікті басқару үшін қажетті басқа да кәсіптер бойынша мамандар даярлау;

– республика үшін басым салалар бойынша да, сондай-ақ экономикасы біздің экономикамен бірін бірі өзара толықтыратын жекелеген елдермен экономикалық блок және нысаналы жұмыс тұрғысында да белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізу.

Шетел банктерінің Қазақстандағы экономикалық қызметке қатысуын жеңілдетіп, неғұрлым икемді валюта режимін және экономиканың басым салаларындағы шетелдік иелік режимін енгізу, нақты ұлттық жобаларды жүзеге асыруға «портфель инвестициялары» түріндегі шетел капиталын көбірек тарту қажет.

Республика байланыстарының қазіргі жай-күйі мен стратегиялық мүдделерін ескере отырып, сыртқы экономикалық саясат іс жүзінде мәндес мына бағыттар бойынша дамитын болады:

1. «ТМД». Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен, Өзбекстанмен және Достастықтың басқа да мемлекеттерімен экономикалық одақты сақтап, нығайту, бұл орайда мыналар ескеріледі: а) кәсіпорындар арасындағы тығыз байланыстар; ә) әлемдік рыноктағы бағаны түсірмеу үшін шикізат экспорты саласындағы іс-әрекетті үйлестіру қажеттігі; б) біздің жүктердің Еуропа мен Таяу Шығысқа транзитін қамтамасыз ету; в) ғылы-

ми-техникалық орталықтарды бірлесіп пайдалану және конверсиялар жүргізу.

2. «АТӨ». Бейжің – Сеул – Токио арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдеріне шығу. Бұл бағыттың алдыңғы қатарлы технологиялар өңірі, ірі көлемдегі инвестицияларға мүмкіндігі бар несие көзі, болашақта – біздің өнімді өткізу және Қазақстанда бірқатар жобаларды іске асыру үшін, жұмысшы күшін тарту рыногы ретінде үлкен мәні бар.

3. «Азиялық». Әлеуетті өткізу рыногы мен нарықтық экономиканы дамыту үлгілерінің бірі ретінде Түркияға басты назар аудару. Экономикаға инвестиция тарту үшін Араб Шығысы және алдыңғы Азия елдерімен ынтымақтастық.

4. «Еуропалық». ТМД-ға өзгелерден гөрі көп қаржы салуға әзір ГФР-ға басым назар аударылады. Неміс диаспорасы айтарлықтай Қазақстанмен ірі көлемде ынтымақтастық жасалуы мүмкін. Оның үстіне ГФР-дің экономикалық үлгісі біз үшін неғұрлым тартымды. Инфрақұрылымды дамыту мен кадрларды оқыту мақсатында техникалық жәрдем мен несие алу үшін ЕЭҚ-мен ынтымақтастық. Бірқатар салада Шығыс Еуропа елдерімен өзара ықпалдастық жүргізіледі.

5. «Америкалық». Дүние жүзінің жетекші экономикалық державасы ретіндегі АҚШ-қа басты назар аудару. Канадамен, Мексикамен және Латын Америкасының басқа елдерімен байланыстардың болашағы өте зор.

Халықаралық ұйымдардағы: ХВҚ-дағы, ХҚДБ-дағы, БҰҰ-ның, ТСБК-ның, ХААҰ-ның басқа экономикалық ұйымдарындағы, шикізаттың жекелеген түрлерін экспортқа шығарушы елдер одақтарындағы қызмет өте маңызды жеке саланы құрайды.

Сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы стратегиялық мақсаттарды іске асыру үшін, алғашқы қадам ретінде мыналар талап етіледі:

– аяқталған кешен құру және шикізат бағыттылығын еңсеру мақсатымен республика экономикасын құрылымдық жағынан өзгерту бағдарламасын жасап, сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы бүкіл қызметті осы міндетке бағындыру. Дайын өнім беретін аяқталған технологиялық кешендер құрып, өндіруші салаларды экстенсивті дамудан жаңа технологияларды пайдалануға көшіру, ең алдымен үйінділер мен қалдықтарды ұқсату және ішкі нарықты толтыру үшін де, сондай-ақ экспорт әлеуетін ұлғайту үшін де интенсивті ауыл шаруашылығын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін ұдайы дамыту жөніндегі байырғы міндетті іске асыру қажет. Бұл салалар мен өндірістерде біздің қазіргі басты артықшылығымызды – жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығы мен шикізаттың болуын оп-оңай әрі тез іске асыруға болады;

– ақша айналымының реттегіші ретінде Ұлттық мемлекеттік банктің рөлін нығайту және нарықтық тұрпаттағы нағыз коммерциялық банктер құру арқылы банк жүйесін реформалауды аяқтау. Экспортты несиелеу үшін мемлекеттік экспорт-импорт банкін, шикізатты экспорттау мен оны бөлуден түскен табысты шоғырландыруға арналған даму банкін, сыртқы сауда келісімдері мен экспорт несиелерін қамсыздандыру жөнінде мекемелер құрып, шетелдердегі қаржы нарығындағы Қазақстан өкілдерінің қызметін ұйымдастыру;

– сыртқы экономикалық байланыстар саласында мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік органдар ұйымдастыру жүйесін жетілдіру, оны қарапайым бақыланатын

және шетелдік серіктестер үшін түсінікті болатындай етіп, үкіметтің өзінің, оның ведомстволарының, жергілікті билік пен кәсіпорындардың арасындағы бернелері мен жауапкершілігін нақты бөліп беру;

– шетелдік инвестициялар жөніндегі агенттіктің қызметін күшейту, біздің рынокқа шығатын шетел фирмаларының несие қабілетін тексеру жөніндегі жұмысты жолға қою. Бұл органдар барлық ірі инвестициялық жобаларды сараптан өткізіп, шетелдік несиелерді пайдалануды үйлестіріп отырулары керек, өйткені олардың барлығы әзірге тек үкіметтің кепілдігіне ғана беріліп отыр; шетел инвесторларын біздің мүмкіндіктеріміз туралы да, біздің кәсіпорындарымызды түсіп жатқан ұсыныстар туралы да хабардар ету жүйесін құру;

– негізгі серіктестермен инвестициялардың өзара кепілдігі және қосарланған салық салуға жол бермеу туралы келісімдер жасау қажет. Осы саладағы ұлттық заңдылықтардың орындалуына жауапты ведомстволарды белгілеп, мұны қатаң бақылау керек;

– өзіміздің патент-лицензия жұмысымыздың жүйесін жолға қою және қазақстандық ұйымдардың зияткерлік меншігін қорғау үшін де, шетелдік жеке және заңдық тұлғалардың меншігін қорғау кепілдігі үшін де халықаралық келісімдерге қосылу;

– сыртқы экономикалық байланыстардың барлық негізгі бағыттары бойынша кадрларды оқытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау.

Әлемдік қоғамдастықпен кірігуге деген ынтамызды білдіре отырып, біз халықаралық экономикалық стратегияларды үйлестірудің қалыптасқан құралдарын мойындауға әзірміз. Алайда мұның әрбір жекелеген жағдайда күштінің ығына жығылып, өзіңе зиян кел-

тіруге мәжбүрлейтін экономикалық және саяси қысым арқылы емес, өзара мүдделердің әділ тепе-теңдігі негізінде болғаны абзал.

Қазақстанның ерекшелігі – дамыған елдің де (халқының жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең желісі, ғарыштық зерттеулер), сондай-ақ дамушы елдің де (экономикасының шикізаттық бағыты, көптеген өңірлерінің экологиялық ластануы, шетел инвестициялары мен жаңа технологиялар импортына зәрулік, инфрақұрылымының кенжелеуі) сипаттарына ие екендігінде. Бұған аумағының аса ұлан-байтақтығын, құрлық ішінде орналасуын, табиғат ресурстарының зор қорын, халқының алуан түрлі этностық құрамын қосқан жөн.

Біздің стратегиялық ниеттеріміздің шынайылығын түсіне отырып, Мемлекет басшысы ретінде мен Қазақстан мен оның халқы үшін, қанша қалағаныммен, қолдан келмейтін міндеттер қоймауға, нақты болжамның шегінен шықпауға тырыстым. Егер әркім жоғарыда баяндалғандарды өзінің жеке бағдарламасы, туған-туысқандары мен жақындары алдындағы, біздің орнымызды басатын келер ұрпақ алдындағы парызы ретінде қабылдаса, осы айтылғанның бәріне сөзсіз қол жеткізуге болады.

Халықаралық қатынастар жөніндегі
Нью-Йорк кеңесінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,
1992 жылғы 23 мамыр

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осынау биік мінберден сөз сөйлеу құрметіне ие болып, өздеріңізбен кейбір әлемдік және өңірлік проблемаларға деген пайымымды бөлісу мүмкіндігін алғаным үшін алғысымды білдіремін.

XX ғасырдың геосаяси жағдайын, ең алдымен, екі оқиға: 1922 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылып, содан соң оның құлауы әрі Шығыс Еуропадағы тоталитарлық режімдердің де күйреуімен бірге жүруі айқындағаны енді даусыз болып отыр.

«Темір құрсаудың» құлауымен және коммунистік КСРО бейнесіндегі неғайбіл қарсыластың жойылуымен байланысты бүгінгі күнге және балалардың болашағына деген алаңдаушылық та өткенмен бірге кетті. Алайда енді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы дейтін жұрттың көбіне түсініксіз құбылыстың пайда болуымен бірге көптеген адамдарда жаңа қауіптену сезімі туды.

Оған өз көзқарасымды айтпай тұрып, әуелі саяси одақтың жаңа түріне барар жол әрі ұзақ, әрі тайғақ кешулі болғанын атап көрсеткім келеді.

1980-ші жылдардың соңына қарай бұрынғы КСРО-да одақтас республикаларға өз аумақтарындағы ұлттық байлықты иеленудің, пайдаланудың және билеудің айрықша құқығымен қоса кең өкілдіктер бере отырып, орталықтың жаппай өктемдігінен бас тартуды көздейтін федерацияның сапалық жаңа формасын іздеу белсенді түрде жүргізілгені белгілі. Ал орталық болса, республикалардың оған өз еркімен беретін өкілдіктердің нақпа-нақ келісілген ауқымына ие болуы тиіс еді. Осы көзқарастар мен қағидалардың бәрі жаңа Одақтық шартта бейнеленуі керек-ті. Алайда оған қол қоюдың реті қайта-қайта бұзылып, кезекті бір сағымға айналумен болды.

Ал Ресейдің, Украинаның, Қазақстан мен Беларусьтің ынтасымен басталған Ново-Огарево үдерісі 1991 жылғы тамыздағы мемлекеттік төңкеріс әрекетіне байланысты үзілді де, өзгеше құндылық пен уақыт өлшеміне тап келдік.

Әйтсе де ақылға қонымды интеграцияны іздеу жалғаса берді. Сірә, желтоқсанда Беловежье орманында өткен кездесуге сол себепші болып, ол алуан түрлі әсер туғызғаны естеріңізде шығар. Базбіреулер славян

мемлекеттік құрылымының «жауыр болған» идеясын жаба тоқымдаса, оған қарама-қарсы, дереу Түркістан конфедерациясын құруды ұсынушылар да болды. Біз өз халықтарымызды этностық және конфессиялық белгілері бойынша бөлшектеуге тырысқан осындай арандатушылардың жетегінде кетсек, не боларын ойлаудың өзі қорқынышты. Алайда баламалы одақ құру туралы ойды үзілді-кесілді серпіп тастап, қазіргі жағдайға парасатты, салмақты көзқараспен қарауға біздің ақылымыз бен жігеріміз толықтай жетті.

Соның нәтижесінде, 21 желтоқсанда Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бұрын КСРО-ға кірген 11 республиканың ерікті таңдауы негізінде оның құрылуы қалыптасқан жағдайда жалпыға бірдей болашақ үшін тез арада қажетті ымыраға келу мақсатындағы бірден-бір ақылға қонымды шешім болды деп батыл түрде айта аламын.

Қазақстан интеграциялық үдерісті қашан да әлемдік өркениеттің объективті дамуы ретінде санаған болатын, әйткенмен, елдің бейберекет ыдырауына жол бермеу үшін, әрбір сәттегі мейлінше мүмкін нәрсені басшылыққа алуға тырысты.

Өте-мөте өкініштісі, Достастықтың саяси алаңындағы көптеген оқиғалар ТМД-ны құрумен ыдыраудың барысын тоқтатуға болмағанын айтады. Кеңес Одағы мирасқорының болашағы күн асқан сайын бұлдырланып барады. Келмеске кеткен Кеңестер Одағының саяси алаңында тәуелсіз жас мемлекеттердің кейбір басшыларының әрекетімен ықылас пен мүмкіндіктің арасындағы, интеграцияны тереңдете беруге деген уақыт талабы мен салиқалы мемлекет қайраткерлеріне емес, кеудемсоқ саяси желбуаздарға тән көрсоқыр

томаға-тұйық бағыттың арасындағы жанжал өршітіле түсуде.

Бүгінде реттелмеген саяси мәселелер, екіжақты және көпжақты мемлекетаралық қатынас тәжірибесінің жоқтығы сарабдал әлеуметтік-экономикалық интеграцияға кедергі болып отыр. Бұған интеграциялық байланыстардың үзілуі өндіргіш күштерді дамытуды елеулі түрде қиындатып, экономикалық дағдарыстан шығу үдерісін күрделендіретінін және онсыз да мардымсыз қарқынды одан әрі бәсеңдететінін базбір мемлекет қайраткерлерінің түсінісі келмей қасарысатынын да қосу керек. Әзірге саяси мақсатқа жетудің құралы ретіндегі екіжүзділік пен әуегейлік, яғни популизм байыпты экономикалық көзқарастан көрінеу үстем түр. Осының бәрі, түптеп келгенде, жасанды автаркияға, бүгінге дейін мыңдаған алуан түрлі саяси, экономикалық, мәдени тіндермен байланысып келген республикалардың оқшау өмір сүруіне соқтыруы мүмкін.

Өкінішке қарай, тарих әмісе дұрыс мағыналы арнада дами бермейді, әйтсе де мен әлі де болса ТМД-ның нығаятынына, оның шеңберінде ЕО-ның тиісті органдарына ұқсас жалпыұлттық үйлестіруші құрылымдар түзілетініне сенемін. Оларсыз Достастық бос даңғыра, нақты мазмұнмен толтырылмаған әдемі қалып болып қала бермекші.

Еуроазиаттық нәзік альянстың одан әрі өзгеруі, әрине, құрылықтың алтыдан бір бөлігінің «жеке ісі» емес: ядролық фактор дүниені әлдеқашан-ақ өзара тәуелді етіп, жалпыпланеталық проблемалар шеңберін елеулі түрде кеңейтті. Бұрынғы КСРО-ға тиесілі ядролық қарудың тағдыры жұрт назарының бел ортасында болуы әбден заңды. Егер Батыстың алаңдаушылығын

негізсіз деп атасам, мен жалған айтқан болар едім, өйткені оны бұрынғы Кеңес Одағының аумағындағы қоғамдық-саяси тұрлаусыздық, қазірдің өзінде буырқанып жатқан бірсыпыра жанжалдардың реттелмеушілігі және кейбір ықтималды шиеленістердің басқарылмаушылығы қоздырып отыр.

Бұдан басқа тағы бір жағдай бар, бұқаралық ақпарат құралдарына келесі бір логикалық пирамиданы тықпалап жүрген батыстық кейбір сарапшылар оны ерекше атап айтады. «Қазақстан – ядролық қаруы бар тұңғыш мұсылман мемлекеті. Біріктіруші пантүркілік (немесе одан да сорақысы – панисламдық) идея іске аса қалған жағдайда коммунизмнің Батыспен текетіресінде құлаған қызыл туы исламның одан да алмағайып әрі қауіпті жасыл туымен алмастырылады».

Бұған қатысты не айтуға болады? Сөз жоқ, мұсылман дүниесінде мұндай сценарийдің дамуын жақтаушылардың бар екені рас, бірақ нақты жағдайға қатысты екі діни конфессияның ықтималды ядролық тайталасы дейтін – ойдан шығарылған пайымдаудан басқа түк те емес. Мұның дәлелі – Қазақстанның ислам фундаментализмі идеяларына тарихи ықылассыздығы, республикада христиан жұртшылығы үлесінің молдығы және оның басшылығының демократияны тереңдету мен нарықтық қатынастарды дәйектеуге табанды бағыт ұстап отырғандығы.

Егер Қазақстанның ядролық қару мәселесі жөніндегі ұстанымына эмоциясыз және риясыз қарайтын болса, онда, менің ойымша, бізді әлденеге кінәлау қиын.

Біріншіден, республика аумағында ядролық қару оның өз ықтиярымен емес, Кеңес Одағының құрамдас бөлігі болған кезінде пайда болды. Әрі КСРО ядролық

қаруының тәуелсіз төрт мемлекеттің арасында бөлінуіне жеткізген де біздің әрекеттеріміз емес екені белгілі.

Екіншіден, орталық биліктің күшті қарсылығына қарамастан, менің алғашқы жарлықтарымның бірімен Семейдегі аса ірі сынақ полигоны жабылды.

Үшіншіден, қарусыздану жолының республика үшін баламасы жоқ екеніне сүйеніп, мен Қазақстанның жаппай қырып-жоятын қаруларды қысқартуға қатысты барлық халықаралық келісімдерге бейімділігі, стратегиялық шабуыл қаруларын (СШҚ) қысқарту туралы кеңес-американ шартын бекітуге біздің әзір екендігіміз туралы талай рет мәлімдеген болатынмын. Осы құжаттың ережелеріне сәйкес, жойылуға тиісті ядролық оқтұмсықтардың басым бөлігі Қазақстан аумағында шоғырланғанын ескерте кетейін.

Әрине, жұрттың көбі республиканы ядролық қарудан ада аймаққа айналдырудың жеделдетілген үдерісі қашан басталатынын білуге өте құштар. Бірақ бүгін ондай шешім көп ретте бос мәлімдеме болып шығар еді: тіпті басталып кеткен стратегиялық қаруларды 50%-дық қысқартудың өзін іске асыруға 7 жыл уақыт керек. Оның үстіне, Қазақстанда орналастырылған ядролық қарудың ерекшелігі оны тасымалдау мүмкіндігін жоққа шығарады деуге болады.

Тағы бір мәнді нәрсе бар. Қазақстанда «ядролық шабадан» жоқ екені және ол бұрынғы КСРО-ның стратегиялық күштері ортақ бір қолбасшылықтың қолында болуы үшін барынша күш салумен келе жатқаны белгілі. Ол ол ма, тіпті қандай да бір кездейсоқтықтан берік кепілдікті қамтамасыз ету үшін, біз Украина, Қазақстан және Беларусь президенттерінің ядролық ұшырыуынан тосқауылдың тиімді жүйесін енгізуді талап етумен келеміз.

Және ақырғысы. Қазақстанды тез арада «ядросыз клубқа» кіруге үндеушілер өз халықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, өз мемлекеттерінің стратегиялық мүдделерін сақтауды басшылыққа алады. Бірақ біздің іс-әрекеттеріміздің қисыны да содан туады. Қазақстан Республикасы ядролық екі ірі державаның ортасына орналасқан, солардың біріндегі жағдай өте тұрақсыз, ал екіншісінде, біздің шекараларымызға тікелей жақындықта ядролық қаруларды сынау өткізілуде. Біздің әп-сәтте балға мен төстің арасында қалғандай жағдайда болғымыз келмейді, сондықтан біздің ядролық қалқанымызды жоюмыз Ресейден, Қытай Халық Республикасынан және Америка Құрама Штаттарынан тиісті кепілдіктер болуын талап ететінін сіздер қисынды деп табатын шығарсыздар деймін.

Әрине, осының бәріне қарамастан, Батыс әлемінде Қазақстанға тізесін батырғысы келетін идеологтар табылады, бірақ олар үкіметтік және іскерлік топтардың қолдауына ие бола қоймас деп ойлаймын, өйткені ондай саясаттың кері әсер туғызатыны айдан анық. Батыстың экономикалық санкцияларының қатаң қысымы республиканың объективті көптарапты бағдарламасын жоққа шығарады, оның байланыс аясын қолдан тарылтып, бір ғана Шығыспен шектейді. Ал оқиғалардың мұндай даму барысы жоғарыда мен айтып кеткен ойдан шығарылған пайымдауларды іске асыруға негіз жасайды.

Осы аралықта, менің кәміл сенімім бойынша, белгілі саясаткерлердің біздің республикамызға деген көзқарасында ядролық қару алдындағы үрейден гөрі үміт көп. Объективті жағдайлардың талайымен Қазақстан әлемдік оқиғалардың нақ ортасынан табылды, бұл

тіпті де ұлылық дерті емес. ХХІ ғасырға ой жіберген мемлекеттік қайраткерлер мен сарапшылар Азияның қайтадан оянатынын мейлінше сенімді түрде айтып жүр және Солтүстік пен Оңтүстіктің, христиан әлемі мен мұсылман әлемінің ықтимал тайталасынан іш жияды. Қазірдің өзінде-ақ олар геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын іздестіріп, діни негіздегі жергілікті жанжалдарды жоюға көңіл бөлуде.

Осыған орай жұрттың көбі бүгін Қазақстанды Еуропа мен Азияның, христиандар мен мұсылмандардың арасындағы нақты келісімнің нышаны ретінде қабылдайды. Солтүстік пен Оңтүстік арасында бейбітшілікті қамтамасыз етуде Қазақстан – Америка Құрама Штаттарының стратегиялық одақтасы екеніне мен бек сенімдімін.

Халықаралық қатынастардың жаңа субъектісі ретінде біздің алдымыздан ынтымақтастықтың кең көкжиектері ашылуда. Оны дамыта отырып, біз өзге дүниеден жасандылықпен жасырынып, қандай да бір идеологиялық немесе конфессиялық одақтарға қосылмаймыз, қайта Қазақстанның Шығыс пен Батыс арасындағы құрлықтық байланыстырушы көпір ретіндегі мейілінше таптырмас мүмкіндігін пайдалануға ұмтылатын боламыз.

Сөз жоқ, жоғарыда айтқанымдай, біз Америка Құрама Штаттарымен өзара байланыстарға бірінші дәрежелі мән береміз және тәуелсіз Қазақстан аумағындағы тұңғыш елшілік АҚШ-тікі болуы да тегін емес.

Біз біртіндеп Ұлыбританиямен, Франциямен, Австриямен, Германиямен, басқа да Еуропа елдерімен көпжақты ынтымақтастықты жолға салып келеміз.

Сонымен бірге, қазақтар – түркі тілдес ұлт, сондықтан Шығыс халықтарымен бізді этностық жақындық пен мәдениеттер ортақтығы байланыстыратыны әбден

табиғи нәрсе. Оның үстіне Азия елдерінің нарықтық тәжірибесі біз үшін неғұрлым етене. Көп ретте біздің проблемаларымыз Батыстың жоғары дамыған елдерінен гөрі соларға түсініктірек. Бүгінде біз ең жақын көршілерімізбен байланыстарымызды соншама қадірлейтініміз осыдан. Қытаймен, Түркиямен, Корея Республикасымен, Сингапурмен экономикалық келісімдеріміз нақты жемісін бере бастады.

Дегенмен, бұл байланыстарды дамыта отырып, біз әлеуметтік-экономикалық дамудың кез келген, тіпті ең сәтті үлгісін экспорттау іс жүзінде мүмкін еместігі туралы белгілі шындықты теріске шығармақшы емеспіз. Өзіміз қаласақ та, қаламасақ та, бізге жинақталған әлемдік тәжірибеге сүйеніп, көпұлтты республика халықтарының ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін, салттары мен дәстүрлерін ескере отырып, міндетті түрде өз тұжырымдамамызды жасауға тура келеді.

Кеңес қоғамында болған жалған демократиялық институттар құмнан соғылған сарайлар болып шықты да, өзгерістер ағынымен бір-ақ сәтте шайылып кетті. Бүгін біз, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдауға қадам басып бара жатып, республикада нақты өмірден, жалпыадамзаттық және, сонымен бірге, әрдайым қазақстандық негізден өсіп шығатын көрнекті демократия құрғымыз келеді. Бұл біздің республикамызда өмір сүретін барлық адамдардың нәсілдік және ұлттық қатыстылығына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайына, дінге қатысына, саяси нанымдарына және басқаларына қарамастан, толық теңдігі мен бірдей бостандығын қамтамасыз ететін демократия болмақшы. Басқаша айтқанда, біз әрбір адамның әлеуетті мүмкіндіктерінің бәрін іске

асыру үшін жеке тұлғаның экономикалық, рухани және саяси бостандығын қамтамасыз етпекшіміз.

Біз нақты демократия жүйесін орнатпайынша, мемлекет әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі бола алмайтынын ескереміз. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттауға дайын тұрған өзара тәуелді тығыз дүниеде жұмыр жердің бір қиырында демократиясы ақаулы өңірлер болса, ол жалпыадамзаттық организмнің ерте ме, кеш пе ғаламдық күйзеліске соқтыруы мүмкін сырқаты болғаны деп дұрыс пайымдап, әлемдік ауқымда ойлай білетін адамдар қатары барған сайын артып келеді.

Демократия – тоталитаризмге қарсы медициналық егу емес, бала кезінен дімкәс адам қабылдай салысымен сауығып кететін дәрі де емес. Жұрттың бәрі демократиялық қоғам мен нарықтық экономиканы саналы түрде аңсайды деп ойлау – аңғалдық. Жұртқа керегі – тұрақты тоқшылық. Бірақ Батыста ол демократия мен нарықтан шығады, ал бізде әлемдік өркениеттің бұл ұстындары экономикалық дағдарыспен және әлеуметтік былықпен ұқсастырылады. Эрнест Хемингуэй айтпақшы: «Тез арада игере салуға болмайтын нәрселер бар, ал ондай жағдайда біз үйренуге тым көп ақы төлейміз, неге десеңіз, біздің жалғыз байлығымыз – уақыт».

Осы себепті ондаған жылдар бойы қатаң теңгермешілік жағдайында өмір сүрген адамдардың дүниетанымдық және психологиялық таптаурындарын біз жүргізіп жатқан, түбегейлі мақсаты мен бағдары нарық, жеке адамның экономикалық еркіндігі, тауар өндірушілердің дербестігі, бәсекелестігі болып табылатын кең ауқымды экономикалық өзгерістердің ең басты кедергісі десе де болады.

Біз жүргізіп жатқан бағыттың басымдықтары ретіндегі экономикалық тұрақтылық, бағаны ырықтандыру, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, шетелдік инвестицияларды кеңінен тарту қазірдің өзінде-ақ алғашқы нәтижелерін бере бастады. Бірақ атқарылатын іс одан әлдеқайда көп.

Солай болса да, мен егемен мемлекет ретіндегі Қазақстанның алға қойған міндеттерін ойдағыдай іске асыратындай барлық мүмкіндіктері бар екеніне сенімдімін. Бізде айтарлықтай табиғи ресурстар, білікті жұмысшы кадрларымыз бен мамандарымыз және ең бастысы – өмірді коммунистік идеология сәуегейлік еткендей алыстағы «жарқын болашақта» емес, бүгіннің өзінде, қазір-ақ жақсы жағына өзгертсек деген асқан құлшынысымыз бар. Өзі 48-ге толатын жылы Марк Твен: «Жасы 48-ге келгенше пессимист болған адам тым көп біледі, ал 48-ден кейін оптимист болатын адамның білетіні тым аз», – деп жазған екен. Ұлы жазушының сөзін теріске шығарғым келмей-ақ айтатын болсам, одан гөрі менің аздап та болса жолым болыңқыраған сияқты. Жасым 52-ге тақаған шағымда мен өз республикамның болашағына сеніммен қараймын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он екінші шақырылымының VIII сессиясында
«Қазақстан Республикасы Конституциясының
жобасы туралы»

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 1 маусым

Құрметті халық депутаттары!

Тарихтың өкіміне қарай сіздер мен біздер Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі ретінде өзінің алғашқы қадамын жасап жатқан егемен жаңа мемлекет – тәуелсіз Қазақстан Республикасының өмірге келуінің бастауында тұрмыз. Ал бүгін біз еліміздің қоғамдық-саяси құрылысының дамуындағы маңызды кезең – оның конституциялық ресімделу кезеңін ашып отырмыз.

Мұның өзекті сәттерінің негізі Мемлекеттік егемендік туралы декларацияда және «Қазақстан Республикасы-

ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда, бірқатар негізгі құқықтық актілерде қаланған, олардың қатарында меншік, азаматтық, қоғамдық бірлестіктер, Министрлер Кабинеті туралы заңдар бар. Меншіктің барлық түрлерінің теңдігі заң жүзінде танылып, жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алуды ілгерілету, кәсіпкерлік пен нарықтық қатынастардың алуан формаларын дамыту үшін құқықтық негіз жасалды. Демократиялық қоғамның ажырағысыз элементі – нақты көппартиялық өмірге келіп жатыр. Жеке адамның, қоғамның және негізгі міндеті адам құқығын қорғау болып отырған мемлекеттің өзара қатынастарының сипаты өзгеруде.

Бүгін, дәуірлер тоғысында, мемлекеттіліктің айтарлықтай тозған құқықтық базасын «боямалаумен» шектелуге болмайды, өйткені одан әрі даму перспективасын жоғалтудың нақты қаупі бой көрсетеді. Сондықтан да жаңа Конституцияға деген өмірлік қажеттілік айдан анық.

Қазақстан Республикасының егемендігін жоғары құқықтық деңгейде баянды ету қажет. Егемендік туралы декларациялардың, жаңа мемлекеттердің өмірге келуін жариялайтын басқа да құжаттардың маңыздылығына қарамастан, конституциялар мемлекеттердің дәйекті даму кезеңіне кіргендігін айқындайтын ең басты актілер болып келеді және солай болып қала береді. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, конституциялар қашан да декларация негізінде қабылданып келгені тегін емес. АҚШ-тың 1787 жылғы конституциясынан бұрын тәуелсіздік туралы декларация, 1791 жылғы француз конституциясынан бұрын адам және азамат құқықтарының декларациясы қабылданған болатын.

Біз нақты демократия жүйесін орнықтырмайынша, мемлекет әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі бола алмайтынын ескерудеміз. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттауға әзір тұрған өзара тығыз байланысты дүниеде Жердің бір қиырында демократиясы сетінеген өңірлер бар болса, ол жалпыадамзат ағзасының сырқаты болады да, ерте ме, кеш пе ғаламдық сілкіністерге апарып соқтырады деген оймен әлемдік ауқымда пайымдайтын адамдар қатары барған сайын көбейіп келеді.

Өткеннің тек жалпыадамзаттық құндылықтарын ғана алып, бұрынғы таптаурындардан, таптық догмалар мен жалған мұраттардан баз кешуді түбегейлі жариялаудың маңызы зор. Біздің қолданыстағы Конституциямызда уақыт сынына төтеп бере алмаған, миллиондаған адамдарға қайғы болып, қасірет шектірген «кеңес халқының мемлекеттік бірлігі», «социалистік жалпыхалықтық мемлекет» және басқа да «социализм жеңістері» жарияланған. Осының бәрі ұзақ жылдар бойы бос даңғаз, тоталитарлық режимнің конституциялық тұғырдан алып тасталуға тиісті жылтырақ әшекейі болып келген еді.

Жаңа Конституцияны қабылдау қоғам дамуының ұзақ мерзімді мақсаттары мен басымдықтарын анықтап, оларды халықтың өмірлік маңызды мүдделерімен салыстыру үшін қажет. Ұлттық мемлекеттілікті дамыту, адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет орнату, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, өзіміз үшін және өз ұрпақтарымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз ету – тұжырымдап айтқанда біздің стратегиялық міндеттеріміз, міне, осындай.

Конституция алға қойған мақсаттарға: мемлекеттік және халықтық егемендікті, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырудағы саяси алуантүрлілікті, адам мен азаматтың бостандығын, мемлекеттің құрылысы мен қызметінің негізі ретінде билікті бөлісу қағидаттарының салтанатын қамтамасыз етуге жетудің құқықтық негізін тұрақтандыру мен конституциялық-құқықтық амалдарын нығайту үшін қажет.

Және, ақыр соңында, Конституция республиканың көпұлтты халқының ой-арманы мен күш-жігерін жаңа саяси негізде біріктіру үшін керек. Өмірлік маңызды мәселелеріне жауап тапқан соң адамдар ертеңгі күніне деген сенімге ие болады, ал бүгінде біздің көбімізге сол жетіспей отыр.

Мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысты қатынастар кез келген конституцияның басты мәселесі болады. Солардың негізінде азаматтың мәртебесі орнығып, азаматтық қоғамның және, әрине, мемлекеттің әртүрлі институттарының жұмысы жүзеге асырылады. Егер қазіргі жағдайға осы тұрғыдан көз салатын болсақ, онда біздің практикалық іс-қимылымыз мемлекет пен саяси жүйенің өзге де субъектілері арасында, республика мен оған кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктердің арасында, заң шығарушылық, атқарушылық және сот биліктері арасында билік көлемін қайта бөлісуге байланысты екені айқын көрінеді. Осы аса маңызды қатынастарды даусыз конституциялық тұрғыдан баянды етпейінше, азаматтық қоғам құру, мемлекеттік тегіктің тиімді қызмет етуіне үміт арту мүмкін емес.

Конституцияның қабылдануын қажет ететін тағы бір елеулі себеп бар. Мен бүкіл құқықтық базаның кетеуі кетіп жатқанын айтып тұрмын. Жекелеген

заңдарды қабылдап, олардың нақты жағдайдағы мақсатын түсіне отырып, біз белгілі бір проблемалардың жекелеген түбегейлі тұстарын кейбір дәрежеде «ойда сақтап», «кейінге» қалдыратынымыз бар. Оларды тіпті «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Конституциялық заң арқылы да өзара байланысты бір жүйеге жинақтау мүмкін болмады. Қазіргі уақытта, бейне бір екі Негізгі заң қосарлас қолданылып жүрген сияқты жағдай қалыптасты, ал бұған мүлдем жол беруге болмайтынын өздеріңіз түсінесіздер.

Болашақ Конституция төңірегіндегі қоғамдық пікірдің алуан түрлі екені барлық жайдан сезілуде. Негізгі заңның қабылдануы біздің көпұлтты мемлекетіміз үшін қуатты топтастырушы фактор болар еді. Осы тұрғыдан алғанда, Орал облысының «Азаматтық келісім үшін» қоғамдық бірлестіктері кеңесінің Президентке және халық депутаттарына жолдаған үндеуі мейлінше назар аударарлық. Өртүрлі бағдардағы жеті қоғамдық бірлестіктің басшылары жобаның демократиялық жолмен талқылануын қамтамасыз етуге, халықтың пікірлерін жан-жақты ескеруге шақырған үндеуге өздерінің қолдарын қойған. Мұндай өтініштер мен талаптар басқа да қоғамдық ұйымдардан, жекелеген азаматтардан келіп түсуде.

Мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдаудың қажеттігіне және оның дершағы осы екеніне кәміл сенемін.

Өздеріңіз білесіздер, Жоғарғы Кеңестің қаулысымен 1990 жылғы желтоқсанда конституциялық комиссия жұмысын бастаған болатын. Конституция жобасын әзірлеуге халық депутаттары, республикалық басқару органдары, белгілі құқықтанушы ғалымдар, қоғамдық

бірлестіктердің өкілдері тартылды. Жұмысшы және сарапшы топтарды тиісінше Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасары З. Л. Федотова мен республиканың халық депутаты академик С. З. Зиманов басқарды.

Конституциялық комиссия, жұмысшы және сарапшы топтар бір-бірімен байланыс жасай отырып жұмыс істеді, пікір сайыстары мен таластар үстінде оңтайлы шешімдер іздестірумен болды. Бұл орайда әрқашан да жоғары дамыған елдердің тәжірибесі басты дәлел болып отырды. Өткен уақыт ішінде Конституция жобасының бірнеше нұсқасы әзірленіп, қаралды.

Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған құжат жеткілікті дәрежеде сынақтан өткізіліп, ғылыми сарапқа салынды. Ол «дөңгелек үстелдер» мен конференцияларда талқыланды, оларға бұрынғы Одақ республикаларының көпшілігінен келген жетекші ғалымдар мен практиктер қатысты. 1992 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Конституциясының проблемалары бойынша Қазақстан-Америка кездесуі өткізілді. Сонымен бірге, жобамен адам құқықтары мен бостандықтары проблемаларына маманданушы үкіметтік емес «Халықаралық амнистия» ұйымы таныстырылды.

Азаматтың құқықтық жағдайының үлгісі ретінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде бекітілген стандарттар алынды.

Билікті бөлісу мен басқару формасы жайында айтатын болсақ, бізге АҚШ-тың, Францияның, Финляндияның, Португалияның тәжірибесін зерттеу елеулі көмек көрсетті. Конституциялық қадағалау органдарына

қатысты ГФР мен Италия конституциялық соттарының мәртебесіне жасалған талдауға баса көңіл бөлінді.

Еуропаның жоғары дамыған елдеріне бағдар ұстай отырып, біз, әлбетте, Азиядағы көршілеріміздің – Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Үндістанның, Пәкстанның, Түркияның, басқа да елдердің тәжірибесін ескереміз. Бұл арада мен біздің тұрақты пікір алмасуымыз жолға қойылған Достастықтың тәуелсіз мемлекеттері жайында айтып та тұрғаным жоқ.

Әлбетте, әңгіме бас-көз жоқ көшіріп алу жайында болып отырған жоқ, өйткені біз үшін «американ» нұсқасы да, «жапон» нұсқасы да, «түрік» нұсқасы да, басқа қайсыбір нұсқа да мінсіз емес. Өздеріңіз түсініп отырғандай, мен мұны біз таңдап алған шешімдердің классикалық үлгілермен сәйкестігін тексеріп, мәтіннің айнадағыша айнымай шықпағанына ренжуі мүмкін адамдар үшін айтып тұрмын. Біздің ең басты назар аударған нәрсеміз – нақты мәселелерді өз өмір шындығымызға жақындатылған тарихи жағдайларда конституциялық жолмен шешудің әдістемесі. Нақ сондықтан да біз, бірінші кезекте, республика халқының әлеуметтік-экономикалық дамуының, саяси мәдениетінің, ұлттық және діни ерекшелігінің жеткен деңгейін негізге алдық.

Біздің Қазақстан Республикасы тәуелсіз демократиялық мемлекетінің іргетасын күрделі ішкі және сыртқы саяси жағдайда салуымызға тура келіп отыр, бұл жағдай, әрине, Конституцияны әзірлеу үдерісіне өз ықпалын жасады, ал кейбір реттерде тіпті белгілі бір ережелердің мазмұнын да айқындап берді.

Жобаның мазмұны жайында айтпас бұрын оның авторлары Конституцияның адам, қоғам және мемлекет

өмірінде атқаратын сапалық жағынан басқаша бір рөлін негізге алғанын атап көрсетейін.

Конституция жобасы теориялық үлгісінің негізіне халық билігінің, жалпыадамзаттық құндылықтар мен жалпы жұрт таныған халықаралық құқық нормаларының идеяларын тану, азамат құқықтарының басымдығы және мемлекеттің халық бақылауындағы институттары мүддесін көздейтін азаматтық қоғам орнату ынтасы алынған.

Конституцияның қамту ауқымы түбегейлі өзгертілген. Іргелі маңызы жоқ, бірақ бұрын дәстүр бойынша Конституция реттеп келген көптеген қатынастар неғұрлым төмен заңнамалық деңгейге берілді. Екінші жағынан, азамат, экономикалық жүйе, мемлекет институттары мәртебесінің, сот әділдігін лайықты жүзеге асыру кепілдіктерінің жекелеген қырлары тұңғыш рет конституциялық сипат алды.

Егер қолданыстағы Конституция жалпы саяси декларацияларға, идеологиялық кепілдіктер мен уәделерге толы «саяси-құқықтық акт» болса, бұл жоба қандай да бір «измдерден» толық ада, белгілі бір ережені мейлінше нақты түсіндіруге және оны, негізінен алғанда, құқықтық құралдармен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қатаң заң тілімен баяндалған.

Конституция нормалары тікелей қолданылады, ал бұл әсте де құқықтық құрғақ сипатта емес. Мұндай жазба Конституцияға өмірлік күш береді, оны өмір шындығымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жылтырақ экспонаттардың бірі ретінде пайдаланудың кеселді практикасынан арылтады, азаматтардың өз құқықтарын Конституцияның көмегімен қорғауға мүмкіндік береді, және, сөз жоқ, оның беделін де арттырады.

Мәтінде «Конституцияны сақтау кепілдіктері» деген арнаулы бөлімнің болуы, конституциялық құрылыс тұрғысынан алғанда, жаңалық. Конституцияның тұрақтылығы оны өзгертудің ерекше тәртібімен, жекелеген конституциялық ережелерді қайта қараудың қиындатылған рәсімімен қамтамасыз етіледі. Бітімалды жалған конституциялық реформалардың алдына қосымша кедергілер қоя отырып, біз бұған саналы түрде барып отырмыз. Халық стратегиялық бағытты біржола және түпкілікті таңдап алып, ертеңгі күні мемлекет басына келетін жаңа саясатшылардың оны өзгерте алмайтынына сенімді болуы тиіс.

Айтпақшы, осы тұрғыдан алғанда, америкалықтардың өз конституциясына көзқарасы мейлінше назар аударарлық. Кейде осы бір ұлт үшін қастерлі ешнәрсе жоқ сияқты болып көрінеді: конгресс, президент, кез келген лауазымды адам, заңның қандайы болса да, екінің бірінде қатаң сынға алынып жатады. Бірақ олар үшін конституциядан қастерлі нәрсе жоқ, оны АҚШ-тың барлық азаматтары әспеттеп қорғайды. Икона сияқтандырып емес, демократиялық жолмен ұйымдастырылған құрылыстың кепілі мен пәрменді жұмыс істейтін құралы ретінде қорғайды.

Уақытымыздың күрделі екеніне қарамастан, біз Конституцияны ұзақ мерзімге әзірлеп отырмыз. Сондықтан жобаның жекелеген, ең алдымен, кейбір мемлекеттік институттарға қатысты ережелері іске асырылу барысында икемділік пен ептілікті қажет етеді. Мұндай жағдайда шешімдерді конституциялық немесе әдеттегі заңдар түрінде Жоғарғы Кеңес қабылдайтын болады. Мұндай тәжірибе Конституция мәтінінің «сақталуын» қамтамасыз ету мақсатында көптеген елдерде пайдаланылады.

Арқаулы конституциялық қағидаттар «Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімінде баяндалған.

Мұнда Қазақстан Республикасына тұңғыш рет тәуелсіз, демократиялы және унитарлы мемлекет ретінде сипаттама беріледі. Қазақстанның егемендігі шектелмеген, оның аумағы тұтас, бөлінбейтін және қол сұғылмайтын болып табылады. Осылайша, республикаға аумақтық тұрғыдан талап қоюдың кез келген жолы біржола кесіледі.

Жобаның бастау көзі – біздің конституциялық құрылысымыздың тәжірибесінде бұрын белгісіз болған азаматтық қоғам құру мұратымен бірліктегі ұлттық мемлекеттік идеясы. Қазақстанды қалыптастыру мен дамытудың өзім ұсынған стратегиясында мен ұлт мемлекеттіліксіз өмір сүре алмайды, ол өзінен өзі құрып кетеді дегенді басшылыққа аламын. Өз кезегінде, ұлттың құрып кетуі оның мемлекетінің өмір сүруін мағынасыз етеді.

Мемлекеттілікпен және ұлт пайда болып, орныққан аумақпен табиғи байланысты. Қазақтар үшін бұл – Қазақстан Республикасы, мұнда қоғамның түрлі ұлттар мен ұлыстарға жататын барлық мүшелерінің теңдігі мен бостандығы етілген және қамтамасыз етіле береді. Ұлттық мемлекеттіліктің негізгі белгілері Конституцияның кіріспесінде, конституциялық құрылыстың негіздерінде және басқа да нормаларда баянды етілген.

Конституция ережелерінің мәнмәтінінде біз әрбір ұлт пен ұлыстың дамуын, олардың мәдениетінің өзара баюын қамтамасыз ететін нормаларды бекітетінімізді атап өту керек. Республиканың кез келген азаматының, ол қандай ұлтқа жататынына қарамастан, қазақтың ұлттық мемлекетін өз мемлекетім деп есептеуі және оның толық қолдауына сенім артуы табиғи нәрсе.

Бұрын да талай айтқанымды қайталағым келеді. Біз басқа ұлттар мен ұлыстардың құқықтарын кемсітпей және олардың есебінен жүргізбей-ақ қазақ этносын сақтап, дамыту жөнінде шаралар қолданамыз. Бұл бағытты Қазақстанда тұратын адамдардың басым көпшілігі қолдайды және олар өз мұқтаждарымыз бен арман-тілегімізді тек бірге болып, бір шаңырақ астында ғана қанағаттандыра алатынымызды түсінеді. Қарапайым адамдардың бөлісе алмай жатқан ештеңесі жоқ. Қазақ, орыс халықтары мен республиканың басқа да барлық халықтарының қас дұшпаны ғана ұлттық алауыздыққа шақыруы мүмкін.

Конституция жобасы адамды, оның өмірі мен бостандығын ең асыл қазына деп таниды. Республика өзінің қызметін азамат пен қоғамның мүдделеріне сай жүзеге асырады. Қазақстанның көпұлтты халқы егемендіктің иесі әрі саяси алуантүрлілік негізінде және әртүрлі ұйымдық формаларда жүзеге асырылатын мемлекеттік өкіметтің бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Бұл орайда халық атынан сөйлеу құқығына қандай да бір қоғамдық бірлестік емес, қандай да бір аудан немесе қала емес, қандай да бір адамдар тобы емес, тек Жоғарғы Кеңес пен Президент ие болады. Мұндай ереже өте маңызды, өйткені ол өздерінің жеке немесе тар өрісті топтық мақсаттарын көздей отырып, бүкіл халықтың атынан ділмарсығысы келетін жаңа шыққан саясатшысымақтардың желігін басады деп ойлау керек.

КОКП-ның идеологиялық монополиясының жетпіс жылдан астам тәжірибесі бізді «саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің, оның ішінде діни бірлестіктердің де идеологиясы мемлекеттік идеология ретінде орныға алмайды» деп бізмәнді жариялауға мәжбүр етті. Бұдан былай біз ақиқатқа деген

құқықты ешкімнің де озбырлықпен тартып алуына жол бермейміз.

«Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімі «Азамат», «Қоғам», «Мемлекет» деген үш топтамадан тұрады. Бұрынғы конституциялардан өзгешелігі – жобада, көріп отырғанымыздай, ең алдымен азаматтың құқықтық мәртебесі, содан соң одан туындайтын қоғамдық құрылыс негіздері анықталады да, тек содан кейін ғана мемлекет пен оның институттары туралы сөз болады.

Бұрын қолданылып келген кеңес конституциялары ең демократияшыл деп есептелуші еді, өйткені әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтар мен бостандықтардың кең шоғырын жариялайтын. Алайда өмір жекені мемлекеттікінен бөлек қарастырмайынша, ешқандай декларациялар нағыз бостандықты алмастыра алмайтынын дәлелдеп берді. Жобада бұл ескерілген.

Қоғам мен саяси жүйедегі азаматтың және мемлекеттің орны мен рөлінің өзгеруі, нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен дүниежүзілік өркениет құндылықтарына қол жеткізуге бағдар ұстау жеке адам мен мемлекеттік билік арасындағы қатынастарды қайта қарауды талап етті.

Конституция жобасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының дүниежүзілік нормаларға сай келетін жаңа тұжырымдамасы берілген. Жаңа құқықтар мен кепілдіктердің арасында өмір сүру, жеке меншік, ақпарат алу мен тарату, еркін жүріп-тұру мен тұрғылықты жерді таңдау, мемлекеттік қызметке қол жеткізу және басқа да құқықтарды баянды ету көзделеді. Міндеттердің арасында заңдарды орындау,

басқа азаматтардың ар-ожданы мен абыройын құрметтеу, белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу, Қазақстан Республикасын қорғау бар. Адам және азамат құқықтарының кепілдіктері жаңадан тұжырымдалған, бұл орайда басты назар құқықтық кепілдіктерді нығайтуға аударылған.

Адамдардың бостандығы мен теңдігі жағдайында Қазақстанның дамуында экономиканың мемлекеттік және жекеменшік секторларының таңдап алынған кез келген саласындағы жеке бастаманы қамтамасыз ететін меншік қатынастары, кәсіпкерліктің кез келген заңды түрімен айналысу шешуші мәнге ие болады.

Меншікті өз қорғауына ала және одан өз еркімен айырылуға тыйым салу кепілдігін бере отырып, мемлекет сонымен бір мезгілде белгілі бір шектеулер де енгізеді.

Біріншіден, тек қана Қазақстан Республикасының игілігінде болатын объектілердің: жердің, оның қойнауының, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, басқа да табиғи ресурстардың тізбесі айқындалған.

Екіншіден, меншіктің қоғамдық мәні, оның жасампаздық сипаты атап көрсетіледі: «Мүлікті пайдалану экологиялық ортаға нұқсан келтірмеуге, азаматтардың, заңдық тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс».

Жеке меншіктің тууына, жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алуға өндіруші-монополистердің рыноктағы тежеусіз билігі тұсау болуда. Осыған байланысты Конституция заңды бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға бағытталған монополистік және басқа да кез келген қызметке тыйым салады.

Шетелдік инвесторлар үшін бизнестің тұрақты жағдайына, өздерінің мүдделерін мемлекеттің қорғауына кепілдік беретін қағиданың принципті маңызы бар – шетелде бұл туралы менің талай рет естуіме тура келді.

Жобаға енгізілген адамгершілік әлеуетті «Неке және отбасы» тарауының нормалары айқын қуаттайды. Мұнда өзара келісім бойынша некеге тұру мен ерлі-зайыптылардың теңдігі, ата-аналардың балаларды асырау, оқыту және тәрбиелеу міндеті, еңбекке қабілетті балалардың өз ата-аналарына қамқорлық жасау мен оларға көмек көрсету міндеті сияқты жалпы жұрт таныған ережелер бекітілген. Мемлекет пен қоғам жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынан айрылған балаларды асырауды, тәрбиелеуді, оқытуды қамтамасыз ететіні, балаларға қатысты қайырымдылық қызметті қолдайтыны тұңғыш рет атап көрсетілген.

Ең жаңа саяси өмірдің нақты факторы қоғамдық бірлестіктер болып отыр. Олар қоғамдық пікірді анықтауға жәрдемдеседі, түрлі мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеуден өткізетін өзіндік бір сүзгі қызметін атқарады. Саяси партиялар мемлекеттік билік пен халықтың өзара байланысын қамтамасыз ететін құралға айналуға соған байланысты оларға депутаттыққа кандидаттар ұсыну, парламенттік фракциялар құру құқығы және басқа мүмкіндіктер беріледі. Жобада қоғамдық бірлестіктерді шүбәсіз өз орындарына қоюға әрекет жасалған: саяси партияларға – саясат саласы, кәсіби одақтарға – азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, діни бірлестіктерге – дін тұту бостандығын қамтамасыз ету, шығармашылық одақтарға – өнер саласындағы мүдделерді білдіру және

тағысын тағылар. Ал мұның өзі, менің ойымша, өте әділетті. Әркім өзінің ісімен айналысуға тиіс.

Қоғамдық бірлестіктердің мәртебесін анықтай отырып, жоба оларға мемлекеттік органдардың функцияларын беруге тыйым салуды орнықтырады. Бізде қажетті өкілеттіктерді иеленген тиісті билік құрылымдары бар. Сондықтан жөнді-жөнсіз қоғамдық бақылаушыларды қаптата берудің, мемлекеттік құрылыстың үстіне қандай да бір қосымшасын тұрғызудың қажеті жоқ. Демократияның, деп айтар болсақ, мұндай формалары тұлғасыз қоғамдық-мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына, лауазымды адамдар жауапкершілігінің берекесізденуіне, қоғамдық өзін өзі басқару бірлестіктерінің төрешілденуі мен мемлекеттің қосарласына айналуына соқтырған көптеген мысалдарды тағы да өз тәжірибемізден көреміз.

Бүгін тағы бір жағдай туралы да айту қажет. Саяси бостандық пен қоғамдық мінез-құлықтың жалпыадамзаттық нормаларын арсыздықпен аяқасты етуді соның орнына санаудың арасында ортақ ештеңе де жоқ.

Бірқатар қоғамдық бірлестіктер мәдениетті, тілдерді қайта түлету, адамдардың өмір сүруінің экономикалық жағдайларын жақсарту сияқты ұлттық идеяларды қару етіп алды. Мұның өзі жақсы да. Басқа бір нәрсе қатты алаңдатады. Жекелеген қоғамдық бірлестіктер, ұлттық-мәдени орталықтар ұлттық оқшаулыққа, ұлттық артықшылықты насихаттауға, ортақ проблемаларды басқа ұлттар өкілдерінің заңды құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіру есебінен шешуге жиі-жиі басымдық беріп, қауесеттерді таратудың көзіне айналып отыр. Яғни, өздерінің адамгершіл жарғылық міндет-

терінен барған сайын алшақтай түсіп, ұлтаралық қарсы тұрушылықтың тірегі болуда. Ал шынтуайтында олардың белсенді қатысушыларының әрқайсысы жасампаз идеяны күйретуші идеядан бөліп тұратын шекті білуі, сол жөнінде өзіне есеп беруі қажет еді.

«Алаш», «Желтоқсан», жерлестер ұйымы, Сібір казактарының одағы қоғамдық бірлестіктерінің есебінде бір жыл ішінде рұқсатсыз өткізілген 130 митингі мен басқа да шаралар, қоғамға қарсы әртүрлі әрекеттер бар. «Алаш» та, Казактар одағы да заңда белгіленген тәртіппен тіркелмеген. Бұлардың екеуі де Қазақстанға басқа өңірлерден әкелінген баспасөз өнімін пайдаланады. Осының өзі-ақ олардың әрекеттері Конституцияға қарсы екендігін айғақтайды. Мен бірқатар жерлердегі казактар қозғалысы барған сайын әскери құрамалар сипатына айқын ие бола бастағаны туралы айтып та тұрғаным жоқ, ал ондай құрамалар құруға заң бойынша тыйым салынған. Және де біз Оралдағы қақтығысты қандай қиындықпен тоқтатуға тура келгенін әлі ұмытпа қойған жоқпыз ғой.

Бұл екі арада прокуратура, басқа да құқық қорғау органдары «алдын алу» сипатындағы шаралармен ғана шектелуде, ал ондай шаралар бұл органдардың халық арасындағы беделін жоғалтудан басқа ештеңе де бермейді. Қоғамдық ахуалды тұрақсыздандыратын адамдардың үзілді-кесілді арсыз мәлімдемелеріне және тіпті іс-әрекеттеріне құқық қорғау органдарының тарапынан барабар шұғыл шаралар қолданылуға тиіс. Адамдар олардан нақ осыны күтіп отыр. Әңгіме барлық партиялар мен қозғалыстардың өз жұмыстарын заң шеңберінде жүргізуі жайында болып отыр. Біздің ортақ үйдегі тыныштық пен келісім баршамызға да қымбат

екеніне күмәнім жоқ. Міне, сондықтан да бұл туралы Парламент мінбесінен айтып тұрмын.

Осы тақырыпты аяқтай келе, демократияны алаң мен тобырдың билігі – охлократиямен алмастырғысы келген жерлерде оның алдын алмайынша болмайтынын тағы да атап көрсетпекпін. «Алаулаған» бір оқиғаға жол беріп алсақ, бітті, одан кейін басқаруға көнбейтін нөпір-апат лап қояды. Сондықтан да ұлттық, таптық және діни төзбеушілікті уағыздайтын, егемен мемлекетіміздің конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығына қатер төндіретін саяси партиялар мен ұйымдар қызметінің жолын батыл түрде кесу үшін заңнамада көзделген шараларға көшетін уақыт жетті. Республикада белгіленген тәртіп бойынша тіркелместен әрекет етіп жүрген қоғамдық бірлестіктердің көпшілігі тіркелуден қасақана жалтаратынын байқамау мүмкін емес. Тегінде, тіркелмеген қоғамдық бірлестіктерге басшылық жасағаны және олардың қызметіне қатысқаны үшін заң алдында жауапкершілік белгілеу қажеттігі пісіп-жетілген болса керек.

Конституция мен заңдардың екі жақтылығы, халықтың құқықтық көзқамандығымен ұштаса келіп, құқық бұзушылыққа оңтайлы жағдай туғызып отырғанына назар аударғым келеді. Бұл – республика Конституциясын сындарлылықпен талқылап, қабылдауды қажет ететін тағы бір дәлел.

«Конституциялық құрылыс негіздері» тарауында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекет билігі заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөліну қағидатына негізделеді» деп жазылған. Біздің кейбір ғалымдарымыздың және істің байыбына бармаған саясаткерлеріміздің күш-жігер жұмсауымен биліктерді

бөлу қағидаты іс жүзінде олардың арасына қайдағы бір «қытай қорғанын» орнатуға ұласып бара жатқанын алдын ала атап көрсеткім келеді. Айтқандай, менің шетелдерге сапарларым кезінде әріптестерімнің, ең алдымен, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдарының өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы секілді маңызды элементті атап көрсеткені бар.

Біздің мемлекеттің қазіргі кезеңі мен алдағы болашағын сипаттай келіп, нарықтық экономика құрудағы елеулі қиындықтар, өркениетті көппартиялылық пен нақты демократия жағдайында өмір сүру тәжірибесінің жоқтығы президенттік республика қалыптастырудың сөзсіз қажеттігін талап етіп отырғанын айту керек. Оның бастауы 1990 жылы қаланған болатын, ал қазірдің өзінде ол бірнеше кезеңнен өтті.

Президенттік қызмет тағайындалып, оған мемлекет басшысы, республиканың ең жоғары атқарушы және өкімші билік қызметі жүктелді, үкіметтің – Министрлер Кабинетінің қызметіне басшылық ету тапсырылды. «Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы» Заңға сәйкес, Президенттің Кабинетке қатысты өкілеттігі күшейтілді. Алқалық негіздің аясы тарылып, Үкімет мүшелерінің рөлі мен жеке жауапкершілігі күшейтілді.

1992 жылғы ақпанда Президент Жарлығымен атқарушы биліктің бірыңғай тұтас жүйесін қалыптастыру аяқталды.

Өткен жолды және болашаққа арналған жоспарларды ескере келіп, конституциялық комиссия сіздердің қарауыңызға басқарудың президенттік формасына көп деңгейде жақындатылған органдар жүйесін қарауды ұсынады. Бұл орайда кім кімді құр қалдырды дегенді

анықтау мақсатымен жоғары органдардың өкілеттілік ауқымын таразыға тартпақ ниеттегі аңғырт әрекеттердің жөнді бола қоюы екіталай ғой деп ойлаймын. Жоғарғы Кеңестің де, Президенттің де, Министрлер Кабинетінің де жоғалтқан ештеңесі жоқ. Ал егер жаңа бірдеңеге ие болса, оның өзі де бір-бірінің есебінен емес, дүние жүзінде қолданылып келе жатқан, бізде де жарияланып, ішінара жүзеге асырылған билікті бөлісу қағидатына көшу шеңберінде өтті.

Заң шығарушы билікті кәсіптік негізде әрекет ететін Жоғарғы Кеңес жүзеге асыруға тиіс. Парламент депутаты одан тысқары лауазым атқарып, басқа өкілетті органның мүшесі бола алмайды. Ол тәжірибелі саясаткерлерден, заң шығарушы саланың мамандарынан тұратын, жұмысын тұрақты түрде істеп, тек каникулға шыққанда ғана үзетін Жоғарғы Кеңес болады. Конституциялық комиссия мен жұмыс тобы мүшелерінің бірлік танытқан жері: бізге заңдарды жартылай қоғамдық негізде жасап, қабылдаудан бас тартатын уақыт жетті. Тұрақты түрде жұмыс істейтін парламент, қажет болған жағдайда, ескірген заңдарға жедел түзетулер енгізіп, жаңа заңдар қабылдап, олардың іске асыруын бақылауға, атқарушы билік органдарымен тұрақты өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Жоғарғы Кеңес жүзеге асыратын бақылау бернесінің кепілдігі күшейтілді.

Жобада Президенттің Мемлекет басшысы мен Үкімет басшысы ретіндегі міндеттерін бір мезгілде дәлдей отырып, жоғары атқарушы билікті одан әрі топтастыру көзделген. Әсіресе, бұрынғы Одақ халық депутаттарының бұдан аз ғана уақыт бұрын жоғары билік органдарының арасына сына қағу жөніндегі табыссыз да болымсыз әрекетінің мысалдарын еске алсақ, мұның

өзі аса маңызды жағдай. Бұл қайрап салудың қайғылы қорытындысы жақсы белгілі: біреулер үшін ол тамызда аяқталса, енді біреулер үшін оқиға «Матросская тишинада» осы уақытқа дейін созылуда. Ал мұның салдары тым қасіретті. КСРО-ның барлық жоғары органдары, Одақтың өзі сияқты, келмеске кетті. Алдымызда алапат экономикалық апаттан шығу сияқты басты міндет тұрғанда, өз мемлекетіміздің шеңберінде мұндай «ойынға» жол беруге біздің қақымыз бар ма?

Осыған ұқсас мысалды Италиядан да көруге болады – онда соғыстан кейінгі кезеңде 40-тан астам үкімет ауысты. Түркия мен Пәкстанда дәл осындай үдерістер азаматтық тұлғалардың арындаған сезімдері мен қызбалықтарын жөнге салып отыратын әскери диктатураларды саясаттың оқтын-оқтын жүзеге асатын факторына айналдыруда.

Оның үстіне, президенттік республика тек Президент үшін ғана пайдалы деп ойламау керек. Басқарудың парламенттік формасы жағдайында парламенттің орасан зор рөлі тек сыртқы көрініс, қиял ғана. Сайлауда жеңіске жеткен партияның бағытын сөзсіз жүзеге асыратын парламенттегі және үкіметтегі бірыңғай партиялық көпшіліктің есебінен партияның өзінің рөлі күрт артады, ал жоғары мемлекеттік органдар оның саясатын жүзеге асырушыларға айналады. Ұлыбританияның, Жапонияның, Германияның тәжірибесіне зер салыңыздаршы. Басқарудың президенттік формасы мұндай шиеленістерді болдырмауға мүмкіндік береді. Нақ осы себептен ол біздің болашағымыз ретінде таңдап алынды.

Конституция жобасында Министрлер Кабинетінің Жоғарғы Кеңес алдындағы ұжымдық жауапкершілігі

институтын алып тастау, Министрлер Кабинеті өкілеттігінің мерзімін Президенттің сайлануымен ұштастыру ұсынылады. Президент Кабинетті басқарады және Премьер-министрге үкіметтің қызметіне тікелей жедел басшылық жүргізуге өкілеттік береді деп көзделген. Мәтіннен Министрлер Кабинетінің жұмыс аясын, құзырын және қызметін ұйымдастыруын реттейтін нормалар алып тасталды. Оларды күнделікті заңдарда Жоғарғы Кеңес пен Президент реттей алады.

Осы ұсынылған шаралардан атқарушы билік бақылаусыз қалмайтынын ерекше атап өтемін. Жоғарғы Кеңестің республика тыныс-тіршілігінің түбегейлі проблемаларын шешумен байланысты өкілеттіктеріне күмән келтіріліп отырған жоқ. Депутаттар Қазақстан Конституциясы мен заңдарын бұзған Министрлер Кабинетінің мүшелерін қызметінен босату мүмкіндігін алады. Демек, биліктің тепе-теңдігі сақталады, оған республикада құрылып отырған Конституциялық сот айтарлықтай дәрежеде жәрдемдеседі.

Жобада мемлекеттік биліктің аумақтық ұйымына, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға сапалық тұрғыдан басқадай рөл беріліп отыр. Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін әкімшілік-аумақтық құрылымның басты мақсаты оның басқарушылық функциясы болмақ. Заң шығару қызметі мен нормативтер жасау республика деңгейінде шоғырландырылады. Жергілікті Кеңестер, халықтың өзін өзі басқару органдары ретінде, өз істерін шешумен айналысады. Орталық және жергілікті органдардың рөлін осылайша дәлдеу өзін өзі басқарудың басты элементтерін сақтай отырып, жікшілдік пен жершілдіктің белең алуына жол бермейді.

Жоба заң шығарушы және атқарушы билікпен қатар, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңның салтанат құруын қамтамасыз етуге тиісті сот билігінің орнын айқын белгілейді.

Конституция жобасының негізгі мазмұндық қырлары, қысқаша айтқанда, осындай. Ал енді рәсімдік жайларға тоқталуға рұқсат етіңіздер. Олар да өте маңызды, өйткені, республиканың қалыптасуындағы қазіргі күрделі де аса жауапты кезеңде өмір шешуі барабар түсетін, бірақ дәстүрлі емес қадамдарды талап ететін қиын проблемаларды алға тартуда.

Қазір қолданылып жүрген және оның алдындағы барлық кеңестік конституцияларды Жоғарғы Кеңес қабылдады. Алайда әлемдік тәжірибе мейлінше әртүрлі тәсілдердің бар екендігін айғақтайды. Бұл, мысалы, Конституцияны және сайлау туралы Заңды қабылдаған соң таратылатын арнайы сайланған құрылтай жиналысы немесе референдум жолымен, яғни халықтың тікелей өзі сайлауы арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті, конституциялық комиссияның төрағасы ретінде Жоғарғы Кеңестің қарауына мынадай ұсыныстар енгіземін.

Осы сессияда негізгі ережелер бойынша бір тоқтамға келіп, оларды бірінші оқылымында мақұлдап, Конституцияны бүкілхалықтық талқылауға шығару туралы шешім қабылдау жөн болмақ. Халық депутаттарының жергілікті Кеңестеріне, әкімшілік басшыларына жобаны сессияларда қарау, халық арасында және бұқаралық ақпарат құралдарында талқылауды ұйымдастыру тапсырылсын. Сіздер Конституцияны қабылдауды соза беруге болмайтынымен, сонымен бірге, асығыстық жасамау керектігімен де келісесіздер ғой деп ойлаймын.

Жобамен бұдан арғы жұмыс былайша құрылуы мүмкін. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін оның қорытындыларын ескере отырып, конституциялық комиссия жобаны пысықтауы және Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына енгізуі керек, онда Конституцияны екінші оқылымында қабылдау қажет.

Сөзімнің соңында жаңа Конституцияның бізге өмірлік қажеттігі бар екенін тағы да атап көрсетемін. Ол қоғам өміріне айқындық енгізіп, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін нақты белгілейді, билік институттарына, әкімшілік және сот органдарына сенімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Қысқасы, қоғам мен мемлекет өмірінде біздің әрқайсымыздың құқығымыз бен бостандығымызды қорғау үшін, қазақстандықтардың жақсы өмірі жолында республикада жүргізіліп жатқан түбегейлі реформалардың табысты болуы үшін қажетті тәртіп орнатуға мүмкіндік береді.

Құрметті халық депутаттары!

Мен сіздерді қандай да болсын ұсыныстарды талқылау кезінде тар өрісті мүдделер мен ниеттерден арылуға шақырамын. Біздің алдымызда республиканың болашағы тұр. Соның сеніміне лайық болайық.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесі
он екінші шақырылымының VIII сессиясында
Қазақстан Республикасы
жаңа мемлекеттік рәміздерінің
бекітілуіне байланысты
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,
1992 жылғы 9 маусым

Құрметті халық депутаттары!

Бар замандарда және барлық халықтарда мемлекеттік пен тәуелсіздіктің сыйымды және жиынтық бейнесі мемлекеттік рәміздері – елтаңбасы, туы және әнұраны болған. Тулары мен елтаңбаларының астында айбынды әндерін шырқап, адамдар ең ұлы ерліктерге барған. Ержүрек жиһанкездер мен теңізшілер ұлы жаңалықтарын ашып, бұрын беймәлім болған жерлерге өз елдерінің белгілерін орнатқан. Қайтпас-қайсар

патриоттар ұлттық туларын серт ұстап, өз отандарының бостандығы үшін шайқасқан. Өздерінің мемлекеттік рәміздеріне ие болуы үшін, көптеген халықтар небір тар жол, тайғақ кешулерден өтті.

Біздің мемлекеттігіміздің атрибуттарының тарихы қазақ халқының даңқты әрі қайғылы өткен жолын бейнелейді. Осы күнгі Қазақстан аумағындағы үлкенді-кішілі рулардың, тайпалар мен хандықтардың тууы, дәуірлеуі мен құлауы бір тулар мен рулық белгі – таңбалардың көтерілуімен, ал басқаларының құлауымен бірге жүріп отырды. Олардың көпшілігі ұмытылды немесе ресми идеология феодалдық сарқыншақтар деп танығандықтан, оларды білу және зерттеп-зерделеу зиянды ғана емес, тіпті қауіпті де болды.

Әннен сөзді алып тастай алмайсың деген бар ғой. Ондаған жылдар бойы тықпалаумен келген партиялық-таптық көзқарас біздің республиканың мемлекеттік рәміздерін қалыптастыруға да салқынын тигізді. Қазақ КСР-інің елтаңбасы да, туы да бұрынғы КСРО-ның рәміздемесінен көшіріп алынған болатын, сондықтан өзіндік даралықтан, Қазақстанның және оның халқының ерекшеліктерін бейнелеуден таза-тақыр жұрдай еді. Бірақ, сонымен бірге, атап өткім келетіні – бүгін біз бұрынғы рәміздерімізден бас тартқанымызбен, өз тарихымыздан, басымыздан өткендерден баз кешуден аулақпыз. Бүгін тәрк етіліп отырған осы рәміздермен республиканың қазіргі экономикалық және мәдени әлеуетін жасаған, Ұлы Отан соғысы жылдарында елді жаудан қорғаған, қайғыны да, қуанышты да көптеген көршілес халықтармен бірге бөліскен, солармен достастығын бұрынғы идеологиялық нұсқаулар бо-

йынша емес, бар жан-тәнімен нығайтқан миллиондаған қазақстандықтардың тағдыры байланысты. Сондықтан бүгін біз өткен онжылдықтарды қанша жерден сын тұрғысынан бағаласақ та, алдымызға қандайлық жаңа мұраттар қойсақ та, біз өткен күнімізге, өз Отаны үшін, Қазақстанның бақытқа кенеліп, өркендей беруі үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасаған аға ұрпақтың өкілдеріне құрметпен қарайтын боламыз.

Бүгінде, республикамыз тіпті де жасанды емес, шын мәніндегі егемендікке жетіп, өзіміз өміріміздің барлық салаларын жаңартуға бекем қадам басып отырғанда, мемлекеттің жаңа «бет-бейнесінің» – туының, елтаңбасы мен әнұранының қажеттігі туралы мәселе туып отыр. Олар, бір жағынан, өзін өзі айқындайтын қазақ ұлтының егеменді жас мемлекетін бейнелеп, екінші жағынан, сабақтастық пен тарихи дәстүрлер туралы куәландырулары керек. Шын мәнінде бүкілхалықтық болған конкурсқа түскен жобалармен жұмыс істеу барысында таңдап алынған нұсқалар кейін Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінде қабылданды.

Қазақстан Республикасының туы мен елтаңбасында ең жоғары жалпыадамзаттық құндылықтар, Қазақстанның көпдидарлы және алуан түрлі дүниедегі орнын сезіну, республикаға атын берген халықтың үздік дәстүрлері мен салттары үйлесімді үндескен. Туымыздың біртүсті көгілдірлігі бірігу мұратына бейілділікті ғана бейнелемейді, сонымен бірге, ол әр заманда, әр халықтарда бейбітшіліктің, тыныштық пен игіліктің нышаны болған ашық аспанды еске түсіреді. Бұл түс өз тулары тиісінше көгілдір және көк түспен боялған Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа парламенті секілді беделді халықаралық ұйымдардың тарапынан да қол-

дау тапқан. Геральдика тілінде көк түс, оның реңктері адалдық, сенімділік, үміт тәрізді адами қасиеттерге сәйкеседі. Өз шапағына шомылған алтын күн – тыныштық пен молшылықты, ал дала бүркіті – сақилық пен қырағылықты, қазақстандықтардың мақсат-мүдделерінің асқақтығын көрсетеді.

Елтаңбадағы шаңырақ – киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі – туған үйдің, ал одан кеңірек мағынада – әлем түріндегі дүниенің бейнесі. Тарихи дәстүрлер мен сарындар мифтік пырақтардың бейнесінен де көрінеді. Ал алтын жұлдызды алатын болсақ, ол әрдайым асқақ ниеттер мен алға шақырған армандардың нышаны болған.

Біздің ойымызша, әнұранның әйгілі композиторлар Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди жазған бұрынғы музыкалық редакциясын сақтау туралы шешім мәнді де негізді болған сияқты. Кезінде олар шығарған туынды халықтың жайсаң жан-дүниесін, оның ең асыл ой-арманын толық мағынасында бейнелейді, әнұранның жылдар сынынан өтіп, балауса үнін сақтап қалғаны, салтанат пен айбындылыққа толы асқақтығы соны дәлелдейді.

Жоғарғы Кеңестің Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қабылдауы қазақ халқы мен республиканы мекендеген басқа ұлттар үшін таптық қоғамның ескірген атрибуттарын ауыстыру ғана болған жоқ. Жаңа мемлекеттік ту мен елтаңбаның басты идеясы – олар республиканың демократиялық және құқықтық мемлекет құруға, жеке адамның егемендігі, этностық жағынан алуан тұрпатты халықтың бірлігі қағидаттарына негізделген жаңа қоғам орнатуға түбегейлі бет бұрғанын айғақтайтынында. Жақында жарияланған «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы

мен дамуының стратегиясында» мен бұл жөніндегі ойымды біршама егжей-тегжейлі баяндадым және республиканың алдағы болашағы туралы көзқарасым оның халқының арман-мүддесіне негізінен сай келетін болар деген үміттемін.

Осыған байланысты шынайы демократияға тарихи бетбұрыс бір ғана атрибуттармен тәмамдала қоймайтынын ескерте кеткім келеді. Жаңа және тосын жағдайларда жеке алғанда – әркімнің, тұтастай алғанда – барша қоғамның алдында демократияның негіздеріне бойлаудың, өмірдің қиын сынынан өтудің күрделі жолы тұр. Нобель сыйлығының лауреаты, ақын Иосиф Бродский: «Егер ерікті адам жығылса, ол оған ешкімді жазғырмайды», – деп жазған екен. Осы бір қарапайым, тұжырымды сөзде демократияның күллі философиясы тұр, ол – тек еркіндіктің ғана емес, кез келген азаматтың өз тағдыры үшін, өзі тұратын қоғамның тағдыры үшін жауапкершілігінің де философиясы.

Біз масылдық пен теңгермешілік психологиясынан арылуымыз керек, әлі де болса жұрттың көбі ойлап жүргендей, бостандық пен демократия – бір мағыналас емес екенін түсінуіміз керек. Шынында, демократияның бостандық туралы идеялар мен қағидаттар кешені екені рас, бірақ, сонымен бірге, онда демократиялық қоғам өмір сүруге тиісті практикалық нормалар мен қатаң заңдардың кешені де бар. Басқаша айтқанда, демократия дегеніміз – бостандықты заңды мәртебемен қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының бірінші оқылымында қабылданған жаңа Конституциясы осы мақсатқа сай келеді ғой деп ойлаймын.

Өзіміз бүкіл өркениетті дүниеде қабылданған құқықтық нормаларға жақындап келе жатқан қазіргі кезеңде бостандыққа бас-көз жоқ қызбалықпен ұмтылу

мен заңға салиқалы құрметпен қараудың арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу өте маңызды. Тек сонда ғана біз республикадағы тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтап, сол арқылы оның барлық азаматтарына ортақ сындарлы, бақытты да бақуатты өмір орната аламыз.

Егер адамдардың әртүрлі әлеуметтік, ұлттық және басқа да топтары демократияға өз қажеттерін өтеу үшін қысым жасауға мүмкіндік беретін жүгенсіз митинг деп қарайтын болса, қоғам іштей ыдырап кетуі ғажап емес. Біз өз арамыздағы айырмашылықтарға төзімділікпен қарап, басқа тараптың да өзіндік көзқарасы болуға қақысы бар екенін мойындай білуіміз керек. Қалыпты, сарабалд ымыра сонда ғана болуы мүмкін.

Ұлтына, кәсібіне, дінге деген көзқарасына және біздің республикамызда көптеп табылатын басқа айырмашылықтарына қарамастан, әрбір қазақстандық демократиялық мемлекетте азаматтар зорлықпен емес, өздерінің құқықтарын нығайту үшін міндеттер қабылдайтынын және соларды орындайтынын жадында ардақтап сақтауы тиіс деп ойлаймын.

Сөзімді аяқтай келе, сіздерді тәуелсіз республикамыздың жаңа мемлекеттік рәміздерімен шын жүрегімнен құттықтап, барлық замандарда белгілі бір мұраттар үшін күрескен адамдар бір жалаудың астына топтасқанын тағы да естеріңізге салғым келеді. Бүгін біздің Отанымыздың көгіне Қазақстанның барша көпұлтты халқына топтастырушы бастау болатын жаңа рәміздер көтерілді. Ал ол үшін Қазақстанның әрбір азаматы өз мемлекетінің әркімге қастерлі рәміздеріне деген шынайы құрметті, айрықша көзқарасты бойына дарытып, балаларына мирас етуі қажет. Бұл – біздің шынымен егемен мемлекет бола бастағанымыздың тағы бір дәлелі.

Қазақстан кәсіпкерлерінің
I форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 20 маусым

Құрметті форум делегаттары!

Форум жұмысына қатысуға шақырғандарыңыз үшін сіздерге алғысымды айтамын. Кәсіпкерлік біздің республикамызда тек алғашқы, сондықтан да қиын қадамдарын жасап жатыр. Нарықтық қатынастардың жаңалығы қоғам алдына экономика шеңберінен алшақ әртүрлі бағыттағы көптеген проблемаларды қойып отыр. Олар біздің өміріміздің барлық құбылысына қатысты, ал оларды шешу әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, имандылық және басқа салаларда нағыз революцияны қажет етеді.

Бүгінгі таңда негізге аларлық мәселе – экономикалық еркіндік мәселесі. Ол әрбір кәсіпкерге тең дәрежеде берілуге тиіс. Бұл, анығын айтсақ, шынайы демократияның іргелі мәселесі, ал оның қалыптасуынсыз және дамуынсыз құқықтық мемлекет құру мүмкін емес, оның бірде-бір құрамдасы, сондай-ақ қоғамның кәсіпкерлік жігі саналатын қуатты тірегі де онсыз жемісті жұмыс атқара алмайды.

Осыған байланысты кәсіпкерлікті дамытуды біз қай дәрежеде қамтамасыз ете салсақ, экономикалық дағдарыстан шығуға және әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге сол дәрежеде сенім артуға болатынын атап өткім келеді. Өзімнің экономикалық перспективаларға деген көзқарасымды мен «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясында» баяндаған болатынымын. Онда қазіргі шындықты парасатты бағалауға, сөйтіп, қандай да көңіл күйінен, идеологиялық постулаттардан бас тартып, мәселенің мәніне салмақты іскерлік тұрғысынан қарауға әрекет жасалған. Демек, менің ұстанымым сіздерге белгілі. Ол біздің алға жылжуымыздың бірден-бір жолы – саяси, әлеуметтік және басқа да салдарымен қоса, нарықтық экономикаға апаратын жол дейтін нық және бұлжымас сенімге негізделген.

Неғұрлым қабілетті, дарынды және еңбексүйгіш әрбір адамның қоғамда тиісті жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуі үшін, біз олардың бәріне өз ықыластарына қарай кәсіпкерлік қызметінің еркіндігін береміз. Теңгермешілік, экономикалық еркіндіктің болмауы адамның бойындағы белсенділік негіздерін, дербестікке талпынуын, өз тағдыры үшін жауапкершілік сезімін жоятынына біздің көзіміз жетті. Қоғам үшін бұл ілгері

басқан қадамды кейін кетірумен барабар және әлеуметтік масылдықты туғызады.

Ал үкімет органдарының экономикаға жасайтын ықпалына келетін болсақ, онда әлгі айтқан «Стратегияда» мен барлық үдерістердің мемлекет тарапынан белсенді түрде реттеліп отыруы қажеттігін айқын мәлімдеген болатынмын. Бірақ бұрынғы беделінен жұрдай болған тоталитарлық әдістермен емес, қайта нарық әсерлеріне лайықтала отырып, салықтар мен кедендік баж салықтары саласындағы байсалды саясат, валюта бағамы мен банк өсімі, экспорт-импорт квоталары мен лицензиялары, бюджеттің көлемі мен сальдосын бақылау, жинақ қаржы серпінділігіне ықпал жасау арқылы.

Мен бұрын да айтқан едім, тағы да қайталап айтайын: қатаң дәйектелген, аса тоталитарлық экономикадан нарықтық бостандыққа өту үдерісі еш жерде және ешқашан жып-жылмамай әрі ауыртпалықсыз болған емес. Біз Қазақстандағы барлық қиын соқпақтардан оңай өтіп, әлемдік нарықтық экономиканың сенімді, өркениетті айлағына ойнап-күліп енеміз деп ойлау аңғалдық болар еді. Олай болмайды. Сондықтан мемлекеттік емес экономикалық сектордағы бүгінгі құбылыстарды зер сала қадағалай отырып, біз оларды терең талдауға, кәсіпкерлік қызметті дамытуды тежеп отырған себептерді дер кезінде жоюға ұмтылудамыз.

Әрине, кімнің қай жері ауырса, ол сол жайында айтады. Сірә, өз пайымдауларыңыздың деңгейінен сіздер бұл тұрғыдағы үкіметтің іс-әрекеті неғұрлым белсендірек және батылырақ болғаны жөн еді ғой деп ойлайтын боларсыздар. Мен өзім де реформаларды жедел жүргізу үшін құлшына қол көтеремін. Бірақ реалист болу керек, экономикамен бірге саяси, әлеуметтік,

ұлтаралық, мемлекетаралық және біздің егеменді жас республикамыз тыныстап отырған басқа да проблемалардың бүкіл кешенін ескеру қажет. Президент ретінде менің әрбір қадамның салдары туралы ойланбауыма немесе өзімнің іс-қимылым қоғамдық өмірдің басқа салаларында қандай әсер туғызатынын ойламай, кейбір мәселелерге ғана баса назар аударуыма болмайды. Бұл арада әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қатаң ұштастыру мен олардың арасындағы тепе-теңдік қана қоғамдық тұрақтылықты, белгілі бір реформалардың жүзеге асырылу мүмкіндігінің өзін қамтамасыз ететінін ұдайы есте ұстамаса болмайды.

Келіңіздер, мәселенің мәніне байсалдылықпен қарайық, сөйтіп, біршама қысқа мерзім ішінде біздің не нәрсеге қол жеткізгенімізге бірлесіп баға берейік.

Бүгінде экономиканың мемлекеттік емес секторында 36 акционерлік қоғам, 76 салааралық және сыртқы экономикалық қауымдастықтар, 30-ға жуық концерндер мен консорциумдар жұмыс істейді. Республикада 120 коммерциялық банк, 60 биржа, 40 сақтандыру және 20 лизингтік компания, 2 ірі аудиторлық орталық бар. 230 орта өндіріс кәсіпорны, 11 мыңға жуық кооператив, 5, 5 мыңнан астам шағын кәсіпорын жұмыс істеп, оларда жарты миллионнан астам адам немесе халық шаруашылығымен айналысатындардың 15 %-ы еңбек етеді.

Дегенмен бұл да толық емес. Көптеген мемлекеттік кәсіпорындардың негізінде шаруашылық жүргізудің ұжымдық та, мемлекеттік емес жекеше түрлері де ұйымдастырылған. Олар, әсіресе, сауда мен тұрмыстық қызмет көрсетуде айтарлықтай дамыған.

Аграрлық секторда кәсіпкерлік құлашын кең жайып келеді. Қазір республикадағы 6 мыңнан астам шаруа

қожалықтарының иелігінде 2 млн гектар жер, 4,6 мың трактор, 2,2 мың жүк автомобилі, 825 астық жинайтын комбайн, 4 мыңнан астам тұқым себетін және топырақ өңдейтін техника бірліктері бар. Бұған мыңдаған ауылшаруашылық кооперативтерін, 1,2 мың шағын ауылшаруашылық кәсіпорнын қосыңыз. Үстіміздегі жылдың тек бірінші тоқсанында ғана шаруалар базарларда 23,7 мың центнер ет, 50 мың центнердей сүт, 148 мың дана жұмыртқа, 215 центнер жүн сатты.

Осыған байланысты не айтуға болады? Қалада да, ауылда да кәсіпкерлік жіктің ұлғаю үрдісі байқалғаны айдан анық деп ойлаймын. Құқықтық базаның жасалуы, арнаулы мақсаттағы бірқатар жарлықтар жекешелендіру үдерістеріне, адамдардың бойында жаңа психологияның – меншік иесі психологиясының қалыптасуына серпін берді. Мемлекеттік емес кәсіпорындардағы шаруашылық қызметтің нәтижелілігі мемлекеттік сектордағыдан едәуір жоғары екені көзге түсуде.

Сонымен қатар, талдау кәсіпкерлік қызметті тежеп отырған бірсыпыра проблемалар бар екенін көрсетіп берді. Мен шағын және орта бизнесті дамытуға қырсығын тигізіп келе жатқан төрт бағдарды айрықша бөліп көрсетсем деймін.

Біріншіден, бұл бастапқы капиталдың жоқтығы және несие алудағы қиыншылықтар.

Екіншіден, жер алумен, жылжымайтын меншікті жалға алумен және сатып алумен байланысты қиыншылықтар.

Үшіншіден, кәсіпорынды әрқилы төлемдердің, салықтардың және жарналардың 50-ден астам түрлерін төлеуге мәжбүрлейтін қатаң салық қысымы.

Ақыр соңында, төртіншіден, объективті түрде нарықтық қатынастардың ең қиын саласында болып отырған шағын және орта бизнесті ұйымдық-құқықтық тұрғыдан қорғаудың пәрменді тетігінің жоқтығы.

Осы және басқа да кейбір себептер салдарынан көптеген кәсіпкерлер иә қалтарыс экономикаға «кетуге», иә болмаса өздерін банкрот деп жариялауға мәжбүр. Тек өткен жылы ғана Қазақстанда құрылған әрбір үшінші шағын кәсіпорын тарап кетті.

Ұсақ және орта кәсіпорындардың әзірге амортизациялық қорлары жоқ екенін біз түсінеміз. Қосымша қорлар да жоқ, ал табыс болса оңтайлы деуден әлі алыс. Бізде негізгі мақсаты несиелер алуға кепілдік беру болатын өзара кепілдіктердің кәсіби қоғамдары сияқты институттар да жоқ. Сондықтан несиелер мен қарыздар берудегі мемлекеттің көмегі, сірә, кәсіпкерлік қызметті нәрлендірудің бірден-бір көзі болар.

Әрине, коммерциялық банктер де бар. Бірақ экономикалық тұрақсыздық жағдайында олар несиелер берудің мерзімін күрт қысқартып, берілген қарыздың пайызын өсіріп жібереді. Бұдан бәрінен бұрын шағын және орта кәсіпорындар, фермерлік шаруашылықтар зардап шегеді.

Екінші жағынан, мемлекеттік несиелер көбіне-көп тиімсіз пайдаланылады, коммерциялық мақсаттарға жұмсалады, сол арқылы инфляциялық үрдістерді күшейтетініне көзді жұма қарауға болмайды. Өйткені шешілмейтін түйін пайда болады.

Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы қандай? Үкіметтің қаржылық-несиелік реттеу мәселесіндегі стратегиясы мынада деп ойлаймын. Біздің кәсіпкерлікті дамытуға, оның оңтайлы жүйесін құруға ықпалымыз

макроэкономикалық сипат алып, қабылдаған шешімдеріміз салық саясатын, валюта бағамы мен банк пайызын реттеумен тығыз ұштастырыла беретін болады. Үкіметтің алдында ең қысқа мерзімде шағын бизнесті орта және ұзақ мерзімге несиелеу жүйесін құру міндеті тұр. Мұның Қазақстан үшін үлкен, мүмкін, тіпті шешуші маңызы бар.

Экономиканың қазіргі кезде қалыптасқан құрылымы мемлекеттік сектор үлесінің өте жоғары (80 %-ға дейін) болуымен сипатталады. Бұл көрінеу қиғаштық, өйткені нарықтық жүйелері дамыған елдерде мемлекеттік меншіктің үлесі әдетте 30–40 %-дан аспайды. Демек, республикада мемлекеттік меншікті елеулі түрде ұжымдық меншік пен жеке меншікке айналдырудың нақты келешегі бар. Күш алып келе жатқан кәсіпкерліктен біз экономиканың мемлекеттік емес секторында жаңа құрылымдардың жеделдете құрылуын күтеміз.

Бұл тұрғыдан алғанда мемлекет тарапынан көмек қамтамасыз етіледі. Өздерініз білесіздер, Қазақстанда жекешелендіру қарқыны қазірдің өзінде ТМД-ның басқа елдеріндегіден едәуір жоғары. Бірақ нарықтық қатынастарды қалыптастыру үдерісі неғұрлым тезірек жүрсе, біз жүргізіп отырған саясаттың әлеуметтік және экономикалық қырлары да солғұрлым айқынырақ көрінеді. Осыған байланысты еңбек ұжымдарына арналған құқықтық негіздегі жекешелендірудің «жұмсақ» режимінің қамына кірісу туралы ойластыру өте маңызды. Экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы «қазыналық» жекешелендіру ерекше қауіпті. Сатылатын объектілердің бағасын мейлінше арттыруға тырысу сатып алу қарқынын бәсеңдетіп қана қоймайды, сонымен қатар, бұдан былайғы жерде өнімнің сөзсіз

кымбаттауына апарып соқтырады. Ал бұл әлеуметтік шиеленістің тағы да бір айналымы қаупін туғызады.

Екінші бір қауіп бізде жүріп жатқан жекешелендірудің өз ерекшелігіне – қайта құрылатын объектінің көбіне мемлекеттік монополияландырылған меншік болуына байланысты. Мен коммерциялық құрылымдардың басқару аппаратымен астасып кетуінің нақты қаупін айтып тұрмын, ал ол сыбайлас жемқорлардың астам-монополиялары құрылуына соқтыруы мүмкін. Сондықтан кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік басқару құрылымдары мен лауазымды адамдардың қатысуын шектеуді, заңдарды бұзғандығы үшін қаржылық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шараларын қолдануды көздейтін заң актілерінің және бақылау органдарының бірыңғай жүйесін қалыптастырумен шұғыл түрде айналысу өте маңызды.

Кең ауқымды жекешелендірудің тағы бір қыры – оның республика экономикасын батысеуропалық, азиялық және таяушығыстық экономикалық кеңістікке кірігуін алдын ала бағдарлауы. Соңғы жылдың ішінде біздің қандай сыртқы саяси және дипломатиялық жұмыстар жүргізгендігімізді сіздер білесіздер. Оның барлық мән-маңызы егемен Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа өркениетті түрде кіруінің барынша қолайлы жағдайын қамтамасыз етуге саяды. Бір-ақ жылдың ішінде біз басқа уақытта ондаған жылдарды қажет ететін нәтижелерге жеттік. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болды. Батыста және Шығыста көптеген лайықты достар тапты, ондаған жоғары дамыған елдермен және әлемнің жетекші фирмаларымен тиімді сауда-экономикалық келісімдер жасады.

Біздің алдымызда сыртқы саяси қадамдарымызды ішкі саясатпен үйлестіру міндеті тұр. Бұл ретте, атап айтқанда, шетелдік инвесторлар үшін баспа-бас жекешелендіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жекешелендірудің барабар түрлерін қолдану арқылы шетелдік капиталды салудың аясы мен шекті мөлшерін анықтауымыз қажет. Бұл мұнай өндіру мен ұқсату секілді батыс кәсіпкерлерін қызықтыратын салаларда өте маңызды, ал онда олардың көбінесе жаңа техникалар мен технологиялар жеткізілімі түріндегі акционерлік қоғамдар құруға қатысуы әбден мүмкін.

Жекешелендірумен байланысты маңызды мәселе – заң шығару базасы. Осы салаға арналған біздегі заңдар топтамасы тым қарапайым, тіпті белгілі бір мағынада қарадүрсін екенін мойындау керек. Бізге өз тәжірибемізді де, сондай-ақ әлемдік тәжірибені де ескеретін анағұрлым сарабал нормативтік тетіктер қажет. Түсініктірек айтсақ, республика құқықтық жүйесінің дамыған елдердің заңнамасына, әсіресе, кәсіпкерлік пен инвестицияны экономикалық қорғау, салық саясаты мен баға белгілеу мәселелеріне қатысты өзіндік бейімделуі қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде жүргізіліп жатыр, бірақ оны келісім-шарттармен, меншік құқығымен, монополистік қызметпен және банкроттықпен байланысты жаңа заңдарды енгізіп, мейлінше тездету қажет.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерістерін реттейтін заңдар мен нормативтік актілерді сарапқа салып бағалау мәселелерінде практикалық көмек көрсету үшін, Қазақстанда тұрақты жұмыс істеуге Дүниежүзілік валюта қорының, Еуропа қайта құру және даму банкінің, Жекешелендіру мен шетелдік

инвестицияларға ықпал ететін халықаралық қордың сарапшыларын тартқан пайдалы болар деп ойлаймын.

Таяуда ғана республикада Шетел инвестициялары жөніндегі агенттік құрылды, ол Қазақстанның бірінші кезектегі қажеттеріне сай ірі экономикалық жобаларды іріктеп алу жөнінде мақсатты жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді деп сенеміз. Алайда шетелдік кәсіпкерлер айрықша ынта білдіріп отырған шағын бизнеске инвестициялар тартумен шұғылданушылар әзірге жоқ. Бұл сала, былайша айтқанда, «иесіз» қалып келеді. Бос қуысты тек республиканың жекеменшік бизнесі мен коммерциялық құрылымдары ғана толтыра алады, олар қысқа мерзім ішінде шетел инвесторларымен бірігіп күш жұмсайтын ортақ нүктелерді табуға, ішкі нарықты қажетті тауарлармен бірлесе отырып тығыз ынтымақтасуға әбден қабілетті.

Шетелдік тәжірибе өндірістің дамуымен бірге кәсіпкерлер одағының рөлі де өзгеретінін көрсетеді. Салалық топтар арқылы жүздеген және мыңдаған кәсіпкерлік құрылымдарды біріктіре алатын жалпыұлттық одақтар құрылуда. Біздің республикамызда да бірігу үдерісінің болуы сөзсіз. Оның үстіне, жаңа одақ экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды құрамдасы бола алады және болуға тиіс. Менің білуімше, Қазақстан кәсіпкерлерінің одақтары мен қауымдастықтарының бәрі бірауыздан форум жұмысына қатысуға тілек білдірген, ал оған, меніңше, тұрақты жұмыс атқаратын қоғамдық ұйым мәртебесін беру керек. Бұл жекелеген күштер тек кәсіби, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан ғана емес, әсіресе, жол беруге болмайтын ұлттық белгі бойынша текетіреске, ірге бөлушілікке тырысып жатқан кезде ерекше маңызды.

Әрі өздерін демократиялық деп атайтын қозғалыстар мен партиялар нарыққа қарсы шыға бастады. Бұл ретте олар оңшылдармен қабысуда. Мұндай тайталастың зияннан басқа ештеңе беруі мүмкін емес. Ол республиканы әлемдік өркениетті дамудың даңғыл жолынан қияс әкетеді.

Кәсіпкерлер форумының үлкен болашағы бар ғой деп ойлаймын. Оның мемлекеттік органдармен мейлінше әртүрлі бағыттар бойынша тығыз ынтымақтасуы мүмкін. Мәселен, министрліктер мен ведомстволардың жанындағы консультациялық кеңестердің жұмысында. Ол несие кеңестері көлік, сауда және тағы басқалар жөніндегі кеңестер болуы мүмкін. Осындай кеңестер желісі арқылы үкімет істің жайы туралы анық ақпараттар алып, қалыптасқан экономикалық жағдайға икемді назар аудара алар еді.

Таяуда Брюссельде мәжіліс өткізген «Өнеркәсіпшілердің еуропалық дөңгелек үстелінің» басшылығы ТМД елдеріндегі инвестиция мәселелері бойынша арнайы декларация қабылдады. Бұл декларацияда Батыс Еуропа индустриясының лидерлері ТМД-ға жеке қаржы қаражатын тарту үшін жағдай жасау жөнінде нақты ұсыныстар берді. Шамасы, таяу уақытта қазақстандық кәсіпкерлер осы акцияның игі нәтижелерін сезінетін болар.

Мен сіздердің кәсіпкерлік форумдарыңыз аяғынан нық тұрып, экономикалық ынтымақтастықтың халықаралық деңгейіне шыға алатын кездің келетініне сенемін. Егер біз кәсіпкерлік қызмет көрсетуге мүмкіндік жасай алсақ, онда бұл, өз кезегінде, біздің күшқуаты мол егемен жас мемлекетіміздің өркендеуінің негізі болады.

Мен біздің экономикамыздың негіздерінің негізі – нағыз өндірушілерді қолдаймын және қолдай беретін боламын. Жоғарғы Кеңестің өтіп жатқан сессиясында өндірісті ынталандыру үшін салық мөлшерін өзгерту туралы ұсыныс талқыланып жатқанын сіздер білесіздер. Бұдан басқа, Президент жанынан Кәсіпкерлік жөніндегі кеңес құрылған, ол қажетті шешімдерді дайындау барысында сарапшылық орталық рөлін атқаратын болады.

Біз бірігіп, әрбір адамның өз таңдауы мен экономикалық өзін өзі анықтауына, әлеуметтік, ұлттық және саяси мүдделерін жүзеге асыруына тең мүмкіндік ашатын көпукладты нарықтық экономикасы бар қалыпты демократиялық қоғам орнатамыз. Ол заң, халықтың еркі мен парасатты ақыл-ойы үстем тұратын, іскер әрі еңбексүйгіш жандар ең құрметті, ауқатты және бақытты азаматтар саналатын қоғам болады. Сол үшін еңбек етіп, өмір сүрудің мәні бар.

Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық кеңесінің пленарлық
отырысында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Финляндия Республикасы, Хельсинки қаласы,
1992 жылғы 9 шілде

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасының атынан бұдан 17 жыл бұрын қатаң идеологиялық қарама-қарсылық жағдайында жалпыеуропалық үдерісті дамытудың берік негіздерін қалай алған Хельсинки форумына терең құрмет сезімін білдіруіме рұқсат етіңіздер. Меймандос Финляндияның астанасында қол қойылған Қорытынды акт бүкіл осы жылдар ішінде планета халықтары үшін бейбітшіліктің, әділеттіліктің және ынтымақтастықтың рәмізі болды.

«Қырғи қабақ қарама-қарсылық» дәуірінің ақырын бастап берген соңғы жылдардың шиеленісті оқиғалары адамзатқа үшінші мыңжылдықты сенім, достық және мейірбандық дәуірі ретінде ашудың тарихи мүмкіндігін сыйға тартты. Алайда әлемдік қоғамдастықтың оны пайдалануы оңай бола қоймайды, себебі ол үшін тоталитарлықтан кейінгі үдерістерді білгірлікпен басқара білу керек. Ал олар, кез келген ыдырау реакциясы секілді, қауіпті ғана емес, тіпті кейде неғайбіл де.

Біз «темір құрсауды» талқандап, жаулық пен секемшілдіктің шебін еңсерген секілді едік. Бірақ, амал не, дүниені қазір де қауіпсіз деп айта алмаймыз, өйткені жаһандық тайталастың орнын шағын дерт ошақтарынан қаулаған қатерлі ісікке айналуы мүмкін өңірлік жанжалдар басты.

Өзінің декорацияларын айтарлықтай өзгертіп жатқан геосаяси сахна демократия, өзара құрмет, адам құқықтарының, заңдылық пен құқық тәртібінің басымдығы сияқты жалпы жұрт мойындаған құндылықтар жүйесіне мемлекеттерді барған сайын көбірек тарту үшін, бүкіләлемдік қоғамдастықтың мұқият режиссурасын қажет етеді.

Бүгін біз осы бағытта маңызды қадам жасап, Хельсинки үдерісінің аясын Еуропа құрлығынан Азия құрлығына қарай жылжытып жатырмыз. Егер бұрын осы мінберден Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістік туралы әңгіме болып жүрсе, енді мұндай тұжырымдамаға өмірдің өзі қажетті түзетулерін енгізіп жатыр. Ол «Батыс-Шығыс» және «Солтүстік-Оңтүстік» белдеулерін біртұтастырып, дүниетанымдық координаталар жүйесін елеулі түрде толықтыруда.

Әрі бұл әшейін бір футурологиялық тұжырымдама емес, мейлінше қолжетімді мақсат және ол Еуразия материгіндегі мемлекеттердің ізгі ниеті мен бірлескен күш-жігерінің арқасында жақын болашақтың өзінде-ақ іске асуы мүмкін.

Бұл бағыттағы бірінші кезектегі қадамдардың бірі көпқырлы ынтымақтастықты кеңейтуге, саяси ахуалды тұрақтандыруға, өңірлік жанжалдарды болдырмау мен реттеуге бағытталған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) бола алар еді. Қазақстанның бастамасын мамырдағы Ашғабадта болған кездесуде Иран, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Пәкстан және Өзбекстан қолдағаны белгілі. Мен ЕҚЫК-ның биік мінберінен біздің республикамыздың бұл үдерісті кең өрістету жөніндегі саяси күш-жігерді өз міндетіне алып, қорытындысында Алматыны азиялық Хельсинкиге айналдыруға әзір екенін растаймын.

Мен азиялық интеграция – табиғи-тарихи үдерістің құрамдас бөлігі екеніне сенімдімін. Бірақ, бір өкініштісі, Батыстың бірқатар мемлекет қайраткерлері мен саясаттанушылары Шығыстың бірігу үдерістерін күні бұрын ислам фундаментализмінің өріс алуы деп түсіндіреді. Тегі, догматизм вирусы тоталитарлық қана емес, демократиялық ортада да зақымдай береді екен. Ал оны тек парасатты ақыл терапиясымен ғана зарарсыздандыруға болады. Атап айтқанда, конфессиялық тайталас адамзатты сөзсіз түрде тарихи тығырыққа тірейді дейтін даусыз ақиқатты түсіну арқылы.

Ойдағыдай жұмыс істеген жағдайда АӨСШК, діни факторға қарамастан, Азияның барлық ұлттық, өңірлік және халықаралық ұйымдарын ЕҚЫК үлгісі бойынша бірыңғай құрылымға біріктіру үшін негіз бола алар еді.

Еуразия материгіндегі өзара ықпалдастықтың өркендетті, демократиялы және адамгершіл формаларын ұйымдастырудың келесі қадамы ЕҚЫК пен Азиядағы сол тұрпатты ұйымның бірлескен бастамаларын және ортақ үйлестіруші құрылымдарын іске асыруға шығатын тұрақты байланыстары болар еді. Сөйтіп, көз жетер болашақта біз Еуразиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі құру туралы айта алатындай болар едік.

Сөз жоқ, тарих көпнұсқалы, сондықтан сіздерге ұсынылып отырған жоба – әлемдік дамудың ықтималды бір баламасы ғана. Бірақ мен мұндай балама әбден нақты екеніне сенімдімін. Әрі оны іс жүзіне асыру «Солтүстік-Оңтүстік» желісі бойынша ықтималды жаһандық тайталасты тойтарып, дүниені неғұрлым тұрақты және оңай болжамды ете алады.

Тұтастай алғанда, бүгінде превентивтік дипломатия қай кездегіден де мәнді болып отыр, соған байланысты мен БҰҰ Бас хатшысы Б. Бутрос-Галидің тиісті бастамаларын қолдағым келеді. Үстіміздегі онжылдықтың «от-жалынды» өңірлерінің ықтималды біреуі саналатын Орталық Азия үшін олардың көкейкесті маңызы бар. Біздің ойымызша, Татуластыру мен төрелік жөніндегі жалпыеуропалық сот құру туралы ұсыныстар да қолдауға лайық.

Превентивтік дипломатияның пәрменділігі әлемдік қоғамдастықтың барлық мүшелерінің ізгі ниетіне, адамзат өркениетінің нәзіктігі мен бірлігін сезінуге, шиеленіс жағдайларының алдын алу формалары мен әдістерінің көптігіне, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайту мүмкіндіктерін тірнектеп арттыруға негізделеді. Бұл үдерісте белсенді рөл атқармақ болған нар

тәуекелін растай отырып, Қазақстан өз аумағындағы Семей сынақ полигонын жапты, өзін ядролық қарусыз мемлекет деп жариялады, Ядролық қаруды таратпау жөніндегі 1968 жылғы шартқа қосылды және қазір стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту жөніндегі шарттың бір тарабы ретінде өзіне тиісті міндеттемелер алды.

Біздің саясатымыздың параметрлері демократиялық құқықтар мен еркіндіктерді дәйектеуге, ұлттық және діни қатыстылығына қарамастан, азаматтық теңдікті қатаң сақтауға негізделген Қазақстандағы жағдайдың тұрақтылығынан бейнеленеді. Жағдайдың мұндай қалпын біз жалпыға ортақ қауіпсіздік пен тұрақтылықтың ажырағысыз элементі деп қарастырамыз.

Мәртебелі форумның қатысушыларына қазақ халқы демократияға, ешбір асыра айтары жоқ, азап шегіп жүріп жеткенін, әрі біраз бөлігі ақылға сыйымсыз коммунистік тәжірибе барысында жойылып кеткенін атап айтқым келеді. Республиканың байлығы мен өркендеуіне қабат жетерлік табиғат ресурстарының теңдесі жоқ қорлары бар Қазақстанды империялық орталық шикізат шылауына, адам айтқысыз имансыздық бағыттағы сынақ полигонына айналдырды.

Бүгін біз өзіміздің әлемдік өркениеттен лайықты орын алуға деген талабымызға сергек үн қосқан әлемдік қоғамдастыққа шынайы алғысымызды айтамыз. Қазақстан Республикасының саяси танымалдығы күн асқан сайын арта түсіп келеді. Оның іскерлік ынтымақтастық аясындағы беделі де нығая түсуде. Батыс компанияларының бүкіл ТМД бойынша ең ірі инвестициялары да Қазақстанға бағытталуда.

Мұның дәлелі – біздің жақында ғана «Шеврон», «Бритиш Газ» және «Аджип» сияқты әлемге белгілі фирмалармен аса бай мұнай кен орындарын игеруге қатысты жасасқан кең ауқымды келісім-шарттарымыз.

Қазақстанның бірегей геосаяси орналасуы Азия мен Еуропаның ұшы-қиыры жоқ екі аралығындағы тұрақтылықты сақтау тұрғысында айрықша жауапкершілік артатынын біз толық сезінеміз. Осы ниетті басшылыққа алып, Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қою бастамашыларының бірі болды. Осы ретте бұл шарт әлдебір әскери-саяси одақтарға немесе жекелеген мемлекеттерге қарсы бағытталмағанын және мейлінше қорғаныс сипатында екенін атап көрсеткім келеді. Бұл жерде біз кез келген бірлестік текетірестікке қарсы тұратынын басшылыққа алдық. Қазақстан әрқашан да ТМД-дағы топтасуды жақтап келеді. Енді ЕҚЫК мүшелері ретінде біз бұл қоғамдастықта да осы міндетті атқаруға әзірміз.

Превентивтік дипломатия, еш күмәнсіз, экология саласын да қамтуы керек. Осыған байланысты біз Семей мен Арал маңы аудандарындағы күйзеліс, апатты жағдайға мейлінше байыпты назар аударуға шақырамыз.

Қазақстан аумағындағы Семей қаласының маңында тоталитарлық құбыжық 40 жыл бойы жүргізген 470 ядролық, соның ішінде жер бетіндегі 25 және ауадағы 87 жарылыс шын мәніндегі қайғылы салдарға соқтырды. Тексерілуден өткен 300 мың тұрғынның 75 %-ы тек 1949–1963 жылдар аралығында 50 бәрге дейін радиация мөлшерін алған болып шықты. Күні бүгінге дейін жаңа

туған нәрестелер қатты қасірет шегуде. Бұл тағылық сынаулардың салдарын әлі қанша ұрпақ сезінері және белгісіз.

Аралдың апаты күллі өркениетті әлемді теңселтіп кетті. Соңғы 20 жыл ішінде бұл өңірдегі халықтың өлімі екі есе өсті, әрі бала өлімі туған әрбір мың адамға 60-тан келеді. Аралдың деңгейі 15 метр төмендеп кетті, су көлемі 67 % кеміді. Проблема шын мәнінде әлемдік сипат алды, неге десеңіз, экология мемлекеттілік пен шекара дейтінді білмейді. Сондықтан біз Арал проблемасын БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында қарау жөніндегі республиканың бастамасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Сөзімнің соңында мемлекет және үкімет басшыларының Хельсинкидегі бүгінгі кездесуі, асырмай айтқанның өзінде, халықаралық қатынастардың тарихындағы сапалық жаңа кезеңнің бастауы болатынын тағы да атап көрсеткім келеді.

Бүгінгі тарихи саммитке қатысушылардың атынан осында келген мемлекеттердің күллі халықтарына амандық-саулық пен өркенді өмір тілеймін.

Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайында СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 30 қыркүйек

**Қадірменді қауым!
Алыстан келген ағайын!
Ардақты отандастар!**

Бүгінгі күн – ерекше күн. Орта толды деген осы. Дәл осынау сәтте өзін қазақпын деп сезінетін әрбір адам жүрегі лүпілдеп, атамекеніне, тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыға көз тігуде. Өйткені мұнда дүние жүзінің түкпір-түкпіріндегі исі қазақ атаулының өкілдері тұңғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс – құрылтайға жиналып отыр.

Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға да кірмеген шығар. Енді, міне, аңсаған

арманның тағы біріне қол жеткіздік. Сан ғасырға созылған отаршылдықтың бұғауынан босанып, таяуда ғана тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл айдай әлем түгел танып, абыройы асып үлгірген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде құшақ жая қарсы алып жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

Мен республика Президенті ретінде бәріңізді Дүние жүзі қазақтары құрылтайының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: «Атажұртқа қош келдіңіздер!» – деймін.

Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келген көңілдеріңіз үшін, қайда жүрсеңіздер де, атамекен мен атажұртқа деген сағыныш пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пейілдеріңізді сақтағандарыңыз үшін білдіреміз. Сіздер арқылы бүкіл әлемдегі қазақ бауырларымызға ыстық сәлемімізді жолдаймыз! Жер бетіндегі бар шаңырағымыздың бәрінің де бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз.

Ардақты ағайын!

Осындай жүрек толқытар салтанатты сәтте, тарих шежіресіне енетін ерекше күнде біз өткеніміз бен бүгiнiмiзге, ертеңгi болашағымызға ойша көз жiберiп, барымыз бен жоғымызды, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды көңiл таразысына салғанымыз орынды болатын сияқты.

Қазақ халқы – тамырын жетi қабат жер астына жiберген алып бәйтеректей, өзегiн ғасырлар тереңiне тартып, осынау қасиеттi ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсiп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбiреу-

лер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды.

Хандықтың құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл – ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері «Алтын киімді адамның» алтын тостағанындағы және Түркі қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық.

Өздеріңіз білесіздер, кейіннен біздің халқымыздың құрамына кірген тайпалық одақтар Ұлы Түркі қағанаты, Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарахандықтар мемлекеттерінің негізін қалаушылар қатарында болған, Азияның алып даласындағы небір жойқын оқиғалардың, қан-қасап күрестің ортасында жүрген, қай дәуірде де азатшыл рухымен, туған жерді алабөтен қадірлейтін отаншылдығымен ерекшеленген. Біз өз халқымыздың әлемдік өркениетке хал-қадерінше үлес қосқанын орынды мақтан етуге құқылымыз. Әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр секілді Шығыстың даналары – осы даланың перзенттері. Кейінгі бірер ғасырдың өзінде халқымыздан Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов сынды әлемдік ауқымдағы кемеңгер ойшылдар, ұлы суреткерлер шықты.

Біздер – талай-талай оқиғалардың куәсі болған асқар таулар мен ұланғайыр даланың түлегіміз. Бұл – біздің сан буын бабаларымыздың кір жуып, кіндік кескен жері, гүлжазира өңіріміз, атадан қалған байтақ мұра-

мыз, баға жетпес байлығымыз, алтын босағамыз. Бұл өлкенің айдарынан жел есіп, байрағы талай желбіреп, азат мемлекет болғаны да белгілі.

Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиылғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер.

Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді, отаршылдықтың темір құрсауының, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың, кешегі Желтоқсанда ұлттың намысын қолдан бермеу үшін, халықтың сағын сындырмау үшін, бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді.

Еліміздің тәуелсіздігі жолында шейіт болып, осы күнді көре алмай кеткен азаматтарымызды орнымыздан тұрып еске алайық, әруақтарына тағзым етейік.

Ардақты ағайын!

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының басты мазмұны азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Жанқиярлық, табанды күресінің арқасында ата-бабаларымыз өзінің бірлік-берекесін сақтап қана қоймай, XV ғасырда қуатты Қазақ хандығын құрды. Алайда тәуелсіз Қазақ мемлекеті бейбіт тыныш өмір сүре алмады, ұлан-байтақ өлкемізге жан-жақтан көз тігіп, ойран

салушылар көбейді. Ақырында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ұйытқы болған, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбектер қорған болған есіл өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті. Сөйтіп, XVIII–XIX ғасырларда халқымыз еркіндігі мен тәуелсіздігінен айырылды.

Қазақстанның Ресейге қосылуының жай-жапсарын бірер ауыз сөзбен айта салу мүмкін емес. Бұл оқиғаның мән-маңызына сол дәуірдегі тарихи жағдайды, екі оттың ортасында қалған елдің қиын халін, ұлт ретінде жойылып кету қаупі анық төніп тұрған тұста жасалған амалсыз шара екенін ескеріп барып баға беру әділ болмақ. Сондай сын сағатта саяси шешімді дәл таба алмаған көптеген ұлттардың, мысалы, Жоңғар хандығының тағдыры қалай аяқталғанын сіздер жақсы білесіздер.

Әрине, бодандықтың аты – бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұланғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз тәрік, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз міскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді. Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді мен Бекболат, Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді.

Біз 1917 жылы да аңсаған азаттықты ала алмадық. Большевиктік саясат уәдесінде толық тұрмады. Отаршыл Ресейдің кесір саясатын мирас етті. Бұрын Ресей болса, енді Қазақстан «халықтар түрмесі» атанды,

тоталитарлық жүйенің тұтас халықтарды жер аударатын аймағына айналды. Сөйтіп өзге халықтар біздің өлкемізге өзге аймақтардан көшіп келіп, өгейлік көрсе, біз өз жерімізде отырып-ақ өзгелерден кем өгейлік, өзгелерден кем озбырлық көрмедік.

Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Мыңдаған жандар қырылып, мыңдаған жандар атажұртын тастап көшуге мәжбүр болды. 1932–33 жылдарда қазақ даласындағы болған, адам айтса нанғысыз, ашаршылық, 6 млн-дай халықтың 2,2 млн-ы айдың-күннің аманында опат болғаны, сталиндік репрессия жылдарында аяулы да абзал азаматтарымыздың жойылғаны – большевизмнің бетіне басылар қара таңба, біздің ғасырлар бойы ұмытпайтын қасіретіміз.

Мұндай қысымшылық пен әділетсіздік дәл соңғы кездерге дейін жалғасып келді. Ұлт мүддесін қорғаған азаматтарға «ұлтшыл» деген айып тағылып, қудалауға түсті, талайы атылып та кетті. Республиканың ұлттық құрамына таяу арада түзеп болмастай орасан нұқсан келтірілді, жер құнары азып, атамекен тозып кетті. Кербез сұлу Көкшетаудағы 80 көлдің сәні азайып, айдынды Аралымыз тартылды, Абай туған Шыңғыстауды 40 жыл бойы Семей атом полигонындағы сынақтар сілкітіп тұрды, Сарыарқаның шалғыны азып, жер жәннаты Жетісудың жайлауы жүдеді.

Тарихымыз аяусыз бұрмаланды. Рухани мәдениетіміз де небір зобалаңды басынан кешірді. Сөйтіп, кейінгі ұрпаққа бабаларынан қалған байтақ мұра жат болды. Ең қиыны – бұл жылдарда тұтас бір ұлттың еңсесін түсіретін, намысын аяққа таптайтын талай қадам жасалды. Шын мәнінде Қазақстан басшылары

тек Мәскеудегі орталықтың тағайындағандары және солардың бұйрығын бұлжытпай орындайтындар болып келді. Халық өз басшысын өз еркімен сайлай алмады.

XX ғасыр қазақ халқына не берді деген мәселе төңірегінде қым-қиғаш пікір бар. Иә, кешегі насихат 70 жыл бойы Кеңес өкіметі қазаққа ұдайы тек бақыт нұрын себелеп келді деп үйретті. Оның қаншалықты растығын тарихтың өзі дәлелдеп беріп отыр.

Бірақ, солай дей тұра, қазақ халқының 1917 жылдан бергі тарихын жоққа шығаруға да болмайды. Басқасын айтпағанның өзінде, өткен ғасырда қайтадан үш тарапқа күштеп бөлініп, ұлттық, аумақтық тұтастықтан айрылып қалған еліміз бен жеріміздің республика болып құрылуы, аумағы қалпына келтіріліп, шекарасының ресми түрде бекітілуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жүзеге асқанын, мұның өзі қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруда бірден-бір негіз болып отырғанын қалай ескермей кете аламыз?! Мен өткеннің бәрін қаралап, ата-бабаларымыздың жасап кеткен еңбегін түгел жоққа шығарудан аулақ болғым келеді. Қалай болғанда да, бұл тарих – өз тарихымыз.

Бүгінгі деңгей-дәрежеміздің өзі соншалықты төмен дей алмаймыз. Егемен ел болып, халқымыз өз еркімен демократиялық тұрғыда тұңғыш Президентін сайлады. Мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланғалы бері жылға да толмайтын уақыт ішінде Қазақстанды әлемнің 100-ден астам елі таныды, еліміз бірқатар аса беделді халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық валюта қорына мүше болып қабылданды. Таяуда біздің республикамыздың делегациясы осы лауазымды халықаралық қауымдастық – БҰҰ Бас Ассамблеясына тұңғыш рет қатысады. Ғарышқа

қазақ жігіті ұшып, ұлттың мерейін бір көтеріп тастады. Жаңадан Елтанбамызды, Туымызды белгіледік. Аяулы ана тілімізге – бай әрі құнарлы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Елді мекендердің тарихи атаулары қайтарылуда, халықтың біртуар ұлдарының аты ардақталып, мерейтойлары өткізілуде.

Қысқасы, туған жерімізде талай-талай өркенді өзгерістер, жан жадыратар жақсы жаңалықтар бар. Ең бастысы – тату-тәтті, ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде білегін сыбанып іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрсе де, жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Қандас, жандас бауырларымыздың қазаққа ежелден тән қонақжайлылықты, сүйегімізге, санамызға сіңген мейірімділікті аман алып қалғанына осы құрылтай күндері әбден көздеріңіз жетеді деп ойлаймын. Бұл бағытта, әсіресе соңғы жылдарда, қыруар іс тындырылды. Қазақы қалпымызға қайта келіп, тарихымызды таразылап, жоғалтқанымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді жаңғыртып жатқанымыздың куәсі боласыздар. Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау – менің Президенттік те, перзенттік те парызым.

Осы тұста басын ашып айтатын бір жай бар. Әр азаматтың өз ұлтының көркеюін, нығаюын армандауы заңды. Бірақ оған республикадағы өзге ұлт өкілдерін, әсіресе, орыс ұлты өкілдерін кемсіту, шеттету, мұқату арқылы жетемін демеу керек. Халқымыздың басынан өткен азап пен мехнатқа республикада өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың өкілдері кінәлі емес. Оған сол кездегі саясат кінәлі, сондай саясат ұстанған қоғам кінәлі.

Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу – барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады. Басқадай бағыт ұстанар болсақ, онда біз тұйыққа тірелеміз, талай тағдырдың обалына қаламыз, қазіргі абыройлы атымыздан айырыламыз, исі қазақтың дарқан көңіліне көлеңке түсіреміз. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы ұлт пен ұлт жаға жыртысқан республикаларда қандай қан-қасап қырғын болып жатқанын өздеріңіз де естіп-біліп жүрген шығарсыздар. Лайым, сондай кесапаттың бетін аулақ қылсын!

Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық. Күш қолдану мен жанжал атаулыны болдырмауға бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз.

Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Ашу емес, бәрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашыңдырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп,

байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргідей алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет. Сондықтан, ардақты ағайындар, сіздердің де біздің республикамыздың өзіндік ерекшелігін, ұлтаралық қатынастың өте нәзік мәселе екенін ұдайы ескерулеріңізді қалаймыз.

Республикадағы ұлтаралық жарасым ахуалын орнықтыра түсу мақсатымен мен жақында халықтарды жақындастыруға аянбай үлес қосқан азаматтарға арналған Президенттің жыл сайын берілетін бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын белгілеу жөнінде жарлық шығардым. Оны қазақстандықтарға ғана емес, шетелдіктерге де, оның ішінде, әрине, отандастарымызға да беруіміз мүмкін. Бұл іске сіздердің әрқайсыңыз өз үлестеріңізді қоса аласыздар.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуі керек. Бұл жауапкершілікті мен республика Президенті ретінде де, қазақ халқының бір перзенті ретінде де толық сезінемін деп сіздерді сендіремін!

Халқымызда «Бөлінгенді бөрі жейді» деген мақал бар. Осы уақытқа дейін бөлінгеннен, жіктеліп, жіліктенгеннен көрген зияннан басқа тапқан пайдамыз жоқ. Біз дүние жүзі қазағын Алматыға әділетсіздікті де, қасіретті де, қуғын-сүргінді де көп көрген халықтың енді басы қосылса екен деп жинап отырмыз.

Бірінді, қазақ, бірін дос

Көрмесен, істің бәрі бос, – деп Абай айтқандай, басымыздың қосылатын, ұлттық ой-сананың биіктеп, тұтасатын мезгілі әбден жетті.

Ұлы Абай айтқан өзге міндерімізден де арылатын, әсіресе, ежелден қалмай, жанымызды жеп келе жатқан күншілдікті, бақастықты, жел сөзге ерушілікті, енжарлықты қоятын кезіміз жетті. Өзіне өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жирене білсек қана, өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.

Қадірменді туыстар!

Бүгінгі құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау.

Қазақ диаспорасының қалыптасуы – зерделі жаңды таң қалдыратын құбылыс. Әрбір үш адамның біреуі атамекенінен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар. Қазір әлемнің 40-тан астам елінде 3,5 млн-дай қазақ өмір сүріп жатыр. Қытайда, Монғолияда қазақ ұйысып отыр, ағайындарымыз Түркияда, Иранда, Ауғанстанда көп, Еуропада да аз емес, Америкада, Канадада, тіпті алыстағы Австралияда да бар. Әрқайсысының тағдыры, тұрмыс халі әртүрлі. Құбатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті тасып, айбыны асып тұрғандары да табылады. Бірақ бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе – сағыныш, атамекенді аңсау. Шетелдік сапарларға шыққанда, отандастарымыз іздеп

келіп, ой-арманын, мұң-мұқтажын айтып жатады. Сырласа қалсаң, сай-сүйегің сырқырайды, арман-тілектерін тыңдасаң, жан-жүрегің елжірейді.

Шеттегі қазақтардың халықтық дәстүрлерді сақтауы сүйсінтеді, тәнті етеді. Өткен жылы Түркияға сапар кезінде Ыстамбұл әуежайында жиналған ағайындардың: «Ақсарбас!», «Ақсарбас!» – деп қол жайып, бірден үш ақсарбас шалғаны бізді қатты тебірентті. Мұндай ықылас-пейілді мен күні кеше Германия мен Францияға барған сапарым кезінде де көрдім.

Атамекеннен алыстағы бауырларымыздың ана тілін қадірлеуі, қандай жағдайда да ұмытпағаны – біздің ұлт болып мақтан тұтар нәрсеміз. Не мектебі, не кітабы, не теледидары, не радиосы, тіпті кейде қазақ көршілері де жоқ жердің өзінде ұл-қызымен қазақша сөйлесетіні қуантады. Соны көргенде, баласының тіл білмейтінін кезінде қазақша мектептің үйден алыстау болғанымен түсіндіруге тырысатын осындағы кейбір ағайынмызды ойлап қайран қаламыз.

Әрине, басқа елдердегі бауырларымызды қинайтын мәселе аз емес. Талай жыл бойы сіздерді, сіздердің ата-аналарыңызды кеңес өкіметі нақақ айыптап келді. Осында қалған туысқандарыңыз сіздермен хат-хабар алысу тұрмақ, барып келу, өлігіне иман айтып, топырақ салу тұрмақ, шетелде ағайынмыз бар деуге де қорықты, бұл ауыр айып, қылмыстай саналды. Ауқаттының бәрін арсыздай, кедейдің бәрін кереметтей көрген кешегі дәуірде туған жерінен қозғалмайтын қазақ жан сауғалап үдере көшуге мәжбүр болды. Ал бізде олар тек малы үшін туған жерін тастап кеткен адамдардай айыпталды. Қайта оралуға осында өзін күтіп тұрған

жазадан қорқып, мыңдаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті.

Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңірмек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатыгез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз. Мұнан былай Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын – ең қымбат құндылық деп танитын және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратын болады.

Кеңес Одағының ыдырауына байланысты біз қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы республикаларда тұратын бауырларымызды да отандастар деп санаймыз. Қазір «таяу шетелдер» деп аталып жүрген бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында 1989 жылғы санақ бойынша 1,6 млн-нан астам қазақ тұрады. Өзбекстандағы, Түрікменстандағы, Қырғызстандағы қазақтар ана тілін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы сақтаған. Мысалы, бір ғана Өзбекстанның өзінде 543 қазақ мектебі бар, оларда 138 мың бала оқиды. Қазақ мектептері кейінгі кезде өзге республикаларда да көбейе бастағаны қуантады. Соңғы жылдарда Өзбекстанда, Астраханда, Орынборда қазақ газеттері жарық көрді. Көптеген қалаларда қазақ мәдени орталықтары құрылып, талай-талай игілікті шаруа атқаруда. Атамекеннен алыста, туған жерден жырақта ұлтының болашағын ойлап, қазақ мәдени орталықтарын ұйымдастырып, бауырларымызға қанатымен су сепкен қарлығаштай рухани қазына жеткізіп жүрген абзал азаматтардың талайы, олардың ізгілікті ісіне

түсіністікпен қарап, қазіргідей қиын кезде тиісінше қолдау көрсетіп отырған туыстас елдер үкіметтерінің, жергілікті әкімшіліктердің басшыларының біразы осы құрылтайдың қадірменді қонақтары болып отыр. Орайлы сәтті пайдаланып, біз сіздерге шынайы ризалығымызды білдіреміз, ақ алғысымызды айтамыз.

Қадірлі отандастарымызға басын ашып айтар тілектің бірі – халқымыздың «Кісідегінің кілті аспанда» деген даналық сөзін ұмытпау. Бұл сөз Қазақстан мен қазақ диаспорасы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей қатысты. Халықаралық уағдаластықтарды мойындап, мемлекеттердің бір-бірінің ішкі ісіне араласпау саясатын қолдайтын өркениетті ел ретінде Қазақстан да отандастарының мұң-мұқтажын олар тұрып жатқан елдердің басшылығымен екі жақты келісім арқылы ғана қанағаттандыра алатынын түсінуге тиіссіздер. Мысалы, жақында Германиямен қол қойылған келісімде, осында тұратын неміс азаматтарының мүдделерімен қатар, сондағы қазақ азаматтарының мүдделеріне де қамқорлық жасау көзделген. Біздің Түркиямен де осындай келісіміміз бар.

Кезінде Қазақстанға қараған кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мынаны айтуға болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да ушығып тұрған ұлтаралық қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің аумақтық тұтастығын жақтаймыз, бүгінгі қалыптасқан шекаралардың мызғымауға тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз.

Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қиын міндет – Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындап, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аянбай еңбек ету. Экономикалық дәулетіміз артпайынша, рухани сәулетіміз де артпайтынын анық ұғынуымыз қажет.

Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттарына жету үшін, біз саясат саласында ең алдымен жас егемен мемлекеттің президенттік республика ретінде қалыптасуын көздеп отырмыз. Бұл орайда мемлекеттік құрылымның ұлттық белгілерін қорғап, оның шайылып кетуіне жол бермеуге көп көңіл бөлеміз. Сондықтан біз тұрғылықты жұртымыздың мүддесі жекелеген жағдайда ерекше ескерілуі керек екенін айтпай тұра алмаймыз. Бұл әңгіме ұлттық мәдениет пен тілді түлетуге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына жағдай жасауға алдымен қатысты. Сондай-ақ, көп партиялы жүйе құру, қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қорғау үшін әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы саяси салмағын арттыру сияқты міндеттер алда тұр.

Экономика саласындағы қазіргі басты шаруа – нарықтық қатынастарды қалыптастыру. Сіздердің көпшілігіңіз осы нарық әлдеқашан орныққан елдерден келіп отырсыздар, адамша, лайықты өмір сүрудің неғұрлым тиімді жолы нарықтық экономика екенін

жақсы білесіздер. Өркениетті, дәулетті елдердің бәрі де осы жолдан өткен. Егер шындап аяғымыздан тік тұрып, өзгелер сияқты жөндеп өмір сүргіміз келсе, бұл жолға біз де түсуге тиіспіз. Жүз жылдық тоталитаризмнен тез арада демократиялық қоғамға көшіп, аз жылдар ішінде нарық экономикасын орната салу оңай болмайтынына көзіміз жетті. Табаңдылық пен шыдамдылық керек. Бүкіл дүние жүрген жолмен біз де жүре алатынымызға күмән жоқ.

Біз үшін материалдық өндіріс саласындағы басты бағыттарды санамалап өтер болсақ, алдымен азық-түлік және халық тұтынатын тауарлар зәрулігін жоюды, құрылыс және құрылыс индустриясы базаларын дамытуды, өнеркәсіптің шикізат өндіру салаларын өркендетумен шектелмей, түсті және қара металлургияны, ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен машина жасауды дамытуды, экологиялық таза технологияларды енгізуді, осы заманғы инфрақұрылымдарды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақүй жүйесін) ұлғайтуды бөле айтар едім. Бұл сияқты шешімін күтіп тұрған мәселелер көп-ақ.

Бүгінгі қиыншылығы мол заманда көңілімізге медеу болар бір жай – қазақтардың өз атамекенінде бас тоғыстыруы, әртүрлі себептерге байланысты туған жерден үдере көшіп кеткен туысқандарымыздың өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті. Мен бұл арада алдымен көршілес елдерден соңғы жылдарда көшіп келіп жатқан туыстарымызды айтып тұрмын.

Баспасөз бетінде республиканың Министрлер Кабинетінің шетелдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау жөнінде қабылдаған қаулысы жария-

яланды. Оның бұлжытпай орындалуын назарда ұстайтын боламыз.

Республикамыздың Парламенті «Көші-қон туралы» Заң қабылдады. Ол заңда сыртта жүрген отандастарымыздың елге оралуына байланысты көптеген жеңілдіктер жасау көзделген.

Алдағы қабылданатын бірқатар заңдарда да шетелдік отандастарымыздың мүдделері жан-жақты ескерілетін болады.

Қысқасы, тәуелсіз Қазақстанның кең құшағы сіздерге әрқашан ашық, бауырлар! Дүние жүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де, өзін Қазақстанның өкілі сезінетіндей, қазақ азаматы екенін сезінетіндей жағдай жасау – біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Сіздердің рухани талап-тілектеріңізді қанағаттандыруға, қазақ мәдениетінің хал-ахуалынан хабардар болуларыңызға, ұл-қыздарыңыздың ана тілін үйренуіне қолдан келгенше қамқорлық жасауды республика үкіметі алдағы кезде назарда ұстамақ.

Осы құрылтайдың барысында құрылған Әлем қазақтарының орталығына бұл орайда көп міндет жүктелмекші. Ол ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі ең өзекті деген мәселелерді терең талқылай отырып, тиісті орындарға нақты ұсыныстар жасауы керек. Ұлт бірлігін нығайтудың ұйытқысы болуы керек.

Қадірменді бауырлар!

Қазақ халқы тағы да тарих талқысына түсіп тұр. Біз тәуелсіздік туын тіккен кезең дүниенің дидары өзгеріп,

экономикалық дағдарыс күшейіп, ұлт пен ұлттың арасын қосу қиынға түскен тұсқа тап келді. Әлем мұхитына өз бетімізбен жаңа ғана жүзіп шығып жатырмыз.

«Орнында бар оңалар» дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса, ел болады, ел болса, ер болады. Осындай жеріміз барда, еліміз барда, өздеріңіздей еріміз барда біз ешкімнен кем болмаймыз!

Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың өсіп-өркендегеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз.

Қымбатты отандастар, туыстар!

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы. Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

Лайым бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүрсін!

**БҰҰ Бас Ассамблеясының
47-ші сессиясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,
1992 жылғы 5 қазан

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

БҰҰ Бас Ассамблеясының бұдан бұрынғы сессиясында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне бірауыздан қабылданған болатын. Мен республика халқының атынан көрсетілген сенім үшін терең алғыс сезімін білдіремін және Қазақстан Республикасы бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде БҰҰ-ның Жарғысында көрсетілген міндеттемелерді толығымен орындауға қабілетті екенін, осы беделді халықаралық ұйымның қызметінің барлық саласына сындарлы үлес қосатындығын мәлімдеймін.

Біз үшін бұл сессияның да маңызы аса жоғары, өйткені оның мінбері тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президентіне беріліп отыр. Осы жағдайды пайдаланып, мен Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттердің өкілдерін қызу құттықтаймын.

Осы заманғы дүниежүзілік тәртіпті қазір БҰҰ-сыз көзге елестету қиын. Әлемдік қоғамдастық осы бірегей халықаралық институтқа көп үміт артып отыр, ал солардың ең бастысы – сенімді тұрақтылық пен қауіпсіздіктің сенімді тетіктерін қалыптастыру.

Бүгінде дүние жүзі болашақтың айқын және көмескі талаптары біздің бірлескен күш-жігерімізді үйлестіру мен ұйымдастырудың жаңа сапасына көшуімізді талап ететін шекке келіп тіреліп тұр. Біз өзімізге әлі беймағлұм осы жаңаның мәні неде екенін ұғынуға тиіспіз және оны бүкіл әлемдік қоғамдастықтың, өз құрлығымыздың, өз өңіріміз бен еліміздің шеңберінде игере бастауымыз керек. Мен сіздердің назарларыңызды мәселенің нақ осы қырларына аударсам деймін.

Бірінші қыры – әлемдік қоғамдастық және БҰҰ-ның әлемдегі жаңа рөлі. Бас Ассамблеяның осы өтіп отырған сессиясында біртұтас дүние үшін жаңаша күн тәртібін айқындауды талап етіп отырған жаңа шындықтарды түсіну байқалып қалды. БҰҰ Бас хатшысы Б. Бутрос-Гали мырзаның белгілі баяндамасының нақ осылай аталуы кездейсоқ емес.

Б. Бутрос-Галидің превентивтік дипломатия жөніндегі тұжырымдамасын біздер мейлінше дер кезіндегі, саяси сындарлы деп есептейміз, ал оны іске асыруға әлемдік қоғамдастықтың барлық мүшелері бірдей жұмылуы тиіс. Бұл орайда біз превентивтік дипломатияны

ықтимал шиеленістер ошақтарының тұтануына жол бермеуге бағытталған саяси және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйесі ретінде қарастырамыз. Мұнда қоғамдық-саяси тұрақтылықты қолдаудың көрінеу жағдайлары да, сондай-ақ болуының өзі терең болжамдық талдауды талап ететін проблемалар да маңызды орын алады.

Осылайша шекаралар жөніндегі мәселе – кез келген сәтте жарылуы мүмкін оқ-дәрі қоймасы сияқты екенін түсіну қиын емес, ал оның жалыны әдетте тек отпен ойнаушыны ғана емес, оған мүлдем қатысы жоқтарды да шарпиды.

Менің ойымша, қазіргі қалыптасқан шекараларды қайта қарау жөніндегі бір әрекеттің өзі-ақ салдарын болжап білуге болмайтын геосаяси тізбекті реакцияны тудыратыны айқын. Мемлекет аумағының мызғымастығы қағидатының мәнділігі туралы айта келіп, бүгінде аз ұлттардың құқықтары көбінесе ұлттардың өзін өзі билеу, тіпті өз алдына дербес мемлекеттер құру құқығымен теңдестіріліп жүргенін де атап көрсеткім келеді. Егер мұндай көзқарасты ұстанатын болсақ, онда болжамды түрде дүние жүзінде бірнеше мыңдаған экономикалық әлсіз мемлекеттер пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдай әбден шегіне жеткен қағидатты кие көтеру салтанатының жарқын көрінісі болып табылады. Бүгін таңда аз ұлттардың құқықтарына орынды назар аударып отырған әлемдік қоғамдастық демократия мен бейбітшіліктің салтанаты негізінде адам құқығының және ұлттар құқығының салтанат құруы үшін олардың өлшемдерін айқын белгілеуі тиіс екендігіне кәміл сенімдімін. Әйтпесе, ұлттардың өзін-өзі билеу

құқығын желеу етіп, кез келген көпұлтты мемлекеттің тұтастығына күмән келтіріледі және жегідей жейтін сепаратизмнің ұшы-қиыры болмайды.

Сонымен бір мезгілде, бүгін ХХІ ғасырдың алыс көкжиегіне көз тастай отырып, ықтимал шиеленіс ошақтарының қатарында ежелгі материктің нақ жүрегіндегі қауіпті алауыздықтардың көзіне айналуы мүмкін мәселені – Орталық Азия өңіріндегі су проблемасын атағым келеді. Қазірдің өзінде мен Орталық Азияны су ресурстарымен қамтамасыз ету проблемасын кезең-кезеңімен тиімді шешуді көздейтін БҰҰ-ның арнаулы жобаларын жеделдетіп жасау қажеттігіне сенімдімін.

Батыс-Шығыс белдеуі бойынша геосаяси шиеленістің бәсеңдеуі мен Солтүстік-Оңтүстік белдеуінде қауіпті егесудің өрістеуі жалпы жұрт мойындаған факті екенін айтуға тиіспін. Алайда екінші қайшылықтың пайда болуы мен шиеленісуі біріншісінің көкейкестілігін төмендете алмақ емес. Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынастың көп жылдар бойғы күрделілігі КСРО-ның ыдырауымен бірге жойылып кете қоймайды.

Осыған байланысты превентивтік дипломатия, бейбітшілікті орнату, қолдау және нығайту жөніндегі күш-жігерді әлемдік өзара ықпалдастықтың барлық белдеулері бойынша тең бөлу қажет деп ойлаймын. Бұл жайды атап көрсетіп тұрған себебім, мұнда қазірдің өзінде-ақ кейбір қиғаштықтар байқалуда.

Бүгінде БҰҰ-ның күш-жігері көбінесе саяси және әскери-саяси сипат алып отыр. Бұл ретте көтермелеу мен ынталандырудан гөрі тыйым салу көбірек қолданылады. Бұл шаралар жеңіл-желпі шиеленістерді бәсеңдетуге бағытталған, бірақ әзірше пайда болып, етек жайып бара жатқан жанжалдардың терең мәнді негізіне ешбір ықпал ете алмай отыр.

Жақында осы мінберден олардың шынайы себептері атап көрсетілді: әлемдегі ең бай адамдардың 20 %-ы (Солтүстік пен Батыс елдерінде) дүниежүзілік жалпы табыстың 83 %-ын, ал ең кедей адамдардың 20 %-ы (Оңтүстік пен Шығыс елдерінде) тек 1,4 %-ын тұтынады екен.

Көріп отырғанымыздай, аса бай «жиырмалық» табысы мен ең кедей «жиырмалық» табысының арақатынасы 60:1 болып отыр.

Осы «60:1» арақатынасын мен әлемдік теңсіздік формуласы деп атар едім. Бұл айырмашылық азая бастамайынша, біз жанжалдардың жан-жақты алдын алудың нақты негізін жасай алмаймыз.

Әңгіме, түптеп келгенде, аса дәулетті «жиырмалықтың» табыстарын кедейлердің пайдасына қайта бөлу туралы болып отырмағанын атап көрсетейін. Әлемдік теңсіздік формуласын аса кедей елдердің өзі дамуына ғылыми түрде ұйымдастырылған көмек беру арқылы олардың табысын өсіру негізінде өзгерту керек.

Бәлкім, БҰҰ күш-жігерін жанжалдардың шынымен алдын алу және олардың тереңдегі қайнар көзіне қайта бағыттау туралы ойланған жөн болар.

Мұнда іс жүзінде қандай қадамдар жасауға болар еді? БҰҰ Бас хатшысының Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік күш-жігерін өрістетуге кедергі келтіріп отырған басты проблемаға – қаржы қаражатының тапшылығына алаңдаушылығы маған түсінікті. БҰҰ-ның бейбітшілік орнатып, оны сақтау мен нығайтуға жұмсалатын шығындарын жыл сайын ұлғайта беру керек болар. Бірақ оны қалай істеу керек?

1992 жылға дейін БҰҰ бейбітшілікті сақтауға шамамен 8,3 млрд доллар жұмсап келгені белгілі. Ал өткен

онжылдықтың соңына қарай барлық елдердегі қорғанысқа жұмсалған жылдық жиынтық шығын шамамен 1 трлн долларға жетті. Басқаша айтқанда, бітімгершілік шығындары әскери шығындардың 1 %-ынан аз болды.

Мен барлық үкіметтерге өздерінің ізгі ниеттерін көрсету ретінде «1+1» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершіл күш-жігерінің қорын құра бастауды ұсынамын.

Бұл формула әр мемлекет Қорға өзінің қорғаныс бюджетінің 1 %-ын бере отырып, жыл сайынғы қаржы аударуын сол 1 %-ға өсіріп отыруы тиіс дегенді білдіреді. Сөйтіп, 10 жылдан кейін-ақ бітімгершілік сома он есе өседі. Бұл акция әлемдік қоғамдастықтың әрбір мүшесінің ұлттық қауіпсіздігіне ешқандай нұқсан келтірмей, қайта оны нақты түрде нығайтады деп ойлаймын.

Осы жерде адамдардың қалай күш сынасқаны туралы шығыстың бір көне әфсанасын еске ала кеткен орынды болар. Біреуі білегі мен жұдырығының күшін көрсетсе, екіншісі бас сүйегінің мықтылығына, үшіншісі желаяқтығына, төртіншісі тілінің өткірлігіне мақтанады. Сол арада бір дана адам күш атасы жүрек екенін еске алып, оларды кеңпейілділік бәсекесіне шақырады. Менің ұсынысымды жүзеге асырудың деңгейі де әрбір елдің кеңпейілдігімен, жалпыға бірдей бейбітшілік игілігі жолындағы өзіндік бір жарыспен айқындалмақ. Қазақстан Республикасы оны дәл қазір бастауға әзір.

Бұл ретте, әлбетте, мемлекеттердің БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігері қорына қатысуының басқа да түрлерін қарастыруға болады.

Тоқталып өтпек болған екінші мәселем біздің құрлық – Азиядағы немесе кең мағынасында алғанда – Еуразиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздік проблемасы.

Әңгіме Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) өткізу бойынша Қазақстан Республикасының бастамасы туралы болып отыр.

Еуропадағы ЕҚЫК үлгісі бойынша біздің құрлығымызда Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын құру идеясы көптен бері көңілдердің түкпірінде жүр, бірақ әзірге кең қолдауға ие болмай келеді.

Америкадағы, Африкадағы, Еуропадағы құрлықтық ұйымдар қызметінің пайдалы тәжірибесі Азияны да өзара ықпалдастық пен ынтымақтастықтың біртұтас органдарын құруға итермелеуі керек сияқты еді. Алайда бұлай болмай отыр және оның бірталай нақты негіздері де бар.

Саясатшылар мен сарапшылар ортасындағы Азияда қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымын құру идеясын сынаушылар дәлел ретінде көбінесе Азия елдерінің географиялық, тарихи, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени әрқелкілік деңгейі, Еуропа, Америка және Африка елдерімен салыстырғанда, анағұрлым жоғары дегенді алға тартады. Экономикалық және саяси негіздің осындай әрқелкілігі, әлбетте, ұжымдық қауіпсіздіктің құрлықтық құрылымдарын құруға кедергі келтіретіні рас.

Бұған «Алыс жол да алғашқы қадамнан басталады» дейтін белгілі даналық сөз арқылы наразылық білдіруге болады. Ұжымдық қауіпсіздіктің біртұтас азиялық құрылымына бірден-ақ осы аталған өзара ықпалдастықтың барлық түрлері бойынша бағыт алу міндетті емес. Әрқелкілікті түзеуді әуелде біреуінен, айталық, әскери-саяси немесе экономикалық саладан бастап, содан кейін ынтымақтастықтың басқа салаларынан да ортақ көзқарастарды іздестіру жеткілікті болар еді.

Мұндай құрлықтық құрылымға жету жолы көпқадамды және кезең-кезеңді болуы мүмкін.

Ол, мәселен, мынадай сұлбамен: «екі жақты қатынастардан» – ынтымақтастықтың жекелеген түрлері (сенім мен ұжымдық қауіпсіздік шараларын жасау, гуманитарлық, экономикалық, мәдени ықпалдастық) бойынша өңірлік және құрлықтық құрылымдар мен коалициялардан – проблемалардың кең ауқымды шоғыры арқылы ынтымақтастықтың ортақ құрлықтық органдарына дейін өтуі ықтимал.

Азиядағы біз ғажайып жерде тұрамыз. Әлемнің барлық ірі діндері – иудаизм, буддизм, христиандық, ислам – біздің құрлықтың қасиетті топырағында пайда болған. Адамзаттың бүкіл рухани ұстаздары – Лао Цзы мен Гуатама Буддадан, Иса Мәсіх пен Мұхаммедтен бастап, осы заманның Махатма Гандидің дәрежесіне дейінгі асқар ойлы данышпандары біздің топырағымыздан шыққан. Сөйткен Азия ғасырлар бойына жинақталғанның бәрін ой елегінен өткізіп, әлемдік ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын жинақтай алмай ма?

Мұндай ұстаным тіпті де өңірлік автаркияны көздемейді. Біз құрлық шекараларында томаға-тұйықталып қалмаймыз. Керісінше, Азия елдері мен халықтарының мүдделері үшін дүниенің басқа қиырларында туған бар жақсылық атаулыны жинайтын боламыз.

Бізге келешектің алға тартар талаптарына бейімделудің, адамзаттың бұрын болып көрмеген біртұтас дүние жағдайында өмір сүруінің жаңа негіздерін қалыптастырудың ең жақсы жолдарын ұжым болып іздестіру қажет екеніне кәміл сенімдімін. Осыған байланысты мен тайталас дәуірінен кейінгі проблемаларды талқылау үшін

Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы сессиясын немесе конференциясын шақыруды ұсынамын, өйткені нақ осы БҰҰ халықаралық қоғамдастық ұйымшылдығының жаңа деңгейін баянды етуде шешуші рөл атқаруға тиіс. Сірә, БҰҰ-ның өзі де, Қауіпсіздік Кеңесі құрамын қоса алғанда, белгілі бір қайта құрылудан өтуі тиіс сияқты.

Айтпай қоюға болмайтын үшінші жағдай ТМД-да болып жатқан үдерістерге қатысты.

Өткен жылдың соңында құрылған Достастықтың нәзік құрылымы әзірге Еуразияның осы бөлігіндегі елдер мен халықтардың ғасырлар бойғы өзара ықпалдастығының дәстүрлерін толық көлемінде ескере алмай отыр. Соның салдарынан ТМД-дағы еркін нарық пен демократияға көшу үдерістері әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздықтың өршуімен, қалыптасқан жанжалдардың шиеленісуімен және жаңаларының тууымен қосарлана жүріп келеді.

Қазақстан біртұтас еркін сауда аймағы шеңберінде, ортақ кеден-экономикалық кеңістігін жаңа сапада қалпына келтіру үшін, барлық ықтимал күш-жігерді қолдануда.

Және, ақыр соңында, қоршаған ортаны қорғаудың өмірлік маңызды мәселелеріне тоқталғым келеді. Қазақстан үшін олар кем дегенде Арал және Семей дейтін екі сөзге келіп саяды.

Құрғап бара жатқан Арал теңізі – шұғыл әрі кең ауқымды халықаралық көмекті қажет ететін экологиялық апат аймағы. Оның бассейні шөлге айналып, 150 млн тонна тұзды шаң-тозаңды ұшыруы экологияның күрт нашарлауына, халқы 30 млн адамнан асатын ұланғайыр аймақтың экономикасы мен денсаулығына тигізетін зардаптардың күшеюіне соқтыруда. Егер

бұл бүгін мыңдаған адамдардың соры болса, ертең, Біріккен Ұлттар Ұйымы шұғыл араласпаса, миллиондаған адамдардың қасіретіне айналуы мүмкін. ЮНЕП басшылығының «Арал теңізін сақтау жөніндегі жоспарды жасауға жәрдемдесу» жобасын іске асыру туралы шешімін, сондай-ақ Арал маңын әлемдік ауқымдағы экологиялық апат аймағы деп жариялады ұсынған осы халықаралық ұйым сарапшылары тобының қызметін Қазақстан ризашылық сезіммен қабылдады.

Біздің тағы бір экологиялық жарамыз – халқымыздың еркінен тыс Қазақстан жерінде салынған Семей ядролық полигоны. Осында әуеде, жерде және жер астында жарылып, жарты миллионнан астам адамға зардап шектірген зарядтардың жиынтық қуаты Хиросима мен Нагасакидегі қасіреттің көзі болған қондырғылардың қуатынан жүздеген есе асып түседі.

Үкіметіміздің шешімімен біз осы ажал көзін жаптық, бірақ осы өңірді сауықтыру, жапа шеккендерді емдеу, жаңа туған сәбилерді қауіпсіздендіру үшін орасан зор қаржы керек. Сондықтан қазақстандықтар белсенді халықаралық жәрдемге зәру болып отыр.

Қазақ халқында «Елу жылда – ел жаңа» деген мақал бар, бұл әрбір 50 жылда дүние жаңарып отырады дегенді білдіреді. БҰҰ өмір сүрген алғашқы жарты ғасырда әскери блоктардың егесімен еселене түскен астам державалар тайталасының ізі сайрап жатыр. Қазір енді әлемдік қоғамдастық үшін тарихи мүмкіндік – Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы бейбітшілік пен прогресс жолындағы тиімді ынтымақтастық органына ие болу мүмкіндігі туды. Оны барынша толық пайдалану үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек.

Демократиялық қоғамға
және нарық экономикасына көшудің
проблемалары туралы
Қазақ теледидары арқылы
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 22 қазан

Ардақты отандастар!

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында алып қарағанда Қазақстан экономикалық жағынан да, саяси тұрғыдан да неғұрлым орнықты мемлекеттердің бірі болып саналғанымен, біздің де арқаны кеңге салуға мүмкіндік бермейтін мәселелеріміз аз емес екендігін айтпай тұра алмаймын. Мұндай мәселелер өміріміздің барлық саласында бар, олар тіршілік қарекетіміздің барлық қырына, былайша айтқанда, тән азығынан бастап жан азығына дейін, қазақстан-

дықтардың имандылық, рухани талап-тілектеріне түгел қатысты.

Бір адамның бір мезетте әрі үміттене, әрі шарасыздана сөйлеуіне тура келетін кезі болады екен. Бәрі де мәселеге көзқарасына байланысты. Біздің республикамыз тұрғындарының тіршілік жағдайы, айталық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы күйіп-жанып жатқан жердегілермен салыстырсақ, сөз жоқ, шүкіршілік ететіндей болып шығады. Ал енді осылай екен деп, бұрынғы жылдардың сөзімен айтсақ, «терең қанағаттанушылық» сезіміне бөленудің жөні бар ма?

Сірә, олай емес болар. Жұрттың көбінің – қарапайым еңбек адамдарының қандайлық қиын күн кешіп жатқанын мен сіздерден кем білмеймін. Қазір станок жанындағы тұрған кісі де, алқапта жүрген диқан да, «зиялы мамандықтардың иелері» дейтіндер де – қай-қайсысы болсын кеңірдектен алған экономикалық қыспақтың ауыртпалығын сезінуде.

Тіршілік тауқыметі, өкінішке қарай, тек материалдық жағынан шектелмей тұр. Тегінде, рухани байлық, парасаттылық жағынан жоғалтып жатқанымыз одан орасан, олардың әсері жылдар өте келе толық мәнінде сөзсіз көрінетін де шығар. Бұл арада мен қоғамның моральдық хал-ахуалына ерекше нұқсан келтіретін заңсыздықтың шектен шығуы жөнінде айтып та отырғаным жоқ.

Бірде бар, бірде жоқ болғанымен, бүгінгідей күрделі мәселелерсіз өмір сүрген тоқырау жылдарын ынты-шынтысымен көкsep жүргендер де аз емес. Ондай адамдарды түсінуге де болады: тәуелсіздік пен демократия болмаса да, оларға тоқшылық пен ауқаттылықтың белгісіндей бірдеңелердің кепілдігі бар еді, жалақыны, аз болса да, еңбек сіңірмей-ақ ала беретін.

Расында да, қазір кедейшіліктің тақсіретін тартып отырған отбасылар аз емес. Адалын айтар болсақ, жағдайымыз одан әрі нашарлай түспейді деп сендіре алмаймын. Алдымызда мұнан да қиын күндер тұруы әбден мүмкін. Дегенмен бізде адамдардың ашықпайтыны да, тонбайтыны да анық.

Қазір сіздер менің, өздеріңіз өмірімізді өзгертеді деп үміт артып сайлаған Президенттеріңіздің сөзін тыңдай отырып, жағдайымыздың қашан жақсаратынын қолмен қойғандай етіп, нақпа-нақ айтса екен деп күтетіндеріңізді білемін. Баяғы сөз саптауға салып, жиырма шақты жылдан кейін «коммунизм тұсында өмір сүру» үшін тарыға тұрайық деуіме де болар еді. Бірақ мен сіздерді одан гөрі байсалдырақ әңгімеге тартқым келеді.

Сіздер мені Президент етіп сайлағалы да 10 айдай уақыт өтті. Осы екі арада талай-талай бір мәнді емес оқиғалар болды. Бұрынғы Кеңес Одағы қауырт ыдырады, дәстүрлі экономикалық байланыстар үзілді, байсалды парасаттан емес, көбінесе саяси аужай мен өркөкіректіктен туған, бас-көз жоқ орталықтан безіну үрдісі де болды. Естеріңізге түсіріңіздерші, тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуы кезеңінде бүгінгідей экономикалық бейберекеттікке, адамдардың тұрмыс деңгейінің мұншама төмендеуіне жол бермейтіндей ортақ экономикалық кеңістікті сақтап қалу үшін менің қаншама күш-жігер жұмсауыма тура келді емес пе.

Сонымен қатар, бұл 10 айда егемен мемлекет – Қазақстан Республикасының құрылуы, оны әлемдік қоғамдастықтың тануы, біздің тәуелсіз ел ретінде халықаралық аренада алғашқы қадамдарымызды жасай бастауымыз сияқты маңызды тарихи оқиғалар да болды. Республикамыз Біріккен Ұлттар Ұйымының

мүшесі, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қатысушысы болды, Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорына, басқа да беделді халықаралық ұйымдарға кірді. Бүгінде Қазақстан өз саясатының болжамдылығы мен қоғамдық тұрақтылығының арқасында көптеген мемлекеттердің құрметі мен сеніміне ие болып отыр.

Мұның бәрі даусыз оң нәтиже. Алайда, әміршіл-әкімшіл жүйеден нарықтық экономикаға көшу оп-оңай әрі қиналыссыз үдеріс бола салуы мүмкін емес-ті. Бұл жолда өзімізден кеткені бар, сырттан таңылғаны бар, көрінеу қателіктер де болды.

Мысалы, тиісті экономикалық әзірлік жасамай, ТМД-дағы әріптестермен келісіп алмай тұрып, Ресей бастап жіберген бағаны ырықтандыру бүкіл рубль аймағында өте жағымсыз салдарға соқтырды. «Естен тандыру терапиясы» нарық институттары мен тұқалары пайда болып, орнықпай тұрып бұрынғы шаруашылық тетіктерін түп-түгел қиратып тынды. Басқаша айтқанда, жаңа үйдің құрылысын қолға алмай тұрып, ескі үйімізді бұзып тастағандай болдық та шықтық.

Кадрларды іріктегенде, көздеген өзгерістердің қарқыны мен мерзімін белгілегенде, реформа жасаудың өзге елдердегі тәжірибесін сол күйінде көшіруге тырысқан тұстарымда өзімнің де жаза басқан жерлерім болды десем, беделімді аяқ асты ете қоймаспын деймін. Бірақ ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді деседі ғой. Әйтсе де басты мәселеде қателескен жоқпыз деп кәміл сенемін. Қоғамды демократияландыру мен нарықтық экономиканы орнықтыруға ұстанған бағытымыз дұрыс.

Ал қазіргі таңда біз үшін ерекше маңызды не?

Менің ойымша, бәрінен бұрын мемлекеттік органдардың реттеушілік рөлін күшейте түсу керек, бағаның жүгенсіз өсуін, уақытша шара ретінде тауар өндірісі мен қызмет көрсету көлемін арттырумен тиісінше қамтамасыз етілмеген жалақының өсуін тоқтату қажет. Бұл қаржылық тепе-теңдікті, экономиканы тұрақтандыруды, халықтың табысы аз бөлігін әлеуметтік қорғауды, еңбекшілерді жаппай қайыршыланудан сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді. Реформалардың алғашқы кезеңінде алқынып алға ұмтылудың салдарынан іскерліктің негізгі түрі делдалдық, кәдуілгі алыпсатарлық пен тауарға үстеме баға қою болып шығып, өндірістің өзі кейінге ысырылып қалғаны сияқты қиғаштықтарды жоюымыз керек.

Нақ осы мақсатпен менің тапсырмам бойынша республика үкіметі түбегейлі экономикалық реформаны тереңдетудің 3 жылға лайықталған бағдарламасын жасап шықты. Онда еңбек ету мен өндіріс қарқынын үдетуді материалдық тұрғыдан ынталандыруды едәуір күшейту, кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау жөнінде тиімді шараларды жүзеге асыру, мемлекет меншігінен алу мен жекешелендіру үдерісін жан-жақты ойластырып, халыққа неғұрлым пайдалы болатындай етіп жүргізу көзделген. Бұл бағдарлама Жоғарғы Кеңестің алдағы сессиясында қаралады.

Бағдарламаның аса маңызды басымдықтарының бірі – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту. Экономикаға реформа жасауды ауыл шаруашылығынан бастаған елдер өтпелі кезеңде әлеуметтік тұрғыдан шығынға азырақ ұшырайтынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Биылғы жылдың басында алдағы егінге қаншалықты үміт арта сөйлегеніміз, ең бір батыл болжамдарымызды

соған байланыстыра айтқанымыз естеріңізде шығар. Енді, міне, бүгін сол үмітіміз ақталды деуге болады. Жинаған астығымыз 32 млн тоннадан асып түсті. Республика нанмен, картоппен, көкөніспен, жемістермен толық қамтамасыз етілді. Қант қызылшасы мен майлы дақылдарды өндіру екі есе артты. Мал шаруашылығының берік жемшөп қоры жасалды. Бұрын-соңды болып көрмеген мол астықты Қазақстан алғаш рет өз күшімен жинап алғанын айта кеткеннің де артықтығы жоқ. Бұл ауылдағы реформалар ауыл тұрғындарын ақшаны санай білуге мәжбүр ететінін көрсетеді. Түйіндеп айтар болсақ, біз енді қолға алған өзгеріс-терді ойдағыдай жүзеге асыратындай жағдайда тұрмыз деуге толық негіз бар.

Бүгін мен Қазақстанның ең басты байлығы – астықты өсіріп, шашпай-төкпей жинап алған, еселі еңбегімен тұрақтылығымызды, тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қамтамасыз еткендердің баршасының алдында басымды иемін.

Осынау еңбек жеңісін қамтамасыз етудің бір себебі біздің диқандарымызға тән ерекше жауапкершілік сезімінде жатса керек деп білемін. Осыған байланысты еңбек адамдары, қай жерде жұмыс істесе де, демократияның мәнін өзгелерден әлдеқайда дәл түсінетінін атап айтқым келеді. Мұны кейінгі кезде жұрт демократия туралы тым жиі, тіпті көкезуленіп көп сөйлейтін болғандықтан айтып отырмын. Бұл ұғым кейбір «философтардың» пайымдауында ойға келгенді істеу мен анархиялық бетімен кетушіліктің баламасындай болып барады. Олар шын мәніндегі еркіндік жеке бастың терең жауапкершілігі мен ішкі тәртібін де білдіретінін ұмыт қалдыра береді. Әрине, мен дүремен болатын тәртіпті

емес, қоғамды, оның заңдарын, айналадағы адамдарды, түптеп келгенде, адамның өзін өзі сыйлауын білдіретін саналы тәртіпті айтып отырмын. Мұндай тәртіпке тек демократия ғана тәрбиелей алады. Әрі еркіндік пен жауапкершіліктің бірлігі ғана шынайы демократияны қамтамасыз ете алады.

Қоғамның дүниетанымдық, саяси, экономикалық және құқықтық негіздерін түгел шарпыған дағдарыс, халықтың тұрмыс жағдайының нашарлауы қылмыстың көбеюіне себепші болды. Бүгінде адамдарды дүкендерде де, базарда да, тапа-тал түсте көшеде де, өз пәтерінде де – кез келген жерде тонай беретін болды. Мемлекетті де, ал сол арқылы бізді де тонайды. Мен күннен-күнге ұлғайып бара жатқан экономикалық қылмыстар толқынын айтып отырмын. Түсті және қымбат металдарды, сирек кездесетін элементтерді, басқа да шикізат қорларын ұрлау кең етек алды. Жемқорлыққа белшесінен батқан шенеуніктер қаржылық қылмыстар жасауда, қару-жарақты, есірткілерді заңсыз сату етек алған. Теміржол көлігіндегі ұрлықтан келер зиян күрт өсіп кетті.

Қоқан-лоқы жасап тонау, мемлекеттік шенеуніктердің парақорлығы асқынып барады. Олардан, әсіресе, кооперативтер, шағын кәсіпорындар, жеке еңбекпен шұғылданатындар мен өз бетінше іскерлік әрекет жасайтындар көбірек зардап шегуде.

Қылмыстық орта барған сайын ұйымдаса түсіп, кәсіпкерлік пен қаржы-банк қызметінің аясына кірігіп алуға, өздерінің арам ниеттерін жүзеге асыру үшін мемлекеттік аппаратты, құқық қорғау органдарын пайдалануға тырысады. Турасын айтайық: мемлекеттік қызметкерлердің тұрмыс жағдайы мен беделінің күрт

төмендеуін ескерген қылмыс әлемінің әрекеті нәтижесіз де емес.

Халықтың мемлекетке деген сенімін жоятын, жүзеге асырылып жатқан демократиялық өзгерістердің мәнін бұрмалайтын мұндай жағдайға біз бұдан әрі төзіп тұра алмаймыз. Үкімет бағдарламасының арнаулы тарауында құқықтық шектен шығушылықты тоқтатуға тиісті іс-шаралар жүйесі көзделген. Алайда біз сіздердің де көмектеріңізге зәруміз. Сондықтан мен халық депутаттарын, барлық деңгейдегі атқарушы органдарды, республиканың азаматтарын жемқорлыққа, мафияға, экономикалық және жәй қылмысқа қарсы аяусыз күрес ашуға шақырамын. Бұл істе құқық қорғау органдары заңдық тұрғыдан, мемлекет және бүкіл халық тарапынан қолдау табуы қажет.

Біз бүгін қолға алып жатқан бұл шаруаны елімізді әлемдік өркениет арнасына алып шығудағы тарихи әрекет десек, онымыз қыздырмалы қызыл сөз болмайды. Ал оның табысты аяқталуы үшін, экономикалық және саяси өзгерістер өзара тығыз бірлікте және терең ойластырылған сабақтастықпен жүргізілуге тиіс. Бұл орайда қазір жобасын республиканың барша азаматтары талқылап жатқан тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдаудың зор маңызы болмақшы.

Конституциялық комиссияның атына түсіп жатқан ұсыныстардың көпшілігі қазақстандықтардың бүгінгі проблемаларды және оларды тиімді шешудің жолдарын терең түсінетінін көрсетуі мені қанағат сезіміне бөлейді. Мен экономикалық өзгерістерді жүзеге асырудың маңызды құралы атқарушы органдарды мейлінше күшейту деп санайтын адамдармен бір пікірдемін. Адамдар мемлекеттің күшін сезінуі үшін,

бүгінде атқарушы билік барынша қатаң болуға тиіс. Әйтпеген жағдайда, біз ешқандай реформаны жүзеге асыра алмаймыз.

Сіздердің назарларыңызды аударғым келетін тағы бір маңызды мәселе бар. Ол – республика халқының ұлтаралық келісімі мен бірлігін сақтау қажеттігі.

Біз республикадағы тұрақты ахуалды мақтан ете аламыз, солай десек те, әлдебір мазасыздық, әлденеге ұдайы алаңдаушылық сезімі, сірә, әркімнің басында бар шығар. Қоғамда ұлттық-патриоттық күштердің кереғарлануы күшейіп барады, мемлекеттік тіл туралы пікірталас соның бір көрінісі болды. Мұндай жағдайда мен мәселені сырттан бақылаушы ретінде қарап отыра алмаймын.

Бұл арада мен Қазақстанның жері, ұлтына және дініне қарамастан, республиканың барлық азаматтарының басты байлығы, ортақ Отаны екенін басшылыққа аламын. Бізде өзінен өзі қуыстанып тұратын, балаларының болашағына, отбасының аمانдығына алаңдаумен жүретін «өгей» адамдар болуға тиіс емес. Қазақстанда қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік тіл деп танылды. Бұл – нақты шындық.

Алайда кез келген тілді тек бір ғана декретпен мемлекеттік тіл етуге болмайды. Мәселенің мәні қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде нақты қалыптасуына қаржылық, ұйымдастырушылық, ғылыми-әдістемелік тұрғыда жан-жақты жәрдемдесуде болып тұр. Әрине, бұған жылдар бойғы табанды жұмыс қажет болады. Әрі бізге қазақ тілін оқытатын мамандар, тілді бала жастан үйретудің тиімді әдістемесі керек, себебі егде тартқан адамдарды оқытудан жөнді нәтиже шығуы екіталай.

Мынаны баса айтқым келеді: іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жөніндегі төрешіл-атқарушылардың иелігіне беріліп қойған ойсыз, шалағай шешімдердің зардабы көп болды, белгілі бір дәрежеде қоғамдық шиеленіс туғызды. Біз бірлесе отырып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі республика жұртшылығының едәуір бөлігін белсенді еңбек пен қоғамдық-саяси өмірден қағажу етпейтіндей оңтайлы жол табуға тиіспіз. Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасында келіп түскен ұсыныстар бойынша: мемлекеттік тілді білмегендік белгісі бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынады деп жазылған. Мұны орынды деп санаймын, сондай-ақ біздің Негізгі заңымыздың алғашқы жобасының: «Қазақстан Республикасының азаматтарына нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне... қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік беріледі. Азаматтарды кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынады» делінген бабына қарсылық білдірушілер де табыла қоймас деп ойлаймын. Бұл ереженің сақталуына кепілдікті мемлекет және Президент ретінде мен беремін.

Қазақстанда қазақ тілін оқытудың мемлекеттік жүйесін орнықтыру қажеттігін елегісі келмейтіндер де өз қателігін түсінер деп үміттенемін. Бұрынғы империялық ойлау жүйесінен қалған бұл сарқыншақ біздің егемен жас мемлекетімізде жойылатынына сенемін.

Бүгінде қоғамдық-саяси тұрақтылық республиканың әрбір азаматына байланысты. Бұл жай сөз емес екеніне сеніңіздер. Қазақстанның өзінде де, әсіресе, одан тысқары жерлерде де ұлт пен ұлттың арасында кездейсоқ тұтана қалған ұшқынның өзін ағайындар ара-

сындағы өзара қырқыстың алапат өртіне ұштастырып жібергісі келетіндер бар. Олар тіпті кәдімгі қылмыстың өзін ұлтаралық қақтығысқа айналдыра қоюдан да тайынбайды.

Әрине, біз жүргізіп жатқан реформалар жұрттың бәрінің көңілінен шыға қоймайды. Сондықтан да мен сіздерді азаматтық белсенділік танытуға, қандай әлеуметтік мәртебесі болса да өзгерістерге қарсылық білдірушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

Біздің сөреден аттанардағы жағдайымыз алдымызда тұрған нарықтық экономикаға барар жолды өзімізден бұрын жүріп өткен көптеген елдерге қарағанда анағұрлым тәуір. Олармен салыстырғанда, Қазақстанның табиғи байлығы да орасан артық, білікті адам ресурстары да көп. Бізде ғасырлар бойы қалыптасқан рухани және мәдени дәстүрлер бар. Әрі, ең бастысы, алға қойған мақсатқа қол жеткізуге, өркениетті әлемдік қоғамдастықта лайықты орынға ие болуға деген ынтызарлы құлшыныс бар. Осыларға сүйене отырып, біз Шығыспен Батыстың арасын жалғаушы буын бола алатын тарихи мүмкіндігімізді пайдаланып қалуымыз керек, біз үшін аясы тар мақсат емес, адамдардың әл-ауқатын арттырудың тиімді жолы болып табылатын нарыққа өтудің мерзімін неғұрлым қысқартуға тиіспіз.

Біздің болашағымызды мен тиімді нарықтық экономикасы бар, достас көршілері мен әлемдік қоғамдастықтың барлық мүшелерінің құрметіне бөленген еркін демократиялық мемлекетті құрудан көремін. Республиканың әрбір азаматының біздің мемлекеттігімізді, егемендігімізді нығайту қажеттігін сезінуі баршамыздың ортақ парызымыз екеніне мейлінше сенемін. Егемендіктің иесі – адамдардың жеке тобы емес, дара тұлға да

емес, бүкіл халық. Қазақстан халқының еркін орындай отырып, мен біздің республикамыздың кемелді мемлекет болуы үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын. Мен өз халқымның даналығына сенемін, өркендеу жолына тезірек шығуға деген құлшыныс менімен бірге миллиондаған қазақстандықтарға да тән деп сенемін, олардың қолдауына шын ниетпен үміт артамын.

Егер бәріміз Отанның бірыңғайлығы, мақсаттың ортақтығы сезіміне бойлай білсек, ойға алғандарымызды жүзеге асыратынымызға кәміл сенімдімін.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он екінші шақырылымының ІХ сессиясында
«Қазақстан Республикасы Конституциясының
жобасы туралы»**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 9 желтоқсан

Құрметті халық депутаттары!

Жаңа ғана ашылған Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясының, асырып айтпағанның өзінде, тарихи сипаты бар. Оның қарауына Қазақстан Республикасы тұңғыш Конституциясының – Негізгі заңының жобасы енгізіліп отыр. Біздің барлығымыз – қарапайым еңбеккерден бастап жоғары билікке ие адамдарға дейін сол бойынша өмір сүріп, жұмыс істейтін, өзіміздің тәуелсіз демократиялық егемен мемлекетімізді құратын боламыз. Біз бастаған

өзгерістердің табысты болуы, бүкіл сыртқы және ішкі саясат, барша Қазақстан қоғамының жақын және алыс перспективадағы әл-ауқаты мен тұрақтылығы біздің Конституцияның бүгінгі күнді қаншалықты нақты бейнелеп, оның ережелері мен қағидаттары ертеңгі күннің талаптарын қандай дәрежеде ескеретініне байланысты болмақ.

Біздің әрқайсымыз осы негіз қалайтын құжат 1977 жылғы үлгідегі «кемелденген социализмнің» театрландырылған инабатты жағдайда туып отырмағанын жақсы түсінуіміз керек, ал сол кезде көзжұмбай үлгі бойынша одақтас республикалардың соңғы конституциялары қабылданғанын білеміз. Бүгінде біз мүлдем жаңа тарихи және геосаяси шындық жағдайында өмір сүріп отырмыз және соны өзіміз айқын сезінуіміз керек. Бұрынғы біртұтас Одақ жоқ және біз соның қираған жұртында жаңа мемлекет орнатуға тиіспіз.

ТМД-ның қазіргі қалпындағы болашағы да көңілде зор оптимизм тудырмайтыны құпия емес. Орталықтан ауытқу үрдістері бұрынғы Одақ аумағында тұратын халықтардың өзара қарым-қатынасының мемлекетаралық, этносаралық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да формаларының барлық бағыттары бойынша қанат жайып барады. Ресейдегі қазіргі жағдай қатты алаңдаушылық туғызып отыр, онда билік жолындағы күрес аясында тұрақсыздану үдерісі жүріп жатыр, біртұтас Ресей мемлекетін шын мәнінде бөлшектеуге шақырған үндеулер айтылуда. Бізді Тәжікстандағы, Әзірбайжандағы, Армениядағы, Грузиядағы және басқа мемлекеттердегі істің жағдайы алаңдатпай қоя алмайды. Онда болып жатқан оқиғалар, әрине, тұтастай

саяси ахуалға және, жекелей алғанда, Қазақстандағы жағдайға ықпал етеді.

Сондықтан өзге елдердің ішкі ісіне араласпау қағидатын қатаң ұстана отырып, біз болып жатқан оқиғаларды мұқият талдап, дипломатиялық жолдармен, халықаралық құқық пен қалыптасқан уағдаластықтарға сүйеніп, қақтығыстар мен алауыздықтарды реттеуге жан-жақты жәрдемдесуге тырысамыз, экономикалық және гуманитарлық көмекті қоса, бітімгерлік және топтастырушылық іс-қимылдарды дамытып келеміз. Бұл біздің де ұлттық қауіпсіздігіміздің мүддесіне сай.

Біле білсеңіздер, мен кейбір мемлекеттердің басшылығында қалыптасқан ТМД-ға тек өркениетті «ажырасу» тетігі ретінде қарайтын көңіл-күйді жақтамаймын. Сондықтан да сіздердің бұлжымас қолдауларыңызбен мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша интеграциялық саясатты жүргізіп келемін. Бұл үшін ТМД Мемлекет пен Үкімет басшыларының кеңестерін, Парламентаралық ассамблеясын, Министрлер кеңесін, Үйлестіру-консультациялық экономикалық кеңесті, Банк одағы мен Мемлекетаралық банкті, Шаруашылық сотын құру жөніндегі бастамалар біздің тараптан жасалғанын еске алсақ та жеткілікті. Минскідегі кезекті кездесуге Мемлекетаралық сот құру туралы ұсыныс әзірлеп жатырмыз, ол пайда болған мемлекетаралық және ұлтаралық даулы мәселелерді сыпайы түрде, құқықтық тұрғыдан қарар еді. Біз сондай-ақ Достастықтың ортақ қорғаныс мүдделері аясында да бастамалар жасадық. Жер-жердің бәрінде – Солтүстік Америкада, Батыс Еуропада, Оңтүстік-Шығыс Азияда өңірлік-экономикалық қоғамдастықтар мен әскери-саяси одақтарда күштерді қайта топтастыру

жүріп жатқан қазіргі уақытта осының барлығы ерекше маңызды.

Мұның бәрі бүгін қаралып отырған мәселемен де тікелей байланысты: тек берік конституциялық іргетас, нақты заң кепілдіктері мен өкілдіктері болғанда ғана, мемлекеттік саясатты неғұрлым табысты әрі сенімді жүргізуге болады.

Таңдап алынған бағытпен барынша салыстырылған Конституция қазір біздің өзімізге де ішкі проблемаларымызды шешу үшін бұрынғыдан да аса қажет. Ал олар көптеп шоғырланып қалды. Өкінішке қарай, әзірге біз экономикалық үдерістерді дамытудағы стихияны ауыздықтай алған жоқпыз. Әлеуметтік-саяси ахуал жеткілікті дәрежеде тұрақты емес. Экономикалық құлдырауды тоқтата алмадық; негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің серпіні бұрынғысынша нашарлай түсіп, өнеркәсіп өндірісі төмендеуде, әл-ауқат деңгейі құлдырап, төлем балансы қиын жағдайда қалуда. Инфляция мен баға өсуінің бізге сырттан таңылған қатерлі қарқыны, көптеген тауарлардың, ақша және валюта қаржыларының жетіспеуі, реформаларды жүзеге асырудағы қателіктер – осының бәрі мұндай жағдайда болмай қоймайтын әлеуметтік кеселдердің қылмыс, имандылықтан айрылу, масылдық сияқты көріністерімен үстемелене келгенде қоғамдық көңіл-күйге жақсы әсер ете қоймайды. Ащы да болса мынаны айтқым келеді: егер біз осы келеңсіз үдерістерді тоқтатып, дұрыс арнаға түсе алмайтын болсақ, кез келген биліктің, мейлі ол заң шығарушы, атқарушы немесе сот билігі болсын, көк тиындық құны жоқ.

Сонымен бірге, жағдайға объективті баға беру үшін, таңдап алған жолымызда біздің көптеген істерді

тындыра алғанымызды атап өтуге міндеттімін. Республикада да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де жетіп артылатын күмәншілдер мен мысық тілеулілердің болжамдарына қарамастан, реформалар бізде, ТМД-ның рубль аймағын тұтастай алғандағыға қарағанда, едәуір мақсатты әрі нәтижелі түрде жүзеге асырылды. Нарықтық реттегіштердің жаңа өскіндері айқын бола түсті.

Жекешелендіруді алып қарайықшы. Бүгінгі таңда Қазақстандағы республикалық және коммуналдық меншіктің 4,5 мыңнан астам әртүрлі объектілері қайта құрылды. Олардың бағалану құны – 21 млрд сомнан астам. Өнеркәсіпте орта және ірі кәсіпорындарды акционерлеу қанат жайды. Аграрлық секторда 447 кеңшар жекешелендірілді, шамамен 9 мың шаруа қожалығы 3,5 млн гектар жердің иесі болды. 294 мың қазақстандық отбасылары жалпы көлемі 29 мың гектар саяжай телімдерін алса, 1 млн-нан астам қала және ауыл еңбеккерлерінің бау-бақшалық жері бар. Сиырдың жалпы санының тең жартысы, қойдың бестен бір бөлігі, жылқының үштен бірі мен шошқаның төрттен бірі жеке шаруашылықтарға шоғырланған. Бүкіл мал шаруашылығы өнімділігінің тұрақты өсу үрдісі нақ соларда қалыптасуда. Біз зәру азық-түлік тағамдарын, мысалы, қант, өсімдік майын, кондитер, спирт-арақ, алкогольсіз ішімдік және темекі бұйымдарын өндірудің құлдырауын тоқтатып қана қоймай, бірқатар жағдайларда арттыра да алдық.

Біздің ауыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында қамбаға 33 млн тоннадан астам астық құйылды. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген сұранысы қамтамасыз етілді. Қажетті мөлшерде жемшөп да-

йындалды. Май және техникалық дақылдарды өндіру шамамен екі есе өсті.

Бюджет қаржысын тарту және едәуір дәрежеде теңгермелеп бөлу халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі бірқатар елеулі шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мысалы, бағаның ырықтандырылуы мен өсуіне байланысты ең аз жалақы мен зейнетақы өсіру жағына қарай қайта қаралды, күнкөріс минимумының өзгеруіне байланысты оларды қайта есептеу тәртібі белгіленді. Еңбекшілердің өз еңбегінің нәтижесіне ынтасын арттыру мақсатында жалақыға қойылған барлық шектеулер алынды. Мемлекеттік кәсіпорындарға басшылық жүргізу демократияландырылып, оларға экономикалық қызметте кең дербестік берілді.

Өткен кезең біз үшін халықаралық қатынастарды құру тұрғысынан да айрықша мәнді болды. Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ға, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Монғолияға, Пәкстанға, Үндістанға жоғары деңгейдегі сапарлар жасалды. Олар үкіметтік, парламенттік, саяси байланыстарды нығайтып, өзара тиімді ынтымақтастықтың іргетасын қалауға көмектесті. Республикаға несие беруді, инвестицияларды өзара ынталандыру мен қорғауды, бізге кадрлар даярлауды, бірлескен қызметті көздейтін ірі ауқымдағы шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық валюта қорына, Еуропа қайта құру және даму банкіне кірді, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің жұмысына қатысуда, басқа да халықаралық ұйымдармен іскерлік қатынастар орнатты.

Мен осының барлығы жөнінде әдейі жинақтап айтуды ұйғардым. Егер біз бүгінгі таңда қалыптасқан қолайлы жағдайларды – республикамыздағы сақталған тұрақтылықты, адамдардың өзімізге деген қалтқысыз сенімін, әлемдік қоғамдастықтың бізге деген құрметін пайдалана алмасақ, онда біз тарихтың, келер ұрпақтардың, өзімізге билік тізгінін ұстатқан халқымыздың алдында, сайып келгенде, өзіміздің ар-ожданымыздың алдында кінәлі болатынымызды айрықша атап көрсеткім келеді. Тарих алдымызға тартып отырған мүмкіндіктерді іске асырып, оны туған республикамыздың игілігі жолындағы үдерісті жеделдету үшін толық пайдалану – біздің парызымыз.

Сондықтан біздің әрқайсымыз өзіміз қабылдаған жауапкершілік деңгейін айқын сезінуге тиістіміз. Сессияда біздің Негізгі заңымыздың жобасын талқылау бір сәттік саяси немесе өзге де мүдделерді діттемей, қайта сындарлы сипатқа ие болып, ең алдымен өзімізді сайлаған халық пен мемлекеттің мүдделерін білдіреді деп шын пейілмен үміттенемін. Мен нақ осындай көзқарасқа сенемін және сіздерді ынтымақтастыққа, ақылдылық пен байыптылыққа шақырамын. Осы сессия ізгі дәстүрлердің бастауы болсыншы. Қазір мұның тек Қазақстан үшін, оның болашағы үшін ғана емес, сонымен бірге, бүкіл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен барша дүние жүзі үшін бұрынғы қай кездегіден де зор маңызы бар.

Құрметті халық депутаттары!

Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын алғашқы оқылымнан кейін қабыл-

дап және оны бүкілхалықтық талқылауға ұсынғаннан бері жарты жылға жуық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде барлық облыстық және төменгі жергілікті Кеңестердің сессиялары өтіп, жобаны қарады. Ол еңбек ұжымдарында және азаматтардың тұрғылықты жерлері бойынша өткен жиналыстарда талқыланды. Республика баспасөзінде 500-ден астам әртүрлі мақалалар жарияланып, бұл тақырып теледидар мен радио бағдарламаларында талқыланды. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың өкілдері өз пікірлерін білдірді. Мен халықтың жоғары белсенділігін қанағаттанған сезіммен атап көрсетпекпін. Жаңа Конституцияның жобасын талқылауға 3 млн-нан астам адам қатысып, олар 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер енгізді.

Сонымен бірге, жобаны қараған тынымсыз сарапшылық жұмыс та жүргізілді. Ресейдің, Беларусьтің, Қырғызстанның, Украинаның Негізгі заңдарының жобаларын әзірлеушілермен консультациялар өткізілді. Конституциялық комиссия Адам құқықтары жөніндегі халықаралық қауымдастықтың, АҚШ Конгресі кітапханасы Зерттеу орталығының мамандарын, белгілі судьяларды, университеттердің профессорларын біріктіретін Адвокаттардың америкалық қауымдастығының қорытындыларын алды. ЕҚЫК-тың адам құқықтары жөніндегі тобы мүшелерінің, Францияның, Данияның, АҚШ-тың және басқа да біраз елдердің жоғары білікті құқық мамандары айтқан ескертпелер назарға алынды.

Конституция жобасы әкімшілік басшылары мен жергілікті Кеңес төрағаларының республикалық кеңесінде талқыланды. Мен Конституциялық кеңестің мүшелерімен, қоғамтанушы ғалымдармен және заң-

герлермен бірнеше дүркін консультациялар өткіздім, комиссия мәжілістері аралығында жұмыс топтары тұрақты әрекет үстінде болды.

Конституциялық комиссия алғашқы оқылымда халық депутаттары айтқан, сонымен бірге, бүкілхалықтық талқылау барысында да келіп түскен ұсыныстар мен ескертпелерді ескере отырып, жобаны жетілдірді және оны Жоғарғы Кеңес қарауына ұсынып отыр.

Комиссия жарияланған мәтінге өзгерістер мен толықтыруларды көбінесе әралуан, кейде бір-біріне кереғар көзқарастар айтылған өткір пікірсайыстардан кейін енгізгенін сіздердің естеріңізге салуға тиістімін. Қабылданған шешімдер де бірауыздан қабылдана қоймай, көбіне-көп аз ғана дауыс артықшылығымен өтті. Бұл жобаның белгілі бір шамада ымыраға келтірілгенін, сондай-ақ кейбір ережелер мен баптардың жеткіліксіз әзірленіп, сессияда одан әрі талқылауға алғышарттар жасағанын көрсетеді. Сондықтан оны сіздерге ұсына отырып, бірінші кезекте жаңа жайттарды сипаттап, сонымен бірге, республика Президенті әрі Конституциялық комиссияның төрағасы ретінде аса маңызды және пікірсайыс туғызатын проблемалар бойынша өз пікірімді айту құқығын пайдаланбақпын.

Конституция жобасы ең алдымен өзінің құрылымы бойынша өзгерді. «Мемлекеттік қызмет» тарауы алынып тасталды да, бұл орайда мемлекеттік қызмет туралы қағидатты ережелер үшінші бөлімдегі «Жалпы ережелер» тарауының бір бабында баяндалды. Бұл салада заң шығару жолымен реттеу тәжірибесінің жоқтығы және Конституцияда мұндай тараудың болуы заң шығарушыны арнайы заң әзірлеп, қабылдау кезінде аса қатаң тығырыққа тіреуі мүмкін екендігі мойындалды. Оның

үстіне, мемлекеттік қызметті конституциялық жолмен реттеп отыру әлемдік тәжірибеге тән сипат емес.

Конституция жобасы оның құрамдас бөлігі болып табылатын өтпелі ережелермен толықтырылды. Олар Конституцияны күшіне енгізу тәртібі туралы бұрынғы заңның орнына ұсынылып отыр.

Қағидатты көзқарас тұрғысынан республиканың федеративтік құрылымы туралы, жобадан өлім жазасын қолдану мүмкіндігі жөніндегі норманы алып тастау туралы, қоғамдық бірлестіктерге заң шығару бастамасы құқығын бекітіп беру туралы, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын беру туралы, екі палаталы парламент құру туралы, Президентке тек қана мемлекет басшысы міндетін бекіту туралы ұсыныстар қабылданған жоқ.

Енді Конституция жобасының мазмұнындағы баптар бойынша өзгерістер туралы. Айтарлықтай түзетулер енгізілмеген үш бөлімнің бірі – кіріспе. Бүкілхалықтық талқылау барысында оның әртүрлі нұсқалары ұсынылды, олардың мәні екі қағидаға – қазақ ұлтына мемлекет құраушы ретінде баса назар аударуға және, керісінше, мұны жасамауға келіп түйісті. Біз мұның екеуін де қанағаттанғысыз деп таптық.

Конституциялық құрылыстың негізі жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелердің елеулі бөлігі тілдердің мәртебесіне қатысты болды. Конституциялық комиссия осы даулы мәселе бойынша республикада тілдер мәртебесіне қатысты негізінен тіл туралы заң нормасын, бірақ бүгінгі күннің ақиқатын ескере отырып, ой елегінен өткізіп барып пайдалану мүмкіндігін ескерді. Гәп мынада: осы заңда қолданылған «ұлтаралық қатынас тілі» деген терминнің, бұған дейін әлденеше рет

атап өтілгеніндей, нақты заңдылық жүктемесі жоқ. Ұлтаралық қатынас тілі қызметін азаматтардың өзара келісімі мен таңдауы бойынша кез келген тіл атқара алады. Баршаны толғандырып отырған осы проблеманың шешімін табуға ұмтылып, біз бір нәрсені – тілдер мәртебесі туралы конституциялық норма республикада тұратын барлық ұлт өкілдері үшін біріктіруші бастау болуы керек дегенді басшылыққа алдық.

Біздіңше, негіздердің 8-ші тармағының жаңа редакциясы орыс тілінің мемлекеттік тілмен қатар еркін қызмет атқаруын қамтамасыз етеді және әрбір азаматтың ана тілін пайдалану құқығына кепілдік береді.

Тіл проблемасы адамдардың белгілі бір бөлігін толғандырып отырғанын біз жақсы білеміз. Бұл арада да жылпостық, кейбіреулердің белгілі бір ұлттар мүддесінің жоғын жоқтаушылар ретінде өздеріне назар аударту ниеті жоқ емес. Сондықтан осы мәселені талқылау кезінде бізге аса сақтық, ұстамдылық пен парасаттылық қажет.

Бұған дейін қабылданып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берген тілдер туралы заңның күшін жою жайында мәселе қою дұрыстыққа мүлдем жатпайды деп ойлаймын. Қазір қолданыстағы заңды қайта қарау қазақ ұлтын тек өз мемлекетінің ішінде ғана емес, сондай-ақ бұрынғы Одақтың басқа егемен мемлекеттерімен салыстырғанда теңсіз жағдайға қояды.

Екінші жағынан, егер Қазақстанда тұратын басты екі этностың арасында егес туса, бұдан баршаның ұтылатынын әрқашан есте сақтау керек. Сондықтан Конституцияда біздің орыс тілді азаматтарымыздың құқығы кемсітілмейтініне айқын кепілдік берілуі тиіс. Біз ондай шешім табатынымызға мен сенемін.

Негіздердің 6-шы тармағына биліктің үш тармағы өз қызметінде басшылыққа алатын негіздерді айқындайтын және біздің билік бөлу үлгіміз тежемелік пен теңгермелік жүйесін пайдалануды көздейтінін көрсететін ережелер енгізілген. Бұл қағидаттар мемлекет туралы тарауда дамытылған.

Конституция жобасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы тарау басты орын алды. Дегенмен бірден мынаны айта кетейін: меніңше, бөлім баптарының бір бөлігі, ал олар 30 шамалы, республикадағы нақты жағдайды, қазір орын алып отырған және келешекте де болатын қиындықтарды ескермеген, олар азаматтардың міндеттерімен де өзара байланыстырылмаған. Бұл ережелерді демократия жағдайында жүздеген жылдар тұрып жатқан мемлекеттердің конституцияларынан көшіре отырып, нарықтық экономика жағдайында қамтамасыз ете алмайтын құқықтарды біле тұра жариялап, біз бос даңғазаға ұрынған болар едік. Сондықтан, менің білуімше, бірқатар баптарды тек редакциялап қана қоймай, солардың қайсысын жүзеге асыруға болатындай сенімді кепілдік жүйесімен қамтамасыз ете алатынымызды мұқият ойластыруымыз керек.

Жобадағы базалық құқықтар мен бостандықтарды жариялайтын бірқатар баптарда қазіргі заңнамаға жасалған сілтемелерге айрықша назар аударылды. Осындай сілтемелердің болуынан конституциялық құқықтар мен бостандықтарды едәуір шектейтін немесе жоққа шығаратын ықтимал қауіп аңғарылады. Бұл туралы, сондай-ақ, жоба жөніндегі беделді халықаралық ұйымдардың қорытындыларында да айтылған. Өз тарапымынан айтарым: мұндай сілтемелердің көптігі

тек осы тарауда ғана емес, олар бүкіл жобада дерлік тарыдай шашылып жатыр. Мұның қажеттігіне менің өз басым күмән келтіремін. Демек, Конституцияны оқып шығып, оны түсіну үшін қолға республика заңдары мен нормативтік актілерінің толық, көптомдық жинағын ұстап отыру керек.

Бұдан әрі, негіздердің 3-ші тармағындағы екінші бөлімнің орнына конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруда шектеу мүмкін әрі қажет болатын жағдайды реттейтін жалпы норма беру ұйғарылды. Мұндай норма халықаралық-құқықтық құжаттарға, атап айтқанда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге және әлемдік конституциялық практикаға сәйкес болуы тиіс. Осыған байланысты 2-ші баптың құқық пен бостандықты заңдармен шектеудің ықтималды жағдайлары мен тәртібін нақты реттеуге мүмкіндік беретін жаңа редакциясы ұсынылды.

Жобаның бесінші тарауы бойынша ұсыныстар мен ескертулер барынша көп түсті. Олардың едәуір бөлігі экономикалық және әлеуметтік құқықтардың конституциялық кепілдігін нығайтуға бағытталған. Бірақ, тұтастай алғанда, мұндай ұсыныстар қалыптасып келе жатқан нарықтық экономика ақиқатын ескермейді, қазіргі қоғамға үлестірушілік, масылдық психологиясының көңіл күйін таратады. Жобаның әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер туралы мәселедегі табиғи байсалдылығы, өкінішке қарай, ауыр қабылдануда. Бір ерекшелік, КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясындағы тиісті баптардың тұжырымдамаларын бәз қалпында қайталауды жақтаушылар да аз емес.

Жобада еңбекке деген құқық туралы ереженің болмауы қатты қарсылық туғызды. Дегенмен, ойланып

қарайықшы: мемлекет кепілдік берген «еңбек ету құқығы» идеясының өзі теңгермешілік психологиясы билеген жағдайда, ал мүшелерінің қажырлы, жоғары өнімді еңбекке деген табиғи ынталандырушысы болмаған қоғамда ғана тууы мүмкін ғой. Алайда, біздің қоғамымызда терең тамыр тартқан дәстүрді – еңбек ету құқығының маңызды әлеуметтік жеңіс деп есептелгенін де ұмытуға болмайды. Еңбек ету құқығы көптеген халықаралық-құқықтық құжаттарда жарияланғанын да ескеру қажет. Жобаның жаңа бабы осы тұрғыдан ұсынылып отыр.

Республика азаматтарының медициналық қызмет көрсету мен білім алу құқығына кепілдікті нығайту қажет деп танылды. Мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық жәрдемнің тегін көрсетілетіні, жалпыға бірдей және тегін негізгі орта білім алуға, сондай-ақ мемлекеттік оқу мекемелерінде тегін арнаулы орта және жоғары білім алуға кепілдік берілетіні туралы нақты айту қажет.

Конституцияда мұндай қағидалардың болуы нарықтық экономика талаптарымен сәйкеспейтіні туралы пікірлер айтылды. Сондықтан жобада денсаулық сақтау мен білім берудің жеке жүйелерін дамытуға кең жол ашылған. Сонымен бірге, мемлекеттік денсаулық сақтау және білім беру мекемелерін шектен тыс коммерциялауға жол беруге болмайды. Олардың материалдық базасы бірнеше ұрпақтың еңбегімен жасалды, ал оларды қаржыландыру салық төлеушілердің қаржысы есебінен негізінен бюджет арқылы жүзеге асырылып келді. Осындай жағдайда республика азаматтарын мемлекеттік мекемелерде тегін медициналық қызмет пен білім алу мүмкіндіктерінен айыру адамгер-

шілікке жатпайды. Сонымен бір мезгілде, сірә, жоғары және арнаулы орта оқу орындары үшін коммерциялық қызметпен айналысу мүмкіндігін қарастырмауға тағы болмас.

Азаматтардың негізгі міндеттеріне арналған 6-тарауда конституциялық міндеттер шеңбері елдің мемлекеттік рәміздерін құрметтеу міндетімен толықтырылды. Бұл ереже мемлекеттің беделін нығайтуға бағытталған және біздің мемлекеттілігіміздің белгілерін құрметтеу сезімін дамытуға ықпал ететін болады.

«Экономика негіздері» тарауынан ұжымдық меншік туралы ұғым алынып тасталды. Бұл біркелкі қабылданбай отыр. Бірақ өркениетті дүниеде меншіктің екі түрі – жеке және мемлекеттік меншік белгілі екенімен де санаспауға болмайды. Бұл ретте жеке меншікке тек жекелеген азаматтардың меншіктері ғана емес, сонымен бірге, олардың бірлестіктерінің де – акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және т. б. меншіктері де жатады. Сондықтан ұжымдық меншік санатынан бас тарту ұжымшарлардың, артельдердің құқық субъектілігін конституциялық негізінен айырмайды. Осы аталған шаруашылық жүргізуші субъектілердің қайсысын жеке меншікке (яғни, олардың меншігіндегі азаматтардың нақты үлесін айқын бекітіп), қайсысын мемлекеттік меншікке жатқызу қажет екенін айқындап алу керек. Қоғамдық бірлестіктердің (соның ішінде кәсіподақтардың) меншігін ұжымдық санатқа жатқызу үшін де дәлелді негіздер жоқ. Қоғамдық бірлестіктердің меншігінде белгілі бір ерекшеліктері бола тұрса да, дүние жүзінің ешбір елінде оны бұл санатқа жатқызбайды. Әдетте, олардың меншігінің құқықтық режимі жеке меншіктің құқықтық режиміне жақындастырыла белгіленеді.

Тарауда кәсіпкерлік еркіндігі тек жеке құрылымдарға қатысты екені айқын айтылған. Мемлекеттік құрылымдарға кәсіпкерлік еркіндік беруге болмайды, өйткені бұл оларды коммерциялануға апарып соқтырып, тиісті мемлекеттік қызметтерін орындауын мейлінше қиындатады. Бұл ретте мемлекеттің меншік иесі ретіндегі құқығы шектеліп қана қоймай, өмірлік маңызы бар салаларын қоса, республика экономикасының басқарылуына да қатер төндіреді.

Конституция жобасындағы ең күрделі тараулардың бірі – «Мемлекет, оның органдары мен институттары» тарауы. Бұл әбден түсінікті де, неге десеңіз, мемлекеттік билікті ұйымдастыру – аса маңызды конституциялық мәселе.

Сіздерге ұсынылған жобада «Жоғарғы Кеңес», «Президент», «Министрлер Кабинеті», «Мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы және жергілікті басқару» тараулары кейбір өзгерістерге ұшырады. Егер олардың сессияға ұсынылған күйіндегі мәні туралы айтатын болсақ, онда ол төмендегідей.

Жоғарғы Кеңес бірден-бір заң шығарушы орган ретінде анықталған, ал бұл билікті мемлекеттік деңгейде бөлу қағидатына сай келеді. Сөйтіп, кеңестердің бірыңғай жүйесі туралы дағдылы ой бұзылады. Шынында, кеңес жүйесі пирамидасының шыңында тұрған жоғарғы орган болуының өзі тым проблемалы ғой. Осыны негізге ала отырып, бізге заң шығарушы орган атауының нұсқаларын да талқылау керек. Біз сіздердің назарларыңызға талқылау барысында ең көп қайталанған тұжырымдамаларды ұсынамыз. Атауды таңдау кезінде заң шығарушы органның басты мақсатын, оның өкілеттігінің, қызметінің мазмұнын, қалып-

тасуы мен қызметінің тәртібін, Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен ұлттық дәстүрлерін басшылыққа алу маңызды деп ойлаймын.

Жоғарғы Кеңес депутаты республика халқының өкілі болатындығы туралы ереже осы тарауға біршама жаңалық береді. Бұл депутат ең алдымен өз сайлаушыларының мүддесін білдіретін, олармен аманаттар арқылы байланысты болатын үзілді-кесілді мандаттан бас тартуды білдіреді.

Жобада Президенттің өкілеттігі анықтала түскен. Оның халыққа және Жоғарғы Кеңеске үндеу тастау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындау құқығы енгізілді. Президент өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өту рәсімі өзгертілді. Президент билігінің жоғарыдан төменге дейінгі бүкіл сатысының кешенді конституциялық реттемесі берілген, оны абсолюттендірудің мүмкін еместігінің кепілдіктері күшейтілген.

Жобаның Министрлер Кабинетіне арналған нормаларын пысықтау кезінде комиссия біреудің шетелдік тәжірибесін таза күйінде біздің негізге көшіре салмай, қайта неғұрлым қолайлы үкімет жүйесін құру ниетін басшылыққа алды. Нәтижесінде мынадай конституциялық үлгі ұсынылады: атқарушы билік басшысы ретінде Президент – Президент жасақтайтын күшті Министрлер Кабинеті – үкімет жұмысына тікелей жедел басшылық жүргізу үшін қажетті өкілеттіктері бар Премьер-министр.

Мұндай үлгі, сайып келгенде, соңғы екі жыл бойы осы салада жүргізілген реформаны аяқтауға, Президенттің мемлекет басшысы міндетін атқаруына қажетті назар аударуына, ал Министрлер Кабинетіне, өз тара-

пынан, парасатты дербестік шеңберінде бастамашыл әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы тарауда осы жүйенің тек басты қағидаттары мен элементтері көрсетілген, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өкілеттігін, олардың құзырлығын белгілейтін нормалар алып тасталған. Жергілікті билік жүйесі реформалану, ұтымды құрылымдарды ұдайы іздестіру үдерісінде екенін ескере отырып, бұл мәселелерді күнделікті заңнамамен реттеу ұсынылады.

Алайда аталған тараулардағы жаңалықтарға сипаттама бере отырып, сіздерді бұл мәселе бойынша мейлінше алуан түрлі пікірлердің бар екендігінен де хабардар еткім келеді. Тек бүкілхалықтық талқылау барысында ғана тарауға шамамен 4 мыңдай ұсыныстар мен ескертулер келіп түсті. Демек, адамдар мемлекет органдары мен институттарының құрылымы қандай болатынына, олардың өзара іс-қимылы қалай жолға қойылатынына шындап алаң болып, біздің барлық өзгерістеріміздің табысы осыған байланысты екенін дұрыс болжап отыр. Сонымен бірге, мұнда белгілі бір проблемаларды шешуге тек тұжырымдамалық көзқарас қана емес, сондай-ақ тіпті жекелеген сөйлемдердің редакциясы да маңызды рөл атқаратынын жоба мәтінін әзірлеу үдерісінің өзі де растайды. Сондықтан сессия қарсаңында мен Жоғарғы Кеңеске қабылданбаған ережелердің нұсқаларын, дәлірек айтқанда, олардың бір бөліктерін ұсынып, конституциялық нормалардың тұжырымдамаларына сіздердің мұқият қарайтындықтарыңызға сенім арттым. Біз іскерлік жағдайда ақиқат тек біздің жағымызда демей, келіп түскен барлық ұсыныс-

тарды ой елегінен өткізіп, нені қабылдайтынымыз бен нені қабылдамайтынымыз туралы келісуге тиіспіз. Мен осындай талқылауды жақтаймын.

Конституциялық комиссияның ұжымдық еңбегі аяқталды, ұсынылған жоба сіздердің қолдарыңызда, бірақ осының қарсаңында көптеген депутаттармен сұхбаттасқанымда маған мәлім болғанындай, әлі де бірталай күмән қалып отыр, ондай күмән менде де бар. Осыған байланысты оларды ортаға салуды өзімнің борышым деп білемін. Мені дұрыс түсініңіздер, сіздерге Конституциялық комиссияның ғана пікірін баяндап және кейбір проблемаларды өзімнің қалай көретінімді айтпасам, оным сіздердің ғана емес, сондай-ақ бүкіл қазақстандықтардың алдында дұрыс және де әділ болмас еді. Бұл ретте бүкіл халық сайлаған Президент ретінде барша республика жұртшылығының алдында оның тағдыры үшін, таңдаған бағытымызды, сайлаушылар қолдаған президенттік тұғырнаманың қағидаттарын жүзеге асыру үшін жеке-дара жауап беретінімді басшылыққа аламын. Мұны қалай, қандай тетіктерді пайдалана отырып, қандай ретпен істеу керек екендігіне қатысты өз түсінігім де бар. Және бұл түсінік ешкімге де құпия емес. Мен оны өзімнің бүкіл сөздерімде ұдайы баяндап, өз қызметімде жүзеге асырып келемін.

Осыған байланысты біздің жобаны егжей-тегжей талдай келіп, өзім жауабын таба алмаған бір сұрақты қойғым келеді. Тегі, біз қандай мемлекеттілікті, қандай республиканы құрып жатырмыз – президенттік пе, әлде жартылай президенттік пе, парламенттік немесе қандай да болсын басқа бір түрін бе? Бәріміз болып, біздегі президенттік республика екеніне тоқталған сияқты едік және соны халқымызға жария еткен де болатынбыз.

Бірақ жобада мұндай республиканың барлық белгілері бұлыңғыр, ал кейбіреулері мүлдем жоқ қой.

Мені алаңдататын және кең пікірсайыс тудырған басты жайттардың бірі – Жоғарғы Кеңестің, Президент пен Үкіметтің өзара арақатынасы, атқарушы билік органдарының құрылымы, құрамы мен құзыры.

Жоба бойынша Министрлер Кабинетін құру және оның қызметі парламенттің нақтылы бақылауымен жүзеге асырылады. Бірақ Жоғарғы Кеңес Президенттің Министрлер Кабинетінің жекелеген мүшелерін тағайындауы мен босатуына келісім беретінін белгілейтін ереженің осал жерін айтпай кетуге болмайды. Оның үстіне 89-шы бапта: «Кабинет Президент алдында жауап береді және оның алдында өкілеттігін тапсырады» деп мәлімделген. «Министрлер Кабинетінің осы жекелеген мүшелерінің» құрамын кім және қандай формада белгілейтіні туралы мәселе аяғына дейін анықталмаған. Әрі десе, оны қандай белгілері бойынша анықтайды, ол бір ретке немесе мәңгілікке бекітіле ме, әлде өзгеріп отыра ма? Істің басқа, нақты жағы да бар: Президент министрліктерді құру және басқару, олардың басшыларын басқа қызметке ауыстыру құқығына ие. Бірақ, тағы да, Президент депутаттардың еркіне тікелей тәуелді болып отырса, осы құқығын ол қалай жүзеге асырмақшы?

82-ші және 90-шы баптарда Президент жарлықтар мен өкімдер, ал Министрлер Кабинеті республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар актілер шығарады деп белгіленген. Президент сондай-ақ тапсырма бағытындағы және күші бойынша белгілі бір салаға таралатын қаулы да шығара алар еді деп есептеймін. Премьер-министр Кабинетке жетекшілік етіп, оның қызметіне тікелей басшылық жүргізетіндіктен, Консти-

туцияда ол шығаратын актілердің нысанын атау және олардың заңды күшін көрсету орынды болар еді.

Экономикалық қайта құрудың қазіргі серпініне қарай экономиканың мемлекеттік секторы жедел басқаруға аса мұқтаж болып отыр. Сондықтан Министрлер Кабинеті Жоғарғы Кеңеске дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасын енгізе отырып, қосымша өкілеттіктер сұрап отырғаны бекер емес. Гәп мынада: бұрын қабылданып, кезінде өте көкейкесті болған және өзінің оң рөлін атқарған көптеген заңдар қазір нақты жағдайды бейнелемейді. Олардың кейбіреулері жұмыс істемейтіні былай тұрсын, қайта тежеуші факторға айналды. Әрине, заңға қажетті түзетулер жүргізілуде, бірақ, өкінішке қарай, өте кешіктіріліп жүргізілуде. Біз бұрынырақ шығарып, кезінде ілгерішіл жаңалық ретінде қабылданған кейбір заңдарымыз бен нормативтік актілеріміз, тексере келгенде, ақаулы болып шықты және дереу күшін тоқтатып, басқаша байыптауды қажет етеді.

Мұны нақты мысалмен дәлелдейін. Біз кезінде экономикалық еркін аймақ идеясымен әуестеніп әрі оны тиісті заңнамамен және үкімет актілерімен жүзеге асыруға барынша белсене әрекет еттік. Бірақ қазір, уақыт өткен соң, біздің біршама асығыстық жасағанымыз айқын болды. Мәселе мынада: қазіргі көзқарас, менің байқауымша, қолданыстағы Конституцияға да, біз жаңасына енгізіп жатқан нормаларға да қарама-қайшы келеді. Біз Қазақстан біртұтас мемлекет, жер, оның қойнауы, суы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғат ресурстары тек қана мемлекет меншігінде деп мәлімдейміз. Әрі бұл даусыз ақиқат: бүкіл дүние жүзінде табиғат байлықтары, шикізат қорлары мемлекеттің бақылауында болады.

Ал біз болсақ, өз актілерімізбен экономикалық аймақтарға – ал олардың ең бай шикізат ресурстары бар аумақтар екендігін ескеруіміз керек – ұлттық байлығымызды іс жүзінде бақылаусыз шашып-төгетіндей құқық беріп, жағдай жасаймыз, ал бүгінде ол – республиканың материалдық игілігі мен реформаны қамтамасыз етудің ең маңызды көзі. Ал маған мұның бұлай емес екенін, алдымызда «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман күтіп тұрғанын айтып, дәлелдеуге тырысқанда, мен оның барып тұрған популизм мен патшалық болмаса, дербес княздік құруға ұмтылыс екенін айқын түсінемін.

Осыған байланысты бізге Конституцияда жергілікті билік туралы мәселені шешіп, ақыр соңында осы маңызды проблеманың түйінін табу аса қажет деп ойлаймын. Жақында Конституциясын қабылдаған Өзбекстанда мұны жап-жақсы істей білді ғой.

Жергілікті билікті әрі-сәрі күйінде қалдыруға болмайтындығына мен өзімнің республика бойынша соңғы сапарым кезінде де, облыстардың, аудандардың басшыларымен, осы сессия қарсаңында халық депутаттарымен болған сұхбаттар барысында да көз жеткіздім.

Дұрыс түсініңіздер, мұны тек басқару құрылымын жетілдіру, қос өкіметтікке жол бермеу үшін ғана емес, сондай-ақ өзіміздің мемлекеттілігіміз бен егемендігімізді қорғау, тұрақтылықты, қоғамдық тыныштықты сақтау үшін де істеу керек.

Мұның басқа, бәлкім, саяси тұрғыдан келгенде әлдеқайда маңызды жағы да бар. Біздің экономикалық аймақтарымыз – көбінесе облыстар, яғни мемлекеттік әкімшілік-аумақтық бірліктер. Ал Конституцияда біз мемлекетіміз бөлінбес біртұтас деп барынша айқын және біржақты мәлімдейміз. Бұл нұсқадағы экономии-

калық аймақ, мен айтар едім, объективті түрде экономикалық сепаратизмді туғызады. Өзіміз нышандарын қазірдің өзінде байқап жүрген экономикалық және саяси сепаратизмге ұмтылушылық бағыттары бұл жағдайда бірігіп, бірін бірі күшейтегіні соншалық, оның салдарын болжап білу оп-оңай.

Бұдан да көбірек айтсам, бізде алаңдатарлық нышандар бой көрсетуде. Жақында өткен кейбір митингілерде Жоғарғы Кеңес пен үкіметке енді республиканың федерациялық құрылысы үзілді-кесілді тықпаланып, облыстар оның субъектілері болуға тиіс делінеді. Бірақ КСРО-ның ыдырауы нақ осындай сценарий бойынша жүргенін, қазір де кейбір республикалардағы оқиғалар осылай дамып, әрі қантөгіспен одан әрі ушығып отырғанын еске түсіріңіздерші. Біз мұндайға жол бере алмаймыз және жол беруге тиіс те емеспіз. Бұл – егемендікке, тұрақтылыққа, тіпті әрбір қазақстандық отбасының тыныштығына тікелей төнген қатер.

Дәл осындай митингілерде, бір жағынан, мемлекеттік қостілділікті енгізу осылайша үзілді-кесілді түрде ұсынылып жатса, екінші жағынан, басқа тілдердің қызметі туралы еске де алынбастан, тек қазақ тілін мемлекеттік деп тану талап етілуде. Біресе ана ұлттың, біресе мына ұлттың өкілдерін елден көшіріп жіберу жөнінде шаралар қолдануға шақырған үндеулер естілуде.

Бұлардың қай-қайсысына да біз: үзілді-кесілді талап қою тілі біз үшін қабылданбайды деп нық және бірмәнді жауап беруге тиіспіз. Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет екенін, қазірдің өзінде оның кез келген әпербақандарды тәубесіне келтіріп, қалыптасып келе жатқан мемлекеттілігін шайқалтуға жол бермейтіндей жеткілікті конституциялық мүмкіндіктері барлығын

бұлардың қай-қайсысы да түсінетін уақыт жетті. Осы жас мемлекеттің, қай ұлтқа, қандай әлеуметтік жікке, діни конфессияларға, саяси партияларға немесе қозғалыстарға қатыстылығына қарамастан, өз азаматтарының мүдделерінен артық ешқандай мүддесі жоқ. Кез келген егесушілік, кез келген шектен шығушылық халыққа, қатардағы азаматтарға қарсы әрекет етеді, баршаның бейбіт өмірі мен тыныштығын жарға тірейді.

Сондықтан, кәне, туындап жатқан барлық мәселелерді қызбалыққа салынбай, жалпы игілік мүддесі үшін байсалды қарастыратын болайық. Оларды біз үшін ешкім шешіп бере алмайды. Әрі олар өркениетті, әділ түрде, жауапкершілікпен талқылануға тиіс. Депутаттарды халық сайлаған, сондықтан олар жеке адамдардың емес, мемлекеттің барлық азаматтарының мүддесі үшін мұның шешімін табуға міндетті. Тек сонда ғана Жоғарғы Кеңес өз борышын орындайды.

Дегенмен экономикалық аймақтарға оралайық. Мен, бұрынғысынша, олардың болуына қарсы емеспін. Мен экономикалық мәселелердегі аймақтардың құқықтарын кеңейтуді жақтаймын, бірақ біздің бұл іске көзқарасымыз, ал ең бастысы – мақсаттарымыз қатаң салыстыра тексерілген болуы тиіс. Сондықтан Конституцияға мемлекеттіліктің міндетті белгісі ретінде бөлінбес ортақ экономикалық кеңістік ұғымын енгізуді ұсынар едім. Заңгерлер мұны дәлірек тұжырымдай алады.

Осындай шегінісім үшін кешірім сұраймын, мұндай жетілмеген актілердің алдағы уақытта да пайда болмайтынына біздің ешқандай кепілдігіміз жоқ деп есептеймін. Ол үшін ешкімді де кінәлағым келмейді. Бұл өзі едәуір дәрежеде объективтік үдеріс, біздің барлығымыз іс-қимыл үстінде үйренеміз және қателесуден

аман болмағымыз қиын іс. Дегенмен мұны қалайда реттеп, шұғыл амалын қамтамасыз ету үшін, Жоғарғы Кеңестің конституциялық нормалардың елегі арқылы белгілі бір кезеңге және қатаң белгілі мәселелер ауқымында қазіргі бар заңдардың нормаларын тоқтату, бәлкім, тіпті өзгерту жөнінде жарлықтар шығару өкілдігін Президентке беру құқығын көздеген жөн болар еді.

Өз атыма тоталитаризмге, авторитарлыққа қайтып оралды, демократиялық өзгерістер тоқтатылды дейтін наразылықтар мен сынның боларын, оның ішінде сырттан да айтыларын білемін. Тіпті, ол айтылып та жатыр. Бірден мәлімдеймін: ондай уәждерді қабылдамаймын, демократиялық үдерістердің қандай да болсын тежелуі туралы сөз болуы мүмкін емес. Мұның бәрі ең алдымен экономикалық реформаларды мүлтіксіз жүргізу үшін жасалып жатыр. Және, қайталап айтамын, олар қатаң регламенттелген өтпелі кезеңге арналған. Біздің басымызға түскен экономикалық бейберекеттік жағдайында мұндай шараларсыз болмайтындығына сенімдімін. Егер бізге осы кезеңге күшті атқарушы билік қажет болса, біз соған саналы түрде баруға тиіспіз.

Енді басқа да жайттар туралы. Мәселен, 65-ші бапта жазылған жайт күмән келтіреді. Оған сәйкес мемлекеттік салықтар мен алымдарды тек Жоғарғы Кеңес белгілейді. Бұл конституциялық реттеудің шаруасы еместігі айдан анық. Белгілі бір кезеңде осы өкілеттіктердің бір бөлігін үкіметтің немесе жергілікті билік пен басқару органдарының деңгейіне беру туралы мәселенің туатыны сөзсіз.

Конституция жобасының 119-шы бабына сәйкес, тізімге енгізілген азаматтардың жалпы санынан көп сайлаушылар кандидатурасын жақтап дауыс берсе,

Президент сайланды деп есептеледі. Бұл ретте Конституциялық комиссия мұның шын мәнінде республика азаматтары көпшілігінің еркін білдіретіндігін басшылыққа алды. Бірақ басқа көзқарасқа да негіз бар: бұл болжам талдамалары халықтың сайлау белсенділігінің төмендегенін көрсететін жағдайға қатысты. Ондайда дауыс беруге қатысқандардың көпшілігінен дауыс алу арқылы Президентті сайлау мүмкіндігін талқылаған орынды.

Тәжірибе көрсеткеніндей, Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен мемлекеттік кеңесшілер институты өзін ақтады. Бұл институттардың, әсіресе, Президенттің стратегиялық және тактикалық сипаты бар шешімдерін талдап жасаудағы рөлі айтарлықтай. Мемлекеттік кеңесшілер талдау, жоспарлау, үйлестіру, бақылау қызметтерін атқарады, сондай-ақ кейбір жағдайларда Президенттің тапсыруы бойынша мемлекеттік, әлеуметтік және мәдени құрылыстың жекелеген салаларын басқаруды жүзеге асырады. Осыған байланысты Конституцияға Президенттің консультативтік-кеңесші органдар құруына, мемлекеттік кеңесшілерді тағайындауға және қызметтен босатуға құқылы екенін жазудың мәні бар.

Бірлескен сындарлы жұмыс барысында мен айтып өткен заң шығарушы және атқарушы билік өкілеттіктерінің аражігін айқын ажыратуға бағытталған түзетулерді енгізуге болады деген сенімдемін. Өйткені мұнымен жұрттың бәрі де келіседі ғой.

Қарауға беріліп отырған жобада Жоғарғы сот басшылығындағы бірыңғай сот жүйесі ұсынылады, оның бір палатасы Конституцияны сот арқылы қорғау өкілеттігіне ие болады. Жобаны әзірлеушілер мұны сот жүйе-

сіндегі көп буындылық пен бытыраңқылықтың жойылуымен түсіндіреді, мұның өзі, біріншіден, сот билігін нығайтуға, екіншіден, бірқатар жайларға (бірыңғай процессуалдық негіздердің болуы, белгілі бір істердің соттылығы туралы дау туғызбау, судьяларды әртүрлі санаттарға бөлуді жою, біртұтас аппарат және басқалары) байланысты сот қызметін ұйымдастыруды жақсартуға және, үшіншіден, Конституцияны сот арқылы қорғауды жүзеге асыруда саясиландыруды болғызбауға мүмкіндік береді. Соттың міндеті, ең алдымен, Конституцияны қорғау болуға тиіс.

Бұл қосымша қазіргі Конституциялық және Жоғары арбитраждық соттарға қастандық немесе Конституцияны сот арқылы қорғаудан бас тарту ретінде бағаланбауы тиіс. Конституцияның өтпелі ережелері Жоғарғы Сот пен сот құрылысы туралы конституциялық заңдарды қабылдағаннан кейін бірыңғай сот жүйесін құруды көздейді. Оларды талдап жасау осы Конституцияны қабылдаған кезден бастап екі жылдан кешікпей аяқталуы тиіс.

Бірыңғай сот құру идеясы шүбәсіз қабылданбай отырғанын және даулы мәселелердің бірі екенін білемін. Осы бойынша тіпті «қолында билігі барлар» бірнеше үдерістерде өзін көрсеткен Конституциялық соттың сазайын беруде деген пайымдаулар пайда болды. Мен болсам, мұндай ұйғарымдарға бармас едім. Бұл менің идеям емес екенін, республиканың өзге басшыларына да күдік келтіруге болмайтынын айтуға тиістімін. Біз қазір сот-құқықтық реформаның табалдырығында тұрмыз және Конституция ауқымында Жоғарғы Кеңес осы мәселе бойынша бір шешімге келіп, сот жүйесінің болашағы қандай болмақ, ол өзгеруге тиісті ме, жоқ па

дейтін мәселені айқындауға міндетті. Егер тиісті болса, онда мазмұны мен мерзімі бойынша бұл реформаның қандай кезеңдерін айқындау керектігі және бар.

Бүкілхалықтық талқылау барысында судьяларды Президенттің тағайындауы туралы ұсыныстар түсті. Заңгерлер қауымы да осы пікір жағында. Халық депутаттары осыған назар аударулары тиіс деп ойлаймын. Бұл жағдайда Президент, мемлекет басшысы ретінде, судьялар тәуелсіздігінің кепілі ретінде болады. Олай болса, оның жанында сот әділдігін жүзеге асыруды ұйымдастыру мәселелерін қарайтын, судьяларды тағайындау мен ауыстыру жөнінде ұсыныстар және т. б. әзірлейтін Жоғары сот кеңесі жұмыс істеуге тиіс. Бұл жағдайда, идеяны жақтаушылардың пікірі бойынша, судьялар парламенттік партиялардың, депутаттардың толық мүдделерінің ықпалынан қорғалатын болады, ал мұндай ықпалдың болуы әбден мүмкін.

Біз қазір не себепті президент импичменті мен парламентті тарату мүмкіндігін белгілеуден принципінде бас тартқанымызды да түсіндіргім келеді. Мәселе, әрине, біреудің жеке жақсы көрушілігінде немесе жек көрушілігінде емес. Оның үстіне, нақ менің бастамашылығым бойынша Конституциялық комиссия Президенттің қызметінен бас тартуы мен парламентті тарату туралы баптың нұсқаларын екі рет қарап шықты. Грузия мен Тәжікстанда болған оқиғаларға жасалған талдау, Достастықтың басқа елдерінде президенттер мен парламенттер арасындағы қатынастардың даму серпінін зерттеу, сондай-ақ біздің саяси-құқықтық мәдениетіміздің деңгейіне берілген объективтік баға қазіргі күрделі жағдайда Президенттің қызметінен кетуі мен парламентті тарату тетіктерін белгілеу оларды тұрақ-

сыздандырушы елеулі факторға айналдырудың айқын қатері бар екенін көрсетіп отыр. Ал біздің бүгінгі басты міндетіміз – билікші институттардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, конституциялық дағдарыстың тіпті көлеңкесінің де пайда болуына мүмкіндік бермеу. Қазір билік аласапыранына жол беру – мемлекетті жаппай бейберекеттіктің құрдымына тарту деген сөз. Біз Жоғарғы Кеңес конституциялық өкілеттілігінің бүкіл мерзімін сөзсіз өтеуі тиіс дегенді негізге аламыз.

Бізге күллі депутаттық корпусы сақтау қажет. Қазір депутаттық өкілеттіктен бас тарту туралы мәселені әкімшілік басшылары шешетін де кез емес. Жаңа билік құрылымдарын құруға 1,5–2 жыл уақыт қалғанда сайлау науқанына тартылып, қоғамның саяси қуатын шығындау мүлдем негізсіз. Егер қажет болса, іс пен тұрақтылықтың мүддесі үшін қазіргі қолданыстағы заңдарға тиісті түзетулер енгізуге болады. Қазіргі Жоғарғы Кеңес нарыққа өтпелі кезеңнің заңнамалық базасын құруды бастады және мақсатты түрде жалғастыруда. Басталған істі аяғына дейін жеткізу керек.

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде саяси-құқықтық тұрақтылықтың өзіндік бір үлгісі бола алады және болуға тиіс.

Халық депутаттары жобада көрініс таппаған, бірақ Конституция мәтінін дайындау үстінде белсенді түрде талқыланған басқа да бірқатар конституциялық ережелерге қатысты көзқарастарын айтады деп ойлаймын.

Құрметті депутаттар!

Бұдан жарты жыл бұрын бәріміз бастаған істі – жаңа Конституцияны қабылдауды табыспен аяқтаудың

қажеттігіне осы залда отырғандардың ешқайсысының да күмән келтірмейтініне мен шын жүректен сенемін. Ол бізге ауадай қажет деп айтсам, мен қателеспес едім және оған себеп те жеткілікті.

Біріншіден, мұның алдындағы Конституция КСР Одағының құрамындағы республиканың Конституциясы болатын. Ал жаңа тәуелсіз мемлекет өзін өзі орнықтыруға, соның ішінде бұрынғы құқықтық жүйені өзгерту жолымен де орнықтыруға тырысулы. Әрі бұл, бірінші кезекте, нығайып келе жатқан мемлекеттің барлық заңнамалық базасының өзегі – Конституцияға қатысты.

Екіншіден, қоғамда болып жатқан өзгерістер серпіні бұрынғы Конституцияның аясына сыймайды. Оның тұжырымдамасы мен құрылымы уақыт талабынан кейін қалғаны сонша, бұл қайшылықты ешқандай да түзетулермен жоюға болмайды.

Үшіншіден, билік өкілеттіктерін шындап бөлу негізінде мемлекеттік билік жүйесінде тепе-теңдік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін жоғары заң шығару актісі қажет. Бұл ретте тепе-теңдік пен тежемелік жүйесі қаланады.

Нақ осы Конституция деңгейіндегі құжатта көпұлтты мемлекет ретіндегі Қазақстанның ерекшелігін толық бейнелеуге болады, ал оның жағдайында, сондай-ақ қазақ ұлтын қайта түлетудің барлық алғышарттары жасалуда. Сонымен бірге, өкілдері Қазақстанда тұрып жатқан ұлттардың ұлттық және азаматтық теңдігіне, тілдері мен өзіндік мәдениеттерінің дамуына кепілдік беріледі.

Нарыққа, еркін кәсіпкерлікке қарай ілгерілеудің құқықтық кепілдіктері де күшейтілуін талап етеді.

Жаңа Конституция нақ осыған бағытталған. Дегенмен мұнда да тепе-теңдік қажет, өйткені халықтың тұрмысы төмен жіктері үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік кепілдіктерсіз, экономика негіздерін шынайы құқықтық реттеу болмайынша, біздің жағдайымызда нарыққа көшу жүзеге аспайды.

Сыртқы саяси сипаттың да маңызы айтарлықтай. Конституция бүкіл әлемге біздің жаңа мемлекетіміз, біздің еліміз әлемдік өркениеттің құрамдас бір бөлігі екендігін, Қазақстан халықаралық қоғамдастыққа тек негізі жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылатын тату көршілік пен шынайы ынтымақтастық ниетімен кіретінін танытқанда ғана, Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың лайықты және тең құқықты мүшесі бола алады.

Сөзімді аяқтай келе, біздің алдымызда тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының тұңғыш Негізгі заңын қабылдау міндеті тұрғанын тағы да атап өткім келеді. Біздің бұл іске қаншалықты сарабалдықпен, ақылмен және жауапкершілікпен келуімізге көп нәрсе байланысты болмақ.

Бүгін ғасырларға есептелген Конституция жасауға ұмтылудың қажеті жоқ. Міндет онда емес. Жаңа Конституция қиын және қысылтаяң өтпелі кезеңдегі жағдайда біздің алға жылжуымыздың берік негізі, шынайы егеменді, тұрақты және берекелі Қазақстанды дәйектілікпен құру жолында сенімді бағдар болуға тиіс.

Құрметті халық депутаттары, бұл жобаны талқылағанда және ол бойынша дауыс бергенде, нақ осы тұрғыдан келулеріңізді тағы да сұраймын. Сіздердің риясыздықтарыңызға, әділдіктеріңізге және кемелдіктеріңізге сенемін.

Қазақстан халықтары
форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 14 желтоқсан

Құрметті форумға қатысушылар!

Осы залға Қазақстанда жүргізіліп жатқан өзгерістердің қажеттілігі мен қайтымсыздығын толық мағынасында сезінетін пікірлестердің жиналғанына сенімдімін. Республика Президенті, мен үшін бұл өте маңызды. Өйткені біздің баршамыз қай ұлттан болсақ та, ортақ мұратпен біріккенбіз, алдымызға шын мәнінде орасан зор мақсат – әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып табылатын, жоғары халықаралық өлшемдерге сай тәуелсіз демократиялық мемлекет құру мақсатын қойып отырмыз.

Біз жекеменшікті антагонистік тұрғыдан қабыл алмаудан көпукладты шаруашылыққа көшіп жатырмыз. Тоталитарлық мемлекеттен жеке адамның бостандығына көшудеміз. Бірпартиялықтың үстемдігінен саяси пікір алуандығы мен ашық қоғамға өтудеміз. Тарихи дамуда шұғыл бетбұрыс жасаудың ауыр және сонымен бірге құрметті міндеті біздің үлесімізге тиіп отыр, мұны көптеген халықтар мен мемлекеттер бастарынан өткізе қойған жоқ. Бұл үшін азаматтық ерлік пен ерік-жігер, біріккен әрі ұйымдасқан іс-қимыл, саяси тұрақтылық, жалпыұлттық келісім қажет.

Біз егемендік жариялаған кезден бері екі жылдан астам уақыт өтті. Міне, бір жыл бойы тәуелсіз мемлекет жағдайында өмір сүріп келеміз. Бұл – ақиқат шындық және өмір ағысын кері бұру мүмкін емес. Бірақ біз, әрине, белгіленген нәрсенің бәріне қол жеткізе алдық деп айта алмаймыз. Республика экономикасы, оның әлеуметтік саласы бастан кешіріп жатқан қиыншылықтарды сіздер жақсы білесіздер.

Біздің басты игілігіміз – халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпақтары құрды. Сондықтан бүгін, тарихымыздағы көп нәрсені ой елегінен қайтадан өткізе отырып, біздің осы байлықты талан-таражға салуға, интернационализмнің ізгі дәстүрлерін аяқасты етуге қақымыз жоқ. Олар тек соңғы онжылдықтарда ғана және партияның нұсқауымен құрылған жоқ.

Тарихтың жазуы бойынша қазақтардың ежелгі жері әртүрлі жағдайлармен – тарихи, саяси, әлеуметтік себептермен осында келген көптеген халықтардың өкілдерін ежелден-ақ қабылдай бастаған болатын.

Бұл халықтар әр кезде өз еркімен жер ауған емес. Әрі мұнда олардың кінәсі де жоқ. Сонау Қаһарлы Иван мен Петр I заманынан-ақ біздің өлкемізде қашқын адамдар пайда болды. Кейінірек мұнда Ресейдің барлық түкпір-түкпірінен жер бөлісудің құрбандықтарына айналған шаруалар, империя шекараларын қорғауға шақырылған казактар қоныстана бастады. Өткен ғасырда ұйғырлар мен дүнгендердің ірі қоныс аударуы болды. Столыпин реформалары орыс, украин, белорус, поляк қоныс аударушыларының едәуір толқынын туғызды. Дала әрқашан да саяси жер аударудың мекені болды, ал халықтарды жаппай күштеп көшірудің сталиндік заманында ол бұрын-соңды болмаған қасіретті шегіне жетті. Өз еріктерінен тыс және оның үстіне қазақ халқының пікірін ескерместен, республикаға корейлер, Еділ бойы немістері, шешендер, ингуштар, месхеттік түріктер, өзге де ұлт өкілдері қоныс аударылды. Және, ақыр соңында, «ұлы екпінді құрылыстар» мен тың жерлерді игеру кезеңінде Қазақстанға орасан зор көші-қон тасқыны лап қойды. Халықтың табиғи көші-қоны қазірде де жүріп жатыр.

Бұрынғы одақтас республикалардың ешқайсысы да осындай жойқын қоныс аудару үдерісін бастан өткермеген болар. Бұған, әрине, тарихи оқиғалар да, Қазақстанның геосаяси жағдайы да себепші болды. Қазақ ұлты, оның ақжарқындығы, қонақжайлылығы мен тату көршілігінің сан ғасырлық дәстүрлері біздің жеріміздің сан мыңдаған адамдарды жатсынбай, қайта туған үйіне айналуында елеулі, тіпті басты рөл атқарған да болар. Бірлескен еңбекте, аға ұрпақтар өкілдерінің үлесіне артығымен тиген ауыртпалық пен жоқшылықты жеңу жолында, күнделікті тыныс-тіршілік пен мерекелерде

республика халықтарының бірегей көп ұлтты қауымдас-тығы қалыптасып, оның қазіргі бейнесі жасалды.

Мен біздің ұлтаралық қатынастарымыздың өткені мен бүгінін тіпті де дәріптеп көрсету ниетінде емеспін. Олардың дамуында өзінің ішкі психологиялық қиыншылықтары да, Ресей империясының отарлық кеудемсоқтығы, «ұлттардың қосылып кетуі» туралы атышулы сталиндік теория, «аға ұлттың» бейнесін зорлап тықпалау және т. б. сияқты ұлт саясатының бұрмалануы да болды. Мұның бәрі із-түзсіз өтіп кете қойған жоқ. Сондықтан республикаға келіп жатқандардың жергілікті әдет-ғұрыптармен, дәстүрлермен, рухани өмірмен санаспаған тоталитарлық жүйенің «тетіктеріне» айналуы олардың кінәсі емес, қайта қасіреті еді. Ол кезде, ақын айтпақшы, «бәрі түсінікті, бәрі орыс тілінде» болатын.

Қазақ халқы үшін, оның мәдениеті мен тілі үшін бұл нағыз қасірет болып шықты. Көптеген адамдарда өзін өзі кем санаушылық, құсалық сезімі пайда болды. Айтпақшы, мұндай жайлар басқа республикаларда да болып жатты. Әрине, мұның ұзаққа созылуы мүмкін емес еді. Меніңше, Кеңес Одағы ыдырауының бір себебі, сірә, осында жатқан болуы керек. Жүйенің тек саяси және экономикалық дәрменсіздігінен ғана емес, сонымен бірге, халықтар өздерінің күш-жігеріне сеніп, ұлттық мәдени және рухани игіліктерін, өздерінің ана тілдерін қайта түлету қажеттігін сезінгендіктен де, оның шаңырағы ортасына түссе керек.

Мұндай ұмтылыстан басқалардың құқықтарына ұлттық шабуыл жасауды көру үлкен қателік болар еді. Бұл – қалыпты адами жағдайға қайтып оралу. Сондықтан да мен республика халықтары қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған

рухани және зияткерлік тұрғыдан қолдау көрсетеді деп шын көңілмен сенемін. Екінші жағынан, жаңа жағдайларда республиканың өзге халықтары да қалыптасудың күрделі үдерістерін бастарынан өткеріп жатқанын ескеру қажет. Мұның өзі қазақ ұлты тарапынан да дәл осындай түсіністік пен қатынасты талап етеді. Өзгелерді өзектен теуіп, өзіңді, ұлттық игіліктеріңді құрметтеуге басқаны мәжбүр ете алмайсың.

Біздің бәріміз қарапайым нәрсені: ендігі жерде ұлттардың үлкені де, кішісі де жоқ екенін түсінуіміз қажет. Бүгінде баспасөзден оқып, митингілерден естуге болатын агрессивті пікірлермен және үзілді-кесілді талаптармен тіпті ең игі істі де жүзеге асыра алмайсың, оның үстіне қарсыласыңның көзін жеткізе алмайсың. Ал егер, бір жағынан, бізді ығыстырып жатыр деп күдіккүмән танытып, екінші жағынан, дағуа қойып, енді есесі қайтпайтын есеп ұсынып, бірлесіп сүрген өмірімізден тек келеңсіз жайларды ғана көретін болсақ, онда сөзсіз тұйыққа тірелеміз. Өткен қиыншылықтарға қабақ шыта қарайтын кез келмесе кетті. Жасампаздықтың, өз мемлекетімізді құрудың кезеңі туды.

Біз бәріміз – жай ғана тұрғындар емеспіз, біз Қазақстан Республикасының азаматтарымыз! Сондықтан адамға лайық өмір жолын таңдаған, ұрпақтар алдында жауапкершілікті мойнына алған өз мемлекетімізді мақтаныш етіп, біртұтас отбасы сезіміне бөленіп, республикамыздың қазір бүкіл дүние таныған туын, елтаңбасын, әнұранын киелі заттай қастерлей білуге тиіспіз. Нақ қазақстандық мемлекеттік патриотизм республиканың, оны мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың қайта түлеуінің басты тірегіне айнала алады.

Өз тарапымнан мынаны мәлімдеуім керек: республика басшылығы ұлттық келісім саясатын бекем және ақырына дейін жүргізетініне, заңды негізде берік тұрып, қандай да болсын себептермен пайда болатын дұшпандық өртін тұтандыруға мүмкіндік бермейтініне Қазақстан халқы сенімді бола алады.

Жақында мен республика бойынша біраз сапар жасап, еңбек ұжымдарында болдым, жастармен, әскерилермен, шығармашылық және ғылыми интеллигенциямен кездестім. Теледидар арқылы халықтың әртүрлі жіктері өкілдерінің сұрақтарына жауап қайтардым. Бұл кездесулер жаңа ғана өзім айтып өткен проблемалардың адамдарды шынында да алаңдатып отырғаны жөнінде қорытынды жасауыма негіз береді. Қоғамдық өмір тынысы ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне әрқашан да сергек үн қатады. Ал егер халықтың басым көпшілігінің пікірін жинақтасақ, онда ол бір нәрсеге: біздің бұра тартып, бөліп алар ештеңеміздің жоқ екендігіне, сондықтан бірден-бір ықтимал жол – қызбалықтың өршуіне жол бермеу, татулық пен келісімді сақтау үшін барлық мүмкіндікті жасау екендігіне келіп саяды.

Қазақстандықтармен болған кездесулер мен әңгімелер мені қатты қуантты. Бүгін адамдарды тұрмыстың ауыртпалығынан гөрі реформаларды жеделдету проблемалары, шынайы нарықтық қатынастардың қалыптасу, үкімет билігін нығайту мәселелері көбірек толғандыратыны назар аудартады. Бұл – көңіл күйде бетбұрыс жасалып, болып жатқан нәрселердің мәнін ұғынудың және нақты істерге белсенді араласуға деген құлшыныстың арта түсіп отырғанының тағы бір айғағы.

Осыған байланысты республикада қоғамдық топтастыру ұстанымында берік тұрған өзгерістерді жақтау-

шылардың әлеуеті артып, нығайып келе жатқаны мені шынайы қанағат сезіміне бөлейді. Қазақстан бүгінде ТМД елдері үшін айтарлықтай сирек кездесетін артықшылыққа – саяси тұрақтылықтың біршама жоғары деңгейіне ие болып отыр. Дегенмен, біздің тоқмейілсуге қақымыз жоқ. Егер қол қусырып қарап отырсақ, онда бұл артықшылықтан айрылып қалуымыз да мүмкін. Біз адамның үнін, әрбір халықтың және әрбір ұлттың үнін күн сайын ести аламыз ба? Өкінішке қарай, әрқашан ести бермейміз. Сондықтан да мұндай форум тұрақты негізде жұмыс істей алады әрі істеуі тиіс. Ол біздің Отанымыздың ұлттары мен ұлыстары арасындағы татулық пен келісімді сақтау мен нығайту үшін көп істі тындыра алар еді.

Бүгінгі талқылаудың нәтижесінде біз жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтарының Келісім және бірлесу ассамблеясын құра алар едік деп ойлаймын. Ол Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкілхалықтық нығайту міндетін шешетін саяси да емес, үкіметтік те емес ұйым болар еді.

Мен бүгін адамдардың бастан кешіріп отырған сезімдерін әбден түсінемін және оған ортақтаспын. Мәселе мынада: халық саяси сөзуарлық пен мылжыңдықтан, саясаткерлердің арасындағы қатынастарды анықтаудан, «отбасы», «ата-ана», «нан», «жер» деп аталатын қарапайым да түсінікті шындықтарға біздің сүлесоктығымыздан әлдеқашан-ақ мезі болды. Қазір әркім өзінің көпұлтты мемлекеттегі жаңа жағдайына, өзінің орнына үйрену мен байыптау үдерісін бастан өткізуде. Әркім өзінің, балаларының болашағы туралы ойланады, оқиғаның дамуына деген өз көзқарасы бар. Сондықтан осындай Ассамблея Қазақстанның барлық

халықтары мұң-мұқтаждарының күллі шоғырын бейнелейтін саясаттан тыс орган болар еді.

Осы ұсынысты енгізе отырып, оның түсіністікпен қолдау табатынына және ұзақ сонарға салынбай нақты жүзеге асатынына сенемін.

Бүгінгі әңгіmemізді осындай көтеріңкі сарында аяқтасам деймін. Қазақстан халқы жұмыла отырып, мемлекеттің дамуындағы қиын да жауапты кезеңді ойдағыдай өткеретініне еш күмәнім жоқ. Біздің бірлігіміз – осы жұмыста табысқа жетуіміздің негізгі шарты.

**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
1 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
«Қазақстанның өз жолы, өз болашағы бар» атты**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1992 жылғы 15 желтоқсан

Қымбатты отандастар!

Бүгін біз бұдан 2 жылдан астам уақыт бұрын өзінің егемендігі туралы мәлімдеген мемлекетіміз – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 1 жылдығын атап өтудеміз. Артқа көз тастап, өткен уақытты ойымда жаңғыртқанымда мен күрделі сезім құшағына бөленемін. Ол біздің есімізде, балаларымыз бен немерелеріміздің есінде сөзсіз сақталып қалатын оқиғаларға толы болды. Ол біздің мемлекеттілігіміздің негізі, ең маңызды іргетасы қаланған, жаңарған Қазақстанның елтаңбасы, туы

мен әнұраны дүниеге келген, планетаның көптеген елдері біздің тәуелсіздігімізді танып, өздерінің дүниежүзілік отбасына қабылдаған күндер болатын. Бұл – кез келген халық үшін бақытты, ерекше қуанышты оқиғалар.

Біз өз тарихымызды, мәдениетімізді шындап қайта түлетуге кірістік, өзіміздің ішкі және сыртқы саясатымызды дербес жүргізе бастадық, өзіміз бұрын өмір сүргендегіден түбірінен өзгеше, біз үшін мүлдем жаңа қоғамның тұңғыш заңнамалық негіздерін құрдық.

Осындай қуатты әлеуметтік, саяси, экономикалық жаңғыру бір мезгілде қандай тарихи кезеңдерде болып көрген! Халықтың ғасырлар бойғы жадында мұндай ештеңе болған жоқ қой деп ойлаймын. Осынау қысқа уақыт аралығында біздің үлесімізге тиген шұғыл бетбұрыспен байланысты маңызды оқиғалар тығыз араласып кетті. Бірақ біз, барлық қиыншылықтарды жеңе отырып, бұрын беймәлім, күрделі жолдардың алғашқы ізашарлары болғанымыз үшін, қалай да тағдырға ризашылығымызды білдіретінімізге мен сенемін.

Осы уақыт ішінде біз Қазақстан өзінің лайықты, терезесі тең және құрметті орнын алғысы келетін әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялану үдерісі қаншалықты қиын екенін ұғындық. Біз өзіміз ерікті түрде мойнымызға алған жауапкершілік жүгінің қаншалықты зор екенін сезіндік. Қоғам бұрынғысынша әлеуметтік-экономикалық үдерістердің стихиялы дамуының қыспағында қалып отыр, ал нарықтық экономиканы қалыптастырудың қазіргі кезеңінде оны ауыздықтау да қиын. Қанат жайған инфляция және онымен байланыс-

ты бағаның шарықтауы, табыстың бірқалыпты бөлінбеуі мен қылмыстың өсуі, ақыр соңында, кең ауқымды реформалар жүргізудегі көңіл құлазытарлық, бірақ, өкінішке қарай, болмай қоймайтын қателіктер – осының бәрі қоғамның көңіл-күйіне мейлінше теріс әсер етіп, жұмысшы немесе ауыл еңбеккері болсын, интеллигенция өкілі, зейнеткер, тіпті бала болсын – барлық қазақстандықтарға зіл батпан салмағын түсіріп отыр.

Өз бойымыздан қайта жаңғыру жолына түсуге күш-жігер таба білгендіктен, біз енді бір орынды шиырлай бермей, таңдап алған бағытта дәйекті түрде батыл қадамдар жасауымыз керек. Мен қанша күш-жігер жұмсауды қажет етсе де, әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика құру туралы айтып тұрмын.

Әрине, өзінің әлеуметтік-саяси, ұлттық, экономикалық және басқа ерекшеліктерінен тұратын Қазақстанның өзгешелігі нарықтық қатынастар құрудың өзіндік тәсілін іздеуді қажет ететіні сөзсіз. Алайда кез келген ұлттық ерекшелік нарықтың басты, түпкілікті мәнін құрайтын негізгі қағидаттарын әркімнің өз қалауынша өзгерте беруіне әсте де жол бермейді.

Әрине, ескі құрылымдар қиратылып жатқанда, өтпелі кезеңнің кемшіліктері болмай қоймайды. Экономикалық құлдырау көз алдымызда болып жатыр. Бірақ оның неліктен болғанын қарап көрейікші.

Біздің экономикамыздың тәуелді сипаты, тегінде, бұрынғы шаруашылық байланыстардың үзілуіне төтеп бере алмады. ТМД елдерінен қажетті көлемдегі жеткізілімдер тоқтатылысымен-ақ өндіріс дереу құлдырай бастады.

Басқа себеп біздің ортақ рубль аймағына байлаулы болуымызға байланысты. Әрі біз оны сақтап қалуға шын

ниетімізбен ұмтыламыз, өйткені ол, негізінен, бәріміз үшін де тиімді. Дегенмен қолма-қол ақшаның жетіспеуі, Қазақстан берген өнімдер үшін оған 200 млрд сомнан астам қарыздар болып отырған ТМД елдері тарапынан төлемсіздіктің өсе түсуі, таяу арада бұл проблеманы шешудің нақты болашағының жоқтығы – осының бәрі бізді өз валютамызды енгізуге мәжбүр етуі мүмкін.

Осының барлығы, тұтастай алғанда, объективті қиындықтарды туғызып отыр. Бірақ жағдайдан шығу халық шаруашылығын басқарудың келмеске кеткен әміршіл тәсілін жандандырып, кейін шегінуде емес, қайта дәйекті әрі бұлжымас реформаторлық іс-қимылда жатыр.

Бүгінде түбегейлі экономикалық реформаның басты міндеті – мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Әрі біз оны кешеуілдетуге ешқандай да жол бермейміз.

1992 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, республикада 4,5 мыңнан астам әртүрлі республикалық және коммуналдық меншік объектілері қайта құрылды. Олардың бағаланған құны – 21 млрд сомнан асты. Өнеркәсіптегі орта және ірі кәсіпорындарды акцияландыру үдерісі жеделдеді. Аграрлық секторда 447 кеңшар жекешелендірілді. Жекешелендіру ауқымы ай сайын өрістеуде, демек, біз өте маңызды іске – халықты психологиялық жағынан нарықтық экономиканың пайдасына икемдеуге қол жеткіздік. Сондықтан да жекешелендіру мәселесі саяси сипат алып, біздің қызметіміздің маңызды бағытына айналып келеді.

Үкімет таяудағы үш жылға жекешелендірудің мұқият талданған бағдарламасын жасады. Бұл жұмысқа Дүниежүзілік банктің, Еуропа қайта құру және даму банкінің сарапшылары мен Халықаралық даму жөніндегі агенттік қатысты. Қазір бағдарлама талқыланып

жатыр, соңынан мен оны бекітемін. Ал оның негізгі ерекшеліктері қандай?

Өтіп бара жатқан жылдың есебіне жекешелендірудегі айқын ілгерілеумен және оның тұжырымдамасының дәлденуімен қатар, меншіктің жеке, акционерлік және басқа формаларына рұқсат ету, кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заң актілері, кәсіпкерлікке қолдау көрсетуді көздейтін құрылымдар құру, ақыр соңында, салық, қаржы-несие және банк жүйелерін реформалау сияқты нарықтық қатынастарды нығайту жөніндегі қадамдарды жатқызуға болады. Осы іс-әрекеттердің бәрі ниет білдірген әрбір адамның қажетті кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз етуге, қабілеті мол, еңбексүйгіш және іскер адамның өз мүмкіншілігін толығымен көрсете білуіне бағытталған.

Биылғы ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бізге мемлекеттік экономикалық құрылыстың сан-салалы міндеттерін шешуде орасан зор демеу болды. Біздің диқандарымыз дәнді дақылдардан рекордты өнімге қол жеткізгені мәлім. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген қажеті қамтамасыз етілді. Жемшөптің жеткілікті қоры дайындалды. Майлы және техникалық дақылдар өндірісі екі есе дерлік өсті.

Егер егін орағына өткен жылдармен салыстырғанда механизаторлардың аз қатысқанын, комбайндар мен автокөлік құралдары санының едәуір қысқарғанын ескерсек, оның үстіне бұған отынмен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етудегі бұрын-соңды кездеспеген қиыншылықтарды қосатын болсақ, біздің ауыл еңбеккерлеріміз іс жүзінде мүмкін емес нәрселерді жасады деп айтуға толық қақымыз бар. Бүгінде еңбектегі ерлік пен қаһармандық

туралы марапат сөздер айту қалған тәрізді, бірақ мен республикамыздың егінжайында атқарылған жұмысты нақ осы сөздермен сипаттаймын. Осынау салтанатты күні Қазақстан диқандарына орасан зор рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Егер біз өзіміздің агроөнеркәсіптік кешеннің көптеген мұқтаждарын қаржыландырсақ, өте дұрыс істеген болар едік деп ойлаймын. Өткен кезеңдерде Қазақстанның әрбір миллиард пұт астығына байланысты «бүкілхалықтық мерекелер» дейтіннің қандай дабыра-даңғазамен ұйымдастырылып келгені естеріңізде болар. Диқандардың құрметіне көпірме мадақтау сөздер айтылып, наградалар жаңбырдай жауатын. Бірақ осы насихаттық дабыраның бәрі ауыл еңбеккерлерін шімірікпей тонаудың бүркемесі ғана еді. Өйткені Қазақстанның кеңшарлары мен ұжымшарларынан тіпті тұқымдық қор да сыпырып әкетілетін.

Бүгінгі таңда біз түскен валюта мен шетелдік несиелердің барынша көп мөлшерін нысаналы түрде ауыл шаруашылығы өндірісін жаңа технологиялармен жарақтандыруға жұмсау қамында жүрміз.

Қазір бірлескен кәсіпорындар негізінде жоғары технологиялы машиналар шығаруды ұйымдастыру үшін ірі шетел инвестицияларын тарту жұмысы жүргізілуде.

Егер біз республикалық немесе жергілікті деңгейдегі шенеуніктер өз пайдаларына уәж келтіргеніне қарамастан, тапқан қаржыға олар емес, тек өнім өндірушілердің өздері иелік ететіндей жағдай жасама-сақ, бізді ешқандай күрделі қаржы құтқара алмайтынына сенімдімін.

Осыған байланысты біз ауылдағы меншік алуандығын орнықтыруға, дербестікке деген құштарлығын сақтап

қалған, шаруа еңбегінің де, маңдай терінің де шын қадірін білетін жұмыскерлерді кіріптарлықтан босатуға барынша тырысудамыз. Парламент пен үкіметтің жер реформасы, жекешелендіру, меншік, шаруа (фермер) қожалықтары, еркін баға, мемлекеттік тапсырыс және т. б. туралы қабылдаған заңнамалық актілер топтамасы нақ осы мақсатқа жетуге бағытталған.

Экономикамызды реформалаудағы кейбір ілгерілеушіліктер мен қазіргі проблемалар туралы әңгімелей отырып, тауар өндіру әлеуетін көтеру қажеттігі туралы да айта кету керек. Нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге, экономиканы қайта жаңғыртуға басқарылу сипатын беретін белсенді, нысаналы саясат жүргізу қажет. Басқаша айтқанда, әңгіме мемлекеттік реттеу туралы болып отыр, ал ол біздің нарыққа қарай қадамымыздың барлық кезеңінде бұдан былай да белсенді түрде қолданылатын болады.

Меніңше, көп кешіктірмей тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған қаржы-экономикалық сипаттағы бірқатар маңызды акциялар жүргізу керек. Әңгіме несие саясатындағы өзгерістер, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін реттеу жүйесін өзгерту, салық саясатын жетілдіру, тікелей шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдай жасау туралы болып отыр.

Экономикада болып жатқан күрделі үдерістер, өндіріс қайтарымының онша жоғары болмауы әлеуметтік сала деп дәстүрлі аталатын салалардың жай-күйіне ерекше ауыр әсер етуде. Биыл біз, елеулі қаржы қиындықтарына қарамастан, білім берудің мемлекеттік мекемелері жүйесін сақтап қалдық. Нарықтық экономика мамандарын даярлау жөніндегі факультеттер ашылды, жаңа жоғары оқу орындары, техникумдар, колледждер

ұйымдастырылды. Жоғары оқу орындарына, білім берудің мемлекеттік емес мекемелеріне айтарлықтай бостандық беретін «Білім беру туралы» Заң қабылданды. Дәстүрлі емес тұрпаттағы оқу орындары шындыққа айналды. Қазақ мектептері, балалар бақшалары мен мектептен тыс мекемелер жүйесі айтарлықтай кеңіді. Өзбек, тәжік, ұйғыр, неміс мектептері жұмыс істей бастады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шет мемлекеттердің 25 білім беру министрліктерімен байланыс орнатылды және 15 ірі келісім жасалды. Бірнеше мың жігіт пен қыз басқа елдердің университеттерінде оқуда, халық шаруашылығының мамандары АҚШ-та, Түркияда, Оңтүстік Кореяда, Францияда, ГФР-да тағылымдамадан өтуде. Қазақ-түрік және Қазақ-мысыр университеттерін құру туралы келісімге қол жетті, ал Павлодар технологиялық университетінің негізінде Қазақ-неміс академиясы құрылды.

Дегенмен бұл саладағы жағдай өте күрделі қалпында қалып отыр. Өз еңбектерінің ұйымдастырылуына, материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуінің жетілмегендігіне қанағаттанбаған білім беру мен ғылым қызметкерлері жұмыс орындарын тастап кетуде. Кез келген қоғам үшін бұл күйреу қаупін туғызады. Бұл үдерісті тоқтату үшін, біз білім берудің жалпы мемлекеттік жүйесін құрудың негізгі қағидаттарын шұғыл түрде анықтауымыз қажет.

Олар базалық деңгейде тегін білім беру кепілдігін, білім берудің мемлекеттік емес мекемелерін дамытуды, білім беруді қаржыландырудың жаңа үлгілеріне көшуді, оқытушылар мен үлгерімі жақсы студенттерді әлеуметтік қорғау мен ынталандыруды қамтуы тиіс.

Нарыққа көшу жағдайында айрықша назар объектісі денсаулық сақтау мен халықты әлеуметтік қорғау салалары болып табылады. Іс жүзінде бір жыл ішінде денсаулық сақтау реформасының жаңа заңдылық негізі құрылды. Медициналық құралдар, аспаптар мен жабдықтар шығарудың республикалық бағдарламасы бекітілді және Қазақстанның өнеркәсіп орындарында, соның ішінде қорғаныс кешенінің кәсіпорындарында медициналық техника шығару басталды.

Балалы отбасыларын қолдау мақсатында бірқатар заңдар мен нормативтік актілер қабылданды. Үстіміздегі жылғы 1 қазаннан бастап 3 жасқа дейінгі балалар үшін жылына – 7400 сом, 3-тен 18 жасқа дейінгілер үшін 5500 сом бірмезгілдік жәрдем белгіленді. Көп балалы аналарды әлеуметтік қорғау туралы Президент Жарлығы қабылданды.

Республикада, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, қарт адамдар саны көбеюде. Бүгінде 3 млн-дай зейнеткер мемлекеттік көмек алады. Қазір зейнетақының орташа мөлшері 2100 сом болды. Биылғы жылы зейнетақы мен жәрдемақылар бойынша барлық төлемдер 76 млрд сомға жетті.

1992–1995 жылдарға арналған мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру басталды. Онда олар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасауға айрықша назар аударылып отыр.

Сонымен бірге, әлеуметтік қорғау тетіктері мен медициналық қызмет көрсету жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Бұл саладағы реформаның басты бағыттары мыналарға саяды.

Біріншіден, халық медициналық көмектің кепілдікті минимумын алатын, ал оның шеңберінен шығатын қызметтердің ақысы азаматтардың өздерінің медициналық сақтандыру есебінен төленетін бюджеттік-қамсыздандыру медицинасына көшуге. Бұл дүние жүзінде жалпы қабылданған жүйе және оның неғұрлым тиімді екені сөзсіз.

Екіншіден, адамның еңбек үлесіне баға берудегі және, соның салдары ретінде, оны зейнетақымен қамтамасыз етудегі теңгермешілік қағидатын жоюға.

Үшіншіден, болашақ зейнеткерлердің ерікті қамсыздандырылуына негізделген жаңа зейнетақы жүйесін құруға. Жаңа экономикалық бағдарламада тұрмысы төмен азаматтарға атаулы қолдау көрсету көзделуде.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірдегі күрделі үдерістер туғызған проблемалар мен қиыншылықтар біздің әлі де болса жетіліп болмаған қоғамымыздағы көптеген мерездің бетін ашты. Оған ең алдымен қылмыстың өсуі жатады. Биыл талай ондаған жылдардан бері тұңғыш рет республикада тіркелген қылмыстар саны 150 мыңнан асып түсті. Ұрлық, тонау, қарақшылық саны өсуде. Қылмыстың ұйымдасқан түрлері, әсіресе, экономика мен қаржы-несие жүйесі саласында ерекше белең алуда.

Министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жекелеген басшылары, жергілікті әкімдіктердің басшылары осы бір маңызды істен бойларын аулақ салып, онымен тек ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары айналысуға тиіс деп есептеуде.

Нақ осыған байланысты мен лауазымды адамдардың республикадағы тәртіптің, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің жай-күйі үшін жауапкершілігін арттыру мәселелеріне арналған арнайы қаулы қабылдадым. Құқық қорғау органдары, қаржы бақылау органдары жергілікті жерлердегі атқарушылық тәртіпті мұқият тексеруде, заңдардың және басқа да нормативтік актілердің бұзылуына ықпал ететін себептер анықталуда. Мемлекет қаржысы мен ресурстарын талан-таражға салушы, өздерінің қара басының қамы үшін қызмет бабын теріс пайдаланушы басшыларға ең қатаң шаралар қолданылатын болады.

Біз, ақыр соңында, көшелерде және қоғамдық орындарда тәртіп орнату үшін, ең батыл іс-әрекеттерді қолданамыз. Біздің қатаң әдістер қолдануымызға азаматтар түсіністікпен қарайды деп ойлаймын, өйткені қылмыстың адуын толқыны алдында бұдан былай шегінерлік жер жоқ.

Қымбатты достар!

Менің ойымша, кеше біздің көпұлтты республикамыздың өмірінде үлкен оқиға болды – Қазақстан халықтарының форумы өтті. Бұл шараның маңыздылығы, ең алдымен, онда ұлтаралық келісімді, азаматтық тыныштықты, біздің рухани бірлігімізді сақтап, нығайту жолдары туралы жемісті әңгіменің өрбуінде. Бүгінгі, көңілді кірбің шалған шындықтың аясында бұл форум өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарды абыроймен аттап өтеміз деген оптимизмге бөлеп, сенімділік ұялатқан оқиғаға айналды. Мүдделілікпен болған пікір алысулар, форумға қатысушылармен әңгімелер мемлекеттің ұлттық саясаты бұдан былай да Қазақстанда

тамыры ғасырларға тартылған достық пен туысқандық дәстүрлеріне негізделе береді деген сенімді нығайта түсті. Біздің осы баға жетпес игілігімізді көптеген ұрпақтар жасаған, сондықтан да оны жоғалтуға біздің қақымыз жоқ.

Бізде еске аларлық та, мақтануға тұрарлық та нәрселер бар. Ұлы Отан соғысын – біздің ортақ қасіретіміз бен төгілген қанымызды, бәрімізге үлкен жеңісімізді ұмытуға болар ма! Қазақстан жерінде қалалар мен зауыттар тұрғызып, астық өсірген ондаған ұлттар өкілдерінің бірлескен орасан зор еңбегінің нәтижелерін сызып тастауға болар ма! Мен өткен мен бүгіннен интернационализм ұғымын қастерлеп-сақтаған, туған республиканың, оның халқының өркендеуі үшін өздерінің бар жан жылуын, бар күш-қайратын берген және беріп келе жатқан көптеген жерлестеріміздің есімдерін атай аламын.

Мен кеше форумда Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын алғашқы үш лауреатқа – академик Мехлис Сүлейменовке, Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Снегинге және жазушы Герольд Бельгерге зор қанағат сезімімен тапсырдым. Олардың республика алдындағы еңбегі мен шығармашылық зор табысы кең танымал, олар туралы тағы да айтып жатпай-ақ қояйын. Нақ осындай адамдардың арқасында – ал олар республикада басым көпшілік екеніне мен сенімдімін – біз ұлтаралық татулықты сақтап келеміз, жұрт айтпақшы, жерді тіреп тұрған да нақ солар.

Бірге туғандай боп бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып, қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп отырған адамдардың өзара сезімі мен бір-біріне деген ықыласы ешқашан үзілмейтініне сенімдімін. Мен тіпті

ұлты әртүрлі сан мыңдаған отандастарымыздың төсекте бастары қосылғанын айтып та тұрған жоқпын. Мұның барлығы – біздің өміріміздің шынайы көрінісі, нақты, өмірлік интернационализм.

Мен, форумға Қазақстан халықтарының татулық пен бірлік ассамблеясын құруды ұсынғанда, ең алдымен осы адамдардың қам-қарекеттері мен арман-мүдделерін ойлаған едім. Біз Одақ ыдырағаннан кейін пайда болған мейлінше жаңа жағдайда тұрып жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Ірі держава ыдырап, үйреншікті қатынастар мен байланыстар үзіліп жатқан жағдайда адам өзін қолайсыз сезінбесе біртүрлі оғаш болар еді. Әркім өз отбасының, балаларының болашағы туралы, қоғамдағы өз орны туралы ойға қалады және, әрине, қай ұлтқа жататынына қарамастан, әрбір адамның айтары бар. Біз сол үнді естіп, белгілі бір халықты не алаңдататынын білуге тиіспіз. Не мемлекеттік, не саяси емес, бірақ халықпен кең байланысы бар орган ретінде Ассамблея ұлтаралық қоғамдық ортаның негізгі мәселелеріне көңіл тоқтатып, Қазақстанда тұратын алуан ұлттар өкілдерінің рухани ұжымдасушылық құлшыныстарының жеткізушісі бола алар еді.

Біршама тұрақтылыққа қарамастан, бізде ұлт саясаты мәселесінде проблема жоқ, барлығы да жып-жылмағай, ойдағыдай деп айтуға әлі ерте. Едәуір дәрежеде бұл – өткен он жылдықтарда жол берілген бұрмалаулардың, демографиялық үдерістерге, халықтардың өзара қарым-қатынасы проблемасына байыпты да көреген көзқарас болмауының салдары.

Осыдан жүздеген жылдар бұрын басталып, бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қоныстану мәселесін алайық. Қай халық қашан және кімнің ырқымен

Қазақстаннан бір-ақ шыққанын бүгінде қайталап жатудың қажеті жоқ. Тек бір ғана жайға – миграциялық үдерістердің ықпалымен қоныстанушылардың өздерінің де, сондай-ақ байырғы халықтың да психологиялық және әлеуметтік көңіл-күйінің өзгергеніне тоқталайын. Мұнда миллиондаған адамдар тоғысты: біреулер жақсы тұрмыс іздеп келсе, екінші біреулер айдалып, ал тағы біреулері «комсомолдық жүректің қалауымен» келді. Осылардың бәрі де негізінен Қазақстанда уақытша болуға келген еді десем қателеспеспін. Көбі кейін шынында кері қайтты. Бірақ өмір өз дегенін істеді: тәп-тәуір табыс, аз да болса өмір сүріп, жұмыс істеуге жарамды жағдай, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынастағы тілектестік – сөйтіп, адамдар осы жерге бауыр басып қала берді.

Алайда, ашығын айтайық, олардың байырғы халықпен арақатынасы тіпті де бірімәнді қалыптаса қойған жоқ. Қоныстанушылар да, байырғы халық та өз ырқынан тыс, сол кездегі жүйе белгілеп берген өзіндік аяда қала берді. Тек сол жүйе күйрегеннен кейін ғана жағдай түзеле бастады. Алайда бұл үдеріс ескі таптаурындарды қиратумен байланысты ауыртпалықты үдеріс болып шықты. Сондықтан мұны бүгінде барлық халықтар жете ұғынуы тиіс.

Ең алдымен, жүздеген жылдар ішінде тұңғыш рет мемлекеттілігін орнатуға, толыққанды дамуға, өзінің ізгі дәстүрлерін, мәдениеті мен тілін қайта түлетуге мүмкіндік алған қазақ халқын түсіну керек. Бұл – табиғи құлшыныс және оны барлық халықтардың оң қабылдайтынына сенімдімін.

Сондай-ақ барлық басқа халықтар да тоталитаризм дәуірінен кейін қайта жаңғырудың, жалтақтық пен

таптаурындардан арылудың күрделі кезеңінен өтетінін түсіну қажет. Рухани келісім, кәдімгі адами өзара түсінушілік – міне, біздің барлығымыздан қазір талап етілетін ең басты нәрселер осы болар.

Мен айтқан мәселелердің біз үшін принципті маңызы бар. Бұлардың барлығы тәуелсіздік жағдайында жасалған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясында белгілі бір түрде көрініс табатын болады, ал оның жобасын әзірлеу жұмысы қазір аяқталуға жақын. Бұл шын мәнінде республиканың барлық халқының және жекелей алғанда әрбір азаматтың мүддесін білдіретін шын мәніндегі өзекті құжат болмақшы. Адам, оның құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері Негізгі заңда алдыңғы қатарға шығарылады. Оны бүкіл Қазақстан қоғамының игілігі мен тұрақтылығын, мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатымыздың, өзіміз бастаған жаңғыртулардың табысты болуын қамтамасыз ететіндей ғып жасау біздің қолымыздан келетіндігіне мен сенімдімін.

Бүгінде көп нәрсе біздің халықаралық аренадағы іс-қимылымызға байланысты. Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа кіру үдерісін белсенді түрде жалғастыруда. Бұл, сөз жоқ, қиын әрі көп ретте біз үшін жаңа іс. Меніңше, ең маңыздысы айтарлықтай қысқа мерзім ішінде түбегейлі ұлттық-мемлекеттік мүддемізге сай келетін өзіміздің сыртқы саяси бағдарымызды айқындауға қол жеткендігі болар деймін. Екінші жағынан, біздің сыртқы саясатымыздың бойында оны әлемдік қоғамдастықтың қолдауын қамтамасыз ететін жалпы-адамзаттық қуат бар. Мұның жарқын дәлелі Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі болды. Біз БҰҰ-ға бейбітшілікті қамтамасыз етудің

аса маңызды құралы ретінде қараймыз және осы бір құрметті де беделді халықаралық ұйымның пәрменді қызмет атқаруына ұдайы қолдау көрсететін боламыз.

Қазақстан Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық валюта қорына кірді, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қатысуда, басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс орнатты.

Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ға, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Пәкстанға, Үндістанға мемлекеттік сапарлар жасалды. Олар саяси байланыстарды жоғары деңгейде бекітті, өзара тиімді ынтымақтастыққа негіз қалауға көмектесті.

Біздің мемлекетпен ауқымды екі жақты байланыстарды дамытуға және Қазақстанды сенімді серіктес етуге Батыс Еуропа елдері мүдделі болып отырғанын атап өткім келеді. Бұған республиканың демократияландыруға, экономиканы нарықтық реформалауға алған бағыты, Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы буын мүмкіндігін беретін геосаяси жағдайы көмектесті.

Біздің АҚШ-пен байланыстарымыз барған сайын мазмұнды бола түсуде. Олар алдағы уақытта да Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сай келетін болса, біз бұл байланыстарды одан әрі жан-жақты дамытуды жақтаймыз.

Шығыстағы ұлы көршімізбен сауда-экономикалық ынтымақтастықта айтарлықтай ілгерілеушілікті қамтамасыз еткен Қытай Халық Республикасымен белсенді саяси сұхбат жүргізілуде. Бізді тарихымыз бен мәдениетіміздің ортақтығы байланыстыратын Түркиямен арадағы достық пен ынтымақтастық үнемі нығайып келеді. Араб мемлекеттерімен қатынастар жолға қойылуда.

Біздің сыртқы саяси проблемаларға мемлекеттік көзқарасымыз халықаралық тұрақтылыққа деген терең мүдделілікпен анықталады. Біз барлық елдермен қатынастардың тепе-тең дамуын жақтаймыз және жекелеген этностық қауымдастықтар мен саяси одақтарға қарай бұра тартпақ емеспіз.

Біздің сыртқы саясатымыз үшін ел қауіпсіздігін қамтамасыз еткеннен және қазақстандықтардың бейбіт өмірін қорғаудан артық маңызды міндет жоқ. Мұндағы ең маңызды мәселе – Ресеймен қарым-қатынасымыз. Біз онымен достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы ұзақ мерзімді шарт жасасып та қойдық. Алайда пәрменді ұжымдық қауіпсіздік жүйесінен тыс жағдайда аймақтағы нақты қауіпсіздік туралы айту мүмкін емес шығар. Осыны басшылыққа ала отырып, біз Азиядағы сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға, азиялық қауіпсіздік тетіктерін құруға бағытталған шараларды қолдаймыз.

БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзімде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру мен оның қызметінің кезең-кезеңді қамтитын перспективасы осы қызметті одан әрі дамытумен қатар баяндалған болатын.

Республиканың аймақтық проблемалар жөніндегі ұстанымы кез келген даулы мәселе бойынша реттеудің сенімді әрі баршаға қолайлы формуласы жасалуы тиіс екендігіне сүйенеді. Біз БҰҰ мен басқа да өңірлік институттардың бітімгершілік әлеуетін күшейтуді сөзсіз қажет деп есептейміз.

Республика төңірегіндегі әскери-саяси жағдайды бағалап, әскери қауіптің ауқымы мен сипатын болжай отырып, біз стратегиялық шабуылдаушы қаруларды

қысқарту туралы қол жеткен келісімді құптаймыз, жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салуға бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Бұл мәселе бойынша біз Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен бәтуалы бағыт жүргіземіз және әскери құрылысты принципінде ТМД мүшелерімен бірлесіп жүргізу қажет деп есептейміз. Міне, сондықтан біз тиісті шартқа қол қоюға бардық, біртұтас қорғаныс кеңістігі арқылы біріккен мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіру үшін қадамдар жасаудамыз. Біздің әскери доктринамыз Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін қарумен қорғау үшін не қажеттің бәрімен жарақтанған шағын, икемді армияның болуын көздейді.

Біздің сыртқы саясатымыздағы басымдықтардың арасында – ашық теңізге бөгетсіз шығуды қамтамасыз ету, Тынық мұхиттан бастап Қытай, біздің аумақ, Орталық Азия, Иран және Түркия арқылы трансевразиялық теміржол транзитін ұйымдастыру бар. Мемлекеттік делегацияның Иранға соңғы сапары Каспий теңізін Қазақстанды Солтүстік Иранмен және Парсы шығанағымен байланыстыратын көлік артериясына айналдыру туралы уағдаластықпен аяқталды. Осы жоспарларды жүзеге асыруда біз халықаралық экономикалық ұйымдармен ынтымақтастыққа үміт артамыз. Сондай-ақ дүние жүзінің көптеген мемлекеттерімен әуе қатынасы да дамиды.

Біздің сыртқы саясатымызда ескерілетін тағы бір жайт – «ислам факторы». Біз оған реалистік тұрғыдан қараймыз және халықтың ислам мәдениетінің рухани негіздеріне деген ынтасын, исламның қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы маңызын ескереміз. Ислам дүниесі зор ресурстарға ие, сондықтан мұны

назарға алмауға болмайды. Сонымен бірге, елімізде діни фундаментализмнің күшеюі туралы әңгіме жүргізу үшін бізде ешқандай да негіз жоқ.

Біздің сыртқы саясатымыздың басым бағыттарының бірі – ТМД елдерімен өзара қарым-қатынас. Бұл қатынастар оп-оңай дамып жатқан жоқ. Бұл туралы менің талай рет айтуыма тура келген. Бірақ біз өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық қалайда кеңінен қанат жайып, нығаюы үшін барлық күш-жігерді жұмсаймыз. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан сындарлы ұсыныстар жасамаған мемлекет басшыларының немесе үкімет басшыларының бірде-бір кездесуі болған емес.

Алайда олар әрқашан да түсіністікке ие бола бермейді, ал кейде дәлелсіз секемшілдік туғызады. Мейлінше айқын айтайын: біздің ұсыныстарымыздың екі жақты сипаты жоқ, біз әлемдік экономикалық қоғамдастықта қалыптасқан мінез-құлық ережелерін сақтауға тырысамыз. Қазақстан бұрынғы тиімсіз шаруашылық байланыстарды сақтауға шақырмайды, дегенмен жаңа, барынша тиімді байланыстар табылғанға дейін қазіргі жағымды әрі өзара қолайлы нәрсенің бәрін бұзуды да жақтамайды. Біз сондай-ақ экономикалық кірігу мәселесін саяси мемлекетаралық құрылыс проблемаларынан анық ажырата қараймыз.

Біз қаншалықты қаламасақ та, мемлекетаралық еңбек бөлінісі, сауда рыноктарындағы бәсекелестік және тағы сол сияқты әлемдік шаруашылық қағидаттары объективті түрде өмір сүреді. ТМД мемлекеттерінің жеке алғанда қай-қайсысында болсын бүгінде, шикізат пен қару-жарақтан басқа, толық өзіне жетерлік экономикасы, әлемдік рынокта бәсекелес бола алатын өнімдерінің толық шоғыры жоқ. Сондықтан мемлекет-

аралық кооперацияны, ортақ кеден-экономикалық кеңістікті, Достастықтың рубль аймағын сақтау және дамыту қажеттігі мен мүмкіндігі объективті түрде бар. Тек осы жағдайда ғана біз отандық өнімдердің дүниежүзілік рынокта бәсекелес бола алмауынан сөзсіз бататын шығындарымызды біршама өтей аламыз, миллиондаған адамдарды жұмыс орнымен, еңбекпен және табыспен қамтамасыз етеміз.

Бір сөзбен айтқанда, қиындықтарға қарамастан, біз ТМД мемлекеттеріне қатысты өз идеяларымызды табанды түрде жүргізетін боламыз. Олар өзара тиімді институционалдық құрылымдар құру арқылы жүзеге асуы әбден мүмкін.

Қымбатты отандастар!

Өткен кезең қиын да болса жемісті жұмыспен өтті. Біздің әрқайсымыз, сайып келгенде, оның тиісті жемісін беретіндігіне, Қазақстанды өркендеген және лайықты, бақытты өмірдің өркениетті жолына шығаратынына сенетінімізді айтсам, қателеспеспін. Бұл, сөзсіз, солай болады. Дегенмен, алда тұрған істердің ауқымы аса қомақты, сондықтан оның адам айтқысыз көлемін еңсеру үшін көп уақыт қажет етіледі.

Шындықтың бетіне тура қарасақ, біздің қоғамымыз әзірге өткеннің ескі дағдысымен өмір сүріп жатқандығын мойындауымыз керек. Қазақстан Республикасы – өз заңы, өз жолы, өзінің болашағы бар мемлекет дейтін шындықты жұрттың бәрі әлі толайым танып, білген жоқ. Сондықтан да біз, республикада тұратын барлық адамдардың игілігі үшін, қандай күрделі болса да, өзіміздің барлық түйіндерімізді бірлесе отырып

шешуге тиіспіз. Біз үшін ешкім де Қазақстанды жаңғыртып бермейді, ол үшін әлемдік қоғамдастықтан орын әпермейді, біздің тұрмысымыздың деңгейін көтермейді.

Бүгінде біз өз іс-қимылдарымызды салыстыратын нақты бағдарларымызды естеріңізге салғым келеді. Таяудағы 3 жылда тұтыну рыногын қалыпқа түсіріп, содан кейінгі 5 жылда экономиканың шикізаттық сипатын жеңіп, 10–15 жылда жаңа индустриялық елдердің қатарына қосылуымыз керек. Егер біздің тыныс-тіршілігіміздің тек қана материалдық жағын ғана алатын болсақ, міне, біз осыған ұмтыламыз.

Сондықтан да мен сіздерді қажырлы еңбекке, төзімділік пен ұлттық келісімге шақырамын, өйткені тек осы үш фактор ғана халықтың алға қойған мақсаттарына жетуінің берік кепілі бола алады.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты қазақстандықтар!

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының
X сессиясында Қазақстан Республикасы
Үкіметінің Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар
мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды
тереңдету бағдарламасы туралы

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1993 жылғы 18 қаңтар

Құрметті депутаттар!

Мемлекетте конституциялықтың баянды етілуі – дағдарысқа қарсы және әлеуметтік кепілді реформаларды жүргізудің маңызды шарты. Конституцияға деген абстрактілі құрмет қана емес, сонымен бірге, Конституция мен одан туындайтын заңдарға құйтырқы түсінік берудің жолын кесіп, оларды мүлтіксіз орындау төменнен жоғарыға дейін қамтамасыз етілмесе, реформа күйрейді. Реформалардың басты

жауы – саяси және құқықтық былыққа, жершілдікке тек конституциялық қана қарсы тұра алады. Реформаларды жүргізу үдерісі заңнан тыс қалмауы керек, әйтпеген жағдайда реформаланушы экономиканың жалпы жай-күйі қылмыстың, соның ішінде ұйымдасқан қылмыстың жүгенсіз кетуімен айқындалатын болады.

Бүгінде реформалардың саяси бағытын түбегейлі өзгерту үшін объективтік негіз жоқ. Осыны түсіне отырып, халық сайлаған Президент ретінде менің де реформадан ауытқуға қақым жоқ. Менің бұл сенімім өзімнің сайлау алдындағы тұғырнамама сай келеді.

1992 жылдың басынан бастап республика үкіметі Ресей еріксіз таңған ойын тәсілін қабылдауға мәжбүр болғаны өздеріңізге мәлім. Әңгіме екі үкіметтің де экономиканы ырықтандыру мен ақша-қаржы жүйесін тұрақтандыруды бір мезгілде жүзеге асыруға сенім артқанында болып отыр. Өткен жылдың тәжірибесі қысқа уақыт аралығында бұл екі мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес екенін көрсетті.

Түбегейлі мәселе Қазақстанның объективтік заңдылықтары мен ерекше жағдайы осы міндеттерді қаншалықты шешуге, қандай ретте және қандай мерзімде шешуге мүмкіндік беретіндігінде болып отыр. Объективті жағдайларды елемеу, екі проблеманы да атүсті шешуге әрекет жасау елді зор қатерге ұрындыруды білдірер еді.

Басқа елдердегі тұрақтандыру бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесіне сілтеме жасау, әлдебір жалпылама, сыналған сызба бойынша әрекет етуге ұмтылу орынсыз болып көрінеді.

Тұрақтандыру бағдарламалары жүзеге асырылған мемлекеттерде экономика өзінің бастапқы жағдайында нарықтық болды немесе, ең бері салғанда, ол біздегі сияқты мұншама терең ырықтандыруды қажет еткен жоқ.

Бүгінгі міндет – қаржыны тұрақтандырумен қатар, өндіріс пен тұтынудың құлдырауын тежеу, тұтыну кешені салаларындағы дағдарысты құбылыстарды болғызбау. Бұл ретте кәсіпорындардың жаппай банкротқа ұшырауы мен үлкен жұмыссыздыққа жол бермеу үшін еліміздің ұлттық мүдделерін басшылыққа алу керек.

Үкімет сіздердің алдарыңызда дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету жөніндегі өзінің бағдарламасын баяндады. Оны талқылау кезінде сындарлы да салиқалы ұсыныстар айтылды, үкімет өз бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру кезінде соларды ескеруі керек. Үкімет бағдарламасы, республиканың бюджеті мен төлем балансын қоса алғанда, нақты есептерге негізделгенін атап өткім келеді. Соңғысын Қаржы министрлігіндегі, Ұлттық мемлекеттік банктегі, Статистика жөніндегі мемлекеттік комитет пен Жоғары экономикалық кеңестегі біздің мамандар тұңғыш рет халықаралық қаржы ұйымдары сарапшыларының, сондай-ақ осындай реформаларды жүзеге асыру тәжірибесі бар шетел кеңесшілерінің қатысуымен жасады.

Алайда экономикалық реформаларды тереңдету мен дағдарыстан шығу жөніндегі нақты, өзара үйлесімі қисынды ұсыныстардың орнына жекелеген саясатшылар тырнақ астынан кір іздеушілікке салынууда. Және де көп ретте дәлелдердің жетіспеушілігі қиып түсетін,

бірақ істің мәнін ашып көрсетпейтін бөспелікпен алмастырылады.

Кейбір депутаттар үкіметті өз бағдарламасын әзірлеуге экономист-ғалымдарды тартпайды деп кінәлайды. Осыған байланысты мен Жоғары экономикалық кеңес мәжілісінде жеке өзім ғалымдарымыздың пікірін тыңдағанымды айтқым келеді. Олардың ешқайсысы нақты, бірегей идеялар ұсына алмады және, менің білуімше, олар нарықтық экономиканың заңдарын жеткілікті түсінбейтін де сияқты. Экономикалық институттар, шетелдіктерді қоса алғанда, әртүрлі сарапшылар ұсынған материалдарды егжей-тегжейлі зерттеу, сондай-ақ интеллигенция мен партиялардың жекелеген өкілдерінің сөйлеген сөздері осының бәрі негізінен құрастырмалы сипатта екенін және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әртүрлі мақалалардың «ғылыми тұрғыдан» баяндалуы болып табылатынын көрсетті. Немесе өздерінің бір байланыстары бар нақты бір шетел компаниясына ғана, оның үстіне баламасыз түрде қолдау көрсетуді ұсынады. Әрі олары үкіметтің экономикалық саясатын жақсартуға бағытталған байыпты ұсыныстар ретінде көлденең тартылады.

Мен біздің экономист-ғалымдарымыздың және популистердің де ғылыми мүдделерін талдап көрдім. Бізде макроэкономика, қаржы, ақша-несие және сыртқы экономикалық мәселелер бойынша ірі мамандар ғана емес, тіпті орта буын мамандар да жоқ екені айқындалды. Мұны Қазақстанның алдында бұрын осындай міндеттердің қойылмағанымен түсіндіруге болар. Әйтсе де әркім өзін осы мәселелер бойынша маман деп есептеп, мақалалар жариялап жатады, ал оларын оқып көрсең, өздерінің біліксіздігіне тағы да көзің жетеді.

Әркім өз ісімен білікті түрде шұғылдануы тиіс. Пікірлер алуандығына деген құрметіме қарамастан, әлемде ең алдымен адамдардың біліктілігі бағаланатынын ұмытпауымыз керек.

Мен жүргізіліп жатқан реформаларды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етудің қажеттігіне және оның тиісті дәрежеде орындалуы көп жағдайда ғылымға келіп қосылатын, қазірдің өзінде келе бастаған жаңа, жас күштерге байланысты екендігіне сенімдімін. Икемді экономикалық саясатты жүзеге асырудағы табысқа, біріншіден, аса көрнекті «адами материалмен» жасақталған мемлекеттік бюрократия жүйесі арқылы, екіншіден, осы жүйені практик ғалымдар қатарымен нығайту, олардың бас-аяғы жоқ дерексіз пікірсайыстарға түсіп кетпей, нақты болмысты құрметтеуге ойысуы арқасында қол жеткізуге болады.

Үкімет бағдарламасының артықшылықтары мен кемшіліктерін тізбестен, мен бұл жерде депутаттар көтерген кейбір даулы мәселелерге және оларды жүзеге асырудың тетіктеріне тоқталғым келеді.

Бірінші – 1993 жылға арналған бюджет мәселесі. Жоғарыда айтып өткенімдей, оның кіріс және шығыс бөлігі инфляцияны тоқтатуға бағытталған үкімет Бағдарламасын негізге алып құрылды. Мен салық саясаты әзірге жетілмеген дегенмен келісемін. Бірақ неден үнемдеуге болады? Сіздер егемен мемлекетіміздің өз Қарулы Күштерін құру жағдайында әскердің жеке құрамын ұстаудан үнемдеуге болмайтынымен келісетін шығарсыздар. Немесе ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибе жұмыстарынан, сондай-ақ мәдениеттен үнемдеуге болмайды, өйткені бюджетте осы мақсаттарға көзделген шығындар онсыз да төменгі дең-

гейде тұр. Әлеуметтік шығындарды қысқарту керек пе? Бірақ тіпті олардың құрылымдары жетілмей отырғанның өзінде олардың көлемін азайту қиын және де мұны халық мүддесі үшін үнемдеу деп айтуға да болмайды.

Бюджеттің шамадан тыс тапшылығының, алды-артына қарамастан беріліп жатқан мемлекеттік дотациялар мен тегін несиелердің салдары – инфляция, инфляция, инфляция. Біз өз жағдайымызды басшылыққа алуымыз керек және біз шаруашылығымызды қиратушы инфляцияны тоқтатпасақ, онда өнім құнының инфляциялық өсуінен озық жүретін халықтың нақты табысының инфляциялық құлдырауы болады да, соның салдары ретінде мемлекеттік кәсіпорындардың тұтынушыларға инфляциялық салық салу өктемдігі орын алады. Мен бюджеттің нөлдік тапшылығына жету туралы айтып тұрған жоқпын, дүние жүзінде ондай елдер де жоқ. Біз өркениетті нарықтың көріністеріне: салық төлеушілердің байлығын ынталандыру, экономиканы сауықтыру, инвестициялық қызметті жандандыру есебінен бюджеттік түсімдерді өсіруге негізделген бюджеттің серпінді тұрақтануын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Екінші жағынан, егер бағаның ырықтандырылуы жағдайында бұл үдеріс тұтыну тауарлары мен өндірістік ресурстар жеткізілімінің кеңейтілуімен қатар жүрмесе, тауар жетімсіздігі мен инфляция адам айтқысыз қатаң түрге енеді. Сондықтан қазақстандық тауар өндірісінің әлеуетін толығымен іске қосу үшін барлық мүмкіндікті жасау өте маңызды. Осы мақсатта үкімет белсенді, нысаналы құрылымдық саясат жүргізетін болады, ал ол нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге, халық шаруашылығын қайта құруға

басқарылатын сипат беріп, өмірге бейімсіз өндірістерді тұқырту қарқынын институционалдық өзгерістермен, инвестицияларды тарту мүмкіндіктерімен, жаңа жұмыс орындарын құрумен және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен сәйкестендіре алар еді.

Шындық мынада: Қазақстанның белсенді құрылымдық саясатты жүзеге асыруына мүмкіндігі тым шектеулі. Демек, әңгіме басым салаларды бөліп алып, оларды қолдау жөнінде шаралар белгілеу туралы болуы керек. Мен қазіргі кезеңде мынадай басымдықтарды бөліп көрсетуге болады деп санаймын:

- отын мен қуат – тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің бірі және негізгі экспорт базасы ретінде;
- тұтыну секторының салалары;
- әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру үшін, өнеркәсіп өркениетінің үдерісі үшін өмірлік қажетті металлургия кешені;
- коммуникация – нарықтық экономиканың аса маңызды алғышарты ретінде.

Мен үкіметке осы бағыттар бойынша индикативті жоспарлаудың негізін құрайтын Мемлекеттік бағдарламалар жасауға тапсырма бердім.

Бұл жерде мұның тек мынадай шаралар кешенін қамтуы керек екенін айтпақпын.

Біріншіден, бұл тауар өндірушілерге қатысты қаржы-экономика сипатындағы елеулі акциялар кешенін жүргізу. Әңгіме ең алдымен мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы қабылданған басымдықтарға сәйкесетін инвестициялардың жобалары бойынша банк инвестициялық несиесін қолдауды қамтитын несие саясатын-

дағы өзгерістер, қаржы ресурстарын тарту үшін құнды қағаздарды шығарып, орналастыру туралы болып отыр.

Екіншіден, бұл – өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін тікелей реттеу жүйесіндегі өзгерістер. Мұндай алға басудың базалық элементі – өзара келісім-шарт бойынша басқару жүйесі.

Үшіншіден, кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ететін ынталандырушы салық саясатын жүзеге асыру.

Және, төртіншіден, тікелей шетелдік инвестицияларды тартудың қолайлы жағдайларын жасап, тетігін игеру.

Экономиканы құрылымдық қайта құрудың басым бағыттарын жүзеге асыру үшін, қажетті ішкі және сыртқы инвестициялық ресурстар Экономика министрлігіне шоғырландырылуы керек. Бұл бағыттағы алғашқы қадам қазірдің өзінде жасалды – Шетел инвестициялары жөніндегі агенттік осы министрлікке берілді. Таяудағы уақытта инвестициялық қорлар бойынша тиісті шешімдер қабылдау қажет. Үкімет Даму банкі құру қажеттігі туралы мәселені жеріне жеткізуі тиіс, оған республикалық бюджеттен мемлекеттік басым бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жеңілдік жағдайымен немесе пайызсыз ұзақ мерзімді несие беру тетігінде маңызды рөл атқаратын қаржы аударылатын болады.

Түбегейлі қайта құруды жүзеге асыру барысында банкрот кәсіпорындар пайда болуы мүмкін екенін ашық айту керек, бірақ бұл үдеріс жойқын стихияның ырқында кетпеуі тиіс.

Keң ауқымды жекешелендіру – аса маңызды институционалдық өзгерістер, экономикалық реформаның

орталық буыны. Оны меншік қатынастары сияқты күрделі де нәзік салада әбігерлі де волонтаристік әрекеттерсіз дәлме-дәл және мұқият құрылған тұжырымдама негізінде сенімді түрде, кезең-кезеңімен жүргізу керек. Мұнда ең маңыздысы меншікті тарату емес, одан кейін не болатынында. Жұрттың бәрін біркелкі меншік иелері мен біркелкі өндіріс қожалары ету әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Өйткені әркім өндірістің меншік иесі, қожа-йыны, ұйымдастырушысы бола алмайды және мұны біздің тарихымыз дәлелдеп берді. Басқаруға қатысусыз меншік иесі болу – бос сөз! Меншік иесі болу дегеніміз – білек сыбанып жұмыс істеу, басқару, іске жаны ашу, өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету. Өз капиталын, жағдайын және келешегін тәуекелге тігу. Ал бұл әркімнің қолынан келе ме? Жоқ. Толып жатқан адамдар меншік иесі болудан және өндіріс нәтижелері үшін жауапкершілік арқалаудан, жинаған қорларына, игілігіне, тыныштығына тәуекел етуден қашқақтайды. Өндірісті ұйымдастыруға қабілетсіз, бірақ оның есесіне өз саласында жақсы маман болып жүрген көптеген адамдар бар. Олар, сірә: мен жақсы жұмыс істейтін болайын, ал сіз ол үшін маған жақсы ақы төлеңіз және өндірістің қалай болатыны, өнімді қалай өткізу керектігі, кәсіпорынды техникалық жағынан қалай қайта құру қажеттігі туралы сіздің басыңыз ауыратын болсын, дейтіндей жолды қалауы мүмкін. Сондықтан бұған нақты қарау керек деп есептеймін: адамдар әртүрлі, олардың тілегі, қабілеті, бейімділігі де бірдей емес. Ең маңыздысы – біреудің өзін өзі көрсетуіне мүмкіндік берің, ал дәл сондай қабілеті бар екінші адамға мүмкіндік берілмейтін кемсітушілікті, әлеуметтік әділетсіздікті болдырмау. Бастапқы жағдай баршаға бірдей болуға

тиіс. Ал өз қызмет аясын таңдап, өз мүмкіншіліктерін көрсету – әркімнің өз ісі.

Бүгінге дейін үкімет таяудағы 2–3 жылға арнап жекешелендірудің Мемлекеттік бағдарламасын, қабылданған заңдарға қажетті түзетулер, сондай-ақ нормативтік-әдістемелік және нұсқаушылық материалдар даярлады. Оларды Жоғарғы Кеңесте мақұлдағаннан кейін, ал оны ұзаққа созбау керек, негізгі үш бағыт бойынша жекешелендіруді өрістету: «шағын жекешелендіру», «жаппай жекешелендіру» және «жеке жобалар бойынша ірі индустрияны жекешелендіру» басталады.

Бұл бағдарлама сіздерге баяндалатын болғандықтан, оның егжей-тегжейіне бармай-ақ, мемлекеттік кәсіпорындарды реформалау мәселелеріне тоқталғым келеді.

Қазақстан экономикасында мемлекеттік сектор нарықтық экономика жағдайында жеке сектормен бәсекелесіп, әлі ұзақ уақыт бойы елеулі рөл атқаратынын ескеріп, мемлекеттік кәсіпорындарды реформалауды жүзеге асыру қажет.

Реформаның мәні мемлекеттік кәсіпорындар мен басқару органдарының құқықтары мен міндеттерінің аражігін ашып, кәсіпорындарды мемлекеттің қамқорлығынан шығаруда, олардың шаруашылық қызметтің нәтижелері үшін банкроттық пен жабылуға дейін толық экономикалық жауапты болуы үшін экономикалық және құқықтық алғышарттар құруда, кәсіпкерлік тәуекелге қатысты меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындарды теңестіруде болып отыр.

Қазіргі уақытта мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылықты толығымен жүргізуге құзыретті, бұл меншік иесі құқығымен тең (іс жүзінде бұл – кәсіпорын директоры), бірақ мемлекет меншігін сақтау мен еселей түсуге

нақты жауап бермейді. Іс жүзінде мемлекет өзінің меншік иесі функциясын жүзеге асыру мүмкіндігінен айрылған.

Осы келеңсіз жағдайды жою үшін «Кәсіпорындар туралы» Заңға өзгеріс енгізу қажет және мен оны осы сессияда жасауды сұраймын.

Реформа барысында мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың екі санаты белгіленеді. Олардың біріншісіне тікелей мемлекет басқаратын, мемлекеттік органдардың тапсырмаларын орындайтын және бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындар кіреді, яғни бұлар – қорғаныс өнеркәсібінің, көлік, байланыс кәсіпорындарының белгілі бір саны, сондай-ақ коммерциялық өлшемдерге бағдар ұстай алмайтын өндірістік емес салалардың ұйымдары. Мұндай кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыскерлері мемлекеттік қызметшілер мәртебесіне ие болады.

Екінші санат – толық коммерциялық есеп айырысу қағидатында жұмыс істейтін кәсіпорындар, басқаша айтқанда, мемлекет меншігінде қалатын өзге кәсіпорындар. Олар акционерлік қоғамдар немесе жауапкершілігі шектеулі қоғамдар болып қайта құрылуға тиіс болады да, барлық акциялары немесе бақылау пакеті олар басқа иегерлерге сатылғанға дейін мемлекеттің қолында қалады.

Осындай кәсіпорындарды басқару үшін бақылау кеңесі (директорлар кеңесі) құрылады, оны салалық министрліктер тағайындайды, ал басшылармен еңбек шарты жасалады. Мұның барлығы сондай-ақ мемлекеттік холдинг компанияларына жатады.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара қатынастар мемлекеттік мүлікті

басқару мен кәсіпорын қызметін басқару функцияларын бөлу негізінде құрылады.

Мемлекеттік мүлікті (мемлекетке тиесілі акциялар пакеттерін) басқару функцияларын Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет органдары, сондай-ақ олар өкілеттік берген органдар жүргізеді.

Кәсіпорындар қызметін заңмен белгіленген шеңберде басқару функцияларын Қазақстан Республикасының сол кәсіпорындар өздеріне қарайтын министрліктері мен ведомстволары атқарады. Бұл функциялар, негізінен, кәсіпорындардың рентабельділігі мен берешегіне бақылау жасау, оларға мемлекеттік басым бағдарламалар шеңберінде көмек көрсету, кәсіпорын басшыларымен шарттар жасау арқылы шектеледі. Осының барлығын жүзеге асыру үшін үкімет нормативтік құжаттарға, қаулыларға тиісті өзгерістер енгізуі қажет.

Кәсіпорындар залалмен жұмыс істеген, төлем қабілетінен айырылған жағдайда жоғарыда аталған органдар оларды сауықтыру, қайта құру және жою шараларын қолданулары керек.

Үкімет осы санаттарға мемлекетке тиесілі мүліктің құнына (ұлттық дивиденд) байланысты мемлекеттік бюджетке төленетін арнаулы салық енгізу туралы мәселені пысықтауы керек.

Мұндай кәсіпорындарда еңбек ұжымдарының құқықтары олардың мүшелерінің заңда және Жеке-шелендіру бағдарламасында белгіленген негіздерде, кәсіпорындардың меншігіне қатысуы, сондай-ақ қадағалау кеңесіндегі өкілдіктері арқылы кепілдендіріледі.

Салалық министрліктер негізінде құрылған және жергілікті монополистер болып отырған концерндер мен қауымдастықтарды шұғыл тарату, ең алдымен,

кәсіпорындардың тығыз технологиялық байланыстарды сақтауға және қаржы ресурстарының шоғырлану қажеттігіне мүдделі болып отыруы себепті тиімді болмауына байланысты қазіргі бар концерндер мен қауымдастықтарды, жұмыстарының төмендегі қағидаттар негізінде құрылуы тиіс екенін ескере отырып, негізінен сақтау қажет деп есептеймін.

Біріншіден, мемлекеттік корпорациялар, концерндер мен қауымдастықтар шаруашылық бірлестіктері болып табылады және ешқандай мемлекеттік функцияларды атқармайды.

Екіншіден, бұл құрылымдар не заңмен белгіленген мемлекеттік кәсіпорындар (бірлестіктер) мәртебесіне ие болады да, оларға кіретін барлық кәсіпорындардың құқықтары шектеледі, немесе олар барлық құқықтарды пайдаланатын, бірақ өздерінің өкілеттіктерінің бір бөлігін бірлестіктің басқару органдарына шарт негізінде беретін ерікті бірлестіктер (қауымдастықтар) болады.

Үшіншіден, монополистік әрекеттер байқалған жағдайда монополияға қарсы заңға сәйкес бұл құрылымдарды таратуға дейін санкциялар қолданылады.

Және, төртіншіден, жекешелендіру үдерісінде, әдетте, концерннің немесе қауымдастықтың құрамына кіретін кәсіпорын жекешелендіру объектісі болады.

Жаңа аграрлық құрылымды құру – Қазақстан экономикасындағы жүйелік өзгерістердің аса маңызды элементі. 1992 жылғы 8 ақпанда мен агроөнеркәсіптік кешеннің мемлекеттік ауыл шаруашылығы, дайындау, өңдеу және қызмет көрсету кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы жарлық шығарғанымды білесіздер. Онда

ұжымшарлар мен кеңшарларды реформалаудың басты бағыты көрсетілген, ал оның мәні олардың меншігін еңбек ұжымдарымен жекелеген жұмыскерлерге беруге, ұжымшарлар мен кеңшарларды коммерциялауға және толық дербестігін қамтамасыз етуге саяды. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өнеркәсіптегіден бір ерекшелігі – олар өздерінің жерлері мен мүліктерінің негізгі бөлігін ұжымдық-үлестік меншікке тегін алады.

Еңбек ұжымдары өз кәсіпорнының құқықтық-ұжымдық формасы туралы, ашық немесе жабық түрдегі акционерлік қоғамға немесе өндірістік кооперативке қайта тіркеу жайындағы шешімді дербес қабылдайды. Оның үстіне, ұжымшарлар мен кеңшарлар түп-түгел дербес және ұсақ жеке кәсіпорындарға бөлініп, содан соң ерікті негізде біртұтас қауымдастыққа немесе бірқатар қызмет көрсетуші кооперативтерге бірігуі мүмкін.

АӨК ұқсатушы өнеркәсібінің кәсіпорындары, агроқызмет кәсіпорындары мен ұжымдары көптеген жағдайларда жергілікті монополистер болып келеді. Жекешелендіру жүргізу кезінде осы монополияларды жою үшін жарлықта ауыл шаруашылығы өндірушілеріне аталған кәсіпорындардың акцияларын алуда басым құқықтар беру жөнінде шаралар көзделіп отыр.

Мен жақында Ауыл шаруашылығы академиясының ғалымдарымен кездесуімде білгенімдей, жергілікті жерлерде жоғарыда аталған кәсіпорындарды жекешелендіруде менің 1992 жылғы 28 сәуірдегі «Материалдық өндіріс салаларындағы меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жұмыстарын жандандыру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы» Жарлығым басшылыққа алынады екен. Бірақ АӨК-тегі жекеше-

лендірудің өнеркәсіптің басқа салаларымен салыстырғанда өз ерекшелігі бар ғой, дербес екі жарлықтың шығарылуы да сондықтан. Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет мұнда дереу тәртіп орнататын болсын және жарлықтарда жекешелендіру жөнінде бірін бірі жоққа шығаратын шаралар болса, онда оларды жою жөнінде ұсыныс әзірлесін.

АӨК-тегі жекешелендіруге байланысты тағы бір мәселе. Әңгіме дәрменсіз шаруашылықтар және олардың қарыздары туралы болып отыр. Кейбір депутаттар, жекелеген мамандар бізге оларды есептен шығарып тастауды немесе мемлекеттің иелігіне алуды ұсынады. Бұл проблеманың популистік тәсілдермен шешілмейтінін тағы да атап көрсеткім келеді. Мұндай қарыздарды мойнына алған қандай мемлекет, қандай бюджет оған төтеп бермекші? Бұдан шығудың жолы басқада. Атап айтқанда, дәрменсіз шаруашылықты қайта құру мерзімін белгілеу керек. Мұндай шешімді облыс әкімшілігі қабылдауға тиіс. Қайта құруға қарызды өтеуге қатысатын көлденең ұйымдар да тартылуы мүмкін. Егер қарыз өтелмесе, онда олар мүліктің бір бөлігін аукционда сату есебінен жабылуы тиіс.

Тұтастай алғанда, бұл мәселені түпкілікті шешуді және таяу уақытта тиісті жарлықтарға, нормативтік құжаттарға қажетті өзгерістер енгізуді ұсынамын.

Тиімді ақша-несие саясатын жүзеге асыру үшін республиканың Ұлттық мемлекеттік банкінің қызметін, оның үкіметпен, коммерциялық банктермен өзара қатынасын түбірінен қайта құру қажет.

Көптеген елдерде ұлттық банк үкіметтің банкирі, агенті мен кеңесшісі екені мәлім. Ол үкіметтің жалпы экономикалық және қаржы макробағдарламаларын

жүзеге асыруда, ақша операцияларын реттеп, болжауда өзекті орын алуы керек. Ұлттық мемлекеттік банк пен үкіметтің арақатынасын қамтамасыз ету үшін банк ресурстарын үкімет бағдарламаларын жүзеге асырудың, ақша айналымы тұрақтылығының мүддесіне пайдаланудың тиісті тетіктері мен нормативтерін талдап жасап, оларды қолда ұстау керек. Банктің жаңа рөлі шеңберінде оны түпкілікті жаңарту, нарық жағдайындағы ақша-несие проблемаларына, банк ісіне кәсіби тұрғыдан жетік жас күштерді қатыстыру арқылы кадрларды даярлау мен қайта даярлау маңызды.

Банк қызметіндегі тым келеңсіз үрдістерді, атап айтқанда, сауда-делдалдық операциялармен, ресурстарды алыпсатарлықпен қайта сатумен және т. б. әуестенуді жою қажет. Коммерциялық банктер инвестициялық салаға қаржы салуды іс жүзінде қойды, олар өндірістен сырт айналып кетті. Банктер жүйесі жасанды ұсақ, бытыраңқы болып кетті, ірі өнеркәсіптің сұранысынан қол үзіп, оған қызмет көрсетуге қабілетсіз болып қалды. Жағдайды түбірінен өзгерту керек. Ұлттық мемлекеттік банк мейлінше сараланған, іріктелген несие саясатын жүргізіп, бағдарламалық инвестициялық салымдарға елеулі артықшылықтар беріп, экономикадағы құрылымдық өзгерістерге жағдай жасауы керек. Бұл міндетті түрде коммерциялық банктерді ірілендіріп, шын мәнінде тиімді банк жүйесін қалыптастыратыны сөзсіз. Өтпелі кезеңде Ұлттық банктің төрағасын Министрлер Кабинетінің құрамына енгізу жөн деп есептеймін.

Дүниежүзілік банк сарапшыларын қатыстыра отырып, Ұлттық мемлекеттік банк пен ірі коммерциялық банктерге аудиторлық тексеру ұйымдастыру қажет.

Үкіметтің әлеуметтік саясатының маңызды элементі – жоғары тиімді еңбек үшін жағдай жасау, халықтың әл-ауқатының төмендеуіне жол бермеу және халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қорғалған жігін кепілдендірілген ең төменгі деңгеймен қамтамасыз ету. Республика бюджетін құрудағы күрделі жағдайды ескеріп, әлеуметтік бағдарламаларды аса зәру болып отырғандарға қайта бағдарлау, табысы төмен отбасыларына нақты қолдау көрсету қажет. Халықты әлеуметтік қолдау жүйесі жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыларды, өтемақыларды, кадрларды жұмысқа орналастыру, оқыту және қайта оқыту, қосымша жұмыс орындарын құру, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу шығындарын қаржыландыруды қамтуы тиіс.

Еңбек рыноктарын реттеп отыратын тетіктерді пысықтау, жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеу, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру және зейнетақы қорларының қаржы жағдайы үкіметтің бақылауында болуға тиіс. Бюджеттік мекемелер қызметкерлері жалақысының және санының деңгейі мен құрылысын реттеп отыру жөніндегі шараларды көздеу қажет. Зейнетақының ең төменгі деңгейін нақты реттеп отыру маңызды. Тиімді еңбекке нақты ынталандыру үшін қызметкерлердің елеулі игіліктер алуына ұзақ мерзімді тұтыну несиесін берудің ерекше маңызы бар.

Экономикалық өзгерістерді құқықтық қамтамасыз ету саласында көптеген маңызды проблемалар жинақталып қалды, ал оларды неғұрлым тезірек шешу реформаны едәуір алға жылжытуға ықпал етер еді.

Құқықтық реттеу саласындағы жағдайға егжей-тегжейлі баға беріп жатпастан, мына жәйттерді көрсеткім келеді.

Бүгінде қабылданған құқықтық актілердің ішкі қайшылығы пайда болып отыр, бұл оларды пәрменділігінен айырып қана қоймай, сонымен бірге, нақты заңдарды орындамау үшін де «заңды» негіз туғызуда. Оның үстіне, Кеңес Одағы өмір сүріп тұрған кезде қабылданған заңдардың алғашқы толқыны көз алдымызда ескіруде және өзінің екіұштылығымен шаруашылық жүргізудің жаңа формалары мен әдістерін құқықтық тұрғыдан жүзеге асыру үшін кедергі келтіріп отыр.

Сондай-ақ республиканың заң қызметінің жалпы жағдайы не кадрлық, не материалдық-ресурстық тұрғыдан жаңа функцияларды атқаруға және өзі шешуге тиісті мейлінше жаңа мәселелердің орасан зор көлеміне дайын емес екенін де атап өткен жөн.

Аталған кемшіліктердің объективті себептерге байланысты туындап отырғанына күмән жоқ. Бірақ құқықтық тұтқаларды, әсіресе, қазіргі дағдарысты жағдайда реформаның тежегішіне айналдыруға болмайтыны да соншалықты күмәнсіз.

Осыған байланысты, біріншіден, жаңа қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық шындықты ескере отырып, бұған дейін қабылданған құқықтық актілерді белгілі бір тексеруден және ішінара тазартудан өткізуді ұсынар едім. Екіншіден, заңдарды, ең алдымен, дағдарысқа қарсы заңдарды жүзеге асырудың құқықтық тетіктері мен тәртіптеріне баса назар аударып, жаңа шаруашылық заң шығарушылықты барынша азайту керек.

Жергілікті нормашығарушылыққа бақылауды күшейтіп, жергілікті билік органдарының республика заңдарын орындаудағы жауапкершілігін арттырған жөн. Заңсыз норма шығарғаны үшін олар таратылуы және кезектен тыс сайлау белгіленуі тиіс.

Қолданыстағы басқару жүйесінде көбінесе бұрынғы жүйенің сипаты сақталған, ал ол кезде республикадағы басқару органдары өз саясатын әзірлеуге қабілетсіз, негізінен одақтық басқару құрылымдарының «филиалдары» есепті болатын. Мұндай жағдай объективті түрде қалыптасқан еді және оны тез өзгертудің кез келген әрекеті басқару құрылымдарының үлкен салғырттығынан тек кері нәтиже береді.

Соңғы кезеңде экономикалық басқару жүйесін жетілдіру бойынша қолданылып келе жатқан шаралардың ішкі қисыны болғанымен, сонымен қатар өз бетінше әрекет ету сипаты бар және стратегиялық болашақ мақсаттарынан гөрі экономикалық тактика міндеттеріне көп бағынышты.

Оның үстіне жоғары басқару құрылымдары, әдетте, оқиғалардың ықтимал өріс алуын болжау мен ықтимал шиеленістердің алдын алу туралы айтпағанның өзінде, пайда болып жатқан өзгерістерге жедел жауап қатып та үлгермейді, көп ретте олар тек істің қалыптасқан жағдайын атап көрсетумен ғана шектеледі. Экономиканы басқарудағы табан астындағы ұйымдық әрекеттер мен алдын ала жасалған және жан-жақты есептелген іс-қимыл бағдарламасынсыз әртүрлі аударып-төңкерулер тек теріс әсер ғана туғызады.

Қалыптасқан құрылымды түпкілікті қирату емес, қайта оны оңтайлы негізде кезең-кезеңімен реформалап, бұрынғы басқару жүйесіне тән жағымды жайттарды – атқарушылықты, өзара тәуелділік пен қатар бағыныштылықты пайдалана отырып, шаруашылық практикасының жаңа талаптарына біртіндеп бағындыру неғұрлым сындарлы болмақ.

Менің ойымша, негізгі өзгерістер экономиканы реттеудегі мемлекеттің рөлін күшейтумен байланысты болады, сөйтіп, біз дүние жүзінің барлық елдерінде қабылданған, сол рөл ерекше саналатын практикаға қайтып ораламыз.

Нарықтық өзгерістер идеясының дүниеге келуінің әуел басынан-ақ бұрынғы Кеңес Одағында, сондай-ақ бізде де экстремистік үрдістер үстем болды.

Бізге ұнай ма әлде ұнамай ма, бірақ Қазақстан экономикасы «жартылай нарықтық» болып барады және әлі де көптеген жылдар бойы солай бола береді.

Жаңасы әлі салынып бітпей жатып, ескіні асығыс түрде революциялық қирату экономикада көп ретте ілгерішіл жаңа идеяның беделін кетіретін былыққа, құлдырауға апарып соғады. Бұл ретте жарамсыз болып қалған ескі жүйенің беделі лажсыздан қайта түлейді, өйткені ол жақсылы-жаманды болса да күн көруге мүмкіндік беріп келді ғой.

Мысалы, жоспарлауды алайық. Жоспарлауды мемлекеттілік тірегінің бірі ретінде нарыққа және нарықтыққа қарсы қою кімге және не себепті қажет болды. Өйткені жоспар мен нарықты «әрі не бері» контекстінде бір-бірімен сыйыспайтын санаттар ретінде қарау барып тұрған сауатсыздық. Нарықтық экономикада шаруашылықты жүргізудің жоспарлылығы, өзара жоспарлы міндеттемелерді сақтай отырып, шаруашылық байланыстарды демеп, дамыту әміршіл экономика деп аталатындағыға қарағанда ешбір кем байқалмайды. Нарықтық экономикада жоспар жоғарыдан соншалықты қатаң таңылмайтыны, оның директивалық сипаты болмайтыны, қайта неғұрлым индикативті болып, шарттық негізде қалыптасып жататыны басқа

әңгіме. Дегенмен нарықтық экономикасы бар елдерде де мемлекеттік жоспарлау бар (Франция, Жапония және басқалары).

Көп ретте біздің қырсықтарымыз мемлекеттік және нарықтық негіздерді ұтымды мөлшерлеп, оларды ұштастырып, шамадан артық мемлекеттілікті жаңа бой көтеріп келе жатқан нарықтықпен біртіндеп ығыстыра білмеуден немесе оны қаламаудан туып жатады.

Күшті де жауапты билікті қайта қалпына келтіріп, басқару құрылымдарын өтпелі кезеңнің талаптарына сәйкестендіріп қайта құруды қамтамасыз ету, басқару сатысын, төменгі органдар мен жергілікті әкімшіліктердің жоғары органдарға тікелей бағыныштылығын қалпына келтіру қажет. Экономиканы басқару құрылымы оның әртүрлі элементтері мен жоғары басшылық мүшелері арасындағы, мемлекеттік және шаруашылық басқару функциялары арасындағы өкілеттіктердің аражігін дәлелді ажырату арқылы айқын болуы керек. Экономикалық ведомстволар, үкімет бөлімшелері мен жоғары лауазымды адамдар арасындағы функциялардың қосарластығы мен қайталанушылығын жою керек. Қазіргі кезеңде орталықтандырылуы қажет болып отырған функцияларды айқындау керек, оның үстіне белгілі бір функцияны жүзеге асыру үшін бір басқару органы немесе бір лауазымды адам жауап беруге тиіс. Экономикалық ықпал етудің негізгі тұтқалары басқару сатысының жоғары деңгейіне жинақталуға тиісті.

Өзінің басқару органдары арқылы мемлекеттің экономикалық және әкімшілік әдістерін пайдалана отырып, экономиканың тек мемлекеттік секторына

ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік емес құрылымдарға да тиімді ықпал ету мүмкіндіктері болуға тиісті. Мемлекет тарапынан реттеушілік ықпалдың күшейтілуі, сондай-ақ, нарықтық шараларды ТМД-ның басқа да елдерінің іс-қимылдарымен неғұрлым тығыз үйлестіріп отырудың, шетелдік инвесторлармен, халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылдың қажеттігіне байланысты.

Экономикалық реформаны іске асыру тұрғысынан неғұрлым маңызды, басшыларының барлық қажетті өкілеттіктері болуға тиісті министрліктер мен ведомстволардың орталық тобын: Экономика министрлігін, Қаржы министрлігін, Ұлттық мемлекеттік банкті, Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетті және Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетті белгілеу маңызды.

Реформаны нақты іске асыру мәселелерін шұғыл шешу және бақылау мақсатымен үкімет құрамында Премьер-министр басқаратын және құрамында Премьер-министрдің экономикалық реформа жөніндегі бірінші орынбасары, сондай-ақ аталған министрліктер мен ведомстволардың басшылары болатын тиісті Кеңес құрылды. Реформа барысына тек солар ғана жеке жауап береді.

Министрлер Кабинетінің қызметін түбегейлі экономикалық өзгерістердің түбірлі мәселелеріне жұмылдыру, мәртебесін арттыру және жұмысын ретке келтіру мақсатымен оның құрамы шешуші министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен шектелетін болады. Өзге басшылар Министрлер Кабинетіне кеңесші дауыспен кіреді.

Мемлекеттік басқару мен тікелей шаруашылық жүргізу функцияларының аражігін заң жолымен

бөрудің, тиісті жағдай жасалуына қарай министрліктер мен ведомстволарды біртіндеп жедел өндірістік, шаруашылық және коммерциялық функцияларды орындаудан босатудың маңызы зор. Экономикалық ведомстволар халық шаруашылығы аясындағы салалардың дамуын талдап, болжап және үйлестіріп отыруға тиісті. Жаңа тұрпатты мемлекеттік органдар ретіндегі басқа министрліктердің қызметінде нарықты реттеу, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өнім сапасы мен өндіріс тиімділігін арттыру, ғылыми-техникалық, инвестициялық, экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру, қабылданған шешімдерді жедел іске асыру функциялары басым түсуге тиіс.

Мемлекеттік билік пен басқару органдары қызметінің облыстық деңгейінде әкімшілік басшысы мен облыстық Кеңестің құзырына заң арқылы қатаң жеделеу жүргізу қажет. Мүмкін, өкілетті, бірақ атқарушы билікке бағынатын бір орган ұстау керек болар.

Әкімшілік басшысының өкілеттілігі оның республика Президентінің өкілі және аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін тікелей жауап беретін лауазымды адам ретіндегі жағдайымен айқындалады. Министрліктер мен ведомстволардың жергілікті жерлердегі өңірлік бөлімшелері мен өкілдіктерін құру мәселесін қараған жөн.

Экономикалық реформаны сенімді кадрлармен қамтамасыз ету және мемлекеттік басқару органдарына жоғары кәсіпқой мамандардың келуін ынталандыру қажеттігін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік қызмет туралы заң қабылдау, дәрежелер туралы арнаулы тізімдік жасау жұмысын жеделдетіп, заңды әлеуметтік артықшылықтар жүйесін енгізу керек. Шенеунік

ақшаны, соның ішінде параны қайдан алуды ойламай, тек тапсырылған іске ғана «бас қатыруы» тиіс. Турасын айту керек, тәуелсіз мемлекеттің жоғары білікті басқарушыларының іріктелген таңдаулы тобының болмауы мүмкін емес және егер біз күшті мемлекет болғымыз келсе, қазір осы проблемамен шұғылдануға тиіспіз. Бүкіл дүние жүзінде осылай істеледі.

Мемлекеттік қызметкер жөнінде мемлекет қамқорлық жасауы тиіс және бұл қамқорлық жалған емес, шынайы болуы керек. Тек сонда ғана аппарат швейцар сағатынша жұмыс істейтін болады, сонда ол іске жәнтәнімен беріледі. Бүгінде біздің қолымызда «Қрылов атамиздың квартеті» ғана бар, онда қағаздар да жоғалып жатады, телефон да не әрқашан бос емес, не жауап бермейді, келушіні де кабинеттен кабинетке «итере салып» отырады. Министрлер осындай аппаратқа тасаланып, өмірден қол үзіп қалған, тек бір-біріне өздері қабылдаған шешімдердің маңыздылығы туралы әңгімелеумен ғана болады, бірақ ол шешімдері кабинеттен әрі аспайды, неге екенін өздері де білмейді және сұрайтын да адам жоқ: жауапкершілік ботқа сияқты былығып кеткен.

Нақты істің өзі басқарудағы аралық буындардың тым көптігінен-ақ мұқалып бітеді. Мен бірінші кезекте министрліктер мен Министрлер Кабинеті аппаратының бөлімдері арасындағы өзара қатынастарды айтып тұрмын. Министрліктер мемлекеттің негізгі функцияларын жүзеге асыру жөніндегі тиімді басқарудың орталық буындарына айналуы керек. Министрліктердің басшылары тек үкімет мүшелері ғана емес, олар өздеріне тапсырылған салада мемлекет саясатын белгілейді, шенеуніктердің қызметіне бағыт беріп, түзету енгізіп

отырады. Министрлік аппаратының жәрдемімен күллі мемлекеттік құрылымға аса елеулі, көп ретте шешуші ықпал жасалады.

Қазір үкіметтен бастап елді мекенге дейінгі аппарат қызметкерлерінің саны шамадан тыс далиып барады. Қызметтер көбіне бір міндетке емес, нақты шенеунікке арнап құрылады, сөйтіп, ол салық төлеушінің мойнына мініп алады. Осы үдеріске бақылау жоғалған. Сондықтан үкіметтің тек министрліктер мен ведомстволардың ғана емес, сондай-ақ жергілікті жерлердегі сан мен сапа құрамына бақылау жасау құқығын қалпына келтіруді ұсынамын. Бұл үшін жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға шұғыл түрде өзгеріс енгізу қажет.

Премьер-министр аппаратының ешқандай заң тұрғысынан өкілеттігі жоқ және болмауы керек, бірақ ол үкіметтің ішкі жұмысын ұйымдастырады, министрліктер мен ведомстволар қызметін үйлестіру міндетін жүзеге асырады, Премьер-министрдің баяндамаларын құрастырады, Кабинет мәжілістері үшін материалдар әзірлеп, оның шешімдерін министрліктердің орындауын бақылайды. Бірақ Аппарат бөлімдерінің басшылары мәртебесі бойынша министрден жоғары болмауы, оған орындау сипатындағы нұсқау бермеуі керек. Бөлім мен министрлік арасындағы келіспеушіліктер Министрлер Кабинетінің мәжілісінде және Премьер-министрдің тікелей өзі немесе оның орынбасарлары арқылы шешілуі тиіс. Ал бізде Министрлер Кабинетінің шешімдері бөлім шешімдерімен жиі шендестіріледі, ал шын мәнінде соңғыларының министрліктер үшін міндетті болатын дербес шешімдер қабылдау құқығы жоқ. Жалпы алғанда, басқарудың осы екі құрылымының өзара қарым-қатынастарына тиісті тәртіп орнату

қажет, сол үшін Президент Аппараты мен үкіметте қайта ұйымдастыру жүргізу керек.

Президент жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін барлық мемлекеттік басқару органдарының орындауына бақылауды ұйымдастыру және жемқорлықтың жолын кесу үшін Президент жанынан кең өкілеттіктері мен құзыреттері бар арнаулы бақылау буыны құрылады.

Үкімет бағдарламасына байланысты сіздердің назарларыңызды аударғым келген басты мәселелер осылар, ал оларды ойдағыдай жүзеге асыру Қазақстан экономикасын дағдарыстан аз шығынмен шығаруды қамтамасыз етеді.

Қоғамда әлі сақталып отырған жағдайдың жақсаруына деген бұлыңғыр үміт өте ауыр психологиялық әсер туғызатынын мен түсінемін. Бірақ әл-ауқатты жақсартудың көзге айқын көрінетін, халыққа түсінікті қадамдарын жасау үшін, нарықтық реформалардың әлеуметтік базасы кеңейтілуге тиіс. Мен үкіметтің Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі қызметін халықтың қолдауын, бірақ қолдап қана қоймай, реформаның белсенді қатысушысы болуға деген ұмтылысын айтып тұрмын.

Үкімет дағдарысқа қарсы бағдарламаны халық депутаттарының ұдайы қолдауы, қажырлы еңбек, халықтың, барлық партиялар мен қозғалыстардың топтасуы және олардың елді экономикалық дағдарыстан тезірек алып шығуға деген мүдделілігі мен мемлекет егемендігін нақты мазмұнмен толтыруы жағдайында ойдағыдай жүзеге асыра алады. Кез келген тайталас дертті одан әрі ушықтырып жіберуі мүмкін және жағдайды оқиға-

ның осылайша өріс алуына дейін жеткізу аса қауіпті. Сондықтан күш-жігерді топтастыру, бірін бірі тыңдап, мемлекеттің де, тауар өндірушілердің де, халықтың барлық жіктерінің де мүдделерін ескере отырып, одан нақты қорытындылар шығара білу ғана еліміздің экономикасын дағдарыстан шығаруға, әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге көмектеспек.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысында
Қазақстан Республикасы
Конституциясының қабылдануына байланысты**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1993 жылғы 29 қаңтар

**Құрметті дипломатиялық өкілдіктердің
басшылары!
Құрметті шетелдік меймандар!
Құрметті халық депутаттары!
Жолдастар!**

Жаңа ғана шын мәнінде тарихи оқиға болып өтті – Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды.

Бүгін мен барлық отандастарымызды осы оқиғамен шын жүректен құттықтасам деймін. Негізгі заңның

қабылдануы – республика үшін, оның барлық азаматтары үшін айтулы оқиға. Осы арқылы мемлекеттіліктің қалыптасуы, ұлттық тәуелсіздікті қамтамасыз етудің сапалы жаңа кезеңіне өту, азаматтық құқықтар мен бостандықтардың нақты кепілдіктері, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың ілгерінді мақсаттарын жүзеге асыру үшін, құқықтық негіздің іргетасы қаланды.

Халық депутаттарына, құқық саласындағы мамандарға, шетелдік достарымызға, қазақстандықтарға, жаңа Конституцияны жасауға белсенді қатысқандардың барлығына ризашылық білдіруді өзімнің парызым деп санаймын.

Екі жылдан астам уақыт бойы жүргізілген орасан зор әрі күрделі жұмыс аяқталды.

Конституция жобасын жасаудың бастапқы кезеңінде біздің алдымызда бұрын болған Негізгі заңды жамап-жасқамай немесе оның шетелдік қандай да бір баламасын көшіріп ала салмай, біздің жас мемлекетіміздегі осы заманғы демократиялық өзгерістерді бейнелейтін, өркениетті қоғамдық және мемлекеттік дамудың нормаларына сәйкесетін мейлінше жаңа Конституция жасау міндеті тұрды.

Бұл талаптар республиканың мемлекеттік тәуелсіздігін, оның әлеуметтік бағдарланған экономикаға көшуін орнықтыру, сапалық жаңа заңнама қалыптастыру қажеттігінен туған болатын. Конституция мемлекет пен оның институттары тұрақтылығының құқықтық кепілі ретінде қарастырылды.

Өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдығы мойындалатын, азаматтары азаматтық тыныштықты,

ұлттаралық келісімді, өздері мен болашақ ұрпақтары үшін лайықты тұрмысты қамтамасыз етуге ұмтылатын қоғамды дамытудың сенімді және пәрменді құқықтық іргетасын қалау міндеті алда тұрды.

Конституцияны әзірлеу барысындағы табанды жұмысты қорытындылай келіп, бұл кезеңде алға қойылған міндеттер негізінен орындалды деп толық сеніммен айтуға болады.

Конституцияның қабылдануымен Қазақстанның халықаралық аренадағы шептері де нығаяды. Осыған байланысты жобаны әзірлеу барысында халықаралық құқықтың мемлекеттік құрылыс, адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы жалпы жұрт мойындаған қағидаттары толық көлемінде ескерілгенін атап көрсету қажет.

Шын мәнінде, Конституцияның азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін тиянақтайтын кез келген бабы олардың жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз етуге қажетті сапалы іс-әрекеті үшін мейлінше кең өріс ашады. Конституцияның ерекше сипаты – оның адамгершіл бағыттылығы мен зерделі түрде мақсатқа сай болуы. Біздің мемлекетіміздің Негізгі заңымен адамды кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынады.

Біздің ұлттық мемлекеттілігіміздің тарихында тұңғыш рет бекітілген конституциялық қағидат бойынша Қазақстан Республикасының аумағын амалсыздан тастап шыққан барлық азаматтарының, сондай-ақ басқа мемлекеттерде тұратын қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен қоса, Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болу құқы танылады. Әрине, бұл сол елдің заңдарына қайшы келмейтін болса. Біздің

конституциялық қағидаттарымыз бойынша, Қазақстан Республикасы адам құқықтарын бұзудың құрбандықтары болған шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға баспана беруге құқылы.

Осылайша, Конституция республиканың барлық азаматтарына еркін әрі саналы өмір орнықтыруы үшін қажетті құқықтық жағдайларға кепілдік беретін сапалық жаңа нормаларды бекітіп берді. Халықаралық қоғамдастық біздің конституциялық құрылысқа деген көзқарасымызға лайықты бағасын беретініне сенімдімін.

Сонымен, біздің көпұлтты халқымыз жаңа Конституция бойынша өмір сүріп, жұмыс істей бастаған уақыттың жаңа есебі басталды.

Конституциялық нормалардың күллі жаңғыртушылық әлеуетінің іс жүзінде ашылуы көптен-көп ретте барлық азаматтарға, біздің әрқайсымызға, баршамыз болып Негізгі заңның өзегіндегі адамгершіл мұраттарды қаншалықты мақсаткерлікпен және батыл түрде басшылыққа алып, оның рухы мен әрбір сөзіне адал болуымызға байланысты.

Дамудың тарихи тәжірибесі демократия мен бетімен кетушіліктің арасында ортақ ештеңе жоқ екенін әлдеқашан дәлелдеген. Демократиялық құрылым азаматтардың құқықтары мен міндеттері арасындағы табиғи байланысты, тәртіпті нығайтуды және жеке адамның қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін қажет етеді.

Демократияның негізгі кепілі – Конституция мен заңдарға нақпа-нақ және сөзсіз бағыну, мемлекет белгілейтін құқық нормаларын құрметтеу. Біз мұны анық түсінуіміз керек. Қоғамда жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мемлекеттен жұрттың

бәрінің Негізгі заң талаптарын сөзсіз және қатаң сақтауы қамтамасыз етілетіндей саясат пен идеология жүргізу талабын қояды. Мұндай көзқарас болған жерде Конституция бостекі сөз болып қалмай, өрлеу мен өркендеудің қуатты факторына айналады.

Азаматтардың қоғам өміріне белсенді, саналы және кеңінен қатысуының маңызды шарты саяси партиялардың, бұқаралық қозғалыстардың, діни және басқа да бірлестіктердің қалыптасуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін конституциялық тұрғыдан бекітіп беру болар деп ойлаймын.

Қазақстанның республика Конституциясы мен заңдарының шеңберінде әрекет ететін қоғамдық бірлестіктерге тең мүмкіндіктердің кепілдігін беріп, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ететіні саяси тұрғыдан өте маңызды. Бұл ретте қоғамды жөнсіз мемлекеттендіруге сенімді тосқауыл қою көзделген.

Сонымен қатар, нәсілдік, ұлттық, діни төзбеушілікті жариялайтын, заңмен тыйым салынған қызметпен айналысатын бірлестіктер мен құрылымдарды құруға және олардың қызметіне салынған тыйым конституциялық тұрғыдан бекітілді. Республика аумағында заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құруға тыйым салынады. Сол арқылы қоғамның ұлттық немесе сословиелік топтарына қатыстылығына қарамастан, кез келген бірлестіктердің немесе адамдардың экстремизмге барар жолына конституциялық деңгейде тосқауыл қойылады.

Тиісті әлеуметтік-экономикалық негізі болмайынша, мемлекет өзіне алған міндеттемелердің орындалуы қиын боларын бүгінде ұмытуға болмайды. Сондықтан осы тұрғыдан да экономиканы тұрақтандырудың біз

үшін бірінші дәрежелі мәні бар. Әрі Конституцияда нарықтық қатынастарды дамытудың, меншіктің алуан түрлі формаларын дамытудың қажетті әрі берік құқықтық негізі қаланғаны өте маңызды.

Мемлекеттік құрылыс негіздерін дәйекті түрде дамытып, жетілдірмейінше де қоғамдық қатынастарды үйлестіру мүмкін емес. Мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушылық және сот билігі деп бөлу қағидатын конституциялық тұрғыдан тиянақтау да сөзсіз жетістік болды. Соған сәйкес мемлекеттік органдар өз өкілдіктері шеңберінде дербес, тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып өзара ықпалдасады. Осы қағидалардың бәрі бұл Конституцияны бұрынғыларынан түбегейлі ерекшелендіреді, республиканың демократиялық өзгерістер жолымен ілгері басуын баянды етеді.

Мемлекеттік биліктің дербес үш саласының Конституция бойынша қарым-қатынасы кез келген мемлекеттік органның көлденеңнен килігіп, «басшының» немесе «жоғарғының» рөлінен дәмегөйлену мүмкіндігін жоққа шығарады. Сонымен бірге, біз біртұтас мемлекеттік биліктің үш тармағы арасындағы диалектикалық бірлік қағидаттарын бұдан былай да дамытып және жетілдіре отырып, олардың жұмыс атқаруының пәрменділігін қамтамасыз ете береміз.

Конституция Жоғарғы Кеңес пен Президенттің құзыретін жеткілікті деңгейде нақты межелеп берген. Бұлар – әрқайсысының соңында республика халқы тұрған биліктің дербес тармақтары. Бұл жағдай олардың ортақ мүдде қамы үшін өзара әрекеттесуіне ықпал етіп, бір-бірінің қызмет аясына араласуына жол бермей, тайталас дейтінді әсте болдырмауға тиіс.

Менің байқауымша, Конституцияда сот билігі мен прокуратура органдарының жаңа жағдайдағы рөлі барынша нақты бейнеленген. Соттың мемлекеттік органдар жүйесіндегі айрықша орнын атап көрсетіп, Негізгі заң сот билігі органдарын мемлекеттің басқа институттарынан ерекшелендіретін сипатты белгілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында сот әділдігін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың қағидаттарын даусыз бекітіп берді.

Пәрменді сот билігін орнықтыру үшін де нақты жағдайлар жасалған, оның тәуелсіздігінің кепілдіктері қамтамасыз етілген. Негізгі заңның жоғары сот қорғанысын қамтамасыз етуге тиісті Конституциялық сотқа кең өкілдіктер берілген.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құрудың жолына жаңа ғана түскенін атап көрсету керек, ал бұл жолмен ол әлі талай онжылдықтар бойы жүретін болар. Біз осындай қоғамның заңнамалық базасын құруға назарымыз бен күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек.

Қабылданатын заңдардың сапасын арттыруына ұдайы қамқорлық жасап отыруға тура келеді. Осы тұрғыдан олар ақылға қонымды, әділ және көкейкесті болып, қоғамдық тіршілік қарекетінің объективті үдерістерін бейнелейтін, республиканы дамытудың перспективаларына сәйкесетін болуы тиіс.

Заң шығару үдерісін түбегейлі жетілдіру ерекше өзектілік пен практикалық мәнге ие болуда, ол құқықтық актілерді қабылдау қажеттігін біліктілікпен дәйектеу мен заң жобасын талқылауға жұртшылықты кеңінен қатыстыру барысында перспективалық-жоспарлы негізде жүзеге асырылуы қажет.

Конституцияның тікелей әрекет ету қағидаты мен басқа барлық заңдардың алдындағы үстемдігін тиянақтап, іске асыру – біздің аса маңызды міндетіміз.

Осыған байланысты назарды заңдылық пен құқық тәртібін қолдау тетіктерін күшейтуге тиісті құқықтық реформаны жүзеге асыруда неғұрлым жоғары тиімділікке жету проблемаларына жұмылдырған дұрыс болар еді.

Заңдарда конституциялық ережелер бұлжытпай сақталып, ал ведомстволық және басқа да нормативтік актілерде қолданыстағы заңнамаға қарама-қайшылықтар болмауы үшін бақылау жүйесін жетілдіру тұжырымдамалық мәнге ие болып отыр.

Осы айтылғандардың ауқымында, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы қайта қарауға, саралауға және жүйелеуге бағытталған батыл шараларды жүзеге асыруды тездету маңызды.

Біз лауазым иелерінің, азаматтардың құқықтық ұйғарымдарды тиісінше орындауы ортақ мәдениетіміз бен мінез-құлқымыздың ажырамас сипатына әлі айнала қоймағанын да ұмытпауымыз керек. Құқықтық насихатты және азаматтарға Конституцияны құрметтеу мен орындау рухында тәрбие беруді елеулі түрде жетілдіру қажет болып отырғаны осыдан. Қоғамда күллі құқықтық ахуал өзгеруі қажет. Және бұған, бірінші кезекте, жаңа Негізгі заң жағдай жасауы тиіс.

Біз әрі өзіміздің басымыздан кешіріп отырған өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшелігін ескеруіміз керек. Экономикадағы, қоғамдық қатынастардағы, халықтың мінез-құлқындағы өзгерістер ерте ме, кеш пе конституциялық нормаларды жетілдіру қажеттігіне апарып тірейді. Оған бола әлдебір сарыуайымға салынудың

қажеті жоқ. Бұл – табиғи үдеріс. Айта кетейін: қазір де Конституцияның жекелеген қағидалары бір мәнде қабылданбайды. Оны талқылау үдерісінің өзі-ақ кемшіліктерінің бар екенін растайды. Біз оны білеміз. Дегенмен, Конституция – біздің өміріміздің, ортақ проблемаларымыздың өзіндік бір айнасы. Сондықтан оларды бір дегеннен шешіп тастауға немесе олардан сырт айналып, Негізгі заңда шындықты боямалап көрсетуге бола ма? Жоқ, біз өз таңдауымызды қазір жасаймыз және нақ осы Конституцияны қабыл аламыз, неге десеңіз, бізге басқа таңдау шын мәнінде жоқ. Ал бұл белгілі бір кезеңнен соң біз уақытпен сәйкеспейтін кейбір конституциялық нормаларды нақтылауға қайтып оралмаймыз дегенді білдірмесе керек.

Қымбатты қазақстандықтар!

Қабылданған Негізгі заңымыз Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың, оның барша азаматтарының жақындасуына таптырмас мүмкіндік береді. Иә, Конституция қызу пікір таластарында, қауырт, тынымсыз және шығармашылық жұмыс барысында туып, талқыланып, қабылданды. Оны талқылау азаматтық туралы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, тілдердің мәртебесі, билік пен басқару органдарының өкілеттігі және басқалар туралы құқықтық нормаларды конституциялық ресімдеуге байланысты бірсыпыра аса күрделі проблемалардың бетін ашты.

Дегенмен көпұлтты мемлекет жағдайында біз ұлтқа, әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайға, діни қатынасқа қарамастан, теңдікті қамтамасыз ету сияқты жоғары мақсатты басшылыққа алып, ең бір даулы мәсе-

лелер бойынша лайықты шешімдер таба алғанымызды атап көрсету ләзім. Республикада мемлекеттік тілді және ұлтаралық тілді білмейтін белгісі бойынша ешкім де кемсітілмейтін болады.

Бұл мәселелерде біз ортақ бір ойдан шықтық. Дұрысын айтқанда, бұл пәтуа адамдардың өздерінің өмірлік шындығын, көзқарасын, заң шығару үдерісіне деген түсінік-пайымын бейнелейді. Сондықтан Негізгі заңның жасаушысы Қазақстан халқының өзі деп батыл айтуға болады. Біз қоғамдағы келісім, өзара түсіністік және ынтымақтастық ахуалын одан әрі нығайта беру үшін қазіргі жағдайды пайдалана білуіміз керек.

Сөзімнің соңында демократиялық егемен мемлекет – Қазақстан Республикасының жаңа және тұңғыш Конституциясы халықтың игілігі мен өркендей беруі үшін толық мәнінде жұмыс істесін деп тілек айтқым келеді!

**Қазақстан Республикасындағы
Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу
мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға
арналған ұлттық бағдарламасының жобасы
туралы Қазақстан Республикасы
орталық және жергілікті атқарушы органдардың
басшыларымен кеңесте**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1993 жылғы 3 наурыз

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТІ МЕМЛЕКЕТ
ИЕЛІГІНЕН АЛУ МЕН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ
1993–1995 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ**

Құрметті әріптестер!

Республика түбегейлі өзгерістер кезеңінде тұр және олардың өзекті бағыты мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру болып табылады. Экономиканы рефор-

малау, оны дағдарысты жағдайдан шығару меншік қатынастарын түбегейлі өзгертпейінше мүмкін еместігі айдан анық.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің қандай саяси, экономикалық, әлеуметтік бағдарларды көздейтіні, таяудағы және одан арғы болашақта жұртты қандай өмір күтіп тұрғаны Қазақстанның барлық азаматтарын өте-мөте алаңдатулы. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын отандастарымыздың оң қабылдауы, Қазақстан халқынан түсіністік пен қолдау табуы өте маңызды.

Егер шынын айтатын болсақ, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің алғашқы кезеңінде белгіленген шептерге толық көлемінде қол жеткізе алмағанымызды мойындауымыз керек. Қазір республикада 1991 жылғы баға бойынша құны 41 млрд сомға жуық деп бағаланған 6 198 объект қайта құрылымдалды. Жекешелендірілген кәсіпорындарда 767 мың адам сөз жүзінде емес, іс жүзінде меншік иелеріне айналды, бұл – жұмыс істеушілер санының 12 %-ы. Мемлекеттік тұрғын үй қорын, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін жекешелендіру жөніндегі белгіленген ережелер орындалған жоқ. Мысалы, саудада жекешелендірілген кәсіпорындардың үлесіне бөлшек тауар айналымының небәрі 4,5 %-ы ғана келіп отыр, ал олардың жалпы санының 40 %-ы жекешелендірілген болатын. Тұрмыстық қызмет көрсетудегі мемлекеттік емес сектор белгіленген 50 %-дың орнына тек 21,1 %-ға ғана тұрмыс қажетін өтей алды.

Басқаша айтқанда, біз ең бастысына қол жеткізе алмадық. Атап айтқанда, халықтың басым көпшілігінің экономикадағы нарықтық өзгерістердің маңызын терең

түсінуіне, өз ісін ұйымдастыра алатынына сенуіне, соңғы 70 жылдағы тоталитарлық режим кезінде айрылып қалған қожайын, меншік иесі сезіміне қайта ие болуына жете алмадық. Тіпті шынын айтсақ, бүгінде жекешелендіруге негізінен кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару органдарының басшы қызметкерлері нақты мүдделі болып отыр. Еңбекшілердің осындай енжарлығы олардың көпшілігіне тіпті қолайлы да, өйткені ол әртүрлі қулық-сұмдықтарға жол ашады.

Неге бұлай болып отыр? Жекешелендірудің бірінші кезеңінің шеңберінде белгіленген істерді жүзеге асырудағы сәтсіздіктің себебі неде?

Ең алдымен, экономикалық, әлеуметтік, сондай-ақ таза саяси тұрғыдан алғанда да осындай ауқымы кең және ерекше күрделі шараны іске асырудағы тәжірибенің жоқтығы әсер етті. Мысалы, істің құқықтық жағын алып қарайық. Меншік қатынастарын реттейтін қабылданған заңдар топтамасында жекешелендіру үдерісіне кедергі келтіріп, сатушыны да, сондай-ақ тұтынушыны да көбінесе тығырыққа тірейтін көптеген қайшылықтарға жол берілді. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы», «Қазақ КСР-інің меншігі туралы» заңдар жекешелендіру үдерісімен елеулі шиеленісте болды. Тіпті «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заңның өзі де көп түзетулерді қажет ететін болып шықты.

Белгіленген бағдарламаны орындауға мемлекеттік меншіктің республикалық және коммуналдық меншікке бөлінуі, сондай-ақ меншіктің ұжымдық түрлерімен, жекешелендіру туралы заң берген артықшылықтармен және жеңілдіктермен артық әуестену теріс әсер етті. Біз бүгін мүліктің мемлекеттік меншіктен ұжымдық мен-

шікке ауысуы өндірістің тиімділігіне пәлендей өзгеріс жасай қоймағанын көріп отырмыз. Еңбек ұжымдарының нақ осы жеңілдік алған жағдайы олардан жекешелендірілген мүлік үшін жоғары ақы төлеуді талап етуімізге мүмкіндік бермеді.

Біз осы мүліктің көп ретте кәсіпорынның өз қызметкерлерінің еңбегі есебінен құрылғанын немесе алынғанын ескердік, бірақ мұны тек олар ғана емес, қайта бүкіл халық жасағанын ескере алмадық. Енді, міне, тегін алынған мүлікке көзқарас та «тегін» екеніне, меншікті осылай бере салу иегерлік сезімін тіпті де қалыптастырмайтынына, керісінше, масылдық пен жауапсыздықтың келеңсіз дәстүрлерін тереңдете түсетініне көзіміз жетті. Еңбек ұжымының жекешелендірудегі басым құқығы дегеніміз социалистік психологияны нарықтық реформаларды жүргізу қажеттігімен «келістірудің» сәтсіз әрекеті екеніне кәміл сенімдімін. Өкінішке қарай, біз осынау, турасын айтқанда, кесірлі әдістің саяси және экономикалық жарамсыздығын тағы да дәлелдеп, уақытты өткізіп алдық.

Жекешелендіру барысын талдай келіп, тағы бір маңызды жағдайды атап өтпей болмайды. Әдетте, қайта құрылған кәсіпорынға мемлекеттік басқару органдары бірден өгей баладай қарай бастайды. Бұл – үлкен қателік, өйткені министрліктер мен ведомстволардан салалық істерді мемлекеттік реттеу жөніндегі міндеттерін ешкім алған емес, жекешелендіру осы реттеудің түрлерін ғана өзгертеді. Дәл бастапқы кезеңде осы кәсіпорындарды мемлекеттің қолдауы қажет екені де осыдан, себебі меншіктің аса көп үлесі соның қолында қалып отыр.

Тұрғын үйді жекешелендіру бағдарламасы алғашқы кезеңнің өзіндік бір тағылымына айналды. Бірқатар

жергілікті әкімдердің купонды тетік туралы бекітілген ережеге қарамастан пәтерлерді өтеусіз сату, оған қоса купондарды да бірге беру туралы шешімдері оның нәтижесіне теріс әсер етті. Енді бұл тұрғын үй купондарының қалдықтарын жекешелендіру барысында пайдаланудың қосымша нұсқаларын іздестіруімізге мәжбүр етіп отыр. Үйді тегін алғандарға ешқандай купон берілмеуі керек.

Бізге Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет пен коммуналдық меншікті басқару жөніндегі органдардың іс-қимылдарындағы үйлесімсіздік қатты бөгет жасады. Шын мәнінде жергілікті әкімдіктердің жанынан жекешелендіру жөніндегі қосарлас органдар құру практикасын тоқтату туралы Жоғарғы Кеңестің қаулысы орындалмай қалды. Әлемнің ешбір елінде жекешелендіру жөнінде біртұтас мемлекеттік саясат Қазақстандағыдай алуан түрлі сценарийлермен жүргізілген емес.

Меншіктің аражігін ашу жөнінде талдап жасалған идеология ескерусіз қалды. Мысалы, Алматы қаласының өзінде бір жылдың ішінде бірін бірі жоққа шығарған 4 қаулы қабылданған. Кәсіпорындарды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке шексіз көшіре беруді тоқтату керек.

Сайып келгенде, жекешелендірудің кемшіліктері мен еңбекшілердің басым көпшілігі тарапынан оған деген теріс көзқарас бірінші кезеңде оны бейберекет жүргізуге байланысты. Біз үдеріс «төменнен» болатын бастама бойынша өздігінен жүріп кетеді деп ойладық. Сөйтіп, қателестік. «Жоғарыдан» тиісті реттеу мен бақылау болмаған соң, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жекешелендіру тетіктері кең насихатталмағандықтан іс

алға басқан жоқ. Жергілікті жерлердегі төрешіл, шеншекпенді топтардың белгілі бір қарсылығы да әсер етті, ал оны «төменнен» еңсеру оңай емес. Бір сөзбен айтқанда, лайықты мемлекеттік басқарумен қамтамасыз етілмеген жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың тиісті нәтижелер бере қоймайтынына біздің көзіміз жетті.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің барысын, демек, экономикалық реформалаудың бүкіл үдерісін тежеп отырған негізгі себептер, міне, осындай. Ал уақыт өтіп жатыр және жұртшылық тұрмысымыз қашан жақсарады? – деп барған сайын жиі әрі табанды түрде сұрайтын болып келеді.

Президент ретінде менің де, Министрлер Кабинетінің де, барлық қиындықтарға қарамастан, экономикалық сауығу іс жүзіндегісінен тезірек болар деп үміттенгенімізді жасыра алмаймын. Біз экономиканы ырықтандыру мен ақша-қаржы жүйесін тұрақтандыру мәселесін бір мезгілде шешуді көздедік. Алайда осыншалық қысқа мерзім ішінде оған қол жетпейтін болып шықты. Оның үстіне, нақты мәліметтер экономикада да, әлеуметтік салада да қиындықтардың арта түсіп келе жатқанын, сомның құнсыздануы тоқтамай тұрғанын, мемлекеттік қаржы саласындағы, сондай-ақ кәсіпорындардың қаржы ахуалындағы жағдайдың мәз еместігін, халықтың тұрмыс деңгейі едәуір төмендеп бара жатқанын көрсетіп отыр.

Әйтсе де біздің шегінер жолымыз жоқ. Біздің нарықтық экономикаға қарай ілгері басуымызға кедергі келтіретін тосқауылдарды батыл да дәйекті түрде жеңе отырып алға басуымыз керек. Бұған басқадай балама жоқ.

Бүгін таңда республикадағы мемлекеттік меншікті қайта құрылымдау үдерісінде бетбұрысты кезең туып отыр. Алғашқы кезеңде атқарылған жұмыс қоғамдық пікірді кең ауқымды жекешелендірудің қажет екенін түсінуге дайындады, ал оны таяу жылдарда өрістетуге керек. Осыған сәйкес мемлекеттік меншікті қайта құрылымдаудың оңтайлы ұйымдастырушылық түрлерін құруға бағдарланған жаңа экономикалық стратегияны әзірлеу қажеттігі де туындады.

Бағдарламаның мәнін аша келіп, сіздердің назарларыңызды негізгі екі мәселеге аудармақшымын.

Бірінші. Әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын сақтау және азаматтардың жалпыхалықтық меншіктің үлесіне деген конституциялық құқығын іске асыру мақсатында жекешелендіру үдерісіне республиканың тұрақты тұрғындарын барынша көп тарту көзделіп отыр. Бастысы – меншікті үлестіріп беруде емес, оны одан әрі пайдалануда. Адамдардың ынтасы мен кәсіпкерлігіне ерік беріп, дүниеге жаңдары ашитындай реті бар меншік иелерінің қалың жігін құру керек, сол арқылы кез келген мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығының негізі болатын орта тапты дәйекті түрде қалыптастыруды қамтамасыз ету қажет.

Екінші. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды меншіктің басқа түрлеріне қайта ауыстыру меншік иесі ретіндегі мемлекеттің ғана ынтасымен, жариялылық және жекешелендірудің барысына пәрменді бақылауды сөзсіз қамтамасыз ету арқылы жүргізілетін болады.

Бағдарламада жекешелендірудің негізгі бағыттары, купондарды пайдалану, агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ерек-

шеліктері, жекешелендіруге шетелдік инвесторлардың қатысуы, сондай-ақ оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бірқатар ұйымдық шаралар көзделген.

Бұл ретте бағдарламаны жүзеге асыру республика халқын әлеуметтік қорғаудың шараларымен міндетті түрде бірге жүргізілетін болады. Бұлардың арасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісінде босап қалғандарды жұмыспен қамту, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жөніндегі мемлекеттік және жеке мекемелер жүйесі арқылы оларға қызмет аясын және мамандығын ауыстыруға мүмкіндік беру бар.

Халықтың аз қамтылған және әлеуметтік қорғалмаған жіктерін қолдау мен әлеуметтік қорғау үшін арнайы мемлекеттік, жекеменшіктік және аралас қорлардың құрылуына айрықша назар аударылатын болады.

Республиканың ерекше меншігіндегі объектілер: жер, оның қойнауы, сулар, әуе кеңістігі, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғат ресурстары, тарих пен мәдениет ескерткіштері, халықтың мәдени және тарихи құндылықтары, республикалық бюджет қаржысы, республикалық қамсыздандырушы резерв қорлары мен басқа да қорлар, сондай-ақ республиканың егемендігін, оның әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен мүліктік кешендер жекешелендіруге жатпайды.

Мемлекет экономиканың жекелеген аспектілеріндегі өзіне қажетті және оңтайлы реттеуді, халықтың белгілі бір жіктерінің мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін тиісті акциялар топтамасын өзінде қалдырады.

Шетелдік сарапшылардың пікірінше, дүние жүзінде әлі ешкім де Қазақстандағыдай күрделі жағдайда

жекешелендірумен айналыспаған көрінеді. Жұрт жекешелендіруден рыноктың арзан тауарлармен және қызметтермен жедел молығуын, мемлекеттік бюджетке қомақты ақша түсімі болуын әрі, сонымен бірге, бәрін қамтитын әлеуметтік әділеттікке міндетті түрде қол жеткізілуін күтеді. Бірақ жекешелендіру осы проблемалардың бәрін өздігінен шеше алмайтынын анық түсінуіміз керек. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибе жекешелендіру, кез келген түбегейлі реформа сияқты, алғашқы кезеңде экономикалық жағдайдың елеулі нашарлауына апарып соғатынын көрсетеді, ал шаруашылық байланыстары жүйесінде де қайта құруды талап етіп отырған біздің жағдайда бұл тіпті болмай қоймайтын нәрсе.

Қысқасы, бізді алда қоғамның материалдық жағынан жіктелуі, кәсіпорындардың банкрот болуы, жұмыссыздық, тұрмыс деңгейінің төмендеуі сияқты үлкен қиындықтар күтіп тұр. Осының барлығын бастан өткізіп, еңсеруіміз керек.

Біздің еріксіз болған әрбір қатеміз үшін төмпештеп қалуға тырысатын сыншыларымыз да аз болмайды. Бірақ сынау оңай, ал іс тындыру одан әлдеқайда қиынырақ.

Біз тәуелсіз мемлекет құрдық, әлемдік қоғамдастық жоғары бағалаған жаңа, нағыз демократиялық Конституция қабылдадық. Бүгінде біздің күресетін де, өз еңбегімізбен қорғайтын да нәрсеміз бар. Сондықтан бірігудің, ортақ мақсатқа қарай ұмтылудың орнына біз тайталаспен, өміріміздегі белгілі бір кемшіліктер мен қиындықтар үшін кінәлілерді іздеумен айналысақ, қайғы-қасірет сол болмақ. Ауқымды реформалау

кезеңінде барлық егесуші партиялар мен қозғалыстар өз қызметтеріне мораторий жарияласа жөн болар еді.

Егер бәріміз алдымызда тұрған міндеттердің маңыздылығына бойламасақ, түпкі мақсатқа жету үшін жеке, уақытша мүдделерден бас тарта алмасақ, біз белгіленген шептерге жете алмаймыз. Конституциялық бостандық, өзіміз соншама аңсап жеткен демократия құр елеске айналуы мүмкін.

Қазақстанның бүкіл халқын биік мақсат жолындағы өнегелі және саяси бірлікке шақырамын.

Арал теңізін сақтап қалу
проблемалары жөніндегі
мемлекет басшыларының I конференциясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қызылорда қаласы,
1993 жылғы наурыз

Құрметті әріптестер!

Орталық Азия мемлекеттерінің басшыларына, Ресей Федерациясының өкіліне Қызылорда жерінде сәлем бере тұрып, мен Арал проблемасына терең алаңдаушылық білдіргендеріңіз, осынау аса ірі экологиялық апаттан шығудың жолдарын табуға ұмтылған ынталарыңыз үшін баршаңызға өзімнің ризашылығымды білдіремін.

Осы конференцияның жұмысына егемен мемлекеттер басшыларының, ірі мамандардың, эколог-ға-

лымдардың қатысуы, сөз жоқ, бұл проблеманы шешудің сындарлы жолын табуға мүмкіндік туғызатын болады.

Арал проблемасын тек біздің мемлекеттеріміздің бірлескен күш-жігерімен және әлемдік қоғамдастықтың кең қолдауына сүйеніп қана шешуге болады.

Бұл үшін жан-жақты ынтымақтастықты нығайтып, дамыта беру қажет. Тағдырларының тарихи ортақтас-тығымен, географиялық жағдайымен біріккен біздің елдеріміздің оған жетерлік әлеуеті мен саяси табандылығы бар. Бұл арада мен апаттың қанат жаюын болдырмау көбінесе біздің өзімізге ғана байланысты екенін айтып тұрмын.

Бүгінде Арал маңындағы экологиялық жағдай әлдеқайда қиын, сондықтан біз, айталық, бұдан үш немесе бес жыл бұрынғымыздан неғұрлым ширақ қимылдауымыз керек. Естеріңізде болар, сол кезде бұрынғы Одақ көлемінде кешеуілдетуге болмайтын бір-неше маңызды қаулылар қабылданған болатын, бірақ белгілі себептерге байланысты біздің қолға алынған көптеген жұмыстарды енді өз күшімізбен жеріне жеткізуімізге тура келіп отыр. Экономикалық тұрақсыздық аясында бұл Арал проблемасына белгілі бір салқынын тигізуде. Әйтсе де оны шешуге біз аз үлес қосқан жоқпыз. Бұл кездесуде бұрынғыдан да тиімді жұмыс атқарып, Аралға қатысы бар ведомстволар арасындағы кедергілерді жоюдың жолдарын бірлесіп табармыз деп үміттенемін.

Осындай келелі кеңестің қажеттігі әлдеқашан пісіп-жетілген болатын. Бірақ біз үшін маңыздысы сөз емес. Арал проблемасын шешуге арналған идеялар жетіп артылады. Теңізді құтқару жобаларының өзі 200-ден

астам. Бізге керегі – нәтиже. Ол үшін біз, жақында ғана егемендік алған мемлекеттер, алда атқарылар жұмысқа қатысты өз пайымдауымызды тұжырымдауымыз керек. Менің ойымша, ол ең әуелі Арал маңын мекендейтін халықтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделуі тиіс.

Бүгінде экологиялық апат аймақтарынан ұлттық шекаралармен тұйықталуға болмайды. Біздің ынтымақтастығымыз елдер мен халықтардың ортақ мүдделерін білдірсе, экологиялық дағдарыс салдарынан арылып, жақсарудың үмітін жаға алса, онда ол терең мәнге ие болмақ. Біз тек өзара келісім, тыныштық пен тұрақтылық жағдайында ғана қалыпты экономика құрып, өз халықтарымыздың тұрмыс деңгейін арттыруға қол жеткізе аламыз. Міне, осы себептен Қызылордадағы кездесу біздің ынтымақтастығымызды сапалық жаңа қатынастармен байытып, Арал маңындағы жағдайды жақсы жағына қарай өзгертуге деген құлшынысымызды іс жүзіне асыруға көмектесуі керек.

Қазір бізге бірлескен, үйлесімді шаралар қажет. Әмудария мен Сырдарияның сулары біздің арамызды бөлмей, қайта біріктіруі тиіс. Солай болып та жатыр. Айтпақшы, біздің байланыстарымыздың оң ықпалына Халықаралық қайта құру және даму банкінің мамандары назар аударып отыр. Осы өзендердің су ресурстарын басқаруды және Орталық Азия мемлекеттері арасында су бөлінісін жүзеге асырып келген КСРО-ның бұрынғы Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі тарағаннан кейін біздің министрлеріміздің бәтуаласып, келісімге келіп, Мемлекетаралық сушаруашылық үйлестіру комиссиясын құрғанына және Аралды сақтауға қажетті үлесті

ескере отырып, су ресурстарын пайдалануға қатысты барлық мәселелерді бірлесіп шеше алғандарына олар ризашылықпен таңданыс білдіруде. Бұл, меніңше, Арал проблемасын шешуге қосылған маңызды үлес болса керек, бірақ, әділін айтқанда, бұл алға қойылған мақсатқа жетудің алғашқы қадамы ғана.

Бұл конференцияда қол қойылатын құжаттар біздің өңірде экологиялық дағдарыстардың пайда болу ықтималдығын кемітуі тиіс. Арал мен Арал маңы проблемаларын шешу жөніндегі бірлескен шаралар туралы қабылданғалы отырған келісіммен бірге біз оны іске асырудың тетіктерін жасауымыз керек. Олар тұрақты жұмыс істейтін органдары бар Арал бассейнінің проблемалары бойынша Мемлекетаралық кеңес пен Аралды құтқарудың халықаралық қоры болуға тиісті. Әр мемлекеттен осы органдарға жіберілетін өкілдердің келісілген кандидатуралары бар, біз соларды қарап, бекітіп, жемісті еңбек етулеріне тілек білдіруіміз қажет.

Өзінің ауқымы жағынан Арал апаты біздің планетамыздағы аса ірі экологиялық апат деп танылған. Оның салдары сорақы екені сонша, оны жоюға көп уақыт, қыруар қаржы мен күш-жігер керек. Сондықтан өңірдегі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайды түбегейлі өзгерту үшін, бізге әлемдік қоғамдастықтың қолдауы қажет. Бұл жайында мен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзімде де айтқанмын. Айтпақшы, осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық Су ресурстары күнін белгіледі, ол жыл сайын 22 наурызда атап өтілетін болады. Бірақ бұл көмек біздің шеттеп қалмай, кешенді және дәйекті түрде жұмыс істеп жатқанымызға дүние

жұртының көзі жеткенде ғана көрсетілетінін ескеруіміз керек.

Мен осы кездесуді өткізуіміздің өзі-ақ үлкен жетістік деп білемін. Біз өз қам-қарекетімізбен томаға-тұйық қалмай, күллі өңір халқының игілігі мен өркендеуі үшін бірлескен шараларды қолға алдық. Қызылорда конференциясы біздің мемлекеттеріміздің арасындағы ынтымақтастықты кеңейтіп, тату көршілік ахуалын тереңдетудің маңызды кезеңі болады деп үміттенемін.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің 1 жылдығына байланысты
N-ші әскери бөлімінің
офицерлер құрамы алдында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

1993 жылғы 29 сәуір

Қымбатты достар!

Біз сіздермен бірге республикамыздың және оның Қарулы Күштерінің өміріндегі маңызды оқиға қарсаңында жиналып отырмыз – биылғы 7 мамырда олар өздерінің алғашқы жылдығын атап өтпекші.

Әрине, ТМД елдері өздерінің Қарулы Күштерін құрар алдында бұрынғы Одақ аумағында болған күрделі саяси оқиғалар сіздердің естеріңізде болар деймін әрі олар туралы мен талай айтқанмын. Қазақстанның ең соңғы сәтке дейін Достастықтың біртұтас, ал содан

соң біріккен Қарулы күштері идеясын жақтап келгені баршаға белгілі. Республика басшылығы бүгін де әрбір егемен мемлекеттің қауіпсіздігі Достастық елдерінің ұжымдық қорғанысы арқылы сенімді түрде қамтамасыз етілетініне берік сенеді.

Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстанның өз Қарулы Күштерін құруға соңғылардың бірі болып кіріскені көп жайды аңғартады. 1992 жылғы 7 мамырда мен тиісті Жарлыққа қол қойдым да, республикадағы дербес қорғаныс құрылысы бастау алды. Қай жағынан, саяси, экономикалық, ұйымдық жағынан алып қарасақ та, бұл – бәрі-бәрі ескерілуге тиісті аса күрделі үдеріс. Мұның тағы бір маңызды – геосаяси астары да бар. Республика Еуразияда ерекше, құрлықтар арасын «байланыстырушы» орынға ие. Мұндай жағдайда әскери саясат саласында өзіміздің өңірдегі қалыптасып отырған тұрақтылықты ешбір бұзбайтын саяси қадамдар мен шешімдердің ерекше сарабалдығы қажет.

Бүгін біздің Қарулы Күштеріміздің қалыптасуының ең алғашқы, ең қиын кезеңі тұтастай алғанда артта қалды деуімізге болады. Олар өздерінің мемлекеттік мәртебесіне ие болып, Қазақстан Республикасы егемендігінің құрамдас бөлігіне айналды, ол туралы ел Конституциясына жазылды.

Бір жыл деген – көп уақыт емес, бірақ біз әскерілеріміздің атқарғаны аз емес екенін көріп отырмыз. Қарулы Күштерді құрудың Тұжырымдамасы жасалды, республиканың экономикалық мүмкіндіктерін ескеріп жаңа әскери-техникалық саясат қалыптастыру аяқталып келеді. Бөлімдердің өздеріндегі істің жағдайына

келер болсақ, жауынгерлік даярлық деңгейінің төмендеуін белгілі бір дәрежеде тоқтатуға, әскерлерді басқару мен даярлау жүйесін жолға қоюға қол жетті. «Мұраға» қалған қару-жарақ пен әскери техника мұқият тексеруден өтті, әскерлердің құрамын қайта құру, кадрларды қайта аттестаттау аяқталып келеді.

Республиканың Жоғарғы Кеңесі қабылдаған әскери мәселелер бойынша заңдар топтамасы Қарулы Күштерді құрудың құқықтық негізін, әскери қызмет атқаруды, әскери қызметшілердің мәртебесін, оларды әлеуметтік қорғаудың және зейнетақымен қамсыздандырудың кепілдіктерін заң жүзінде бекітіп берді. Бұл бүгін әскери реформалар жүргізу, Әскери доктринаны жүзеге асыру үшін құқықтық база жасалды деп айтуға негіз береді.

Дегенмен, Қарулы Күштердің жақын арадағы және болашақтағы міндеттері туралы айтқанда, біз ТМД-да, республикада және тұтас дүние жүзінде қалыптасқан жағдайларды ескермей тұра алмаймыз.

Біз бұрынғы Одақ елдерінің бірігуі мен ықпалдасуы ұстанымын жақтайтынымызды айтудан мен жалыққан емеспін. Кемел ойдың бұл ұстанымы барлық адамдар үшін өмірлік маңызды ұжымдық қауіпсіздік, экономиканың тұрақтылығы, адам құқықтарын сақтау, экология сияқты және басқа да толып жатқан мәселелерді шешуде ақылға қонымды мәміле болуын көздейді.

Көп ретте Достастыққа қатысушы елдердің іс-әрекет тактикасы мен стратегиясын айқындайтын маңызды фактор – шетелдерден болады деп уәде берілген экономикалық қолдау-көмекке, БҰҰ-ның, ЕҚЫК-нің ТМД-дағы шиеленіс жағдайларды шешудегі бітімгершілік күш-жігерінің ерекше рөліне байланысты көп үміт арту.

Сырттан келетін көмекке үміт артуға болар-ау, бірақ одан бас тартпастан ТМД экономикасындағы жағдайды түзету мен Достастықтың әртүрлі өңірлеріндегі жанжалдарды реттеу жөнінде өзіміз үйлесімді шаралар қолдануымыз керек.

Осыған байланысты бір мәселеде өзгелердің алдын орап кету, шетелдік әріптестермен әлдебір ерекше қатынастар орнату арқылы ұтысқа шығу әрекеттері тек уақытша пайда беретінін және бұл қайткен күнде де жеке мүдделерінің амал-айласына кең мүмкіндіктер ашылатын сол серіктестерге ерекше пайдалы болатынын түсініп, ортақ ұстанымға келген жөн болар еді. Ал егер экономикалық немесе әскери-саяси ынтымақтас-тықтың нақты мәселелері бойынша Достастық мемлекеттері бір тұрғыдан әрекет етсе, ондай ынтымақтас-тықтың тиімділігі анағұрлым арта түседі.

Қазақстан бұл бағытта бастамаларын жасаған да болатын. Атап айтқанда, әңгіме БҰҰ қамқорлығымен Алматыда превентивтік дипломатия орталығын құру, сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) өткізу туралы БҰҰ тарапынан қолдау тапқан ұсыныс жайында болып тұр. Оның міндеті Достастықтың тек азиялық емес, өзге де өңірлерінде бейбітшілікті нығайтудың тетіктерін жасау болуы тиіс.

Нақ осы мақсатпен тиісті министрліктердің, ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың, қозғалыстардың тарапынан әртүрлі даулар мен жанжалдарды шешудің әмбебап амалы ретіндегі консультацияларды Достастық мемлекеттерінің өзара қарым-қатынасының тұрақты тәжірибесіне енгізсе өте пайдалы болар еді.

Дегенмен экономикаға оралайық. Орталықтың өктемдігімен «тар шеңберлі мамандандырылуы» мәпелеп өсірген республикалардың қай-қайсысы да Одақ ыдырағаннан кейін көлбеу байланыстардың бұзылуынан ең ауыр тауқыметтерді тартты. Қазір бірыңғай кеден саясаты мен үйлесімді сыртқы байланыстар саясатының шеңберіндегі еркін саудалы ортақ экономикалық кеңістіктің қажеттігін түсінген саясаткерлер (қарапайым халық мұны әлдеқашан бұрын түсінген болатын) қатары күн санап артып келеді. Бірыңғай жалпыұлттық валютасы бар валюта-қаржы одағын құру, Достастыққа мүше мемлекеттердің несие және бюджет саясатын үйлестіру мәселелері қашанғысынан да көкейкесті сипат ала түсуде.

Қазақстанға келетін болсақ, экономикадағы жағымсыз үдерістер бізге де соқпай өткен жоқ. Ұлттық табыс, өнеркәсіп өндірісінің көлемі, халық тұтынатын тауарлар өндіру кеміп кетті. Күрделі құрылыс көлемі азайды. Өткен жылы 32 млн. тоннадан асатын рекордты мөлшердегі дәнді дақылдар жиналғанымен, ауыл шаруашылығында, әсіресе, мал шаруашылығында елеулі проблемалар қалып отыр.

ТМД мен республикадағы экономикалық және саяси ахуалға, өзгелердің және өзіміздің қателіктерімізге жасалған талдау, халықаралық тәжірибені зерделеу Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдетудің бағдарламасын жасап, қабылдауымызға мүмкіндік берді. Өзінің мәні бойынша ол қолда бар өндірістік және ғылыми әлеуетті тиімді пайдалану, нарықтық тетіктерді экономикаға етене енгізу арқылы халықтың тұрмыс дәрежесін арттыруға бағытталған.

Әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғаудың өткір проблемалары да республика басшылығының ұдайы назарында. Мәселен, үстіміздегі жылғы 1 ақпаннан бастап әскери қызметкерлердің лауазымдық жалақылары – 2,2 есе, ал әскери атақтары бойынша 2 есе өсірілді.

Алайда әскери құрылыстағы табыстар мен табыссыздық, әскери қызметкерлердің көптеген проблемаларының шешілуі тек республикалық органдарға ғана байланысты деу дұрыс болмас еді. Бұл жергілікті билік органдарына да байланысты, өйткені қорғаныс пен қауіпсіздіктің жай-күйіне олар да дәл сондай дәрежеде жауапты.

Республиканың жаңа Конституциясы мен қабылданған заңдар мобилизациялық ресурстарды жинақтау мен жетілдіру, мобилизациялық қуаттарды сақтау мен дамыту, әскерлерді азық-түлікпен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерінде жергілікті билікке зор құқықтар мен кең өкілеттік береді. Сіздер де, офицер және прапорщик жолдастар, жергілікті билік орындарына ұдайы көмек көрсетіп отыруларыңыз керек.

Күрделі әлеуметтік проблемалардың бірі тұрғын үй проблемасы болып келді және солай болып та отыр. Өздеріңіз білесіздер, мен барлық әскери қызметкерлерді пәтермен қамтамасыз ету туралы Жарлыққа қол қойғанмын. Алайда шаруашылық байланыстарының үзілуі, құрылыс материалдары жеткізілімінің үнемі орындалмауы және басқа да көптеген себептер алға қойылған істің атқарылуына кесірін тигізді. Әсіресе климат жағдайы ауыр жерге орналасқан сіздердің гарнизондарың қатты қиыншылыққа ұшырады. Сіздердің

отбасыларыңыз тап болып отырған мұқтаждықтарды, 130 офицер мен прапорщиктің үй-күйі жоқ екенін, балабақшалар мен яслилерде орын жетіспейтінін, тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуде іркілістер болатынын білеміз.

Бүгін шешілуі сіздердің өздеріңізге қатысты мәселелерді де қозғай кетсек деймін. Бұл ретте әскери құрылыстың кейбір мейлінше көкейкесті проблемаларына тоқталайын.

Ең әуелі бұл әскери және мобилизациялық даярлығы.

Соғыс қаупі деңгейінің төмендеу үрдісі, әлемдік қоғамдастықтың өзара қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын жасау жолдарын іздестіруге ұмтылуы ондаған жылдар бойы қалыптасқан жағдайды объективті түрде өзгертуде. Дегенмен әлі күнге дейін сенім мен өзара ашықтық шараларының пәрменділік кепілі осы заманғы техникамен және қару-жарақпен жасақталған оңтайлы, жоғары кәсіби армия болып қалуда. Жоғары әскери даярлықты сақтау әскерлерді жедел пайдалану жоспарларын дер кезінде жасауды, стратегиялық резервтер құруды және қорғаныс өнеркәсібінің соғыс жағдайында әрекет етуге мобилизациялық даярлығын қажет етеді.

Сондықтан біздің мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға бағытталған шараларды қолдану – бірінші кезектік маңызы бар міндет.

Өздеріңіз білетіндей, қорғаныс құрылысын дербес жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасы өзінің және Достастық елдерінің ұжымдық қауіпсіздігі қағидаттарын басшылыққа алады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының бұл мәселеге қатысты ұстанымы туралы тағы да айта кеткенді жөн санаймын.

Жаппай зымырандық-ядролық соғыс ықтималдығының барынша кемуі талайлардың психологиялық көңіл күйін дүние жүзінде кез келген стратегиялық қоқан-лоқылар мен шиеленіс жағдайлары толық жойылды дейтін жайбарақаттыққа дейін жеткізді, ал бірақ өмірдің өзі біздің алдымызға бұған қарама-қарсы сипаттағы мысалдарды көптеп тартып отыр. Варшава шарты ұйымы мен КСРО-ның ыдырауына байланысты дүниедегі стратегиялық тепе-теңдік бұзылды.

Сонымен бірге, әскери-стратегиялық тепе-теңдік, қарсы соққының кепілді қабілеті сияқты, осы күнгі дүниедегі жаһандық тұрақтылықтың негізі болып табылады. Осы жағдайдағы ТМД-ның тарихи міндеті – күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз ету және стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақты біртіндеп ақылға сыйымды жеткілікті деңгейге дейін қысқарта беру.

Еуразиядағы бейбітшілікті сақтаудың маңызды факторы болып, ұжымдық та, жеке-дара да қорғанысты қамтамасыз етіп отырған ТМД-ның пәрменді қорғаныс жүйесі мынадай қағидаттар негізінде құрыла алар еді:

1. ТМД шеңберінде әскери мәселелер бойынша қабылданған келісімдерді сақтау.

2. Жеке және ұжымдық қорғану, әр мемлекеттің өз Қарулы Күштерін құру, техника мен қару-жарақ алу құқығы.

3. ТМД елдерінің ортақ стратегиялық ядролық күштерге және бірыңғай әуе-ғарыш қорғаныс жүйесіне сүйенетін әскери-стратегиялық тепе-теңдігін сақтау.

4. Келісілген және өзара тиімді шарттар негізінде Әскери кадрлар даярлау мен әскерлерді жасақтаудың бірыңғай жүйесін сақтау.

5. Достастық мемлекеттері арасындағы өзара тиімді әскери-саяси, әскери-техникалық ынтымақтастық. Сенім және өзара ашықтық шараларын дамыту. Бейбітшілікті сақтау жөніндегі ұжымдық күштерді пайдалануға өзара келісім.

6. Үшінші бір елдермен ғылыми-техникалық ынтымақтастық кезінде ТМД елдерінің өзара мүдделерін ескеру, конверсияның келісілген бағдарламаларын талдап жасау.

Көбінесе бұл міндеттерді дайындық сатысындағы Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шарттың негізінде шешу ұйғарылады.

Сонымен бірге, республиканың қорғаныс қабілетін қолдау аса маңызды мемлекеттік функциялардың бірі және бүкіл халықтың ісі екенін атап көрсету керек. Осы ойлар «Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы» қабылданған Заңда бейнеленген.

Бүгін бізге осы заманғы ең озық үлгідегі қарумен жарақтанған, аса оңтайлы, кез келген жағдайда әрекет етуге үйретіліп, даярланған армия керек.

Ұйымдық шаралар өткізу барысында бөлімдердің жауынгерлік қабілетінің деңгейін төмендетуіне жол беруге болмайды. Бұл, әсіресе, штат жағынан өзгертілген, күшейтілген, ішінара жаңа техникамен қайта жарақтандырылған мемлекеттік шекараны күзетуші бөлімдерге қатысты.

Ықшамдалған құрамдардың бөлімдер саны едәуір болып отырғанда жауынгерлік және мобилизациялық даярлықты әзірленген мобилизациялық ресурстарсыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл маңызды жұмыс

және жақсы ойластырылған жоспарларды қажет етеді. Біздің республикада запастағы офицерлермен, тіпті барлық резервтегілермен тәп-тәуір жұмыс жүргізілгенін айтуым керек. Енді бұл деңгейді төмендетпеуге тиіспіз.

Қарулы Күштердің сапасы мен сенімділігі, түптеп келгенде, кадр проблемасының шешілуіне, офицерлер құрамының іске қатынасына, оның моральдық көңіл күйіне байланысты.

Қазір біз әскери мамандардың біршама тапшылығын сезініп отырмыз. Сондықтан республика үкіметі Қорғаныс министрлігінің белсене қатысуымен Қарулы Күштерді толықтырудың шараларын қабылдауда. Біз жастарды ТМД әскери оқу орындарында оқытуды жалғастыра беруді, өз училищелеріміз бен азаматтық жоғары оқу орындарындағы әскери кафедралардағы даярлықты жетілдіре түсуді көздеп отырмыз. Алыс шет елдердегі әскери оқу орындарына тыңдаушылар жіберуді тәжірибеге енгізе бастадық.

Мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттырудың маңызды шарты – әскери тәртіпті, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту.

Өкінішке қарай, армияны кадрлармен нығайтудағы шалағайлықтарымыздың негізі жасөспірімдердің әскерге шақырылғанға дейінгі даярлығының мұқият ойластырылған кешенді жүйесінің болмауында екенін айтуға тура келеді.

Бізді азаматтардың Қарулы Күштерге шақырудан дәлелсіз жалтаратыны алаңдатады. Әскери комиссариаттардың бұл істегі салғырттығы мүлдем сорақы, ал оның салдары – қосымша әскердің жетіспеуінен сержанттар мен қатардағы жауынгерлерге шамадан тыс күш түсетіндігі.

Бұл жекелеген бөлімдердегі жағдайдың тұрақсыздануына, әскери тәртіпті бұзу фактілеріне соқтырады.

Әскерге шақырылатын контингенттің сандық қана емес, сапалық іріктелуі жөнінен де әскери комиссариаттарға көп дағуа айтуға болады. Көп ретте әскерге тәни де, рухани да ешбір даярлығы жоқ жастар келетіні бар. Осыдан барып, қызмет атқарудың бастапқы кезеңінде көптеген жас жауынгерлер қиындыққа шыдамай, әскерден қашады.

Қызмет орнын өз еркімен тастап кету әскери қылмыстардың ең көп тараған түріне айналды және оның жалпы санының $\frac{1}{3}$ бөлігін құрайды. Әскери қызметтен қашушылық секілді құбылыстың ерекше қауіптілігін ескеріп, республика басшылығы оны жоюға бағытталған шараларды өткізу барысына айрықша бақылау қойды.

Әскери ұжымдардағы тәрбие жұмысының жағдайы ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Олардың көпшілігінде жарғыға жат қарым-қатынастар, әскери міндеттерді орындауға қылмысқа барабар енжарлықпен қараушылық белең алған.

Әскери қызметшілер мен олардың туысқандарының жарғыға жат қатынастардың көріністеріне, солдаттар тұрмысының жайсыздығына қатысты көптеген шағымдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге байланысты азаматтардың жүгіністерін қарау жөніндегі арнаулы комиссия құруға мәжбүр етті.

Республиканың Қарулы Күштеріндегі тәртіп жағдайына жасалған талдау қазір әскерлердегі қылмыстың деңгейі жоғары қалпында қалып отырғанын көрсетеді. Әскери мүлік қана емес, қару мен оқ-дәрінің де ұрлана-

тыны бар. Мұны қару десе жанын салатын қылмыскер элементтер пайдаланады.

Егер әскери құрылыс үдерісі осындай қылмыстық үдерістермен қатар жүре беретін болса, біз сенімді Қарулы Күштерімізді ешуақытта құра алмаймыз. Сіздер де осы пікірде екендеріңізге сенімдімін.

Әскери тәртіпті, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту мақсатында мен үстіміздегі жылғы 19 қаңтардағы Жарлығыммен командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарлары институтын енгіздім.

Бірақ мұнымен де бітпейді. Қарулы Күштердің бүкіл офицерлер жасағы жеке құрамды интернационалдық достық қағидаттарында тәрбиелеу мен халықтарымыздың даңқты жауынгерлік дәстүрлерін насихаттаудың іргесі бұзылған жүйесін қайта жандандыруға тиісті.

Әскери-патриоттық тәрбие, өте бір сирек кездесетіні болмаса, әлемдік қоғамдастықтың барлық елдерінде жүргізіледі. Айтпақшы, ол бізде де абыройсыз болған емес. Жастарымызға әскери патриотизм сезімін қайтаруымыз керек.

Әскердегі жағымсыз жайттар туралы баяндай келгенде, атап айтарым: орын алып отырған кемшіліктер Қазақстан армиясындағы жақсы нәрселерді жоққа шығара алмайды.

Халық игілігі үшін лайықты қызметтеріңіз үшін сіздерге рахмет.

Өздеріңіз білесіздер, 8 мамырда Алматыда әскери парад өтпекші, ол әскери бөлімдердің жауынгерлік әзірлігін көрсетеді, сондай-ақ қазақстандықтардың

өмірі мен бейбіт еңбегін, республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігін мүлтіксіз қорғауға деген тастүйін тәуекелімізді паш етеді.

Сіздерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің алда келе жатқан бір жылдығымен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Идеология мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте «Қоғамның идеялық топтасуы – Қазақстан дамуының басты шарты» атты

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1993 жылғы 11 мамыр

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Мемлекеттің қоғамдық-экономикалық формациясының ауысуымен тікелей байланысты болатын ғаламат зор өзгерістер әрқашан да адамдар санасындағы өзгерістердің күрделі үдерісімен бірге жүретінін түсінушілік мені кез келген қоғамдық организмнің тіршілік қарекеті үшін көкейкесті осынау проблемаларды ой елегінен өткізіп тұжырымдауға итермеледі. Біз жұмыс ауқымы бойынша да, уақыты жағынан да елеулі маңызы бар өтпелі кезеңнен өтуге тиіспіз. Осыған орай қоғамда

өзгерістерге сай келетін рухани ахуал туғызу аса маңызды, ал ол мемлекеттің барлық салалардағы, соның ішінде идеология сияқты ерекше саладағы да сарабдал саясаты арқылы ғана қолдау табуы мүмкін.

Идеология керек пе, керек емес пе деген дау-дамай көбінесе бос әурешілік. Одан да әрісін айтсақ: өткен ғасырда өмірге енгізіле салысымен-ақ бұл атаусөз талай амал-айланың нысанасына ілінді де уақыт өте келе алғашқы мағынасынан біршама айрылып қалды. Осындай жағдай ондаған жылдар бойы тоталитарлық жүйенің қатаң қыспағында өмір сүрген біздің қоғамымызда да болып жатыр. Ол жүйе күйрегеннен кейін «идеология» ұғымы жағымсыз реңкке ауысқаны және соңғы кездері ол саяси сөз қорында күдікпен пайдаланатын болғаны таңданарлық емес. Бірақ біз білетін идеология, яғни кез келген, әсіресе, дамушы мемлекетте ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыру, ғылымды, мәдениетті, білімді дамыту, жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру мақсатында жасалатын идеология осындай көзқарасқа лайық па?

Сірә, лайық емес болар, өйткені идеологиялық деп айқындауға болатын осындай жүйесіз қазіргі тұрпаттағы қоғам тіпті өмір сүре алмайды. Дүние жүзінің жетекші мемлекеттері саяси, экономикалық қана емес, сонымен бірге, өз азаматтарына да, басқа елдердің азаматтарына да сүйкімді идеологиялық бейнені жасауға үнемі ынта білдірумен келді. Егер мемлекет бұл аяда бос орын қалдыратын болса, онда оны көбінесе басқа түрлі дүниетанымдық ұстанымдар толтыратын болады.

Тегінде, идеология дегеніміз – адамдар қоғамдас-тығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге

топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл – әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастырудың тетігі.

Бірақ бұл мәжбүрлеу тәсілі емес, мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адам ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал етуі. Бұл орайда басқа да көзқарастар мен пікірлердің болуы тәркі етілмейді. Өмір алға озып, қоғам мен мемлекет өмір сүріп отырған кезде әртүрлі идеологиялық ағымдар бола бермек.

Қазақстандағы қазіргі қоғамдық-саяси жағдай

Қазақстан бұрынғы империяның көлеңкесіндегі еріксіз өмірден үзілді-кесілді және түпкілікті бас тартып, әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономикасы мен мейлінше жаңа тұрпатты қоғамдық қарым-қатынастары бар қуатты егемен мемлекет құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыс түбегейлі түрде өзгеріп келеді, республиканың демократиялық бағытқа, халықаралық нормалар мен қағидаттарға бейілдігі атап көрсетілді. Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі заң тұрғысынан қамтамасыз етілген, барлық ұлттар мен ұлыстардың топтасуының, гуманизмінің, ұлтаралық келісімінің, теңдігінің мұраттары орнықтырылған.

Осының бәрі, сайып келгенде, реформаларды дәйекті түрде жүзеге асырудың берік негізі. Алайда саяси және экономикалық жүйелердің ауысуына байланысты

қоғамдық санадағы өзгерістер өздігінен бола салады деу бос қиял болар еді. Бұл құбылыс әлдеқайда маңыздырақ әрі күрделірек, өйткені әлеуметтік өмірдің терең үдерістерімен, дүниетанымдық ұстанымдардың, психологиялық таптаурындардың, әрі десе қоғам өмірі мен әрбір жеке адамның тұрмыс салтының өзгеруімен байланысты. Бүгін таңда біздің бәрімізге екі бірдей дерлік ауыртпалық түсіп тұр: экономика да, қоғам да өткен мен болашақтың ортасында тұрғандай. Тіпті арада қайрылар жол жоқ екенін біле отырып, біз шаруашылық жүргізу жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, рухани өмірдің өне бойында өткеннің көзге көрінбейтін таңбасы бар екенін мойындауға тиіспіз.

Тап осындай жағдай қоғамдық санада да орын алып отыр. Өткен ғасырдың өзінде ғылымда «аномия» деген ұғым қалыптасқан болатын және ол әбден орныққан құндылықтар жүйесі қайтадан ой елегінен өткізіліп, өмірлік мұраттар түбірінен өзгерген жағдайда адамның абдырап-сасқан кейпін білдіретін еді. Мұның өзі жеке азаматқа ғана емес, бүкіл қоғамға ауыр сын. Сондықтан қазақстандықтардың басым көпшілігі жаңашылдық бағытты қолдап шыққанымен, жұрттың көбі өзгерістердің қажеттігін, былайша айтқанда, жүрекпен қабылдағанымен, олардың мәнін әлі де болса ақылмен пайымдай алмағанын, сенімсіздік сезініп, өз болашақтарын айқын елестете алмай отырғанын біз түсінуіміз керек.

Қатардағы әрбір адам үшін ең әуелі бағаның тежеусіз шарықтауымен, тұрмыс деңгейінің құлдырауымен, көптеген әлеуметтік проблемаларының шешілмеуімен бейнеленетін экономикалық дағдарыс әлдебір жайсыз-

дық сезімін одан әрі асқындырып жіберді. Кейде саяси күрестің шектен шығушылығы да адамдарды жолынан адастырады. Тіпті небір кездейсоқ саяси жалдаптық та қоғамдық санадағы бос орынды толтыра қоятыны бар.

Бүгін таңда Қазақстанның саяси өрісінде қалыптасып жатқан жағдайды түсіну үшін, баспасөз беттерінде, партиялардың пікірталастарында, экономикалық ортада және, тіпті, қоғамның қалың қатпарларында өршелене талқыланып жататын идеялардың мазмұнына мұқият талдау жасаса жетіп жатыр.

Жиынтығы өте көп саяси көзқарастардың күрделілігі жағдайының өзінде қазіргі қоғамдық-саяси алуантүрліліктің екі шегі ретінде социалистік және либералдық пікірлерді қарастырған жөн сияқты. Әрине, бұл біршама жадағайлау болар, бірақ осының өзі-ақ бар көріністі толық қамтуға мүмкіндік береді.

Қоғамда социалистік тұғырнаманың белгілі бір жақтаушылары бар, бірақ реформалау кезеңінде оған иек артуға болатыны күмәнділеу. Социалистік идеяны баскөз жоқ сынап берудің кезеңі өтті. Социализм өзінің кеңестік нұсқасында халыққа не бергенін және оның несін мүлдем қабылдауға болмайтынын байыпты талдаудың уақыты жетті.

Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанда жасалған қуатты өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, бірегей технологиялық кешендер, жаппай сауаттылық, кенттендіру және басқалар Қазақстанды индустрияландырусыз мүмкін болмас еді. Біздің бүгінгі әлеуетіміз – белгілі бір дәрежеде бұрынғы құрылыстың нәтижесі. Мұны тек пікірталас қызбалығына салынғанда ғана жоққа шығаруға болар.

Социалистік идеялардың тоңмойын жақтаушылары өткенді сағына еске алады, оның қайта орнауын қалайды және «болған іс» үшін саясаткерлерді жауапқа тарту керектігін айтудан да тайынбайды. Мәселенің бұлай қойылуының өзі қисынсыз: тарихта объективті заңдылықтарды ескеру қажеттігін үнемі жақтап келген оппозиция бүгін таңда өзінің назарын жеке адамдарға, кездейсоқ немесе уақытша факторларға аударатын болыпты. Әрине, мемлекеттің ыдырауына сол уақыттағы жекелеген көшбасшылардың ықпалы болғаны рас. Алайда, қызбалыққа салынбай, объективті тұрғыдан қарайтын болсақ, социализм нақ әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастар жүйесі ретінде түпсіз дағдарысқа тап болғаны айдан анық. Қазір енді әңгіме кең ауқымды дағдарыс жөнінде екенін айтуға болады.

Бұл – экономикалық дағдарыс. Қоғамдық жүйелер тиімділігінің түйінді өлшемі – экономикалық тиімділік. Осы өлшем бойынша алғанда орталықтандырылған жоспарлы экономика, сайып келгенде, нарықтық экономиканың алдында үзілді-кесілді жеңіліс тапты.

Бұл – саяси дағдарыс. Салтанатты түрде жарияланған халық билігі мен партиялық бюрократияның аттөбеліндей ғана дегдарларының қолына шоғырланған билік арасындағы қарама-қайшылық қисынды шегіне жетті. Саяси құрылымдар көрер көзге ғана демократия жасаған болып, шын мәнінде жергілікті және орталық деңгейдегі барлық шешімдерді партия көшбасшылары қабылдайтын.

Бұл – ұлттық дағдарыс. Интернационализм жария етілгеніне қарамастан, социалистік жүйе ондаған жылдар бойына ұлттардың еркін дамуын қатаң түрде жаныштаумен келді. Атап айтқанда, Қазақстандағы

күштеп ұжымдастыру жылдарында, сарапшылардың бағалауы бойынша, бүкіл қазақ халқының жартысынан астамы қаза тапқан және шетке кеткен. Елдің барлық халықтары орасан зор зардап шекті. Ұлттық дағдарыс – көп ретте экономикалық дағдарыстың салдары. Орталық пен өңірлердің арасындағы қарым-қатынас жартылай отарлық сипатта болды. Республиканың экономикасына шикізаттық бағыт, оның кешенсіз сипаты саналы түрде таңылды. Сыртқы рынокқа өз еркімен шықпауы үшін Қазақстан көлік жүйесі бойынша да орталықпен және басқа өңірлермен дәл осы деңгейде қатаң байланыстырылды. Бүркемелі ұлтаралық шиеленіс тек күш қолдану қоқан-лоқысымен ғана тежеліп отырды. Жүйе құлағаннан кейін бұрынғы КСРО-ның аумағы ұлтаралық жанжалдар мен соғыс өртіне оранды. Бұл – халықтың кінәсі емес, бұрынғы және қазіргі саясаткерлердің кінәсі. Тұтас халықтарды тікелей құртудан бастап ұлт тілдерінің қолданылу аясын тарылтуға дейінгі зорлық-зомбылық қайшылықтарды одан әрі ушықтырды. Оларды шешудің басқа әдістері болған жоқ. Интернационализм туралы күллі мәлімдемелерге қарамастан, ресми идеологияның тасасында белгілі бір халықтардың басқа халықтар туралы таптаурын теріс пікірлері қалыптасып жатты, мұның өзі тұрмыстық деңгейде күні бүгінге дейін қалмай келеді. Барлық ұлттарды бірыңғай әсіре этностық қауымдастыққа – кеңес халқына бірегейлеу әрекеті айқын сәтсіздікке ұшырады.

Бұдан әрі – экологиялық дағдарыс. Дерексіз жалпыхалықтық, ал іс жүзінде ведомстволық меншігі бар социалистік экономикалық жүйенің ерекшеліктері министрліктер мен ведомстволардың шектен шыққан экологиялық қиянаттарына соқтырды. Проблеманың

мәні мынада болатын: жер мен табиғи ресурстарға бақылаусыз қожалық еткен ведомстволар, сонымен қатар, экологиялық таза өндірістерге мүдделі болған жоқ және сөзсіз болатын қасіреттер үшін нақты жауапкершілік арқалаған емес. «Ешкімнің де иелігі еместің» бұл кереметі өткен тарих көріп-білмеген ғаламат апаттарға киліктірді. Экологиялық сауатсыздық қоғам мен табиғаттың тайталасына әкеліп тіреді. Қазақстан бұл ретте аса қиын жағдайда қалды.

Семей ядролық полигоны қазақ халқына аса ірі қасіреттердің бірін әкелді. Қазақстанда ядролық қаруды сынауды, соның ішінде жер бетінде сынауды жүргізе отырып, жүйе өз мемлекетінің азаматтарына қарсы адамзат тарихындағы ең қайғылы қылмыстардың бірін жасады. Тек біздің республикада ғана жарты миллионнан астам адам радиациядан зардап шекті. Олардың көпшілігі күш-жігері толысқан шақта өмірден өтті, жүздеген мыңы денсаулығынан біржола айырылды. Балалардың бірнеше ұрпағы туа сала өмірлік мүгедектікке таңылды. Қазірге дейін мүгедектер туып жатқан көптеген отбасыларында бұл қасірет әлі жалғасуда.

Қазақстанға келген тағы бір апат – жер бетінен құрып бара жатқан Арал теңізі. Бұл қырсық кең-байтақ Орталық Азия өңірінің халықтарын шексіз азапқа душар етті. Әрі тек оларды ғана емес: ғалымдар Арал апатының планетадағы орасан зор аумаққа ғаламдық бүлдіруші ықпалы бар екені туралы дәйекті қорытындылар жасады.

Бұрынғы жүйе «жарқын болашақ» үшін күрес ретінде көрсетіп келген осы эксперименттерден ең алдымен Қазақстан халқы көп зардап шекті.

Біздің алдымызда адамдарға, жерге, тұтастай алғанда табиғатқа келтірілген бүкіл шығынды есептеу міндеті тұр. Бұл тым болмаса апаттың шынайы ауқымын бағалап, оның салдарын жою жөніндегі шараларды белгілеу үшін қажет. Оның үстіне бүкіл дүние де Қазақстандағы шынайы экологиялық жағдай туралы нақты түсінік алуға тиіс.

Имандылық дағдарысы. Идеологиялық рәміздер мен адамдардың нақты құндылықтары арасында шыңырау пайда болды. Басқарушы дегдар топтың екіжүзді моралі сан түрлі саяси шараларға – жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, т. б. немқұрайды қатысатын, жарияланған ұрандарға сенбейтін миллиондаған адамдарды да дәл сондай моральға душар етпей қоймады. Бүгін таңда бұл жүйенің оп-оңай ыдырай салғанына қайран қалушылар оның әлдеқашан-ақ халықтың сенімінен айрылғанын, сол халықтың өзі біздің Батыстан барған сайын кейін қалып, кеңестік экономиканың дағдарысқа қарай құлдырап бара жатқанын көріп, түсініп отырғанын ұмыта береді. Соңғы жылдары социалистік мұраттар тек мысқыл туғызатын болған. Мұны жұрттың бәрі білетін, алайда идеология билік басындағы дегдар топтың кеудемсоқтығына одан әрі қызмет етуін қоймай, олардың мүдделерін жалпы мемлекеттік мүдде ретінде көрсетумен болды. Кеңестік қолтума идеологияның болмыстан алшақ жатқан аңызын – ұлттардың ұласуы теориясын, адамға «бұранданың» рөлін таңған мемлекет пен адамның арақатынасы практикасын, ғылымға, әдебиетке, өнерге таңылған партиялылықты еске түсірейік. Тіпті отанға сүйіспеншілік, жақынына деген қамқорлық, ата-баба дәстүрлеріне адалдық сияқты табиғи таза сезімдердің өзі «коммунизм құрылыс-

шыларының моральдық кодексінің» тар аясына тоғытылған болатын. Бір есептен, бұл идеология емес, адамның имандылық ұстындарымен жалдаптық жасау болатын.

Алайда көптеген адамдар үшін ескі үміт-қиялдардан бас тартудың тым қиынға түсетінін ескерген жөн. Олардың сенімдерін мазақ етуге ешқандай жол беруге болмайды. Біліктілікпен адал пікір таластырудың жөні бөлек. Мына жәйттерді барынша айқын түсіндіру керек: қазіргі жағдайда мемлекеттік қайта бөлу арқылы келетін теңдік, мемлекеттік қамқоршылық, идеологиялық біркелкілік, жекеменшік пен нарықты тұншықтыру Қазақстанды әлемдік қоғамдастықтан шеттетеді. Өткенге қайтып оралудың болашағы жоқ, ол тек қоғамды талқандап, азамат соғысына киліктірмекші. Социализмнің жер-жердің бәрінде тықпаланып келген, біздің бәріміз басымыздан өткерген аңыздарының тек ТМД-да ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінде күлі көкке ұшқанын пайымдаудың маңызы бұдан кем емес.

Бұл жүйенің бірқатар пайдалы әрі іс жүзіне асырылған жетістіктеріне қарамастан, тарихи тұйыққа тағы да тірелуге болмайды.

Қоғамдық ойдың тағы бір бағыты дәстүрге, халықтыққа сүйенеді. Дәстүршілдік идеологиясының социалистік идеологияның дағдарысымен қисынды байланысы бар. Шынында, бұрынғы қасаң қағидалар дәрменсіз болып қалса, назарыңды қайда салуың керек? Сірә, әр халықтың өміріндегі ең қарапайым әрі түсінікті, сонымен бірге, адамгершілігі терең рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек болар. Олардың халық өміріндегі рөліне ешбір күмән жоқ. Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік жаңғырудың қайнар

көзі болған. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу, әрине, оң үдеріс. Сонымен бірге, дәстүрлер мен қоғамдық прогрестің өзара қарым-қатынасын қарадүрсін түсіндіруден бас тартқан жөн. Осы күнгі дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің арнасына етене жалғасатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылдық та болмайды. Нақ осы дәстүрлер адамның «жоғалып кетпеуіне», өзінің салтын қазіргі дүниенің шұғыл өзгерістеріне бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті, соның ішінде тұрмыстық мәдениетті, отбасын дамытуға барынша қолдау жасалып отыр. Бұл орайда қоғамдық құрылымның көне сипаттарын, қазақ қоғамының XVIII–XIX ғасырлардағы аумақтық ұйымдасуына тән рулық-тайпалық психология мен құқықтық көзқарас жүйесін қайта жаңадандыруға негізделген дәстүрлі үлгідегі саяси идеологияға мүлдем жол жоқ.

Каспийден Қытайға дейінгі қазақтар мекендеген ұшан-теңіз кеңістік әлдебір құрылымдық ресімдеуді, белгілі бір тартылыс орталықтарын қажет етті. Бұл әртүрлі өңірлердің тарихи даму ерекшеліктерімен үйлесті, ал кейін патша өкіметі саналы түрде кіргізген әкімшілік бөлу жүйесімен барып ұштасты. Екінші жағынан, шаруашылық жүргізудің ерекшеліктері де аумақтық мәселелерді нақпа-нақ реттеуді талап етті. Сондықтан өңірлік қатыстылық әуел бастан-ақ саяси құрылыста елеулі рөл атқарды. Бірақ осының бәрін XXI ғасырға өзімізбен бірге ала барғанымыз жөн бе? Тегі, қазіргі жағдайда қазақ халқының әлеуметтік және мәдени жүйелерінің даму қарқыны сол кезеңмен салыстыруға мүлдем келмейді де ғой.

Сонымен, бір жағынан өз тарихымыздағы пәрменді саяси тетіктерді табуға деген ықыласты түсіне отырып, реалист болуымыз керек және өткен ғасырлардың саяси идеялары мен идеологиялық рәміздері осы ғасырдың аяқ шені үшін мүлдем жараспайтынын түсінуге тиіспіз. Айтпақшы, тіпті өткен кездерде де біздің ұлы ағартушыларымыз қазақ қоғамын жікке бөлуге жол бермеуге шақырған болатын.

Қоғамдық топтарда либералдық идеялар да танымал болып отыр. 1980-ші жылдардың аяғы мен үстіміздегі онжылдықтың басындағы олардың салтанатына, жалпыадамзаттық мұраттардың, жоғары құндылық ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын орнықтырудың табыстарына жаппай шаттану сезімі демократия мен демократиялық қағидаттардың түпкілікті жеңісі жөніндегі оптимистік қорытындыға жеткізгендей еді.

Бірақ бүкіл дүние жүзінде либералдық идеологияның аясында күрделі үдерістер де болып жатқанын түсіну біртіндеп белең ала берді. Егер планетаның өзге өңірлерін қозғамай-ақ, өзіміздің бұрынғы ортақ кеңістігімізге келер болсақ, онда қоғамда өрістеп келе жатқан, кейде қарулы жанжалдар, саяси текетірес, экономикалық былық, адамдардың бірденені өзгерте қою мүмкіндігіне деген сенімін жоғалтуы сияқты шектен шыққан түрлерде көрінетін әлеуметтік шиеленіс туралы айтпай кетуге болмайды. Өркениетті нарықтың қанат жаюының орнына барлық салада – қаржыда, саудада, сыртқы экономикалық байланыстарда жалдапшыл капитал екі бірдей серігімен – қылмыстық элементтермен және номенклатураның жемқор бөлігімен үзеңгі қағыстырып қатар келеді. Бұл үдерістердің осы заманғы дүниежүзілік нарықпен үш қайнаса сорпасы

қосылмайды, бірақ олар нақты өмір сүріп, либералдық идеологияның мәніне қарсы келуде. Ал ұлт-аралық жанжалдар демократия туралы, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы пайымдаулар әзірше адамның өмірі мен абыройын қорғауға дәрменсіз екендігін айқын көрсетуде.

Әлбетте, либералдық идеология мен қатаң шындықтың арасындағы қайшылықтарды тоталитаризмнің мұрасына сілтеме жасап, түсіндіруге болар еді. Бұл дұрыс та болар еді, бірақ ішінара ғана. Мұның мейлінше терең себептері бар.

Либералдық мұраттар мен либералдық идеология – Батыс өркениетінің сан ғасырлық, ұзақ эволюциясының нәтижесі. Олардың негізінде жеке меншік, дарашылдық психологиясы және демократиялық саяси институттар сияқты объективті алғышарттар жатыр. Олардың нышандары бізде әлде болмаған, әлде жүз жыл дерлік бұрын үзілген. Мұның сыртында, өркениетті мемлекеттерде либералдық идеяларды іске асыруды жеңілдетуші қуатты құқықтық жүйе құрылған болатын. Осы объективті алғышартсыз бұл үдеріс мейлінше қиындатылған.

Әзірге республикада либерализм идеологиясының негізгі және неғұрлым бұқаралық тірегі – қоғамтану ғылымында орташа тап делініп жүргеннің жоқ екенін де көре білуіміз керек. Сондай-ақ нақты мәдени және тарихи жағдайды да ескеруге тиіспіз. Мәселе мынада: Батыстың либералдық идеологиясын Қазақстанға сол күйінде көшіре салмақ болғанда оны жүргізушілер кең мағынада да, соның ішінде саяси мәнде де мәдениет дейтін құбылысқа аяқтарын шалдырады. Оның сипаты мен мұраттарын табан астында өзгерте салуға болмайды. Саяси мәдениеттің тұрпатын нақты рефор-

малар негізінде, біртіндеп, өркениетті тәсілмен өзгерту қажет.

Сөйтіп, қазіргі Қазақстандағы саяси және идеялық бағыттарға жасалған талдау идеологиялық тұғырнама-ның қалыптасуында өзіндік жол іздестірудің қажеттігін айғақтайды. Біз социалистік те, дәстүрлі де, либерал-дық та көзқарастардың өз бойларына жинақтаған құндылықтарды жоққа шығармаймыз. Алайда, біздің көзқарасымызша, Қазақстанның алдында тұрған міндеттер біршама басқа жалпыұлттық идеологиялық басымдықтарды ой елегінен өткізуді талап етеді.

Нақты тәуелсіздікке

Біз өтпелі кезең туралы айтып тұрмыз. Оның мазмұны неде? Біз неге ұмтыламыз? Конституцияда, атқарушы және заң шығарушы биліктің құжаттарында, кейбір қазақстандық партиялардың бағдарламаларында баяндалған бірқатар нақты экономикалық және саяси бағыттар бар. Дегенмен, нақты міндеттермен қатар, ғаламдық мақсат та бар, ал оған қол жеткізбейінше біз қоғамды реформалау жолымен ойдағыдай ілгерілей алмаймыз. Әңгіме республиканың нақты тәуелсіздікке жетуі туралы болып тұр. Оның көптеген ерекше белгілеріне, егемендіктің танылуы мен баянды етілуіне қарамастан, Қазақстан толық тәуелсіздік алды деуге әлі ертерек.

Таяудағы жылдарда біз барлық күш-жігерімізді нақ осы үдеріске шоғырландыруымыз қажет. Бұл үшін, жинақтай айтқанда, мынадай өзекті проблемаларды шешуге – мемлекеттік бастауларды нығайтуға, құқықтық қоғам орнатуға, жаңа технологиялық,

құрылымдық, институционалдық негіздегі толыққанды ұлттық нарықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Мәселенің осылай қойылысы, сірә, партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, еңбек ұжымдарының, кәсіпкер топтардың, ғылыми және шығармашылық ұйымдардың, республика халқының барлық жіктері өкілдерінің түсіністігін табатын болар, өйткені аталған басымдықтардың жалпы мемлекеттік сипаты бар, оларды жүзеге асыру Қазақстан қоғамын терең жаңғыртуға қабілетті. Егер біз мұншама қажетті пәтуаға қол жеткізе алсақ, онда нақты тәуелсіздікке жету қуатты саяси, зияткерлік, рухани қолдауды қажет етеді дейтін міндетті шартпен де келісеміз. Бізге бұл бағыттарда тек экономикалық, ұйымдық, кадрлық дүмпуді ғана қамтамасыз етіп қоймай, қоғамды топтастыратын ахуалды да жасауымыз қажет. Әрі бұл арада таяудағы да, сондай-ақ біршама әрідегі де болашаққа есептелген іс-әрекетімізді идеялық тұрғыдан пайымдамасақ болмайды.

Біз үшін алдағы жұмысымыздың басты саяси қырларының бірі – мемлекеттілікті нығайту. Жалпы алғанда, бұл әлемдік өркениет тәжірибесінің заңды тұжырымы: терең дағдарыстар мен сілкіністер дәуірінде мемлекеттің реттеуші ықпалын күшейтудің объективті қажеттілігі пайда болады, ал бұл, бірінші кезекте, дағдарыстан шығуды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру үшін қажет. Бұл орайда біз негізгі күш-жігерімізді атқарушы биліктің рөлі мен жауапкершілігін арттыруға, басқару сатыларын нығайтуға, күшті президенттік басқаруды қалыптастыруға шоғырландыруымыз керек.

Қазіргі Жоғарғы Кеңес өзінің тарихи борышын орындап, елдің заңнамалық базасын орнықтыра отырып,

зор жұмыс атқаруда. Ал қоғамдық дамудың келесі кезеңі бізді қалай да міндеттері мен өкілдіктері айқын анықталған кәсіби парламент құруға міндеттейді. Дүниеде тараған және мақұлданған сайлау жүйелерінің қайсысы неғұрлым оңтайлы, біздің республикамызда қолдануға қайсысы қолайлы екені жөнінде ортақ бір пікірге келудің маңызы зор. Одан кейінгі міндет – орталық мемлекеттік және жергілікті органдардың өкілеттіктерін заңнамалық тұрғыдан бөлу, сол бойынша жергілікті жерлердегі атқарушы және өкілетті билік органдары өздерінің проблемаларын шешуге барынша құзыретті болар еді. Сонда орталық құрылымдардың сан түрлі ағымдағы жұмыстардан қолдары босап, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамудың стратегиялық бағыттарына жұмылатын болады.

Сот жүйесін де реформалау қажет. Өкінішке қарай, адамдар әлі де болса жергілікті жерлердегі сот билігінің беделі мен құзыреттілігіне сенбейді. Соттардың әділеттілігі мен қызметтерінің сындарлылығы туралы айтуға әлі ерте, олар қоғам проблемаларынан аулақ та жатқан тәрізді. Сот жүйесін барынша пәрменді ету, оларды әсіресе жергілікті жердегі билік құрылымдары тарапынан қысым көрсету мүмкіндігінен құтқару қажет. Бұл реформаның мейлінше нақты жолдарының бірі – арнаулы, айталық, Жоғары сот кеңесінің ұсынысымен соттардың тағайындалуын Мемлекет басшысының заңмен бекітуі болмақ. Соттардың нағыз тәуелсіздігін нақ осылайша қамтамасыз етуге, сот әділдігіне кез келген қол сұғушылықтың жолын кесуге болады.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастыру үдерісі – күрделі, көп еңбекті қажет ететін, сан қырлы міндет. Бұл ретте ойланбаған

асығыстық та, орынсыз жайбасарлық та болмауға тиіс. Биліктің барлық тармақтарының өзара түсіністігін, өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды. Егер бір сәттік саяси пайда үшін мемлекеттің іргесін шайқайтын болсақ, болашақ ұрпақтарға теріс қызмет көрсеткен боламыз.

Түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруды, сөз жоқ, негізгі жалпұлттық басымдықтардың қатарына қосқан жөн. Бұл – қазіргі Қазақстан үшін, оның тәуелсіздікке жетуі үшін өзекті мәселе. Реформалардың тағдыры саяси саланы мемлекеттік басқарудың тұтқаларымен тікелей байланысты, өйткені Қазақстанның соңғы онжылдықтардағы дамуы өте күрделі әрі ауқымды үдерістермен сипатталады. Нақ осы кезде республика аумағында аса ауқымды бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылды. Олар – тың және тыңайған жерлерді игеру, өнеркәсіптің орасан зор шикізат базасын құру, ядролық және ғарыштық зерттеулерді жүзеге асыру.

Алайда, бұл үдерістердің экономикалық және әскери жағының сыртында осы бағдарламаларды жүзеге асырумен қоса, Қазақстанға сырттан енгізілген ұлттық, әлеуметтік және мәдени проблемалар зерттелмеген және ой елегінен өткізілмеген күйінде қалып қойды. Сапалық ілгерілеу болды – қала халқының үлесі алғаш рет ауылдықтар үлесінен асып түсті. Өңірлердің дамуындағы әркелкілік күрт күшейді. Елдің еуропалық бөлігінен болған орасан көп көші-қон есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Қазақ халқының негізгі бөлігі ауылда шоғырланғанымен, оның құрылымында айтарлықтай қалалық буын пайда болды.

Осының бәрі саяси және мәдени бағдарларда аса күшті айырмашылықтардың пайда болуына соқтырмай қоймады. Сонымен бірге, идеологиялық бірліктің сырттай көрінісі әдейі көпірте, баса көрсетіліп, айырмашылықтар мен проблемалар елеусіз қалдырылып келді. Соның салдарынан халықтың әртүрлі жіктерінің идеялық-саяси қарама-қайшылығы өрши түсті. Ал бүгінде олар айқын көріне бастады.

Нақ осы себепті жаңа экономикалық көзқарас қалыптастыру бүгінде айрықша орын алады. Бұл ең алдымен оның реформалар барысын жеделдетуге тигізетін тікелей ықпалымен байланысты. Идеялардың пікір алуандығына негізделген демократиялық, құқықтық қоғам идеологиясы меншік пен шаруашылықты жүргізу формаларына көзқарастардың бейнеленуінен басқа ештеңе де емес. Біз алдымызға шынайы нарықтық тетіктер мен әлеуметтік бағдардағы көпукладты нарықтық экономика құруды стратегиялық мақсат етіп қойдық. Яғни, біз жеке адамның экономикалық бостандығы мен экономикалық мүдделері шүбәсіз болатын, ал өз пікірі мен рухани құндылықтарын еркін білдіруіне мемлекет пен заң кепілдік беретін қоғам құру жолын таңдап алдық.

Дегенмен, бұрынғы идеологиялық таптаурындардың жаны сірі болғандығынан, бұл нормалардың орнығуы кінәратсыз өте қояры екіталай. Бізде билік деңгейінде де, тұрмыстық деңгейде де реформаларды көпе-көрнеу қабылдамау көріністері сирек кездеспейтіні ешкімге де құпия емес. Бұл жағдайда не істеуге болады: қатал бағыт таңдау ма, мемлекеттің тікелей өктемдігін орнату ма, үкіметті сынағаны үшін оппозицияны қуғын-сүргінге салу ма? Айтпақшы, экономикалық реформаларды

жүргізудің осы заманғы тарихында мұның мысалдары аз емес.

Қазақстандағы нақты қоғамдық-саяси жағдай республиканың халықаралық беделін түсіретін мұндай күш қолдану әрекетіне бармауымызға мүмкіндік береді. Тек мемлекеттілікті нығайту мәселесінде де, экономикада да үкіметтің және негізгі саяси қозғалыстар мен партиялардың реформа мәселелері жөніндегі ұстанымдарын екі жақтан да өзара жақындастырмай болмайтынын атап өткен жөн. Әрине, әңгіме әлдебір келісімпаздық туралы, үкіметтің іс-қимылына сындарлы сын айту мен баламалы бағдарламаларға тыйым салу жайында болып отырған жоқ. Қауіп басқада. Кейбір ТМД елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ол ұлтаралық және саяси тұрақсыздыққа байланысты, ал ол, сірә, бірде-бір саяси партияның, көпұлтты Қазақстанның бірде-бір тұрғынының мүддесіне сай келмесе керек.

Қазақстанның экономикалық кеңістік пен уақыт аясында суырылып алға шығуына шын көңілден мүдделі жұрттың бәрімен мәдениетті, өркениетті үнқатысу қажет. Осының бәрін ескеріп, экономика саласындағы идеологияның негізгі қағидаттарын тұжырымдау керек. Олардың бағыттары мынадай:

– өндірістің бәсекелі өзін өзі реттеуі мен экономикалық дамудың негізгі параметрлерінің мемлекет тарапынан реттелуінің ұштасуына негізделген әлеуметтік бағдарлы, аралас нарықтық экономика құру;

– тікелей материалдық игіліктер өндіретін салалардағы, қызмет көрсету, құрылыс, көлік және сауда салаларындағы жеке кәсіпкерлікке басымдық бере отырып, барлық түрдегі өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау;

– өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру, отын-энергетика, металлургия кешендеріне, азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлар нарығына, коммуникация жүйесін дамытуға басымдық бере отырып, оның шикізаттық біржақтылығын жою;

– халықты, әсіресе, оның әл-ауқаты төмен, еңбекке жарамсыз топтарын әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты, көші-қон үдерісіндегі ретсіздікті жою;

– республиканың орталық «еуразиялық» геосаяси орналасуы жағдайынан туындайтын экономикалық артықшылықтарын, мемлекетаралық байланыстарда экономикалық-саяси серіктестер таңдаудағы прагматизмді пайдалану.

Қалың бұқара экономикалық тиімділік, адамның дербес экономикалық еркіндігі мен жеке меншік деген санаттарды түйсініп, қабылдамайынша, нарықты құру мүмкін емес. Тегі, енді ғана қалыптаса бастаған әлеуметтік база болмайынша, бұл категориялар санаға сіңе алмайтын болу керек. Мұндай жағдайда жаңа экономикалық идеологияны қорғау функциясын нақ мемлекеттің өзі жауапкершілігіне алады. Мемлекеттің пәрменді идеялық қолдауынсыз нарықтық психология қалыптаса да алмайды. Бұл орайда нақты нарық өзінің құндылықтарын насихаттауды ғана емес, қажетті тетіктері мен машықтарды игеруді де талап ететінін түсіну керек. Қазақстанда сондай тетік-құралдарды меңгерген кадрларды ауқымды түрде даярлауды тек мемлекет қана жүзеге асыра алары анық.

Мемлекеттік бастауларды нығайту құқықтық қоғам орнатумен бірге жүргізілуі тиіс. Бұл – жалпыұлттық

мәні бар міндет. Сөз, ең алдымен, республикадағы құқық мәдениеті мен құқықтық реформа мәселелері туралы болып отыр, өйткені оларсыз қоғам өрге баспайды, ал тәуелсіздік толыққанды болмайды.

Өркениетті қоғамда құқық мәдениеті – әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бір бөлшегі және әрбір лауазым иесіне қойылар кәсіби талап. Бұл жөнінде мейлінше байыпты сөз болуы керек, себебі, тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық нормаларды орнықтыруымыз неғайбіл.

Нарық, ең алдымен, тауар өндірушілер мен тұтынушылар қарым-қатынасының сапалы заңдар негізінде өздігінен реттелуін көздейді. Сондықтан мүлтіксіз жұмыс істейтін заңнама болмайынша, ешқандай нарық та жоқ және болуы да мүмкін емес.

Демократия тежеусіз билеушіліктен де, бетімен кетушіліктен де айқын оқшауланған мемлекеттік билікті қажет етеді. Оны тек міндетті құқықтық рәсімдерді сақтау арқылы ғана қорғауға болады, өйткені азшылықтың да, көпшіліктің де зорлық-зомбылығы бірдей қауіпті. Сондықтан құқықсыз демократия да болмайды.

Өркениеттіліктің нысаналы идеясы ретіндегі жеке адамның бостандығы өзге жеке адамның егемендігін, оның қол сұғылмастығы мен абыройын – мейлі ол бала немесе ересек адам, жұмыс беруші немесе жалданушы, мемлекет шенеунігі немесе қатардағы қызметші болсын – кім-кімнен де қорғауды көздейді. Мұндай заңды тең құқықтылық демократиялық жолмен қабылданған заңдарды жұрт жаппай орындаған кезде ғана орнығуы

мүмкін. Тек сот қана кез келген әлеуметтік жанжалды өркениетті үнқатысуға айналдыра алады. Демек, құқықсыз бостандық жоқ.

Өзінің маңыздылығы мен күрделілігі жөнінен құқықтық реформа экономикалық реформамен тең екенін атап көрсетуге болады. Құқықтық мемлекет құруды мемлекеттің өзінен бастау керек. Бұл – нарықтық экономиканың, демократиялық қоғамның қатаң талабы. Егер сапалы заңдар болмаса, оларға ұдайы түзетулер мен өзгерістер енгізіп отыруға тура келеді. Заңдар жұмыс істемесе, бұрынғысынша, «телефондық құқық» жұмыс істейтін болады. Санада құқықтық ойлау орнықпаса, әкімшіліктің, тергеу мен сот әділдігінің функциясына қол сұққысы келетіндер табылады.

Егер біздің құқық пен адамгершілік идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатпақшы екеніміз рас болса, онда әрбір азамат мектеп қабырғасынан бастап-ақ, өзіміз математиканың қарапайым бастауларын білетініміздей, олардың қарапайым бастауларын игеріп алуға тиісті.

Кез келген егемен мемлекет сияқты, Қазақстан өзінің қорғаныс қабілеттілігін сақтап, ұлттық қауіпсіздігін нығайтатын болады. Біз соғысты болдырмау шараларын да, республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудың әдістерін де көздейтін әскери доктрина мен әскери заңдар топтамасын қабылдадық. Біздің доктринаның тек қана қорғаныс бағыттылығы бар. Бұл ретте біз ТМД елдерінің доктриналарын ескереміз және бірлескен қорғаныс міндеттерін шешуде олармен ынтымақтастықта болуды көздейміз. Алайда,

әскери мәселелерде жағдай қалай қалыптасса да, мемлекеттер мүдделерінің тепе-теңдігін ескеретін саяси әдістер ғана халықаралық проблемаларды шешудің және жанжалдарды реттеудің өркеніетті тәсілі болып табылады. Осы бағытқа адалдығын Қазақстан бірнеше рет дәлелдеді. Сонымен бірге, біздің геосаяси факторды да мұқият ескергеніміз жөн. Әскери саладағы шешімдер барынша байсалды болып, өңірде сақталып отырған тұрақтылықты ешқандай жағдайда бұзбауы тиіс.

Қорғаныс қабілеттілігін сақтау мемлекеттің аса маңызды функциясы саналады. Мұнда саяси астардың да маңызы бар. Біздің Қарулы Күштеріміз қазір қалыптасу кезеңінде тұр. Мемлекет оларға күнделікті қолдау көрсетіп келді және көрсете береді. Республика әскері өзінің алғашқы қадамдарынан бастап жауынгерлік даярлығын арттыруға, жастар үшін Отанға адалдықтың шынайы мектебі болуға, біздің халқымыздың шын мәніндегі даңқты жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін дамыта беруге міндетті. Сонымен бірге, қоғамда Отанды қорғаушыларға құрметпен қарау сезімін орнықтыру қажет. Әскери қызмет орасан зор абыройлы болуға тиіс, әскердің халық арасындағы беделін мызғымастай ету керек. Мұнда көп нәрсе әскерилердің өздеріне де, үкіметке де, қоғамдық ұйымдарға, бәрінен бұрын жастармен жұмыс істейтіндерге де байланысты. Біз әскердің төңірегінде кінәратты ахуалдың қалыптасуына, әскери қызметшілер өздерін екінші сортты адамдар ретінде сезінуіне жол бермеуге тиіспіз.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайта отырып, біз сыртқы саясаттағы бағдарымызды қалыптастыруды жалғастыра беруіміз керек. Біз Қазақстанның халықаралық бағыт-бағдарына жұрттың жіті назарын аударып,

зор қызығушылық танытқанын сезіп отырмыз. Базбірде республиканың сыртқы дүниеге шығуының бағытын алдын ала белгілеуге көрінеу немесе жасырын әрекеттер де жасалуда.

Осыған байланысты өзіміздің географиялық орналасуымызды, этнодемографиялық және басқа да факторларды ескере отырып, көпжақты бағдар ұстану аса маңызды көрінеді. Біздің халықаралық байланыстарымыздың негізінде таяу және алыс шет елдердің бәрімен өзара тиімді саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастар орнатуға ұмтылыс жатыр.

Тарихи дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, біз Ресеймен, Орталық Азия республикаларымен, ТМД-ның басқа да мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бірінші кезекте мән беріп отырғанымыз және солай ете беретініміз сөзсіз. Олардың көпшілігімен бізді тығыз интеграциялық, одақтастық, соның ішінде қорғаныс келісімдері байланыстырып отыр.

Экономикалық одақ құру мемлекетаралық байланыстарды, өзара шаруашылық ықпалдастықты нығайтуға, жаңа жағдайда ұтымды байланыстарды қалпына келтіруге, тиімді салалық ынтымақтастық орнатуға, ақпараттық және мәдени алыс-берісті кеңейтуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Біз құрлықтық дамудың серпініне зор мән береміз. Біздің Біріккен Ұлттар Ұйымында ұсынған белгілі бастамаларымыз, сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыруға, Азиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымының қызметіне байланысты қадамдарымыз дәл осыған негізделген.

Сыртқы саяси қызметте біз жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларды дәйекті түрде ұстанып, өзімізге алған міндеттемелерді мұқият орындайтын боламыз.

Қазақстанның егемендігі қалыптасуының тағы бір аса маңызды факторы әрі онсыз идеялық тұғырнаманы құру мүмкін болмайтын ақпараттық тәуелсіздік туралы.

Біз барған сайын жаһандық ақпараттық алыс-беріске кеңінен дендеп келеміз әрі бұл оң құбылыс екені даусыз. Алайда бұл үдерісті қарадүрсін түсіндіруге болмайды. Халықаралық ақпарат жүйесінің кеңеюі өңірдегі демократиялық үдерістердің өздігінен тереңдеуін білдірмейді. Дүниедегі ақпараттық арналар біркелкі таралмаған және олардың қызмет жүктемесі де әртүрлі, ал бұл ақпаратты баяндау тілдерінің саны шектеулі болуына және мемлекеттердің қаржылық деңгейі мен техникалық мүмкіндіктеріне байланысты.

Тәуелсіз жас мемлекеттер көбіне сырттан таңылатын пікірлердің қатал қысымына ұшырайды. Соның салдарынан өзіндік қисыны бар аса күрделі ішкі үдерістер сырт көзқараспен бағаланады, көбінесе үстірт, ал кейде біржақты түсіндіріледі. Бұл көптеген мемлекеттердің шынайы тәуелсіздігін орнықтыру жолындағы өзіндік бір кедергіге айналады. Алайда сыртқы ақпарат көздерін жабу біз үшін өзімізді өзіміз оқшаулау болар еді.

Бұдан шығар жол ақпараттық хабарлардан саяси ұстанымдарды көре білуде болмақ. Мемлекет ақпараттық тепе-теңдікті реттеп отыруға міндетті. Бұл ашық қоғам қағидаттарына ешқандай да қайшы келмейді және сонымен бірге шынайы ақпараттық тәуелсіздікке жетуге байыппен қарауға мүмкіндік береді. Бұл ретте біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыз республи-

каның мүдделерін қорғай білуді, дүние жүзінің саяси өрісінде өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тысқары жерлердегі оқырманға жол табу керек, бұл әсіресе біздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды негіздейтін салмақты қисындарымыз жеткілікті болуына байланысты.

Негізгі жалпыұлттық басымдықтарымыз осындай және оларды ұстану бізді нақты тәуелсіздікке жеткізетін жолға шығарады. Мұның өзі қоғамда топтасушылық, тұрақтылық, рухани келісім жағдайын туғызғанда ғана мүмкін болмақ.

Идеялық топтасуға жетейік

Қазір ұлттық қозғалыстардың, әсіресе, тәуелсіз жаңа мемлекеттерде, орасан зор рөл атқаратынына ешкімді де иландырып жатудың қажеті бола қоймас. Кез келген халықтың сана-сезімінің, мәдениетінің, руханиятының, салт-дәстүрлерінің, тілінің қайта өрлеуінен көрініс табатын ұлттық мүдделерді елеулі дәрежеде қорғайтын да нақ солар. Бұл үдерістер қазір Қазақстанда да жүріп жатыр. Ұлттық идеяны жүзеге асыру қоғамға көптеген оң нәтижелер берді. Мұны көрмеу, ұлттардың өзіндік қайта өрлеуге деген табиғи талабын тек басқалардың құқықтарын шектеу немесе әлдебір үрдіске үстірт еліктеп, көбінесе жылтырақ сипатта өткенге үңілу деп қарау үлкен қате болар еді.

Жоқ, бұл – қалыпты адами жағдайға қайта оралу. Сондықтан республика халықтары, бір жағынан, қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған рухани және зияткерлік тұрғыдан қолдау көрсетуге тиіс. Екінші жағынан, жаңа

жағдайда басқа халықтар да қалыптасудың күрделі үдерістерін бастан кешіп отырғанын әрі бұл қазақ ұлты тарапынан осындай түсіністік пен көзқарасты талап ететінін көре білу қажет. Басқаларға құрметпен қарамайынша, өзін, өзінің ұлттық қадір-қасиетін күштеп сыйлатуға болмайтыны әркімге де түсінікті болуға тиіс.

Көпұлтты Қазақстан жағдайында жалпыұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық, ал ол – қазақ ұлтының біріктірушілік ықпалымен барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету. Кез келген басқа жол апатты қақтығыстарға, демократиялық реформалардың тежелуіне соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты біз үшін өзекті идеологиялық міндет ұлт-аралық келісімді қамтамасыз ету болмақшы.

Қазір Қазақстанның ұлттық саясатының өтпелі кезеңге арналған, республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктеріне тән мұқтаждарын зерттеуді, олардың еркін дамуына қатысты Конституция ережелерін жүзеге асыруды қамтитын арнаулы біртұтас тұжырымдамасын жасау өте-мөте қажет. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметі әуел бастан халықтардың өзара әрекеттестігін дамытуға, алға қойылған мақсаттарға жету үшін олардың рухани бірлесуіне бағытталуы өте маңызды. Біздің міндетіміз – қоғамның көп ұлттылығын тұрақты топтастырушы факторға айналдыру.

Бұл міндетті жүзеге асыруда білім беру жүйесі, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттармен қатар, ұлттық мәдени орталықтар да маңызды рөл атқара алады. Олар тек ұлттық сарасананы сақтап қалудың, өзіндік ерекшелігі бар руханилықты дамытудың ошақтары ғана емес, сонымен қатар, шынайы интер-

национализм мектептеріне айналуға тиіс. Өздерінің адамдармен тікелей жұмыс жүргізу мүмкіндігін пайдалана отырып, бұл орталықтар ұлттық шектелу мен оқшаулануды, шовинизмнің, ұлтшылдық пен сепаратизмнің көріністерін жою үшін көп іс тындыра алады. Олардың ықпалы ерекше тиімді болатын сала да бар. Әңгіме біздің тұрмысымыз, адамдардың күнделікті өзара қарым-қатынасы туралы. Кейде елеусіз болып көрінетін, бірақ қатерлі салдары бар ұлтаралық қақтығыстар дәл осыдан шығып жататыны бар ғой.

Олар мемлекеттік институттармен қатар, халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамыту, пікір алуандығын, мәдениеттердің әрқайсысының еркін дамуы жағдайында олардың үйлесімін қамтамасыз ету үшін көп іс тындыра алады.

Алдағы болашақта, бәлкім, ұлтаралық келісім, бірігу идеяларын жүзеге асыру қызметін өз міндетіне алып, Қазақстан халықтары форумының басшы органы бола алатын әлдебір мемлекеттік емес құрылым қажет болар. Оның құрамында барлық этностық топтардың өкілеттігі, белгілі қоғам қайраткерлері, республикадағы неғұрлым беделді адамдар, әкімдік басшылары болуын көздеген жөн. Ол қоғамдық ұйымдармен, ұлттық мәдени орталықтармен бірлесіп, халықтың барлық жіктерінің күш-жігерін жасампаздық арнаға бағыттап, әртүрлі әлеуметтік және ұлттық топтардың өзара қарым-қатынасындағы терең үдерістерді зерттей отырып, елдің кез келген өңіріндегі ұлтаралық және әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға бағытталған дәйекті саясат жүргізе алар еді.

Осы игілікті жұмысқа қоғамдық қозғалыстар мен партиялар белсене қатыса алар еді. Ең алдымен бағдар-

ламалық ұстанымдары реформаларды ілгерілету мақсатымен қазақстандық қоғамды топтастыруға бағытталған қозғалыстар мен партиялар қатыса алар еді.

Қазақстан қоғамын топтастыру идеясын жүзеге асыруда, ұлтаралық келісімді орнықтырумен қатар, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту да маңызды көрінеді. Бұл проблема қазір орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық идеяның бұл ретте біріктіруші, жұмылдырушы рөл атқаруында.

Қазақстанның өз ішінде жүзге, руға, аумақтық топтарға бөліну тарихы мен табиғатын, оның өткен уақыттағы және қазіргі кездегі қоғам дамуына әсерінің сипатын зерттеу тұрғысында әлі де ой елегінен өткізу қажет. Бірақ мәселе қазір ұлт ішіндегі бөлінудің жаңа әрі зиянсыз деуге тіпті де болмайтын үрдісі пайда болуында. Қоғамдық өмірдің демократиялануын, өңірлердің белгілі бір дербестігін жергілікті төбе топтар ресурстарға жеке-дара бақылау жасаудың тұтқалары ретінде пайдалана бастады. Рулық тамыр-таныстықтың, туыстық пен аумақтық лоббидің әртүрлі нышандары кейде билік құрылымдарында, қаржылық және коммерциялық салаларда көріне бастады.

Жалпы алғанда, қазіргі рулық-тайпалық идеология – ұлтшілік ыдырау мен бағдардан айрылудың өте қауіпті түрі. Сондықтан да мемлекеттік идеологияның өзекті арнасының бірі рулық таптаурындарды жою болуға тиіс. Ол үшін әлеует бар. Бұл – ең алдымен тарихи қалыптасқан ұлттық мемлекеттілік. Бұл – мемлекеттің унитарлық құрылымы. Бұл – Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Бұл – сан ғасырлық мәдениеттің бірлігі. Осы ұрандармен бүгінде республиканың барлық жұртшылығы бірігуде және, керек десеңіз, олар қазақ халқын ұлттық бірігуде шақыруға тиіс.

Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу, әр азаматтың өзін өзі айқын билеуін қалыптастыру. Мамандар мұны «өзін өзі сәйкестендіру» дейтін терминмен атайды. Әрі әңгіме тіптен де айқын заңдық мәні бар құқықтық актілерге қатысты азаматтық туралы болып отырған жоқ. Азаматтықты қабылдау мен өзін азамат ретінде сезінудің арасында елеулі айырмашылық бар.

Өкінішке қарай, бүгінде біздің барлығымыздың бұрынғы КСРО-ның немесе ТМД-ның емес, егемен мемлекет Қазақстанның азаматы екендігімізді түсінуіміз әбден үстіртін сипатта ғана болып отыр. Оның үстіне, бұрынғы мұраттарын жоғалтып, жаңаларына ие бола алмай отырған халықтың бірқатар жіктері бүгінде біршама абыржушылықты сезінуде, ал бұл оларды атышулы «әлеуметтік атомдар» жиынтығына айналдыруда. Ал шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке адамның өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын қажет етеді.

Әрбір адамның біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезінетіндей іс-әрекет жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, болашағы да барлық адамдарға жақын әрі түсінікті болуы тиіс.

Бұл міндет сондай-ақ білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының күллі жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал оны елдің туын, елтаңбасын, әнұранын қастерлеуге, заңға құлықтылыққа, мемлекетті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жа-

уаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн.

Идеялық бірігу жөніндегі сындарлы жұмыстың арнасында қоғамда жоғары тіл мәдениетін орнықтыру мәселелері де болуға тиіс. Бұл проблема таяуда тым саясиландырылып жіберілді, ал оған, осы уақытқа дейін әрекет етіліп келгендей, мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, қайта, керісінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол – барлық ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі. Оны мәжбүрлеу арқылы емес, саналы түрде үйрену, жұрттың барлығы үшін бала кезден басталып, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуге тиіс. Әрі мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттілігін айқын сезінуі керек. Оның үстіне, барлық адамдар тұтастай алғанда біздің заңдарымыз және жекелей алғанда тілдер туралы заң оларды мемлекеттік тіл мен кез келген басқа тілді білуі немесе білмеуі үшін қандай да болсын бір шектеулер мен қуғындаудан қорғайтынын білуге тиіс.

Қазақ тілінің біріктірушілік рөлін көтеру мәселесі көкейкесті болатындығының тағы бір себебі – соңғы ондаған жылдар ішінде қазақ жастарының белгілі бір бөлігі ана тілінің қолдану аясын жасаңды тарылтудың кесірінен өзінің тілдік ортасынан шет қалды.

Бұл проблеманы барынша өркениетті түрде шешуге болады. Қазақ халқының осы бөлігінің өзіндік ұлттық тамырларынан нәр алуға деген ынтасы мен әзірлігі жоғары. Демек, жағдайды шиеленістіре бермей,

ақтаңдақтардың орнын толтыру үшін жағдай жасау керек. Ұлттық мәдениет пен тіл өзіне табиғи әрі етене адамдар тарапынан адамгершілік сезімталдық та қажет.

Тіл проблемасы жайында айта отырып, оны біздің ортақ мақсаттарымызбен байланыстыру қажет. Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа терезесі тең дәрежеде кіруге ұмтылуда. Ал тілдік тұрғыдан өзін өзі оқшаулау онымен еш сыйыспайды. Қазіргі дүниеде ақпараттың орасан зор ағынына қосылудың бір арнасы – орыс тілі. Сондықтан оны білу – республика халықтары үшін жағымды фактор. Тұтастай алғанда, барлық ұлттардың жастарына тілдік әлеуетті ұдайы байытып отыруға деген құштарлық сезімін дарыту қажет. Өз ана тілі мен мемлекеттік тілді білумен қатар, қазір еуропа, шығыс тілдерін де оқып-үйрену – уақыт талабы. Ал бұл ретте мемлекет оқуға барлық жағдайды жасауға міндетті.

Қазақстандағы кез келген сындарлы, бүлдіргіш емес идеология біздің мемлекетіміз тек көпұлтты ғана емес, сондай-ақ көп конфессиялы екенін де ескеруге тиіс. Діни дүниетаным жүздеген мың азаматтарға тән және әртүрлі діндерді ұстанушылар саны артып келеді. Діннің қоғамдағы орны да өзгерді. Таяуда ғана ол, жұмсартып айтқанда, шеткері жақтарда ғана болатын, ал қазір әлеуметтік және рухани өмірдің бір бөлшегіне айналып отыр. Діннің қайырымдылық қызметінің аясы, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларында кеңейіп келеді (балалар үйі мен қарттар үйін, ауруханалар мен білім беру мекемелерін құру). Әртүрлі діндердің адамгершілік қағидаларының негізінде жалпы адамзаттық мұраттар жататыны әмбеге белгілі. Діни қауымдастықтар қоғамда саламатты ахуалды, бейбітшілік пен келісімді, руханилық негіздерін орнықтыру

үшін көп іс тындыруда. Түрлі діндерді ұстанушылар жаңа мемлекеттілікті құруға өздерінің де қатысты екендіктерін сезініп, оны нығайту мен дамытуға бар ділімен мүдделі болуы маңызды. Дінмен идеологиялық текетірестен бас тарту, Конституция мен «Діни наным бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануы бұл тұрғыдан кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Сонымен қатар, мемлекеттің зайырлы сипаты кез келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселесін барынша демократиялық түрде шешуге мүмкіндік беретінін, әртүрлі конфессиялардың теңдігін қамтамасыз ететінін баршаның санасына жеткізу қажет. Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу діни қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасап қана қоймай, олардың кез келген мемлекеттік институттар мен ұйымдардың жұмысына араласпауын меңзейтінін түсіну де маңызды.

Конституцияның діни негізде саяси партиялар құруға және діни бірлестіктердің саяси қызметіне жол бермеу туралы қағидаларын орындауға қол жеткізген жөн. Діни сезімдерді қоғамда жанжал туғызу үшін пайдалануға қарсы тұру, діндердің қызметіндегі оң бағыттарға жәрдемдесу керек. Ал жаңа идеологиялық қағидалардың тиімділігі сондай-ақ негізгі қоғамдық күштердің, соның ішінде әртүрлі діндер басшылығының үнқатысуды қаншалықты кең әрі табысты жүргізетініне, оған қатысушылардың көпұлтты Қазақстан халқының игілігі үшін өзара түсіністік пен ынтымақтастық жолын бірлесіп іздестіруде қаншалықты ерік-жігер танытатынына да байланысты.

Тұрақтылық пен азаматтық келісім ахуалын құру қоғамның топтасуын нығайтуға елеулі әсер етеді. Бұл ретте мемлекеттің жаңа саяси институттармен – саяси партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен жақсы жолға қойылған үнқатысуына көп нәрсе байланысты. Тұтастай алғанда, сапалық және сандық жағынан қалыптасқан көппартиялық туралы айтуға әлі ерте. Алайда біз қоғамда саяси оппоненттердің көзқарастарына шыдамдылықты тәрбиелеуге тиіспіз. Жалпы, оппозиция – қалыпты әрі пайдалы құбылыс. Бірақ, ең бастысы, партиялар, қозғалыстар сындарлы рухта іс-қимыл жасап, сынампаздықпен емес, шынайы сынмен айналысқаны жөн. Бізге жалпылама әңгімелер мен сөз жарыстырулар емес, ортақ игілікке қызмет ете алатын белгілі бір бағдарламалардың идеялары мен нұсқалары қажет.

Мемлекеттік органдар қазіргі кезде партиялар мен қозғалыстарға қатысты қоғамның бір бөлігінің мүддесіне емес, қайта жалпымемлекеттік мүддені сақтауға жәрдемдесетін центризмді ұстануда. Біз алдағы уақытта да саяси тұрақтылықты орнықтыратын құрылымдарды белсенді қолдаймыз, сонымен бірге, экстремистік идеяларға негізделген, Конституцияға қарсы, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесетін боламыз.

Сондай-ақ партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың саяси мәдениетті қалыптастырудағы, біз үшін жаңа саяси дәстүрлерді жасаудағы рөлі аса маңызды. Мұнсыз топтасудың негізі ретіндегі тұрақтылыққа, азаматтық келісімге қол жеткізу қиын.

Тұрақтылық бізге реформаларды жалғастыру, олардың кезеңдікке сәйкесетін дұрыс қарқынын анықтау

үшін қажет екенін түсінген жөн. Атап айтқанда, жеке-шелендіруді жалғастыру үшін белгілі бір мәдени бейімделу қажет. Яғни, тек түзету енгізу мақсатымен ғана емес, сондай-ақ оған қоғамдық сананы әзірлеу, бойын үйрету мақсатымен де аялдап, өткен жолды байыппен талдау керек болғанда өзіндік бір «есептеу нүктесін» белгілеу қажет. Мұндай тәсіл саяси реформалауда да өте маңызды. Біз радикалдардың наразылығына қарамастан, саяси жүйені біртіндеп өзгертуге саналы түрде бардық. Айтпақшы, кадр мәселесінде де асығыстықтың қажеті жоқ. Біз үшін тұрақтылық әлдеқайда маңыздырақ.

Революциялық секірістер синдромы – қоғам үшін аса қауіпті дерт. Әлеуметтік-саяси революциялар – мемлекет дамуының ең тәуір тәсілі емес. Қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағының бір міндеті – эволюциялық тұрпаттағы тұтқалар жұмыс істейтін, жаңаруы дәйектілікпен жүретін қоғам құру.

Жаңғыру идеологиясының да топтастырғыш бастаулары бар, ал оның өзі – көпдеңгейлі күрделі құбылыс. Бұл экономикалық реформалардың идеялық тұғырнамасы да, саяси институттардың өзгеруі де, әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа тұрпаты да.

Бүгінде Қазақстандағы жаңғырудың қауіптілігі туралы айтып, 1930-шы жылдардағы қайғылы тәжірибені еске салатындар екі жағдайды ескермейді. Біріншіден, әңгіме мүлдем басқа жаңғыру туралы болып отыр, екіншіден, бұл зорлық-зомбылықты сипатта емес.

Рас, күштеп ұжымдастыру мен шаруашылықты жүргізудің басқа тәсілдеріне зорлап көшіру ең алдымен санаулы жылдардың ішінде бүкіл тұрмыс салтын бұзып, халыққа аса зор соққы болып тиді. Ол кездегі жаңғыру

саяси тұрғыдан алғанда қоғамның барлық салаларында тоталитарлық идеясының үстемдік құруына әкеліп тіреген болатын. Біз нақ осы біркелкілікті жеңуіміз қажет. Егер қоғамды жаңғыртпасақ, онда біз болашақтан айрыламыз. Тіпті болмағанда белгілі бір нұсқадағы тоталитаризм қалпына келетін болады.

Жаңғыру кемелденген азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді. Ал бұл ең алдымен адамдардың ерікті түрдегі бірлестіктерінің жиынтығын: отбасын, қоғамдық ұйымдарды, діни, мәдени, шаруашылық бірлестіктерін, кәсіптік одақтарды және т. б. қамтиды. Олардың ортақ сипаттамасы – шын мәніндегі ерікті, мемлекеттік емес және саяси емес ұйымдар екендігі. Бұл – адамдардың бүкіл жеке өмірі, белгілі бір әдет-ғұрыптары, дағдылары мен құқықтары. Бұл – өмірдің бөгде біреулердің араласуынан қорғалған саласы.

Осындай азаматтық қоғамның қалыптасуы байыпты эволюцияны қажет етеді. Экономикалық тұрғыдан оның негізі – мемлекеттік емес кәсіпорындар, яғни азаматтардың ерікті негізде және өзіндік ынтасы бойынша құрылған күллі шаруашылық бірлестіктері. Экономиканың осы секторы мемлекеттік сектор сияқты маңызға ие болған кезде азаматтардың экономикалық бостандық дәрежесі олардың өз болашағын өздері айқындауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік тұрғыдан бұл – ең алдымен отбасы және азаматтардың барлық мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктері, тек саяси мақсаттар үшін құрылмаған бірлестіктері. Олар ғалымдар қауымдастығынан немесе бұқаралық ақпараттың ресми емес құралдарынан бастап спорт клубына немесе экономикалық ұйымға дейін болуы мүмкін.

Ақыр соңында, идеялық тұрғыдан бұл – идеологиялық пікірлер алуандығы, нақты сөз бостандығы мен ождан бостандығы.

Қазақстанды жаңғырту әрбір азаматтың бостандығы мен тұтастай алғанда қоғамдағы тұрақтылықтың шарты болып табылатын азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді.

Бұдан бөлек, саяси институттарды белгілі бір жаңғырту мен жаппай демократиялық сана-сезімді қалыптастыру қажет.

Демократияны әлдебір анархиялық бостандық ретінде утопиялық тұрғыдан түсіну шын мәніндегі демократиялық қоғамдардың саяси құрылымына тіпті де сай келмейді. Шындығында, олардағы саяси өмірді ұйымдастыру біршама өзгеше. Ондағы саясат кәсіптік қызмет аясына айналады, халық оған жергілікті өзін-өзі басқару, сайлау мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қатысады. Бұқаралық митингілік анархия емес, қайта нақ осындай құрылыс демократия тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады. Бұл жүйе көппартиялылықты, көптеген азаматтық қозғалыстарды, ұлттық мәдени орталықтарды, экономикалық және мәдениет қорларын қамтиды. Бірақ, ең бастысы, азаматтық қоғамда мемлекет адамның экономикалық өмірі мен жеке өміріне өзінің араласуын күрт азайтады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы құндылықтарды да жаңғыртпайынша мүмкін еместігін ескеру керек. Мемлекеттік әсіре қамқорлықтан бас тарту қажет. Әңгіме өзінің тепсе темір үзетін жылдарын қоғамдық еңбекке арнаған зейнеткер туралы болсын немесе еңбекке әбден жарамды адам туралы болсын – солардың бәрі үшін және барлық жағдай үшін мемлекеттің

жауапкершілігіне біздің етіміз үйреніп кеткен. Ал бұдан былай қолдау халықтың шын мәнінде ділгер жіктеріне ғана көрсетілетін болады. Мақсатты әлеуметтік саясат ең алдымен тұрмысы төмендерге, көп балалыларға, мүгедектерге, зейнеткерлер мен оқушыларға бағытталған. Бірақ бұл мәселенің бір жағы ғана. Кез келген экономикалық дербес адам, әсіресе, жеке секторда, экономикалық бостандық жауапкершілікті де талап ететінін түсінуге тиіс. Егер әртүрлі жағдайларға байланысты әлеуметтік әлсіз жіктерге жатпайтын болса, әр адам өз игілігін өзі жасауы тиіс. Өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайына деген осы бір жоғары жеке жауапкершілік сезімі басты адамгершілік нормаларының біріне айналуы керек.

Сондай-ақ топтық таңдаудан дербес таңдауға көшуді жүзеге асыру керек. Жаңа экономикалық, саяси және мәдени салада жеке бостандық, жеке таңдау ең мәртебелі құндылық болып табылады. Қазақстан жеке бостандық пен таңдауға басымдық беретін халықаралық құқықтық актілерге тактикалық ниетпен қосылған жоқ. Бұл – қазіргі дүниенің бұлжымас идеологиялық қағидасы. Топтық бақылаудың бұрынғы жүйесі қирап бітті. Ішкі өзін өзі бақылау тетіктерін жасау қажет, ал бұл тәрбиенің бүкіл жүйесін өзгертуді талап етеді.

Ақыр соңында, жаңа идеялық тұғырнаманы жүзеге асыратын институттарды айқындау қажет.

Саяси сахнамыздан кеткен идеология туралы айтқанда, біз оның институттары да, сол идеологияға қызмет еткен зор аппарат та бірге кеткенін ескереміз. Әрине, оны қалпына келтіру туралы әңгіме болуы да мүмкін емес, өйткені біз идеологиялық қызметтің мазмұнына ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырылуына

да мүлдем өзгеше қағидаттар мен әдістерді жариялаған болатынбыз.

Алайда, кез келген демократиялық мемлекеттегідей, бізде қазіргі заманғы білімдерді, қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық ақпаратты таратудың, жүргізіліп жатқан өзгерістерге сай имандылық құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын насихаттаудың жүйесі жасалуға тиіс. Бұл үшін міндетті түрде кәсіби аппарат керек, ал оның міндеті, сондай-ақ біздің өміріміздің күрмеулі мәселелерін адамдардың түсіне білуіне, саяси-қоғамдық құбылыстарды, экономикалық, халықаралық проблемаларды талдай алуына көмектесу болмақшы.

Қоғамды реформалау ісі насихатшылар мен идеологтардың, оның ішінде бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің аса білімдар топтарына сүйенуі қажет. Олар қалың бұқараға, әсіресе, жергілікті халыққа саяси және экономикалық стратегияны, тактиканы белсенді түрде түсіндіріп, жеткізушілер болуға тиіс. Біліксіз, кертартпа көңіл-күйдегі шенеуніктерді озық ойлы, саясаттанудың, әлеуметтанудың, психологияның негіздерін білетін, сенімі берік және қажырлы, терең пайымдауға және өз бетінше баға беруге қабілетті мамандар, нарық заманының ұрпақтары ауыстыруы керек.

Қоғамның саяси мәдениетін қалыптастыруға, оның прогресс жолымен дамуына көмектесетін гуманистік идеяларды жүзеге асыруға білім беру жүйесі, ғылым, мәдениет, шығармашылық ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары қатысуға тиіс.

Идеялық топтасу тұғырнамасы жан-жақты талқылауды қажет етеді. Қазақстан қоғамының жаңа дүниетанымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңінде тұр. Алайда біз өзіміздің ертеңгі істеріміздің нақты бейнесін көре білуге тиіспіз. Болашақ ұрпақтар бұдан да әріге көз сала жатар.

Бүгін таңда біз дәуірлік идеологиялық құрылымды орнатып жатқан жоқпыз. Бірақ өтпелі кезеңнің тоқырау уақыт емес екенін түсіну маңызды, оның өзіндік даму қисыны, алысты көздеген мақсаттары, идеялық негізделуі бар. Еліміздің, өзіміз бет алған қоғамның болашақ өркениетті даму негіздері нақ бүгін қалануда. Біз бұрынғыша ойлаудың құрсауынан, көрмеген жолдың қорқынышынан арылуымыз керек. Тегінде, біз дүниежүзілік өркениет салған жолмен келе жатқанымызды түсінуге тиіспіз. Бірақ біздің ерекшелігіміз бен қиындығымыз сол, бізге дейін нарыққа көшуді мемлекеттілік құру мен қоғамды демократияландыру ісімен бір мезгілде ешкім де жүзеге асырмағандығында.

Қазақстан өркендеу жолын түпкілікті таңдап алды. Бұл жолдан біз өзімізге іскерлік пен мақсаткерлікті серік етіп, орасан зор материалдық және адамгершілік әлеуетін жұмылдыра отырып қана өте аламыз.

**XVIII ғасырдағы Қазақстанның
көрнекті мемлекет қайраткерлері
Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді
еске алу күндерінде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы,
1993 жылғы 28 мамыр

Ардақты ағайын! Қадірлі меймандар!

Бүгін біздің бәрімізді осынау қасиетті биіктің басына бір ой, бір тілек, бір мақсат жетелеп әкеліп отыр. Өскісі, өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан тарихын айрықша қастерлеп, ондағы дара тұлғаларды, ел болып еңсе көтерулеріне ерекше еңбек еткен асыл азаматтарын айрықша ардақ тұтатынын жақсы білеміз. Шүкір, біздің тарихымызда да елім деп еңіреп өткен ерлер, халық қамын жеп өткен қайраткерлер аз болмаған.

Дешті Қыпшақты билеп тұратын Шәйбан тұқымымен ат құйрығын кесісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек. Бұрын бір-біріне тәуелсіз үш мемлекеттің құрамында жүрген көшпелі тайпалардың үш жүз аталып, жаңа саяси одаққа бірігуін тиянақтап берген Хақназар ханның аты алты алашқа мәлім. Өз тұсында жаңа бой көтерген елдің есесін ешкімге жібермей, бір жорықта 200 мың кісіні атқа мінгізе алған, өзінен кейін қасқа жол қалдырған Қасым ханның қасиеті ерекше. Мықты білегімен де, түкті жүрегімен де айбынды атқа ие бола білген еңсегей бойлы ер Есім мен Салқам Жәңгір де ел есінен мәңгілік орын алады. Есімнің немересі, Жәңгірдің бел баласы Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы – қазақ елінің абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезең болды.

Бұл жайында белгілі тарихшы А. И. Левшин былай деп жазыпты: «Тәукенің аты аталса, бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаныш билейді. Қазақ ордларының Ликурғы, айдаһары – сол адам. Тәуке алауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты».

Тәуке Қазақ хандығын бір орталықтан басқарудың нақты тетігін тапты, жыл сайын атақты Мәртөбеде үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, ел өмірінің келелі мәселелерін талқылады.

Қазақ қоғамына ондай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің

жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті жарғы» – дана бабаларымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен халық билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тірлігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді.

Әрине, тарихтың талай соқталаңын бастан кешкен дала жұртының қабырғалы халық, іргелі ел болып кете қоюы оңай шаруа емес еді. Ол екі тізгін, бір шылбырдың көреген көкірек, қайратты қолға тигенінің арқасы еді. Ел мен ер, тәуекел мен парасат біріге қимылдап, бірлесе қайрат көрсеткенінің арқасы еді. Ендеше, сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған рухани ізденіске мұрындық болғандар кімдер еді?

Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға

толғаулар ғасырдан-ғасырға жұрт жадында жатталып, бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра – билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды. Билер данышпандығының бір ғана сәтін бүгінгі жиында еске түсіре кетейік.

Қалмақ ханы Қонтажы: «Датыңды айт», – дегенде, Қаз дауысты Қазыбек бабамыз:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
 Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
 Елімізден құт-береке қашпасын деп,
 Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
 Найзаға үкі таққан елміз.
 Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
 Басымыздан сөз асырмаған елміз.
 Достығымызды сақтай білген елміз,
 Дәм-тұзды ақтай білген елміз,
 Асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз.
 Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
 Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды!
 Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
 Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз,
 Сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз,
 Қазақ, қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
 Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
 Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз.
 Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз.
 Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз,
 Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз.
 Берсең, жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!

Сонда Қонтажы не дерін білмей сасып қалған дейді.

Елім деп, жерім деп жанұшырған асыл аталарымыздың мұндай жан айқайын бүгінгі ұрпақ – біз айрықша айқын ұғынып, айрықша терең түсінеміз.

Сол бір халық тағдыры таразыға түскен тар кезеңге, елдің есінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалған қасіретті оқиғаға тұп-тура 270 жыл толып отыр.

1723 жылдың ерте көктемінде бейқам жатқан Қазақ еліне жоңғарлар бұрын-соңды болып көрмеген жойқын шапқыншылық жасады. Ел еңсесін езген қатал қыстан шығар-шықпаста, көтерем мал әлі шыр жимай жатқан кезде Шу мен Талас бойына тұтқиылдан тап берген дұшпанға қарсылық көрсетер қауқар болмай қалды. Бас-аяғы екі-үш айдың ішінде исі қазақ баласының басына қара түнек орнады, қазақ аспанын қасірет бұлты торлады. Желдің өтіндегі, жаудың бетіндегі өзге өңірлер тұрмақ, қасиетті Қаратаудың өзінен ел көшті. Сол кезде дүниеге келген атақты «Елім-ай» әнінің зарлы үні қазақтың ұлан-ғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Бүкіл дала:

Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман,
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын,

– деп «елім-айлап» күңіреніп жатты.

«Елім-ай» елдікті жоқтады, «Елім-ай» ерлікке бастады. Дана халық өз бойынан елдікті де тапты, ерлікті де тапты. Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған

кімдер еді? Азаматынан айрылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді?

Иә, ағайын, бәріңіз білесіздер, олар да жаңа ғана аттары аталған қасиетті бабаларымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді.

Үш ұлы би тарихтың дәл мұндай тар өткелегінде бірліктен қалған жұрттың тірліктен де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жиынға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын.

1726 жылы дәл осындай кезде, көктемнің жазға ұласар жайсаң шағында, Қаратаудың күнгей бетіндегі оқшау биік Ордабасыда үш жүздің игі жақсысының, биі мен бегінің, батыры мен бағланының басын қосқан ұлы жиын өтіпті.

Ауыздан-ауызға тарап, ұрпаққа жеткен әңгімеде сол жиында сөзді Төле би алып, сөзін Болат ханға арнап: «Уау, Болат тақсыр! Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан ел көріп қабырғам қайысып барады. Бұлаң кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тыңдар құлақ бар ма? Шаңырағың күйреп, аңырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шыңдар шырақ бар ма? Тақсыр! Батқан күнге, туған айға бата ғып өткен халқың бауырын жаралап, жанын қаралап алдыға тізіліп келіп отыр. Тынышын алған ойраттан намысын қайтарар күнді күтеді. Тынысын үзген жаудан туысын, танысын қайтарар шақты күтеді. Зар тілегіміз – бірлік. Соған құлай ұйысаң, бейіл болсаң, жақыным, барым, бауырым деп құлшынған ықыласыңды түгел бер. Ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Бөліп алып, таласып, жұлмалап әкетпе. Жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Ырғасып кіріспейік, жалғасып

келісейік. Ол – бас сардарды тағайындау. Үш жүздің қолын басқарар бір білекті бетке ұстау, қауым боп қауқылдасып, іріленіп шоқтық көтеру. Келелі тобыңа кеңесімді салдым, кірісіңдер де келісіңдер, ағайын!» – деп бір тоқтапты дейді Төле бабамыз.

Осы Ордабасыда үш жүздің баласы бір бәтуға келіп, ата жауға аттануға анттасқаны, Қаз дауысты Қазыбектің ұсынысымен қазақ қолына бас сардар етіп Әбілқайырды сайлағаны бүгінде баршаға белгілі тарихи шындық. Бас біріктіріп, күш қосқан соң-ақ халқымыздың жалы күдірейіп шыға келді. Дәл сол жылы үш жүздің қолы жаз бойы қаруланып, соғыс өнерін ұштап, күзге салым Сарысу бойындағы Бұланты өзенінің жағасында жоңғар қолын қирата жеңгені де тарихтан мәлім. Сол жеңіс елдің еңсесін көтерді, өз күшіне сенімін арттырып, бірлікке үндей түсті. Қазақ сарбаздарының құрамында қоңсы жатқан өзбек, қырғыз жұртының жаужүрек жігіттері де қолдарына найза ұстап, ортақ жауға тойтарыс беруге үлес қосты.

Халқымыздың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ең ірі жеңісі – Балқаш бойындағы Аңырақай айқасы. Ойраттардың аңыраған даусын күллі қазақ түгел естігендей болған сол шайқастан кейін ұрыс даласы Аңырақай аталып кеткені де белгілі. Бұл жеңіс те ұлы бабаларымыздың бастамасының, халықтың бірлігінің жемісі еді. Амал қанша, қазақ ол жеңістің қызығын ұзақ көре алмады.

Бұл кезде Орталық Азиядағы саяси жағдай бұрынғыдан да қиындай түскен еді. Патшалық Ресей бір жағынан, Цин империясы екінші жағынан қазақ даласына қос өкпеден қатер төндіріп тұрған болатын.

Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы, міне, осындай қысталаң шақта ерекше білінді. Олар елдің

ертеңін дәл болжап, ұрпақты сақтап қалудың, туып-өскен жерді сақтап қалудың жолында асқан кемеңгерлік көрсетті.

Міне, осы сияқты бір мақсат жолында бірге күрескен үш ұлы бидің өмірінен бүгін де біз алатын тағылым толып жатыр.

Құрметті қауым! Ғасырлар бойы халқымыз бойына жинақтап келе жатқан рухани бірлігіміздің тарихында кейде ақаулықтар да болып, өкіндіріп жүретіні рас. Соның бір дерті – Ресей империясының тұсында қазақ даласын отарлау барысында жүргізілген сұлтан, болыс сайлаулары кезінде ағайын арасына әдейі араздық дарытып, бір-біріне қарсы қоюшылық саясаты, сол арқылы бүкіл елдің ішіне іріткі салу әрекеттері. Бұл зымиян саясатты Кеңес Одағының тұсында да орталық басқару жүйелері асқан жымысқылықпен пайдаланды. Осы дерттен арылу-арылмауымыз бүгін таңда бүкіл ұлт тағдырын шешеді. Мұны әрдайым есте ұстауға тиістіміз.

Біз мына дүниенің ең қуатты қозғаушы күші – мүдде екенін, негізгі тарихи қадамдарымыздың сол мүдде ортақтастығы қағидасына сай жасалу керектігін де ерте ұғып, ерте жүзеге асыра алдық. Бұл ақиқат қағиданы да санамызға ерте сіңірген осы дана билеріміз еді.

Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды жақындастырмай қоймайды. Тағдыр жақындығы мүдде жақындығын туғызады. Мүдде жақындығы жоқ жерде жер жақындығы мен шекараластықтың да бақастық пен дүрдараздық өрбіткеннен басқа бітірері шамалы. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер – мүдде жақындығы. Бүгінде Орталық Азияда қойын-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мүддесі біреу. Ғасырлап күтіп, әзер

қолы жеткен азаттықтан айрылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу. Бауырлас, тағдырлас өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен ағайындармен әуелден де тату-тәттіміз. Оның бір дәлелі – Өзбекстан басшылығының шақыруы бойынша мен осы жиын алдында басына барып, тәу етіп қайтқан Төле би бабамыздың туысқан елдің астанасы – Ташкентте жерленгені, бейітінің қадірленіп күтілетіні. Осы риясыз достық сезімі үшін де біз өзбек бауырларымызға, осы елдің тұңғыш президенті Ислам Кәрімовке шын ризашылығымызды білдіреміз. Мүдде жақындығы біздерді баяғыда іргеден қол салған басқыншы дұшпандарға қарсы бірге күресуге шақырды, мүдде жақындығы кеше ортақ тағдырымызды фашизмнен бірге қорғатты. Ежелден ағайын-дос қырғыз еліне, оның президенті Асқар Ақаевқа игілік пен баянды болашақ тілейміз. Тарихта біздің елдеріміздің арасына от жағып, сырттан қақтығыстыру әрекетін жасағандар аз болған жоқ. Дегенмен бірге болған кезде қандай жаудан да басым түсіп жаттық. Дәл қазіргі кезеңде де біздің халықтарымыздың бірлігі егемендігімізді, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін өте қажет деп санаймын.

Бүгінде Қазақстан айдай әлем алдында экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, келешегі сенімді мемлекет ретінде де абыройы асып тұрса, ол да ең алдымен сол тағдыр ортақтастығын, мүдде ортақтастығын қастерлей білуіміздің арқасында мүмкін болып отыр. Сондықтан да біз жақында өткен республикалық кеңесте таяу жылдардағы ең басты міндетіміз – ынтымақтастық идеологиясын түпкілікті орнықтыру деп белгіледік. Қазақстан – осы ұлан-байтақ өңірді мекен-

деп жатқан барша ұлт пен ұлыстың ортақ отаны деген қарапайым да қастерлі қағиданы бүгінгі адамдардың да, келер ұрпақтың да санасынан бір сәтке шығармауымыз керек.

Осындай татулықтың үлгісін барша жұртқа ең алдымен бұл жердің ежелгі иесі, біз – қазақ халқы көрсетіп, бүкіл Қазақстан халқының тату тұруының ұйытқысы болатынымызға сенемін.

Тәуелсіздік туын қолда берік ұстау әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты. Құқықты мемлекетке, демократияшыл қоғамға тән заңдылық қағидасын қатаң сақтай алсақ қана, ол борышты адал ақтап, ол мақсатқа қапысыз жете аламыз.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау – құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Әз Тәукенің тұсындағы қазақ қауымының дәуірлеуі ең алдымен осы заңға жүгінуге байланысты болғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңды жетік білмейінше, оны сыйламайынша, берік ұстанбайынша, біз өмірдің қай саласында да қиыншылықтан арыла алмаймыз.

Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көкसेп, «бұрын жақсы еді, арзаншылық еді», «бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлеткеннен басқа ештеңе бермейді» дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін. Қазақтың ұл-қыздары өмірдің қай саласына да қабілетті екендігін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менеджменттің, коммерцияның, компьютерлі техниканың қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымызды

заңды игеру, құқықты, өркениетті мемлекет құру, жауапкершілігін арттыру бағытында бейімдеу аға ұрпақтың борышы болса, жас ұрпағымыз ХХІ ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезінгені абзал. Қырандар түлегін қияға самғатып баулитыны аян. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нар тәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым.

Мені осы елдің басшысы ретінде қатты толғантаын тағы бір жайды орталарыңызға салғым келеді. Ол – біздің жастарымыздың отаншылдығын, өз еліне, Отанына, жеріне деген, болашағына деген аса зор жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. Қазақ тарихында тұңғыш рет тұрақты әскер құрдық. Елімізді, жерімізді, бостандығымызды сақтау үшін бұл бізге қажет болды. Кезінде қазақ даласының әр түкпірінен осы Ордабасыға жиналып, елім, жерім деп еңіреген, бастарын ажалға байлап, қан төккен ата-бабаларымыздың әруағы разы болсын десек, біз елімізді қорғауды азаматтық та, перзенттік те борышымыз деп санауымыз керек. Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді алдымен өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды?! Біздің туған жер ұғымының аясын әбден тарылтып жібергеніміздің салдарынан талай адам өз облысын, өз ауданын ғана туған жерім деп танитын таяз түсініктен әлі арыла алмай жүр. Оқу бітірген жастардың қайткенде де аулына оралуға тырысып, мамандығы бойынша жұмыс табылмаса да, ата-анасының жанынан шықпайтын психологиясын құптай беру қиын. Табиғаты сұлу, топырағы құнарлы небір шұрайлы өлке, өңірлеріміз отаншыл жастарымыздың перзенттік жүрегі мен қуатты білегін күтіп жатыр, ағайын. Бір шаңырақтың түлектері Қазақстан дәулетін

асырар сан салада еңбек етсе, бір атаның отаулары кең байтақ даламыздың қай тарабынан да табылып жатса, жаман ба?! Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол жалпақ Қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілегін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өзімізді өзіміз көкіректен кері итермеуге, сен анаусың, мен мынаумын деп алаламауға үйренуге тиіспіз. Осыдан үш ғасырдай бұрын бас қосқан, қазақ даласын қорғау жолында шәйіт болған бабаларымыздың негізгі аманаты осы.

Қазақстандықтар бұрынғы құқықсыз өмірден біржола бас тартты, өзінің әлеуметке бағдарланған нарықтық экономикасы және жаңа қоғамдық қарым-қатынастары бар күшті егемен мемлекетін құруға кірісті. Қоғамымыздың ең қастерлі қазынасы – адам болып табылады, оның құқығы мен бостандығына кепілдік беріледі деп заң жүзінде жарияладық, республикадағы барша халықтың тең құқылығы қамтамасыз етіледі деп кепілдік бердік. Тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясы біржола тиянақтаған бұл тұжырымдар біздің қоғамдық прогресс бағытымен дамуымыздың негізі болуға тиіс.

Мен бұл арадағы сөзімде республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, өтпелі кезеңнің күрделі мәселелері, оларды шешудің жолдарын табу бағытындағы ізденістеріміз, іркілістеріміз туралы баяндаудан тартынғалы тұрмын. Олар жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Өздеріңіз теледидардан көріп, газеттерден оқып жатырсыздар. Сөз орайы келгенде, қымбатты ағайындар, осындай қиын шақта Президенттің, республика Парламентінің, Үкіметінің саясатына қолдау көрсетіп, ұстамдылық, сабырлылық таныта білгендеріңіз үшін,

біздің бүгінгі таңдағы басты байлығымыз – тыныштық, ұлтаралық жарасым екенін терең түсінгендеріңіз үшін шын жүректен разылық білдіруді парыз санаймын. Осы әрекеттің барлығы ең алдымен қазақ халқының болашақ ұлы мүддесіне бағытталғанын түсінгендеріңіз үшін тағы да разылығымды білдіремін.

Республика үкіметі жақында дағдарыстан шығу жолындағы шұғыл шаралардың бағдарламасын белгіледі. Шетелдердің іскер топтарымен ірі-ірі келісім-шарттар жасалып, инвестициялар келе бастады, өнім көлемін сақтап қана қоймай, бұрынғыдан да өсіруге қол жеткізіп отырған кәсіпорындар қатары көбейіп келеді. Ең бастысы – халықтың нарыққа көзқарасы аздап болса да өзгере бастады. Көзін тауып еңбек ете білсе, ерінбесе, бойкүйездіктен, масылдық психологиядан арылса, адамша лайықты өмір сүруге, тіпті дәулетті тұруға да мүмкіндік ашылғанын қазірдің өзінде талай жұрт түсініп қалды. Ал алаңсыз, өнімді еңбек етудің негізгі кепілі – қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы. Мұны мен республика Президенті ретінде ең басты мақсат деп санаймын.

Осы мақсат жолында жаңа нақты қадамдарды да ойластырып жатырмыз. Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру идеясы көптен айтылып жүр. Бұл ұсыныс республика халықтарының форумында да қолдау тапқан болатын. Үкіметтен тыс тұратын, қоғамдық ұйым ретінде ойластырылған мұндай ассамблея біздей көпұлтты мемлекеттің бітім-болмысына сәйкес келер еді деп ойлаймын. Ассамблея құрамына республика жұртшылығының ең қадірлі, ең білікті өкілдері ұсынылса, олар жылына, мысалы, екі рет бас қосып, республикадағы қоғамдық-саяси ахуалдың түйінді мәсе-

лелерін талқылап, Президентке, Парламентке, Үкіметке кеңес айтып отырса, сөйтіп, мұның өзі бүкілхалықтық даналықтың өзіндік бір жиынтық орны болар ма еді деп жоспарлаудамыз. Қалай дегенде де бұл мәселе біздің жұмысымыздағы ең басты арналардың бірі болып қала береді.

Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыс пен Бөгенге, күншығыстағы Қазығұртқа, Арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға серттескен екен, Әбілқайырдай бас сардарын сайлап, ата жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет сияқты талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел азат етіп, шапқыншылығынан қорғағанын жақсы білеміз.

Енді сол бабалар алып берген кең байтақ өлкемізді түгел құлпыртып, түгел көркейту – бүгінгі біздер мен ертеңгі жеткіншектердің үлесіне тиип тұр. Азаттыққа жетер жолдың қаншалықты ұзақ, қаншалықты тауқыметті екенін көрдік. Ал азаттықты баянды ете білудің де оңай шаруа емес екенін түсіне бастадық. Осы арада тағы да ұлы бабалар даналығын еске аламыз:

Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме!

Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?!

Ел тірегі – ері, ер тірегі – елі бола білген

Қауымның басынан бағы кетер ме?!

Есті еріңді ез тұтсаң – өзінді-өзің қорларсың,
Есеріңді ер тұтсаң – іргеңізден жау кетпей,
Төріңізден дау кетпей, сойқаннан сойқан жолығып,
Сорларсың да зарларсың.

Ез мұраты – көрешек, ер мұраты – келешек.
Көрешегін күйттеген – түбі қоймас сүрінбей,
келешегін күйттеген – түбі қоймас сүйінбей.
Жетелі ер адаспас – бабадан қалған сөз бар ғой.
Жетелі ел адаспас – бағыдан қалған із бар ғой,

– деген екен Әйтеке би Күлтөбедегі бір жиында.

Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз. Талай-талай алқалы кеңес өткен атақты Күлтөбе баяғыда жыртылып кетіпті. Сайрам түбіндегі Мәртөбе күні кеше құртылып кетіпті. Қасиетті орыннан қалғаны – Ұлытау мен осы Ордабасы. Бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ.

Бүгінгі жиын – сол жаңылмағандығымыздың, адаспағандығымыздың куәсі.

Бізді де бұл киелі төрге арманды тілек, елім деген перзенттік жүрек алып келіп отыр. Біздің де ойлағанымыз – бірлік. Біздің де аңсарымыз – еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат – бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол. Жалғыз-ақ айырмасы – қасиетті бабаларымыз басын қосып берген қазақ халқы енді бүкіл Қазақстан халқының бірлігіне ұйытқы болуға тиіс. Осы мақсат жолында

республикадағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіргені لازم. Болашағымыз баянды болсын, балаларымыз бен немерелеріміз де ата-бабаларындай тату тұрсын десек, осындай алмағайып уақытта, жоқшылық жүйке жұқартып тұрған жіңішке шақта баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық танытуға тиіспіз. Мен мемлекет басшысы ретінде Қазақстанның көп ұлтты халқы осынау сәтте тарихи жауапкершілік көрсете біледі деп кәміл сенемін.

Береке басы – бірлік.

Бірлігіміз берік болса, болашағымыз баянды болары даусыз.

Лайым, ынтымағымыздан айырмасын!

Толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халқымыздың үш данасы, үш көсемі, қасиетті бабаларымыз – Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің әруағы қолдап жүрсін!

**Экономикалық ынтымақтастық ұйымына
мүше мемлекеттер басшыларының
кездесуінде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы,
1993 жылғы 6 шілде

Құрметті әріптестер!

Біз Ыстамбұлға өз халықтарымыздың мүдделері үшін экономикалық прогреске бірлесе қадам бассақ деген жауапты миссиямен жиналып отырмыз.

Өңірлік ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылап, пікір алмасу үшін 10 мемлекеттің басшылары келген осы форумға Қазақстанда зор мән беріледі.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (ЭЫҰ) қатысушы елдердің әлеуетін ескере отырып, оның шеңберіндегі ынтымақтастықтың зор болашағы бар деп үміт артуға болады.

Бүгін қарастырылып жатқан Ыстамбұл декларациясы мен Кветтин жоспары оған қатысушылар үшін алдағы талай жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастықтың негізгі кезеңдерін айқындап береді. Мұндай ауқымдағы құжаттар стратегиялық пайымдауды қажет етеді, сондықтан оларды талқылау үдерісі біздің жаңа өзара қатынастарымыздың кең аясында жүргізілуі тиіс.

Мен алдағы міндеттерімізді пайымдаудың сұлбасын айқындап өтсем деп едім. Дегенмен, әуелі Қазақстанның ЭЫҰ-ға мүше болуға ниет білдіруінің себебін айтсам деймін. Ол себептер, ең бері салғанда, үшеу.

Біріншіден, бізге бұл ұйымның кез келген мемлекеттің кіруі үшін ашықтығы ұнайды, ал ол Ізмір шартының 36-шы бабында бейнеленген. Екіншіден, ол – осы ұйымның атынан да, негіз қалаушы құжаттарының бәрінен де көрінетін бейсаяси сипаты. Және, үшіншіден, Қазақстанның геосаяси орналасуына да, тарихи дәстүрлеріне де байланысты оның Азиядағы барлық көршілерімен тығыз экономикалық ынтымақтастыққа деген табиғи ұмтылысы бар.

Біздің ТМД-дағы мемлекетаралық өзара ықпалдастық тәжірибеміздің ЭЫҰ үшін белгілі бір пайдасы болуы мүмкін екенін атап айтуға тиіспін. Осы өңірлік ұйымның шеңберінде неғұрлым тиімді ынтымақтастық пен экономикалық байланыстарды түйсініп, нығайтудың жолдарын іздестіру үшін бұрынғы Одақ республикалары арасындағы экономикалық ірге бөлісу мен шаруашылық байланыстарды үзу фактісі мейлінше тәлімді.

Біздің тағы бір аса маңызды тағылым алғанымыз бар. ТМД-дағы интеграцияға шектен тыс тежеу болған

маңызды себептердің бірі кейбір мемлекеттердің экономикалық өзара ықпалдастықтың еуропалық және америкалық бағыттарына тым үйірсектенуі болды. Біз сияқты тәуелсіз жаңа мемлекеттерге өзара әрекеттестіктің тепе-теңдігін мұқият салғастырып, сыртқы экономикалық байланыстардың ықтималды нұсқаларын таңдауға неғұрлым жауапкершілікпен қарау қажет болар деймін.

Ондай нұсқалар соншалықты көп те емес. Солардың бірі – ТМД-дағы интеграцияны нығайтып, өз халықтарымыздың мүддесі үшін ТМД мен ЭЫҰ арасында неғұрлым тығыз өзара әрекеттестік орнату. Бұл үшін негіз бар: біздің орталықазиялық мемлекеттеріміз осы қоғамдастықтардың екеуіне де кіреді. Тағы бір нұсқа – бәріміздің ірге бөлісіп, өз бетімізше, дербес өмір сүру. Бұл, бәлкім, біреулерге ұнар, бірақ біздің дәстүрімізге келмейді, өйткені Азия халықтарының салтында күрделі шаруаның бәрін тастүйін жұмылып, бірге атқару қалыптасқан.

Тағы бір өзекті мәселе біз қарым-қатынасымызды қалай орнатып, ЭЫҰ мен әлемдік қоғамдастық арасындағы жемісті өзара әрекеттестігімізді қалай дамытуымыз керек дегенге саяды.

Менің ойымша, бірінші кезектегі міндеттердің бірі біздің елдеріміздегі көлік және коммуникация жүйелерін дамыту жөніндегі күш-жігерлерімізді үйлестіру проблемасы болса керек. Бүгінде сарапшылар әртүрлі баламалы көзқарастарды талқылауда.

Біреулер көлік ағыны мен құбырлардың өту жолын «Солтүстік-Оңтүстік» формуласы бойынша, яғни ТМД республикаларынан Иран арқылы Парсы шығанағына қарай ұйымдастырған жөн деседі. Бұл – дамудың өте

бір қызғылықты әрі экономикалық жағынан тиімді тәсілі.

Енді біреулер бүгінде ТМД-ның орталықазиялық елдерінің «Шығыс-Батыс» формуласы бойынша Батысқа шығуы, яғни көлік тасқынын Кавказ бен Түркия арқылы Еуропаға және Жерорта теңізіне қарай жіберу тиімдірек деседі.

Мен «әлде анау, әлде мынау» дейтін ұстаныммен нұсқа таңдау дұрыс болмас еді деп ойлаймын. Одан гөрі «анау да, мынау да» ұстанымымен өмір сүрейік, өйткені кез келген шекке шығушылық біздің халықтарымыздың мүддесін әйтеуір бірдеңеден шектейді, ал бізге керегі – олардың өркендеуі.

Өткен жылы Ашғабадта біз трансазиялық теміржол желісінің құрылысын жеделдету және өзіміздің астаналарымызды жалғастыратын халықаралық автомобиль байланысын ашу жөнінде келіскеніміз белгілі. Темір жол мен автомобиль жолдарының, әуе және су жолдарының осы заманғы халықаралық көлік желісін қалыптастыру жөніндегі уағдаластықтарды іске асыру үшін ЭЫҰ елдерінің Көлік министрлер комитетін және оның жанынан ұдайы жұмыс істейтін атқару комиссиясын құрғанымыз жөн болар еді.

Аталған комитет біздің елдеріміздің көлік жүйелерінің жай-күйін ғылыми тұрғыдан пысықтауға байланысты міндеттерді, халықаралық жүк және жолаушылар тасымалының көлемін айқындап, қатынас жолдары мен көлік тораптарының техникалық пайдалану сипаттамаларын қорытып, халықаралық жол қатынастарындағы көлік шығындарының деңгейін белгілеп және басқа да жұмыстарды атқаратын болады.

Мәселелердің екінші бір қомақты топтамасы мұнай-газ құбырларын жобалап, құрылысын жүргізумен байланысты. Барлық елдердің әлеуетін ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін ойластыру біздің ортақ мүддемізге сай екенін атап көрсеткім келеді. ЭЫҰ-ға мүше елдердің энергетика саласындағы сарапшыларының жақында Алматыда өткен кеңесі көптеген тартымды жобалар мен шешімдердің бар екенін көрсетті. Тиісті елдердің мамандары жақын арада жұмысқа кірісіп, үстіміздегі жылғы қыркүйекте Тегеранда ЭЫҰ энергетика жөніндегі комитетінің министрлер деңгейіндегі кезекті мәжілісін өткізіп, іс-әрекеттің бірлескен жоспарын жасаса дұрыс болар еді.

Қазақстан үшін және, пайымдауымша, ЭЫҰ-ның кейбір басқа мүшелері үшін телекоммуникациялардың осы заманғы жүйелерін, соның ішінде біздің елдер арасындағы жүйелерді де тездетіп жасау аса маңызды болмақшы, онсыз қазіргі іскерлік өмірдің және біздің экономикаларымызды әлемдік шаруашылық байланыстарына кіріктірудің ешбір мәні болмайды.

Біз өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастыққа да барынша мүдделіміз, біздің экономикаларымыздың бірін бірі толықтыратындығына байланысты онда мейлінше зор мүмкіндіктер бар.

ЭЫҰ шеңберінде сауданы ырықтандыру мен кеден саясаты саласындағы ынтымақтастық, тауар тасымалдау үшін жағдай жасау, сөз жоқ, біздің елдеріміздің арасындағы сауданы жандандыра түседі, әрі біздің бір-бірімізбен саудаласарлық нәрселеріміз де аз емес.

ЭЫҰ шеңберінде қоршаған ортаны қорғау, қылмыспен және нашақорлықпен күрес, кадрлар даярлау,

мәдени алыс-беріс пен туризм секілді өзара мүдделі басқа салаларда да жемісті ынтымақтастыққа үміттіміз.

Бұған дейін атап өткенімдей, осы проблемалардың бәріне негізінен өңірлік сипаттағы әртүрлі көзқарастар бар. Бұл проблемаларға құрлықтық, бүкіл Азияға ортақ көзқарас тұрғысынан қараған дұрыс болар еді. Сонда біз ЭЫҰ өзіміздің ұлы құрлығымыздың төрт тарабына түгел тиімді көліктік және коммуникациялық тасқындардың құлаш жаюына ұмтылуы тиіс екеніне көз жеткізер едік.

«Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» бағыттары бойынша көліктік және коммуникациялық тасқындардың нақ осы тоғысында Орталықазиялық ортақ рынок қалыптасып, нығаятын болады, ал біз – ерте ме, кеш пе – бәрібір соны ресімдеуге жететін боламыз деп ойлаймын.

ЭЫҰ-ға кіретін, біз үшін алыс шетел болып есептелетін мемлекеттерден Қазақстан тек Иранға ғана – Каспий теңізі арқылы тікелей шыға алады. Біз өзіміздің экономикалық дамуымыздың осы бір бағытына тарихи да, экономикалық та тұрғыдан мүдделіміз және өз елдеріміз халықтарының мүддесі үшін оны қалай да іске асыруға міндеттіміз. Бүгінде Түркиямен қарқынды экономикалық өзара әрекеттестігіміз қалыпқа түскенін атап айтуым керек, ал Қазақстанның Иранмен және Пәкстанмен қарым-қатынасына келсек, біздің әлі пайдаланылмаған резервтеріміз жетіп артылады. Әрі біз оларды бұрынғыдан гөрі белсендірек дамытатын боламыз.

Біздің экономикалық өзара әрекеттестігіміздің солтүстік бағыттағы дәстүрлі ынтымақтастығымызбен бірге Қазақстанның оңтүстік және шығыс бағыттағы шептерің

де нығайта бермекке ұмтылуы мейлінше табиғи болар деп ойлаймын.

Енді ЭЫҰ-ның әлемдік қоғамдастықпен қарым-қатынасын дамытуға тоқталып өтуіме рұқсат етіңіздер.

Біздің құрлығымыздың көптеген аса ірі елдерінде түркі-мұсылман халықтарының едәуір ірі топтары өмір сүреді. Біз сондай мемлекеттермен қатынастарымызды белсенді түрде дамытуымыз керек. Біздің барша дүниеге ашықтығымыз, жаңа байланыстарды дамытудағы әлдебір этностық және басқа түрлі тосқауылдардың жоқтығы – өте елеулі жетістік және оны толық көлемінде пайдалануға ұмтылу керек. Бірінші кезекте бұл Қытаймен және Үндістанмен қарым-қатынастарды ширатуға қатысты. Бұлар – біздің көршілеріміз, ал көршімен тығыз және белсенді түрде ынтымақтасқан жөн.

Менің ойымша, біз кейбір қайшылықтардан арылсақ, уақыт өте келе бүкіл Азия құрлығында салмағы мен ықпалы күшті, өркендеген ұйымға айналар едік.

Сауда-экономикалық байланыстардың дамуы, сөз жоқ, өңірдегі жағдайға игілікті ықпал етуі, тұтастай алғанда, Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісіне іргетас қалауы тиіс. Осыған байланысты ЭЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықты біз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары құрылымдарын құру жөніндегі елеулі бағыттардың бірі ретінде қарастыратынымызды атап көрсеткім келеді. Ортақ күш-жігеріміз арқылы біз бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және ең алдымен бүкіл Азия құрлығының мүдделеріне сай келетін осынау өте маңызды, жауапты іске өз үлесімізді қоса алған болар едік деп ойлаймын.

Әрине, біздің елдеріміздің халықаралық қызметі бір ұйымның шеңберімен тұйықтала алмайды және

жеке елдердің де, ЭЫҰ-ның да өзге өңірлік әрі халықаралық ұйымдармен және ең әуелі БҰҰ-мен ынтымақтастығы тек бәріміздің игілігімізге айналады. Осы айтылғандарды ескере отырып және өңірдің саяси тұрақтылығына, әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалдасу, оны әлемдік шаруашылық байланыстарына тарту, Арал және Каспий теңіздерінің жаһандық қатерге ұласу қаупімен байланысты экологиялық апаттың алдын алу мақсатымен Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Орталық Азия жөніндегі комиссиясын құру дұрыс болар еді деп санайды.

Егер сіздер осы ұсынысты қолдасаңыздар, сондай-ақ бұл халықаралық қоғамдастық пен БҰҰ тарапынан қолдау тапса, онда біз Алматыда өз халықтарымыздың игілігі үшін оның жемісті жұмыс істеуіне қажет жағдайлардың бәрін жасаған болар едік.

Ядролық қаруға қарсы
халықаралық конгресте
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1993 жылғы 30 тамыз

Егер біз басымыздан өткеріп жатқан уақытты сипаттау керек болса, онда оны, сірә, екі мыңжылдық ауысатын деп қана емес, сонымен бірге, қоғамдық-саяси формациялардың жаһандық алмасу уақыты деп атауға тура келетін шығар. Дүниеде жұмыр жерді мекендеген адамдардың тағдыр ортақтығын, соғыс атаулыға және әсіресе адамзаттың ядролық қатерге ұшырау қаупіне қарсы күрестің қажеттігін түсінушілік құлаш жайып келеді.

1949 жылғы 29 тамызда Семей маңында ядролық бомбаның жарылуы Қазақстан тарихының қасіретті бетін

ашып берді. Ұзақ жылдарға созылған адамгершілікке жатпайтын ядролық сынаулардың қорытындысы аса ауыр экономикалық, әлеуметтік, рухани күйзелістерге алып келді. Олар халықтың мойнына зілмауыр салмақ болып түсті. Соның салдарын біз әл-әзір толық сезініп үлгермегенімізбен, халықтың қарсылығы әлдеқашан-ақ пісіп-жетілген болатын. Сондықтан Қазақстан Президентінің Семей полигонын жабу жөніндегі Жарлығы өзінің ішкі проблемаларын дербес шешетінін табаңды түрде мәлімдеген жас мемлекеттің тұңғыш актілерінің бірі болғаны тегін емес.

Оның үстіне, мұндай қадам әлемдік тәжірибеде алғаш рет қабылданды және көптеген мемлекеттердің ядролық қаруға деген көзқарастарын өзгертіп, бұл проблемаға неғұрлым салмақтылықпен және жауапкершілікпен қарай бастағанына белгілі бір дәрежеде әсер етті.

Мұндай сындарлы көзқарастың қалыптасуына «Невада-Семей» ядролық қаруға қарсы қозғалысының қызметі де ықпал етуде. Бұл қозғалыс Қазақстаннан тысқары жерлердегі халықтардың да қауіпсіздігін ойлаған жұртшылықтың алаң көңілінің өзіндік бір индикаторына айналды. Өзге елдердің қоғамдық ұйымдары да бұған өз үндерін қосуда.

Сірә, осы арада қарапайым адамдарға қарағанда көптеген саясаткерлердің, ғалымдардың, әскерилердің көздерінің ашылуы едәуір кеш жүретінін атап көрсету орынды болар деймін. Менің бұдан екі жыл бұрын Алматыда өткен Ядролық қаруға қарсы бірінші конгреске қатысқаным бар және базбір ғалымдардың жылдар бойы ядролық қару жасауға қатысып, әскерилермен бірге адамдарды радиациялық қатерге душар еткені

үшін кешірім сұрағандары есімде. Осындай азаматтық ерліктің үлгісін бірінші болып Андрей Дмитриевич Сахаров көрсеткен еді. Бұл жолға мемлекеттер де шықты. Маған ядролық қарудан соншама жапа шеккен, әйтсе де екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқаны үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, халқын сол үшін тәубеге келуге шақырған ел – Жапония үкіметінің қадамы құрметке лайық көрінеді.

Тәубеге келудің соңы нақты істерге жалғасуы керегін түсінемін. Мемлекет адамдарға денсаулығын, күш-қуатын, жастығын қайтарып бере алмағанымен, қиянат көргендерге жоғалтқандарының өтеуін қайтару – оның қасиетті борышы. Бұл проблема біздің Қазақстанда, бәлкім, Ресейдегіден де өктем болмаса кем тұрған жоқ, өйткені оны ушыққан экономикалық дағдарыс жағдайында шешуге тура келіп отыр. Әйтсе де, ядролық полигон жабылғаннан кейін біздің үкіметіміз ядролық жарылыстардың салдарын жою мен қоршаған ортаны сауықтыру туралы шешімдер қабылдады, оларды тұжырымдауға және орындауға сіздердің қозғалыстарыңыздың сарапшылары да қатысуда. Қазақстан ауқымында халықтың қауіпсіздігіне тұңғыш рет мұншама көңіл бөлініп отыр. Алайда халықаралық көмексіз өз күшімізбен бұл проблеманы еңсеру іс жүзінде мүмкін емес. Бұл ретте ядролық жарылыстың ең жоғары жиілігі бізде, Қазақстанда, болғанын да ескеру қажет. Әрине, біз өзіміз үшін сауықтыру жұмысының бәрін орындап беруді әлемдік қоғамдастықтан сұраудан аулақпыз. Бірақ жұртшылық пен саясаткерлер шын мәнінде Жапонияның қасіретті сабағын қайталап отырған Қазақстанның өкінішті тәжірибесінен радио-экологиялық қауіпсіздік проблемаларын бірлесіп,

ортақ күш-жігер арқылы шешу қажеттігін түйсінудері керек.

Сіздермен бірлесе отырып, біз қоғамда сары-уайымшылдықтың, әлеуметтік түңілушіліктің белең алуына жол бермеуіміз керек. Әсіресе, экологиялық масылдықтың жөні жоқ. Неге десеңіз, кей-кейде өңірді апат аймағына жатқызу талабы экологиялық проблема-ларды шешу жөніндегі нақты жұмысты алмастыратыны бар. Бұл радиоактивті қалдықтарды көму сияқты күр-делі жұмыстан қылаң беріп қалады. Қалай болғанда, да өз қалдығымызды өзімізде сақтауға мәжбүр екенімізді түсінуге тиіспіз – тек ғалымдар мен жобалаушылар, жұртшылық өкілдерімен бірлесе отырып, жобалардың экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан оңтайлы нұсқала-рын табулары керек. Ал әзірге Қазақстанда осы уақытқа дейін радиоактивті қалдықтарды сенімді бақылауды қамтамасыз ететін бірде-бір өңірлік объект жоқ екенін мойындауға мәжбүрміз.

Айтпақшы, бұл – ядролық энергетиканы конвер-сиялаудың аса маңызды экологиялық мәселелерінің бірі. Ядрошылар радиоактивті қалдықтарды оқшау-лау мысалында атом электр стансаларын құрудың қауіпсіздігін дәлелдегенге дейін республика халқы оның аумағында мұндай объектілерді орналастыру идеясын қабылдамайтыны социологиялық сауалдамасыз-ақ белгілі.

Республика үшін ядролық оқтұмсықтардың қарулық плутонийін пайдалану проблемасының көкейкестілігі де бұдан ешбір кем емес. Оны халықаралық шарттарға сәйкес шешу керек. Біз Қазақстан да Украина мен Беларусь сияқты жаппай қырып-жоятын кез келген қаруды сынауға тыйым салу туралы шарттың жалпыға

бірдей проблемаларын талқылауға Ресеймен бір дәрежеде қатысуы тиіс деп есептейміз.

Қазақстан бүкіл бұрынғы Одақтың ядролық полигоны болғанын естен шығаруға болмайды, алайда біз сәулеленуден зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау және оның салдарын жою проблемаларымен жападан жалғыз бетпе-бет қалдық. Бұл тарихи, адамгершілік, экологиялық және басқа тұрғыдан алғанда да әділеттілік емес. Егер біз адамгершілік қағидаттары, тарихи мұрагерлік пен жауапкершілік туралы айтатын болсақ, халық алдындағы міндеттердің құқықтық мирасқорлығын, әсіресе, саясаткерлерден ешкім алып тастауы мүмкін емес.

Ядролық қаруға қарсы қозғалыс бүгінде өзін бардауысымен танытып үлгерді. Сондықтан ол, менің кәміл сенімім бойынша, түптің түбінде атом қаруы мен басқа да қару түрлерін сынауға толық тыйым салып, өз дегеніне жетеді.

Осы залда өкілдері отырған қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар осынау игілікті және имандылықты міндетті шешуге аз үлес қосып келе жатқан жоқ. Оларға саясаткерлердің пәрменді қолдауы қажет. Мен осы мінберден ядролық клуб елдерінің үкіметтеріне ядролық, химиялық, биологиялық қаруларға және жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлеріне жарияланған мораторийді 2005 жылға дейін созу жөнінде бастама білдіремін. Ядролық клуб елдерінің үкіметтері өз халықтарының алдында біздің дүние ХХІ ғасырға үні өшкен ядролық полигондармен кіре алатынын іспен көрсетуге нақты мүмкіндік алып отыр.

**Ұлттық валютаның
енгізілуіне байланысты
Қазақ теледидары арқылы
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,
1993 жылғы 12 қараша

Қымбатты отандастар!

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңесі берген өкілдіктерге сәйкес мен үстіміздегі жылдың 15 қарашасындағы таңғы сағат 8-ден бастап біздің елімізде ұлттық валюта – теңгені енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Осы сәттен бастап нағыз тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуындағы мәні бойынша жаңа, бетбұрысты кезеңнің есебі басталады. Мұндай оқиғалар әр елдің тарихында тек бір-ақ рет болады. Біздің бәріміз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізу

қажеттігін туғызған жағдайлар мен себептердің шектен тыс мәнін түсінуге бойлай білуіміз керек. Біз үшін оның тек экономикалық қана емес, сонымен бірге, саяси да теңдесі жоқ мәні бар.

Президенттің, Парламент пен Үкіметтің жүргізіп келе жатқан бағыты өзара тиімді ынтымақтастықтың басымдықтарын барынша ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін Достастық елдерінің экономикаларын интеграциялауға бағытталғаны өздеріңізге белгілі. Бүгінде Қазақстанды осынау стратегиялық бағыттан ауытқыды деп ешкім де кінәлай алмайды.

Біз жаңа тұрпатты рубль аймағын қалыптастыруға бастамашы болдық. Мүдделі мемлекеттердің жоғары басшылығы деңгейіндегі бірлескен күш-жігердің нәтижесінде тиісті құжаттарға қол да қойылды. Менің айтып тұрғандарым – Ресей, Қазақстан және Өзбекстан президенттерінің 7 тамыздағы мәлімдемесі, жаңа тұрпатты рубль аймағын құру жөніндегі практикалық шаралар туралы 7 қыркүйектегі алты жақты келісім және Қазақстанның ақша жүйесін Ресей Федерациясының ақша жүйесімен біріктіру туралы биылғы 23 қыркүйектегі екіжақты келісім. Соңғы кезге дейін Қазақстан біздің республикамыздың жаңа рубль аймағына тең құқықты негізде кіре алатыны жөніндегі Ресей басшылығының әлденеше рет сендіріп айтқан сөздерін малданумен келеді. Тең құқықты негіз ағымдағы өзара мүдделердің де, сондай-ақ экономикалық, саяси, геосаяси, тарихи сипаттағы ұзақ мерзімді мүдделердің де ескерілуін көздейді. Өкініштісі, бүгінде талайлар біздің қарым-қатынасымыздың бұл астарларын ескермейді. Көптеген бүкпентайлықтың тамыры осында жатыр.

Дегенмен, осы уағдаластықтарды нақты іске асыру жөніндегі екіжақты үдемелі келіссөздердің барысында үсті-үстіне жаңа шарттар ұсынылумен болды да, ақыр соңында, олар республиканы экономикалық егемендігін жоғалту шегіне қоятын талаптарға апарып сайды. Сонымен бір мезгілде, Қазақстанға ескі үлгідегі рубльді қаптату, оның бірнеше мемлекет аумағындағы айналымының екіұштылығы қазанның соңына қарай республика ақша жүйесінің шырқын бұзуға, инфляцияның жаңа толқынына, «қазақстандық» және ресейлік рубльдің сатып алу қабілетінің күрт айырмашылығына соқтырды. Осының бәрі біздің халқымыздың тұрмыс деңгейіне өте-мөте кері әсерін тигізді.

Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес еді. Осы жағдайды тағы да мұқият таразылай келіп, біз өз валютамызды енгізуге шешім қабылдадық. Бұл экономикалық одақ туралы келісімнің негіз қаларлық ережелеріне қайшы келмейді. Ашықтық қағидаттарымызды басшылыққа ала отырып, біз осы қадамымыз туралы Ресейді және Достастықтың басқа да мемлекеттерін дер кезінде хабардар еттік.

Ортақ ақша жүйесі Қазақстанның ғана емес, Ресейдің де экономикалық және саяси мүдделеріне сай келетініне мен қазір де кәміл сенемін. Өкінішке қарай, қазір стратегиялық мүдделер екінші кезекке сырғыды, сөйтіп, қалыптасқан жағдайға байланысты бәріміздің де интеграцияға аражігімізді амалсыз ажыратып, өз валютамызды енгізу арқылы бет алуымызға тура келіп отыр.

Сондықтан ұлттық валютаны енгізу туралы мен қабылдаған шешім – орын алған жағдайдан шығудың бірден-бір жолы.

Соңғы жылдары өріс алған оқиғалардың өзі республиканы жеке ақша жүйесін іске қосудың жолдарын әзірлеуге міндеттеді. Біз басқа елдердің, оның ішінде Достастық мемлекеттерінің де ақша реформаларын жүргізу мен ұлттық валютасын енгізу тәжірибесін ескердік. Тиянақты экономикалық дайындық жүргізілді, үдерістің ықтималды дамуына сараптық және болжамдық бағалар берілді. Жаңа ақша таңбаларының үлгілері жасалды, Ұлттық банк пен үкімет дереу ұлттық валютаның банкноттарын дайындады.

Біздің алдымызда теңгенің тұрақты жұмыс істеуі мен жоғары сатып алу қабілетін қамтамасыз ету, реформаны жүргізуде іркіліске жол бермей, ықтимал әлеуметтік шығындарды барынша қысқарту міндеті тұр.

Осы мақсатта мен 3 қарашада жергілікті жерде өкілетті өкілдері бар Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрдым. Оған қысқа мерзім ішінде барлық қажетті нормативтік базаларды дайындау тапсырылып, ұйымдық мәселелерді шешу құқығы берілді. Комиссия валюта рыногының жұмыс істеу тетіктерін, Қазақстан кәсіпорындары мен бұрынғы рубль аймағындағы елдер арасындағы төлем тәртібін айқындауға, халықтың ақша ауыстыру шартын жеңілдетуге айрықша көңіл бөлуі тиіс.

Қыруар жұмыс істелді. Мемлекеттік комиссия теңгені ұйымдасқан түрде енгізудің және ескі үлгідегі банкноттарды ауыстырудың қағидаттарын, тәртібі мен шарттарын айқындайтын құжаттарды бекітті. Олар республикалық және жергілікті баспасөзде жариялануда. Сондай-ақ жергілікті жерлердегі биліктің атқарушы органдарына осы жұмысқа нақты қатысулары туралы, жұртшылықтың барлық жіктері мен

санаттарын, соның ішінде шалғай әрі жолы қиын елді мекендерде және өндірістік учаскелерде тұратындарды айырбаспен қамтамасыз етулері жөнінде нұсқаулар берілді.

Алда болатын айырбастың барлық егжей-тегжейлері мен рәсімдеріне тоқталмай-ақ қояйын. Олар жөнінде баспасөзден жан-жақты біле жатарсыздар. Тек айтарым: 1961–1992 жылдарғы үлгідегі сомдар теңгеге 500-дің 1-ге қатынасымен ауыстырылады. Жасы 16-ға жеткен, Қазақстан аумағын тұрақты мекендейтін әр адамға 100 мың сомға дейін айырбастау мүмкіндігі беріледі. «Арам» ақша деп аталатынды заңдастыруға мүмкіндік бермес үшін адал еңбексіз алынған ақша, сондай-ақ бізге сырттан әкелінетін ақша, лимиттен асатын қолдағы сома банктердегі арнайы есептерге салынады. Әрине, бұл, жұмсартып айтқанда, тауыпқысыз жолмен табылған қолдағы ақшаны «жылыстатуға» мүдделі белгілі біреулер мен қылмыстық топтардың наразылығын туғызуы мүмкін. Бұл ақшаларды заңды жолмен тапқан адамдар оларды менің 5 қарашадағы «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығыма сәйкес құрылған арнаулы комиссиялардың шешімі бойынша жуық арада болатын тексеруден соң қайтып алуларына болатынына сендіргім келеді. Бұл шара біздің мемлекетіміз тұрғындарының басым көпшілігінің мүддесіне қайшы келмейтініне сенімдімін.

Кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істейтіндер үшін айырбас жұмыс орнында жүзеге асырылады, сол мақсатпен оларда айырбас комиссияларын құру көзделуде. Ескі банкноттарды ауыстыру белгіленген норматив шегінде және бір-ақ рет жүзеге асырылады. Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге барынша көңіл

бөлінеді, олар үшін айырбас зейнетақыларын алатын жерлерде ұйымдастырылады. Мемлекеттік комиссия мен құқық қорғау органдарына зейнетақы төлеу жөніндегі мекемелерді жаңа валютамен орталықтандырылған түрде кідіріссіз толықтырып отыру және оларда тәртіп сақтауды қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулар берілді. Сол кезеңде тұрғылықты мекенінен немесе жұмыс орнынан тысқары жерде болып қалған адамдардың да ақша айырбастау тәртібі көзделген. Халықтың ақшалай салымы олар сақтауда тұрған банктердің бағамы бойынша айырбасталады. Халықтың жекелеген санаттары үшін айырбас комиссиялары жергілікті әкімдіктерде құрылады.

Бөлшек сауда, ақылы қызмет саласы, жолаушылар көлігі мен байланыс кәсіпорындарының және мекемелерінің жұмысын қасақана тоқтату немесе жұмыс кестесін өзгерту көріністері мен әрекеттерінің бәріне үзілді-кесілді тосқауыл қойылуы керек. Мемлекеттік комиссияның өкілдеріне осындай және басқа да тәртіп бұзушылықтар мен қиянаттардың жолын кесу жөнінде кең өкілеттіктер берілген.

Кәсіпорындардың, ұйымдар мен банктердің басшылары баланстарды, шоттарды, салымдар мен басқа да рубльдік міндеттемелерді қайта есептеу бойынша қыруар жұмыс атқарулары керек. Соңғы екі аптада Қазақстанның, Ресей мен Өзбекстанның арасындағы ынтымақтастық туралы бұрын қол жеткен уағдаластықтарға қоса, ұлттық валютаны енгізуге байланысты үкіметтер мен орталық банктер арасында өзара міндеттемелер мен өзара қолдау туралы, саудадан тыс төлемдер және басқалар туралы келісімдер жасалғанын айта кетуге тиіспін.

Сөз жоқ, біз валютаны өндірістің құлдырауы тоқтап, халықтың тұрмысы жақсарған соң, ақша жүйесін тұрақтандырып барып енгізсек, өзімізге жеңіл болар еді. Реформаны қыс мезгіліндегі, былайша айтқанда, шығынды жағдайларда жүргізуге байланысты белгілі бір қиыншылықтар бар. Бірақ бізде таңдау жасарлық уақыт қалған жоқ.

Жағдай қандай қиын болса да, біз әлеуметтік-экономикалық реформалар бағытын жалғастыра беруге міндеттіміз. Әйтсе де тактикалық тұрғыдан басымдықтарды басқаша белгілеуіміз керек. Ақша айырбастау фактісінің өзі – негізі, техникалық мәселе. Бізді басқа түрдегі қиыншылықтар күтіп тұр: алғашқы күннен бастап-ақ теңгеге демеу жасап, оны алтын-валюта резервтерімен және тауарлармен қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте көп нәрсе үкімет пен Ұлттық банктің, жергілікті жерлердегі басқару органдары мен кәсіпорындардың өздерінің білікті және үйлесімді жұмыс істеуіне байланысты. Демек, сіз бен біздің бәрімізге байланысты. Ендігі жерде сыртқы факторларға, өзге мемлекеттерде қабылданатын шешімдердің үйлесімдігіне сілтеме жасаудың жөні жоқ. Экономикалық саясаттың жалпы бағыттылығы, бір жағынан, мемлекеттің шектеулі ақша-несие және бюджет-салық саясатын қатаң түрде, дәйектілікпен жүргізуінен, екінші жағынан, кәсіпорындар мен шаруашылық жүргізуші барлық субъектілердің өз қызметінің қаржылық нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруынан көрінетін болады.

Үкіметтің алдына жаңа жағдайдағы іс-әрекеттің түзетілген жоспарын парламентке ұсыну міндеті қойылды. Несие эмиссиясына қатысты жүгенсіздікті тоқтататын уақыт жетті. Біз ақша жүйесін тұрақтан-

дыру үшін біршама уақытқа шын мәнінде «желбуаз» несиелер беруден бас тартатындай жағдайға тірелдік.

Бюджет саласында салық жүйесінің тиімділігі мен ынталандырушылық рөлі арттырылып, салық алымдарының бюджетке толық түсуі қамтамасыз етілуі тиіс. Бюджет қаражатын қатаң үнемдеу режиміне нақтылы көшуді жүзеге асырып, табыстың өсуін сұранысқа ие тауарлар шығаруды ұлғайтуға тәуелді ету керек. Сондай-ақ популистік талаптардан, бүгінгі күнгі қисынсыз жобалардан бас тартып, бюджетке түсетін зілбатпан әрі ұдайы орынды бола бермейтін әлеуметтік жүктемені барынша кеміту ләзім. Көрпеге қарай көсілген дұрыс. Өз валютамыз болғандықтан, ақшаның жаппай құнсыздануына соқтыратын қаржы саясатын жүргізе беруге болмайды.

Ішкі валюта рыногын қалыптастыру мен дамыту қажеттігі күрт артып келеді. Теңгенің нарықтық бағамын анықтаудың және оны тұрақты деңгейде ұстаудың пәрменді тетігін жасау қажет. Көп кешікпей-ақ теңгені мемлекеттердің валюталарымен айырбастау ұйымдастырылады. Валюта рыногын ұйымдастыру да біздің экспортымызды тұрақтандыруы, ал ол, өз кезегінде, ақша бірлігімізді нығайтуы тиіс.

Қымбатты қазақстандықтар!

Өз валютамызды енгізу ТМД елдерінің арасына біздің халықтарымызды ажырататын жасанды тосқауылдар қою дегенді тіпті де білдірмейді. Адамдардың, тауарлар мен капиталдың емін-еркін жүріп-тұруына да ешқандай бөгесіндер қойылмайды.

Ол былай тұрсын, Қазақстан-Ресей келіссөздерінің барысында Ресей үкіметі мен Орталық банкі біздің ақша

реформамызға байланысты Қазақстанға техникалық және басқа да көмек көрсетуге міндеттенді.

Халықаралық валюта қорымен, Халықаралық және Еуропа қайта құру және даму банктерімен, Азия даму банкімен, сондай-ақ дүние жүзінің бірқатар үкіметтерімен қазақстандық валютаны қолдау жөніндегі уағдаластыққа қол жетті.

Бүгінде теңге соңғы екі жылда қалыптасқан 700 млн доллардан аса сомаға тең өзінің алтын-валюта резервтерімен қамтамасыз етілген. Бұл мөлшер, әлбетте, қатаң ақша-несие және бюджет-салық саясатын жүргізген жағдайда өзге валюталарға қатысты тұрақты бағамды ұстап тұруға алғышарт жасайды.

Қазақстанның бірталай жағдайларға байланысты ұлттық валютаға көшуі, ендігі жерде неғұрлым пысықталған әрі тәуелсіз жоспар бойынша, әлеуметтік-экономикалық бағытымызды одан әрі жалғастыруымызға мүмкіндік береді. Ақша реформасын нақпанақ ұйымдастырып өткізуіміз көпұлтты Қазақстан халқының әл-ауқатын біртіндеп көтере беруімізге көмектеседі.

Мен республиканың барлық азаматтарын сабырлылық пен ұстамдылық сақтап, ертеңгі күнімізге деген сенімділік танытуға шақырамын. Бүгін пайда болып жақтан әртүрлі қауесеттер мен жорамалдарға мән берудің қажеті жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Базбір газеттер мен тәуелсіз делінетін телерадиобағдарламалары көпіртіп әкетіп жатқан «дейді» сөздер кесірлі салдардан басқа ештеңе де бермейді. Ол тек өз пайдасын немесе менмендік мақсаттарын ғана көздеген арам ниетті пысықайлар мен саяси пәлеқорлардың пайдасына шығады.

Олар баршаға қиын-қыстау осындай кезде өзіміз таңдаған саяси және экономикалық бағытқа деген сенімімізге селкеу түсіріп қана қоймай, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тату көршілік қатынасына қара күйе жаққысы келеді. Біз оған жол бермеуіміз керек. Қазақстан ТМД мемлекеттері экономикалық одағының нығаюы мен халықтарының жақындаса түсуі үшін өзінің күш-жігерін дәйектілікпен жұмсай беретін болады.

Жағдайды тұрақсыздандыруы, қоғамға және әрбір адамға зиянын тигізуі ықтимал кез келген әрекет мемлекетке қарсы бағытталған әрекет ретінде аяусыз жолы кесіліп, оған себепші болғандар заңның барынша қатаңдығымен қудаланатын болады.

Ұлттық валютаны енгізуді нақпа-нақ ұйымдастыру мен соған байланысты шаралар кешенін қамтамасыз етудің жеке жауапкершілігін облыс, қала және аудан әкімдіктерінің, министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына жүктеймін.

Ешкім де өзінің азаматтық құқықтарынан шектелмеуі, адал еңбекпен тапқан қаржысынан айрылмауы және болашақта өз еңбегімен өзінің игілігін жасаудың барлық мүмкіндіктеріне ие болуы үшін Президент, Үкімет, Жоғарғы Кеңес бар күш-жігерлерін жұмсайтын болады деп Қазақстан халқына тағы да айтқым келеді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне
арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1993 жылғы 15 желтоқсан

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

Құрметті қазақстандықтар!

Бірнеше жыл бұрын Қазақстан халқы саналы түрде тәуелсіздік жолын таңдап, сол арқылы келер ұрпақтар алдында өзіне аса зор жауапкершілік алды. Өркениетті әлемдік қоғамдастыққа кіре отырып, біз өзіміздің Мемлекеттік егемендік туралы декларациямыз бен республиканың жаңа Конституциясында басым орын алатын жалпыадамзаттық құндылықтарды жарияладық. Әлеуметтік нарықтық экономикасы бар құқықтық мемлекет құру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету,

сыртқы саладағы ашықтық, қоғамды топтастыру, ұлт-аралық және азаматтық келісім жалпы халық таныған басымдықтарға айналды.

Өткен уақыттағы біздің күш-жігеріміз, бұрынғысынша, экономикалық проблемаларды шешуге жұмылдырылды, ал өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін олар мүлдем жаңа мәнге ие болды. Экономикалық қана емес, саяси жағынан да ірі осынау әрекет Қазақстан қоғамының өміріндегі көптеген құбылыстарға жаңаша қарауды, мемлекеттік әрі таза адами мүдделерді де ескере отырып, басталған реформаларды сапалық жаңа ұстанымдар тұрғысынан тереңдетуді қамтамасыз ету үшін бағытымызды қайтадан ой елегінен өткізіп, белгілі бір түзетулер енгізуді талап етті.

Өз валютамызды енгізу жағдайындағы халықтың күрделі экономикалық ахуалға біртіндеп бой үйретуі мақсатында біз ақша құнсыздануының жаңадан шиыршық атуын болдырмау үшін аса маңызды тауарлар мен қызметтердің бағасын уақытша реттеуге шешім алдық.

Және, әлбетте, бұл кезеңде біз қоғамдық-саяси тұрақтылықты, азаматтарымыздың тыныштығы мен ертеңгі күнге деген сенімін қамтамасыз етуге, халықтың әлеуметтік әлсіз жіктеріне қолдау көрсетуге, қылмысқа қарсы ымырасыз күрес жүргізуге барлық күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

Теңге енгізілгеннен кейін біздің шын мәніндегі жаңа экономикалық саясатымызды қалыптастыру басталды. Бұл үдеріс әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру қағидаттарын түбірінен қайта қарау, ең алдымен, республиканың ішкі мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалануға бет бұру арқылы жүргізілуде.

Көптеген ағаттықтар мен кемшіліктерге қарамастан, әсіресе, осы жылы біз әйтеуір бұл саладағы тұралап қалған орнымыздан алға жылжыдық. Республикада реформалау ісі едәуір көзге көрінерлік пішінге ие болды. Мәселен, экономиканың мемлекеттік емес секторында бүгінде 40 мыңнан астам, соның ішінде 13 мың жекеменшік кәсіпорын жұмыс істейді. Онда 400 мыңға жуық адам еңбек етеді. Жекелеген өңірлер мен салаларда жеке меншік қазірдің өзінде басым жағдайға ие болып келеді.

Экономиканы басқару жүйесін жетілдіру жекешелендіруді өткізумен үзілмес байланыста жүргізілуге тиіс. Жаңа шаруашылық құрылымдары – холдингтік және акционерлік компаниялар – басқару құрылымында өз орындарын алады деген пайыммен біз мемлекеттің бұл саладағы шығындарын елеулі түрде қысқартпақпыз.

Қазақстанның басқа елдермен сыртқы экономикалық байланыстары да айтарлықтай кеңейді. Қазір бізге бірнеше несие желісі ашылып отыр, ал инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін барлығы 1,7 млрд доллардың несиелік келісімдеріне қол қойылды. Біздің республикамызда 160-тан аса шетелдік фирмалар мен банктердің өкілдіктері орналасты, 1100-ден астам бірлескен кәсіпорындар тіркелді.

Қазақстанның қалыптасуындағы қазіргі кезеңнің аса маңызды ерекшелігі біздің бүгінгі және келешек ұрпақтар үшін қазірдің өзінде мемлекет қауіпсіздігінің берік іргетасын қалап, қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті екендігімізде болып отыр. Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың ажырағысыз, етене бөлігіне айналып, өзінің ішкі

тұрақтылығы арқылы жаһандық қауіпсіздікке елеулі үлес қосып отыр. Еуразиялық мемлекет бола отырып, біз республиканың геосаяси жағдайына сәйкесетін сыртқы саясат жүргізуге тиіспіз. Сондықтан осы жыл мемлекетіміздің халықаралық беделін нығайтқан аса маңызды оқиғалармен айшықтанғанын сеніммен айтуға болады.

Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы оның халықаралық ұстанымдарының нығаюына септескені сөзсіз. Шетелдерден түсіп жатқан пікірлер бұл шешімді дүние жүзінің құптап отырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ өтіп бара жатқан жыл Франциямен, Иранмен, Түркиямен, Монғолиямен ірі уағдаластықтарға қол жеткізілгендігімен айшықты. Қазақстан Каспий өңірі мемлекеттерімен ынтымақтастық ұйымын құруға белсенді түрде қатысуда.

Биыл сыртқы саясат бойынша қол қойылған барлық құжаттарда еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығының басты құрамдастары: егемендікті құрметтеу, қазіргі шекаралардың бұзылмайтындығы мен аумақтық тұтастығы бейнеленіп, баянды етілді.

Қазақстанның бейбітшіл мемлекет болуға құлшынысында өзімнің миллиондаған отандастарым мені қолдайтынына сенімдімін. Ең әуелі сіздердің қолдауларыңызға сүйеніп, мен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөз сөйлеп, Азиядағы сенім шаралары мен өзара қауіпсіздік жүйесін құру туралы ұсыныс жасадым. Өзінің аса маңызды мәнділігінің арқасында бұл бастама әлемнің көптеген елдерінде түсіністік тапты.

Экономикалық одақ туралы шарт республиканың ТМД елдерімен өзара қарым-қатынасында үлкен мүм-

кіндіктер ашады, ал оны іске асыру біздің елдеріміздің арасындағы шаруашылық байланыстарын жолға қоюға, олардың әрқайсының экономикалық дағдарысты тезірек еңсеруіне көмектескен болар еді.

Біздің Ресей Федерациясымен достық, тату көршілік, ынтымақтастық бағытымыз бекем әрі дәйекті болып қала береді. Ол біздің елдеріміз халықтарының арман-мүддесіне толық сай келеді және кімнің де болсын саяси аужайына, көрсоқырлығы мен кеудемсоқтығына қарай өзгере алмайды.

Біз терезесі тең әріптестікті одан әрі дамытуды жақтаймыз. Бұл ретте қазір Ресейде жүріп жатқан саяси үдерістердің бірімәнді еместігін және көбіне-көп байсалды бағалауды қажет ететіндігін парықтаймыз. Бір нәрсе анық: қазір онда өте күрделі жағдай қалыптасып отыр. Әрине, Ресейде өткізілген сайлаудың түпкілікті қорытындысы туралы айтуға әлі ерте. Бірақ кейбір үрдістер әжептәуір айқын байқалып отыр. Тегінде, осы сайлау Ресей қоғамының алдында тұрған өте маңызды саяси проблемаларды айқындаған ауқымды әлеуметтік зерттеу болды. Мен батыстағы кейбір сарапшылар тәрізді тым тереңге барып, Ресейде реакциялық күштер жеңіске жетті деп айтпас едім. Мұның қарапайым ғана бір себебі: фашизмнің хайуандық бейнесін танып-білген, қоңыр обаға қарсы қанды шайқасқа түсіп, оны жеңіп шыққан бұрынғы Одақ халықтары және ең алдымен орыс халқы тарапынан реакциялық идеялар ешқашан қолдау табуы мүмкін емес.

Саясаткерлер, өңірлердің басшылары, шаруашылық жүргізушілер әлдеқашан-ақ бейбітшілік тілімен – экономикалық ынтымақтастық, мәдени өзара байланыстарды дамыту, еркін саудадағы тосқауылдарды алып

тастау тілімен қаруланулары қажет еді. Бүгінде бүкіл әлемдік қоғамдастық жаңа мыңжылдық қарсаңында айқын бедерленген осынау ғаламдық проблемамен бетпе-бет келіп отыр. Сірә, адамзат өзара қырқысқан соғыс өрті әбден өршігенде ғана ғасырлар бойғы дұшпандықтың, таптық, ұлттық және діни төзімсіздіктің құрдымға кетіретінін сезіне бастаған сияқты. Қазақ ұлтына, Қазақстанның барлық халқына, біздің жас мемлекетімізге нақ қазір өзінің ізгілікке деген ұмтылысын, ұлтаралық татулықта тұра алатынын және оған әзір екенін бүкіл әлемге паш ету мүмкіндігі көктен түсе қойған жоқ, ғасырлар бойғы достықтың арқасында келді.

Қазақстанның ішкі істеріне қайта оралсақ, республикада билік орындарының дәйекті және мақсатты іс-әрекеттерін қажет ететін жағдайдың қалыптасқанын айту керек. Соңғы күндері біз әдеттен тыс оқиғалардың куәгері болдық: Кеңестер түріндегі өкілетті органдар жүйесі тараяды. Олардың өзін-өзі таратуының жаппай үдерісі парламенттің өзінің де Жоғарғы Кеңес өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы заңды қабылдауымен аяқталды. Өзінің шын мәніндегі тарихи қызметін аяқтай келіп, Жоғарғы Кеңес мемлекеттік билікті құру мен жетілдіру үшін зор маңызы бар бірқатар заңдарды – Сайлау туралы кодексті, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар туралы, республикамыздың аумақтық құрылысы туралы заңдарды қабылдады.

Байсалды саяси шешімнің нәтижесінде бізде билік құрылымдарының ауысуы қауіптілігіне Ресейдегі қазан оқиғалары кезеңінде көзіміз жеткен әлеуметтік тайталасыз өтуде.

Қазір республикаға тұрақты жұмыс істеп, жоғары сапалы заң қабылдай алатын және сол арқылы жүр-

гізіліп жатқан реформаның заңдылық базасын құратын кәсіби парламент қай кездегіден де қажет. Жаңа парламентке оның жұмысындағы сабақтастықты, заң шығарушы және атқарушы биліктердің сындарлы ынтымақтастығын қамтамасыз ете алатын құзыретті, қазіргіше ойлай білетін мамандар келер деп үміттенемін.

Біздің қоғамымызда шапшаң өтіп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік үдерістер Конституцияда барабар бейнеленуін талап етеді. Атап айтқанда, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерін ұйымдастыруға, олардың құзыреттілігіне және өзара қарым-қатынасына, жекешелендіру үдерісіне, әсіресе, меншік пен кәсіпкерлік мәселелерімен байланыстыларына қатысты қағидаларды қайта қарау қажет.

Тұтастай алғанда, биліктің өкілетті органдарының күллі жүйесі терең реформалануы тиіс. Тегінде, кеңестер бұрын болып көрмеген нағыз жергілікті өзін-өзі басқару органдары болуы тиіс.

Кеңестерде өз ісіне берілген көптеген адамдардың, тамаша ұйымдастырушылардың, мамандардың жұмыс істегені сөзсіз. Олар жаңалық атаулыны орнықтыру үшін аз жұмыс атқарған жоқ, бірақ Кеңестердің бұрынғы шеңбері оларға тым тарлық етті. Бұл адамдар өздерінің күш-жігерін жұмсайтын өрісті сөзсіз таба алары анық. Шын мәнінде ол қазірден-ақ айқын болып отыр, яғни ол – экономикамызды, саяси жүйемізді, мәдениетімізді, білім беруді, денсаулық сақтауды, өмірдің барлық саласын реформалаудың орасан зор өрісі. Сондықтан жұмыс жетіп артылады.

Жақында республикада сайлау қарсаңындағы күрес қанат жаяды. Ол қоғамның әртүрлі жіктерінің мүдде-

лерін бейнелейтін болады. Сондықтан де сайлау қарсаңындағы пікірсайыстардың құқықтық, өркениетті шеңберде, демократиялық ахуалда өткені аса маңызды. Саяси күрестің қоғамды шайқалтуына жол беруге болмайды. Керісінше, біз нақ осы кезеңде оны бұрынғыдан да тұрақтандыра түсіп, қазақстандықтарды белгіленген жоспарларды ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдыруымыз керек.

Барша қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын, Отанымыздың өркендей беруі үшін жаңа табыстарға жете берулеріңізге шынайы тілектестігімді білдіремін. Сіздер мен біздер, сөз жоқ, тарихтың айрықша беті болатын кезеңде өмір сүріп отырмыз. Қазір қолға алынған жаңғыртулардың ауқымын тек болашақ қана таразылай алады. Сондықтан осынау жауапты істе қажырлы, табанды және ұйымшыл болайық!

Колумбия университетінде
«Бейбітшілік, даму, демократия»
тақырыбында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,
1994 жылғы 16 ақпан

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Саяси сөз қорында әрбір тарихи кезеңнің өзіне сай ақиқаты болған, тым жиі қолданылғандықтан, қазір олар қарабайыр жаттанды сөздердей естіледі. Екіұдай дүниенің ыдырауы, қырғи қабақ соғыс дәуірінің аяқтауы мен адамзаттың идеологиялық текетірестен арылуы баршаның көкейіне қонымды дүние тәртібін орнатуға жеткізе қойған жоқ дейтін тұжырымды да мен осылардың қатарына жатқызамын. Белгілі бір дәрежеде шындығы да солай болып тұр – бүгінде адамзат баласының алдында тұрған саяси, экономикалық, әлеуметтік, гума-

нитарлық және экологиялық проблемалардың тізімі тым үлкен. Алайда, менің кәміл сенімім бойынша, осы жолдан ауытқығанымыз орасан үлкен қателік болар еді. Өйткен күнде біз тоталитаризмге қайтып оралар едік. Өткенге бұлай кері шегіну біздің неғұрлым тұрлаулы әрі болжамды дүние тәртібін орнату жолындағы бірлескен күш-жігеріміз арқылы жеткен ілгерілеуімізді түпкілікті жоққа шығарар еді. Жаһандық тайталастан кейін қолымыз жеткен мүмкіндігіміздің теңдесі жоқ, сондықтан оны пайдаланып қалмау дүниені зорлық-зомбылық түнегіне қайта киліктірумен бірдей.

Қазақтар өзінің табиғаты, өмірлік пайымы жағынан үмітшіл, тәубешіл прагматиктер, сондықтан да олар әлемде парасаттың, адам баласына тән өзін өзі сақтауға деген құштарлықтың үстем түсетініне сенуге бейіл.

Мәселе қазіргі үдерістің қайтымсыздығын қалай қамтамасыз етіп, бұрынғы коммунистік елдердің демократиялық мемлекеттер қауымдастығына кіругіне қалай септесуге болады дегенге саяды. Бұл міндеттің күрделілігі, сонымен қатар, бұрынғы КСРО кеңістігінде пайда болған республикалардың басым көпшілігі кеңестен кейінгі кезеңде елеулі экономикалық қиыншылықтарды, этносаралық шиеленістерді бастан кешіріп отырғанына, олардың демократиялық институттар тәжірибесіне қанық еместігіне байланысты.

Осы заманғы дүние тәртібін саралай келгенде, қоғамның үш деңгейі: жеке адам, мемлекет және ғаламдық қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастардың сатылық сипатынан бас тарту мүмкін емес. Осы деңгейлердің кез келгенінің біріндегі тұралаудың, олардың өзара бай-

ланысындағы үйлесімсіздіктің астарында қақтығысқа ұрындыратын қопарғыш күш жатыр.

Айталық, адамның өзін өзі көрсету, өзінің шығармашылық қуатын жүзеге асыру мүмкіндігінің жоқтығы нені білдіреді? Егер азаматтардың саяси, әлеуметтік, мәдени және басқа да мұқтаж-мүддесі мемлекеттік институттардың, тұтастай алғанда, қоғамның тарапынан тиісті қолдау таппайтын болса, оның салдары тек наразылықтың өсуіне, экстремизмге, тұйыққа тірейтін жалған идеялармен әуестенушілікке соқтыруы мүмкін. Мемлекеттік мүддені абсолютті құндылық дәрежесіне көтеру, бұрынғы Кеңес Одағының келеңсіз тәжірибесі көрсеткендей, тек қоғамдық және экономикалық дамудың тоқырауына апарып соқтырады.

Осы сатылыққа мемлекетаралық қатынастар да кіреді. Бәлкім, мен баршаларыңызға мәлім ақиқатты айтып кеткен шығармын, дегенмен заманымыздың карама-қайшылығының өзі де, сайып келгенде, өткеннің қателіктерінің ауық-ауық қайталануында, халықаралық өмірдің даусыз әрі жалпы жұрт таныған дерлік нормаларының сақталмауында болып отыр ғой. БҰҰ Жарғысына көз салсақ, оның бірінші тарауынан ұлттардың арасындағы достық қатынастар халықтардың тең құқығы қағидастарын құрметтеу негізінде дамуға тиіс деген пікір түйеміз, ал онсыз экономикалық, демографиялық, аумақтық немесе әскери әлуеттері жағынан объективті түрде тең емес мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары деңгейінде ұлттық егемендікті қамтамасыз ету мүмкін емес. Аумағының үлкен-кішілігіне, халқының санына немесе табиғат байлығына қарамастан, мемлекеттерді терезесі тең әріптестерге айналдырудың кез келген елдің егемендігін құрметтеуден басқа амалы

жоқ. Ал іс жүзінде осы қағидатты нақ сол әлемдік қоғамдастыққа енді-енді кіре бастаған мемлекеттердің қорғауына тура келетін кездері сирек емес.

Бұл Қазақстанға да қатысты. Өзінің сыртқы саяси қызметінде кез келген басқа жас мемлекет сияқты ол да егемендігінің, тәуелсіздігінің және аумақтық тұтастығының қорғалуын қамтамасыз етуге, нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократиялық институттарды нығайту, үйлесімді ұлтаралық қатынастарды орнықтыру, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар туғызуға ұмтылып отыр. Осы мақсатта біз Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының тұжырымдамасын әзірледік. Сол тұжырымдамада бейнеленген және, бәлкім, сіздер үшін қызықты көрінуі мүмкін кейбір өзекті тақырыптарға тоқталып өтейін.

Кеңес Одағы ыдырап, 15 егемен мемлекет құрылғаннан бері де екі жылдан аса уақыт өтті. Күллі әлемнің назары бұрын-соңды болып көрмеген жағдайда: бір кездегі астам державадан мұра болып қалған бірсыпыра аса күрделі проблемаларды, сайып келгенде, әлі аяғынан тік басып кете қоймаған елдердің шешуіне тура келгеніне әрі халықаралық тұрақтылыққа залал келтірместей етіп шешуге тиіс болғанына ауды. Бұл проблемалардың ең түйіндісі осы елдердің бірнешеуінде орналастырылған шамамен 30 мың дана ядролық қарудың тағдыры болғаны күмәнсіз. Әлгінде айтқанымдай, бұл алабөтен жағдай болды және оның даму бағытын Батыстың бірде-бір мемлекеттік ведомствосында немесе саясаттану орталығында алдын ала болжап білу мүмкін емес еді. Сан алуан күрделі сауалдар бірінен кейін бірі туындап жатты:

ядролық қаруға орталықтандырылған бақылау жойылса немесе жауапсыз әскерилер әлде принципсіз саясаткерлер ядролық бопсалау құралын қолына түсіруді іштей көксіп жүрген мемлекеттердің біріне ядролық зарядтардың бірнешеуін сатып жіберсе не болмақ? «Жағымсыз елдерге» технологиялар ауысса немесе өз отанында керексіз болып қалған атомшы мамандар көшіп барса не болмақ? Мемлекеттік және әскери органдардың атом объектілерін күзетуге салақсуының салдарынан ядролық қару лаңкестердің қолына түссе не болмақ? Және тағысын тағылар.

Мұндай қауіпсінулердің бәрі де негізсіз емес болатын. Осы аталған сценарийлердің қай-қайсының да орын алуы күллі халықаралық қоғамдастықтың мүддесін қозғайтыны анық еді. Оған қоса, 1990-шы жылдардың бедерінде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі басым міндет ретінде ядролық қарудың таралуына жол бермеу проблемасын тану төңірегінде пәтуа нышаны біліне бастаған-тын.

Шынын айтсақ, бұрынғы КСРО-ның бірқатар республикаларының аумағында ядролық қару болуының өзі Құрама Штаттар мен басқа да Батыс мемлекеттерінің жаңа мемлекеттердегі қарусыздану, демократиялану және экономикалық тұрғыдан өзгеру үдерістерін белсенді қолдау бағытын таңдап алуына басты себепші болғанын мойындауымыз керек. Беларусьтегі, Қазақстандағы, Ресей мен Украинадағы ядролық қаруды қауіпсіз бөлшектеуге жәрдемдесуге және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуға жол бермеу жүйесін құруға АҚШ-тың 1 млрд доллардан астам қаржы бөлу жөніндегі шешімінен кейін ахуалдың өзгеруі жағдайында Стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақты

қысқарту және шектеу туралы шартты іске асыру тәртібі жайында екіжақты да, көпжақты да қызу келіссөздердің тұтас бір сериясы өткізілді.

1991 жылғы желтоқсанда қабылданған Алматы декларациясында Беларусьтің, Қазақстанның, Ресейдің және Украинаның басшылары ядролық арсеналдың қызметіне бірлесіп бақылау жасау, стратегиялық ядролық күштердің құрамаларындағы ядролық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін ұстауда қандай да болсын ақауға жол бермеу тетігін белгіледі, сондай-ақ КСРО-ның стратегиялық шабуылдаушы қаруды қысқарту саласындағы халықаралық міндеттемелеріне өздерінің ықыласты екенін қуаттады.

СШҚ-1, немесе осында аталып жүргеніндей, СТАРТ-1 шартын және Лиссабон хаттамасын Қазақстан парламенті 1992 жылғы шілдеде, ал Ядролық қаруды таратпау туралы шартты 1993 жылғы желтоқсанда бекіткен болатын. Сөйтіп, Қазақстан өзінің маңызы жағынан тарихи қадам жасап, өз ықтиярымен өзінің аумағында орналасқан барлық ядролық қаруларды, яғни түп-тура мыңнан аса ядролық оқтұмсығы бар 104 құрлықаралық баллистикалық зымыранды жоюды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені мойнына алды.

Америкалық әріптестерімізбен мейлінше серпінді жүргізілген бірлескен келіссөздер әріптестік қатынастар орнату үшін негіз болғанын атап айтуым керек. Өйткені ядролық қару проблемалары, өз еркімен ядролық жарақтан бас тартып отырған мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары талқыланды. Бұл проблемалардың ерекшелігінің өзі әр тарап уәждерінің тазалығына деген сенім мен иланым деңгейінің барынша биік болуын көздейтін еді. Біз Қазақстан мен

АҚШ арасындағы өзара түсіністіктің осындай деңгейіне көтеріле алдық деп ойлаймын. Оның мәні алдыңғы күні Вашингтонда Президент Билл Клинтон екеуіміз қол қойған «Демократиялық әріптестік туралы хартияда» бейнеленген.

Егер Қазақстан-Америка қатынастары жайында тұтастай сөз қозғайтын болсақ, онда Қазақстан аумағындағы ядролық арсеналдың тағдыры туралы мәселені талқылаудан бастап біз әр қадам сайын ұзақ мерзімді достық, өзара сенім және құрмет қатынастарына негізделген кең ауқымды, өзара тиімді әрі жемісті ынтымақтастыққа қарай ілгерілей бердік деуге болады. Қазірдің өзінде саясат, экономика, мәдениет, білім беру, экология, ғылым мен технология, денсаулық сақтау және басқа салалардағы байланысты күшейту жөніндегі уағдаластықтарға қол жетті. Қазақстанның қауіпсіздігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен демократиялық дамуын қамтамасыз ету мәселелерінің маңызы мейлінше зор. Бұл салалардағы ынтымақтастық екіжақты негізде де, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған халықаралық және өңірлік қауіпсіздік құрылымдарының: БҰҰ-ның, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің, Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесінің шеңберінде де жүзеге асырылатын болады. Біз «16-ның» НАТО-ны кеңейту жөніндегі бастамасын Еуропадағы және оған іргелес өңірлердегі қауіпсіздік жүйесін нығайтуға қызмет ететін дер кезіндегі әрі болашағы зор шара ретінде қарастырамыз. Біз үшін НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасының шеңберінде ашылатын өңірлік қауіпсіздік пен оған қатысушы елдердің қорғаныс әлеуетін нығайту мүмкіндігінің айрықша маңызы бар.

Ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Қазақстан ендігі жерде оны таратпау режимін нығайтудағы өз рөлін күшейтуге, Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарт бойынша халықаралық кеңес әзірлеуге белсене қатысуға әзір. Біз, әлбетте, планетадағы ортақ қауіпсіздікті нығайтуға мүдделіміз. Әрине, Азия өңірінің болашағына біздің айрықша көзқарасымыз бар екені де түсінікті. Айтпақшы, Қазақстанның да, Орталық Азияның басқа мемлекеттерінің де ерекшелігінің өзі олардың бір мезгілде еуропалық та, азиялық та өңірлік халықаралық ұйымдар мен қаржы құрылымдарына мүше болуында жатыр.

Азия құрлығындағы қауіпсіздік – орасан зор маңызы бар проблема. Қарулы қақтығыстардың көбі нақ осында жалын атуда. Қарулы күштер мен ядролық қарудың шоғырлануы жағынан бұл – Еуропадан кейінгі ең үлкен өңір. Сөйте тұра, сан алуан себептерге байланысты мұнда көптеген мемлекеттердің басы бірікпей отыр. Дәл сол себептен мен БҰҰ Бас Ассамблеясы 47-ші сессиясының мінберінен сөйлей тұрып, ұжымдық қауіпсіздіктің біртұтас азиялық құрылымын құрудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жоспарын ұсынған едім. Алғашқы қадам ретінде мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыруды ұсындым, мұның өзі көптеген елдерде оң пікір туғызды. Қазірдің өзінде Алматыда халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Азия мемлекеттері сарапшыларының кездесулері өтті.

Қазақстанның сыртқы саясатының басым мақсаты – мемлекет шекарасының өн бойында өзіндік бір сенім мен тату көршілік белдеуін құру. Біздің саяси сөз саптауымызда «таяу шетел» аталып жүр-

ген кеңістіктегі ахуалды да оңай деуге келмейді, сондықтан оның халықаралық істерге ден қоюшылардың бәрінің айрықша ынтасын туғызатыны да түсінікті.

Мен тарихи қалыптасқан достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік қарым-қатынастарды, біздің халықтарымызды жүздеген жылдарға созылған ортақ тарих біріктіретін ізгілік атаулыны сақтап қалуды жақтап келдім және жақтай беремін. Қазақстан ТМД-ға мүше елдердің экономикалық интеграциясы идеясын дәйекті түрде жақтап, бұл ретте егемендік мүдделеріне қысым жасамай, ішкі істерге қол сұқпау қағидаттары мен әр халықтың өз қоғамдық құрылысының тәртібін өздігінен айқындауына деген құқығын толық құрметтей отырып, ынтымақтастығымыздың негізін сақтап қалу керектігіне баса көңіл бөледі. Достастыққа қатысу демократияны дамытуға қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуге, ұлтшылдықтан, шовинизмнен және ксенофобиядан туып, ТМД-ның біресе ана, біресе мына қиырында тұтанып жататын қақтығыстарға қарсы бірлескен шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сөз жоқ, интеграциялық үдерістер жаңа тарихи және саяси шындықты дамытудың, өзара байланыс пен ынтымақтастықтың соған сайма-сай жолдарын іздестіруді ескере отырып, біздің қатынастарымыздағы өзгерістерді теріске шығармайды, қайта қажет деп санайды.

Бұрынғы кеңестік республикалардың әрқайсысы осы кезеңнің сипаты мен ұлттық ерекшеліктер жайындағы өз пайымына сүйеніп, саяси және экономикалық укладтың белгілі бір нұсқасын таңдады. Мұндай таңдау сөзсіз құрметтелуге тиіс және оның дұрыстығына күмән кел-

тіруге ешкімнің де қақысы жоқ. Егемен мемлекеттердің ісіне қарулы қол сұғу туралы тіпті сөз қозғауға да болмайды. Қандай да бір ел кенет өзінің өмірлік мүдделері келесі бір мемлекеттің аумағында жатқанын мәлімдеп, базбіреулердің ол ықпал жүргізетін аймақтан шығып бара жатқанын айтып байбалам салатын уақыт өткен болар деп үміттенемін.

Империялық пайымның мұндай жаны сірі сарқыншағының мүлде келешегі жоқ. Тарихты кері бұру мүмкін емес. Ал ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ортақ қорғаныс кеңістігін қолдауға, кезең-кезеңімен экономикалық одақ құру мен бітімгершілік әлеуетті нығайтуға бағытталған күш-жігердің өткенді қалпына келтіру пиғылына ешқандай қатысы жоқ. Осы бағыттардағы іс-қимылды қолдай отырып, жаңа тәуелсіз мемлекеттер адамдардың қалыпты тіршілігін қамтамасыз ету мүддесі, олардың әлеуметтік қорғалуына кепілдіктер беру, шарасыздан қоныс аударуға жол бермеу, экономикалық тұрақтандыру мен дамудың ауқымды бағдарламаларын жүзеге асыруға жағдай туғызу үшін Достастық керек екеніне сүйенеді.

ТМД – мемлекет емес, ұлтүстілік құрылым да емес, Еуропалық Одақпен салыстыруға келетін, қалыптасқан жағдайдағы өңірлік өзара іс-қимылдың қалыпты тетігі ғана. Тек мұндағы айырмашылық – Батыс Еуропада интеграция идеясына кемелденіп үлгерген мемлекеттер қосылған болса, ТМД – әрқайсысы империялық мемлекеттің бір бөлшегі болып келген елдердің таңдауынан туған балама. Әрі бұл балама мейлінше саналы түрде таңдап алынды, өйткені бір мемлекетте тұрып келген, күнбе-күнгі қам-қарекеті мен мұң-мүддесі ұқсас жан-

дардың адами қарым-қатынастарының ортақ дәнекерлерін бір сәтте қиып тастау мүмкін емес.

Тәжікстан төңірегіндегі ахуалды мысалға алайықшы. Осы елге көршілес Ауғанстаннан экстремизм енуінің нақты қатерін туғызған қантөгісті қақтығыс бізді тәжік-ауған шекарасын қорғайтын ұжымдық бітімгершіл күштер жасақтауға жұмылдырды. Сонымен қатар, Тәжікстанда әрекет жасап жүрген саяси бағдары әртүрлі күштер келіссөздердің «дөңгелек үстеліне» отырып, бауырын бауыры өлтіретін қарулы қақтығыстарды тоқтату жөніндегі келісімге жетуі үшін белсенді шаралар қолданылып жатыр. Біз Таулы Қарабақтағы жанжалды реттеу жолындағы ТМД-ның толассыз жүргізіп жатқан ұжымдық әрекеттері ерте ме, кеш пе нәтижелі тиянақталатынына сенеміз. Ең бастысы – кез келген жанжалдың халықаралық деңгейде араласуды, соның ішінде қарсыласқан тараптарды келіссөз жүргізуге күштеп мәжбүрлеуді қажет еткен югославиялық қанды сценарий бойынша өршуіне жол бермеу.

«Бейбітшілік, даму, демократия» дейтін осы сөзімнің тақырыбын құраған ұштағанға орала келіп, халықтың кеңінен қолдауына ие болмайынша, бірде-бір саяси немесе экономикалық бастаманы іске асыру мүмкін еместігін атап көрсетсем деймін. Ал мұның өзі демократиялық жаңғыруларда ілгері басқан қоғамда ғана іске асуы мүмкін.

Қазақстанның тың
және тыңайған жерлерін игерудің
40 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ақмола қаласы,
1994 жылғы 25 ақпан

**Қымбатты отандастар!
Құрметті тыңгерлер мен тың ардагерлері!**

Әр елдің жылнамасында, шын мәнінде, дәуірлік сипатқа ие оқиғалар бар. Олардың маңызын, ауқымы мен қоғамдық-саяси дамудың бүкіл барысына әсерін тек қазіргі заманмен тығыз бірліктегі тарихи талдау тұрғысынан ғана объективті түрде бағалауға болады. Бұрын орасан зор елдің құрамына кірген басқа да тәуелсіз мемлекеттер секілді Қазақстан үшін мұндай оқиға тың дәуірнамасы болғаны сөзсіз. Бұл 40 жылдық

өзіміздің қалыптасқан түсінігіміз бойынша мерейтойлар қатарына жатпағанымен, осы салтанатты өткізуге шешім қабылданды, өйткені тың дастаны республиканың келбетіне ғана емес, сонымен қатар, қазақстандықтардың, бұрынғы Кеңес Одағындағы барлық халықтар өкілдерінің бірнеше ұрпағының тағдырына әсері тұрғысынан алғанда да шын мәнінде ерекше құбылыс.

Мұндай даталар айқын белгіленген идеологиялық міндетпен және дүрмекпен өткізілетін бұрынғы жылдардағыдан айырмашылығымыз – бүгін мүлдем басқа шындықпен өмір сүріп отырған біз істің мәніне мүлдем басқаша тұрғыдан жаңаша қарай аламыз және солай етуге де тиістіміз. Ілгерішіл және шын мәніндегі ерлік өнегелерінің бәрін ешбір кемітпестен, біз тыңның көпшілігі өзімізге мұра болып қалған және аса күрделі сипаты бар қазіргі проблемаларына сындарлы тұрғыдан қарауға міндеттіміз. Олар, өздеріңіз білетіндей, экономикалық қана емес, сонымен қатар, саяси, әлеуметтік және, тіпті, психологиялық салаларда да жатыр. Осы залда отырған адамдар, тың ардагерлері, тыңгерлердің қазіргі ұрпағы мұны кім-кімнен де жақсы түсінеді. Әрі біз сіздермен бірге ұлы еңбекпен, асырып айтпағанның өзінде бүкілхалықтық ерлікпен қол жеткен табыстардың зәредейінен де айрылмауға кім-кімнен де артық мүдделіміз.

Қазіргі өлшемдердің өзімен алғанда да, орасан зор бұл жоба басталған кезде, КСРО секілді супердержава өз мойнына түскен саяси зілбатпан салмақты көтере алмай, ыдырап кетеді деп ешкім ойламаған да болатын. Ауыр экономикалық тәуелділікке түсіп қалмай, өз халқын тойындыру, индустрияның дамуына қолдау

көрсету үшін елге мол астық, көп азық-түлік қажет болды. Әрі орасан зор күш-жігеріміздің арқасында сондай астық пен азық-түлік алынды. Мұның бәрі үшін басты қиындықты осы идея мен осы елдің қамын ойлап, оның жарқын болашағына әулиедей сене жүріп жан аямай еңбек еткен адамдар көтерді, өмірден алған азғантай үлесіне шын жүректен қуана жүріп, толып жатқан қиындықтарды жеңіп шықты. Қазір жас еліміз – Қазақстан Республикасы, оның халқы, тың өздерінің тағдырына айналған оны көтерушілердің бәрі пайда болып отырған мәселелерді дербес шешуге, оған жаңаша дем беру үшін бәрін істеуге мәжбүр болып отыр. Алғашқы тың игерушілер деген ардақты атқа ие болған адамдар да оқиғалардың мұндай бетбұрысын болжай алмаған болатын және олар тарих алдында да, өз ар-ұяты алдында да кінәлі емес. Бүгін мен тың ардагерлерінің бәрін осы оқиғамен шын жүректен құттықтап, шын мәніндегі ерлік еңбектері үшін оларға алғыс айтып, бәріне мықты денсаулық пен бақыт тілегім келеді. Олардың тәжірибесі мен білімі біздің жас мемлекетімізге әлі керек болады.

Мен ТМД-ның басқа республикаларынан – Ресей Федерациясынан, Украинадан, Беларусьтен, сондай-ақ көрші жатқан Қорған, Орынбор, Түмен облыстары мен Алтай өлкесінен келген қымбатты қонақтарымызды құттықтауға риясыз қуаныштымын. Олар жәй ғана қонақтар емес, осы салтанатқа тікелей қатысы бар жандар екенін атап көрсеткім келеді, өйткені олардың арасында алғашқы тың көтерушілер де, сондай-ақ қазір ауыл шаруашылығымен байланысты адамдар да бар. Біз, қазақстандықтар, бұрын арамызда болған, қазір де орын алып отырған туысқандық пен достық көмек

сезімін мәңгі сақтау үшін не керектің бәрін істеп жатырмыз деп сіздерді сендіргім келеді.

Күні кешегі дейтіндей кеңестік кезеңде бізде тыңның тарихын кезекті партия көсеміне лайықтап, өңін айналдыру салты болатын. Оның «дем берушілері» де, «бас сардарлары» да, «маршалдары» мен шені сәл төмендеулері де болды, олар туралы белгілі кітаптар жазылып, көркем және деректі кинотаспалар да түсірілді. Оларда ұмыт қалған тек «болымсыз» нәрсе – осы жерді маңдай терлерімен суарған адамдар мен шындықтың өзі ғана болатын. Егер тарихқа ақиқат көзімен қарайтын болсақ, көрініс сәл басқашалау болмақшы.

Тегінде тың дастаны Қазақстанда 1920-шы жылдардың аяғында-ақ басталған болатын. 1928 жылғы сәуір және мамыр айларында БК (б) П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы елдегі азық-түлік мәселесін шешу үшін Қазақстан мен Украина аумағында ірі астық және мал шаруашылықтарын құру туралы екі шешім қабылдап, жаңа кеңшарлар ұйымдастыруға қолдау көрсету жөніндегі комиссия құрылған-ды. Республика үкіметіне олардың құрылымы жөніндегі арнаулы уәкіл тағайындау ұсынылды. Ондай уәкіл болып Қазақстанның егіншілік халық комиссары Ф. К. Тоқтабаев тағайындалды. Комиссия КСРО-дағы барлық жаңа астық шаруашылықтарының 50 %-ы Қазақстанда құрылады деп белгіледі. Бұдан кейінгі екі жыл ішінде 1,5 млн гектарға жуық жер жыртылып, 19 жаңа кеңшар құрылды. Осы бағдарламаға сәйкес тиісті қаржы ресурстары бөлініп, техниканы көптеп әкелу ұйымдастырылды. Бірақ еңбек ресурстары негізінен жергілікті тұрғындардан, соның ішінде қазақтардан жасақталды. Тек 1929 жылы ғана 60 мыңға жуық қазақ астық шаруашылықтарында жұмыс

істеуге барды. Қазақ жастары үшін жер-жерлердің бәрінде тракторшылар курстары ұйымдастырылды. Жаңадан құрыла бастаған кеңшарлардан басқа жаңа жерлерді игерумен сол кезде жұмыс істеп тұрған ұжымшарлар да айналысты. Материалдық ынталандыру мақсатымен тың жерлердегі ұжымшарлардың барлық егіс алқаптары арнайы шешім бойынша мемлекетке міндетті өнім тапсырудан босатылды. Бірақ бұл шешім көп ретте орындалмады.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің жаңа кезеңі 1940 жылы, КСРО ХКК мен БК (б) П Орталық Комитетінің «КСРО-ның шығыс аудандарындағы: Алтай және Краснояр өлкелеріндегі, Новосібір, Омбы, Челябині облыстарындағы, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарындағы кеңшарлар мен ұжымшарларда астық шаруашылығын одан әрі көтеру туралы» қаулысы шыққаннан кейін басталды. Онда Қазақстандағы егіс алқабы тағы 1 млн гектарға ұлғайтылуға тиіс екендігі белгіленіп, мұнда Ресей мен Украинаның орталық аудандарынан 25 мың адамды көшіріп әкелу көзделді. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін жаңа жерлердің 750 мың гектарға жуығы игерілді. Бұл жұмыс соғыс кезінде де жалғастырылды. Елдің сол кезде жау басып алған Украинаның астықты алқабынан және Ресейдің бірқатар облыстарынан уақытша айырылып қалғандығын еске алсақ, мұның маңызы айқын көрінеді. Сұрапыл соғыс жылдарында майданды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, алапат тылды аштық өлімнен құтқарған диқандардың еңбегі баға жеткізгісіз. Әрі бұл диқандар негізінен әйелдер, балалар мен қарттар болғанын да есте ұстау керек. Олардың Ұлы Жеңіске қосқан үлесі,

азаматтық ерлігі ұрпақтардың есінде сақталуы керек. Оларға мың да бір тағзым.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда, басқа да республикалар сияқты, Қазақстанның алдында халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын қалпына келтіру міндеті тұрды. Оның үстіне, Қазақстан қолда барының бәрін нағыз туысқандарша өзгелермен бөлісті. Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның және басқа да республикалардың бүлінген аудандарына азық-түлік өнімдері, төрт түлігін қалпына келтіру үшін мал, көптеген басқа да заттар жөнелтілді. Өз кеңшарлары мен ұжымшарларының кадрлар құрамы елге қайтып жатқан майдангерлермен нығайтылды, олардың машина парктері әралуан техникамен толықтырылды, селоны электрлендіру жұмысы жүргізілді. Тек 1953 жылы ғана Қазақстан қалаларынан шаруашылықтарға, машина-трактор стансаларына 9 мыңнан астам маман жіберілді. Республика алдына азық-түлікпен тек өзін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар, бүкіл елге көмектесу міндеті тағы да қойылды.

Әрине, ол жылдарда ірі қателіктер болмай қалған жоқ әрі ол әкімшіл науқаншылдықтың салдары болатын. Және де бұл қателіктер, өкінішке қарай, одан кейінгі жылдарда да қайталанды. Мысалы, астық шаруашылығын көтерудің айқайшыл ұранын көтеріп, кезекті «жорық» жариялай отырып, өмірлік маңызы бар басқа салалар мүлде ұмыт қалдырылды. Сөйтіп, күштеп жиі-жиі мобилизация жасаудың, күш-жігерді тар өрісті міндеттерге шоғырландырудың салдарынан Қазақстанда мал шаруашылығына орасан зор нұқсан келтірілді. 1928 жылдан 1954 жылға дейінгі кезеңде ірі қара мен жылқы саны жартыға жуық қысқарды.

1930-шы жылдардың орта шеніндегі 20 млн қой мен ешкінің 2,5 млн-нан сәл астамы ғана қалды. Тек 1954 жылға таман олардың санын 18 млн-ға жеткізудің сәті түсті. Түйе шаруашылығы іс жүзінде толық жойылып кетті, айтқандайын, ол күні бүгінге дейін тіпті аз мөлшерінде де қалпына келтірілмеді. Соғыс әлсіреткен ауыл шаруашылығы және, атап айтқанда, елдегі астықтың жағдайы 1950-ші жылдардың бас кезінде елеулі алаңдаушылық туғыза бастады. Шұғыл шараларсыз қиындықтан шығу мүмкін емес еді, оның үстіне күллі Одақ экономикасының дамуына қатер төнді, өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің даму қарқыны арасында орасан зор сәйкессіздік пайда болды. Міне, сол кезде КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпан-наурыз пленумы тың және тыңайған жерлердің орасан зор алқабын қысқа мерзімде игеру міндетін бірінші орынға қойды. Негізгі үміт Қазақстан даласына артылды.

Дүниежүзілік практикада теңдесі жоқ осынау эксперименттің ауқымы мен қарқыны туралы 1954 жылдың өзінде-ақ Қазақстанда 8,5 млн гектар, келесі жылы 9,4 млн гектар жер жыртылғанынан пайымдауға болады. 1956 жылы жалпы айналымға 20 млн гектар жер енгізілді, мұның өзі жоспарланғанынан 3 есе көп еді. 1960-шы жылдардың басына қарай айналымдағы жыртылған егіс алқабы 32 млн гектардан асты, оның ішінде астықты алқап 22 млн гектарға жетті. Осы жылдар ішінде республикада 600-ге жуық кеңшарлар ұйымдастырылды, ауылшаруашылық техникасы мен автокөліктің саны талай есе өсті. Осы мақсаттарға орталықтан да, республикалық бюджеттен де орасан мол мөлшерде күрделі қаржы жұмсалды. Жалпы алғанда,

Қазақстанның қазіргі агроөнеркәсіп кешені – меншіктің түрлі нысанындағы 23 мың кәсіпорын.

Алға қойылған міндет шешілген сияқты болды. Астық өндірісі республика бойынша жалпы алғанда 3,5 есе, ал солтүстік аймақта 4,5 есе өсті. Бұл ретте астық сатып алу көлемі іс жүзінде 5 есе артты. 1956 жылы Қазақстан тұңғыш рет елімізге миллиард пұт астық берді, ал бұған дейін, тіпті жақсы жылдардың өзінде 100–110 млн пұт астық беретін. Сонда оны өткізуден түскен табыс 1 млрд сомға жуықтады. Бұл елдің астық балансындағы сандық және сапалық қарқындау болатын. Нақ сол жылдарда астықтың жалпы түсіміндегі бидайдың үлес салмағы күрт өсті. Қазақстан бидайдың күшті және қатты сорттарын өндіруде алдыңғы орынға шықты, бүгінгі таңда да ТМД елдерінің арасында сол орынды ұстап келеді.

Қолданыстағы тың – еліміз үшін тек мол астық қана емес. Оның индустриялық дамуына да қуатты серпін берілді. Тек 1953 жылға қарай Одақтың өнеркәсіп орындарында трактор шығару 17 есеге жуық, астық комбайнын шығару 140 есе өсті, ал басқа ауылшаруашылық техникасы мен жүк автокөлігін айтып та тұрғанымыз жоқ. Мыңдаған зауыттар мен фабрикалар Қазақстанның астықты алқабы үшін тапсырыстар алды. Өз ресурстары мен табиғи байлықтарына негізделген, бірақ, тың сияқты, біртұтас мемлекетке жұмыс істеген Қазақстанның өзінің де өнеркәсіптік әлеуеті күрт ұлғайды. 18 ірі өндірістік бірлестік тек ауылшаруашылық техникасын шығаруға мамандандырылды. Сервистік қызмет көрсету жөніндегі «Казагрорем-маш-холдинг» компаниясы қазіргі қатаң жағдайдың өзінде ойдағыдай жұмыс істеп тұр, оған машина-

лар мен жабдықтарды жасап, жөндейтін 52 кәсіпорын кіреді. Жаңа индустриялық кәсіпорындар бой көтеріп, өнеркәсіп орталықтары қалыптасып, теміржол магистральдары мен автомобиль жолдары төселіп, жаңа қалалар мен ауылдар пайда болып, ескілері осы заманғы келбетке ие болып жатты. Ауылда мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, сауда мен қызмет көрсету салалары дамыды.

Бұрын ондаған қауқарсыз ғылыми-зерттеу мекемелерінен тұратын ауылшаруашылық ғылымы да қолданыс тауып, дами түсті. Бүгінгі таңда біздің Ауыл шаруашылығы ғылым академиясы мамандандырылған 32 ірі институт пен 7 ғылыми-өндірістік бірлестікті біріктіреді. Олар іс жүзінде саланың барлық бағыттары бойынша зерттеу жүргізіп, солардың көбінде жетекші орында келеді. Мәселен, алғашқы тың игерушілердің бірі – академик Бараев атындағы ғылыми-зерттеу институтының талдамалары дүние жүзінің көптеген елдеріне мәлім болып, танылып отыр. Республикада агроөнеркәсіп кешенінің жоғары және орта буын мамандарын даярлау үшін жеткілікті дәрежеде берік материалдық-техникалық база құрылды.

Бұл көтерілген тыңның бізге бергендерінің қысқаша тізбесі ғана. Бірақ осындай әрбір істің астарында қарапайым адамдардың орасан зор еңбегі, көптеген қайталанбас тұлғалардың – әртүрлі деңгейдегі ұйымдастырушылар мен басшылардың жарқын таланты жатыр. Олардың көпшілігі қазір де біздің арамызда жұмыс істеп жүр, көпшілігін өзім біздің экономикамыз бен бүкіл Қазақстан қоғамын реформалау жөніндегі серіктерім мен пікірлестерім деп санаймын. Кем дегенде 250

мың тың игеруші мемлекеттік жоғары наградаларға ие болды, олардың 650-інің Еңбек Ері атағы бар. Өздері бұрынғы елдің наградаларын тағып жүрсе де, бұл олардың еңбектегі ерлігін ешқандай да кеміте алмайды. Мен ондай жүздеген адамның, соның ішінде қазір осы залда отырғандардың да аттарын атап бере аламын.

Олардың барлығы – азаматтық асқан борыштың әмірімен, өздерінің жүрек қалауымен кіршіксіз ізгі ниеттерін серік етіп, Кеңес Одағының әртүрлі түкпірлерінен Қазақстан жеріне келген алғашқы жолашар жандардың тамаша шоғырын құрағандар. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдавиядан, Балтық маңы мен Кавказ сырты республикаларынан, Орталық Азия өңірінен алғашқы екі жылдың ішінде 600 мыңнан астам адам келді.

Қазақстан комсомолдарының үндеуіне тек Украинаның ғана 58 мың еріктілері үн қатты. Олардың тең жартысы Қостанай және Ақмола облыстарына келді. Сол кезде Қазақстанға 28 мыңнан аса отбасы толық құрамымен қоныс аударды. Ақмола облысындағы «Мариновский» кеңшарындағы қыздардың еліміздегі құрбылары мен әйелдерді тың төсіндегі аудандарға келуге шақырған хаты қаншалықты жаппай пікір туғызғанын бәріміз де білеміз. Алғашқылардың арасында жастары мен мамандықтары әртүрлі адамдар – механизаторлар, құрылысшылар, дайындаушылар, медицина қызметкерлері, мұғалімдер, мәдениет пен сауда қызметкерлері болды. Армиядан босаған жауынгерлер эшелон-эшелон болып келіп жатты. Сол уақытқа дейін белгілі бір мамандығы жоқ, тек осында, тыңда ғана мамандық алып, өмірлік кәсіпке ие болған адамдар да аз емес. Содан кейінгі жылдарда да тыңға адамдар

толассыз келіп жатты. Осы уақыт ішінде барлығы 2 млн-ға жуық адам келді.

Оларды небір қиырлардан, сірә, жастық романтикасы мен таңсыққұмарлық қана емес, сондай-ақ, әлгіде өзім айтқандай, талай ұрпақ бойында тәрбиеленген отаншылдық сезімі, өз еліне көмектесуге деген шынайы құлшыныс алып келген болар. Сол жылдардағы газет материалдарынан алынған бір үзінді мынадай: «1954 жылғы наурыздың боранды бір күнінде алғашқы қоныстанушылар мінген трактор пойызы қарға көмілген кішкентай разъезден 90 шақырым жердегі әлі картада белгіленбеген барар жерді бағытқа алып жолға шықты. Бұрыш-бұрышына сіреу боп мұз қатқан жасыл вагондарда осынау беймәлім қиырға Мәскеу мен Ярославльден, Сочи мен Краснодардан шыққан жігіттер мен қыздар келе жатты. Олардың ең жасы он алтыда, ал ең үлкені жиырмадан жаңа ғана асқан».

Олардың кейбіреулері, негізінен қызық қуып келгендері, ауыр сынға төтеп бере алмай кері қайтты. Бірақ мұндайлар көп емес. Сондай-ақ басқа мақсатты, былайша айтқанда, партия немесе комсомол комитеттерінің «ерікті мәжбүрлеу» әдісін басшылыққа алғандар, яки көп ақша табуды аңсап келгендер де табандарын жалтыратты. Мұндай адамдарды тіпті де кінәлауға болмайды. Керек десеңіз, олардың көпшілігі адал жұмыс істеді, бедел мен құрметке бөленді, ал уақыты келгенде, өздері туған ошақ басына қайтып оралды. Ал басым көпшілігі барлық сынақтарға абыроймен төтеп берді және нақ осы адамдардан байырғы тың игерушілер ұрпағы жарқырап өсіп-жетілді, сөйтіп, олар Қазақстан жерінде қалып, осы жерден өз Отанын тапты. Бұл күндері қаһарман тың

игерушілердің балалары мен немерелері диқан еңбегінің эстафетасын қабылдап, оны лайықты жалғастыруда.

Алғашқы тың игерушілер тек еріктілер ғана емес, өз республикалары мен халықтарының өкілетті өкілдері болатын. Сондықтан бүгін біз, тұтастай алғанда, олардың тың және тыңайған жерлерді игеруге қосқан үлесін, әсіресе, алғашқы, ең қиын жылдарда барлық республикалардың Қазақстанға көрсеткен риясыз туысқандық көмегін атап айтпай тұра алмаймыз. Олардың бұл көмегі кейін тың астығы мен басқа да өнім түрінде өздеріне еселеп қайтты. Бірақ мен бүгін осы мінберден Қазақстанның тыңын, тұтастай алғанда, біздің экономикамызды көтерісуге қатысқан бүгінгі тәуелсіз мемлекеттердің баршасына шын жүректен шыққан алғысымды айтқым келеді. Бұрынғы Кеңес Одағының барлық халықтарына рахмет айтып, тың мерекесімен құттықтаймын, неге десеңіздер, бұл оқиғаға олардың бәрінің де азды-көпті қатысы бар. Тең құқықты серіктестік қағидатында біздің дәстүрлі достық байланыстарымызды қалпына келтіріп, дамытуға шамамыз жететін болар деп есептеймін, ал ол, сөз жоқ, барлық мемлекеттердің мүддесіне қызмет етер еді. Мен мұны қашан да жақтап келдім және жақтай беремін, үкіметтер мен халықтарды ТМД шеңберінде бірлесуге үндеуден тандамаймын. Адамдардың басым көпшілігі де осыны қалайтынына және мені қолдайтынына сенімдімін. Олар әрқайсысының жүрегін кернеген рухани жақындық пен туыстықтың ерекше сезімін жоғалтқысы келмейді. Біздің халықтарымызды бір-бірінен шекара тосқауылдарымен ажыратуға болмайтынына сенімдімін. Әйтпесе біз бәрінен ұтыламыз, ал ұтқандар мүлдем болмайды.

Мен осында адал еңбек етіп, өздерінің кір жуып, кіндік кескен жерлеріне оралған алғашқы тыңгерлерге де сәлемімді арнап, құттықтауларымды жолдаймын. Енді олар өз отандарында тыңның өкілетті өкілдеріне айналған.

Тыңды басқалармен бірге қазақстандықтар да игерді. Қоғамдық шақыру бойынша алғашқы жылдары ұжым-шарлар мен кеңшарларға, МТС-терге республикадан тыс жерлерден қанша адам келсе, соншама дерлік жергілікті тұрғындар да келді. 1956 жылға дейін тек Қазақстан қалаларынан ғана 10 мыңға жуық маман жіберілді. Сол жылдары қазақтар мен қазақстандықтарға ерекше борыш жүктелді. Көшіп келушілердің мұндайлық толқыны өмірдің қалыптасқан салтына, халықтың тағдырына әсер етпеуі мүмкін емес еді. Түбірлі өзгерістер үдерісіне өздерінің де қосылуымен бірге, жаңа адамдарды лайықты қарсы алып, олардың орналасуына, дағдыдан тыс және қатал жағдайларға бауыр басып кетуіне көмектесудің маңызы зор болды. Осы борышын қазақ халқы ойдағыдай орындап шықты деп қанағат сезімімен айтуға тиіспін. Олардың қолға алынып жатқан осы шаруаның өз республикалары үшін маңызын түсінуі, осынау ортақ үйге қадам басып кірген әр адамға тілектестік білдіріп, ілтипатпен қарсы алатын дәстүрлі меймандостығы мен жан жылуы шешуші рөл атқарды. Келушілерге көмектесе жүріп, жергілікті тұрғындардың өздері де көп нәрсені үйренді, жаңа білімдер мен кәсіптерді меңгерді, қоныстанушылармен бірге өзара қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастырды.

Біз қазір құрып жатқан азаматтық қоғамның алғашқы үлгісі тыңда қалыптасты десем, шындыққа

қиянат жасай қоймаспын. Қазақстандық тыңгерлердің мүдделер мен тағдырлар ортақтығымен, мақсат бірлігімен, бірлескен еңбекпен, өмірлік тәжірибемен бекітілген ерекше туысқандығы нақ сол кезде дүниеге келді. Бұл туысқандықтағы қатынастарын адамдар белгілі бір ұлтқа жататындығына емес, әркімнің жеке беделіне қарап құрды, мұнда кім-кімге де еңбегіне, кәсіпқойлық шеберлігіне, ар-ұяты мен айналасындағыларға деген көзқарасына қарай құрмет көрсетіледі.

Тыңның сабақтарын ой елегінен өткізе отырып, өз басым тағы бір қорытындыға келдім. Қазақтар, орыстар, украиндар, молдавандар – осы жерді өз терімен суарған адамдардың бәрі тыңгер атын қалай мақтан тұтқанын, қазір де мақтан ететінін еске түсіріңіздерші. Өзінің мәні жағынан ұлы деуге тұрарлық осынау сезім мен «қазақстандық патриотизм» ұғымы кейін емес, дәл сол кезде дүниеге келді.

Тыңның 25 жылдығы қарсаңында республиканың астанасында тыңгерлерге арнап монумент тұрғызу туралы шешім қабылданғанын, тіпті осыған орай тас белгі де орнатылғанын жақында білдім. Бізде жиі болатынындай, кейін ол ұмыт қалыпты. Осы идеяға қайта оралып, тыңдағы туысқандықтың жалпы қазақстандық монументін алғашқы тыңгерлердің ерлігіне деген барлық ұрпақтар құрметінің белгісі ретінде тым болмаса тыңның 50 жылдығына қарай орнату керек деп ойлаймын.

Қазір біздің едәуір әлсіз қоғамдық-саяси тепе-теңдікте өмір сүріп жатқанымызды жасыра алмаймын. Иә, республикада тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталып отырғандығы рас. Тағдырдың талайымен бұрынғы кеңестік державада емес, мүлдем жаңа мемлекетте тұрып жатқан, психологиялық жағынан әлі

өзгере қоймаған және өз таңдауын енді-енді қолға алған адамдардың табиғи алаңдаушылығын пайдаланып, тепе-теңдікті бұзуға түрліше әрекет ететін күштер де табылады. Иә, адамдар көшіп кетіп жатыр, соның ішінде тың аймақтарынан да ірге көтерген орыстар, немістер, украиндар, басқа да ұлттардың өкілдері бар. Олардың әрқайсысының өз себебі мен бұл мәселені ешқандай қысымсыз-ақ жеке өздерінің шешуіне ешкім қол сұға алмайтын құқығы бар. Бұл әбден табиғи құбылыс және оның үдерісі, кейбіреулердің құтыртып жүргеніндей, жаппай сипатқа ие болып отырған жоқ. Бірақ, шынымды айтайын, осындай ірге көтерудің әрқайсысы маған ауыр тиеді. Неге десеңіз, Қазақстанның кең байтағында әмбеге орын табылады, қайда тұрамын, қайда жұмыс істеймін дейтін емес. Бұл – біздің Отанымыз. Экономикамыздың болашағы үшін де адамдар керек, жұмыс қолдары керек. Мен адамдардың еркін жүріп-тұруын, тұрғын орны мен жұмыс орнын таңдай алуын, төрешілдіктің сөзбұйдасынсыз азаматтыққа ие болуын қалаймын. Өздеріңіз білесіздер, мен өзімнің жарлығыммен Қазақстандағы осы тәртіпті оңтайлаттым және осыған байланысты келісім жобаларының топтамасын басқа мемлекеттердің басшыларына жібердім. Бұл бірден-бір ақылға қонымды шешім болар деп есептеймін. Адам қай жерде өмір сүрсе де, оған өзінің ұлттық қажеттерін – өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын пайдалана алу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл қазақтарға да, соның ішінде өздерінің тарихи отанынан тыс жерлерде тұратын қазақтарға да тең дәрежеде қатысты деп есептеймін.

Адамдардың табиғи сезімдерін саудаға салып, әлдебір «ұлттық картаны» ашпақ болған жекелеген

саясатшысымақ қайраткерлер отпен ойнап жүр. Олар мемлекетті әлсіретіп, адамдардың арасын ушықтырып, қазір өзіміз бақылап отырған Таулы Қарабақ пен Югославиядағыға ұқсас қантөгіс туғызуы мүмкін. Сондықтан мұндай содырлар міндетті түрде заң арқылы қудаланып, тиісті жазаларын тартулары керек. Мұндай заңдар бізде бар және мемлекет, біздің Конституциямызда көзделгендей, өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына жаппай қол сұғу аласапыранынан қорғауға міндетті. Сіздер менімен келісесіздер ғой деп ойлаймын.

Мен біздің болашақ азаматтық қоғамымыздың түпкі үлгісі ретіндегі тың бауырластығы жайында бекер айтып тұрған жоқпын. Оның мәні біздің бәріміз бірлесе отырып Қазақстан азаматтарының біртұтас экономикалық, саяси және мемлекеттік мүддемен байланысқан саяси ортақтығын нығайта беруге тиіспіз дегенге саяды. Мұндағы басты нәрсе – кімнің қай ұлтқа жататындығы емес, «Мен – Қазақстан азаматымын, қазақстандықпын» деген азаматтық сезім. Әрі бұл біздің әрқайсымыз үшін өзіміздің кім екенімізді айқындаудың негізі болуға тиіс. Кейде біз өзіміздің ұлттық «менімізді» бадырайта көрсету арқылы өз Конституциямызға қайшы келетінімізді ұмытып кетеміз. Ол «Біз, Қазақстан халқы...» деген сөздермен басталатынын естеріңізге тағы бір сала кеткім келеді. Мұндағы басты қағидат – ұлттық және әлеуметтік тегіне, дініне, жынысына қарамастан, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі. Осы белгілері бойынша немесе белгілі бір тілді білмеуіне қарай қысым көрсетуге я болмаса кемсітуге үзілді-кесілді тыйым салынады. Бұл қағидалар әрбір қазақстандықтың қаны мен тәніне етене кірігуі керек.

Ол – біздің Негізгі заңымыз және сонда жазылған нәрсе ғана заңды болып табылады. Жұрттың бәрі соны орындаулары керек. Тек сонда ғана біз өз еліміздің өркендеуі үшін қоғамның топтасуы идеясын жүзеге асырамыз. Тек осындай саясат арқылы ғана біз экономикалық дағдарыстан шығудың жолын тауып, өз болашағымызды пәрменді де серпінді түрде құруға мүмкіндік аламыз. Қазақстандықтарды бұлай топтастырудағы салмақты сөзді тыңгерлер, аргоөнеркәсіп кешенінің барша қызметкерлері айта алады және айтуға тиісті деп ойлаймын.

Қазақстан тыңының өзіндік жұлдызды сәттері болды, бірақ өкінішті сәтсіздіктері де болмай қалған жоқ. Олар осынау аса маңызды науқанды жоспарлау мен жүзеге асыру барысында жіберілген қателіктер мен жаңсақтықтардың салдарынан болды. Өзіміз әу баста келіскеніміздей, біз мұны да талқылауға тиіспіз. Ол ең әуелі дұрыс қорытындылар жасап, дағдарысты жағдайдан шығуымыз үшін керек.

Қазақстанның баға жеткізгісіз жер байлығын игеру қандай да бір терең ойластырылған жоспарсыз әрі, керек десеңіз, ғылыми негіздеусіз большевиктік әпербақандықпен басталғанын бірден ашып айту керек. Айтпақшы, қайта құру да осылай басталған болатын. Жан-жақтан жеткен маман-практиктер өздерінің егіншілік жүйелерін ала келді, Қазақстанның топырақ-климат жағдайына сәйкес келе бермейтін дағдылы аграрлық тәсілдерін пайдаланды. Бұған қоса, жүздеген мың жас жер өңдеумен алғаш рет бетпе-бет келгенін айту керек. Бастапқыда осы аса зор жобаның негізіне астық түсімін өндірістік ресурстарды экстенсивтік пайдалану есебінен арттырудың кесірлі идеясы алынды. Әрі ол

Қазақстанның әртүрлі аудандарындағы жағдайлардың барлық ерекшеліктерін саралап, ескерместен берекесіз түрде жүзеге асырылды. Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды облыстарында негізінен жайылымдық ретінде жарамды құрғақ далалы және шөлейт жерлер бейберекет жыртылды. Нәтижесі белгілі – жалпы алғанда түсімнің өсімі болмашы ғана, жекелеген өңірлерде күні бүгінге дейін гектарынан 7 центнер мен 3 центнердің арасында ауытқып отырады.

Мұндай көзқарас одан кейінгі кезеңге де тән болды. 1961 жылдан 1986 жылға дейін тағы да 11,3 млн гектар өнімсіз деп аталатын жер жыртылды. Сөйтіп, республикада өңделген егістік алқабы 41 млн гектарға жетті. Бұл кезеңде, сірә, дұрыс пайым емес, сол кезде өзіндік бір сәнге, базбір мемлекет қайраткерлерінің өмірлік мәніне айналған даңғаз-дабыра мен баянаттар үстемдік алған болу керек. Осында отырған ардагер-басшылар мені кешіріп қойсын, бірақ солай болғаны рас. Мұның неге апарып соққанын өздеріңіз пайымдай беріңіздер: егер 1980-ші жылдардың ортасына қарай Ресейдегі егіс алаңдары барлық жердің 1 %-ынан кем болса, Қазақстанда ол 15 %-ға жақындады. Соның бәрі бүгін түкке тұрғысыз болуы үшін соншама орасан зор мөлшердегі ресурстарды шығындаудың қажеті бар ма еді?

Біздің кеңестік гигантоманияның да кесірі аз болған жоқ. 1960-шы жылдардың басында тың төсіндегі аудандарда 126 астық кеңшары құрылды. Олардың әрқайсысының орта есеппен 50 мың гектардан астам пайдаланылатын жері, оның ішінде 40 мың гектарға дейін егістігі болды. Наурызым ауданындағы Козлов атындағы кеңшар шын мәнінде рекордшыға айналды, оның жер көлемі 388 мың гектарға, ал егістік жері 67

мың гектарға жетті. Мұндай алып шаруашылықтар Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Ақтөбе және басқа облыстарда әлі күнге дейін бар. Әлбетте, мұндай кеңшарлардың қормен және энергиямен жарақтандырылуы төмен болады. Бұл егістікті өңдеу сапасына да салқынын тигізеді. Қараңыздаршы: орта есеппен бір қызметкер Ресейде – 11, 6 гектар, Украинада – 5,6, Беларусьте – 4,7, Молдовада – 3,5, ал Қазақстанда 21,1 гектар, тың төсіндегі облыстарда – 50–60 гектар жер өңдейді. Мұны біз кезінде мақтаныш етіп айтатынбыз. Бірақ бұл арада шаруашылықтың тиімділігі туралы айтуға бола ма?

Бұрынғы саяси жүйе мен оның идеологиясы туғызған әлеуметтік және, сонымен қатар, психологиялық сипаттағы келеңсіздік туралы да айтпай кете алмаймын. Бұл, өкінішке қарай, республиканың бүкіл аграрлық секторында күні бүгінге дейін сақталып отырған келеңсіздік. Ең алдымен бұл – орасан зор салғырттық, дертке айналған деуге болатын масылдық. Ол әуелі шаруашылықтардың, аудандардың, облыстардың, агроөнеркәсіп орындарының басшыларына қатысты. Біз астығымызды жоғарыдан түскен бөлу қағазы бойынша, кейін оны кім алатынын да білместен, елге су тегін беретін, бойымызға ондаған жылдар бойы сіңіріліп келген зиянды практика іске қосылатын. Өзіміз де техниканы, тыңайтқыштарды, жанар-жағармай материалдарын, тағы басқаларды дәл солай су тегін алатынбыз. Ал осының бәрі шынында қанша тұрады және бәрі үшін түбінде бір есеп айырысуға тура келмей ме? – деп ешкім де ойланған емес. Тек білетініміз – тағы сұрасақ, тағы беретіні. Тыңға бермеуге бола ма екен? Қиындықтың негізі барлық қарыздар үшін есеп айырысатын кездің жеткенінде болып отыр. Әрі мұны қазір өзіміз істеуіміз

керек. Осы қиындықтарды туғызған мемлекет қазір жоқ.

Егер тың экономикасының артықшылықтары мен кемшіліктерін нарық тұрғысынан саралайтын болсақ, онша қуанарлық көрініс шыға қоймайды. Оның 40 жылдық тарихының 10 жылы мүлдем қуаңшылықты болғанын еске алсақ та жеткілікті. Қазақстанның өзі де көбінесе астық пен жемді басқа жақтан сатып алуға мәжбүр болды. Жекелеген жылдарда ондай сатып алу көлемі 2 млн тоннаға дейін жетіп жүрді. Осы 40 жылдың өн бойында мемлекет ауылдың қарызын өтеумен келді. Соңғы бесжылдықтарда 350-ге тарта шаруашылық, яғни әрбір бесінші шаруашылық ұдайы шығында болып келді. Қайтсең де, қай сапада болса да, астық бер дейтін қағидат үстем болды. Тек 1992 жылы ғана барынша мол орташа түсім болып, әр гектарынан 14,8 центнерден айналды. Бұл көрсеткіш тек 13 жылда ғана 10 центнерге жетіп жүрді. Дүние жүзінде бірде-бір ел өзінің ауыл шаруашылығын осыншама шығынмен жүргізбейді.

Ғалымдардың есептеп шығарғанындай, қазір, нарықтық қатынастарға көшу жағдайында, астықты әлемдік баға бойынша сату гектарынан 10 центнерден кем түспейтін өнім алынғанда ғана тиімді болады екен әрі бұл астық елдің өз қажетін қойып, сатуға жұмсалуды тиіс екенін ескеріңіз. Яғни, алынған астықтың тоннасы 80–100 АҚШ долларына түсуі керек. Ал бізде осындай түсім беретін танаптар тек 16 млн гектар, яғни жалпы егіс көлемнің 65 %-ы ғана.

Бәлкім, мынадай күнде кемшіліктер туралы айту жөнсіз емес пе дейтіндер болар. Бірақ: «Қазір таңда жағдай неліктен соншалықты нашар әрі қиын болып кетті?» – дейтін сұрақты қалай аттап өтуге болады? Тегі,

қазір бұрынғы КСРО-ның бүкіл аумағындағы қай жерде тұрмыс жақсы екен? Еш жерде де жақсы емес! Мұның себебі, біріншіден, біртұтас мемлекеттің және оның бірыңғай экономикалық организмінің ыдырауында. Екіншіден, тың бүкіл елдің мұқтажы үшін көтерілді және тыңды бүкіл ел қамтамасыз етіп отырды. Жоғарыда айтылғандай, жер-жердің бәрінде тыңға арнап тракторлар, машиналар, жабдықтар, тыңайтқыштар шығаратын зауыттар салынды. Енді бұл зауыттардың көпшілігі банкрот болып, қаңқиып тұр. Оларда ақша жоқ. Қажет нәрсенің бәрін сатып алуға ауылдың да ақшасы жоқ. Үшіншіден, қазір бәрін сатып алып, бәрін сатуға тура келеді әрі оны нарық белгілеген бағамен істейсің. Ал бергенінен алғаны артық болатын шығындық астық өндірісі өз бетінше өмір сүре алмайды.

Біз астық өндірісінің көлемін сақтап қалып, оны бұрынғы тұтынушыларға сатқымыз келер еді. Олар ТМД-ның барлық елдері дерлік, бірақ енді олар сол астыққа тапсырысты күні бұрын беріп, келісім-шарттар жасасуға және тұқым себу, егісті баптап күту жұмысын жүргізу үшін бізге аванс ретінде ақы төлеуге тиіс. Бірақ оларда да ақша жоқ. Ал біз оны қайдан алмақпыз? Өзінің мемлекеттік мұқтаждары үшін Қазақстанға жыл сайын тек 5–6 млн тонна астық қажет. Егер өнім көлемін толық сақтаймыз десек, біз тіпті алыс шетелден болса да алушы табуымыз керек.

Бәлкім, базбіреулер өткен күнге қайтып оралуды көксейтін шығар. Менің де көксегенім бар, бірақ ол қайта оралуды емес, біздің ең болмағанда қалыпты достастықты, ортақ экономикалық және кедендік кеңістікті құрып, экономиканы жандандыруымызды, бір-бірімізге көмектесуімізді көксеу. Тіпті бұл да жүзеге

аса қалғанның өзінде бәрібір енді тегіншілікке қайта оралу жоқ. Нарық тетіктері жұмыс істейтін болады. Бірдеңе сатып алу үшін өзің де бірдеңе сатуың керек және шамаңа қарап өмір сүруге тура келеді.

Егер біз бұрынғы психологияның сарқыншақтарын жеңе алмасақ, онда реформаларда малтығып, үңірейген тесіктерді тығындау да қолымыздан келмей, ешқандай нарықты да құра алмасымызға сіздерді сендіре аламын. Бүгін біздің әрқайсымыздан бастамашылық, жігерлік, күш-қуатты барынша жұмылдыру, талмай іздену талап етіледі. Қолда бардың бәріне ұқыптылықпен және құнттылықпен қарап, әрнеге ыждағатты болу керек. Мыңдаған тракторларды, комбайндар мен автомашиналарды жарамсыз деп істен шығарып, астықты қайда сатарымызды білмей қоймада шірітіп, тыңайтқыштарды қар мен жаңбырдың астында қалдыратынымыздың қандай жөні бар?

Одақтың да, қолында барын аямайтын шүлеңгір мырзаның да енді жоқ екенін бәріміз де түпкілікті түсінетін уақыт жетті. Турасын айтайын – қазір біздің үкіметте де, банктер мен Ауыл шаруашылығы министрлігінде де ондай шүлеңгір мырза жоқ. Иә, қазір агроөнеркәсіп кешеніміз аса қиын жағдайларды басынан кешіріп жатқанын түсінеміз. Олар тың көтерудің стратегиясы мен тактикасындағы жаңсақтықтардың салдарынан да, экономикадағы қайта құрулар үдерісінің объективті дамуынан да болды. Әрине, біз дағдарысты жағдайдан шығудың жолдарын ұдайы іздеп, таба береміз, ауылдағы өнім өндірушілерге үнемі көмек те көрсетеміз. Бірақ ондай көмек тиімді жұмыс істеп, мемлекет жұмсаған қаржыны қайтара алатындарға берілетін болады.

Күн сайын көптеген аудандардан түрлі петициялар мен көз жасын көлдеткен жалынышты өтініштер алып жатамыз. Бірақ олардың бәрі бірдей ілтипат туғыза қоймайды. Бізде өз міндетін үкіметтен үнемі әлдебір нәрсені «қағып түсіру» деп түсінетін басшылардың тұтас бір тобы айқындалды.

Мысалы, тек бір ғана Агробанктің несиелері бойынша шағын талдау оның клиенттерінің арасында негізгі және айналымдағы қаржысы, яғни өзінің бүкіл құны қарыздарын жаба алмайтын 350 шаруашылық бар екенін анықтады. Мұндай клиенттер санының ең жоғарғы көрсеткіші Көкшетау облысында, яғни олардың саны 138. Сірә, бұл кездейсоқ болмаса керек. Онда тек шаруашылықтар ғана емес, сонымен қатар, тұтас аудандар несие қағумен, қағаз жазумен ғана айналысады. Бізге осы облыстың Чистополье ауданынан келіп түскен, үш басшының қолымен куәландырылған хаттан бірер үзінді келтірейін. «Ауыл шаруашылығына қатысты ойластырылмаған саясат, – деп жазады авторлар, – ауыл еңбеккерлерінің үкіметке деген сеніміне селкеу түсіріп, ауыл тұрғындарының мемлекеттік құрылымдарға наразылығын туғызады».

Сонда олар ойластырылған саясат деп нені есептейді екен? Сөйтсек, олары: несиелік қарыздарды есептен шығару, жәрдемақыны көздеу, баға тепе-теңдігін белгілеу, өндірілетін және сатып алынатын өнімдердің барлық түрлерінің қосымша құнына салынатын салықты азайту, төменгі пайыздық мөлшерлеменен ұзақ мерзімді несиелер беру болып шықты. Әрі мұның бәрі не үшін керек екендігі, өндірістің қалай жүргізілетіндігі туралы бір ауыз сөз жоқ. Олар өз көрсеткіштерін де сыпайы ғана жылы жауып қойыпты. Әрі өздерінің жаңа

жағдайда басшылық ете алмайтындары, аудан экономикасын реформалауға дәрменсіз екендіктері туралы да ләм демейді. Тек бір кездегі лепірмелік салтымен: «Өз кезегімізде біз еңбек ұжымдарындағы қалыпты еңбек ырғағын, келісім мен төзімділікті қамтамасыз ететіндігімізге сіздерді сендіруге әзірміз», – деп аяқтапты. 1970-жылдары біз үкіметте отырып, осындай хаттар алатынбыз, бәрін бір құжатқа тоғытып, Мәскеуге аттандыратынбыз. Ал енді қайда аттандырамыз?

Мұндай хаттар бізге басқа да облыстардан, Шаруалар одағынан, Ұжымшаршылар кеңесінен, Шаруалар қауымдастығынан келіп жатты. Шамасы, біреулер 1991 жылы 4 млрд сомға жуық несие қарызы есептен шығарылғанын ұмытып та кетсе керек. Содан бері екі жыл өтті, ал агроөнеркәсіп кешенінің несие қарызы тағы да 4 млрд-қа жетті, бірақ бұл жолы теңгемен.

Мұндай шарасыздықты, әсіресе, қиындықтан шығар жол тауып, өнім өндіруді арттырып, несие берушілерімен есеп айырысып, өз еңбеккерлеріне қолдау көрсетіп отырған шаруашылықтар аясында көру тіпті өкінішті. Ал мұндай шаруашылықтар республикада аз емес – 400-ге жуық. Мәселен, республика астанасына жақын маңдағы «Алматы» ұжымшары ұдайы жақсы көрсеткіштермен шығады. Ол – ірі шаруашылық: 57 мың гектар жері бар, оның 18 мыңы – егістік жер, 2 мыңға жуық сиыр, 30 мың қой, 550 жылқы өсіреді. Шаруашылықтың жыл бойынша табысы 4,4 млн теңгеге жетті, несиелік қарызы жоқ. Табыстың 60%-дан астамы жинақ қорына жіберілді. Солтүстік Қазақстан облысындағы В. И. Чапаев атындағы ұжымдық кәсіпорын мен Семей облысындағы кеңшар негізінде құрылған «Приречное» жеке кәсіпорны да жақсы аталуға лайық.

Екі шаруашылық та қиын жағдайда рентабельділікті елеулі түрде арттыру жолдарын тауып, өндірістік те, әлеуметтік те мәселелерді табысты түрде шешуде.

Қазіргі кезде «көптің көзіне түсу» мақсатымен әртүрлі мінберлерден сөйлеу, жазу, талап ету, сынау сәнді үрдіске айналды. Тегі, бүгін кімдікі дұрыс? Кімдікі болсын – кінәлілерді іздеп, үкіметті, реформалардың барысы мен реформалардың өзін және т. б. сынайтын, бірақ еш жаңалық, ешқандай ой-пікір айтпайтын адамдікі дұрыс. Мен өзім үшін өзіндік бір тұжырым жасадым – кімде-кім кінәлілерді мүлдем іздемейтін болса, белгілі бір проблемаларды шешудің нұсқаларын ұсынып, тауып, нақты іспен айналысатын болса, түптің түбінде соныкі дұрыс. Тек сондайларға көмектесу керек.

Мен алдыма ауыл шаруашылығындағы істің жағдайына егжей-тегжейлі талдау жасайын деген міндет қойған жоқ едім, дегенмен агроөнеркәсіп кешенін реформалаудың кейбір қырларына сіздердің назарларыңызды аударсам деймін.

Әуелі сіздерге салтанат қарсаңында екі жарлыққа қол қойғанымды айтайын. Біріншісі – ведомствоаралық есеп өткізу туралы. Екіншісі, бәлкім, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін ең көкейкесті мәселеге қатысты – қаржы борыштарын төлеуді 2000 жылға дейін шегеру туралы. Бұл аграрлық секторға зор қолдау болар еді деп есептеймін. Біз менің жарлығым бойынша биыл кең ауқымды жекешелендіру жүргізу үшін жұрттың бәріне бірдей бастапқы жағдай жасау мақсатымен осындай қадамға соңғы рет барып отырмыз. Әрбір жұмыскер жерге және қорларға ие болғаны жөнінде құжат алып, ұжымдық шаруашылықта қалатынын немесе өз ісін бастайтынын өзі дербес шешуге тиіс деп есептеймін.

Дұрыс түсінігіңіздер, мен қуатты шаруашылықтарды күйрету жағында емеспін. Керісінше, жауапкершіліктің әрбір адамға нақты жүктелгенін, өндірістік қызметтің нәтижелері үшін, еңбек ұжымындағы жағдай үшін өзі жеке жауап беретін нақты қожайынның болғанын жақтаймын. Мемлекеттік шаруашылықтың әрбір басшысы үкіметпен шартқа қол қоюы тиіс, ал ол екі тармақтан тұрады: біріншісі – банкроттыққа жол бермейтіні жөніндегі кепілдігі және екіншісі – басқарудың сипатын өзгертіп, шаруашылықты нақты жекешелендіруге дайындауға міндеттенуі. Бұлай болмағанда, басқа басшы тағайындалуы тиіс.

Бірақ алға қарай жылжу үшін біздің бәріміз мейлінше жаңа тәсілдер іздеуіміз керек. Егер бұрынғы жолмен жүре берсек, онда жыл соңында бастапқы шебімізге қайта ораламыз, ал ол сөзсіз толық түрде банкроттыққа соқтырады. Меніңше, басты міндет – таяудағы 2–3 жыл ішінде меншік түрін өзгерту мен жаңа технологияларды енгізу негізінде экстенсивті ауылшаруашылық өндірісімізді жігерлі түрде реформалау болуы тиіс. Дәнді және азықтық дақылдардың орасан зор алқаптарын, миллиондаған мал табындарын бұрынғы өнімділігі мен өсімділігі төмен күйінде сақтап қалуды Қазақстан көтере алмайды. Сондықтан экономикамыз үшін аса зиянды бұл жағдайды батыл өзгертіп, қалыпты тәртіп орнату қажет. Бұл жұмыстың негізіне екі қағидат – өндірісті қарқындалту мен рыноктағы сұраныс алынуға тиіс.

Сондай-ақ қазір сабан мен сүрлем басым болып отырған жемшөп өндірісін жетілдіру жөнінде де түбегейлі шаралар қажет. Жұғымдылығы жөнінен теңдестірілген, малдың өнімділігін арттыру есебінен қайтарым

беріп өзін өзі ақтайтын жемшөпті ғана өсірген дұрыс. Қазақстан жағдайында бұл тек пішен мен пішендеме бола алады, ал олар қазір жемшөп балансында тек үштен бір үлеске ғана ие болып отыр. Жол біреу-ақ – мал санын қысқарта отырып, пішен мен пішендеме өндіруді еселей түсу керек. Ол үшін егіс алқаптарының бүкіл құрылымын өзгертуге батыл түрде бару қажет.

Бұл ретте жемшөп базасы тек қоғамдық секторға ғана емес, сондай-ақ кооперативтік және жекеменшік шаруашылықтарға да жұмыс істеуге тиіс. Біз ауылдық елді мекендердің айналасына жайылым аймақтарын жасау жөнінде талайдан бері айтып келеміз, бірақ қимылымыз тым баяу. Соңғы бесжылдықта ғана жекеменшік сектордағы ірі қараның саны 1 млн-нан аса, ал қой мен ешкі 5 млн-ға жуық өсті. Олардың бәрі елді мекендердің айналасында ешқандай ұйымдастырусыз және таратусыз емін-еркін жайылып жүр.

Ең қысқа мерзімде тұтынушылар кооперациясы, кеңшарлар мен ұжымшарлар арқылы әрбір орталық елді мекенде ет пен сүт ұқсататын, мал соятын пункттер құру керек. Жекеменшік аулаларда өндірілетін сүт пен ет Қазақстанның бүкіл халқын тамақтандыру үшін әбден жетеді. Проблеманы шешудің жолы әрі қарапайым жолы, міне, осы. Сауда жүйесін де жолға қою керек. Ауыл адамдары сүт құйылған шелектері мен еттерін көтеріп, автомобиль жолдарының бойында қашанғы тұрмақ?

Өзірге бұл мәселелерді шешуден гөрі сөз көп. Ал шынтуайтында бұл жергілікті билік органдары басшыларының тікелей міндеті ғой. Ең болмағанда осыны істеңіздерші, сонда адамдар сіздерге алғыс айтатын болады.

Аграрлық секторды 2000 жылға дейін дамыту бағдарламасына дәнді дақылдар егістігінің аумағын, мал басын күрт қысқарту енгізілген. Әрі бұл дұрыс жол. Бізге көлем емес, өнім қажет. Бізге оппоненттеріміз: «Жұмыстан босағандарды қайда орналастырамыз?» – деседі. Егер осы қысқа фермалар кадрлармен толық қамтамасыз етілмеген күйі түскен болса, онда қандай жұмыссыздық туралы айтуға болады? Шопандардан 4 мың адам жетіспеді, сондай-ақ 10 мың сауыншы, бұзаушы және малшы орны бос тұр.

Өткен жылғы егін орағын алыңызшы. Бізге кереті 35 мың механизатор еді, ал олар болмады. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің оқушыларын жұмылдыруға, қалалар мен аудан орталықтарындағы кәсіпорындардан адамдар тартуға, таяу шет елдерден әкелуге тура келді. Ал, айталық, астанадан Қостанай шаруашылықтарына дейін КамАЗ автомобилін әкелу, жүргізушінің тұрақты жұмыс орнындағы жалақысының 75 %-ы сақталатынын ескергенде, шаруашылық үшін 50 тонна бидай құнына түседі. Гектар түсімі 8 центнерден айналғанда оны 100 гектар жерге өсіру қажет болады. Әрі бұл жерде сол жүргізушілерге заттай төленетін ақы мен оны егін орағына жібергендерге жеңілдік бағасымен сатылатын бидай есепке алынған да жоқ. Айталық, Қостанай облысы бұрынғысынша егін орағына шеттен 6–8 мың автомобиль, ТМД-дан 2–3 мың механизатор тартатын болса, онда астықты алқаптың үштен бірінің өнімімен есептесуіне тура келеді. Бұл кімге керек?

Сондай-ақ өмір қоғамдық сектордағы картоп, көкөніс, жеміс-жидек дақылдарының алаңын қысқартуды талап етіп отыр, ал олардың есесін жекеменшік сектор толтыруы тиіс. Бүгін таңда тек саяжай учаскелеріне 100 мың

гектар берілген, бұған қоса ұжымдық бау-бақшалар 70 мың гектар жерді алып жатыр. Сондықтан бұл арада сауда мен өңдеуді ұйымдастыруға сервистік қызмет көрсету мәселелерін шешу керек.

Көріп отырсыздар, қазіргі жағдайдан біз бірлесе отырып шығуымыз керек. Үкімет өз мәселелерін, әкімдіктер өз мәселелерін шешуге тиіс, ал жергілікті басшылар проблемалардың бүкіл кешенін бақылаулары керек. Ауылдағы өзгерістерді тежеп отырған еңбекшілер емес. Басшы мамандардың, есепшілердің, бригадирлердің, қойма меңгерушілерінің және басқа да кеңсе қызметкерлерінің қисапсыз армиясы – реформалар жолындағы басты кедергі, міне, осы. Менің ойымша, бәрін тәртіпке салып, мәселені бригада мен фермадан бастап Ауыл шаруашылығы министрлігіне дейінгі штат кестесін реформалайтын уақыт жеткен сияқты.

Және ең соңғысы. Қайталап айтайын: біздің проблемаларымызды біз үшін ешкім де шешіп бермейді. Біз тыңды көтере алдық, енді жаңа жағдайдағы қиыншылықтарды да еңсеретінімізге сенімдімін. Тек істің ыңғайын табуда көбірек мақсаткерлік, табандылық және сарабалдық таныту қажет. Тың көтергендерге, сірә, бұдан да қиын соққан шығар. Бүгінгі диқандар олардан табандылық пен шаруаға тән тапқырлықты үйренсе, артық болмас еді. Сары уайымға салынудың керегі жоқ, аспаннан құймақ жауады деп күтіп отыру да жарамайды, тек қана жұмысқа білек сыбана кірісіп, тығырықтан шығар жолды ойластыру қажет. Бүгінгі таңда бәрі де адамдарға, артына қарап жалтақтамай, істі батыл да қажырлы жүргізе алатын шаруашылық басшыларына байланысты. Ауыл адамдары сондай жандарды өз орталарынан тауып, шығаруға және өз

шаруашылықтары мен кәсіпорындарын реформалауды нақ соларға сеніп тапсыруға тиіс.

Сөзімнің соңында тың игерушілерді, агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлерін, барлық қазақстандықтарды тыңның мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтағым келеді. Баршаңызға игілік, табыс, тыныштық пен ашық аспан тілеймін.

Тыңның барлық тұрғындары бақыт пен байлыққа кенеле берсін!

Қазақ теледидары арқылы сайлаушыларға

ҮНДЕУІ

Алматы қаласы,
1994 жылғы 1 наурыз

Құрметті отандастар!

Енді бірнеше күннен кейін, 7 наурызда, біздің бәріміз сайлау учаскелеріне барып өз таңдауымызды жасаймыз. Қазір оның оңай шаруа емес екенін түсінемін. Жұртшылықпен кездесулерде маған: реформаны жеделдетуге, мемлекет пен халықтың игілігін арттыруға қызмет ететін шын мәніндегі кәсіби парламент болу үшін кімге дауыс беруіміз керек? – деген сауал жиі қойылады. Бұл – көкейкесті мәселе, бірақ бұған жауап бермес бұрын әрқайсымыздың бірқатар жәйттерді айқындап алғанымыз жөн.

Алдымен, жағдайға нақты және салмақты баға беріп алу керек.

Қазір біз қиын кезді бастан кешудеміз. Өндірістің құлдырауы мен инфляция қысымы тежелер емес. Халықтың табысынан гөрі, баға жылдамырақ өсуде. Бірақ мұндай жағдай бізде ғана орын алып отырған жоқ. Өздеріңізден: қай жерде жағдай жақсы, қай жерде іс оңға басып отыр? – деп сұрап көріңіздерші. Ондай жерді ТМД елдерінің ешқайсысынан таппайсыз. Мұны бәріміз түсіне білуіміз керек.

Жаппай дағдарыстың басты себебі – бір кездегі біртұтас мемлекеттің күйреуі. Соның салдарынан әркім барша жұртқа, барша жұрт әркімге тәуелді болған экономикалық кеңістік бөлшектеніп кетті. Бұл Қазақстанның қатысынсыз болды, онда біздің кінәміз жоқ.

Дегенмен қалыптасып отырған қазіргі жағдайда ТМД елдерінің қай-қайсысынан болсын қиындық қыспағынан тезірек шығып кетуге Қазақстанның мүмкіндігі бар деп есептеймін. Менің пікіріме негіз болған нәрсе – біздің талантты әрі еңбексүйгіш халқымыз бар, бізде әртүрлі қазба байлықтарының мол қоры бар. Қазақстан экспорттық мүмкіндіктері мол ықтималды аса бай елдердің қатарында. Қазірдің өзінде экономиканы реформалауда аз да болса ілгерілеушілік байқалады. Сонымен бірге, біз алтын өндірісімізді еселеп келеміз, ал 1996 жылы оның қоры шетел валютасын көп қатыстырмай-ақ, ұлттық валютамыздың бағамын ұстап тұруға мүмкіндік беретін мөлшерге жетеді.

Әлемдік бизнестің жетекші лидерлері Қазақстанға сенеді және қолдайды. Олар бізге көп жылдардан бері көз қырларын сала жүріп, өз таңдауларын жасады. Менің АҚШ-қа жуырдағы ресми сапарымның барысында бұған

тағы көз жеткіздік. Тұтастай алғанда, біздің шетелдік серіктестеріміздің Қазақстан экономикасына бөлген несиелік салымдарының жалпы көлемі 2,5 млрд доллардан асады. Бұл қаржыны нақты істерге, өндірісті дамытуға, экономикалық терең өзгерістерге жұмсау керек.

Әрбір отбасындағы игілікке тек бәсекелі нарық экономикасы мен демократиялық қоғам құру арқылы ғана жетуге болатынына сенімдімін және бұл туралы талай рет айттым да. Біз нақ соған бара жатырмыз және тек сонда ғана әрбір халықтың ерекшелігін сақтап, дамыта аламыз, тұрақты қоғамдық дамудың негізі болатын ұлтаралық келісім саясатын жүргізе аламыз. Бұл менің Қазақстан Президенті ретіндегі мақсатым және оның дәйекті түрде жүзеге асырылуына бар күшімді саламын. Болашақ парламент те осы биік мақсатқа қол жеткізу үшін жұмыс істейді деп ойлаймын.

Қазір күн тәртібінде тұрған аса маңызды мәселе – көпэтносты мемлекетіміздегі саяси тұрақтылықты қолдау және нығайту. Қазақстанға деген ілттипат, оның халықаралық аренадағы беделі еліміздің табиғи байлықтарымен, стратегиялық орналасуымен ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығымен де қалыптасып отырғаны баршаға түсінікті болса керек. Сондықтан парламент пен атқарушы билік біздің дәстүрлі қалыптасқан азаматтық татулығымыз бен ұлтаралық келісімімізді сақтай білуі тиіс, біз тек осының арқасында ғана ағайын арасындағы қантөгіске, өңірлік қақтығыстарға толы мына аласапыран дүниеде қоғам тыныштығын сақтап отырмыз. Мемлекеттік биліктің барлық тармақтары ұлтаралық араздықты қоздыру және адам құқықтарына қысым жасау әрекеттеріне қатаң тосқауыл қоюға міндетті.

Заң мұндай қоғамдық қауіпті әрекеттерді барынша қатаң түрде жазалап, ұлттық немесе шовинистік рәуіштегі саяси ұйымдардың құрылуына жол бермеуге, сепаратизмнің кез келген көрінісінің түбіріне балта шабуға тиіс. Бұлар ұлттардың бір-бірімен тайталасын қоздырады, мемлекеттің аумақтық тұтастығына және ортақ шаңырағымыздағы татулық пен келісімге қауіп төндіреді. Өздеріңіз сайлайтын парламентарийлер осы борышты өз міндеттеріне алуы, қатаң заңдарды жасап, қабылдауы тиіс.

Сонымен бірге, қазіргі көші-қон, тіл және азаматтық проблемаларына түсіністікпен қарау керек. Көп ұлтты Кеңес Одағының тұрғындары аяқ астынан 15 мемлекетке бөлініп шыға келгенде, басқа нәрсе күтудің өзі қиын еді. Бұл проблемалардың бәрі, меніңше, өз шешімін табады, әрине, тек біздің бірден-бір заң шығарушы органымыз – парламент арқылы және мемлекетаралық келісімдер мен адамдардың ізгілікті еркі арқылы ғана. Осымен қатар, Қазақстан халықтары Ассамблеясы идеясын нақты жүзеге асырып, оны көпұлтты қоғамның келелі мәселелері талқыланатын және сарабал ұсынстар тұжырымдалатын іс жүзіндегі жалпыға ортақ форумға айналдыру керек.

Бізге топтасу мен қоғамдық келісім, реформа саясатын халықтың қолдауы, әсіресе, дәл қазір, үстіміздегі және келесі жылы керек. Осы кезеңде дағдарыстың негізгі шарықтау сатыларынан өтетінімізге және жаңару арқылы өрлеме жолға түсетінімізге сенімдімін. Бұған жаңа парламентіміздің де атсалысуы парыз.

Экономикалық және әлеуметтік саясат біздің басты назарымызда екеніне сөз жоқ. Оны ілгері бастыруға ықпал ететін екі мәселені бірден атап өтейін.

Бірінші – республиканың рубль аймағынан шығуға мәжбүр болуы бізді, өз валютамыздың енгізілуін ескере отырып, экономикалық саясатымызға атүсті түзету енгізуге, шын мәнінде оны қайта жасауға итермеледі.

Екінші – біз экономиканы ырықтандырудың неғұрлым қиын кезеңін бастан кешіп отырмыз және, тегінде, кез келген отбасы басшылыққа алатын қарапайым тұрмыстық қағиданы: табысың мен жиған-тергеніңнен артық шығынға бармауды мемлекеттік саясат дәрежесіне көтердік.

Сондықтан біз қатаң үнемдеу, экономиканың басқаша болуы мүмкін емес дейтіндей кінәратсыз өзегін ғана мүмкіндік шегінде қолдап отыру бағытын ұстандық. Үкімет мемлекеттің мұқтажына жұмыс істейтін, бәсекеге қабілетті әрі тиімді кәсіпорындарға, өндіріспен айналысатын, әсіресе, халыққа қажетті өнімдер шығаратын кәсіпкерлерге көмектесетін болады. Еңбекке орналастыру қызметі уақытша жұмыссыз қалғандарға қол ұшын беруі тиіс. Олардың біразы жаппай жекешелендіруден өткен кәсіпорындарға орналасады. Қызмет көрсету, жеке шағын және орта бизнес салаларының дамуына жағдай жасалады, сөйтіп, қосымша жұмыс орындары құрылады.

Ауылда жұмыс істегісі келетіндерге фермерлік, шаруа қожалықтарын құру үшін жер бөліп беріледі.

Ауыл шаруашылығында осы саланың негізгі өнімін беретін, тұрақты жұмыс істейтін рентабельді шаруашылықтарға ғана қолдау көрсетіледі. Артта қалғандар мен шығынға батқандар өз тағдырлары туралы өздері ойлануы тиіс. Бұдан былай қайтарылмайтын несие берілмейді. Ешқандай баламасы жоқ нарыққа бет алған

мемлекет нарық қағидаларынан ауытқымауға мәжбүр. Ол шығынға батқан шаруашылықтардың қаржылық ауыртпалығын салық төлеушілердің, яғни сіз бен біздің есебімізден үнемі көтере беруге тиісті емес және оған мүмкіндігі де келмейді. Осыны түсіну керек, қабылдау керек және ренжудің де еш жөні жоқ. Жекешелене берсің, шығар жолды өздері іздесін. Енді осындай заман туды.

Мемлекеттік кәсіпорындардың жауапкершілігін арттыру қажет. Үкімет олардың директорларымен мынадай міндеттемелерді көздейтін келісім-шартқа отыруы керек: біріншіден, олар банкроттықтың алдын алады және, екіншіден, кәсіпорынды сауықтырып, оны нақты жекешелендіруге дайындық шараларын жүргізеді. Егер келісілген уақыт ішінде бұл шарттар орындалмайтын болса, онда басқа басшы тағайындалуы тиіс.

Бұл шаралар экономикадағы, әлеуметтік саладағы дағдарыстан шығу үшін қажет. Кәсіпорындар шығынын жабуға кететін қыруар бос ақша, жеңілдетілген несиелер, дотациялар және тағы басқа да көмек деп аталатындар – бәрі-бәрі мемлекеттің қалтасынан, яғни сіздер мен біздердің қалтамыздан шығып жатыр. Инфляцияны үдететін, басқаша айтқанда, тауар бағасын қымбаттататын нақ осы. Сөйтіп, сиқырлы айналымға түсеміз: баға өседі – жалақы өседі – тағы баға өседі, осылайша бас көтертпей, тоқтаусыз кете береді. Егер шыдамдылық сақтасақ, бәріміз болып көзқарасымызды өзгертсек, бос банкноттарды басып шығарып айналымға қосуға жол бермесек, теңеміз бен экономикамыздың тұрақтылығы тез қалыптасады, бағаның өсуі тоқтайды, несие бәсі жеңілдейді, тұрмыс деңгейі шындап көтеріле бастайды. Міне, мұның бәрі осы үшін қажет.

Тағы да атап айтамын: реформа жай бір мақсат үшін емес, адамдардың игілігі үшін жасалады. Жақында болған тарихи түйықтан шығу үшін, белгілі бір уақыттан кейін жағдайды түбірімен өзгертіп, қоғамымыздың гүлденуіне жол ашу үшін, қанша жерден ауыр болса да, қазіргі қиындықтардан өтуіміз керек. Ол үшін бізде барлық жағдай бар.

Әлеуметтік мәселелерге келетін болсақ, бюджет еңбекке жарамсыздарға, табысы аздар мен жұмыссыздарға ғана әлеуметтік сүйеніш бола алады. Әрине, денсаулық сақтау мен рухани салаларға – ғылымға, мәдениетке, білімге, бұқаралық ақпарат құралдарына біршама қолдау көрсетіледі.

Біз жаңа тұрғын үй саясатына көштік. Мемлекет отбасыларына жер учаскелері бар жеке үй тұрғызуына көмектеседі. Олардың құнының 80 % деп отбасыларына 5 % жылдық өсімімен 30 жылға дейінгі мерзімге жеңілдетілген несие беріледі. Жиынтық табысы төмен отбасыларына тұрғын үй-коммуналдық қызметтің бір бөлігіне ақы төлеу үшін мақсатты жәрдемақы беру қарастырылады. Бұған қажетті жұмсалатын қаржы мен несие ресурстары табылады.

Дағдарысты экономика жағдайында күшті бюджеттің болмайтынын бәріміздің де айқын сезінетін уақытымыз жетті. Сондықтан өте қымбатқа түсетін әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды тоқтата тұруға мәжбүр болып отырмыз. Бірақ табысы аз зейнеткерлерге, соғыс ардагерлері мен мүгедектерге, көп балалы отбасылары мен оқушы жастарға қолдау көрсету неғұрлым нысаналы сипатқа ие болады. Осы әлеуметтік топтардағы нақты адамдарға жәрдемақы беру олар үшін төлемнің жалпы көлемін көбейтуге

мүмкіндік жасайды. Еңбекке жарамсыз жалғыз басты азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі менің жарлығым да осыған бағытталған.

Бұдан басқа айрықша атап айтатын мәселе: Жинақ банкінің жүйесін қайта құру жөнінде қабылданған шаралар есепшотында ақшасы бар әр отбасының кірісін арттыруға мүмкіндік жасайды. Мемлекет жақында азаматтардың осы банктегі ақшаларын индекстеді. Бұл аз көмек емес. Біз алдағы уақытта да табысы аз, еңбекке жарамсыз азаматтарды қорғау үшін қолдан келгеннің бәрін жасай береміз. Ал қалған жұрттың бәрі өз қамдарын өздері жасауы керек.

Тұрақты жұмыс істейтін парламент, әкімдік басшылары мен жергілікті өкілетті биліктің жаңа органдары осы проблемалармен тереңірек әрі нақтырақ шұғылдануға, әлеуметтік атаулы көмек саясатын іске асыру жауапкершілігін толық мойындарына алуға тиіс деп санаймын.

Қылмыспен күрес секілді проблеманы да ескеруші қалдыра алмаймын. Ұйымдасқан қылмыстың, жемқорлық пен төрешілдік озбырлықтың өсуі – біздің адамдарымыз үшін ең шиқанды мәселелердің бірі. Бүгінде өкімет, оның құқық қорғау органдары әлсіз екенін және азаматтарды өз құқықтарына қол сұғушылардан толық дәрежесінде қорғай алмайтынын мойындау керек. Тек өткен бір жылда ғана әйел зорлау және, қастандықты қоса алғанда, қасақана кісі өлтіру деңгейі тиісінше 17 және 24 %-ға өсті, пәтерге түсу мен тонау көбейді. Бұдан былай оған жол беруге болмайды.

Мен жаңа парламент алдына қылмысқа қарсы жаппай шабуыл ұйымдастыру туралы мәселе қоймақшымын. Бүгінде экономикалық қылмыс пен рәкеттің қау-

лап өсуі қалыпты кәсіпкерлік қызметке едәуір кедергі келтіретін факторға айналды. Кісі өлтірген, әйел зорлаған адамдар, ұйымдасқан қылмыс топтарының жетекшілері үшін өлім жазасының бұлтартпастығын белгілеу қажеттігі пісіп-жетілді деп ойлаймын. Бұған қоса, Қазақстан жерінде осындай қылмыстар жасаған басқа мемлекеттердің азаматтары өз елдеріне қайтарылмай, осында, біздің заңдарымыз бойынша жазалануы тиіс.

Ол-ол ма, Конституцияда азаматтардың жеке меншігіне, тұрғын жайына, адамның ар-ожданы мен абыройына қол сұғылмайтынын мойындай отырып, оның өз өмірін, тұрғын үйі мен мүлкін, тіпті қарумен де, қорғауына ерік беру керек. Әйтпесе адамдар қылмыскерлер алдында дәрменсіз болып барады. Әлбетте, мұндай құқықты жүйкесі жағынан саламатты адамдар және төнген қауіптің дәлелді болуы жағдайында ғана пайдалануы керек.

Сондай-ақ көлік ұрлау, пәтерге түсу, тонау және адам өміріне қастандық жасау секілді қылмыстар үшін де жазаны күшейте түсу қажет. Жаңа парламент мемлекеттік қызметшілер туралы, Министрлер Кабинеті туралы заңдар қабылдап, салық салу үшін табыс туралы декларациялар енгізілгеннен кейін лауазым иелерінің төрешілдік озбырлығы мен парақорлығы секілді жаны сірі құбылыстар да түбірімен жойылатын болады.

Жаңадан сайланатын парламентарийлер осындай батыл қадамдарға бара алатын, табандылық таныта отырып, үкіметпен бірге қоғамдық дертпен күрес үшін халық алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін болуы тиіс.

Күнделікті қиыңдықтар мен кедергілердің бәрін еңсере келіп, Қазақстан алдағы уақытта да таяу шет

елдермен қарым-қатынасты нығайту, ТМД елдерімен интеграцияны күшейту саясатын жалғастыра береді.

Ресей мен Қазақстандағы сайлау қарсаңында жол берілген жекелеген өзара кінә тағушылықтарға қарамастан, біздің екі мемлекеттеріміздің арасында халықтарымыздың сан ғасырлық тарихи байланыстарымен, ресейлік және қазақстандық жұртшылықтың көпэтносты құрамымен сабақтасқан ерекше қарым-қатынас болуы тиіс. Біздің өзара қарым-қатынасымыздың ахуалы саяси жел сөздер мен адамдардың тұрмыстық деңгейдегі жанжалдарына тәуелді болмауы керек.

Иә, келеңсіз тарихи шындықтың – қазақтарды ұлтсыздандырудың отаршылдық, большевиктік қысым және тоталитаризм сияқты мақсатты жүргізілген үдерісі болғаны рас. Бірақ бұл арада Ресей мен орыс халқының кінәсі жоқ. Кінә патшалық бұғау мен кеңестік жүйенің әмбені жаныштайтын үстемшілдігінде болды әрі одан ресейліктердің өздері де аз зардап шеккен жоқ.

Бірақ ешқашан ұмытылмайтын басқа да жайлар болды. Қазақ халқының жер бетінен толық жойылып кету қаупі туған қатерлі шақта біздің бабаларымыз Ресейді пана тұтып, өз қорғаушысын тапты. Бізге Ресейдің өз оқу орындары мен ғылыми мекемелерінің есігін айқара ашқаны, индустриялық базамызды жасауға көмектескені біздің риза көңілімізде әрқашан сақталуы тиіс. Ресейдің көптеген жаны жайсаң адамдары қазақ мәдениетінің қаз тұрып кетуіне, ұлттық кадрларымыздың қалыптасуына күш-жігерлерін аяған жоқ.

Екінші жағынан, халықтар арасындағы келісім мен достықтың тамыры қазақтардың кез келген ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ізгі қарым-қатынаста бола білетіндігінде, үлкен діни төзімділігінде, табиғи

мейірбандығы мен көрші ақысын барынша құрметтей алатындығында жатыр.

Фашизмге қарсы күресте Қазақстан да ортақ жеңіс жолына жүздеген мың ұлдарының өмірін құрбан еткенін ресейліктер де ұмытпайды деп ойлаймын. Сондай-ақ біздің жеріміз ондаған жылдар бойы өз қойнауындағы байлығын және осында өсірілген мол астығының едәуір бөлігін Ресеймен бөлісіп келгені және бөлісе беретіні белгілі. Яғни, біз Ресей әлеуетінің айтарлықтай бөлігі қазақстандық жеткізілімдермен жасалған және соларға негізделеді деп айта аламыз. Мұндай өміршең байланыстар екі мемлекет үшін де пайдалы. Сондықтан соларды сақтап, одан әрі дамыта беру – біздің парызымыз.

Қазақстандықтар Ресейдің, Орталық Азияның, Достастыққа мүше өзге де елдердің барша халықтарына деген туысқандық сезіміне адал, олармен достықта, жарастықта өмір сүруді, өзара ықпалдастығы мен экономикаларымыздың интеграциялануын, адамдар арасындағы еркін қарым-қатынас пен тауарлар алмасуының жолындағы кедергілердің жойылуын қалайды.

Меніңше, біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың өзекті мәселелері осылар болса керек.

Енді «Кімге дауыс береміз?» деген мәселеге оралайын. Сайлау науқаны барысында осы айтылған проблемалардың байыбына бара алатынын байқатқан, соларды шешудің және дағдарыстан шығудың жолдарын көре білген және соған ұмтылған адамдарға дауыс беру керек деп ойлаймын. Ұсынған кандидаттарыңыз осы идеяларды ұстана ма және парламентте немесе жергілікті мәслихатта соларды жүзеге асыруға атсалыса

ма – соған ой жүгіртіп қараңыздар. Сіз бен біздің болашағымыз көбінесе осыған байланысты болады.

Сонымен қатар, ешқандай сындарлы ойы жоқ жалаң сыншылардың, тар өрісті ұлтшылдық пен жеке басының ғана қамын ойлап жүрген жандардың, бәрін біліп, бәрін қатырамын деп жүрген пысықайлардың қармағына түсіп қалмаңыздар. Бәрін білетін, бәрін шешетін адамдар жоқ, турасын айтқанда, олар сіздерді алдап жүр.

Президенттік билік жағдайында қабылданған заңдарды барлық адамдарға орындата алатын күшті атқарушы биліктің қажеттігін көре білетіндерге дауыс беру керек, онсыз қоғамдағы реттілікті, тәртіп пен нақты демократиялық бостандықтарды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Биліктің әрбір тармағы өз ісімен шұғылдануын, ал олардың арасында өзімбілермендік емес, қалыпты жұмыс бабындағы қарым-қатынас болуын, билік жүйесінде тежемелік пен теңгермеліктің нақты тетіктері болуын көздейтіндерді, заң шығару жұмысын сапалы орындауды қамтамасыз ете алатындарды, шатасқан, қайшылыққа толы немесе орындалмайтын актілерді қабылдамайтындарды қолдау қажет.

Мұның бәрі экономикалық және басқа да заңдарды жегілдіруді, қолданыстағы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Парламент белгілі бір жағдайда Президенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға, ал Президент, өз кезегінде, парламентті таратуға құқық алуға тиіс. Президенттің соттарды өмір бойына тағайындауын енгізу қажет. Әңгіме сондай-ақ қабылданатын заңдардың жоғары дәрежеде пысықталуына, сарабалдығы

мен үйлесімділігіне, өңірлер мен олардың халқының мүддесін неғұрлым толық ескеруіне мүмкіндік беретін парламенттің екі палаталы құрылымы жайында болып отыр.

Биылғы сайлаудың өз ерекшеліктері бар. Олар өкілетті биліктің барлық деңгейін қамтиды. Саяси партиялар мен қозғалыстар оларға тұңғыш рет қатысуда. Мемлекеттік тізім бойынша кандидаттардың сіздердің назарларыңызға ұсынылуы да бұрын болмаған жәйт. Оның көмегімен парламентке баламалы негізде зердесі биік кәсіби адамдарды, түрлі ұлттық топтардың өкілдерін тарту көзделіп отыр.

Мемлекеттік тұрғыдан ойлайтын, реформаны жақтайтын және халық мұқтажын өздерінің өтпелі жеке мүддесінен жоғары қоятын, жағдайды объективті бағалап, ойластырылған шешім қабылдай білетін адамдарға басымдық беру керек.

Бір мемлекеттің азаматтары ретінде барлық қазақстандықтардың өмірдің кез келген саласында ортақ ғаламат мүддесі бар екенін және сондықтан олар біртұтас этносаяси қауымдастық құрайтынын есте ұстаған жөн. Әрбір адам, ең алдымен, Отанның азаматы, содан кейін барып ол қазақ, орыс, украин немесе неміс болмақшы.

Тағы да қайталап айтайын, қымбатты отандастар, республикамыздың өркендеуі және демократия жолымен дамуы көп жағдайда сіздердің әрқайсыңыздың белсенділіктеріңізге, дұрыс таңдау жасай білулеріңізге байланысты.

Биылғы қатал қыс республиканың көптеген өңірлеріндегі жағдайды күрделендіріп жібергенін білемін. Жылу, электр қуаты тапшы, азық-түлік пен тауарлар

уақытында жеткізілмейді, жолаушылар тасымалында да қиындықтар болып жатыр. Шенеуніктердің жүгенсіз әрекеттері, сайлау науқанына өрескел араласу фактілері кездесті – осының бәрі жұртшылықтың ашу-ызасын туғызуда. Қайталап айтайын, бұл туралы біз білеміз және тиісті шаралар қолдану үстіндеміз. Бірақ мұның бәрі бізден басты мәселені тасаламауы тиіс: біз Қазақстан тарихындағы тұңғыш демократиялық сайлауға бара жатырмыз. Асырып айтқандық емес, бізге бүкіл әлем көз тігіп отыр, соның ішінде мұнда көптеген елдерден келген бақылаушылардың назарымен көз тігуде. Бірақ таңдау жасау біздің өз еркімізде және әрқайсымызға мемлекетіміздің болашағына деген зор жауапкершілік жүктелген. Міне, осы себепті мен баршаңызды сайлауға қатысып, өздеріңіздің азаматтық борыштарыңызды өтеуге шақырамын.

Сіздер сайлаған жаңа парламенттің, жергілікті жаңа өкілетті органдардың депутаттары біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанның заңнамалық және қоғамдық өміріндегі оң өзгерістердің авторлары болатынына сенемін.

**М. В. Ломоносов атындағы
Мәскеу мемлекеттік университетінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы,
1994 жылғы 29 наурыз

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Соңғы кезде менің ғылыми жұртшылықтың өкілдерімен, жоғары оқу орындарының оқытушыларымен және қызметкерлерімен, студент жастармен жиі кездесуіме тура келіп жүр. Әрі бұл кездесулер мені үнемі зор ғанибет сезіміне бөлейді. Әңгіме қай ел туралы болса да, бұл аудиторияларда өмірді жаңғыртуға, игілікті өзгерістерге деген құлшыныс, тұтқырланбаған еркін ой ерекше сезіледі. Жақында менің Нью-Йорктегі Колумбия университетінде, Лондондағы Король халықаралық қатынастар институтында, сондай-ақ Алматыда, әл-

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетте болып, сөз сөйлеуіме мүмкіндік туды. Ал бүгін Мәскеу мемлекеттік университетінде болу мүмкіндігіне мен шын жүректен қуаныштымын.

Бұл кездесудің мен үшін орны ерекше және ол Мәскеу университетінің бұрынғы ортақ еліміздегі және дүниедегі ең беделді де байырғы оқу орны болғандығына ғана емес, сонымен бірге, қазақстандықтардың көптеген буынының анасындай білім ұясына айналғанына да байланысты. Олар осы білім ордасының қабырғасында өткізген жылдарын, ұстаздары мен осындағы қызметкерлерді және осында ғасырлардан бері қалыптасқан қауымдастық, достық пен риясыз көмек рухын алғыспен еске алып отырады. Ал мұнда қазір де күні ертең-ақ республиканың зияткерлік дегдар тобына қосылатын, ілгерішіл идеяларды, қоғамды реформалау ісін белсене жалғастыратын менің жап-жас жерлестерім оқып, білім алуда. Біз осы дәстүрлерді жалғастыруды қалаймыз.

Қазір сіздер мен біздер өте күрделі, бірақ қызықты да серпінді кезеңде өмір сүріп отырмыз. Біздің еншімізге адамдардың, елдердің тағдырын, тіпті тұтастай дүние тәртібін өзгертіп жатқан аса ауқымды тарихи өзгерістердің қатысушылары мен кейіпкерлері болу тиіпті. Тек саясаткерлердің ғана емес, әр азаматтың бүгінгіміз бен ертеңіміз үшін жауапкершілік деңгейі де өте жоғары.

Қазақстан экономикада түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыруға, әлеуметтік бағдардағы нарықты қалыптастыруға бағыт алды және енді оны өзгертпекші емес. Көптеген қиындықтарға, шалыс басулар мен қателіктерге қарамастан, реформалар жүріп жатыр және айтарлықтай нәтижелер беруде. Ең бастысы – біздің экономикамыздың құрылымы «көш бойында» өзгеруде.

Өткен жылы, өнеркәсіп өндірісінің жалпы құлдырауы жағдайында, барлық кәсіпорындардың төрттен үші дағдарысты жағдайдан шығуға жол тауып, тіпті нақты көлемдердің өсуін қамтамасыз ете алды. Әрі бұған көбінесе жаңа тауар түрлерін: электрмен дәнекерлейтін құбырларды, құрастырушылық материалдарды, тоңазытқыштарды, бейнетехниканы, басқа да ондаған өнім түрлерін шығаруды игеру арқылы қол жеткізілді. Аздап болса да, Қазақстан автомобиль өндіруді қолға ала бастады.

Ауыл шаруашылығына келетін болсақ, жеке үй-жай мен шаруа қожалықтарын дамыту есебінен біз бүгін жалпы сүт өндірісінің 57 %-ын, еттің – 46 %-ын, жұмыртқаның 39 %-ын және жүннің 37 %-ын қамтамасыз етіп отырмыз. Ал Қазақстандағы бүкіл мемлекеттік емес секторда 40 мыңнан аса кәсіпорын, соның ішінде 13 мың жеке кәсіпорын жұмыс істейді. Мұнда 500 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылып, барлық өнімнің 20 %-дайы шығарылады.

Әрине, бізде экономиканың көп бағдарлылығы туралы айту әлі ертерек болар, дегенмен аға ұрпақ адамдарының өзі жеке меншік дегеннің не екенін білмеген Қазақстан үшін екі жылда мұндай қадам жасау – даусыз едәуір жетістік.

Ал енді саяси саладағы реформаға келсек, мұнда негізгі бағдар етіп біз демократиялы азаматтық және плюралистік қоғам құруды алға қойдық. Таяуда ғана Қазақстанда көппартиялы негізде алғашқы кәсіпқой парламенттің тұңғыш демократиялық сайлауы болып өткенін сіздер білетін боларсыздар. Қорытындысында 37 әртүрлі партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстардың өкілдері сайланды. Қажетті заң актілері

қабылданып, республикада құқықтық реформа жүзеге асырыла бастады. Мұндағы бір айырмашылық – 42 депутат мемлекеттік тізім бойынша сайланды, яғни олар Президент ұсынған адамдар болатын. Бірақ олар үшін баламалы негізде бүкіл облыс дауыс берді. Онда көптеген халықтардың өкілдері, белгілі жазушылар, экономистер, ғалымдар бар.

Мен барлық жерде де: Қазақстан қоғамының идеялық топтасуына, республикада ұлтаралық келісім мен азаматтық татулықты нығайтуға қол жеткізбейінше біз ештеңе жасай да, құра да алмаймыз, ешбір өркендеу де болмайды дегенді атап көрсетуге тырысамын. Бүкіл Қазақстан халқының тағы бір ерен ісі – ең бір қиын-қыстау, тарихи зілзалалар кезеңінде, мәселен, Одақ ыдырап, одан соң бірсыпыра өңірлерде қанды қақтығыстар болған тұстарда да, республикамызда тұрақтылық, бейбітшілік пен тыныштық сақталды.

Сіздер Қазақстанның тарихымен таныссыздар әрі Петрдің және Столыпіннің реформаларымен, Сталиннің бүгіндей бір халықтарды депортациялауымен, тыңды игерумен, индустриялық құрылыстармен байланысты республикаға жөңкілген ірі миграциялық толқындар туралы білесіздер – осынау ежелгі жер солардың бәрін қабылдады, бәрін асырап, бақты. Бүгінде біз Қазақстан қоғамы деп атайтын, жүздеген асыл қосындылардан тұратын қорытпа осы даланың орасан зор қазанында ғасырлар бойы қайнап, қорытылумен болды. Бұрынғы металлург, қазіргі Президент ретінде айтайын: бұл – сенімді, мықты қорытпа, ол кез келген сындарға шыдап берді, әлі де шыдай береді.

Бұлай сеніммен айтуым негізсіз де емес, өйткені қоғамның топтасуы ойдан шығарылған, «сұқ саусақтан

сорып алынған» әлдебір идея төңірегінде жүріп жатқан жоқ. Қазақстандықтардың қанында бірнеше ұрпақтар арқылы біте қайнаған ұлтаралық келісімнің, достық пен татулықтың жады мен даусыз шындығы бар. Бұл – адамды біріктірудің, олардың азаматтық қоғам құруының бірінші және базистік шарты. Сондықтан біздің Конституциямыздың басты сипаты – азаматтардың ұлтына, кәсібіне және әлеуметтік жағдайына қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігі қағидатында. Бұл – Қазақстанның халықаралық қоғамдастыққа интеграциялануы үшін міндетті шарт. Осы себепті біздің Конституциямыз «Біз, Қазақстан халқы» деп басталады. Ұлттық атауының бәрін жаншып, тұқыртудың кесірінен біздің халқымыз өзінің тілінен айрыла бастады. Жазушыларымыз, басқа да шығармашыл интеллигенциямыз, бүкіл халқымыз осы мәселеге алаңдаумен болды. Сондықтан да көпұлтты халқымыз қазақ халқының заңды тілегін қабыл алды да, қазақ тілін мемлекеттік тіл деп мойындады. Бірақ орыс тіліне мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын ұлтаралық тіл мәртебесі берілді. Конституция мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қатынас тілін білмегені үшін кім-кімге болсын қысым жасауға тыйым салады. Осы жылдар ішінде бұл мәселе бойынша іс жүзінде кемсітушілік жөнінен бірде-бір арыз-шағым болған жоқ. Мектептердегі оқу 18 тілде жүргізіледі, мектептердің 65%-ында орыс тілі оқытылады. Студенттердің 70%-дан астамы жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде оқиды. БАҚ-тар 7 тілде шығарылады, театрлар 6 тілде жұмыс істейді. Қазір экологиядан бастап қауіпсіздікке дейін дүниенің өзара байланысты және тәуелді екені

сонша, бір ұлттың мүддесі екіншісінің, яғни барлық халықтардың мүддесіне айналып жатады.

Ал енді біздердің – бұрынғы КСРО халықтарының бір-біріне сенім көрсетуі, былайша айтқанда, Құдайдың өз бұйрығы. Ортақ қоғамдастығымызды бір-бірімізге сеніп тапсырып, көздің қарашығындай сақтап, нығайта беру бұйрығы. Бізді «ақырына дейін» ажыратып, бәрімізді әлсіретіп, сенімсіздік пен араздықты өршітуді көксейтін күштердің бар екенін біз көріп отырмыз. Бірақ бұдан халықтар тек жамандық көрері сөзсіз.

Бұрын бір ел болған 15 мемлекеттен тысқары қалған адамдардың алаңдаушылығын көрмеске болмайды. Бұл этностық орыстарға да, украиндарға да, қазақтарға да және басқа халықтардың өкілдеріне де қатысты.

Мұны КСРО-ның шапшаң ыдырауымен, содан соң туған тәуелсіздікке масаттану кезеңімен, ал одан кейін көптеген елдердің жаңа экономикалық және геосаяси жағдайда күн көрудің ұжымдық жауапкершілігі қажеттігін пайымдай бастауымен түсіндіруге болады. Алаңдаушылықты, мәселен, бізде айрықша арттыра түскен жағдай бірыңғай рубль аймағының ыдырауы болды. Менің ең әуелі өзімізде бар адам факторын ескеріп, үнемі интеграцияны жақтап келгенімді өздеріңіз білесіздер.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктің дамуы қазір екі үрдіс бойынша айқындалады деп айтуға болатын сияқты. Біріншіден, бұл – ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы және, екіншіден, ТМД елдерінің интеграциясы. Мұның бәрі де заңды. Ғылыми-техникалық өркендеу қарқындап, өткізу рыногы үшін қатал күрес қызу жүріп жатқан кезде тек бірлесу арқылы ғана өмір сүруге болады. Байқап қараңыздаршы: көп ғасырлық мемлекеттілігі

бар Батыс Еуропа елдері бірлесуге бет бұрып отыр. Олар әлемдік рыноктың қатаң түрде кереғарланып бара жатқанын жақсы біледі: Солтүстік Америка, Жапония және, ақырында, Азияның «жас жолбарыстары».

Ал бізді, бұрынғы Одақ республикаларын, тарих пен тағдырдың өзі бір қоғамдастыққа бейімдеп, даярлаған. Бізге байланыстар мен басқарудың бірыңғай нысандары мен тетіктері тән, діліміз бен басқа да көптеген нәрселеріміз ортақ.

Мәселе көптеген саяси лидерлер, тіпті олардан басқалар да империяның қайтадан жаңғыруынан өлердей қорқатынында. Бірақ енді оған ешкім бара қоймайды! Өңгіме жаңа, тең құқықты ынтымақтастық туралы ғана болуы мүмкін. Алайда үрейден не саяси конъюнктураға да, не мемлекеттік шекараға да тәуелді емес объективті экономикалық заңдарға көз жұмыла береді.

Мынадай бір мысалдар келтірейін. Айталық, көмірінің көбін Ресейдің электр стансаларына беретін Екібастұзды алайық. Оның дамуына Ресей Федерациясы қаржы салмайтын болды делік. Одан кім зиян шегеді? Әрине, Ресейде көмір шығатын жерлер бар және жеткіліксіз де. Бірақ оларды игеру үшін қанша қаржы жұмсау керек? Жұмыс істеп тұрған Екібастұзға жұмсалатынынан аз ба? Қайдам. Магнитканы кенмен қамтамасыз ететін Соколов-Сарыбай комбинатына қатысты да осы жағдай. Және керісінше – егер біз Ресей жеткізілімдерінен айрылатын болсақ, онда машина жасау зауыттарын салуға мәжбүр боламыз. Ал бұған қанша шығындалу керек?

Биік тау алыстан көрінеді. Достастыққа мүше елдер басшыларының соңғы кездесулері осыны дәлелдейді.

Біз бір-бірімізден айтарлықтай алшақтап кеттік және бірігу қажеттігін де айтарлықтай өткір сезіндік.

Мен барлық кедендік кедергілерді алып тастап, шекараларды ашуды әлдеқашан ұсынғанмын. Айтып қана қойғам жоқ, солай еттік те, мәселен, Өзбекстанмен. Пайдасы айтарлықтай-ақ! Қалғандарымызға неге осылай етпеске?

Біздің Достастығымызды одан әрі дамыту туралы ойларымды ортаға салсам деймін.

Өкінішке қарай, бүгінде ТМД уақыттың объективті талаптарына толық мәнінде сай келмейді және оған мүше елдердің халықтарымыз соншама зәру болып отырған интеграциясын қамтамасыз ете алмайды. Достастық құрылған сәттен бері оның мүшелері бір-біріне жақындасудың орнына барған сайын алыстай түсіп барады. Ынтымақтастық туралы 400-ден аса құжат қабылданып, қол қойылғанымен, олардың барлығы дерлік әлі іске қосылған жоқ.

Біздің елдеріміздің еріктілік пен тең құқықтылық қағидаттарында қалыптасқан жаңа мемлекетаралық бірлестігі негізіндегі өзара қарым-қатынастың сапалық жаңа деңгейіне ауысу қажеттігі пісіп-жетілді. Ондай бірлестік Еуразиялық Одақ (ЕАО) бола алар еді. Ол ТМД-дан өзгеше қағидаттарда құрылуы тиіс, өйткені жаңа бірлестіктің негізін өзекті екі мәселені: бірыңғай экономикалық кеңістік құру мен бірлескен қорғаныс саясатын қамтамасыз етуді шешуге тиісті ұлтүстілік органдар құрауы керек. Бұл ретте әрбір қатысушының егемендігінің, ішкі мемлекеттік-саяси құрылымының, сыртқы саясат қызметінің мүдделеріне қатысты өзге мәселелердің бәрі мызғымастан қалатынын және бір-

бірінің ішкі істеріне қол сұғылмауы көзделетінін атап көрсету маңызды.

Бұл арада «Одақ» сөзі шошындырмауы тиіс, өйткені Еуропалық Одақ, басқа да сол сияқты бірлестіктер ойдағыдай өмір сүріп келе жатқан жоқ па.

Мұндағы қисынсыздық Батыс Еуропада саясаткерлер бірігудің алдында жүріп, халық кейін қалатынында, ал біздің ТМД-да бұған керісінше: халық бірігуді қалап, саясаткерлер соңында жүретінінде. Сондықтан біз бірінші кезеңде ЕАО-дағы бірігуді Қазақстан мен Ресейден бастауымызға болар еді.

Қазақстанды Ресеймен берік арқаулар байланыстырады. Біздің халықтарымыз ғасырлар бойы бірге тұрып келеді әрі тату көршілікті нығайту миллиондаған адамның түбегейлі мүдделеріне сай келеді, ол ешқандай конъюнктуралық түсініктерге бағынбайды. Біздерді ұрыстырғысы келетіндер де жеткілікті екені рас. Мен осы арада «шекара мәселесін» қоздыру ниетіндегілер туралы еске де салмаймын – бұл жерде ондайларға түсінік беру артық.

Әрине, өзінің геосаяси жағдайын еске алып, сыртқы саясат саласында көпжақты бағдарын жүзеге асыра келгенде, Қазақстанның ТМД ішінде де, алыс шетелдермен қарым-қатынасында да өзіндік басымдықтары бар. Алайда біз қайткен күнде де Ресеймен ынтымақтастығымызға аса зор мән береміз.

Біздің халықтарымыз бен мемлекеттеріміз ХХІ ғасырда да бір-біріне деген сенімін, достығын нығайта беріп, бірге жүруінің негізін қаламақ ниетін арқалап, мен өзімнің тұңғыш ресми сапарыммен Мәскеуге келдім.

Бұл күндері Мәскеуде біздің ең жоғары деңгейдегі бірнеше тарихи, маңызы зор кездесулеріміз болып,

келіссөздер жүргізілді және аса қажеттілігі әлдеқашан пісіп-жетілген құжаттарға қол қойылды. Олар біздің екі мемлекетіміздің арасындағы әріптестік өзара қарым-қатынастарымызды нығайтудың жаңа кезеңінің ғана емес, сонымен бірге, белгілі бір дәрежеде біздің халықтарымыздың арасындағы ізгі бауырластық қатынастарды жаңғырту мен дамытудың да негізі болады ғой деп ойлаймын.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он үшінші шақырылымы Үйлестіру кеңесінің
отырысында Еуразиялық Одақты құрудың
жобасы туралы**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1994 жылғы 3 маусым

Қазіргі кезде ТМД-ның барлық елдері қоғамдық өмірдің барлық салаларында – экономикада, саясатта, идеологияда, ұлтаралық қатынастарда терең дағдарысты бастан кешіріп отыр, әлеуметтік-экономикалық шиеленіс үдей түсуде. Мұның өзі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының дамуы екі үрдіс бойынша айқындалып отырған жағдайда өтіп жатыр. Бір жағынан, ұлттық мемлекеттіліктің одан әрі қалыптасуы жүріп жатыр. Ал, екінші жағынан, Достастық елдерінің интеграциялану үдерісі байқалып отыр.

ТМД, мемлекетаралық бірлестік ретінде, өзіне енетін елдердің мемлекетаралық қатынастарын құқықтық тұрғыдан ресімдеуде оң рөл атқарып отыр. ТМД-ның іс-қимыл әлеуеті әлі таусылған жоқ. Дей тұрғанмен, қазіргі ТМД органдарының құрылымы қолда бар бірігу әлеуетін толық көлемде асыруға мүмкіндік беретін емес. Бұған Достастық елдерінің басшылары ғана емес, сонымен бірге, осы мемлекеттер халықтарының басым көпшілігі де назар аударуда.

Өткен жылдардағы ТМД тәжірибесі бірлесудің жаңа деңгейіне көшудің қажеттігін көрсетуде, ал бұл оған қатысушы барлық мемлекеттердің бірлесе отырып қабылдаған міндеттемелерін орындауға кепілдік беретін болады.

Халықаралық тәжірибе кез келген мемлекетаралық бірлестік өзінің дамуында әртүрлі кезеңдерден өтетінін, ынтымақтастықтың жаңа түрлерімен толығы түсетінін көрсетіп отыр. ТМД-ның елеулі артықшылықтары бар, олар – экономиканың кірігуінің жоғары дәрежесі, әлеуметтік-саяси құрылымдары мен халықтарының діл ұқсастығы, сондай-ақ көптеген республикалардың көпұлтты құрамы, ортақ тарихи дәстүрлері.

Осының бәрі ұлттық-мемлекеттік құрылыс үдерісін осы негізде мемлекетаралық интеграциялық үдерістерді сақтаумен және дамытумен үйлестірудің қажеттігін көрсетеді. Тарихтың қисыны ондаған жылдар бойы қалыптасқан қуатты интеграциялық әлеуетті пайдаланатын барлық Достастық елдерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана әлемдік қоғамдастыққа кірігуге болатынын көрсетеді.

Қалыптасқан жағдай ТМД-дағы тетіктерді жетілдірумен қатар, оның өзін бірлесудің жалғыз түрі ретінде қарауға болмайтынын көрсетеді. Өмірдің өзі дәлелденгендей, ТМД елдерінің одан әрі дамуын сол елдердің әрқайсындағы ішкі әлеуеттің жеткіліксіздігі тежеп отыр. Мұның дамуы кеңестен кейінгі кеңістіктегі елдердің жаңа, нарықтық негізде экономикалық бірігуі арқылы ғана мүмкін болады.

Біртұтас халықшаруашылық кешенінің мұраға қалған құрылымдары әлі де таттануда. Экономикалық байланыстардың күні өткен формалары объективті түрде жойылуда. Сонымен қатар, біздің елдеріміздің таяудағы және әрідегі экономикалық мүдделеріне сай келетін орныққан технологиялық байланыстар үзілуде.

Нарықтық реформациялардың әмбебап заңдылықтары бар. Экономикалық романтизмге бой алдырмай, бірде-бір ел оларды елемей қоя алмайды. Бұрынғы Одақ елдерінің экономикаларын ондаған жылдар бойы қалыптасқан тығыз шаруашылық қатынастар негізінде нарықтық реформалау жөніндегі күш-жігерді біріктірген жөн.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өтпелі қоғамдар тек ұжымдық күш-жігер негізінде ғана жаңғыртуды ойдағыдай жүзеге асыра алады. Сонымен бірге, біз ТМД елдерінің бұл мәселені жекелеп шешу жөніндегі іс-әрекеттері бұрынғысынша нәтижесіз болғанын көріп отырмыз. Экономикалық интеграцияны жаңа жағдайда жүзеге асырғанға дейін ол солай болып қала бермек. Басқа жағынан алғанда, алыс шетелдердегі әлдебір өңірлік экономикалық бірлестіктерге қайта бағыт ұстау әрекеттері де қисынсыз екендігі көрініп отыр.

Мемлекеттер үшін сыртқа шығарылатын шикізатқа қатысты баға саясатының өзара келісілмеушілігі елеулі проблемаға айналып, олардың экономикалық жағдайына теріс әсер етуде. Екінші жағынан, бұл қалыптасқан дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына тұрақсыздық сипатын енгізіп, үшінші елдерді қатаң санкциялар қолдануға мәжбүр етеді. Шикізат пен энергия ресурстарын сыртқа шығару біздің мемлекеттеріміз үшін ең маңызды табыс көзі саналады. Осыған байланысты ТМД-ға қатысушы барлық мемлекеттердің мүддесі үшін сол елдердің экспорт саясатының бірыңғай жүйесін құрып, белгілі бір елдер келісілген квоталар мен бағаларды сақтамаған жағдайда елеулі шаралар қолдану тәртібін орнатудың қажеттігі туып отыр.

ТМД елдеріндегі ұлттық заңнамаларды жетілдіру нарықтық реформаларды табысты жүзеге асыруды қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады.

Шаруашылық қызметінің заңнамалық негіздерін жақындатпайынша, жаңғыртуды одан әрі ілгері бастыру мүмкін емес, өйткені олардың арасындағы алшақтықтар экономикадағы интеграциялық үдерістерге елеулі бөгет болып отыр.

Елдердің арасындағы нарықтық экономиканы дамыту, саяси үдерістерді демократияландыру деңгейі әртүрлі екенін ескере отырып, біз Еуразиялық Одақтың ТМД-ның қызметімен үйлесетін қосымша интеграциялық құрылымын құруды ұсынамыз. Бұл орайда интеграцияның алуан нұсқалылығы, әртүрлі қарқындары, ТМД елдерінің дамуындағы әркелкілік пен түрлі векторлық ескерілмек. Мұның өзі ТМД-дағы жаңа экономикалық тәртіпті қалыптастырудың табанды түрдегі қажеттілігі туралы айтуға негіз береді. Мақсат – қаты-

сушы мемлекеттердің экономикалық саясатты келісуі және экономикалық реформаларды жүзеге асырудың олар орындауға бірлескен Бағдарламасын қабылдау.

Әлеуметтік-экономикалық саяси дағдарыс шын мәнінде барлық ТМД мемлекеттерінің көпұлтты құрамының аясында өтіп жатыр. Соның салдарынан этносаралық шиеленіс өршіп, тек мемлекеттердің өз ішіндегі шиеленістерге ғана емес, мемлекетаралық жанжалдарға ұласуда. Мұндай жағдай Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы институтының өзін абыройсыздыққа ұрындырады. Демек, бірлескен күш-жігер арқылы алуан түрдегі жанжалдарды тежеу, оқшаулау және жою тетіктерін талдап жасау қажет.

Қазір барлық ТМД елдері ішкі жағдайларына сәйкес мемлекеттік құрылыс нысандарын іздестіруде. Бірақ, тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ТМД-ның біртұтас та, федеративті де мемлекеттері толық дәрежесінде тұрақты деп мойындала алмайды.

Экономикалық интеграция мәселелерін шешу жеткілікті көлемде өкілеттіктері бар саяси институттарды құру қажеттігін талап етіп отыр. Олар мемлекеттердің шын мәнінде экономикалық, саяси, құқықтық, экологиялық, мәдени, білім беру салаларындағы өзара қарым-қатынас функцияларын реттеуді қамтуы тиіс. Сөйтіп, неғұрлым жоғары деңгейдегі өзара қарым-қатынастардың кедергілерін жоюдың және, сонымен бір мезгілде, олардың институттарын құрудың уақыты жетті.

Қазіргі сәтте ғылым, мәдениет, білім беру саласында оқшаулану үдерісі жүруде. Бір кездегі бірыңғай мәдени-біліми кеңістік бытыраңқы күйде. Осындай

жағдайда «ғылымда шекара жоқ» деген пайымдаудың өзі орынсыз болып қалды.

Шиеленіскен экономикалық қиындықтар аясында мамандардың ғылым, мәдениет, білім беру салаларынан шеттеуі белең алып, зиялылық әлеуетінің кемуі, білім берудің деңгейі мен сапасының төмендеуі күрт арта түсуде. Бұл үдерістер бір кездегі біртұтас жүйенің үзілуіне ғана емес, әлемдік өркениеттің мәдени-ғылыми жетістіктерінен оқшаулануға соқтырып отыр.

Сонымен бірге, экономика мен саясаттағы бірігу үдерістерін жеделдетуге деген ұмтылыс мәдениет, білім беру және ғылым саласындағы уағдаласқан саясатты сақтау мен дамытуға сүйенуі тиіс. Жаңа білімдерді алу мен нақты іске жарату жөніндегі үдерістерді интернационалдандыруды сақтап, нығайта беру керек. Ғылыми-техникалық саладағы зерттеулер мен тандамаларды біріктіру жалпы алғанда ғаламдық дәрежеде өнеркәсіп қызметінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Кеңестен кейінгі кеңістікті әлемдік мәдени және ғылыми қауымдастықтан оқшаулау технологиялық саладағы артта қалудың жаңа кезеңіне апарып соғуы мүмкін.

Аумақтық біртұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жаңа мемлекеттер үшін өзекті міндеттердің бірі. Қазіргі кезде кеңестен кейінгі кеңістік тұрақсыздықтың, алуан түрдегі жанжалдардың үйлесуінің аймағы болып отыр, сондай-ақ ТМД-дан тысқары жерлердегі жанжалдардың ықпалын да қатты сезінуде. Сыртқы шекараларды қорғау және жанжалды өңірлердегі жағдайды тұрақтандыру тек барлық мүдделі мемлекеттердің бірлескен күш-жігерлерінің арқасында ғана жүзеге асырылуы мүмкін және ол соған қатысушы-

лардың қорғаныс сипатындағы мәселелер шеңберіне үйлесімді көзқарасын талап етеді.

Экологиялық қауіпсіздік проблемасы ТМД елдеріндегі толғағы жеткен және шешілмеген мәселелердің бірі болып қалып отыр. Экологиялық шиеленіс бірқатар себептерге байланысты. Оларға ядролық қаруларды сынаудың, атом электр стансалары қызметінің зардаптарын, қоршаған ортаны өнеркәсіп қалдықтарымен ластауды, адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде табиғи ортаны аздыруды (су бассейндерінің тартылуын, ормандарды отауды, топырақ эрозиясын және т. б.) қосуға болады.

Бұл проблемалар барлық ТМД елдері үшін шын мәнінде көкейкесті, оның үстіне экологиялық апаттың негізгі аймақтары, әдетте, шекаралық аудандарда орналасады. Бұл проблемалар қалыптасқан технологиялық базалардың, экстенсивтік бағытқа негізделген шаруашылық қызметін жүргізу тәсілдерінің ортақтығынан туындаған. Бүгін таңда осы проблемалардың ешқайсысын бір ғана, тіпті ең ірі мемлекеттің дербес күш-жігері арқасында шешу мүмкін емес. Қоршаған ортаны сақтау – қыруар қаржыны, барлық мемлекеттердің бірлескен күш-жігерін талап ететін ғаламдық тұрғыдағы міндет.

Талқылау үшін «Еуразиялық Одақ» (ЕАО) деген шартты атпен жаңа интеграциялық бірлестік құрудың жобасы ұсынылып отыр.

Еуразиялық Одақ (ЕАО)

ЕАО – әрбір қатысушы елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін және жиынтық интеграциялық әлеуетін

жүзеге асыруға бағытталған тең құқықты тәуелсіз мемлекеттердің одағы. ЕАО егемен мемлекеттердің кеңестен кейінгі кеңістіктегі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, әлеуметтік-экономикалық жаңғыруын нығайту мақсатымен интеграциялаудың нысаны болып табылады.

Тәуелсіз мемлекеттер жақындасуының негіздерін экономикалық мүдделер айқындайды. ЕАО-ның саяси институттары осы мүдделерді адекватты бейнелеп, экономикалық интеграциялануға жәрдемдесуі тиіс.

I. Бірлесу қағидаттары

Еуразиялық Одақты құрудың мынадай қағидаттары мен тетігі ұсынылады:

– мемлекеттердің ЕАО-ға кіруі туралы ұлттық референдумдар өткізу немесе парламенттердің шешімдерін шығару;

– қатысушы мемлекеттердің ЕАО-ны Теңдік, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, егемендігін, аумақтық тұтастықтығын және мемлекеттік шекараларының бұлжымастығын құрметтеу негізінде құру туралы шартқа қол қою. Шарт интеграцияны экономикалық, валюталық және саяси одақ құру бағытында тереңдетудің заңдық және ұйымдық алғышарттарының негізін қалауы тиіс;

– ЕАО-ға қауымдасқан мүшелікке жол берілмейді;

– ЕАО-ға қабылдау жөніндегі шешім қатысушы елдердің жалпы санының 4/5 (бестен төрт) квалификациялық көпшілігі дауыс беру қағидасы негізінде жүзеге асырылады.

Тәуелсіз мемлекеттер ЕАО-ға мынадай бастапқы шарттарды орындағанда кіре алады:

– қабылданған мемлекетаралық келісімдерді міндетті түрде орындау;

– ЕАО-ға қатысушы елдердің қалыптасқан мемлекеттік-саяси институттарын өзара мойындау;

– шекаралардың аумақтық тұтастығы мен мызғымастығын мойындау;

– мемлекетаралық қатынастарда экономикалық, саяси және басқа түрдегі қысым көрсетуден бас тарту;

– өздерінің арасындағы соғыс қимылдарын тоқтату.

ЕАО-ның құрамына жаңа елдердің кіруі олардың ЕАО-ға кіруге әзір екендігі туралы сараптық қорытынды жасалғаннан кейін, ЕАО-ның барлық мүшелерінің бірауыздан дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Сараптық қорытындыны ЕАО-ға мүше болуға келісім берген мемлекеттердің тепе-теңдік негізде құратын органы береді.

ЕАО мемлекеттері басқа да интеграциялық бірлестіктерге, соның ішінде ТМД-ға да қауымдастық немесе тұрақты мүшелік негізде қатыса алады я болмаса бақылаушы мәртебесіне ие бола алады.

Әрбір қатысушы басқа мемлекеттерді шешім қабылданардан кем дегенде алты ай бұрын алдын ала хабардар ету арқылы ЕАО-дан шыға алады.

Мынадай ұлтүстілік органдар құру ұсынылады:

ЕАО Мемлекет басшыларының кеңесі – ЕАО саяси басшылығының жоғары органы. Әрбір қатысушы мемлекет орыс әліпбиіне сәйкес ЕАО-да алты айдан төрағалық етеді.

Жоғары консультативтік-кеңесші орган – ЕАО-ның Парламенті. Парламент әрбір қатысушы елдің тең өкілдігі негізінде қатысушы мемлекеттер парламент-

терінің депутаттарын делегациялау арқылы немесе тікелей сайлау жолымен құрылады. ЕАО Парламентінің шешімдері оларды ЕАО мемлекеттерінің парламенттері бекіткеннен кейін күшіне енеді. Бекіту жөніндегі мәселе бір айдың ішінде қаралуға тиіс.

ЕАО Парламенті қызметінің негізгі бағыты – қатысушы елдердің бірыңғай экономикалық кеңістікті дамытуды қамтамасыз ететін заң шығару қызметін үйлестіру, адамның әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, ЕАО мемлекеттеріндегі мемлекеттік егемендік пен азаматтардың құқықтарын өзара құрметтеу жөніндегі міндеттерді шешу.

ЕАО Парламенті арқылы қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара қарым-қатынасын реттейтін ортақ құқықтық базаны жасау жүзеге асырылады.

ЕАО Сыртқы істер министрлерінің кеңесі сыртқы саяси қызметті үйлестіру мақсатымен құрылады.

ЕАО Мемлекетаралық атқару комитеті (Атком) – тұрақты жұмыс істейтін атқарушы-бақылаушы орган. Аткомның басшысын ЕАО мемлекеттерінің басшылары қатысушы елдер өкілдерінің ішінен өздері белгілеген мерзімге кезекпе-кезек тағайындайды. Аткомның құрылымы барлық қатысушы елдердің өкілдерінен құрылады.

ЕАО өзінің Аткомы арқылы бірқатар ірі халықаралық ұйымдарда бақылау мәртебесіне ие болуы тиіс.

ЕАО Аткомының ақпарат бюросы. Шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа нұқсан келтіруі мүмкін жағымсыз пікірлерге жол бермеу туралы қатысушы елдердің арнайы міндеттемелерін немесе заңдарын қабылдау.

Білім беру, мәдениет, ғылым мәселелері бойынша кеңес. Келісілген білім беру саясатын, мәдени, ғылыми ынтымақтастық пен алмасу саясатын қалыптастыру, оқулықтар, оқу құралдарын жасау жөніндегі бірлескен қызмет.

ЕАО елдері қызметін неғұрлым терең үйлестіру мен тиімділігін арттыру мақсатымен олардың әрқайсында ЕАО істері жөніндегі мемлекеттік комитет (министрлік) құру.

ЕАО елдері министрлерінің деңгейінде денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және жұмыспен қамту, экология, мәдениет, қылмыспен күрес және т. б. мәселелер бойынша ұдайы кездесулер мен консультациялар өткізіп тұру.

ЕАО-ға қатысушы елдердің ұлттық заңнамаларына сәйкес ынтымақтастықтың түрлі салаларындағы үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ынталандыру. Ұлттық заңнамалардың тіл бойынша қызмет атқаруымен бірге ЕАО-ның ресми тілі орыс тілі болып табылады.

Азаматтық. ЕАО шекарасында азаматтардың еркін жүріп-тұруы үшінші елдерге қатысты сыртқы, визалық саясатты үйлестіруді қажет етеді. ЕАО шеңберінде тұрғылықты елін ауыстырған әрбір адам өз қалауында басқа елдің азаматтығын бірден ала алады.

ЕАО астанасы ретінде Еуропа мен Азияның түйіскен жеріндегі қалалардың бірін, мәселен, Қазан, Самара қалаларын ұсынуға болады.

II. Экономика

ЕАО ауқымында бірыңғай экономикалық кеңістік құру мақсатымен бірқатар ұлтүстілік үйлестіруші құрылымдарды құру ұсынылады:

– ЕАО Мемлекет басшылары кеңесінің жанындағы Экономика жөніндегі комиссия. Ұлттық мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, ЕАО шеңберіндегі экономикалық реформалардың негізгі бағыттарын талдап жасайды және оларды ЕАО Мемлекет басшылары кеңесінің бекітуіне ұсынады;

– ЕАО экспортшы елдерінің шикізат ресурстары жөніндегі комиссиясы. Сыртқа шығарылатын шикізат тауарлары мен энергия көздеріне деген бағалар мен квоталарды келісу және бекіту, тиісті мемлекетаралық келісімдерге қол қою мақсатында құрылады. Алтын және басқа да бағалы металдарды қазып алу, сату саласындағы саясатты үйлестіру;

– ЕАО елдерінің үлестері есебінен құрылатын экономикалық және техникалық ынтымақтастық істері жөніндегі қор. Келешегі зор, ғылыми ауқымды экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландырады, кең ауқымды міндеттерді, соның ішінде, құқықтық, салықтық, қаржылық, экологиялық және т. б. мәселелерді шешуге көмек көрсетеді;

– ЕАО Мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіп топтар мен бірлескен кәсіпорындар бойынша комиссия;

– ЕАО-ның халықаралық инвестициялық банкі;

– ЕАО-ның экономикалық мәселелер жөніндегі мемлекетаралық арбитражы; даулы мәселелерді құқықтық жолмен шешеді және айыптық санкциялар салады;

– есеп айырысу ақша бірлігін (аудармалы рубль) енгізу жөніндегі комиссия.

III. Ғылым, мәдениет, білім беру

Өткен онжылдықтарда қол жеткен әлеуетті сақтау мен осы саладағы кірігуді күшейту жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

- ЕАО-ның осы заманғы білім саласындағы іргелі зерттеулер жөніндегі ортақ зерттеу орталықтарын құру;
- түрлі елдердің ғылыми ұжымдарын біріктіретін ЕАО-ның ғылыми зерттеулерді дамыту қорын құру;
- ЕАО Үкімет басшылары кеңесінің жанындағы Мәдениет, ғылым, білім беру саласындағы байланыстар мәселелері жөніндегі комитет құру;
- мәдени-білім беру және ғылым саласындағы үкіметтік емес қауымдастықтар мен бірлестіктерді құруға жәрдемдесу;
- ЕАО Аткомы жанындағы Стипендиялық қорды тағайындау.

IV. Қорғаныс

ЕАО шеңберінде мынадай келісімдерді бекіту ұсынылады:

- ЕАО-ға мүше елдердің ұлттық Қарулы Күштерін нығайту және ЕАО-ның сыртқы шекараларын қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдар туралы шарт;
- ЕАО қорғаныс қызметін үйлестіру мақсатымен біртұтас қорғаныс кеңістігін құруды көздейді;
- қатысушы елдер мен олардың арасындағы тұрақтылықты қолдау және жанжалдарды тыю үшін ЕАО-ның ұжымдық бітімгершілік күштерін құру. ЕАО-ға қатысушы мемлекеттердің келісімімен халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес ЕАО аумағындағы жанжалды аймақтарға бітімгершілік күштерді жіберу;
- ЕАО-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне, бірлескен құрлыққа бітімгершіл күш мәртебесін беру туралы ұжымдық өтініш енгізуі;

– халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен ядролық қарусыздану проблемалары жөніндегі мемлекетаралық орталық құру.

ЕАО-ның Ресейден басқа барлық мемлекеттері ядролық қарусыз ел мәртебесін сақтайды.

V. Экология

Таяудағы уақыттың ішінде мынадай тетіктерді құру қажет:

– ЕАО Мемлекет басшылары кеңесінің жанындағы ЕАО шеңберінде экологиялық бағдарламаларды жүзеге асыратын және барлық қатысушы мемлекеттердің есебінен қаржыландырылатын экология қоры;

– экологиялық ластану деңгейін төмендету жөніндегі халықаралық ұйымдармен іс-қимылдарды үйлестіру;

– қоршаған ортаны қалпына келтірудің және экологиялық апаттардың (Арал, Чернобыль, Семей ядролық полигоны) салдарын жоюдың ірі проблемалары бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламалар қабылдау;

– ЕАО-ның ядролық қалдықтарды көму жөніндегі мемлекетаралық шартын қабылдау.

* * *

Тарих бізге ХХІ ғасырға өркениетті жолмен енудің мүмкіндігін беріп отыр. Біздің ойымызша, соның бір жолы кеңестік кезеңнен кейінгі дамудың объективтік қисынын және бұрынғы КСРО халықтарының бірігуге деген ниетін бейнелейтін Еуразиялық Одақты құру жөніндегі бастаманың интеграциялық әлеуетін жүзеге асыру болмақшы.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесі он үшінші шақырылымының
I сессиясындағы «Реформаларды тереңдету мен
жалпыұлттық келісім арқылы –
жаңарған Қазақстанға» атты

ЖОЛДАУЫ

Алматы қаласы,
1994 жылғы 9 маусым

**Құрметті Жоғарғы Кеңестің депутаттары!
Құрметті төраға!**

Егер өмірімізде болып жатқан үдерістер қарқынының ұшқырлығын ескеретін болсақ, еліміздің жаңа кәсіби парламентінің жұмысы басталғаннан бері бүгінгі күнге дейін біраз уақыт өтіпті. Парламенттік құрылымдар мен жұмыс органдарын қалыптастыру, барлық әзірлік істерін аяқтау және белсенді заң шығарушылық жұмысты бастау үшін бұл жеткілікті мерзім деп санаймын. Сондықтан да менің, бұған дейін келісіл-

геніндей, сіздерге президенттік Жолдау сөз арнауыма толық негіз бар.

Конституцияның маған берген құқықтарына сүйеніп, қазіргі жағдайға жасалған талдауды басшылыққа ала отырып, мен Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтудың, біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың таяу болашаққа, одан да алыс перспективаға арналған өзекті бағыттарына өз көзқарасымды баяндап өтпекпін. Мұның өзі, бұрын болып келгеніндей, жаппай «мақұлдауға» немесе дауысқа салуға мұқтаж емес, қайта, керісінше, ой елегінен өткізуге және Жоғарғы Кеңестің ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік билік пен басқарудың барлық институттарының практикалық қызметінде жүзеге асыруға тиісті саяси құжат екенін атап көрсеткім келеді.

Мен бұл Жолдауда өңірлер мен экономика салаларының ағымдағы барлық мәселелері немесе нақты проблемалары бойынша пікір айтуды мақсат етіп тұрғаным жоқ. Өзімнің міндетімді біршама кең тұрғыда көріп тұрмын – мемлекеттік биліктің жоғары буындарының өкілдері саналатын, халық өзінің тағдырын, өзінің болашағын сеніп тапсырғандардың бәрін, сондай-ақ саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды дүниеге нақты қарауға, қалыптасқан жағдайға бұра тартпастан баға беруге, дұрыс қорытынды жасауға және, түйіп айтқанда, жұдырықтай жұмылып, сындарлы жұмыс істеуге шақырамын.

Республикадағы жағдайды бағалауда бізде түбегейлі алшақтық жоқ деп ойлаймын. Ол негізінен келеңсіз үдерістермен және тұрақсыз құбылыстармен сипатталып отыр. Дағдарыс және оның құлдырау,

инфляцияның өршуі түріндегі ең шетін көріністері экономиканы тұрақтандыру жөніндегі біздің көптеген күш-жігерімізді жоққа шығарып, азаматтардың иығына ауыр жүк болып түсуде. Бұл шынында да солай және бұл фактіні ешкім де теріске шығара алмайды.

Алайда, анықталып отырғанындай, бізде көптеген адамдар себеп пен салдарды, мақсаттар мен оларға қол жеткізу амалдарын әлі күнге дейін шатыстырумен келеді. Айтыстың қызуына беріліп, дағдарыстың себептері реформалардың өзінде жатыр, бағытты таңдауда қателік жіберілді деп дәлелдеуге тырысатын күштер де табылуда. Бағытты, сонымен бірге, ақылға қонатын да, қонбайтын да жамандықтың бәріне кінәлі-міс деп есептеген үкіметті ауыстыруды ұсынуда. Президент те, бұрынғы-соңғы Жоғарғы Кеңес те күстәналанудан аман емес.

Өзекті өртеген өкінішімізге қарай, дағдарыстар себептерінің бүкіл қыр-сырына және бастан кешіріп отырған кезеңіміздің ерекшелігіне талдау жасауға тәуекел ететін саясатшыларымыз, мемлекеттік қайраткерлеріміз немесе жайбарақат қалғып-мүлгіп отырған экономика ғылымы саласындағы ғалымдарымыз тіптен аз.

Бастапқыда өзіміз үшін бірнеше мәселені дұрыс тұжырымдап алайықшы. Қазіргі дағдарыстың қайнар-бастаулары қайда жатыр, оның бастапқы себептері неде? Ол үкімет жүргізіп отырған реформалардан туған ба немесе басқа факторлары бар ма? Және, ақыр аяғында, біз бүгін тап болып отырған жағдайдан шығатын жол бар ма?

Бірден айтайын: дағдарысқа киліктірген реформалар емес, қайта, керісінше, бізге ыдыраған Одақтан мұраға қалған дағдарыс одан шығудың жолдарын іздестіруге

итермелеп, реформалар жолына түсуге мәжбүр етті. Біз егемендікке ие болған кезде экономикамыздың іріп-шіру дертіне ұшырағанын бір сәт еске түсірейікші. 1986 жылдан бастап КСРО-ның және барлық республикалардың экономикасы күллі өзекті көрсеткіштер бойынша күрт нашарлай бастады. Бірақ біздің санамыз ол кезде мұның бар сұмдығын қабылдай алмады. Біз ел астанасында бәрін де біледі, бәрін де істейді және қажет нәрсенің бәрін де береді деген біртұтас мемлекеттің өлшемдерімен өмір сүрдік. Ол шынында да беретін, бірақ ойсыратып та алатын. Ал соңғы жылдары берген нәрселерінің басым бөлігін сыртқы қарыз ретінде есептей бастады. Қазақстанда ұлттық жалпы өнімнің құлдырауы ол кезде 7% болды. Бірақ бұл тек алғашқы дабыл қоңырауы еді.

Жария етілген қайта құру іс жүзінде басталмастан қалды, өйткені Кремльдің өзіндегілер қай жаққа қарап қайта құрылу, қандай түрде және қандай мерзімде қайта құрылу керек екенін білмеді. Бүкіл халық дүдәмал күйде қалды да, ол шектен шыққан келеңсіз зардаптарға соқтырды. Экономика мен саясатта басталған тәжірибелер іріп-шіріген жүйенің күйреуін тездетті, қоғамдық-саяси құрылысты өзгерту және экономиканы реформалау қажеттігін түсінуге жеткізді. Супердержаваны ыдырағаннан кейін жаппай дағдарыстың сығымдалған серіппесі одан әрі ширығып, ақыр аяғында, өзегінен шығып кетті де, бізді, бұрынғы одақтас республикалардың бәрін қардай бораған өткір проблемалардың астында қалдырды. Тек қазір, тәуелсіздіктің үшінші жылында ғана, біз бұрынғы империяның шикізат отары ретіндегі сыңаржақ дамуымыздың бүкіл салдарын, былайша айтқанда, жан-тәнімізбен сезінудеміз.

Оқиғалардың өрбуінің ықтимал нұсқаларын есептей келіп, әсіресе, соңғы жылдары Қазақстан басшылығы Мәскеудің алдына, мәселен, біздің металлургия өнеркәсібімізде үшінші және төртінші қайта қорыту жасау туралы, жалпы одақтық қорларға ауыл шаруашылығы өнімдерін беруді кеміту туралы, басқа салалар мен бағыттарда дербестікті кеңейту туралы мәселелерді талай рет қойғанын еске сала кеткім келеді. Бірақ олардың бірде-бірі оң шешімін таппады. Табуы да мүмкін емес еді: бізді бұрынғы қалпымызда ұстап тұру тиімді болатын, ал оның зардаптары ешкімді толғандырған емес.

Тоталитарлық партиялық-саяси құрылыс күйреді, держава ыдырады, бүкіл құрылымды уысында ұстап келген «жұдырық» ашылды. Бірақ, сонымен бірге, біз аса қуатты материалдық, қаржылық және инвестициялық тасқындар ретінде келіп жатқан қорек көзінен де айрылды. Одақ үшін қажет өндірісті қоректендіріп келген күретамырлар тірілей қиып тасталды, оған айырбас ретінде біз өзімізге қажетті кейбір тауар түрлерін алып келген болатынбыз.

Кәне, осыған басқаша, енді бүгінгі күннің биігінен қарайықшы. Ол өзі қандай да болсын бастаманы тұншықтырудың және шектен шыққан масылдықты тәрбиелеудің аса қуатты құралы болды ғой, осы масылдық көріністерінен біздің бүгінгі өмірімізде де аяқ алып жүре алмайсыз. Осыған байланысты Өскемендегі 1 мамыр митингісінің қарарын еске түсіріп тұрмын. Онда социализмнің идеологиясы мен практикасына қайтып оралу, КСРО-ны қалпына келтіру сияқты талаптар баяндалған болатын. Алайда, егер мәселенің мәніне сәл мұқият бойлар болсақ, проблема мынада жатыр.

Соңғы жылдардың бәрінде қала Орта машина жасау министрлігі мен Түсті металлургия өнеркәсібі министрлігі сияқты одақтық алпауыттардың қажетіне жұмыс істеген өнеркәсіп алыптарының есебінен дамып келді. Олар адамдарға жұмыс, қалаға тыныс-тіршілік беріп отырды. Енді олар жоқ, бірақ онымен қатар оларға қажетті өнімге тапсырыстар да жоқ. Республикада оны сол көлемде өндіруге деген қажеттілік те жоқ. Үлбі металлургия зауытында бериллий өндірісі экологиялық қауіптілігінің жоғары болуы себепті азаматтардың талабы бойынша жабылғанын да еске түсіруге болады.

Бірақ мұндай митингілердің негізгі бастамашылары көп ретте қалтарыста қалуды жөн көретін басқа күштер болып келеді. Олар – көбінесе бұрынғы және қазіргі басшылар, өздерінің қарекетсіздігін бүркемелеп, күрделі жағдайды пайдаланып, көкейлерінде өз өндірістерін қайта бағдарлау жөнінде ешқандай идеялары жоқ бола отырып, талай адамдардың басын айналдырып біткен қоғамдық «көшбасшылар». Рас, онша үлкен болмаса да, осындай арандату әрекеттерінің дәнегі сол баяғы әлпешпен өсірілген масылдықтың әлі де болса нәрлі топырағына барып түсуде. Ештеңе өндірместен немесе сұраным таппайтын өнім шығара отырып, сенімді жалақы алу дағдысы бізде әлі де басым.

Өзімізге мынадай сұрақ қояйықшы: осынау «халық қамын жеушілер» бізді қандай социализмге – Сталиннің концлагерьлік социализміне немесе болашақ ұрпақтардың несібесін жеп, тапайдың тал түсінде елді және республикаларды тонаған Брежневтің жалпыға бірдей теңгермешілік социализміне қайтарғысы келе ме? Жоқ әлде тонайтын да түк қалмаған, тек құрғақ

уәдемен қарық қылған Горбачевтің «адам бейнелі» социализміне қайтарғысы келе ме?

Бірақ өткенге қайтып оралу жоқ екені баршаға аян. Оның үстіне сол социализм дейтіні бізде тіпті өткен кездің өзінде де атымен болған емес. Тарихтың қайталануы да мүмкін емес. Бола қалғанның өзінде, бірінші ретте – қасірет, екіншісінде фарс түрінде болатыны белгілі. Бізге мұның екеуі де жарамайды. Біз нарықтық экономика мен демократиялы қоғам құру жолын жете түсініп, бүкіл халық болып таңдап алдық. Оны адамзат өркениеті дамуының бүкіл барысы талап етті және онымен саналы түрде жүріп өтуіміз керек. Бұл – біздің болашағымыз.

Сонымен қатар, осы жолға түскеннен кейін біз оның объективті заңдылықтары, сөзсіз қиыншылықтары арқылы жүріп өту және әлемдік дамудың ережелері бойынша әрекет ету керегін түсініп, соған әзір болуымыз керек. Дүние жүзінің бірде-бір елі аттап өте алмаған кінәратты белгілері бар дағдарыстық құбылыстар да – солардың бір көрінісі. Америка, Франция, Ұлыбритания, Түркия, Германия, Үндістан және басқа да елдер ұлы күйзеліс пен құлдырауды бастан кешірді. Тек сілкіністер күші ғана әртүрлі болды. Кейбір елдер, мәселен, Оңтүстік-Шығыс Азияның «жолбарыстары» дейтіндер нарықтың қалыптасуының барлық «жартастарынан» жеңілдеу өтті. Базбір елдер әскери төңкерістер мен азамат соғыстарына килікті, Латын Америкасында нақ осылай болды және планетаның басқа да кейбір өңірлерінде қазір де солай болып жатыр.

Өз дағдарысымызды еңсере отырып, біз басқалардың тәжірибесін біліктілікпен пайдалануға тиіспіз. Бірақ бұл орайда өзгенің көргенін сол күйінде көшіре салу

туралы әңгіме болмайтынын да ескеру керек. Біздің өтпелі кезеңіміздің өз ерекшеліктері бар екені айдан анық, олар ең алдымен экономиканың сыртқы факторларға барынша тәуелділігіне және оның даму деңгейінің тым әлсіздігіне байланысты, ал бұл – бұрынғы Одақтың барлық республикаларына тән сипат. Алайда әлемдік экономикада болып жатқан үдерістерді жақсы біліп, талдау жасау міндетті түрде қажет.

Нақты жағдайды басшылыққа ала отырып, ілгерілеу бағытын дұрыс таңдау, кезеңдерді біліктілікпен айқындау, тактиканы белгілеу ғана емес, сонымен қатар, қажетті тетіктерді кезінде іске қоса білу де маңызды. Тегінде, Жолдауда осы жайында айтылады. Олардың алуандығы мен күрделілігін айқын да жете түсіну үшін мен, өз пайымдауымша, дамудың оңтайлы нұсқасының аса маңызды бағыттарын атап өтсем деймін.

Бұл жұмыстың басты назарында егемен мемлекет пен нарықтық экономика талаптарын немқұрайды түрде емес, нақты ескеретін ақша-несие және банк реформаларын жүргізу болады. Оның өзекті міндеті – өректің инфляцияны ауыздықтау және ұлттық валютаны нығайту. Өткен жылдың аяғында біз ұлттық валютамызды енгізіп, өз дамуымызда аса мәнді, тарихи бетбұрыс жасадық. Сол арқылы реформаларды жүргізудің дербес әрі нақты тұтқаларына ие болу құқығына қол жеткіздік. Және жарты жыл ішінде бұл бағытта біраз нәрсе істелді. Жан-жақты қамтитын жекешелендіру бағдарламасын қабылдадық, саудада кеңінен ырықтандыру жүргіздік, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарттық, қаржы-несие саясаты барынша батыл жүргізілетін болды. Қысқасы, қиын жолдан өттік. Бұл шаралар әу бастан оң нәтижелерін бере бастады.

Бірақ келесі, шешуші қадам жасайтын уақыт туды. Ол теңгені нығайтып, оның бағамын тұрақтандыруға және инфляцияны ауыздықтауға ғана бағыт алмауы тиіс. Ол осы міндетке шын мәнінде қол жеткізілуін қамтамасыз етуі керек.

Бюджет саласында да, банктер мен кәсіпорындар қызметі саласында да қаржы тәртібін нығайтуға батыл түрде бару керек.

Біз инфляцияны ауыздықтап, ұлттық валютамызды нығайтуымыз керек.

Өйтпейінше, біз экономиканы сауықтыра алмаймыз, инфляцияның өсуін тоқтата алмаймыз, инвестициялар үшін қаржымыз да, несие ресурстарымыз да болмайды. Сөйтіп, бәрі-бәрі, тіпті мынадай ауыр кезеңде онсыз да қатты шайқалған адамгершілік ұғымдарымыз да әбден құнсызданатын болады. Адамдардың өмірі одан бетер нашарлайды. Кез келген экономикалық жүйенің өмір сүруінің соңғы табалдырығы, үмітіміздің толық күйреуі – гиперинфляция басталады.

Қаншалықты ауыр болғанымен, бізде қаржы тұрақтандырудың бірден-бір жолы қалғанын – жалақы, зейнетақы және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі жәрдемақы төлеуге жұмсалатын тиесілі қаржыны қоспағанда, мемлекеттің күллі шығындарын қысқарту керек екенін азаматтарымызға барлық жауапкершілікпен ашық айтатын уақыт жетті.

Бұл – кәсіпорындарға тікелей де, жабық түрде де берілетін дотацияның кез келгенін тоқтату деген сөз. Олардың бюджеттен қаражат алуы тоқтатылуы керек, ал кредит нақты әрі тиімді бағдарламалар мен жобаларға шектеулі мөлшерде берілуі тиіс. Зиян шегіп отырған кәсіпорындар ең таяу уақытта банкроттық

рәсіміне тартылуы керек. Салықтар мен бажға қатысты жеңілдіктің бәрін жою қажет. Үкімет кәсіпорындар мен банктердің күмәнді берешектерін немесе өтелмеген төлемдерін жабу жөнінде мемлекет атынан ешқандай жауапкершілік алмауға тиіс. Мемлекеттік органдарды – өкілетті, сот және атқарушы билікті ұстауға жұмсалатын шығындар қысқартылатын болсын.

Екінші жағынан, телекоммуникация, көлік, энергетика және басқалар сияқты өзекті салаларды реформалауға қатыстыру үшін шетелдік ірі инвесторларды тарту жөнінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуын тездету керек. Олар бойынша халықаралық теңдерлер өткізу керек. Әрі ол істің байыбына барып, түсінікті әрі тиімді жүргізілетін болсын.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтің барлық түрінің бағасын босату қажет. Нанның бағасын босата отырып, табысы аз жандарға оның айырмасын төлеу қажет. Бұл долбармен емес, жұрт оның тетігін түсініп, қабылдайтындай болу үшін білгірлікпен, нақпа-нақ жүргізілуі тиіс. Жалпы алғанда, мен үкіметтен бюджеттің шығысы мен кірісіне қатаң бақылау жасауды талап етемін. Ал біздің Қаржы министрлігіміз кірісті қалыптастыруда тым әлсіз және шығыс туралы әңгіме болған кезде тым көңілшек. Ахуал қалай өзгерсе де, бюджет орындауға келгенде қатаң болуға тиіс. Экономиканың жеке салаларының немесе бағыттарының пайдасына қандай да болсын қысым көрсетуді немесе қолпаштауды батыл тоқтату керек. Бюджет – мемлекеттік саясат құралы, сондықтан оны корпоративтік, өңірлік және басқа да мүдделердің пайдасына жұлмай беруге жол жоқ.

Ұлттық банк жөніндегі жағдайды батыл түрде өзгерту қажет. Біз оны басты мақсатқа емес, басқа түрлі

мақсаттарға пайдаланып, желгілдетумен келдік. Әуел баста оны Жоғарғы Кеңеске бағындырдық. Одан не шықты? Ол тікелей парламент сессиясына бағынышты болған жоқ емес пе! Оған Экономикалық реформа жөніндегі комитет басшылық жасады, ал онда бірде-бір банк маманы болмайтын. Тек жаңа бюрократия үшін әбден қисынды өзгеріс жасалды – жариялылықтың жалт етпе кезеңінде әшкереленген «телефон құқығы» партаппараттан парламент аппаратына көшті.

Қазір Ұлттық банктің басқармасына үкімет басшыларын енгіздік. Бірақ бұл да тиімді бола қойған жоқ. Ұлттық банкті қандай да болсын өкілетті де, атқарушы да органдардың бағыныштылығы мен қамқоршылығынан шығарып, теңгені тұрақтандыру жөнінде шындап жұмыс істеуін қатаң талап ету қажет.

Мұндай шешімдер қабылдап, нақ осындай бюджетті бекіту маған да, сіздерге де ауыр екенін білемін. Баршамызға қиын соғатынын да білемін. Кәсіпорындар тоқтайды, көптеген жұмыссыздар пайда болады, наразылық білдірушілер көбейеді, тағы да митингіге және сондайларға шақырушылар табылады. Бар пәлеге алдымен мені, содан соң, әрине, сіздерді де кінәлаушылар болады. Соған да шыдап бағу керек. Тек үкіметті ғана емес, парламентті де, Президентті де отставкаға кетіру керек дейтін үндеулер көтеріледі. Кетіруге де болады. Бірақ нарықтық экономикаға көшудің заңдылықтары мен соларға байланысты қиындықтар қала береді. Оларды аттап өтетін де, алдап кететін де ешкім жоқ. Тек қымбат уақыт босқа шығын болады.

Егер біз өз Отанымыздың нағыз патриоты болсақ, егер дағдарыстан шығуға шынымен мүдделі болып, сол арқылы халқымызға лайықты өмір әперуді қала-

сақ, біз осы қиындықтарға қасқая қарсы тұрып, оларға шыдап беруге тиіспіз. Осыдан 50 жыл бұрын, нацистік Германияға қарсы соғыс кезінде, Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль өзінің халқына арнаған сөзінде былай деген: «Бұл бәрімізден құрбандықты талап ететін ауыр да қиын соғыс болмақ, бірақ бізде басқа таңдау жоқ». Ол соғыста жеңіске жету үшін ауыртпалық пен қайғы-қасіреттен өтуге тура келетінін халқынан жасырғысы келмеді. Қазақстан саяси тәуелсіздік алды. Бірақ біз енді өзіміздің экономикалық дербестігіміз үшін күрес жүргізудеміз, шайқас үстіндеміз десек те болады. Сондықтан мен бүкпесіз айтайын: Қазақстанның әрбір азаматынан, бірінші кезекте, біздер мен сіздерден елеулі күш-жігер жұмсау қажет болады.

Бүкіл экономикалық реформаны үдетудің осындай мейлінше маңызды және мейлінше басты бағыты жекешелендіру, жеке сектор мен бәсекені қарқынды дамыту, өндіріс пен еңбектің ынталандырушы қуатты тұтқаларын жасау, әлеуметтік қорғаудың тиімді тетігін қалыптастыру саласындағы жаңа міндеттермен табиғи түрде ұштасады. Салық саласында, банк жүйесінде елеулі өзгерістер жасау қажет.

Құқықтық реформа жүргізу аса ірі міндеттер топтамасы болып алда тұр. Ол реформалардың экономикалық топтамасына, былайша айтқанда, «тірек» болып қана қоймай, сонымен бірге, оны серпінді түрде жүргізу үшін өзіндік бір локомотив рөлін де атқаруға тиіс.

Осы міндеттердің бәрін шешу стратегиялық бағыттың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, ұсынылып отырған саясаттың әрбір жиынтығы, әрбір қыры сапалық жаңа мазмұнмен байытылған. Алға мақсат қою жағынан да, оларға қол жеткізу әдістері

жағынан да. Сөз жоқ, оларды жүзеге асыру жеңіл болмайтыны және белгілі бір шығындарды қажет етуі мүмкін екені даусыз.

Қолданылатын шараларды терең пысықтаудың аса маңыздылығы және олардың орындалуы үшін жоғары жауапкершілік осыдан туындайды. Барлық іс-әрекет және ықтимал нәтижелер мұқият ескеріліп, олардың салдары алдын ала талдануы тиіс.

Халықтың реформаларға қатысуға деген ынтасының арта түскені де біз үшін маңызды фактор. Адамдардың психологиясында, бірте-бірте болса да, әйтеуір сапалы бетбұрыс болып жатыр. Олар нарықтық қатынастарға барған сайын көбірек бейімделіп келеді. Соңғы сұрау салудың деректеріне қарағанда, халықтың 70 %-ға жуығы нарықтық өзгерістер бағытын қолдайды. Ал Қазақстан реформалау жолына түскен бастапқы кезеңде бізде оны жақтаушылардың саны 20 % ғана болған еді ғой.

Адамдарымыздың санасындағы мұндай бетбұрыс біздің таңдап алған бағытпен мақсаткерлікпен әрі дәйекті түрде ілгері басуымызға негіз береді.

Менің пікірімше, бүгін таңда алдымызға қойып отырған міндеттерді шешуде өзекті маңызы бар мәселелердің біріне неғұрлым егжей-тегжейлі тоқталғым келеді. Ол – қоғамның рухани жай-күйі, республикадағы тұрақтылық ахуалы, ұлттық және азаматтық татулық. Осыдан бір жылдан әрегіректе Қазақстан қоғамының өркендеуі мен көркеюге қарай ілгері басуы негізінде оны жалпыұлттық топтастырудың идеясын ұсынғанымда мен осыны еске алған едім. Бұл идеяны бүкіл Қазақстан халқы қолдағанын уақыт көрсетіп отыр.

Одан арғысын айтайын: егер біз өзіміздегі қазіргі татулықты, әсіресе, ұлттық татулықты сақтап, орнықтырмасақ, онда алдымызда шыңырау тұрғанын Қазақстанның әрбір саясатшысы, әрбір партиясы, қоғамдық қозғалысы, әрбір азаматы айқын сезінуге тиіс. Егемендікпен, реформалар ісімен және өзіміз бен балаларымыздың болашағы жайындағы небір армандармен біржолата қоштасуға тура келеді. Сондықтан біз барлық ісімізді араздықты қоздырып, азаматтық тыныштық пен ұлттық татулықты бүлдіруге әрекет етушілер еліміздің заңдарының бүкіл қаталдығы бойынша қатаң жауапкершілікке тартылатындай етіп қоюға тиіспіз.

Бұрынғы КСРО тарихы мен біздің қазіргі тарихымыз мұндай іс-әрекеттер тұтас халықтың қайғысымен аяқталатынына бәрімізді үйрететіндей-ақ болды. Реформалар бағытын жүргізуші басшылар жікке бөлінген қоғамда белгіленген істі жүзеге асырудың ешқашан да сәті түспегенін есте сақтаулары қажет.

Өтпелі кезеңнің қиындықтары, қайшылықтардың шиеленісуі дағдарысты құбылыстармен қосыла келгенде, күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ықтималды шиқанды құбылысқа айналдырады. Адамдар арасындағы кез келген қақтығыс дәрі толтырылған кеспекке тиетін сіріңке тәрізденді. Әсіресе ол ұлтаралық негізде болса, тіпті қауіпті еді. Тегі, шынын айтқанда, бұған ұлтаралық қатынастардың өзі себепші болуы ықтимал еді. Осынау қақтығыстардың бәрінің астарында қылмыстық әрекеттер жатты. Қарабақ қақтығысы нақ осыдан басталғанды. Әуелі Ағдамда екі әзірбайжан өлтірілді. Бұған кек алу ретінде Сумгаитте ойрандаушылар 32 армянның өмірін қиды. Бұдан кейін қақтығысқа екі тараптан да саясатшылар араласты, ал олар шын мәнінде ондаған, одан кейін жүздеген, ал

бара-бара тіпті мыңдаған адамдардың тағдыры мен өміріне елең етпейтін де еді. Өздерінің жауыздық істерін тындырған олар қазір саяси аренадан кетті, ал Армения мен Әзірбайжанның арасында азамат соғысы жүріп жатыр. Өз мемлекеттерінің экономикасын көтеріп, өздері мен балаларына қалыпты тұрмыс жағдайын жасау орнына адамдар бірін бірі өлтіріп жатыр.

Өткен жылы бізде екі қазақтың өлтірілуіне байланысты елірген тобыр шешен халқы тұратын қыстақты талқандауға тарпа бас салған Өскемендегі қақтығысты еске алыңыздаршы. Сонда біз оларды иландыра білдік, қырғынға жол бермедік және жағдайды сақтап қала алдық. Ал бүгін және ертең қалай болмақ? ОМОН мен әскерді сақадай сайлап отыра береміз бе?

Күнбе-күнгі қажырлы еңбекпен еліміздегі тепе-теңдікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтап қалып отырмыз. Бұл үшін зор күш-жігер жұмсап, іс жүзінде жағдайға күнделікті бақылау жасап отыруға тура келетінін жасырмаймын. Бірақ бұл біздің ілгері қадам басуымызға көмектесіп, шет елдегі әріптестеріміздің назарын аударуда және, ең бастысы, ішкі өмірімізді тыныштандыруда.

Бірақ өзімізге өзіміз адал жауап берейікші: адамдарымызды барынша тыныштандырып, болашақ үшін алаңдаушылықтың қалайда орын алып отырған жүгін олардан да, өзімізден де алып тастау үшін бәрін ескеріп, бәрін істей алып отырмыз ба? Мен бұл сұраққа «иә» деп жауап бере алмаймын. Ол ол ма, бұл істе жай ағаттықтар ғана емес, қателіктер де көп деп санаймын.

Мен үшін өте зор және республика үшін төтенше маңызды көші-қон мәселесін алайықшы. Бұл үдеріс табиғи ғой деп өзді-өзімізді жұбатып, осы пробле-

маға біршама жеңіл қарап жүрген жоқпыз ба? Әрине, елінде болсын, одан тысқары жерлерге кетумен болсын, тұрғылықты жерін таңдау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі адамдарда әрқашан-ақ болған. Бірақ осы проблеманың төңірегінде бояуды қалыңдата жағуға ұмтылу, шындықты боямалап көрсетуге тырысып, сөйте тұра ешнәрсе болмағандай сыңай таныту әрекеттері менің зығырданымды қайнатады.

Статистикаға көз салайық. Ғасырдың соңғы ширегі бойына Қазақстан кетушілердің саны келушілердің санынан артық түсетін өңірлердің қатарында болып келді. 1960-шы жылдардың соңынан бастап мұндай басымдық шамамен 20 мың адамдай болды. Ал 1980-ші жылдары 80 мың адамға жетті. Алайда соңғы уақытта халықтың миграциялық көшуі күрт ұлғайды, сөйтіп, өткен жылы 222,1 мың адамға жетті. Егер бұрын халық саны тұрақты түрде өсіп келген болса, өткен жылы тұңғыш рет оның азаюы тіркелді. Бірақ мұның себебі неде екені әлі күнге дейін ешкімді толғандырып, не ойландырып көрген емес.

Әрине, ондай себептер әртүрлі – отбасының жағдайы, жұмыс орнын ауыстыру, оқуға түсу, тарихи отанына қоныс аударуға тілек білдіру және басқалар. Көшіп-қонушылардың құрылымында әскерилердің үлес салмағы едәуір. Ұйымдасқан түрде жұмысшы күшін тарту деп аталатынмен бізге жәй ғана «ғасыр құрылыстарында» жұмыс істеу үшін келгендердің арасында да кетушілер аз емес.

Дегенмен әуелі бұл жөнінде ойына да келмеген көптеген адамдардың белгілі бір сәтте психологиялық қолайсыздық сезінетін болғандығынан ғана кетіп жатқанына көз жұма қарауға болмайды. Ол бәрінен бұрын

асыра сілтеушілікке, күрделі әлеуметтік-мәдени бағдарламаларды жүзеге асырудағы асығыстыққа байланысты көптеген факторлардың жиынтығынан құралады. Әрі менің айтқандарымның бәрін әлдекімнің қысымына көну деп қабылдамау керек. Бұл жіберілген қателіктерді түзету, қалыптасқан жағдайға ақыл таразысына салып, өркениеттілікпен келу үшін қажет.

Бірінші кезекте бұл тіл саясаты мен мемлекеттік тілдің мәртебесіне қатысты. Бұдан бірнеше жыл бұрын Орталық Комитеттің идеологиялық басшылығымен үкіметтің бұрынғы құрамы қабылдаған қазақ тілі мен басқа да тілдерді дамытудың бағдарламасы қазақ тілін енгізу тәртібі мен мерзіміне қатысты жіберілген асыра сілтеушілікке байланысты қоғамды бірден дүрліктеріп жіберген болатын. Әрі ол көптеген қазақтарды да тұйыққа тіреген еді. Ол тез арада қайта қарауды қажет етеді деп ойлаймын. Кешіктірмей тіл туралы жаңа заң қабылдау керек және орыстілді халықтардың өздерінен гөрі қазақтардың және басқа халықтардың дамуы үшін аса қажетті орыс тіліне деген кемсітушілік атаулыны алып тастау керек. Әрі сонда қазақ тілін дамыту мен оны бүкіл халықтың үйренуі жөніндегі нақты шаралар белгіленуі тиіс.

Ал жергілікті, сондай-ақ астаналық шенеуніктердің тырысуымен кадр саясатында асыра соғып та, кем соғып та қиғаштықтар жіберілгені құпия нәрсе ме? Мысалы, Тіл комитетінде 30 қазақтан басқа небәрі 3 орыс, 2 ұйғыр және 1 әзірбайжан істейді. Ал бұл барлық тілдерді дамытумен және олардың проблемаларымен айналысатын ведомство емес пе. Оның есесіне агроөнеркәсіптік кешенді басқару жөніндегі мәртебелі жиында он бес басшының үшеуі ғана қазақ. Мұндай қиғаштықтар

орталықта да, жергілікті жерлерде де орын алған. Сөз жоқ, мұны түзету керек.

Айтпақшы, шенеуніктер туралы. Ұқыпсыздықты болдырмау, қабілетсіздердің билік басына келуіне тосқауыл қою, барлық деңгейдегі басшылардың жауапкершілігін арттыру үшін мемлекеттік қызметшілер туралы заңда олардың, сондай-ақ үкімет мүшелерінің Отанға және оның мүдделеріне адал болуға ант беруі көзделуін ұсынамын. Оған, сонымен қатар, антты бұзғаны үшін тиісті әкімшілік және қылмыстық шаралар мен санкциялардың қолданылуын енгізу қажет.

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарына талапкерлерді қабылдауда үйлесімсіздікке жол берілді. Бірақ мұнда да кейбіреулер жағдайды барынша әдемілеп көрсетуге тырысты. Ономастикалық комиссияның ойластырылмаған, «шаппай бер» жұмысы да бүлдірушілік үлесін қосты. Көшелердің, елді мекендер мен тіпті ірі қалалардың аттарын жаппай өзгерту біржақты сипат алды, қоғамдық пікір, халықтың этнографиялық құрамы, ал кей ретте ғасырлар бойғы дәстүрлері және ең бастысы – бұқаралық сананың психологиясы ескерусіз қалды.

Біздің аса көрнекті ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың есімін мәңгі есте қалдыру үшін астананың тарихынан міндетті түрде Луи Пастердің есімін өшіріп тастаудың қажеті болмағанымен сіздер келісетін шығарсыздар деп ойлаймын. «Қайта атаушылар» 1920-шы жылдары Қазақстанға тырысқақ індетімен күресу үшін француз медиктерінің бір тобы келгенін, олар өздерінің ұлы отандасы ашқан вакцинаны пайдаланып, біздің осынау сұмдық кесапаттан құтылуымызға көмектескенін білгені жөн еді. Сөйтіп, біздің қаламыздың риза көңіл

тұрғындары сол ізгі ниетті мекеме орналасқан көшені Пастердің есімімен атаған болатын.

Ал суретші Николай Хлудов, этнограф Александр Затаевич, композитор Евгений Брусиловский секілді жарқын тұлғалардың және басқа да көптеген көрнекті адамдардың есімдерін лайықты есте қалдыру үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасадық па?

Тұрмыстық деңгейде ұдайы кездесе беретін ұлтшылдық тұрғыдағы кикілжіңдерге біз әлі күнге дейін жете мән бермей келеміз. Ал көп пәленің көзі, бәлкім, нақ осында жатқан шығар. Ұшқыннан өрт шығатын орта нақ осы болар.

Мұның өзі біздің қарапайым қарым-қатынас мәдениетін, адамға деген жәй құрметті тәрбиелеумен шын мәнінде шұғылданбайтынымыздың айғағы. Тағы бір айта кетерлігі – бұл белгілі бір ұлтқа ғана тән емес, бұған жұрттың бәрі кінәлі. Өз қызметтеріне қатысты базбір мәселелерді қойғанда көп ретте әдептілік пен сыпайыгершілік таныта бермейтін орыс қауымдастықтарының өкілдеріне де кінә қоюға тиіспін. Қазір «аға» да, «іні» де жоқ, бәрі заң мен өз ожданы алдында бірдей екенін мен талай рет айтқанмын.

Осы «тұрмыс деңгейі» дейтінге назар аударатын уақыт жетті деп санаймын. Ұлттық белгісі бойынша біреуді қорлағаны үшін қатаң жазалау керек. Бірақ, ең бастысы, балабақшадан бастап өндіріске дейін тоқтатпастан тәрбие жұмысын жолға қою керек. Бұған Білім министрлігінің барлық құрылымдары, депутаттар және, әсіресе, әкімдіктер қосылуға тиіс. Үкіметке келсек, ол тиісті арнайы бағдарлама әзірлеуі керек.

Екі жақтың да ойластырылмаған іс-қимылдары шынайы патриотизмнен шалғай жатқанын батыл айта

аламын. Бір кезде Лев Толстой да кейбір жағдайда патриотизм әсте ізгі сезім бола алмай қалады деген болатын. Бұл кімде-кім бір халықтың екінші халықтан артықшылығын өршелене дәлелдемек болғанда көрінеді деп көрсетті ұлы гуманист.

Қандай да бір ұлттың құқығын қорғауға идеялық құлшыныстан, оны қалай да бірдеңеден құр қалғандай етіп көрсетуге тырысушылықтан көп ретте ұлтшылдық лебі еседі. Осы негізде туған патриотизм тез арада патриоттық айғайға, содан кейін ұлтшыл патриотизмге ауысады, ал оның фашизмнен арасы жарты-ақ қадам. Мұның бәрі жау іздеумен, ең алдымен, басқа ұлт өкілдерінің арасынан іздеумен ушығады. Ұлтаралық жанжалдың шығуы үшін ілік табылды деген, міне, осы. Енді қалғаны тек сылтау ғана, оны әрдайым не қылмысты элемент, немесе шетқақпайлар «ұйымдастыра» алады.

Көші-қон проблемаларына қайта орала отырып, Қазақстан шын мәнінде сан миллион адамның Отанына айналғанын атап көрсеткім келеді. Бұл – баға жеткізгісіз адам капиталы. Одан айрылу – еліміз үшін үлкен шығын. Республика дамуының экономикалық перспективаларына келсек, көші-қонның күшеюі оған елеулі түрде әсер етпек, өйткені негізінен алғанда инженерлер, техниктер, мұғалімдер, дәрігерлер, білікті мамандар, әдетте, белсенді еңбек жасындағы адамдар көшіп кетіп жатыр ғой.

Бізде мемлекет деңгейіндегі көші-қон проблемаларына қатысты жұмыс бытыраңқы, оны тиісті үйлестіру болмай отырғанын айтайын. Қазіргі жағдайдың өзі Көші-қон жөніндегі департаменттің, Ішкі істер және Сыртқы істер министрліктерінің, қоғамдық ұйымдардың салмақты көзқарасын, ойластырылған іс-қи-

мылын, білікті де тыңғылықты жұмысын талап етіп отыр. Көші-қонның әлеуметтік-саяси, экономикалық салдарын ескере отырып, көші-қон тасқынының стихиялық түрде ұлғаюын болғызбау үшін, оларды басқарудың ұтымды бағдарламасын жасаған жөн. Біріншіден, миграцияны тұрақтандыруды халықтың жұмыспен қамтылған бөлігіне байланысты заң жүзінде ынталандыруды жүзеге асырып, еңбек және жұмыспен қамту бөлімдерінің жауапкершілігін арттыру керек, өйткені жұмыссыздық проблемалары, демек, еңбек ресурстарын бөлу ісі солардың көмегімен шешілетін болады. Қазақстанға қайтып оралған адамдардың зейнетақысын қайта ресімдеуде артық әуре-сарсаңға жол бермеу үшін зейнеткерлік заңнамасына да тиісті түзетулер енгізіп, бұл мәселелерді ТМД-ның басқа мемлекеттерінің парламенттерімен келіскен жөн.

Бүгінде азаматтық туралы мәселе де өзінің көкейкестілігін жойған жоқ. Ескі парламенттің бұл проблемалармен егжей-тегжейлі шұғылдануына уақыты жетпей қалды. Олқылықтарды тез арада түзетуге тура келді. Осы жылғы ақпанда Президенттің азаматтық туралы заңға елеулі өзгерістер енгізу туралы жарлығы шықты. Онда азаматтық алу рәсімі едәуір жеңілдетілді, оны алудың мерзімі қысқартылды, азаматтардың тіркеліміне қатысты қағидалар баяндалды. Бұған қоса, Мәскеудегі наурыз сапарының барысында азаматтық мәселесі бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы меморандумға қол қойылды. Енді бұл мәселелерді одан әрі түзетудің барысы Қазақстан мен Ресей парламенттеріне байланысты.

Бізге таяу уақытта адамдардың тіркелімі мен тұрақты мекенжайларын таңдауына қойылатын әртүрлі заңсыз

шектеулерді алып тастау жөніндегі құқықтық кепілдіктердің пәрменді жүйесін жасау қажет. Жергілікті төрешілдіктің, ішкі істер бөлімдерінің, паспорт қызметінің жұмысындағы әртүрлі бұрмалаушылықтарға тосқауыл қойып, Отанына қайта оралған барлық адамдардың ұлтына қарамай, азаматтықты қолма-қол алуы туралы мәселе қарау керек деп ойлаймын.

Мұның қажеттігін қайта оралушылардың көбеюі де талап етіп отыр. Көңіл-күйдің әсерімен кеткен адамдар өздеріне лайықты іс таппай, кейде тіпті жаңа жерлерде өздеріне жатсына қараған көзқарасқа риза болмай қайтып келіп жатыр. Кейде Қазақстанда адал еңбегімен тапқан барлық мүлкінен айрылып қайтатындар да бар. Сондықтан біз олардың жайғасуына көмектесуге тиіспіз.

Уақыт бізді асықтыра түсуде, өйткені адамдардың болашағына сенімсіздігі оларды қалу немесе кету мүмкіндігінің бірін таңдауға мәжбүр етеді. Көші-қон үдерістерін және оларды туғызу себептерін талдаудан мен біздің мемлекетіміз шеше алатын немесе көршілерімен бірге шешуі үшін не керектің бәрін істей алатын проблемаларға ғана тоқталдым.

Айтылғандарды тұжырымдай келіп, мен Қазақстанның бірегейлігін және өзінің көпұлттылығымен күшті екенін тағы да еске салғым келеді. Ол көптеген тарихи себептермен қалыптасқан. Сондықтан біз оны аттап өте алмайтын шындық ретінде қабылдауға тиіспіз. Бұл жерде көпмәдениетті бірегей кеңістік қалыптасты, ал оның бастылары қос арна болып тартылған.

Бірі қазақ мәдениетінің әрі оның құрамдас элементтерінің және, ең алдымен, тілінің қайта түлеуінен көрініс береді. Жоғалтып алғанды қалпына келтірудің объективті үдерісі жүріп жатыр. Республикада өмір сүретін

халықтардың барлығы мұны түсінуге және қабылдауға тиіс. Және есте болатын нәрсе: ерікті немесе күштеумен болғанына қарамастан, мұнда келген адамдардың бәрі осы жерден өз Отандарын табуы үшін нақ осы қазақ халқы мүмкін болған нәрсенің бәрін жасады. Ашықтығы мен жан ізгілігі, мұқтаж адамды жылытуға, онымен қолдағы барын бөлісуге ықтиярлығы – қазақ халқының генетикалық сипаты. Ол ешкімге және ешқашан жеккөрушілік немесе астамшылық сезімін танытқан емес, ешқашан да ұлтаралық жанжалдың шоғын үрлеуге ұмтылған жоқ.

Екінші арна – негізін орыс халқының ежелден келе жатқан дәстүрлері мен сан ғасырлық даму барысында солар бойына сіңіргеннің бәрі құрайтын орыстілді мәдениет. Бұл мәдениет – тек славяндардың ғана емес, сонымен бірге, Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың игілігі, олардың мәдени әлеуеті. Мұны жоққа шығаруға әрекеттенетіндер, оқшаулануға ұмтылатындар өздерін жалпыәлемдік мәдениеттің нәрлі қайнарларынан мансұқ етеді.

Біздің, қазақтардың, орыс мәдениеті мен әдебиетін таң-тамаша сезіммен оқып-үйренетініміз әрі танитынымыз, ал екінші жағынан – біздің сайын даламыздың рухы осында тұратын әрі Қазақстанға бауыр басқан адамның жаны мен тәніне терең бойлағаны ешкімге де құпия емес. Сондықтан республикамыздың барлық азаматтарына ортақ айрықша бір қасиет – өзін өзі бірегейлендіру бар екені жайында айтуға болады. Біз осы ортақтықты сақтау мен дамыту үшін, баршамыздың ортақ шаңырағымыздағы тыныштық пен татулықты бұзғысы келетін кез келген күштерге тойтарыс беру үшін әрекет етуге міндеттіміз.

Дербес өмір сүретін мәдени арналарды мойындау олардың бір-бірін өзара толықтыратынын, өзара байытатынын жоққа шығармайды, әрі бұл ассимиляциялану дегенді де білдірмейді. Қазақстанның көпмәдениеттілігі қоғамымыздың дамуындағы ілгерішіл фактор екеніне күмән жоқ. Сондықтан біз өзімізге тарих берген мүмкіндіктерді толық көлемінде пайдалануға тиіспіз. Біздің еуразиялық тамырларымыз шығыстық, азиялық, батыстық, еуропалық арналарды тоғыстыруға және көпмәдениеттілікті дамытудың бірегей қазақстандық нұсқасын жасауға мүмкіндік береді.

Біздің парламент қазіргі өмір шындығына сәйкес әрі әртүрлі ұлттық мәдени арналардың өмір сүруін ескере отырып, мәдениетті дамытудың түбегейлі жаңа заңнамалық базасын құруы қажет деп есептеймін. Оның негізіне этностық белгілер бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермеуге және Қазақстанның барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер қағидатын толық іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталып, заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар алынуы тиіс. Барлық этностардың мүдделері мен жалпыұлттық мүдделерді ескеретін заңдар топтамасын қабылдамайынша, республикада ұлтаралық келісім мен азаматтық татулықты құрып, нығайту мүмкін емес. Бұл – менің кәміл сенімім.

Біздің ортақ үйіміздегі татулық пен келісімді қамтамасыз ету мақсатында барлық қоғамдық күштердің арасында бәтуаға қол жеткізу қажеттігін ескере отырып, басқа да шараларға баруға болар еді.

Еліміз үшін ең басты бұл міндеттерді шешудің, менің ойымша, екі жолы бар.

Біріншісі – әсіресе, мынадай күрделі өтпелі кезеңде халықтардың сенімі мен достығын, республикадағы татулық пен тұрақтылықты нығайтуды өз міндеттеріне алуға тиісті барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың, бұқаралық ақпарат құралдарының арасында ерікті келісім жасау.

Екіншісі – азаматтардың, саяси және қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының тарапынан болатын қоғамдық-саяси тұрақтылыққа кез келген қол сұғушылыққа қарсы заңнамалық тыйым салу және қатаң санкциялар енгізу.

Мен біріншісін таңдар едім.

Жоғарғы Кеңес, депутаттар өздерін сайлаған адамдардың еркін білдіре отырып, келісімге бастайтын осындай қадамның бастамашылары бола алар еді. Оның үстіне өзіміз көздеп отырған реформаларды жүргізу үшін мұның өмірлік маңызы бар.

Құрметті депутаттар!

Соңғы жылдар біз үшін сыртқы саясат саласында қыруар жұмыс атқарған уақыт болды. Ең алдымен Қазақстанның бұдан 3 жыл бұрынғыдай мемлекет емес екенін атап өтейін. Біз әлемдік қоғамдастыққа тең құқықты және тәуелсіз әріптес ретінде танылды. Менің Президент ретінде елдің егемендігін қалыптастыру, оның қауіпсіздігін, өңірлік және халықаралық ұйымдардағы беделін нығайту үшін біраз күш жұмсауыма тура келді. Қазақстанның сыртқы дүниемен өзара қарым-қатынасының шарттық-құқықтық базасы дамыды, жетекші ядролық державалар – АҚШ, ҚХР және Ресей тарапынан қауіпсіздік кепілдігі қамтамасыз етілді.

Қазақстанның Стратегиялық шабуылдаушы қару-жаракты шектеу мен қысқарту туралы шартқа, орта және таяу қашықтықтағы зымырандарды жою туралы шартқа, Еуропадағы жай қарулы күштер туралы шартқа қатысуы, сондай-ақ республика Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы желтоқсанда Ядролық қаруды таратпау туралы шартты бекітуі – осының бәрі әлемде оң әсер туғызып, республиканың әлемдік қоғамдастыққа кірігуінің жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Оның үстіне біз бастаған жұмысты жалғастыра отырып, сыртқы саясат бағытын тереңдете түсуіміз керек. Тек проблеманы әлемдік саясатта өзімізді қандайлық дәрежеде көріп отырғанымыздай түсіну бүгін аздық етеді. Халықаралық серіктестердің бізді қалай көріп отырғанын білу және ескеру қажет. Одан да дәлірек айтсақ: жаңа әлемдік шаруашылық құрылымында қандай орынға ие бола алатынымызды білуіміз керек.

Қандай қиын болса да, тап биылғы жылы біз сіздермен бірге өзіміздің сыртқы саяси стратегиямызды ақырына дейін құрып, әлемдік геосаяси кеңістіктегі өз орнымызды айқындауға тиіспіз. Бүгін таңда Америкада, Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азияда жаңа жаһандық экономикалық аймақтар қалыптасып келеді. Өзінің аумағы, шикізат ресурстары мен басқа факторлары жөнінен Қазақстан, күллі Орталық Азия сияқты, біздің өзіміз үшін де қызықты елеулі геосаяси және геоэкономикалық проблемаларды шешуге сөзсіз тартылатын болады.

Ұрпақтарымызға мемлекетімізді қандай күйде қалдыратынымыз сіз бен біздің осы күрделі жағдайда қандай қадамдар жасай алатынымызға байланысты. Мәселенің нақ осы қыры АҚШ-қа, Германияға, Фран-

цияға, Ұлыбританияға, Жапонияға және Ресейге мемлекеттік сапарлар кезіндегі, сондай-ақ Қытай үкімет делегациясының бізге ресми сапары барысындағы келіс-сөздер сериясының ең басты өзегіне айналды. Біздің ҚХР мен Қазақстан арасындағы шекараны заң түрінде ресімдеу туралы шартқа қол жеткізуіміздің тарихи мәні бар.

Біздің сыртқы саясатымыздың маңызды қырларының бірі бүгінде Азияда күш алып келе жатқан терең экономикалық үдерістерді қамтиды, ал олар құрлықтағы саяси өмірдің жоғары қабатына, менің ойымша, осы ғасырдың аяғында ғана қылаң береді. Мен Азия құрлығында өріс алып келе жатқан экономикалық кірігу үдерістерін айтып тұрмын. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір біздің Азияда да бүкіл құрлық шеңберіндегі үйлестіру және кіріктіру жөніндегі жұмыстар туралы, бәлкім, тіпті Азия ортақ рыногын құру туралы мәселе қойылады. Біздің тарапымыздан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі ұйымдастыру тұрғысындағы жұмыс табандылықпен жалғастырылуы керек.

Сондай-ақ біздің сыртқы саясатымыздың маңызды қырларының бірі кеңестік кезеңнен кейінгі елдермен қатынас болса керек, өйткені Қазақстандағы ішкі жағдай едәуір дәрежеде геосаяси факторларға байланысты, ал олардың неғұрлым маңыздысы – республиканың ТМД-дағы айрықша жағдайы, сондай-ақ біздің Ресеймен, Орталық Азиядағы туыстас мемлекеттермен өзара қарым-қатынасымыз. Қазақстанның, Өзбекстанның және Қырғызстанның арасындағы біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісімді айрықша атап өткім келеді, ол өзінің оң нәтижелерін беріп те жатыр.

Биылғы жылдың наурыз айында Мәскеуде болған Қазақстан-Ресей келіссөздерін біздің мемлекеттеріміздің қарым-қатынасындағы маңызды жаңа кезең деп есептеуге болады. Ресей демократия мен нарықтық реформалар жолын таңдап алды, бұрынғы Одақтың империялық дәмегөйлігінен үзілді-кесілді бас тартты. Әрі бұл ризалық сезіміне бөлейді. Ресеймен іс жүзіндегі стратегиялық ізгілікті қатынаста болу халқымыздың мүддесіне сай келеді.

Қазір Достастықты барынша пәрменді, жұмыс істейтін бірлестікке айналдыру қажеттігі айқын көрініп отыр. Оның үстіне, ТМД елдерінің саяси деғдарлары мен халықтарының ынтасы арасында алшақтық бар. Достастықтағы халықтың басым бөлігі интеграцияға іш тартады, ал кейбір саяси топтар тек мемлекеттік оқшаулануды нығайтуға бағдар ұстауда. Қысқасы, қалыпташып отырған жағдай интеграцияның ескі, ешнәрсеге міндеттемейтін түрлерінен Достастықты дамытудағы сапалық жаңа кезеңге көшу қажеттігін талап етуде. Менің Еуразиялық Одақты құру жөніндегі бастамам осыған бағытталған. Оны қалыптастырудың жобасы таяуда баспасөзде жарияланды және барлық ТМД мемлекеттерінің басшыларына жолданды. Оның негізгі ережелерін мен біздің парламенттің Үйлестіру кеңесіне одан бұрын баяндап берген болатынмын.

Басқа мемлекеттер сияқты, Қазақстан да осы идеяларды жүзеге асыруға мүдделі екендігін ешкім теріске шығара алмайды. Экономикалық қырынан келгенде, шаруашылық байланыстарының жаппай бүлінуі зардаптарын еңсеруге болады. ТМД-ның оңтүстік шептеріндегі тұрақсыздық аясында ЕАО-ны құру Одаққа мүше барлық елдердің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз

етудің кепілі бола алар еді. Бұл – солардың әрбірінің ішкі саяси тұрақтылығының қажетті шарттарының бірі. Соғыс қимылдарын, экономикалық тосқауылдарды және белгілі бір мемлекет тарапынан басқа да жазалау әрекеттерін тоқтату ЕАО-ға кірудің міндетті шарттарының бірі ретінде ұсынылуы кездейсоқ емес. Мемлекеттердің қорғаныс кеңістігі шеңберіндегі бірлескен күш-жігері мемлекетаралық және мемлекет ішіндегі ықтимал жанжалдардың алдын алу мен оларды жоюдың пәрменді тетігін жасауға мүмкіндік берген болар еді. Осы мақсатпен ұлттық Қарулы Күштерді сақтай отырып, мемлекетаралық бітімгершілік күштерін құру ұсынылады.

Интеграцияның жаңа деңгейі қас-қағым сәтте жаңа мемлекеттердің шекараларымен бөлініп қалған көптеген адамдардың күн сайынғы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Бір кездегі ортақ кеңістікте дағдылы адами байланыстарды қалпына келтіру, адамдардың өмірін жарасымды ету – осының бәрі, сайып келгенде, терең ізгілікті мақсатқа ие. Менің бастамамның басты мәні де осында.

Енгізілетін ықтимал түзетулерін ескере отырып, ЕАО идеясын жүзеге асыру барысында біздің халықтарымыз табиғи түрде жалпыәлемдік интеграциялық үдерістер арнасына түсер еді. Мұның өзі елдер мен халықтарды біріктірудің өркениетті жолы болар еді.

ЕАО-ны желеу етіп, Кеңес Одағын қалпына келтіру әрекеті жасалып жүр-міс дейтін алыпқашпа дақпырт мүлдем негізсіз. КСРО екі жақты жонға – жоспарлы экономика мен тоталитарлық жүйеге негізделіп жасалған еді ғой. Қазір оның екеуі де талқандалды, ал нарық пен демократия негізінде алпауыт-мемлекет, империя-

мемлекет қайтадан бой көтеруі мүмкін емес. Демек, әлгіндей үрей мен күдіктің бәрі бос нәрсе.

ТМД-да болып жатқан жайларды ескере отырып, парламентарийлер мемлекетаралық қатынастар проблемаларынан шет қалмауға тиіс. Біздің парламент бұл міндеттің өз қызметіндегі өзекті бағыт болуын ойластыруы қажет.

Тағы да бір маңызды тақырыпқа тоқталғым келеді. Әңгіме Отанның қиын, бетбұрысты кезеңінде оның тағдыры үшін билік орындарының және, қандай қызмет атқарсақ та, біздің әрқайсымыздың асқан жауапкершілігіміз жайында болып отыр. Біз ең алдымен өзіміздегі өкімет билігі, Конституцияға сәйкес, біреу екенін және, атап көрсетемін, оның заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтары бар екенін айқын түсінуге тиіспіз. Бұл: «Құдайға жарасқан патшаға жараспайды» немесе қазақтар айтатындай: «Бәйгеге қосарыңа жүк артпа, жүк артарыңды бәйгеге қоспа», дегенді білдірмейді. Әйтсе де осы ежелгі нақылда және халық даналығында өзіндік терең мән бар. Оны кей-кейде еске алып отыру артықтық етпейді.

Өкінішке қарай, кең тарап кеткен таптаурын бойынша біз әлі күнге дейін өкімет билігін бірінші, екінші, үшінші, төртінші деп бөлумен келеміз. Осыдан келіп бұлдыр жауапкершілік, өзара өкпе-наз туып, кінәлілерді іздестіріп жатамыз, бұл ешқашан да жақсылыққа жеткізген емес. Сондықтан осындай «нөмірлі» қисынмен жүре беретін болсақ, онда қиыншылықтан арыла алмаймыз, оны барған сайын күрделендіріп, халықты жаңа жоқшылықтарға душар етеміз. Тек бір мақсатқа қатаң бағдар ұстай отырып, барлық билік құрылымдарының іс-әрекеттеріндегі үйлесімділікті

қамтамасыз еткенде ғана біз алдымызға қойылған міндеттерді орындап шыға алатынымызға кәміл сенімдімін.

Президенттен бастайын. Бүкіл халық сайлаған мемлекет басшысы ретінде мен елде болып жатқан нәрселердің бәріне жауап беремін. Конституцияны сақтау кепілі бола отырып, азаматтардың онда көзделген құқықтары мен бостандықтарының кепілі бола отырып, мен бар күшімді биліктің барлық тармақтарының айқын өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін жұмсап келемін және жұмсай беретін боламын.

Істі биліктің барлық тармақтары өздеріне тапсырылған міндет үшін халық алдында толық жауап беретіндей етіп қою ниетіндемін.

Менің елдің экономикалық өміріне қатысуым сапалық тұрғыдан жаңа пішіндерде көрінетін болады. Ең алдымен Президенттің заң шығару бастамалары арқылы. Бұл жылға ондай бастамалар айқындалды. Заң жобаларының топтамалары белгіленген кесте бойынша әзірленіп жатыр.

Біздің Жоғарғы Кеңес президенттік республика жағдайына сәйкес тұрақты жұмыс істейтін кәсіби парламент тұжырымдамасын іс жүзіне асыруы қажет деп есептеймін. Менің кәміл сенімім бойынша, Қазақстанда жүргізіліп жатқан заң шығару саясатының мүдделеріне парламенттің екі палаталы құрылымы сай келеді деген ойдамын. Бұл ведомстволық немесе өңірлік топқа, ал кей жағдайда белгілі бір жоғары лауазымды шенеуніктің мүддесіне арнап жазылған дүмбілез заңдарды қабылдаудың зиянды тәжірибесінен арылуға мүмкіндік береді. Әрине, мұнымен қатар, заң шығару қызметінде популизм көріністері де тыйылады. Бұл жағдайда мем-

лекеттік те, өңірлік те мүдделер жарасымды үйлесім табатын жағдай туады деп айтуға толық негіз бар.

Екі палаталы парламент құрылымы кезінде белгілі бір дәрежеде бүкіл заң шығару үдерісінің қиындайтыны да сөзсіз. Алайда мұны жағымды фактор деп бағалаған жөн, өйткені заңдарды қабылдаудың алдында міндетті түрде қоғамның жағдайы мен дамуы, басқа елдердің заң шығару тәжірибесі терең де риясыз түрде талданады.

Бұл контексте кейбір мемлекеттік органдардың мәртебесі мен өкілеттігін, оларды қалыптастыру реті мен бағыныштылық тәсімін жөнге келтіру мәселелері келіп шығады. Белгілі бір дәрежеде Президенттің әртүрлі мемлекеттік билік тармақтарының өзара ықпалдас-тығына жауапты әрі соған байланысты төрелік қызмет жүктелген мемлекет басшысы ретіндегі конституци-ялық өкілеттігін нақтылау қажет болады. Сондықтан Президент импичменті мен оның парламентті тарату құқығы туралы мәселеге де қайта оралу дұрыс болар еді.

Бұдан соң қолданыстағы заңдар елеулі түзетулерді қажет етеді. Әңгіме олардағы кереғарлықтар мен айқын анахронизмді жою туралы. Тәжірибе біздің заңдарымыз-да экономикалық ортаға сөз жүзінде де, іс жүзінде де сәйкеспейтін ережелер мен нормалар шектен тыс көп екенін анықтап беріп отыр. Бұл туралы көп айтылып жүр, соның ішінде парламентте де айтылуда. Пробле-маны практикалық жұмыс арнасына аударатын кез жетті. Мемлекеттің құқықтық іс-әрекетінің тиімділі-гін ғана емес, сонымен бірге, заң шығарушы биліктің беделін де төмендететін заңдағы күллі шимай-шат-пақтан арылу қажет.

Және, ақырында, барлық заң шығару топтамасын реформалауға кешенділік пен өзара келісімділік

сипатын беру керек. Айталық, білім беру немесе денсаулық сақтау, кәсіпкерлік немесе халықты әлеуметтік қорғау туралы заңдарға кіргізілетін нормалар салық немесе банк заңнамасына сәйкес болуы керек. Мәселен, ауылды, селоны және тұтастай АӨК-ті қолдау туралы заңға орындалуы мүмкін емес нәрселердің үйіп-төгіп енгізілгені сонша, ол тіпті түкке де аспай қалды. Біздің заңдарымызды, тегінде, түсіну мүмкін емес. Кейде біреуі екіншісіне үйлеспейтіні былай тұрсын, тіпті қайшы келіп жатады. Ал заңдардың тұрақтылығы туралы мүлдем ауыз ашпаған жөн.

Осыған байланысты парламенттің заң шығару қызметінде реформаны жүргізу мен тереңдету жөніндегі мемлекеттік ортақ стратегиядан туындайтын нысаналы бағдар болуы тиіс деп есептеймін. Күллі заң шығару үдерісінің өте-мөте айқын, тиімді технологиясын дайындау қажет, тіпті керек десеңіз – міндетті түрде сақталуға тиісті қатаң регламент орнатылуы тиіс.

Заң актілерінің барлық жобаларын Жоғарғы Кеңестің қарауына Министрлер Кабинеті дайындап, енгізетін тәртіп болуы керек. Бұл орайда заң шығару бастамашылдығының құқығы барлардан ол алынбайды. Жоғарғы Кеңестің комитеттері сараптама жасап, сонан соң бұл актілерді сессияның қарауына береді.

Мұндай қағидат бұрын да болған дерсіздер. Иә, бірақ онда ең бастысы жоқ еді. Ал оның мәні мынада: заң жобасына оны жүзеге асырудың дәл сол сияқты жан-жақты әрі мұқият әзірленген барлық тұтқалары – заңға тәуелді актілер мен басқа да нормативтік құжаттардың жобалары, ұйымдық құрылымдар бойынша ұсыныстар, сол заңды қорғайтын құқықтық, экономикалық және қазыналық шаралар мен тағы басқалар тіркелуі тиіс.

Әрине, бұл үкіметке көп салмақ жүктейді және осы жұмысқа сан түрлі саладағы мамандардың әлдеқайда қалың тобын тартуды қажет етеді. Бірақ бұл іс үшін қажет. Өйткені белгілі бір заңды қабылдап, енгізгеннен кейін оны орындайтын күллі мемлекеттік машина бір дегеннен кешенді түрде іске қосылады. Заңдар өз қызметі мен рөлін тоқтаусыз атқара бастайды.

Сот билігі бойынша. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ біз оның тұтастай және түбегейлі реформасын жүргізуіміз қажет. Соттарды жалпы және арбитраждық деп бөлуден бас тартып, судьялардың ауыстырылмау қағидатын заңды түрде бекіту және, сонымен бірге, әділ қазылық жасауға қабілетсіз болған жағдайда оларды қызметінен босату нормаларын енгізу қажет. Сонымен қатар, судьяның жоғары мәртебесімен сыйыспайтын әрекеттері үшін де. Бұл үшін, сондай-ақ соттарды ұйымдық жағынан нығайту үшін біз Президенттің жанынан Жоғары Сот Кеңесін құруға баруымыз керек. Атап айтқанда, судьялыққа кәделеу рәсімі соның ұсынысымен өтетін болады.

Атқарушы билік хақында әңгіме ерекше. Үкімет алдында тұрған міндеттерге егжей-тегжейлі тоқталудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Жолдауда көзделген бағыттар мен шаралардың басым көпшілігін соның жүзеге асыруына тура келеді. Барлық жұмыстардың негізгі салмағы соған түседі. Бұл күнбе-күнгі ауыр жұмыс және көп жағдайда алғысы жоқ жұмыс. Қалай болғанда да бұл оның жүгі, сондықтан оны көтеруі тиіс.

Ал үкіметті сынауға келгенде, оған барып тұрған кержалқаудан басқаның бәрі қатысады. Әрі сол сынның алуан бояулы болуына қарамастан, ол атқарушы биліктің жүргізіп отырған бағыты қате деген бір ғана

тиянаққа негізделеді. Дұрыс бағыт таңдау жөніндегі ұсыныстардың жағдайы одан да асып түседі. Оның үстіне, ұсыныстардың өздері де ой тереңдігімен, сындарлы идеялардың көптігімен ерекшелене қойған жоқ. Әрі олардың мәні көп ретте өзіндік бір орын ауыстырудан аумайды: ырықтандырылған баға жаман екен – реттелетін баға болсын; теңгенің бағамы төмендеп кеткен екен – оның құбылмалы бағамын тұрақты бағамға ауыстыру қажет. Тағысын тағылар.

Сондықтан үкімет менің тапсырмам бойынша дағдарысқа қарсы шаралардың жаңғыртылған бағдарламасын әзірледі, ол сіздерге баяндалады. Мен оны ең жуық арада бекітуім керек.

Үкімет өзінің бүкіл қызметін түбегейлі түрде қайта құрғалы отыр. Оған соны сеніп тапсыру керек, оның жұмысына қатаң да жүйелі бақылау қойып, қажет болса, іс барысында түзетіп, тиісті көмек көрсетіп отыру керек.

Министрлер Кабинеті осы аталған бағдарламаны талдап жасау кезеңінде қалыптасқан пікірлестер командасы болуға тиіс. Әрі бұл команда толығымен және, бірінші кезекте, оның экономикалық ұйытқысы өз идеяларының енгізілуіне жауапты болады. Ол өз бағдарламасын іске асыруға Президенттен, парламенттен және халықтан, айталық, 15 айға «карт-бланш» алуы керек.

Ал осы уақыттың ішінде менің де, парламенттің де, Министрлер Кабинеті мүшелерінің де өз міндеттемелерімізді орындауға байланысты жауапкершілік тетіктері мен шараларын әзірлеуге уақытымыз болар деп ойлаймын.

Қайталап айтайын: бізге оқиғалардың ойда жоқ бағытта дамуын күтуге болмайды, реформаларды жақтайтындардың одағын құруға дереу кірісуіміз керек, ал одан мен биліктің барлық тармақтары мен сындарлы жұмыс істейтін қоғамдық-саяси күштерді көремін. Осылай, тек осылай еткенде ғана біз Қазақстанды ХХІ ғасырдағы өркениетті мемлекетке, әлемдік қоғамдастықтағы тең құқықты және лайықты серіктеске айналдырудың ұзақ мерзімді нысаналы бағдарламасын жүзеге асырудың тиянақты негізін құра аламыз.

Сөзімнің қорытындысында мен сіздерге Президент Джон Кеннедидің бір кезде американ халқына арнап айтқан: «Еліңіз сіз үшін не істей алады деп сұрамаңыз, одан да өзіңізден еліңіз үшін не істей алатыныңызды сұраңыз», – деген сөзімен қайрылғым келеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он үшінші шақырылымының I сессиясында
ел астанасын көшірудің орындылығы туралы

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1994 жылғы 6 шілде

Құрметті депутаттар!

Сіздердің қарауларыңызға республиканың өмірі, әсіресе, алдағы болашағы үшін аса маңызды мәселені – еліміздің астанасын көшіру туралы мәселені қойғалы тұрмын. Оның көңілдерге қонақтап, жұртшылық арасында әр тараптан мүдделілікпен сөз болып жүргеніне бірталай уақыт болды. Және, тұтастай алғанда, қолдау тауып жүргенін айту керек. Сондай-ақ мен сіздердің алдарыңызда сөйлеген күні – 9 маусымда да сол жайында сөз болғанын естеріңізге сала кетейін. Әрі депутаттар корпусының мақұлдап қабылдағанына

қарай сіздер мен біз осы мәселе бойынша дауыс бере жаздағанмыз да бар.

Дегенмен, байыптап қарасақ, ең бастысы – Қазақстан астанасын көшіруге негізгі себептер бар. Ең алдымен, біздің мемлекетіміздің тарихында, оның ғылымының, мәдениеті мен экономикасының қалыптасуы мен дамуында Алматының айрықша әрі даусыз орны бар екенін атап айтқым келеді. Бұл қала – аса ірі әлеуметтік және қоғамдық-саяси орталық, біздің қала салу мектебіндегі талантымыздың іске асуы.

Алайда Қазақстанның егемендік алуымен байланысты тәуелсіз мемлекеттің астанасы лайық болуға тиісті өлшемдердің жаңа қырлары пайда болды.

Бір жағынан, мемлекетаралық қатынастардың, елдің ішіндегі және одан тысқары жерлердегі өндірістік-қаржылық, коммерциялық және басқа да байланыстардың қарқындауы, басқару міндеттерінің күрделеніп, кеңейе түсуі, келушілер мен кетушілер легінің үдеуі астана функцияларының әралуандығы мен ауқымын күрт өсіріп, мемлекет өмірін қамтамасыз етудің орталық жүйелеріне түсетін салмақты анағұрлым арттырады.

Екінші жағынан, қазір астананың мәртебесі елдің геосаяси жағдайы мен дүниедегі ахуалға сәйкес жоғары параметрлерге сай болып, ұдайы дамып, мемлекеттің басты рәміздерінің бірі ретінде оның әл-ауқатының өсуі мен тұрақтылығын паш етіп отыруды талап етеді.

Ең оңтайлысы – астана мүмкіндігінше мемлекеттің ортасында, оның шекараларынан қашықтау орналасқаны жөн. Ол елдің барлық негізгі өңірлерінен бірдей қашықтықта болуы керек.

Ал Алматының географиялық орталықтан тым қашық жатуы, Қазақстанның кең-байтақ аумағындағы аса тығырықты жағдайы айтарлықтай проблемалар туғызуда. Бұрын басқару саласындағы негізгі мәселелер жалпыодақтық астана – Мәскеуде шешіліп келгендіктен, мұның соншалықты мәні бола қоймаса, қазір бұл проблеманың салмағы арта түсіп отыр.

Содан соң. Халқының саны 1,5 млн адамдық көрсеткішке жақындап қалған қаланың аумақтық тепе-теңдік пен кеңістікте орналасу жағынан өрісті болашағы бола қоюы қиын. Батысы мен шығысында оның шекаралары серіктес қалаларына жақындап барады, ал оңтүстігіне қарай даму мүмкіндігі таулы аймақпен шектелген. Жалғыз жолы – біртіндеп солтүстікке қарай жылжу немесе бүтіндей жаңа жерге, Қапшағайдан әріге ауысу. Бірақ бұл жағдайда барлық коммуникацияларды солай қарай ауыстырып, орасан зор көлемде тұрғын үй құрылысы мен абағтандыру жұмыстарын жүргізуге, жаңа ірі ЖЭО құрылысын және т. б. бастауға тура келеді. Ал мұның бәрі қыруар қаржыны қажет етеді.

Қалада ғимараттар тығыздығы тым жоғары және бос алаңдар жоқтың қасы. Мұны сіздердің тұрақты жұмыс істейтін парламенттеріңіздің, жаңа құрылып жатқан мемлекеттік құрылымдардың немесе шетелдік дипломатиялық және басқа да өкілдіктердің орналасу мысалынан-ақ айқын көруге болады. Көптеген елдер өз елшіліктерінің әлдеқайда кең, ыңғайлы және қауіпсіз болатын жаңа ғимараттарын салуға жер телімдерін бөлу жөнінде әлденеше рет өтініш жасап та үлгерді. Бірақ мұнда біз оған лайықты мүмкіндікке зәруміз. Қаланы кеңейтетін жер жоқ.

Оның үстіне, Алматыда жаңа құрылыс жүргізу, Қазақстанның өзге қалаларына қарағанда, өте қымбатқа түседі. Орта есеппен 1 шаршы метр тұрғын үй басқа кез келген жердегіден 2,5–3 есе қымбат. Оның себебі бос аумақтардың жоқтығына және қыруар үйлерді бұзуға тура келетініне, үйлер мен ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігіне қойылатын талаптардың жоғарылығы мен қатаңдығына байланысты.

Экологиялық жағдай жылма-жыл қиындап барады. Тау аңғарында тұрған қаланың ауа бассейніндегі табиғи желдетілуі өте нашар, бұл атмосферасының ластануы жағынан, әсіресе, қыс кезінде, Алматыны Қазақстан қалаларының бірінші орнына шығарады. Қала экологиясын сауықтыру ресми және басқа да мекемелердің тым көптігінен қиындай түседі, ал ондай мекемелер саны болашақта үнемі өсе беруі тиіс. Бүгінге дейін елшіліктерден басқа ондаған шетелдік өкілдіктер де кеңселерінің құрылысына тапсырыс беріп қойды.

Осы проблеманы шешуге жүздеген миллиард қаржы салғанда ғана экологиялық жағдайды жөнге келтіруге болады. Ал егемен мемлекет ретінде біз бұрын қажеті болмаған жаңа әкімшілік үйлерін салуға мәжбүр боламыз. Олардың қатарында Парламентке, Сыртқы істер министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, банктерге және басқа ведомстволарға арналған ғимараттар бар.

Көлік проблемасы асқынып келеді. Қала көшелерінің және, айтпақшы, қала ауасының да алуан түрлі 150 мыңдай көлік армадасына шыдас берерліктей шамасы қалмай барады. Астаналық әуежай іс жүзінде қала шетінде, әуе қатынасын жиі үзе беретін қалың тұман аймағында тұр. Бүгін біздің алдымызда қала шегінен

тысқарыда халықаралық маңыздағы ірі әуежай салудың қажеттігі өткір тұр.

Мәселенің мынадай да мәнді астары бар: 1993 жылғы 1 қаңтарда оңтүстік облыстардағы 1 шаршы километр жерде 121 адам мекендесе, солтүстік облыстарда ол 28 адамға кем болды. Оңтүстік өңірлердегі тұрғындар тығыздығының жоғары болуы, олардың еңбектегі басы артықтығы Алматы мен оның айналасындағы жұмыспен қамту проблемасын күрделендіре түседі, ал жаңадан жұмыс орнын құру үшін бос кеңістік жоқ, әрі бұл көбінесе материалдық жағынан ақталмайды. Экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан алғанда көші-қон легін Қазақстанның өзге өңірлеріне қарай қайта бағыттау әлдеқайда пайдалырақ. Жаңа астана болашағы үлкен ірі өнеркәсіп орталықтарына жақынырақ орналасқаны және жоғарыда айтылған, өкінішке қарай, кең өрісті шектеулерден ада болғаны жөн.

Менің бояуды баттастыра берсем деген ниетім жоқ. Өкінішке қарай, мұндай проблемалар біздің көптеген қалаларымызда бар. Әйтсе де астанаға қойылар талап ерекше. Сондықтан менің тапсырмам бойынша мемлекеттің жаңа астанасының ең оңтайлы орналасар жерін анықтау мақсатымен республиканың күллі аумағы егжей-тегжейлі тексеруден өткізілді. Ұсынылып отырған шешім аяқ астынан асығыс түрде жасалған екен дейтін қауіп болмауы үшін бұл жайды әдейі баса айтып тұрмын.

Әлеуметтік-экономикалық, климат, жер бедері, сейсможағдайлар, қоршаған орта, инженерлік және көліктік инфрақұрылым, құрылыс кешені, еңбек ресурстары және басқа да көрсеткіштер ескеріліп, 32 параметр бойынша жүргізілген сараптама барлық нұсқалардың

ішінде ең дұрысы Ақмола екенін көрсетті. Жағдайды жергілікті жерде айқындау үшін ол жаққа вице-президент Е. М. Асанбаев бастаған комиссия аттанды. Оның жұмысына мамандардың және өзекті министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің үлкен тобы қатысты. Комиссия осы таңдаудың негізділігін растап берді.

Қаланың жағдайы, оның аумағы кез келген сәулетшілік амалды іске асыруға: астаналық әкімшілік ғимараттарын бұрынғы қалаға кіріктіруге де немесе астананың әкімшілік бөлігін өз алдына жеке, мүлдем бос аумақтарға салуға да, иә болмаса, сол екеуін үйлестіре пайдалануға да мүмкіндік береді.

Ақмоланың жаңа астанаға ықтимал орын ретіндегі артықшылықтары деп және мыналарды айтуға болады.

Біріншіден, ол Қазақстанның географиялық орталығы деуге болатын жерге және Қазақстан экономикасының жетекші әрі қарқынды нүктелері болатындай ірі шаруашылық өңірлерге жақын орналасқан.

Екіншіден, Ақмола ірі көлік тораптарының қиылысында тұр, біз үшін көптеген шетелдерге шығатын ең қарапайым жол ретіндегі Ресей көлік тораптарынан қашық емес.

Үшіншіден, қалада қазір 300 мың адам тұрады және қазіргі бас жоспарға сәйкес халық санын 400 мыңға дейін арттыру мүмкіндігі қарастырылған. Жетекші сәулетшілердің бағалауынша, Ақмола жақсы ойластырылып, жинақы етіп салынған, негізгі жоспарлау аудандары сәтті қалыптастырылған. Тіпті сонау кезде, бұдан 30 жыл бұрын республикамыздың астанасын осы қалаға ауыстыру туралы ой ұшқындары болғанын еске алайықшы. Қаланың орталық бөлігінде 30 гектардай бос аумақ бар, соларға күні бүгін-ақ қажетті объектілерді жоспарлап

әрі қазіргі бар инженерлік коммуникацияларға жалғастырып, құрылысын бастап жіберсе де болады. Жалпы алғанда, тұтастай қала аумағында да, жалғас жатқан аудандарда да бос жерлер көп және олар кез келген сәулетшілік ойды жүзеге асыруға: ірі объектілер салуға, әдемі әрі жинақы қала маңын қалыптастыруға, шағын қабатты құрылысты кеңінен жүргізуге жарап жатыр.

Төртіншіден, қала тіршілігін қамтамасыз етудің негізгі жүйелерінің жай-күйі көп алаңдаушылық туғызбайды. Ол тіпті халқының саны көздеген межеге жеткеннің өзінде ауыз су мен техникалық судан тапшылық көрмейді. Тіпті ұзындығы шамалы ғана «Ертіс – Қарағанды – Есіл» каналын тарту сумен қамтамасыз етудің кез келген проблемасын түбегейлі шешеді. Жылумен және газбен жабдықтау жақсы жолға қойылған. Оның үстіне қазіргі бар ЖЭО-ларды дамыту мен қайта құру және жылумен жабдықтаудың жаңа көзін салу жоспарланған, 1 млрд текше метрден аса газ беруді қамтамасыз ете алатын жаңа газ құбырын тарту жөніндегі жобалау жұмыстары аяқталып келеді. Қуатпен жабдықтау жайы да тиісті деңгейде. Қазіргі бар қуаттарды көзделген көлемде кеңейту қала қуат жүйелерін үш есе сақтандыру кепілдігін бере алады.

Бесіншіден, Ақмолада көлік инфрақұрылымы жақсы дамыған. Теміржол стансасының өткізу және тиеу-түсіру мүмкіндіктерінің жүк тасымалын әлденеше есе өсіруді қанағаттандыра алатындай қосымша резервтері бар. 1800 адамға арналған жолаушылар вокзалының жобалық қуаты да болашақта жолаушы тасымалын арттыруды қанағаттандыра алады. Қала темір жол арқылы республиканың көптеген қалаларымен байланысып жатыр. Атап айтқанда, Алматыға 24 сағатта жететін

жедел пойыз жүріп тұрады, онда оны 16 сағатқа дейін қысқарту көзделуде. Сондай-ақ облыс орталықтары мен жақын шетелдердің қалаларына жаңа маршруттар ашылмақшы. Ақмола арқылы Қазақстанның оңтүстігін біздің негізгі және стратегиялық серіктесіміз – Ресеймен жалғастыратын «Екатеринбург – Алматы» автомагистралі өтеді. Қала әуежайы қолайлы орналасқан. Ол іс жүзінде жыл он екі ай бойына дерлік ашық. Оның ұшу-қону жолағын небәрі 700 метрге ұзарту кез келген авиалайнерді қабылдауға мүмкіндік береді. Аэровокзалдың сыйымдылығын 2 есе арттыруға болады.

Және, ақырында, қалада қалыпты экологиялық жағдай бар және ол болашақта да сақталуы мүмкін. Өнеркәсіптік аймақ тұрғын үйлер алқабынан қашықта, теміржол төсемінен әрі солтүстік бетте, ал оның тастандыларын жел қаладан аулақ әкетеді.

Асылында, астананы көшіру үдерісі қалай болмақшы? Ол бір сәттік емес және негізінен шамамен 2000 жылға қарай аяқталуы тиіс. Қажетті дайындық жұмыстарын жүргізгеннен кейін Ақмолаға бірінші кезекте басты-басты мемлекеттік органдарды: Президентті, парламентті, үкімет пен жоғары сот инстанцияларын, сондай-ақ бірқатар аса маңызды министрліктер мен ведомстволарды көшіру ойластырылуда. Олар уақытша тәсім бойынша қазір бар әрі алаңы жеткілікті жайларға орналастырылады. Біртіндеп оларға және Ақмолада болулары тиіс делінген өзге де құрылымдарға әкімшілік ғимараттары салынбақшы. Сәулетшілердің алғашқы шамалауы бойынша, астананың әкімшілік орталығын қаланың оңтүстік шетіндегі 300–400 гектар алаңға жеке-дара салған тиімді болса керек. Әлемде мұндай қадамға бару едәуір кең тараған.

Шет мемлекеттердің дипломатиялық корпусы қала шегінде орналастырылады. Елшіліктер қажет деп тапса, оларға қызмет кеңселерін, өз мемлекеттері басшыларының резиденциясын қамтитын елшілік кешендерін және қызметшілерінің тұрғын үйлері мен басқа құрылыстар салуына жер аумағын бөліп берудің толық мүмкіндігі бар.

Осы аталған органдарды Ақмолаға ауыстырумен бірге, жекелеген министрліктер мен ведомстволарды республиканың жаңа астанаға шектес қалаларына көшіру, яғни астана қызметін ішінара әртараптандыруға рұқсат ету орынды болатын сияқты. Бұл Ақмоладан осы құрылымдарға қажетті өндірістік-тұрмыстық жағдай жасалғанға дейінгі уақытша шара болмақшы. Басқару құрылымдарын басқарылатын объектілердің неғұрлым үлкендеріне барынша жақындату қажет болған жағдайда бұл тұрақты сипат алуы да мүмкін. Біздің ойымызша, Ғылым академиясын, мәдениет, білім, баспасөз, ғылым мен жаңа технологиялар, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау министрліктері мен шығармашылық одақтарды Алматыда қалдырған орынды болар еді. Айтпақшы, астанасын көшірген көптеген елдерде, мәселен, Пәкстанда бұлайша әртараптандыру тәжірибесі жақсы нәтижесін берді.

Ақмолаға көшеді деп белгіленген министрліктерде 8 мыңдай адам жұмыс істейді, солардың жартысына жуығы ірге көтереді делініп отыр. Сөйтіп, отбасы мүшелерін қоса есептегенде, көшуге тиісті адамдардың жалпы саны 15–20 мың болады. Оларға 270 мың шаршы метр тұрғын үй қажет. Қаланың орталық бөлігінде жалпы көлемі 50 мың шаршы метр көп қабатты тұрғын үйлер салуға әзірленген алаңдар бар. Егер әр

облыс жаңа астанаға сыйлық ретінде бір-бірден тұрғын үй салып беруді қолға алса, ол осы міндетті шешуді жылдамдатар еді және оның символдық мәні болар еді. Оңтүстік-шығыс тұрғын аудандарында екі бос шағын аудан бар, оларға 10–12 мың адамға арнап тұрғын үйлер салуға болады.

Енді астананы көшіруге байланысты болатын нақты артықшылықтар мен кемшіліктер туралы баса-баса айтайын.

Бірінші кезекте бұл біздің геосаяси аренадағы рөлімізді күшейтуі тиіс. Қазақстанның Еуропа мен Азияның қақ ортасындағы орнына байланысты артықшылығын толығырақ дамытуының бірегей мүмкіндігі туады.

Республика аумағында халықтың және өндіргіш күштердің сыңаржақ орналасуын бірте-бірте еңсеру нақты сипатқа ие болады. Оңтүстікте халықтың тым тығыз орналасуы жұмысшы күшінің артықшылығын, тым көп жасырын жұмыссыздықты, жаңа өндірістерді арттыру мүмкіндігі шектеулі бола тұра халық өсімі қарқынының шарықтауын туғызатыны ешкімге де құпия емес.

Астананың жаңа жерге ауысуы солтүстік өңірлерде инновациялық және ғылыми ауқымды өндірістерді, прогрессивті ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды және, әсіресе маңыздысы, ауыр өнеркәсіптің тиімсіз салаларын қысқарту кезінде босаған адамдарды жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз ететін өңдеуші ауыл индустриясының кең жүйесін қарқынды дамытуға көмектесетін болады. Бұл республиканың индустриялық даму деңгейін көтеріп, еңбек ресурстарының тиімді пайдаланылуы мен жоғары жұмыстылығын қамтамасыз

етеді. Мұнда экономикалық және әлеуметтік өмірдің, былайша айтқанда, мәжбүрлі жандануы болады.

Уақыт өте келе, біз Ақмоладан тек жаңа қоғамдық-саяси ғана емес, сонымен бірге, мән-мағынасы жөнінен Қазақстанның Алматыдан кейінгі екінші ғылыми, мәдени және іскерлік орталығын көретін боламыз. Әрі бұл біздің көпұлтты халқымыздың аса маңызды табысы болады.

Әрине, астананы көшіру айтарлықтай шығынға түседі. Иә, шығын болады. Бірақ қайтарымсыз шығындар тек көші-қонға байланысты болмақшы. Қалғандары – күрделі қаржы салымы, солардың есебінен тұрғызылғандардың бәрі мемлекеттің ұлттық байлығын молайтады. Бұл ретте біздің тұрғын үйлерді де, мемлекеттік ғимараттарды да салуымызға тура келетінін ескеру керек.

Шығындарды қысқартатын бірнеше сәттер есте болғаны жөн.

Мамандардың бағалауы бойынша, Ақмолада 1 шаршы метр тұрғын үй мен қызмет үйлерінің құрылысы Алматыдағыдан арзанға түседі.

Географиялық қиылысқа жақын орналасуы көлік пен байланысқа төленетін шығындарды көп үнемдеуге жағдай жасайды, іскерлік байланыстар мен аралас-құраластықты қарқындатады. Жоғары сапалы мейманханалар, елшіліктерді жайластыру негізінен шетелдік инвесторлар мен шет мемлекеттердің есебінен болады.

Тұрғын үйлердің, әсіресе, коттедж үлгісіндегі аз қабатты үйлер құрылысының шығынын көбінесе жұртшылықтың өзі көтере алады.

Астананы көшіру Алматыға да пайдалы болмақ. Біріншіден, босаған алаңдарды туризм, демалыс және

спорт индустриясын – мұнда тиімді жағдайы бар және тез әрі мол пайда беретін салаларды дамытуға пәрменді түрде пайдалануға болады. Екіншіден, қаланың экологиясы жақсарады. Үшіншіден, қаланың қамтамасыз етуші жүйелерінен шарықтау шегіндегі аса үлкен жүктемелер түседі және тағысын тағылар. Бұл дамушы елдердің бәріне тән астанада немесе оған жақын жерлерде тұрғысы келетін адамдар ағынын азайту есебінен болмақшы.

Республика үшін Алматы бұрынғысынша мемлекеттегі іскерлік, қаржыгерлік, ғылыми және мәдени орталық болып қала береді және қоғамдық-саяси өмірге елеулі түрде ықпал етіп отыратын болады. Алматының мәртебесі мен оны одан әрі дамытудың қағидаттарын айқындайтын арнайы заң қабылдау қажет деп ойлаймын. Тегінде дүние жүзінің барлық жерлерінде бұрынғы астаналар осындай рөл атқарады. Мәселен, Анкара 70 жылдан бері Түркияның ресми астанасы болып келеді, ал бұрынғы астанасы Ыстамбұл сол қалпы елдің ең ірі қаржы, мәдени-біліми, ақпараттық орталығы болып отыр.

Сөзімді аяқтай келе, осы мәселенің маңыздылығын тағы да баса айтқым келеді. Бұл мәселе алғаш рет көтеріліп отырған жоқ. Бірақ бұрын оның негізінде таза саяси мүдделер немесе одақтық басшылықтың импульсивті ниеті ғана жатқан болса, бүгінгі біздің мақсатымыз байсалды экономикалық қисыннан, әуелден-ақ тәуелсіз мемлекеттің астанасы ретінде салынған қалаға ие болу талабынан туған.

Астананы көшіру – кез келген елдің өмірінде қатардағы оқиға емес, бірақ оны соншалықты бір төтенше оқиға деуге де келмейді. Қазақстанның астанасы өзінің

орналасқан жерін әлденеше рет ауыстырғанын еске алсақ та жеткілікті. 1925 жылға дейін ол Орынборда, содан соң Қызылордада және тек 1929 жылдан бері ғана Алматыда болды. Тарихты еске түсірейікші. Саяси да, экономикалық та тұрғыдан алғанда, бұлар оңай жылдар болып па еді.

Өз астаналарын көптеген мемлекеттер көшірген. Айталық, Санкт-Петербург – Мәскеуді, Карачи – Исламабадты, Рио-де-Жанейро – Бразилианы, Мельбурн – Канберраны атаса да болады. Әрі бұл – мысалдардың толық тізбесі емес.

Әрі мұның өзі әдетте белгілі бір басым себеппен жасалатын болған. Мәселен, Бразилияда ол – елдің алыс түкпірлеріндегі аумақтар мен жаңа экономикалық аймақтарды дамыту қажеттігі болса, Жапонияда – үкіметтік мекемелерді әбден далиып кеткен және енді одан әрі өсудің болашағы жоқ мегаполистен алыстату, Ресей мен Қытайда – сыртқы әскери қатердің қаупі болды. Ал бізде бүгін осындай себептердің бүтіндей бір кешені бар және ол егемендік жағдайында астана қай жерде және қандай жағдайда орналасуы қажет деген сұраққа барынша байыпты әрі жауапкершілікпен қарауымыз керектігін міндеттейді.

Егер бүгінгі күннің проблемаларынан жоғары болсақ, егер күнделікті қам-қарекетті емес, мемлекеттің жаһандық мүдделерін ойласақ, онда астананы көшіру – пісуі жеткен әрі объективтік қажеттілік, кең өрісті мәні бар саяси және экономикалық қадам.

Нақ сол себепті парламенттің осы мәселені қолдап, ресми түрде бетін айқындап, шешім қабылдауын сұраймын.

«Еуразиялық кеңістік: интеграциялық әлеует және оны жүзеге асыру» атты конференцияда

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1994 жылғы 20 қыркүйек

Құрметті конференция қатысушылары мен меймандары!

Бұл конференция өз алдына, сірә, қандай да болсын, бұрын айтылатындай, «тағдыршешті» шешімдер дайындау міндетін қоймауы керек шығар. Бірақ мұнда болатын пікір алмасулар, одан әрқайсымыз жасайтын қорытындылар, сөз жоқ, бәріміздің қазіргі күрделі де серпінді уақыттың бар шындығын пайымдауда, уақыттар мен халықтардың үзілген байланыстарын қалпына келтіру жолдарын іздеуде тағы бір қадам жасауымызға көмектесетін болар деймін. Неге десеңіздер, халықтар

мен мемлекеттердің тағдырын өзгертетін ғаламат тарихи және геосаяси оқиғалардың замандасы әрі қатысушылары болу нақ біздің үлесімізге тиіп отыр ғой. Сондықтан адамзат өркениетінің алға басуының негізгі бағытымен үйлесетін және социалистіктен кейінгі кеңістікте пайда болған тұтас бір мемлекеттер тобының өрісті дамуына кепілдік беретін дамудың дұрыс бағдарын анықтау аса зор маңызға ие болуда.

Менің ойымша, Еуразиялық Одақ (ЕАО) құру идеясының нақ солар үшін бірінші кезектегі мәні болса керек, өйткені әңгіме өтпелі кезеңде болмай қоймайтын экономикалық дағдарысты неғұрлым тез еңсеру мен саяси реформаларды жүзеге асыру, пайда болған және туындап келе жатқан қиыншылықтарды жеңілдету жайында болып отыр. Экономикалық ынтымақтас-тықты сақтау мен дамыту ісіндегі әртүрлі кедергілерді жойып, бір-бірімізге бітіп болмайтын экономикалық және саяси кінә тағудан, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарының жұмысындағы былықтардан арылу үшін тіпті ТМД шеңберінде де не керектінің бәрі істелген жоқ. Дерек тілімен айтсақ, бұл былай болып шығады: Достастық өмір сүре бастағалы бері 400-дей құжат қабылданды, бірақ әлі күнге дейін ешқандай елеулі нәтиже болған жоқ, өйткені базбір мемлекеттер уағдаластықтардың мазмұнын өз пайдаларына бұрып, кейбір ережелерді ішінара теріске шығарып отырады.

Маған ЕАО жобасының өзіміз біршама уақыт бойы көз жазып қалған ізгілікке, жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы маңызды, тіпті бір есептен басымырақ та болып көрінеді. Біздің бәріміздің сан ғасырлық ортақ тарихымыз, бірлесе өмір сүру

дәстүріміз, мәдени мұрамыз, ортақ тағдырымыз бар. Сан мыңдаған адамдар – Украинаны азат етуші ардагер де, Смоленскіден Қазақстанға келген алғашқы тың игеруші де, жүрек қалауымен Өзбекстандағы бесжылдық құрылысына Белоруссиядан барған инженер де, Мәскеуден өзінің кітаптарын шығарған Грузияның ақыны да – бәрі-бәрі ендігі жерде біздің арамызда шекаралар мен кедендер тұрады, өз елдеріміздің тарихы бұрын-соңды білмеген бөгесіндермен және тосқауылдармен бөлініп қаламыз деген оймен ешбір келіскісі келмейді. Және де біз халықтарымыз Ұлы Отан соғысы жылдарында бірлескен күш-жігерімен өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалғанын, қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген белгілі қайраткерлері Ресейде, Украинада, Балтық маңында оқып, білім алғанын, қазақ халқы сталиндік зұлмат жылдарында қуғын-сүргінге түскен орыстарды, украиндарды, немістерді, корейлерді, шешендер мен басқа да көптеген халықтардың өкілдерін бауырына басып, қолынан келген көмегін көрсеткенін неге ұмытуымыз керек?

Соңғы жылдары ғылым, мәдениет, білім беру салаларынан мамандардың сыртқа кетуі күшейе түсіп, республиканың зияткерлік әлеуетін төмендетіп бара жатқаны бізді алаңдатпай тұра алмайды. Тұтастай алғанда, бұл үдерістер бір кездегі біртұтас жүйені ажыратып қана қоймай, әлемдік өркениеттің ғылыми-мәдени жетістіктерінен оқшаулауға апарып соғады. Біз жаңа білімдерді алу мен іс жүзінде пайдалану үдерістерін интернационалдандыруды сақтап, нығайта беруіміз керек. Ғылыми-техникалық саладағы зерттеулер мен талдамадардың кірігуі жалпы өнеркәсіп қызметін жаһандандырудың ажырамас бөлігіне айналды.

Ақыр соңында адамдардың тұрмыстағы қарапайым қажеттерін де – емін-еркін жүріп-тұруын, туыстарымен және жақындарымен аралас-құралас болуын да ойлау керек. Бұлар тіпті де екінші кезектегі проблемалар емес. Олар саяси жағдайдан немесе билік басындағылардың күресінен, я болмаса билік үшін күрестен әлдеқайда маңызды. Неге десеңіздер, бұл бүгінде әрбір дұрыс пікірлі саясаткердің ең көкейкесті мақсаттарының бірі – өз елдері мен өңірлеріндегі тұрақтылықты, біздің азаматтарымыздың шаңырақтары астындағы береке-бірлік пен тыныштықты сақтау.

Бірден-ақ ашып айтайын: менің де, біздің мемлекеттеріміздің шынайы интеграциялануын қалайтын кез келген адамның да ойына бұрынғы империяны, өзіміз көрген Одақты қайта жандандыру ниеті кіріп те шықпайды. Біздің республикаларымыздың тәуелсіздігі нақты әрі айқын ақиқатқа айналды, шынайы саяси мәнмен және мазмұнмен толықты, мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың қаны мен тәніне сіңісіп кетті. Ал уақытты кері шегеру – ешкімнің қолынан келмейтін ақиқат.

Бұл ретте біз белгілі бір күштердің, зорлық-зомбылық арқылы болса да, КСРО-ны қайта қалпына келтіруге дейтін тырысушылығынан көрінетін қауіпті жете бағаламаудан аулақ болуымыз керек. Біз ондай интеграцияға қарсымыз және оқиғаның солай бет алуына жол бермейміз. Кімде-кім солай ойласа, ол бізді тарихи тығырыққа тіреуге тағы да әрекеттеніп жүргені. Зорлық-зомбылықтың одан әрі өрістеуі, тұрақсыздық пен жанжал айғақтарының кеңеюі, даму қарқынының баяулауы және тіпті реформалардың тоқырауы – бұл жолда бізді тек осы күтуі мүмкін.

Әрине, ЕАО жобасының қарсыластары да бар және ол табиғи нәрсе. Тіпті біздің республикамызда да оны бәрекелді деп қарсы ала қоймағандар да бар екенін жасыра алмаймын. Егер пікірлер алуандығын тұжырымдап айтар болсақ, оларды нобайлап үш топта елестетуге болады. Бірі – ЕАО түріндегі интеграция жағында, екіншісі де соны жақтайды, бірақ кейбір шектеулерімен қабыл алады. Дегенмен, менің ойымша, консервативті көзқарастағылар да бар, оны қазір интеграциялық үдерістер қажет емес деп санайтын саяси күштердің азғантай ғана өкілдері ұстанады.

Пікір таластыратын ойдан аулақпын, тек айта кетейін: мен бұл пікірлердің қай-қайсысына да құрметпен қараймын, кез келген ұсынысты талқылауға әзірмін. Әрі солар біздің елдеріміз бен халықтарымызды ынтымақтастыққа, тең құқықты серіктестікке ең болмағанда бір сүйем жақындататын болса, мен тек қуанышты болар едім. Ең басты сенетінім: бұл идея міндетті түрде жүзеге асады, оның баламасы жоқ, болашақ – соныкі. Оның күшті болатыны – ол халықтың қайнаған ортасынан шыққан, ғасырлар бойы еуразиялық кеңістікті мекендеген адамдардың көңіл күйі мен мақсат-мүддесінен туған. Сондықтан бұл идеяның авторы мен емес, халықтың өзі. Мен тек соны қорытындылап, жалпыға жария ету бастамашылығын өз міндетіме алдым.

Осы арада менің кейбір оппоненттерім царизмнің отаршылдық саясатынан бастап социализмге дейінгі тарихтан мысалдар келтіріп, оған батыстың фашистік ыңғайдағы нұсқаларын қоса отырып, мені еуразияшылдық идеясының жаңалық еместігімен кінәламақ болғанда тарихтың қайткен күнде де адамзатты әйтеуір бір нәрсеге үйрететінін ескермейді. Әрі оны осы

заманға, тек геосаяси ахуалдағы ғана емес, адамдардың дүниетанымындағы, көңіл күйіндегі құбылыстар мен өзгерістердің серпініне талдау жасамастан, әшейін дәлел үшін қатып-семіп қалған көріністер күйінде алуға болмайды.

Кәне, осы жайында өзіндік бір халықаралық референдумда адамдардың өздерінен сұрап, парламенттерде талқылап көрелікші. Біз олардың басым көпшілігінен түсіністік пен қолдау табатынымызға сенімдімін. Оның үстіне, қай жерде тұратынына қарамастан, біздің халықтарымыздың соңғы жылдары сансыз азап шегіп, қан-қасап қақтығыстар мен адамның қасірет-қайғысын көргені сонша, тіпті олар соғыстан кейінгі барлық ұрпақтардың тағдыр-талайына жазылмаған шығар. Сірә, біздің мемлекеттік қайраткерлеріміздің, саясаткерлеріміздің ақыр соңында: осы біз нарық пен ынтымақтастық үшін ерікті, ашық мемлекет орнатып жатырмыз ба немесе өзіміздің ұлттық шеңберлерімізде «темір құрсаулар» құрып жатырмыз ба? – деген мәселені өздері байыбына бара анықтап алып, өзгелерге де түсіндіретін кезі келген болар деймін.

Мұның ешқандай нұсқалары жоқ екеніне сенімдімін: тек қана жаһандық және бірінші кезекте, еуразиялық кеңістіктегі интеграция. Бұл біздің барлық халықтарымыз бен елдеріміздің мүдделеріне сай келеді. Бұл – түпкілікті күйреуден қорғайтын жалғыз жол және ықтимал геосаяси апаттар мен әлеуметтік-саяси зілзалалардан аман қалудың бірден-бір кепілдігі.

Бүгінде бүкіл дүние интеграциялануға, күш-жігерлерін біріктіруге, қарым-қатынастарды парасатты түрде реттеуге ұмтылуда. Біздің алдымызда Еуропа қоғамдастығының, Араб мемлекеттері лигасының, Оңтүстік

Америка елдері мен Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің көптеген басқа да қоғамдастықтардың тәжірибесі тұр. Олардың бәрі өз қатынастарын дамытып, тереңдете түсуде, үнемі өзара тиімді шешімдерді іздеп табуда және сол арқылы әлемдік қоғамдастықта, әлемдік рынокта тек ұтысқа шығумен келеді.

Біз солардың тарихы мен практикасынан сабақ алып, бүгінде қандай да бір елдің болсын әлемдік қоғамдастыққа жалғыз-жарым кіруі мүмкін емес екенін ақыр соңында түсінуіміз керек. Мұны тек жұмыла қимылдап, бірлескен күш-жігер арқылы ғана, оның үстіне, ондаған жылдар бойы қалыптасқан қуатты біріктіруші әлеуетке ие бола отырып орындауға болады. Және, баса айтайын, ұжымдық күш-жігермен ғана. Бүгінгі экономикалық шындықтарды ескермеуге болмайды. Ал неғұрлым болашағы зор көрінген, «алыстағы» серіктестерге қарап, бағытын өзгертіп, өз беттерімен «бақытын» таппақ болғандар, өкінішке қарай, көбіне-көп сәтсіздікке ұшырайды.

Бүгін біз ақиқаттан аттамай-ақ, Еуразиялық Одақты құрудың жобасы жарияланғалы бергі қысқа мерзімнің өзінде-ақ интеграциялық үдерістер елеулі түрде жанданып, Достастық институттарының пәрменділігі арта түскенін айта аламыз. Қандай да бір деңгейде ол катализатор ретінде әсер етті деп айтудан да жасқанбаймын. Қазақстан ТМД құрылған алғашқы күндерден бастап дерлік ұсынып жүрген Мемлекетаралық экономикалық комитет құру туралы келісімді атасам да болады. Ал бұл, бірінші кезекте, Достастық кеңістігіндегі экономикалық проблемаларды, соның ішінде қол жеткен келісімдер мен шарттарды іске асыруға көмектесетін ұлтүстілік органдар құру арқылы шешуге бағытталған

ЕАО-ның тірек ережелерінің бірі ғой. Мұны экономикалық реформалардың экономикалық саясатын келісу мен міндетті түрде орындалуға тиісті бірлескен бағдарламаларды қабылдау қажеттігі талап етіп отыр.

Әр мемлекеттің егемендігі мызғымастай. Оны бүгін ешкім өз қолынан бермейді. Еуропа біріккен кезде: «Одақ тетіктерінде мүмкін болғанынша алысқа шырқай беріңдер. Бірақ ешұақытта мемлекет егемендігінің негіздеріне қол сұғушы болмаңдар», – дейтін талап қойылған болатын. Біз де сол қағидатты басшылыққа алсақ несі бар? Келіңіздер, осы норманы Еуразиялық Одақтың негізіне алып, бір-бірімізді халықаралық қатынастың тең құқықты субъектілері ретінде танитын болайық.

ЕАО жобасын іс жүзіне асырудың бір кезеңі ретінде Орталықазиялық Одақты ресімдеуді де қарастыруға болар еді. Мәселен, өзге елдің аумағында азаматтық, жылжымайтын мүлікті сату және сатып алу мәселелерін кідіріссіз шешуді қамтамасыз ететін келісімдер қабылданып, ол адамдардың көші-қон кезіндегі проблемалары мен психологиялық жайсыздық мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық мәселелері шешілуде. Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан арасында қол қойылған құжаттар ТМД шеңберінде қабылданғанын және оның қағидаттарына ешбір қайшы келмейтінін ерекше атап көрсетемін. Сондықтан басқа мемлекеттер үшін де есік ашық. Қысқасы, өңірлік интеграция ТМД-ны нығайтудың тағы бір факторы мен одан да биік деңгейдегі интеграцияға қарай жасалған қадамға айналып отыр.

Керек десеңіз, ЕАО жобасы ТМД-ның елеулі артықшылықтарын: экономикалардың, әлеуметтік-эко-

номикалық құрылымдар мен халық ділінің, тарихи-мәдени ортақ дәстүрлердің интеграциялануын жоғары дәрежеде дамытуға бағытталған. Тіпті осының бәрін ескергенде де, бұл жоба – ақиқаттың ақтық шегі мен қасаң қағида емес деп есептеймін. Талқылауға, жаңа ұсыныстар, ескертпелер мен толықтырулар айтуға оның есігі ашық. Уақыттың өзі де түзетулерін енгізіп жатады. Қазірдің өзінде ЕАО-ның экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған бірінші қабаты жүзеге асырылып жатыр.

Адам құқықтарын қорғаумен, мәдени, ғылыми алмасумен, біліми саясатты үйлестірумен байланысты екінші қабаты да қабылданған және әзірленіп жатқан шешімдерде іске аса бастады. Бұл арада мен жалпы біліми ғана емес, әдіснамалық та және тіпті кейбір ұйымдастырушылық та міндеттерді шеше алатын Еуразия университеті идеясын ұсынсам деймін.

Мәселенің үшінші, неғұрлым күрделісі – саяси жағы. Дегенмен ТМД-ны дамытудың объективті қисыны мен саяси қадамдарды үйлестіруді күшейту қажеттілігі қолда бар әлеуетті мүмкіндіктерді іске қосуды талап етеді. Ең алдымен, менің айтпағым – «ыстық» жанжалдар аймағының қыспағында тұрған ТМД кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазіргі кезде ТМД елдері жасап жатқан қадамдар кеңестен кейінгі кеңістікте тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайтудағы таңдап алынған ынтымақтастық бағытының дұрыстығын көрсетіп отыр.

Біз бүгін аумақтық және ұлттық ерекшелігіміз бойынша өз елдеріміздің тұрғындары ғана емес, түп тамырымыз, тарихымыз, ынты-шынтымыз бойынша еуразиялықтармыз да. Сондықтан көрші мемле-

кеттерде не болып жатқаны біздің әрқайсымызды алаңдатпай тұра алмайды. Оларда туыстарымыз, достарымыз, таныстарымыз тұратындықтан ғана емес, сонымен бірге, әрқайсымыздың бойымызда сақталған рухани жақындық сезіміне байланысты да солай. Бұл бір кезде біртұтас кеңістікте өмір сүрген адамдардың тағдырына деген ортақ қамығушылық пен алаңдаушылықты туғызбауы мүмкін емес. Сондықтан біз өз саясатымызды ізгілік мазмұнымен байыта түсу үшін бәрін жасауымыз керек. Істің шын мәнінде біздің, кеңестен кейінгі кездегі саясаткерлердің, өткен және болашақ ұрпақтар алдында әрі өз алдымызда ерекше борыш – күні кешегі тоталитарлық қоғамды өркениетті демократиялық қоғамға ұластыру борышы тұр. Егер біз оны қазір шешпесек, ол келешек ұрпақтар үшін бұдан да зор ауыртпалыққа айналады. Біз оларға осындай мұра қалдыра аламыз ба? Біздің әрқайсымыз менің осы алаңдаушылығымды түсініп, қабыл алады және интеграция идеяларын жүзеге асыруға өзінің тиісті үлесін қосады деп сенемін.

Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сейфуллин,
І. Жансүгіров, Б. Майлинді
тарихи еске алу кешінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1994 жылғы 14 желтоқсан

Құрметті достар!

Бүгін сталиндік жазалаудың қан қасабында қаза болған ардагерлер – Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің ғана емес, сол жылдары нақақтан жапа шеккен басқа да көптеген арыстардың әруағын еске алып отырмыз. Олардың арасында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышпаев, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров, Ораз Жандосов сияқты Қазақстанның тамаша перзенттері бар.

Сол жылдары біздің республикамызда мың-сан жер аударылған «халық жаулары» – орыстар мен украиндар, қалмақтар мен шешендер, белорустар мен немістер секілді әртүрлі ұлттардың өкілдері қаза болды.

Бәрінің әруақтары мәңгі жасасын!

Бүгін біз Отанның ардақты ұлдары Т. Рысқұловқа, С. Қожановқа, С. Сейфуллинге, І. Жансүгіровке, Б. Майлинге деген халықтың қалтқысыз құрметі мен ризашылығын білдіріп, тарихи еске алу кешін өткізіп отырмыз. Олардың әрқайсысы өз халқының мүдделерімен өмір сүрген мемлекет қайраткері, өздерінің еркін ойы, терең даралық қасиеті үшін сталиндік жендеттердің қолынан тым ерте өлім тапқан дарынды жазушы және ақын болатын.

Т. Рысқұлов қызметін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысудан бастады, Қазан төңкерісінен соң Қазақ жастарының революциялық одағын құрды, денсаулық сақтау халкомы болды, аштықпен күрес жөніндегі комиссияны басқарды, Түркістан үкіметінің басшысы, РКФСР ұлт істері жөніндегі халкомының орынбасары болып істеді. Бірақ бұқара арасындағы абырой-беделі өскен сайын ол режимге де қолайсыз, жағымсыз бола берді, өмірлік жолы да қысқара берді. Оның миллиондаған қазақтарды қырғынға ұшыратқан жаппай ұжымдастыруға қарсы батыл сөйлеген сөздері белгілі. Сол пікірін ол тікелей Сталиннің өзіне де жазған болатын.

С. Қожанов аса білімді адам болған, Түркістанның ішкі істер, оқу-ағарту, егіншілік халкоматтарын басқарды, «Ақ жол» газетінің тұңғыш бас редакторы болды, қазақ халқы сана-сезімінің өсуіне көп еңбек

сіңірді, мәдениетке жан-тәнімен берілді, ғалымдарға, ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне қамқорлық жасады.

С. Сейфуллиннің жарқын өмірін халық жақсы біледі әрі қадір тұтады. Сәкен артына аса бай әдеби мұра – өзекті арнасын әрдайым адам, адамның тағдыры құраған өлеңдерін, повестерін, пьесаларын қалдырды. Ол оқу-ағарту халкомы, Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болды. Рысқұлов сияқты, ұлтшыл социализмнің ойдан шығарылған айыбынан құтыла алған жоқ.

І. Жансүгіров пен Б. Майлиннің де тағдырлары халық тағдырымен етене байланысты. Осы күні қазақ әдебиетінің негізін салушылардың даңқты шоғырында болған олар оқу-ағарту саласында, баспасөзде жұмыс істеді.

Рысқұлов, Қожанов, Сейфуллин сияқты аса көрнекті шығармашыл тұлғалардың қоныстандыру секілді қарабайыр іспен айналысып, оған көп уақыттарын жұмсағаны оғаш көрінуі де мүмкін. Ал шынтуайтында ол кезде әңгіме аса ғаламат проблема – Қазақстанның ұлттық-аумақтық қалыптасуы туралы болған-ды. Сондықтан көрнекті қайраткерлер мұндай міндетті шешуден тысқары қала алмайтын еді. Олардың қызметі ұлттық мәдениеттің дамуына жаңаша серпін берді. Сондай-ақ олар қазақ кітап баспасы мен журналистикасының да бастауында тұрды. Осының бәрі нақ сол жылдары тамырлана бастаған Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға септескені сөзсіз. Әрине, ол кезде біздің мемлекетіміз іргетасының алғашқы кірпіштері ғана қалана бастаған болатын. Әйтсе де, сол бір қиын-қыстау кездердің өзінде-ақ елі мен халқының мүдделерін қорғаудың қаншалықты

маңызды екенін түсінген нақ сол қайраткерлеріміз болғанын біз ұмытпауымыз керек.

Адамдар оларды және солар сияқты басқа да аса көрнекті отандастарын ұсақ-түйек әбігерден, күнделікті күйбеңнен еңселеніп тұратын, өзгелерді биік парасатымен, көкке бой созған асқақтығымен тәнті ететін асқар тауларға теңейтіні тегін емес.

Бұл тамаша жандар біздің әрқайсымызға өзінше жақын және көп жағынан түсінікті. Мұндай құбылыстың өзіндік себебі де бар. Оны алуан ұлттарды қамтитын мың-мыңдаған қазақстандықтардың өмірінен, интеллигенцияның, бүкіл елдің тағдырынан көруге болады.

«Уақытты таңдамас болар, адам өмірін сонда өткізеді, өлімін де сонда қарсы алады». Осы сөздердің ащы шындығын қазақстандықтардың көптеген ұрпақтарына, әсіресе, 1930–1940-шы жылдардағы біздің аға буынға, қысқа да болса нұсқа дерліктей, өмір тағдыры бұйырғанынан көруге болады.

Өмір мен өлімнің арасында тірлік кешу халықтың санасына да қайғылы-мұңды таңбасын қалдырмай кеткен жоқ. Иә, қорқақтық та, селсоқтық та, икемге көнгіштік те болды, әрі бұл жұрттың бәрінен – тектік қорқазынасы ұжымдастырудан оңбай зардап шеккен қазақтардан да, нақ сол жалмауыздың аузына түскен орыстардан немесе қуғын-сүргінге ұшырап, өз тамырларынан қол үзіп қалған халықтардан да көрінді. Өзіміз кезінде жер бетіндегі ең ізгі деп әспеттеген қоғамның сол «туабітті» сарқыншақтары адамдардың жан-дүниесінен әлі де арылып біткен жоқ.

Бірақ қай кезде де адам рухының асқақ биіктері де болды ғой. Осы адамдар тағдырының орасан зор рухани

тартымдылығы сондайлық ауыр, қасіретті, кейде тіпті қан-қасап заманда өмір сүріп, еңбек ете жүріп, сол қатыгез заманның өзіне биік адамгершіл тазалықтың тағылымын бере білуінде. Олар өз-өзінен және өздерінің мұраттарынан, туған халқынан бас тартып, баз кешпестен өмір сүрді және сол үшін өлім құшты, тек сөзімен және ісімен ғана емес, өлімінің өзімен де адамдардың ұлы құрметіне ие болды.

Дегенмен осы қадір-құрметтің өзінде секем аларлық тұстар бар. Бүгін біз сөз етіп отырған адамдарды және басқа да көптеген жандарды әуелде саннан да, санаттан да шығарып тастап, содан соң, әлдебір өмір бойынша, оларды мақтап-мадақтап, тым аспанда тып әкеткеніміз жараспайтын-ақ қылық емес пе. Әрі бүгінде солардың аттары аталса, базбір ғалымдар мен әдебиетшілердің қайтадан сыбырға көшетіні тіпті түсініксіз. Ақыр соңында, құдай бізді еліміздің бұрынғы қайраткерлерін, демек, өз тарихымызды да қара-лаудан құтқарар күнге жеткізсіз дейік.

Иә, біз көптеген құндылықтар қайта бағаланып жатқан дәуірде өмір сүріп отырмыз. Әрине, идеяны қайта қарауға, көзқарастардан бас тартуға болар, дегенмен, қандай дәуірде өмір сүрсе де, адамды, оның өмірі мен тағдырын бір-ақ сызып тастауға, әсіресе, әртүрлі көзқарастағы адамдарды бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Ғылыми тұрғыдан ондай әрекеттер тарихқа қарсылық болып шығады. Революциядан соң баррикаданың екі жағына шығып кеткен жас қазақ интеллигенциясының көзқарасындағы айырмашылықтардың себебін жеке бастарының сапасынан, дарын дәрежесінен емес, өлкенің ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалынан және революциядан соңғы кезеңде

болған күрделі саяси үдерістерден іздеу керек. Олардың бәрі де өз уақытының перзенттері болды, бірақ одан асып түсіп, ғасырдың перзенттеріне айналды.

Өткенді сөз еткенде, тарихи шындық ұстанымында нық тұрып, Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі әртүрлі даму кезеңдерінің күрделі құбылыстарын бағалауда субъективизмге және, әсіресе, бүгінгі күннің деңгейімен өлшеуге жол бермеуімізді бізден кешегі күн де, бүгінгі күн де қатты талап етеді.

Біз дүниежүзілік тәжірибеге сүйеніп, тек бір-ақ нәрсеге – қатаң ақиқатты айқындап, еліміздің тарихында белгілі тұлғалардың атқарған рөлін, олардың саяси көзқарастарына қарамастан, шынайы қалпында анықтауға көңіл бөлуіміз керек. Ақыр соңында, халыққа қызмет ету, ағарту саласындағы қызмет, жоғары гуманизм секілді ең асқақ адамгершілік талаптар бар ғой. Олардың сауаттылықты тарату, халықтың қалың бұқарасын мәдениетпен сусындату жолындағы орасан зор еңбегін мойындамауға болмайды. Сол Т. Рысқұловтың өзі қазақ ауылын зорлықпен ұжымдастыруға қарсы болып, тұңғыш дауыс көтерді. Ал С. Қожанов қуғынға ұшыраған М. Жұмабаевтың өлеңдерін шығаруға тәуекел етті. Осы жай бүгінде тарих тілін қолдан бұрып, өмірді қарабайыр жолға салғысы келетіндердің есінде болғаны жөн.

Бүгінгідей шараларды ұйымдастырып, жергілікті жерлерде мерейтой салтанатын өткізіп, өзіміздің ізашар арыстарымызға лайықты сый-құрметімізді көрсете отырып, біздің ғылыми және қоғамдық ақыл-ойымыз одан әрі дами беруі тиіс. Бірақ, өкінішке қарай, сол жандардың өміріндегі көптеген жайлар әлі де назардан тыс қалып келеді. Тарих саласын-

дағы дәйекті ғылыми зерттеулерді одан әрі жалғастырып, республика өміріндегі, әсіресе, бастапқы кеңестік кезеңдегі құбылыстар мен үдерістерді жаңаша, объективті тұрғыдан пайымдайтын қоғамтану жөніндегі байыпты еңбектерді басып шығару қажет. Ал қазір жарияланып жүрген еңбектердің көпшілігінде конъюнктуралық қорытындылар, схематизм қылаң береді. Біздің шеткергі қоғамтанудың «келте шалбарынан» шығып, оны егемен мемлекетке лайық байыпты ғылымға айналдыратын кезіміз жетті.

Тұтастай алғанда, біз ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының қызметінен тәлім алуымыз керек. Неге десеңіздер, бағыт-бағдары әртүрлі, дүниетанымдық жағынан әртекті болса да, қай жағынан болсын аса бағалы саяси ақыл-ойды жасаған рухани дегдарлар нақ сол кезде қалыптасты ғой. Сол кездің өзінде-ақ зиялыларымызды Қазақстанның болашақ мемлекеттік құрылымы, мәдениетін, тілін дамыту, дәстүрлерін сақтау жөніндегі толғақты ойлар мазалайтын.

Бүгінде біз солардың шығармашылық және саяси мұрасын іліп әкетіп, осы заманғы шындық пен тәуелсіз Қазақстанның міндеттері ауқымында қайта байыптауымыз керек. Тек бір ғана нәрседен – асығыс тұжырымдардан, басы артық қызбалықтан, популизмнен сақтандырғым келеді.

Кей-кейде мұндай әрекеттерде халықтың қазіргі мүдделері мен мұң-мұқтажын, мемлекеттік проблемаларды түсіну кемшін соғып жатады. Ал егер біздің ізашарларымыздың, ғасыр басындағы зиялыларымыздың еңбектеріне тағы бір айналып соғатын болсақ, олардың ойлары толқын атқан жерлерде лепіrmеліктің, әсіре ұраншылдықтың, ұрыс-керістің, керек десеңіз, ұлттық

кердеңдік пен кертартпалықтың иісі де жоқ екенін байқау қиын емес. Бұл да ұлы адамдардың біз сияқты ұқыпсыз шәкірттеріне сабақ боларлық жайт.

Саяси зияткерлік ойды жандандыру мен дамыту – жалпыұлттық міндет. Көпұлтты мемлекеттің егемендігін нығайту, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси тұрғыдан дамыту, ұлтаралық келісімі мен азаматтық татулығын сақтау проблемаларын жан-жақты байыптау тек ұлт зиялыларының күшімен іске асырылмақ болса, одан ешқашан да нәтиже шықпақ емес.

Мен тап қазір республиканың көпұлтты интеллигенциясын қоғамдық өмірдің үдерістеріне неғұрлым белсенді түрде араласуға шақырудан аулақ болсам деймін. Мәселе, сірә, шақыруда емес, өзіңнің азаматтық борышыңды түйсінуде, республиканы одан әрі дамыту мүмкіндігі туралы көзқарастарыңды адамдарға жеткізуге деген қажеттілікте болса керек. Бізде қазір де орасан зор мәні бар әлеуметтік тақырыптарды көтеріп жүрген орыс, неміс, корей және басқа да ұлттардың зиялылары аз емес. Қазақстанды ортақ Отаны деп түсіну – міне, біздің көпұлтты интеллигенциямызды топтастырып, оның саяси ақыл-ойын ұштап, асқақтата түсетін нәрсе осы екеніне сенімдімін.

Ардақты арыстарымызды тарихи еске алу кешіндегі әңгімеміз мерейтой салтанатында болатын дәстүрлі шегінен біршама қиыс кеткенге ұқсайды. Әрі бұл заңды да. Т. Рысқұловтың, С. Қожановтың, С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің, Б. Майлиннің, басқа да көптеген тамаша отандастарымыздың өнегесі бізді әрдайым қоғамдық өмірдің тамыры қалай соғатынын тап басып, танып отыруға міндеттейді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының
I сессиясында «Ортақ үйімізде татулық пен
келісім болсын» тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 24 наурыз

Құрметті делегаттар!

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы өз тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресуіне тура келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің және ең бастысы, өзге халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарихтың тұңғыығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Тағдыр-талайына бұйырған қисынсыз қиындықтарға қарамастан, өз халқының

болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына лайықты құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі, сайып келгенде, қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артушылыққа жол бермеуі тиіс, өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн. Біздің ұрпаққа ата-баба игілігін сақтап, қайта қалпына келген мемлекеттігімізді нығайту және өркениетті әлемдік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жаңа деңгейге көшу сияқты жауапкершілігі мол міндеттер жүктеліп отыр. Біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілік сезіміне бөленуіміз керек. Ал бұл өткенді есте сақтай отырып, болашаққа ұмтылу, басқа халықтармен тату-тәтті өмір сүру, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын құрметтеу дегенді білдіреді. «Береке басы бірлікте» деп қазақ тегін айтпаса керек.

120 ұлттың мүдделерін білдіру жүктелген Қазақстан халықтары Ассамблеясының делегаттарына әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр.

Ассамблеяны құру бастамасы біздің қоғамымыздың қойнауынан туған. Соған сәйкес республикада қыруар дайындық жұмыстары жүргізілді. Облыстарда кіші

ассамблеялар құрылды, оған ең лайықты адамдар сайланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясы өткен жолымызға және болып жатқан қоғамдық-саяси үдерістерге талдау жасау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу мақсатымен шақырылды. Бұл үшін республиканың барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін сіздермен кең сұхбат жасап, кеңесу қажет. Біз қоғамдық тұрақтылықты қалай сақтап, нығайтуға, келесі парламент сайлауына дейінгі кезеңде істі қалай жүргізуге болады, қоғамды реформалауды қалай тездету керек дейтін сұрақтарға жауап беруге тиіспіз. Адамдар бұл туралы күмәнді көздерден емес, мемлекеттік саясатты талдап жасаумен және іске асырумен тікелей айналысатын ең білікті көздерден, бүгін таңда сіздермен бірге жұмыс істеп отырған биліктен естіп, білулері керек.

Біз қазірдің өзінде жолдың ең қиын кезеңінен өтіп, дағдарысты жағдайды өзгертудің алдында, өрлеудің қарсаңында тұрмыз деп айта аламыз. Алайда, өткеннің, бүгіннің және болашақтың бір-бірімен өзара байланысты және өзара тәуелді екені сонша, өзіміздің тарихи тәжірибемізді және басқа мемлекеттердің тәжірибесін ой елегінен өткізбейінше, нақтылы оң өзгерістерге қол жеткізу өте қиын.

Қазіргі дүниенің этностық проблемалары

Адамзат өркениеті – халықтар мен мемлекеттердің тууының, өсіп-өркендеуінің және тарих аренасынан кетуінің үздіксіз тізбесі. Көбінесе бұл үдерістің жаһандық сипат алатыны бар. Тек ХХ ғасырдың өзінде ғана

мұндай маңызды оқиғалар кем дегенде үш рет болып өтті. Ең алдымен бұл бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, бірқатар империялардың күйреуі нәтижесінде Австрия, Чехословакия, Югославия, Венгрия, Польша, Финляндия және басқалар сияқты егемен мемлекеттердің құрылуымен байланысты болды. Жаңа мемлекеттер пайда болуының екінші толқыны ұлт-азаттық қозғалысымен және отаршылдықтың күйреуімен байланысты. Сол кезеңде, 1950–1960-шы жылдар аралығында кейбір бұрынғы отарлар сол кездегі шекараларды қайта қарауды талап етіп, күштеу амалдарын қолдануға да әзір екендерін ашық мәлімдеді. Сөйтіп, Сомали мен Эфиопияның, Гана мен Тогоның, Үндістан мен Пәкстанның, Марокко мен Алжирдің және басқалардың арасында аумақтық таластар пайда болды.

Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан 1990-шы жылдарға дейінгі кезеңде 50-ден аса аумақтық жанжалдар болып, 15 млн адам соның құрбанына айналды.

Алайда уақыт пен қасіретті тәжірибе көптеген елдерге тән этностық алуантүрлілік жағдайында мемлекеттік шекараларды этностық шептерге сәйкес белгілеу әрекеттері жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін түсінуге мәжбүр етті.

Қанша кемшілігі болса да, қалыптасқан аумақтық жағдайды сақтау қанды қақтығыстардан жақсы дейтін парасатты ақыл-ойдан туған тәуелсіз мемлекеттер шекараларының қол сұғылмаушылығы мен аумақтық тұтастығы туралы тұжырымдама белең ала бастады. Осы көзқарастың орнығуына байланысты мемлекеттер өз дамуының көкейкесті проблемаларын шешуге кірісу үшін мүмкіндік алып, алғашқы табыстарға қол жеткізе

бастады. Өздерінің қарама-қарсы дау-дамайын өткен күннің еншісіне қалдыра алмаған басқа елдер күш-жігерлерін жанжалмен тауысып, ұлттық ресурстарын кемітуде және, сонымен бірге, халықаралық ынтымақтастықтағы өз мүмкіндіктерінің аясын тарылтуда. Міне, егемендіктің сабақтастығы қағидатының, яғни шекараларды бар қалпында қабылдау мен оларды күштеп қайта бөлуден бас тартудың ешқандай баламасы жоқ болатыны осыдан.

Қазір дүние социалистік жүйенің күйреуімен байланысты үшінші кезеңді бастан кешіріп отыр. Кеңес Одағының ыдырауы халықаралық тұрақтылықты сақтау туралы мәселені алға қойды. Осыған байланысты дүниежүзілік геосаясатта тепе-теңсіздіктер пайда болып, олар ТМД аумағында ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақсыздықтың өсуіне апарып соқты.

Әр елдің өз болашағын таңдауға деген құқығы даусыз. Алайда осы құқықты жүзеге асыру басқа этностардың құқықтары мен мүдделерін бұзбауға тиіс. Югославиядағы оқиғалар және кеңестен кейінгі кеңістіктің базбір өңірлеріндегі қасіретті жанжалдар орасан зор күші бар дүмпулерге апарып соғатын дезинтеграциялық, күйретуші үрдістердің бар екенін айқын көрсетіп отыр. Мұның ең төтенше көрінісі Әзірбайжан мен Армениядағы болсын, Босния мен Тәжікстандағы болсын, Грузия мен Молдовадағы болсын этностық, аумақтық негіздегі үлкенді-кішілі соғыстардан байқалып отыр.

Әртүрлі деңгейдегі қақтығыстардан көрінетін ұлтаралық шиеленістер адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін тән құбылыс. Сондықтан социалистіктен кейінгі дүниеден қазіргі жанжалды жағдайлардың тұтануы белгілі бір өлшемде сөзсіз еді. Ол көптеген

халықтардың бір-бірін бөтенсу кезеңінен өтуіне байланысты. Мен осы қақтығыстардың бұл айналымы біраздан кейін тұрақтылықтың жаңа сапасына ұласатынына – бір-бірінен іргесін аулақ салған елдер мен халықтар оқшауланудың пайдасыз екенін түсініп, бірігу жолына қайта оралатынына сенемін.

Өкінішке қарай, халықаралық қоғамдастық бүгінде жергілікті бөлектенуді жеңе алмай отыр. Ол бір сәтте өршіп, арты соғыстарға ұласатын проблемалар тасқынын тоқтата алар емес. Біразы қазір сөнген, енді біразы лаулап жатқан «ыстық» нүктелердің бәрінде солай болған. Таулы Қарабақтың, Тәжікстанның, Днестр маңының, Осетияның, Абхазияның және, ақыр соңында, Шешенстанның қасіреті – соларды мекендеген халықтардың ғана емес, сонымен бірге, біздің де ортақ қасіретіміз. Таулы Қарабақта босқындар мен жер ауғандардың саны бүкіл Әзірбайжан халқының кем дегенде 10 %-ына жетіп отыр. Соғысқа дейін 5,6 млн халқы бар Тәжікстан соғыс қимылдары кезінде 300 мыңнан астам адамынан айрылды. Мұнда да босқындар мен жер ауғандардың жалпы саны, кейбір бағалауларға қарағанда, 1,5 млн-нан астам болған, олардың жартысы еріксіз елден кеткен. Абхазиядағы жанжалдардың салдарынан бірнеше мың адам қаза тауып, 150 мыңға таяуы босқындарға айналды. Тек биылғы қаңтардағы деректер бойынша Шешенстаннан қашып шыққан адамдардың саны 130 мыңнан асып отыр, ал құрбандардың санын айқындау әзірге қиын болып тұр.

Сірә, бүлдіргіш үдерістер бұдан бұрын ешқашан ұлтаралық жанжалдарға дәл осылай байланысты болмаған шығар. Апатты этносаралық соғыстар Африкада болып өтті. Жүздеген мың адам қаза тапқан Руандадағы

қақтығыстарды айтсақ та жеткілікті. Демократиясы тұрақтанған жоғары дамыған елдерге де белгілі бір шиеленістер тән, онда да шетін жайлар жетіп жатыр. Бұл – Бельгиядағы Фламанд мәселесі, Ұлыбританиядағы – Ольстер, Франциядағы – Корсика, Испаниядағы – Баскілер елі, Канададағы – Квебек проблемалары және т. б.

Осының бәрі ұлт мәселесін шешудің әмбебап амалы болмайтынын көрсетеді. Соңғы жылдардағы жанжалдар мен ұлтаралық соғыстардың ащы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктері шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Өкінішке қарай, біз тым нәзік әрі тұрақсыз әлемде өмір сүріп отырмыз. Осынау айқын шындықты ескеріп, біз өз елімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда жол бермеуге тиістіміз. Әйтпесе сырттан көрсетілетін ешқандай көмектің де пайдасы болмайды. Сондықтан осындай қайшылықтарды жоюдың тетіктерін өзіміз талдап жасауымыз қажет.

Кезінде Д. И. Менделеев ғарышта Жердегі зұлымдыққа жауап беретін «әлемдік эфирдің» бар екенін айтқан болатын. Сірә, ұлы ғалымның айтқаны дұрыс болса керек. Өйткені ең ауыр табиғат апаттары кінәсіз адамдардың қаны төгіліп жатқан мемлекеттерде болып жатады.

Қазақстан тарихының тағылымдары

Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеу мен ой елегінен өткізудің түбегейлі маңызы барға ұқсайды. Егер бүгін таңда кеңестік заман келмесе кетті және біз оны жеткілікті дәрежеде жақсы білеміз

деп қиялға берілсек, қатты қателескен болар едік. Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе, бұқаралық сана деңгейінде, объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек. «Ақтаңдақтарға» тек қана қара бояу жағудан бастап, күні кеше өткенді дәріптей көрсетуге дейінгі тұжырымдардың ұшқарылығы осыдан. Жаңарып жатқан қоғам үшін мұның екеуі бірдей қауіпті, өйткені адамдардың наразылығын туғызғаннан басқа ештеңе де бермейді, олардың жауапты шешімдер қабылдауына бөгет жасайды, неше түрлі саяси саудагерліктің негізіне айналады. Оның үстіне, демократиялық институттарды енгізудің өзі-ақ жағдайды түзеп, ұлтаралық қатынастардың проблемаларын шешеді деп есептеу қате болар еді.

Бұрынғы жүйенің басты тарихи қателігі неде? Меніңше, ол бүгіндей бір халықтарды зорлап әкеліп, оның үстіне пролетарлық интернационализм туы астында тоталитарлық мемлекеттің тар аясына тоғытуда жатыр. Ал іс жүзінде бұл ұлттық сана-сезім серіппесінің сығылуына апарып соқты. Тарихтың тағы бір көрсеткені: қоғам дамудың капиталистік немесе социалистік жолын таңдасын мейлі, ұлттық ой-сананы қорғау мен дамыту институттарын орнықтырмайынша, мемлекеттік құрылыс сөзсіз жеңіліс табады.

Бүкіл кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылуымен және тікелей зұлмат фактілерімен қоса өрбіді. Бұл – миллиондаған азамат қаза тапқан 1920–1930-шы жылдардағы ашаршылық. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, орыс және басқа халықтар миллиондаған адал еңбеккерлерінен, білімді де кәсіпқой адамдарынан айрылды. Көптеген ұлт-

тардың генофондына нұқсан келтірілді. Бұл – ұлттық мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең таңдаулы өкілдерін жаппай қуғынға салу мен ату болды. Бұл – халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою болды.

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және «ғасыр жобаларын» жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде елеулі экологиялық апат орын алды, ол және Қазақстанның да бүкіл аумағын қамтыды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға соқтырды. Біз үшін бұл Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды. Мұндай саясат табиғи түрдегі қарсылықты туғызды, кей жағдайда ол қоғамдық игілікті, ұлттық құндылықтарды қорғауға бағытталған ашық бас көтерулерге ұласты. Олардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық теңдікке жету болатын.

1980-ші жылдардың соңында елеулі дәрежеде шиеленіскен ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар ұзақ жылдар бойы халықтардың ой-санасын қанаудың қорытындысы болды. Нақ осы сала қоғамдағы толғағы жеткен проблемалардың бүкіл тереңдігін бейнелеген аса сезімтал барометр қызметін атқарып, бірқатар республикалардың тоталитарлық жүйеге ашықтан-ашық қарсы шығуына себепші болды. Осы кезеңде халықтардың ұлттық-мемлекеттік теңсіздігі супердержаваның саяси ыдырауының басты себебіне айналды. Ол халықтардың нақты мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге деген табиғи талабына төтеп бере алмады.

Біз болған оқиғалардан тағылым алуға тиіспіз. Ұлттық саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстан халқының

этностық құрамын және оны қалыптастырудың оңайға түсе қоймаған үдерісін ескеруіміз керек. Сарапшылардың бағалауы бойынша, шаруалық отарлау барысында революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан 1 млн 150 мың адам келсе керек. Ұжымдастыру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың тәркіленген шаруалар жер аударылды. Соғыс алдындағы жылдарда өнеркәсіп құрылысы үшін елдің барлық түкпірлерінен, негізінен еуропалық бөлігінен 1,2 млн адам көшірілді.

Әр жылдарда Қазақстанға 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілі зорлықпен көшірілді. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтардың өкілдері мұнда өз еріктерімен келген жоқ болатын.

Халықтарды күштеп қоныстандырудан республика халқы 1,5 млн адамға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам көшірілді. Тыңға 1,5 млн адам келді, ал жабық әскери объектілер тағы да 150 мың адамды қабылдады. Әрі мұның бәрі басқа ведомстволардың жұмыс күшін «ұйымдастырып жасақтауын» және біздің республикаға өз бетімен көшіп келгендерді есептемегеннің өзінде осылай болды.

Қорытындысында ғасырдың басынан бері ғана Қазақстанға 5,6 млн адам қоныс аударды, соның ішінде жер аударылғандар мен көшірілгендерді есептемегенде, 3,5 млн адам соңғы 40–50 жыл ішінде келді.

Екінші жағынан алғанда, сталиндік қылмысты ұжымдастырудың қасіретті салдарынан 1,5 млн-ға таяу қазақ қаза тапты. 1930–1932 жылдары 1,3 млн қазақ КСРО-дан шеткеріге біржола көшіп кетті. Қазақстан

халықтары үшін қуғын-сүргін саясатының жойқын сипатын көрсететін екі деректі келтірейін. 1930 жылы республикада 5 млн 873 мың адам тұратын – бұл осында көшірілген адамдар санына шамалас еді. Ал 1933 жылға қарай халықтың саны 2 млн 493 мың адамға дейін кеміп кетті.

XX ғасырдың қазақтарды өз Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалар ғасыры болғаны үшін қазақтардың еш кінәсі жоқ. Сондықтан бүгінде осы халықтың мемлекеттілікке ие болу құқығына күмән келтірушілер оның қайғы-қасіретінің қаншалықты терең екенін білмейді немесе білгісі келмейді. Қазақ ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттілікке лайық екеніне сенімдімін. Бұған ол өзінің бүкіл тарихындағы азабымен жетіп отыр.

Біздің республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлі емес. Сондықтан қазіргі көшіп-қонудың себебі экономикалық проблемаларда ғана емес, сонымен бірге, күштеп көшірілген орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің және басқа халықтардың ұрпақтары өздерінің тарихи отанына оралып, ұлттық мемлекеттігінің құрылысына қатысуға ынта білдіруінде.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар (әрі оның негізінде көптеген халықтардың қасіреті жатыр) Қазақстан ТМД елдеріндегі бірін бірі қырып жатқан біздің жақын көршілеріміздің қайғылы тағдырын қайталаған жоқ. Біз мемлекетіміздегі татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты одан әрі де сақтай алатынымызға мен кәміл сенімдімін.

Бұл сенім неге негізделіп отыр?

Ұлттық мәселені шешудің үш жолы бар деп есептеймін.

Біріншісі – кейбір елдер ұлты басқа халықты «мүйіздеу» саясатын жүргізеді, ал бұл қоныс аударып келгендерді туысқандықпен қарсы алатын қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Бір халықтың екінші халыққа кінә артуы еш мағынасыз және арты қауіпті екенін сіздерге түсіндіріп жатудың қажеті болмас деймін, тайталас жолы орасан зор сілкіністерге және сан мыңдаған адам құрбандығына соқтырады.

Екіншісі – ұлттық мәселеге мүлдем мән бермеу, сөйтіп, бұл проблемалар өзінен өзі шешіледі деп сену. Бірақ бұл да жол емес.

Біз үшін өзіміз жүріп келе жатқан, көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін, бірақ ең сенімді жол қалады. Бұл – түйісу нүктелерін іздеу, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту. Келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз біз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.

Біздің басты бағытымыз мәмілеге келу мен біріктіруші бастауларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделуі тиіс. Ал біздің қоғамды біріктіретін тетіктердің бірі – Қазақстан халықтары Ассамблеясы болуы керек.

Мен, еліміздің Президенті ретінде, қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің негізгі міндетім деп санаймын. Ол аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мені де, сірә, сіздерді сияқты, кейбір жауапсыз саясатшысымақтардың экономикалық қиындықтарды пайдаланып, қоғамды бөлуге ашықтан-ашық шақыратыны қынжылтады. Кейбіреуі тіпті тұрақтылық пен келісім Назарбаевтың өзіне ғана керек деп көпиреді. Иә, мен біздің жеріміз-

дегі татулық пен тыныштық жағындамын. Және ең алдымен мұның миллиондаған қазақстандық отбасыларына керек екенін білемін. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың мырыш табыттағы балаларын жоқтап аңырамағанын, ал балалардың мүтедек болмағанын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында отырып жыламағанын қалаймын. Талайды көрген адам ретінде маған сеніңіздер, билікке ұмтылған саяси сұрқиялардың жауапсыз мәлімдемелерінен қан төгіліп, былық басталады. Ал оларды адамның көз жасы да, не құрбандықтар да тоқтата алмайды. Жұртшылықтың да оларға үзілді-кесілді баға беретін кезі жетті. Мен Ассамблея мүшелеріне, республикамыздың барлық парасатты азаматтарына, ақыр-соңында, қоғамды ұлтаралық жанжалдарға саналы түрде итеріп жүрген адамдар туралы пікірлерін ашық айтуға шақырамын. Қолына қару алып, туысқанның – туысқанға, көршінің – көршіге қарсы шығып жүргені үшін халықтар емес, нақ осындай «қайраткерлер» кінәлі.

Біз әрқашанда сақ болып, алуан түрлі саяси жымысқы әрекеттер ұлтаралық қана емес, сонымен қатар, ұлтішілік жанжалдарды туғызатын нақты қауіптің бар екенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Өйткені қазіргі қасіреттердің көп жағдайда ұлттардың өз ішіндегі бөлінуіне тікелей байланысты болатынын көріп жүрміз.

Бұл халықтың бірұлттық құрамы барлық қырсықтың емі бола алмайтынын көрсетеді. Түрлі кландардың, өңірлік топтардың арасындағы күрес кейбір ұлттардың өзін өзі жойып жатқан соғыстарға ұласып отыр. Байқаушылардың көзқарасы бойынша, бұл қазір Ауғанстанда, Тәжікстанда және басқа кейбір елдерде болып

жатыр. Біздің халқымызды әлдебір белгілері бойынша бөлгісі келетіндерге айтарым: бүкіл халық сайлаған Президент ретінде мұндай әрекеттерге батыл да сенімді түрде тойтарыс беретін боламын.

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықтың, шенеуніктік мейірімсіздіктің, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай істелген жарияланымдардың көріністерін назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл да жеке-дара құбылыстар болып көрінетін де шығар, бірақ ауыр зардаптарға апарып соқтыруы мүмкін.

Өзіміздің күнделікті жұмысымызда сүйенуге тиісті тарихтың оң тағылымдарының даусыз артықшылығын атап көрсеткім келеді. Мен өткенді беталды қаралаудың келешегі жоқ екенін бұдан бұрын да айтқан болатынымын. Тоталитарлық режимнің біздің халықтарымызға орны толмас зиян шектіргеніне қарамастан, тіпті сол жылдардың өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін бірі байыту үдерісі жүріп жатты. Халықтарымыздың Ұлы Отан соғысы жылдарында өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, ғарышқа шыққанын біз әрқашан есте ұстауымыз керек. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген көрнекті өкілдері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Балтық маңында білім алды. Сондай-ақ адамдар сталиндік жаппай жер аудару жылдарында қазақ халқы қуғынға түскен орыстарға, украиндарға, немістерге, корейлерге, шешендерге және басқа да көптеген халықтардың өкілдеріне қолдан келген көмегін аямағанын ұмытпайды деп сенемін.

Біз биыл 50 жылдығын атап өткелі отырған фашизмді талқандаған Жеңіс елін сақтап, өздерінің бостандық пен

адами ар-ождан құқығын қорғап қалған халықтардың жанқиярлығы мен ерлігінің аса жарқын көрінісі болды.

ТМД Мемлекет басшыларының соңғы кеңесінде осы даңқты датаны бірлесіп мерекелеу туралы, соның ішінде соғыс ардагерлерін – Достастық азаматтарын Г. К. Жуков орденімен және медалімен марапаттау туралы шешім қабылданды.

Мен ардагерлердің шайқас өткен орындарға, қаруластарымен кездесуге тегін барып-қайтуын қамтамасыз ету жөнінде үкіметтерге ұсыныс енгіздім.

Сондай-ақ ТМД-ға мүше елдердің ардагерлер ұйымдары өкілдерінің бір тобын 1995 жылғы 9 мамырда екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан жауынгерлерімізге құрмет көрсету үшін Германия Федеративтік Республикасына жіберу ұсынылды.

Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл ойларды қолдады. Ортақ жеңісті бөле-жармай, ардагерлерге толайым құрмет көрсетуді дұрыс әрі әділетті деп есептеймін.

Құрметті делегаттар!

Қазақстанның сыртқы саясаты ішкі мәселелермен, соның ішінде ұлттық мәселелермен тығыз байланысты. Менің Еуразиялық Одақты құру жөніндегі идеям, басқа мәселелермен қоса, ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық проблемалар мен қайшылықтарды өркениетті жолмен шешуді көздейді. Өрескелдікке жол бермеу керек. Және, меніңше, саясаткердің ең мәртебелі парызы кенеттен өз еркінен тыс түрлі елдерге шашырап кеткен миллиондаған адамдардың тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін сезінуде деп ойлаймын. Егемен

мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этностық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі – Еуразия кеңістігін бейбіт жолмен дамытудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы.

ТМД-дағы интеграциялық үдерістер көбіне-көп ЕАО жобасының арқасында жандана түсті. Өткен жылдың аяғында Ресей мен Қазақстан арасындағы ізгі ниетті көршілік қатынастарды нығайту жөнінде бірқатар аса маңызды шешімдер қабылданғанын өздеріңіз білесіздер. Азаматтық, әскери ынтымақтастық, біртұтас кеден кеңістігін құру және басқа да көптеген көкейкесті проблемаларды шешудің жолдары белгіленді. Екі елдің әрқайсысында тұрақты мекендейтін азаматтарымыздың құқықтық мәртебесі, азаматтықты қабылдауды жеңілдету туралы келісімдер халықаралық қоғамдас­тықтың қағидаттарына сай келетін маңызды қадам болып табылады және қарапайым адамдардың алдында тұрған проблемаларды өркениетті жолмен шешеді. Ендігі жерде әрбір ресейлік немесе қазақстандық жаңа тұрғын жеріне келісімен өз қалауы бойынша ешқандай заңдық сүйретпесіз-ақ сол мемлекеттің азаматы бола алады.

Өңір бойынша өзіміздің ең жақын көршілеріміз және бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі серіктестеріміз – Өзбекстанмен және Қырғызстанмен интеграцияны дамытудың республикамыз үшін зор маңызы бар. Оның үстіне, Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Арал маңындағы экологиялық апаттың салдарын жою жөнінде бірлесіп жұмыс істеуде.

ТМД мемлекеттері басшыларының Алматыдағы ақпан кездесуі барысында міндеттердің бүтіндей

бір кешені шешілді. Біздің республика ұсынған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы татулық пен тұрақтылықты қолдау туралы меморандумның» қабылдануын ерекше атап өткім келеді. Біз Достастық ішіндегі орын алып отырған проблемалардан, әсіресе, қантөгіспен, адамдардың қаза табуымен, күйзеліспен, бейбіт халықтың қасірет шегуімен байланысты проблемалардан ешқайсымыз да бойды аулаққа салмауымыз керек деп есептейміз. Меморандум қазіргі жанжалдардың отын өшіруге және ықтимал жанжалдардың алдын алуға бағытталған. Осы құжаттың қабылдануы ТМД-ға қатысушы елдердің аумақтық тұтастық пен шекаралардың бұлжымастығын, қазіргі қоғамдық-саяси құрылымды құрметтеуге, сепаратизмнің, ұлтшылдықтың, шовинизм мен фашизмнің кез келген көріністерінің жолын кесу жөнінде шаралар қабылдауға деген ынтыласын тағы да бір дәлелдеп отыр.

Біз интеграцияға батыл бара жатырмыз. Ал біздің мемлекеттілігіміздің бұлжымастығына қатер төнеді деп қорқатындар үшін Қазақстан бүгінгі таңда әскери килігу, саяси немесе экономикалық қысым жасау, сепаратизм немесе ұлтшыл шовинизм болсын, кез келген өктемдікке қарсы тұруға қабілетті екенін тағы да еске салғым келеді. АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Қытайдан қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз маңызды фактор болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі қалыптасқан тарихи фактіге айналды және ол халықаралық саяси, экономикалық және дипломатиялық құқықтық актілермен сенімді қорғалған. Біз өз тәуелсіздігімізден, аумақтық тұтастығымыздан бас тартпаймыз.

Қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан мемлекеттік егемендігін жариялап, тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттың ішінде талай өзгерістер болып өтті. Ол реформаны ілгерілетуге, экономикалық дағдарысты жоюдың шебіне шығуға, әлемдік қоғамдас­тықтың тануына қол жеткізуге мүмкіндік берген көп­теген нақты істер мен оқиғаларға толы болды. Әрине, кейбір кемшіліктердің де жіберілгені рас.

Бірақ, ең бастысы, біз стратегияда қате жіберген жоқпыз. Әуел бастан-ақ, ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын белгілей отырып, біз тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығай­туды ерекше бөліп алдық. Бұл идеология саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын тұжырымдаған «Қоғамның идеялық топтасуы – Қазақстан дамуының басты шарты» тұжырымдамасында бекітілген.

Сондай-ақ осы тұжырымдама бойынша менің баян­дамада қоғамның белсенді саяси, топтастырушы күші болуға тиісті Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру идеясы ұсынылғанды. Бүгін, міне, ол құрылды, сөйтіп, енді барлық мәселелерді шешуге, біздің ұлттық саяса­тымызды, соның ішінде мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде де одан әрі жетілдіруге барынша белсенді қатысуға тиіс деп ойлаймын. Осыған байланысты Ассамблеяға Президенттің жанындағы, ал оның облыс­тық бөлімшелеріне әкімдердің жанындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді. Сіздердің алдарыңызда орасан зор жұмыс тұр, бірақ сол үшін бүкіл жауапкершіліктің салмағын да сезіне білу керек.

Бүгіннен бастап қоғамдық проблемалардың, әсіресе, ұлттық саясаттың барлық шоғыры бойынша мемлекеттік актілер Ассамблеяның пікірлерін ескере отырып және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс деп ойлаймын. Әрі сол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық халықтардың мүдделерін ескере отырып, сараптан өткізілуі керек. Осы орайда өз республикамыздағы бай тәжірибеге сүйену қажет. Бұл тұста осы құрылымның ұйытқысына айналған ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңестері ерекше рөл атқара алады.

Ұлтаралық қатынастар саласындағы кейбір нақты проблемалар мен оларды шешуге сіздердің қатысуларыңыз туралы әңгіме қозғамастан бұрын, өз ойымша, маңызды екі жағдайды атап өтсем деймін.

Біріншіден, бізде көбіне екі ұлттың – қазақтар мен орыстардың өзара қарым-қатынасы туралы айтып та, жазып та жатады. Бірақ осы жағдайда өздерін жәбірленгендей сезінетін 20 %-ға жуық өзге қазақстандықтардың мүдделері неге ұмыт қалуы тиіс?

Қазақстан, сөздің толық мағынасында, көп ұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етілген тұжырым емес, бұл – шындық. Міне, сондықтан Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың «кіші» немесе «үлкен» екеніне қарамастан, ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау міндеті біз үшін өте маңызды. Олардың әрқайсысының өз түп тамырлары, біз бағалауға тиісті бай тарихы, ұлы бабалары бар. Біз ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне арналған салтанаттар қазақ жерінде ғана емес, сонымен бірге, ЮНЕСКО аясында бүкіл дүние жүзінде өтетінін зор құлшыныспен қабылдадық. Сонымен қатар, біз пірәдарлар Кирилл

мен Мефодийдің еңбегінен туған славян жазуының 1100 жылдығын да атап өтеміз.

Бұл арқылы мен әрбір ұлт әлемдік өркениеттің қазынасына өзіндік үлесін, оның рухани әлеуеті үшін ұлы деп саналатын үлесін қосқанын және оны халықтың санымен ғана бағалауға болмайтынын атап өтпекпін. Біз алдағы уақытта да республика халықтарының осы әлеуетті сақтау мен көбейту жөніндегі ынта-жігерін қолдайтын боламыз.

Екіншіден, Қазақстанның тек көп ұлтты ғана емес, сонымен бірге, көп конфессиялы мемлекет екенінің де елеулі маңызы бар. Еліміздегі халықтардың 60 % құрайтын мұсылмандармен қатар, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддашылар, католиктер, әлемдік басқа да діндердің өкілдері өмір сүреді.

Бұл – қоғамдық-саяси тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені барлық діндердің негізінде шын мәнінде бірдей имандылық қағидаттары – адамдарға деген сүйіспеншілік, теріс қылықтарды айыптап, шынымен адасқандарға кешірім жасау, басқа ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатыр. Басқаша айтқанда, ұстанған жолына қарамастан, республикадағы барлық дінге сенушілер бірдей төзімді, парасатты және тату жандар.

Жауынгер атеизмнің өктем билігі кезінде барлық діндер мемлекеттің бірдей қатаң қысымында болды. Сондықтан өз дінінің қағидаларын қабылдап, өз сенімінің уағыздарын басшылыққа ала отырып, адамдар басқа діндерге сенушілердің құқықтық кемсітілуіне және қудалануына аяушылықпен қарап келді. Өзіне жақын адамды қолдау, оның қиындықтарды жеңуіне көмектесу сезімі осындайдан туды.

Қазақстан басшылығында конфессиялардың жоғары иерархтарымен өзара құрметке толы ізгі қатынастар қалыптасты. Олардың ешқайсысына да артықшылық берместен, біз барлық діндарлардың қажеттері мен талаптарына үн қатуға тырысамыз. Осындай жақсы қарым-қатынас өңірлік деңгейде де қалыптасса жақсы болар еді.

Осының бәрін біз өз жұмысымызда ескеруіміз керек. Қазіргі кездегі көптеген аса маңызды міндеттерді шешуге барынша белсене қатысуға тиісті Қазақстан халықтары Ассамблеясы да осы жайларды ескеруі тиіс.

Мәдени-ағарту қоғамдары, ұлттық-мәдени орталықтар білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен мейлінше тығыз ынтымақтастық орнатулары қажет. Мұның өзі көптеген мақсаттарға жетуге:

- Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға;
- ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге;
- ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға;
- ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тетіктерін нығайтуға көмектеседі.

Егер бұдан гөрі егжей-тегжейлі айтатын болсақ, онда таяудағы уақыттың ішінде тілдерді дамытудың бағдарламасын қабылдамақпыз, ол білім алушылардың қабілеті мен әлеуетті мүмкіндіктерін толық ескеруі, жасанды емес, нақты мақсаттарды алға қоюы, айтарлықтай материалдық-техникалық базаға сүйенуі тиіс. Бұл ретте азаматтардың екі немесе одан да көп тілді білуін мемлекет барынша ынталандыратын болады.

Сондай-ақ өткір бюджет тапшылығы жағдайында қиын ахуалға ұшырап, өздерінің өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр болып отырған білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін дамытудың бағдарламалары қажет. Ал шынтуайтында бұлар – экономика салалары ғана емес, азаматтардың тұрмыс жағдайын қамтамасыз ету аясы мен қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Сірә, білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін реттейтін қазіргі заңдарға өмірдің өзі талап етіп отырғандай өзгерістер енгізетін кез жеткен сияқты.

Ұлттық мәдениет саясатының формаларын түбегейлі жаңарту жұмысы алда тұр. Сіздердің өз ұлттық мәдениеттеріңізді, дәстүрлеріңіз бен салттарыңызды насихаттай отырып, жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз топтастырушы негіз қызметін атқаратыны сөзсіз. Алайда қазір тек эстетикалық тәрбие берумен, мәдени-бұқаралық шаралармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Мәдениетті дамыту проблемаларымен кешенді түрде айналысу керек деп ойлаймын, бұл орайда ұлттық білім беруді де, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын да, ұлттың жалпы парасаттылық әлеуетін де ескеру қажет.

Бізде, Қазақстанда, газеттер 8 тілде шығатын, теле-радиохабарлары жеті тілде жүргізілетін, Қазақстан халықтарының бірнеше тілдерінде мектептер істейтін, оларға арналған педагогикалық кадрлар Қазақстанның жоғары оқу орындары мен шетелдерде дайындалатын болса да, соған қарамастан, бұл жұмысқа жаңа сапа беруіміз керек. Кезі келгенде Ассамблея жанынан біздің еліміздің барлық халықтарының өмірін көрсететін жалпы республикалық газет ашу жөн болар деп есептеймін. Республикалық телевизия да, Ассамблеямен

бірлесе отырып, Қазақстан халықтарының тілдерінде хабар таратуды жақсарту жөнінде шараларды ойластыруы тиіс.

Айтпақшы, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ. Мысалы, біздің «Українські новини» – Украинадан шет жердегі украиндық емес, үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Сондай-ақ біздің байырғы басылымымыз «Коре ильбо» туралы да осыны айтуға болады. Алматыдағы корей театры – корейлердің тарихи отанынан тысқары жерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Біз Ассамблеядан, ұлттық-мәдени орталықтардан, ардагерлер кеңестерінен тарап жататын кез келген игі бастаманың мемлекеттік деңгейде қолдау табатынына кепілдік береміз. Осыған байланысты үкімет Қазақстан халықтары Ассамблеясы қызметін мемлекеттік қаржыландыру жүйесін ойластыруы қажет.

Көші-қон проблемалары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Өкінішке қарай, біздің отандастарымыздың республикадан сыртқа кетіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда шет жерлерге көшудің себептерін, меніңше, бізде атымен жоқ ұлттық белгілері бойынша кемсітуден іздеу ақылға қонымсыз. Ашығын айтсақ, Ресей, тіпті ол тұрмақ ТМД-ның басқа елдері де бүгінгі таңда барлық қоныс аударушыларды қабылдауға экономикалық тұрғыдан әзір емес, сондықтан көшіп барушылар кейде ол жақта елеулі мемлекеттік қолдаусыз еңсере алмайтындай қиыншылықтарға тап болады.

Міне, нақ осындай қолдаудың жоқтығынан біз үшін жаңа құбылыс – қайтадан көшіп келу пайда болып отыр, яғни көптеген адамдар мен бүтіндей отбасылар республикадан тысқары жерге ірге тебе алмай,

Қазақстанға қайта оралуда. Демографтардың деректері бойынша, тек өткен жылдың өзінде ғана қайтадан көшіп келушілердің саны 50 мыңға жетті. Бұған таңдануға болмайды: біз ішкі азамат соғысына жол берген жоқпыз, бізде адамдарды бірінші және екінші сортты азаматтарға бөлетін қатаң заңдар жоқ, оппозицияны тұтқынға алу мен цензура жасау да жоқ. Өткен жолғы парламенттік дағдарыспен байланысты соңғы оқиғалар біздің заңға адал екендігімізді тағы да бір дәлелдеп берді.

Жазалаушы идеологиясы бар тоталитарлық мұраны еңсере отырып, демократиялық жолға түстік. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір газет жабылмағанын, ешкім де саяси қызметі үшін қамауға алынбағанын айтсақ та жеткілікті. Бірақ демократия мен бостандық қылмыскерлер үшін бүркенішке айналмауы тиіс.

Ал күні кеше дерлік уақыттың өзінде-ақ бәрі де басқаша болды ғой. Ғылымның, мәдениет пен өнердің көптеген белгілі қайраткерлері өз еріктерінен тыс республиканы тастап шығып, басқа жерлерде бағын сынауға мәжбүр болған еді. Жүйенің идеологиялық қарсылығын бастан кеше отырып, олардың мұнда өздерін танытарлық мүмкіндігі болмады. Бірақ еріксіз көшкендердің аузынан Қазақстанның атына бірде-бір шайпау сөз шыққан емес. Қайта, керісінше, республиканы жылы лебізбен және алғыс сезімімен еске ала отырып, олар өздерінің қазақстандық түп тамырларын әрқашан баса көрсетті. Ал, сонымен бірге, біздің кейбір кезбелеріміз, қолтума саясатшыларымыз кез келген шетелдік ұсынған бір шыны аяқ кофе үшін анасын – өзіміз айтатын Отан мағынасындағы анасын сатып кетуге бар.

Ал кең ауқымда айтар болсақ, Қазақстан Ресейдегі, Орталық Азиядағы, Түркиядағы, Ирандағы, Қытайдағы, алыс-жақын басқа да шетелдердегі қазақ диаспораларымен неғұрлым берік және тұрақты қатынастарда болуы тиіс. Өйткені 12 млн қазақтың 4 млн-нан астамы сол жақтарда өмір сүріп жатыр. Олардың кейбіреулері, саясатты айқындай алмаса да, адами қарекеттің ең сан алуан салаларында айтулы табыстарға жетіп жүр. Ал Қазақстанда оларға қалай қарайтын болса, республиканың дүниежүзілік жұртшылық алдындағы абырой-беделі де көп ретте соған байланысты.

Айтқандайын, өздерінің тарихи отандарына көшіп кеткен біздің көптеген жерлестеріміз Қазақстанмен байланысын үзбеуге, бұрынғы отандастарымен ақпараттық және мәдени алыс-беріс жасасып тұруға мүдделі. Мұның өзі тұрақтылықтың, бейнелеп айтқанда, қуатты белдеуін құрайды. Біздің ұлттық-мәдени орталықтарымыз осы ізгі ниетті барынша қолдауға тиіс деп санаймын, өйткені біздің еліміз туралы шындықтың арғы-бергі шетелдерге тарауы Қазақстанның достарын, біз жүргізіп отырған саясатты қолдаушыларды объективті түрде көбейте бермек.

Ұлттық саясат проблемаларын жинақтай келіп, ол алдағы уақытта да айқын және әділетті қағидаттарға құрылатынын айтпақпын, ал олардың ең бастылары:

- мәміле жолын іздестіру;
- ұлттық мәселені әділетті шешудің негізі ретіндегі қоғамдық тұрақтылық;
- заңның үстемдігі;
- мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді интеграциялық саясат.

Біздің қазіргі өмірімізде, қоғамды реформалаудың өзіміз бүгін жетіп отырған кезеңінде, сірә, еліміздің әрбір азаматына қатысты емес проблема жоқ болар. Сондықтан Қазақстан халықтары Ассамблеясы секілді өкілетті орган біздің қоғамымыз үшін басқа да аса көкейкесті міндеттерді шешуге қатыса алады және қатысуға тиіс деп санаймын.

Реформаларды ілгерілету – ортақ міндет

Қазақстанның барлық аймақтарының өкілдері бола отырып, сіздер жергілікті жерлердегі жағдайды, ал ең бастысы – әлеуметтік-экономикалық ахуалды, адамдардың ой-пікірлерін басқалардан гөрі жақсы білесіздер. Оның үстіне бұдан былай сіздер мемлекеттің жоғары билік құрылымдары мен халықтың арасындағы екі-жақты байланыстың өзіндік бір арнасына айналып отырсыздар. Сондықтан мен сіздердің экономикалық саясатты жүзеге асыруға тікелей атсалысатындарыңызға сенемін.

Біздің таяудағы мақсатымыз – республиканың отбасыларына, барлық азаматтарына қалыпты тұрмысты қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық өз еңбегінің жемісін пайдалана алуы үшін оның өзін толық көрсетуіне барлық жағдайларды туғызу керек. Осы жұмыспен айналыса отырып, біз отандастарымыздың еңбек жолын таңдауына ерік береміз, ал бұл әлеуметтік тұрғыдан жікке бөлінбеген, кедейлер мен байлардың арасындағы алшақтық тым аспаңдап кетпеген, ал адамдардың басым көпшілігінің орташа дәулеті азды-көпті салыстыруға келетіндей қоғамда ғана мүмкін.

Біз өз тұрмысымызды жақсартудың міндетті шарты болып табылатын реформалар жолын саналы түрде

таңдап алдық. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нарық дегеніміз – әлеуметтік қиял емес, қайта көптеген халықтарды, соның ішінде біздің табиғи ресурстарымыздың жұрнағындайы да жоқ елдерді өркендеуге жеткізген нақты әрекет үстіндегі жүйе. Бұл таңдауды өмірдің өзі талап етті: экономикалық қатынастар жүйесін өзгертпеу біздің қоғамымызды біле тұра тоқырау мен құлдырауға душар ету болар еді. Орта ғасырлық философ Фома Аквинскийдің дәл атап көрсеткеніндей: «Теңіз капитанының ең басты мақсаты кемеңі сақтап қалу болса, онда ол кемеңі айлақта мәңгі ұстар еді».

Мемлекет басқару менің маңдайыма жазылған екен, мен енді дұрыс бағдарларды басшылыққа алуым керек. Ал олар кез келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғамымызды құрдымға жіберумен бірдей екенін айтады.

Осы орайда көшбасшының жүгі сырттан қарағандағыдай жеңіл емес екенін айтпақпын. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде кез келген мемлекет басшысы біліксіздікке, әсіресе, экономикалық және саяси дамудың үлгілерін таңдау мәселесіндегі біліксіздікке табандап қарсы тұруға, баршаға бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға тиіс. Кейде адамдарды қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс бағытқа еркінен тыс бастауына тура келеді. Әрі әңгіме еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан, менің батыл, тіпті кейде қатаң қадамдарға баруым да әбден мүмкін.

Иә, көптеген отбасыларының материалдық жағдайы қазір онша мәз емес. Әрі бұл қиындықтарды саяси проблемалардың шиеленісуі есебінен қолдан күрделендірудің қажеті жоқ. Өйткені олардың біразын соңыра,

экономиканы қалпына келтіріп, адамдарға лайықты өмірді қамтамасыз еткеннен кейін шешуге болады емес пе. Сол кезде бүгін өзіміз жаға жыртысып жүрген көптеген мәселелер қазақстандықтар үшін барынша аз шығынмен шешілетін болады. Экономикадағы табыспен тәртіп қоғамдық тұрақтылықты бұрынғыдан да нығайта түсіп, неғұрлым өткір проблемаларды күн тәртібінен алып тастайды.

Осы тақырыпты аяқтай келіп, реформалау үдерісі экономикадағы былық, өндірістің құлдырауы мен жоғары инфляция өздеріне тиімді болып отырған пысықайлар мен саясатшыларды экономикалық істерден сөзсіз ығыстырып шығаруы тиіс екенін атап өтпекпін. Егер олар реформашылардың бетпердесін жамылып, билік басына шығып алса, өндірісті дамытуға, оның құрылымдарын қайта құруға кесел келтіре отырып, көрінеу жалдаптық үрдісті күшейте түсетінін айқын сезіну керек. Ал бұл барлық өзгерістерді толықтай тоқтатумен барабар.

Сіздер Қазақстанды, оның ұлттық әралуандығын, мәдениеттерінің байлығын, мемлекет басшысының жанындағы осы ресми органға – Ассамблеяға өздеріңізді сайлаған азаматтардың сенімін бейнелейтін өкілсіздер.

Мен ыңғайы келген жердің бәрінде соңғы он жылдың жағдайындағы біздің басты байлығымыз – қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық алауыздықтың және оның негізінде болатын қантөгістің жоқтығы екеніне әрбір қазақстандықты сендіруге тырысамын.

Осы табандылығымды мен үйдің есігін соғыс пен ажал қаққан кезде басқаның бәрі – молшылық пен шағын кикілжіңдер, салтанат пен игілік, адамның қоғамдық сатыдағы жағдайы және басқалар мәні мен

мағынасынан айрылатынымен түсіндіремін. Өйткені соғыс ең басты, баға жетпес құндылықты – адамның өмірін үзеді, адамдарды үйренген жерінен аяусыз жұлып алып, шарасыз босқындарға айналдырады.

Жаратқанның рахымымен бұл қырсық бізден аулақ болды. Сол үшін де өз адамдарымызға, азаматтарымызға мың да бір алғыс айтамын. Дегенмен бұл өзінен өзі бола қоятын нәрсе емес. Мұның астарында терең ойлардың, талдаулар мен салғастырулардың, келісім жолын іздеудің, тағдырын сенің қолыңа сеніп тапсырған көпұлтты халқың үшін орасан зор жеке жауапкершілік сезімнің талай-талай тынымсыз күндері мен ұйқысыз түндері тұр.

Соғыс оңайшылықпен орны толмайтын орасан зор материалдық шығындарға соқтырады. Осы ғасырдың өзінде ғана ол жер бетіндегі бүкіл халықты 50 жылдан астам тегін тамақтандыруға жететін немесе 500 млн-нан астам отбасын жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге болатын қаржыны жалмап кетті.

Шешенстанда, Тәжікстанда, Әзірбайжанда және ТМД мен әлемнің басқа да «ыстық» нүктелерінде болып жатқан оқиғаларға ой жүгіртіп қараңыздаршы, сонда сіздер біздің тұрақтылығымызды бағаламайтындар, өзінің жеке кеудемсоқтығы немесе саяси адасуы себепті біздің тыныштығымызды бұзуға тырысағындар өз халқының мүддесін сатқан әшкере ашық жау екенін түсінесіздер. Сондықтан адамдар қырағы болып, жеңіл өмірді тез орнатуға жалған уәде беретіндердің құрығына түспеуі тиіс. Ондай жол мүлдем болмайды.

1991 жылғы 1 желтоқсанда өзіме көрсетілген сенім менің есімде және оны бағалаймын да. Әрі соны ақтау үшін барымды саламын және, қарсы келген күштер

мен факторлардың ешқайсысына қарамастан, қолдан келгеннің бәрін істеймін. Оған еш күмәндарыңыз болмасын.

Сіздерді және барлық отандастарымды айрықша жауапкершілікті сезінуге шақырамын, өйткені біздің үлесімізге ұлы өзгерістер дәуірінде өмір сүріп, әрекет ету тиіп отыр. Біз не істесек те, соның бәрінде тағдыр-шешті мән-мағына ғана емес, сонымен бірге, тарихтың таңбасы бар. Болашақ ұрпақ бізді бүгінгі ісімізге қарап бағалайтын болады. Сондықтан Қазақстанның ХХІ ғасыр табалдырығын қалай аттайтыны, өз балаларымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны біздің өзімізге байланысты.

Қазақстан Республикасы
Президентінің өкілеттігін 2000 жылға дейін
ұзарту жөніндегі республикалық референдумның
қорытындысы бойынша отандастарға

ҮНДЕУІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 30 сәуір

Құрметті отандастар!

Республика референдумы Орталық комиссиясының алдын ала деректеріне сәйкес, қазақстандықтардың басым көпшілігі дауыс беруге қатысып, біздің Қазақстан жерінде өз азаматтарымыздың түбегейлі мүдделерін басшылыққа алатын күшті, өсіп-өркендеген, тәуелсіз, демократиялы және еркін мемлекет құруды өзінің стратегиялық мақсаты етіп алған саясатымызға қолдау білдірді.

Әрбір саясаткер үшін оның өмірінің «шырқау сәті» болады. Мен үшін 29 сәуір сондай күн болды.

Өздерінің сарабдал таңдауы және қажетсіз дүрбелең мен ауыр күйзелістерге тойтарыс беруі арқылы біздің ортақ Отанымызға таяудағы бес жыл ішінде тұрақтылық пен жасампаздықтың мүмкіндігін туғызған миллиондаған қазақстандықтарға өзімнің шынайы алғысымды білдіргім келеді. Сіздердің сенімдеріңіз – мен үшін үлкен марапат және де мемлекет басшысы үшін одан жоғары ештеңе де болуы мүмкін емес. Әсіресе, белгілі себептер бойынша Қазақстанды ғана емес, сонымен бірге, ТМД-ның басқа да елдерін қамтыған дағдарыстың біз өткізіп отырған қиын кезеңінде мені қолдағандарыңыз өте маңызды. Халық өзінің даналығына сай өткінші, уақытша олқылықтардан туындайтын себептерден биік бола білді.

Референдум алдында сіздерге сөзімді арнай келіп, мен қиындықтарды жасырмайтынымды және алдағы уақытта да жасыратын ниетім жоқ екенін айтқанмын. Біздің алдымызда әлі де саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асырумен, реттілік пен тәртіпті орнатумен байланысты орасан зор жұмыс тұр. Міне, нақ сондықтан да осынау шешуші қадам – бүкілхалықтық референдум жүргізілді. Ол біздің мемлекетіміздің заңдарына толық сәйкес өткізілді және біздің ортақ жеңісіміз болды.

Біздің екпін алып жатуға уақытымыз жоқ. Мерзімді ұзарту жөніндегі референдум дегеніміз – артта қалуды жою мақсатындағы үдемелі қарқыннан басқа ештеңе емес. Бұл – әдеттен тыс, бірақ өзгерістерге жаңа серпін беретін, әбден қолдануға тұратын шара. Сондықтан одан кейбіреулердің секем алғаны да рас. Бірақ соның

өзі осындай шараның қажеттілігін тағы да айқындап берді.

Диктатура туралы көпірме сөздер мүлдем негізсіз және жауапкершіліксіз. Оның кеспірімен бізді қорқытудың қажеті жоқ. Біз азаматтардың экономикалық бостандығын жүзеге асыру үшін мейлінше қолайлы жағдай туғызатын толық ырықтандыру бағытымен нық ілгерілеп келеміз. Осы жылдың өзінде-ақ парламент сайлауы өтеді. Демократиялық өзгерістер жолынан біз таймақ емеспіз. Бұл – біздің саналы таңдауымыз. Оның үстіне демократия әлі біздің есігімізден сығалап қана тұрғанын ұмытпағанымыз жөн.

Саясаткерлердің сайлаушылар еркін білдіргенге дейінгі және одан кейінгі іс-қимылы мен мәлімдемелері көбіне-көп алшақ түсіп жатады. Мен олай істемеймін – сіздер мені білесіздер. Референдумға дейін айтқанымдай, мен үшін ең негізгі құндылықтар – ұлтаралық татулық, интеграция, республиканың тәуелсіздігі мен реформалар екенін растаймын. Ешкімнің де Қазақстандағы ұлтаралық келісімнің іргесін шайқауына жол бермеймін.

Өзіміздің жаңа тарихымызда біз шын мәнінде тек алғашқы қадамдар жасап жатырмыз. Біздің үйімізде соғыс оты тұтанбауы үшін, Қазақстанның тәуелсіздігін сақтап, нығайту үшін мен өзіме байланысты болатынның бәрін жасауға уәде беремін. ТМД елдерімен, әсіресе, Ресеймен және Орталық Азия мемлекеттерімен ғасырлар бойғы байланыстарымыз нығая беруі үшін бәрін де істеймін. Осы бағыттағы менің күш-жігерімді сіздер белсене қолдайды деп үміттенемін. Бұл біздің барлық азаматтарымыздың мүдделеріне сай келетініне сенімдімін.

Мен үшін, Қазақстан Республикасының тұңғыш және бүкіл халық болып сайлаған Президенті үшін, мемлекеттің тәуелсіздігі – абстрактілі нышан емес, қайта нақты әрі аса ұлы тарихи жетістік. Еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтас-тығына кез келген қол сұғушылыққа батыл түрде тойтарыс берілетін болады.

Менің мақсаттарым барынша айқын да ашық және, референдум көрсеткеніндей, оны халық қолдайды. Ғажайыптар арманшыл адамдардың қиялында және саяси көпірмелердің тілінде ғана өмір сүреді, ал қалыпты өмірде олай болмайды. Бүгінгі таңда елді өзіміз бастан өткізіп жатқан экономикалық дағдарыстан шығарудан асқан биік міндет жоқ.

Мен кереметтерге уәде беріп, халықты алдаған емеспін. Сондықтан мен кез келген үкіметті экономикадағы және әлеуметтік саладағы нақты нәтижелер бойынша қолдап, бағалайтын боламын. Маңдай терін төгіп еңбек етуге әзір адамдар таяудағы жылдар ішінде жақсы тұрмысқа жетеді, ал жалқаулар үшін жеңіл өмір болмақ емес. Өйткені еңбекпен жасалғаннан артық тұтына алмайсың. Сонымен бірге, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларына мемлекет бұрынғыдан да нақты көмектесіп, ықтимал ресурстардың бәрін соған бағыттайтын болады.

Сіздердің сенімдеріңіз реформаларды тереңдету, өндірісті жаңдандыру мен өрге бастыру жөніндегі шараларға нақты көңіл бөлуімізге мүмкіндік беретінін тағы да қайталап айтамын. Ал бұл, сайып келгенде, тұрмыс деңгейін арттыруға, бәріміз үшін соншама ауыр болған кезеңнің зардаптарын тезірек жоюға бастайды.

Мемлекет тәртіп пен құқық тәртібін нығайту, қылмыскерлік пен жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргізу

жөніндегі күш-жігерін әлсіретпейтінін мәлімдеймін, ал бұл – демократиялық үдерістердің орнығуы мен тереңдеуі үшін қажетті шарт.

Референдум қорытындылары біздің көпұлтты халқымыздың тығыз топтасқандығын көрсетеді. Сондықтан мен өзіміздің ұйымшыл халқымыздың өкілі екенімді мақтан етемін.

Маған қолдау білдірген Өзбекстанның, Ресейдің, Украинаның, Қырғызстанның және басқа да елдердің мемлекет басшыларына, сондай-ақ Қазақстанмен шекаралас Ресей облыстарының басшыларына ризашылығымды білдіремін.

Маған қарсы дауыс берген отандастарымның қалауына да құрметпен қараймын. Сонысы арқылы олар өздерінің конституциялық құқықтарын жүзеге асырып, референдумның демократиялық сипатын жеке өнегелерімен растады. Таяудағы болашақта олардың өз пікірлерін өзгертулеріне толық негіз болуы үшін мен қолдан келгеннің бәрін істеуге ұмтыламын.

Білдірген сенімдері үшін барлық қазақстандықтарға тағы да алғыс айтамын.

**Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 9 мамыр

**Құрметті отандастар!
Қымбатты соғыс және еңбек ардагерлері!**

Бүгін Қазақстанның, Достастық мемлекеттерінің, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың жеріне аяқ басқан орасан зор әрі нұрлы мереке күні. Біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын ерекше көтеріңкі және салтанатты жағдайда атап өтіп жатырмыз.

Ұзаққа созылған төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасына төтеп берді. Төрт жыл бойы қорғасын нөсері

Отан қорғаушылардың қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалар мен ауыл-селоларға «қаралы қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасын көлдеткені де кешегі ақиқат. Төрт жыл бойы өз басының қамын ойламаған тылдағы еңбеккерлер майданға әскери өнімдерді эшелондап жіберіп жатты. «Біз фашизмнің омыртқасын опырамыз!» – деп ант берді жауынгерлер 1941 жылы. «Фашистік жыртқышты өз інінде құртамыз!» – деді олар 1945 жылы. Сөйтіп, олар өз сертінен шықты да, дәл осындай мамырдың жаймашуақ күнінде мерекелі отшашу адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғаны туралы әлемге паш етті.

Жеңімпаз жауынгерлер, тыл еңбеккерлері, біздің әрқайсымыздың жадымызда, барлық отандастарымыздың жан дүниесінде терең із қалдырған осы ұлы күнге байланысты жүректен шыққан ең шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Біз осы залда майдангерлердің дидарын, жауынгерлік және еңбек наградаларының жарқылы мен шұғыласын толқу үстінде көріп, сіздермен бірге орасан зор бақыт пен тебіреніс сезімінде отырмыз. Сіздер ұрыстарда көптеген майдангер достарыңыздан айырылып, соғыстың тар жол, тайғақ кешуінен ақырына дейін жүріп өттіңіздер. Сіздердің жарақаттарыңыз әлі күнге дейін сырқырап, жандарыңызға батады, «соғыс» деген сөзден жүректеріңіз сыздап қоя береді. Сіздердің мәңгі жасайтын ерліктеріңіздің алдында басымызды иеміз! Бүгін біз ұрыс майдандарында шейіт болған қаһармандарды, соғысқа қатысқан, бірақ осы даңқты мерейтойға жете алмаған ардагерлерді есімізге аламыз. Біз олардың ерік-жігерінің, қаһармандығы мен ерліктерінің атынан

олар өз өмірлерін бағыштаған мұраттарды әрқашан да қорғаймыз деп ант етеміз. Нақтыланған деректер бойынша, өткен соғыста 26 млн 600 мың кеңес адамы қаза болған. Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам майданға аттанса, олардың жартысынан астамы қайтып оралған жоқ. Олар ең қастерлісін – өз өмірлерін – болашақ үшін, Отан үшін қиды. Сол боздақтардың асыл бейнелерін бір минут үнсіздікпен еске түсіруді ұсынамын.

Тірі қалғандар да Отан алдындағы өз борыштарын адал және толық атқарып келді. Қараңыздаршы, бүгінгі салтанатқа майдангерлердің қандай шокжұлдызы қатысып отырғанын! Мұнда Кеңес Одағының Батырлары, «Даңқ» орденінің толық иелері, Социалистік Еңбек Ерлері, Қызыл алаңдағы Жеңіс шеруіне қатысушылар бар. Осы залдағы әрбір майдангердің кеудесінде орта есеппен оннан астам жауынгерлік награда жарқырайды.

Сіздердің самайларыңызды күміс қырау шалғалы қашан. Бірақ жастарыңызға және ескі жарақаттарыңызға қарамастан, сіздердің барлықтарыңыз үлкен қоғамдық жұмыстарды атқара жүріп, бізге жастарды тәрбиелеуде баға жетпес көмек көрсетіп отырғандарыңыз қандай ғанибет. Табысты еңбек жолын әлі де жалғастырып жатқан қарияларға алғысымыз ерекше.

Қымбатты майдангерлер мен тыл еңбеккерлері, сіздердің барлықтарыңызға денсаулық пен бақыт тілейміз!

Қазақстан шайқас майдандарында

Қазақстанға Ұлы Отан соғысы майданының отты шарпуы тиген жоқ, соған қарамастан, соғыстың барлық кезеңдерінде болған оқиғалар республикамен мейлінше тығыз қабысып жатты. Қас дұшпанды талқандауға

біздің миллиондаған отандасымыз өздерінің жауынгерлік және еңбек үлесін қосты.

Қазақстандықтар соғыстың алғашқы сағаттарында – 1941 жылғы 22 маусымның елең-алаңында-ақ ерліктің өнегесін көрсетті. Гитлершілер әскерлерінің Кеңес Одағына алғашқы сұрапыл соққысы Брест қамалына шүйілгені, ал оны қорғаушылар арасында біздің жерлестеріміз де болғаны белгілі.

Шүйіле соқтыққан ұшақтардың зәрені ұшыратын ащы үні, фугас бомбалары мен миналардың үздіксіз жарылуы, пулеметтің толассыз оқ нөсері, фашистердің жаяу әскерлері мен техникасының бітпейтін шабуылы, ұйқысыз әрі нәр татпастан өткізген ұзақ сағаттар мен күндер – осының бірде-біреуі Брест батырларын мойыта алған жоқ. Қазақстандық ерлер К. Семинченко, Р. Хабибуллин, И. Ледовских, А. Байжігітов, Ғ. Жұматов, В. Фурсовтың көрсеткен ерлігі мен теңдесі жоқ табандылығы олардың әскери достарының мәңгі есінде, олар туралы талай әдеби шығармалар дүниеге келгені де белгілі.

Сол күндерде біздің Отанымызда жерлестеріміздің ерлігі аңызға айналып жататын. Олардың есімдері ауыздан түспейтін. Жүздеген мың қазақстандықтар өздерін майданға жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттардың алдын босатпайтын.

Сол кезде республика бүкіл елдің әскерге шақыру орталығына айналды десек, артық айтқандық болмас. Қазақстанда ондаған дивизиялар мен бригадалар, жекелеген жасақтар құрылғаны белгілі. Олар барлық майдандарда шайқасып, жеңілістің ащы дәмін де, жеңістің қуанышын да татты.

Әскери даңққа бөленген 8-ші, 27-ші, 73-ші гвардиялық, 151-ші, 387-ші атқыштар дивизиялары, 100-

ші атқыштар бригадасы деген атаулар астарында ардагерлер үшін қаншама сырлар жатқанын да білемін...

Әрине, 28 гвардиялық-панфиловшылардың аңызға айналған ерлігінің жөні мүлдем бөлек. Олардың ерлігі туралы көп айтылды да, жазылды да, сондықтан мен бұған өзгеше жаңалық қоса қоймаспын. Дегенмен мына бір сәтті атап өткім келеді.

Бүкіл дүниеге тарап кеткен «Ресей кең байтақ, бірақ шегінетін жер жоқ: артымызда Мәскеу!» деген сөзді айтқан біздің жерлесіміз Василий Клочков болатын. Бірақ жұрттың бәрі, әсіресе, жастар, саяси жетекшінің әскери адам болмағанын біле бере ме екен? Соғысқа дейін ол Алматыдағы қоғамдық тамақтандыру орнында жұмыс істеген. Бұдан мен сіздердің майдангер ұрпақтың феноменін көремін. Ұжымшаршылар, жұмысшылар, есепшілер, журналистер – сан алуан бейбіт мамандық иелері – ержүрек те табанды жауынгерге айналып, адам рухы ұлылығының, әскери талант пен жауынгерлік ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Мұны түсіндіру әрі оңай, әрі қиын: олар жеңілместей көрінген жауға қарсы Отанға деген сүйіспеншіліктерін, ол үшін өмір сүруге және қасық қаны қалғанша шайқасуға әзір екендіктерін көрсете білді.

Ал біздің әйелдер майданда қандай қиындықтарға төтеп берді десеңізші! Олар сол кезде кез келген батырдың белін қайыстыратын ауыртпалықтарды көтергеніне қазір сенудің өзі қиын. Әйелдер өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, жауынгерлермен бір сапта тұрды. Керек десеңіз, дәл солардың бірге болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға сарқылмас күш-қуат беріп отырды. Сол ержүрек әйелдердің көпшілігі қазір

біздің арамызда. Мен оларға өзімнің ерекше ыстық сәлемім мен ең ізгі тілектерімді арнаймын.

Біз тек майданда ғана емес, сонымен қатар, жау тылында да ерлікпен соғысқандарды ризашылықпен еске аламыз. Біздің 3 мыңнан астам жерлесіміз Ресейде, Украинада, Белоруссияда, Югославияда, басқа да елдерде партизан жасақтарында болып, Қарсыласу қозғалысының сапында ерлікпен шайқасты.

Біздің жастарымыз Отанға адалдық пен оны қорғауға әзір болу өнегесін бабалары мен аталарынан алса игі. Мен, қымбатты ардагерлер, біздің жас Қарулы Күштеріміздің жауынгерлері сіздердің лайықты ізбасарларыңыз болуын, неміс басқыншыларымен шайқаста өздерін өшпес даңққа бөлеген батырларымыздың есімдерін біліп өскенін қалар едім. Олар үшін аты аңызға айналған адамдар – екі мәрте Кеңес Одағының Батырлары Т. Бигелдинов, А. Беда, С. Луганский, И. Павлов және Кеңес Одағының Батырлары Н. Әбдіров, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, И. Я. Съянов, А. Сухамбаев, Б. Момышұлы және басқа да көптеген ерлер тек тарихи бейне ғана емес, ерліктің жанды үлгісі болсын. Олар антқа адалдықты жуырда республиканың жоғары айырым белгілері – «Халық Қаһарманы» атағына ие болған және «Алтын Жұлдыз» белгісін алған қазір көзі тірі әрі осы залда отырған жауынгерлер Қ. Қайсеновтен, А. Кулаковтан, М. Тайыповтан және басқа да соғысқа қатысқан қазақстандықтардан үйренсін.

Бізде басылып шыққан Қазақстанның Зерде кітабы – майдангерлерге, соғысқа қатысушыларға деген өз құрметімізді сақтайтындығымыздың жарқын дәлелі. Онда жинақталған құжаттарды оқып отырғанда өзіңе біздің жерлестеріміздің сүйектері қай қалалар мен елді мекен-

дерде, көбінесе сайын далаларда қалмады десеңізші дейтін ой келеді. Сталинград пен Псков, Харьков пен Мәскеу маңы, Балтық маңы мен Польша, Словакия мен Югославия, Германия мен Франция... Иә, соғыс гитлершіл танктері шынжыр табандарымен Қазақстан жерімен өткен жоқ, бірақ мұнда да бұл соғыс қайғылы іздерін қалдырмаған қаланы, қыстақты немесе ауылды таба алмайсыз.

Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!

Сол сұрапыл жылдарда тылда болған жағдайды біз ұмытпауымыз керек. Қазақстаннан талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалар майданға кетті. Олардың орнына нағыз қиын-қыстау, ұйқысыз-күлкісіз, ас-сусыз еңбек вахтасына әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Кейіннен оларға елдің жау басып алған жерлерінен қоныс аударғандар келіп қосылды. Көшірілген кәсіпорындар жұмыс істей бастады. Бірақ олардың өздерінде де кадр тапшылығы өткір тұрды. Оның үстіне ауылда мүлдем қиын жағдай қалыптасты: әр үйдің атқамінері майданда болатын. Техника да, сенімді серік – жылқы да болған жоқ. Алайда сол жылдардың шежіресімен танысып, оларды өз естеліктеріңмен салыстырып көрсең, небір талай ғажайып жайларға көз жеткізесің!

Ол кезде адамдар 12–14 сағаттан жұмыс істейтін. «Бір минут ішінде соғысқа дейінгі бір сағаттық жұмысыңды істеуге тиістісің!» деген ұран болды және ол бұлжытпай орындалатын. Әрине, тәртіп те қатал болды, еріксіз жұмыс істету де болатын. Бірақ адамдар ешқандай қысымсыз-ақ ұйымшылдықтың асқан үлгісін көрсетті.

Қысқа мерзім ішінде Қазақстанның түсті металлургия саласында ондаған рудниктер, шахталар мен байыту фабрикалары, Өскемен және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттарының бірінші кезектері ашылды. Содан кейін Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Теміртаудағы металлургия зауыты, Гурьев мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Кенді Алтайдың өнімдері, Шымкент пен Лениногор қорғасыны, Балқаш мысы, Ақтөбе ферроқорытпалары мен хромиттері, Қарағанды көмірі, Ембі мұнайы – бәрі-бәрі майдан қажеті үшін тоқтаусыз жөнелтіліп жатты.

Енді ауылшаруашылық өндірісінен мысал келтірейін. Қазақстанда жұмыс қолының жетіспеушілігі аса қиын болып тұрған қаһарлы 1941 жылы соғыс алдындағы 1940 жылғыдан 1 млн гектардан астам артық егіс алаңынан астық жиналды. Бұған республика соғыс жылдары мемлекетке 5 млн тоннаға жуық тауарлы астық, 200 мың тоннадан астам картоп, 2 млн тоннаға жуық қант қызылшасын, басқа да көптеген аса маңызды өнімдер бергенін қоса кетейін. Егер тағы да соғыс кезіндегі және бүгінгі әлеуетті салыстырсақ, сондай-ақ адамдардың іс жүзінде тыңды игергенін ескерсек, тіпті бұл қалай мүмкін болды деп таңданғаннан басқа амалың қалмайды. Бірақ осының бәрі нақты деректер ғой!

Қазақстандықтар сол жылдары бастан кешкен оқиғалардың аса зор адамгершілік астары да бар. Республика баспаналары өртеніп немесе қиратылып, туған ошағының күлінен аулақ жерден баспана іздеуге мәжбүр болып Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген миллиондаған адамдардың туған үйіне айналды. Сұрапыл соғыс жылдарындағы өздерін қазақ халқы қалай қарсы алып, шын жүректен қонақжай-

лылық көрсеткенін, онымен де қоймай, босқындармен өз баспанасын да, қолындағы нанын да бөліскенін олардың ұмытпағанына мен талай рет көз жеткіздім.

Әсіресе, көшірілген балаларға деген қамқорлық ерекше жан тебіренетерлік еді. Тек соғыстың алғашқы жылында ғана көптеген қазақ отбасылары 1,5 мыңнан астам жетімді бауырына басты. Олардың көпшілігі қазір – біздің отандастарымыз, бізбен бірге еңбек етіп, өздерінің Отанына айналған Қазақстанның ертеңін де бізбен бірге құрып жатыр.

Тарих шындығы Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтардың өкілдері туралы да, айдалып келгендер мен еңбек армиясында болғандар туралы да айтуды талап етеді. Аса ауыр қиындықтарға қарамастан, Қазақстан тұрғындарының мейірбандығы мен меймандостығы арқасында олар осында тамыр жайып, өздерінің ерен еңбегі арқылы жеңіске көп үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдары одақтас республикалардың ғылым мен мәдениет саласындағы айрықша жемісті байланыстарымен ерекшеленеді. Ол кезде еліміздің зиялы қауымы жеңіс үшін қазақстандықтармен бірге жемісті де өнімді түрде қоян-қолтық еңбек еткен аса ірі қайраткерлермен толыққан болатын.

Ең алдымен, сол кезде біздің отандық ғылым да бар қуатымен танылғанын атап өткім келеді. Қаныш Сәтбаев, бәлкім, сіздердің де көпшілігіңіздің өміріңізді сақтап қалған нағыз ғалымның ерлігін жасады. Ол Орталық Қазақстанда марганец рудалары кенішін ашуға және оны өндірістік тұрғыдан игеруге қатысты. Мұның майдан үшін баға жеткісіз маңызы болды, өйткені ол кезде бірден-бір жұмыс істеп тұрған Украинадағы марганец кен орнын жау басып алған болатын.

Жалпы айтқанда, армия жауды бестен төртін Қазақстан қорғасыны, бестен екісін – мысы, үштен екісін – молибдені құраған техникамен және оқ-дәрімен қиратып жатты.

Соғыс жылдарында Қазақстан ғылымы өкілдерінің қатарына академиктер Н. Цицин, А. Григорьев, М. Заводовский сияқты ресейлік ірі ғалымдар қосылды. Сол кездері өз қызметін әскери проблемаларға арнаған аса көрнекті ғалым, КСРО Ғылым академиясының президенті В. Комаров та Алматыда еңбек етті. Айтпақшы, бір кездері ол республика ресурстарын қорғаныс қажетіне жұмылдыру жөнінде қазақстандық ғалымдармен бірге жүргізілген жұмыс таяудағы уақыт ішінде-ақ жақсы нәтижелер беретінін және тек жауды талқандауға ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетінің бұрынғыдан да дами түсуіне жағдай жасайтынын айтқан еді. Бұл сөздер көрегендік болып шықты.

Жеңіске мәдениет пен біздің барлық республикаларға ортақ рухани құндылықтарымыз да зор үлес қосты. Әрі бұл өзара байытушы үдеріске айналды. Жамбыл ағамыздың үні мен оның аңызға айналған «Ленинградтық өрендерім» атты толғауы бүкіл елге тарады, Алматыда Орталық біріккен киностудияның күшімен «Екі жауынгер», «Майдан», «Ол Отанын қорғайды», «Күт мені», «Әуе арбакеші», тағы басқа тамаша фильмдер түсіріліп, олар миллиондаған адамдардың азаматтық қалыптасуына және, керек десеңіз, жеңіске жетуге үлкен ықпалын тигізді.

Біздің астанамызда С. Эйзенштейн, В. Пудовкин, А. Толстой, С. Маршак, К. Паустовский, Л. Орлова, С. Прокофьев, В. Луговской, тағы басқа да әдебиет пен

өнер қайраткерлері жұмыс істеп, шығармашылықпен айналысты. Олар ұлттық кадрларды даярлауға көп еңбек сіңірді, біздің мәдениетімізді жоғары бағалап, қазақ халқының дәстүрлері мен тіліне зор құрметпен қарады.

Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қатысуының көп қырлылығы, ал қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесінің молдығы соншалық, бұл тақырыптың барлық қыр-сырын бір баяндамада қамтып айту тіпті мүмкін емес екенін атап көрсеткім келеді.

Жаудың әскери жоспарларын біздің барлық халықтарымыздың достығы тас-талқан етті деп толық сеніммен айтуға болады. Гитлердің жеңіске деген дәмесі соғыс басталысымен біздің елімізде ұлтаралық жанжалдар басталады деген сеніміне байланысты еді. Фашистердің нақ осы мақсатпен Қазақстанның батысына десант тастап, оның масқаралықпен аяқталғанын екінің бірі біле бермейді. Ал сол жердің тұрғыны Байтуған Бектұралиев Иван Сусаниннің ерлігін қайталады. Өздерінің тобын алдап, басқа жаққа бұрып әкеткенін білген диверсанттар оны өлтірді.

Халықтар достығы, олардың өзара көмегі – қиындықты жеңудің ең сенімді құралы. Бұл – мәңгілік ақиқат!

Өткенді естен шығармай, болашақтың қамын ойлайық

Тарихтың тағылымы бізге өткен жолымызды бағалау үшін ғана емес, сонымен бірге, болашаққа қарай ілгері басатын сенімді бағыт-бағдарды таңдап алу үшін де қажет.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс адамдардың орасан зор рухани өрлеуін туғызып, республика халық шару-

ашылығының, ғылымының, мәдениетінің сипатын өзгертті. Осы жарты ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына кең ауқымда қарайтын болсақ, онда біз орасан зор қайғы-қасірет әкелген соғыстың, сонымен бірге, одақтас республикалар үшін мүлде жаңа үдерістер туғызып, тұтас бір халықтардың тағдырын күрт өзгерткенін де көреміз.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан бүкіл елмен бірге ортақ тіршілік кешті: күйзелісті жойып, тұрғын үйлер, мектептер мен ауруханалар салды, тың көтерді. Сөйтіп, өмір енді қалпына келіп, көп күткен жаппай өркендеу дәуірі басталатын сияқты көрінген-ді. Бірақ өздерінің саяси және экономикалық дүниетанымында ешкімге бетбақтырмайтын көшбасшыларымыз мемлекетті тарихи тұйыққа әкеліп тірейді деп ол кезде кім ойлапты. Олар бүкіл әлем ғылыми-техникалық прогрестің жаңа деңгейіне көшіп жатқанын дер кезінде аңғармады, өзгеріп жатқан дүниеге де ермеді, сөйтіп, елді темір перденің тасасында ұстады. Мұнда біздің дарынды халқымыздың ешқандай кінәсі жоқ.

Соның салдарынан біз өзімізге лайықты сыбағаға ие болып қалдық; жеке басқа табынушылық жүгенсіздіктің дәуірімен алмасты да, бірте-бірте тұралау мен тоқырауға ұласты. Өз кезегінде, олардың орнына қайта құру келіп, ол енді билік басындағылардың әкімшіл-әміршіл жүйе ғимаратының шытынаған маңдайшасын ақтап-сырлағансыған дәрменсіз әрекетімен адамдардың есінде қалды. 1985 жылғы сәуірдің самалы әкелген өзгерістер 1990-шы жылдардың басында бой бермес дауылға айналды да, тозығы жеткен саяси және экономикалық жүйені ысырып тастап, бір кездегі ұлы державаның

быт-шытын шығарып, миллиондаған адамдардың тағдырын тас-талқан етті.

Бір кездері жабық болып келген құжаттардан мысал келтірейін. Жайма-шуақ статистика жайсыз фактілерді жасырып келген: бұрынғы КСР Одағында 1950-ші жылдардан бастап-ақ жалпыұлттық өнімнің өсу қарқыны үздіксіз төмендей бастаған. Халқының бестен бірі ауыл шаруашылығымен айналысатын ел өзін өзі азық-түлікпен қамтамасыз ете алмайтын халге жеткен.

Сонда шиыршық бойымен айнала қозғалған біз іс жүзінде жоғары емес, төмен қарай жылжи бергенбіз. Ал біздің көсемдеріміздің «адамдардың қазіргі ұрпағы коммунизмде өмір сүреді» деген жалынды уәделері өзін өзі алдарқатудан, тәтті ертегіге тамсанудан басқа ештеңе емес болатын. Бәлкім, көсемдеріміз құлдырау басталып, тоқырауға бет алғанымызды дер кезінде байқағанда, біздің бүгінгі ортақ тағдырымыз басқаша болар ма еді. Бірақ олай болған жоқ – билігі жүріп тұрған, бірақ тарихи тұрғыдан саудасы біткен жүйе де, сол кездегі басшылардың менмендігі де бұған мүмкіндік берген жоқ. Бұл туралы есту сіздерге жайлы тимейтінін білемін. Шынымды айтсам, бұл маған да оңай емес. Бірақ реформалардың қажеттігіне, ауыр да болса, еліміз үшін керекті осынау жолдың қажеттігіне адамдарды сендіру үшін шындықты айтуға міндеттімін. Бұл жолдың баршаға бірдей түсінікті емес екенін де білемін. Қазақстанды дағдарыстан алып шығатынымызға мен сенемін.

Мен мұны тарихтан тағылым алып, тиісті қорытындылар жасау үшін айтып тұрмын. Әйтпесе біз қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық берекесіздіктің шырмауына мәңгі маталып қала бермекпіз.

Қазір бізде айқын бағыт қалыптасты, қазақстандықтар оған адалдығын осыдан 10 күн бұрын өткен референдумның барысында білдірді. Өз атыма мыңдаған жеделхаттар қабылдаған мен бұл бағытты аға ұрпақтардың да қолдайтынын түсіндім. Осы ұлы сенімдеріңіз үшін сіздерге рахмет!

Референдум адамдарды жақындата түсті. Әңгіме басты қазыналар: келісім, достық, татулық пен өркендеу туралы болған кезде олардың бірауыздылығын көрсетті. Бүкілхалықтық қолдау маған барлық қазақстандықтардың тағдыры үшін жауапкершіліктің зіл батпан ауыр жүгін тапсырды. Қолдау көрсеткені үшін Қазақстанның барлық халқына рахмет, ардагерлер, сіздерге рахмет. Қадірлі отандастар, сіздердің сенімдеріңізден шығу үшін қолымнан келгеннің бәрін істеймін.

Экономикалық реформа жолында

Бізге бірінші кезекте экономиканы реформалау жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Соңғы жылдары сіздердің иықтарыңызға қандай ауыр салмақ түскенін жақсы білемін. Экономикалық дағдарыстың тегеуріні қазақстандық отбасыларына ауыр тиіп, оларды бюджеттері мен көп жылдан бері еңбекпен жиғандарынан айырды.

Дағдарыстың сіздерге – майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне тигізер келеңсіз әсерін бәсеңдетуге тырысқанмызды айтуға тиістімін. Ардагерлерге Қазақстандағыдай берілген жеңілдіктер бұрынғы Одақтың бірде-бір республикасында жоқ екенін жауапкершілікпен мәлімдеймін.

Сондай-ақ елдегі экономикалық ахуал тұрақтаған сайын біз бұдан былай да ең алдымен соғыс ардагер-

лерінің жағдайын түзету үшін бәрін істейтін боламыз. Халықтың барлық әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жіктеріне атаулы қолдауды күшейтеміз, нарықтық үдерістердің барысына белсене қосыла алмайтындарға көмек береміз.

Экономика проблемаларына қайта орала келіп, бірқалыпты қатаң қаржы саясатын жүргізу нәтижесінде жаппай жайлаған инфляциялық үдерістерді ауыздықтауға, ұлттық валютаның біршама тұрақты бағамына қол жеткенін атап өтпекпін. Іс жүзінде өтімді валютаға айналған теңге отандық және шетелдік тауар өндірушілер арасындағы ескі шаруашылық байланыстарды нығайтуға көмектесті. Үстіміздегі жылдың басы индустрияда өндіріс құлдырауының баяулауымен сипатталды, республикада құрылып жатқан шаруа, фермер қожалықтарына немесе ұжымдық шаруашылықтарға жер бөлу барған сайын артып келеді.

Сіздерді, соғысқа қатысқандар мен тыл еңбеккерлерін, бүкіл қазақстандықтар сияқты, ең алдымен таяу болашақта – бүгін, ертең және осы жылдың өзінде бәрімізді қандай өзгерістер күтіп тұрғаны толғандыратынын білемін.

Үкіметтің алдына осы жылдың соңына қарай өндірістің құлдырауын тоқтатып, экономикалық өсуге жағдай жасау міндеті қойылды. Бұл макроэкономикалық тұрақтылықты дәйекті етудің, төмен қабілетті сұранысты арттырудың, инвестициялық қызметті жандандырудың есебінен мүмкін болмақ.

Үкімет қаржы-бюджет және ақша-несие жөнінде бірқалыпты қатаң саясат жүргізуді жалғастырып, сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру, меншік қатынастары мен түрлерін реформалау және нарықтық

инфрақұрылымды қалыптастыру, қаржы және валюта бақылауын күшейту бағытын жүзеге асыратын болады.

Үстіміздегі жылы инвестициялық саясаттың басты мақсаты тіршілікті қамтамасыз етудің – электр энергетикасының, көлік пен байланыстың, ауылшаруашылық өнімдерін ұқсатудың объектілерін, сондай-ақ құрылыстық дайындығы 80–85 %-дан кем түспейтін басымдық берілген объектілерді аяқтау болатынын атап өткім келеді.

Белгіленіп отырған кәсіпорындар реформасы тиімділігі аз және шығынмен жұмыс істейтін әрі, өздеріңіз де түсінесіздер, бюджеттен орасан мол қаржыны аударып жатқан өндірістерді сауықтыру мен олардың банкроттығы жөніндегі сөзсіз шараларға байланысты.

Қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайтайық

Армия дегеніміз – қоғамның көшірмесі дейтін тұспал сөзді еске ала тұрып, бүгінде біздің қоғамымыз бұдан 50 жыл бұрын Еуропаны фашизмнен азат еткен көпұлтты армияның көшірме бейнесі деуге болады.

Шынында, Қазақстанда қазақтардан басқа бұрынғы Одақтың қоңыр обаны тоқтатқан барлық халықтарының дерлік өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде. Біздің жиналыстың өзін алайықшы: осы залдағы самайын қырау шалған ардагерлердің арасында қазақтар мен орыстар, украиндар мен татарлар, ұйғырлар мен поляктар, белорустар мен немістер, басқа да көптеген ұлттардың адамдары отыр.

Осының бәрін біз көпұлтты елде тұратынымызды тағы да еске салу үшін айтып тұрмын. Ал әлемдік даму

тәжірибесі халқының құрамы осындай мемлекеттердің шешуге тиісті негізгі проблемасы азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтау болатынын көрсетеді.

Өткен соғыстың қорытындылары туралы айтқанда, біз оның себебі фашизм болғанын есте ұстауымыз керек. Германияда саяси авантюристер шоғыры өкімет басына келіп, жер бетінде дереу жұмақ орнатамыз деп халыққа уәде берді. Билік басына келгеннен соң олар өз халқын соғыстың от-жалынына тастап, басқа халықтарды қисапсыз азапқа ұшыратты. Бұл авантюра күйреумен тынды. Адамға қас саясат қашанда осылай аяқталады.

Фашизм шовинизмнен, ұлтшылдықтан басталады. «Өз халқымды сүйемін, басқа халықтар ұнамайды» деген жалған патриотизмнен басталады. Бүгінде біз осындай саясат жүргізіп келе жатқандарға қатаң баға бере алып отырмаймыз ба? Жеткілікті емес қой деп ойлаймын.

Ұлтаралық араздықты тұтандыру қандай түрде көрінсе де, біз оған «жоқ» деуге тиіспіз.

Әйтсе де ұлтаралық тұрақтылықтың айқындаушы шарты – әртүрлі ұлыстардың төзімділік танытуға, бірін бірі тыңдауға, осындай ұлы мақсат үшін өзара ымыраластыққа деген ниеті және соған әзір болуы. Кез келген, тіпті ең керемет деген идеялардың, егер оларды жүзеге асыру үшін адам қанын, көз жасы мен тақсіретін талап етсе, көк тиындық құны болмайтынына сеніңіздер.

Біз адамдардың өз ұлттық мәдени қайнарларынан сусындауына, балалары мен немерелерін өз халықтарының сан ғасырлық дәстүрлері рухында тәрбиелеуіне деген ынтасын барынша қолдаймыз. Бірақ біз кез келген жікшілдік пен ұлтшыл шовинизм қандай бүркеншікке оранса да, олардың кез келген көріністеріне тойтарыс

беріп келдік және тойтарыс береміз де. Қазақстан ешқашан да ұлтаралық араздықтың майданына айналмауға тиіс. Біз бұған жол бермейміз.

Құрметті ардагерлер – майдангерлер мен тыл еңбеккерлері! Бізде жүзеге асырылып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды, татулық пен ұлтаралық келісімді сақтау бағытын қолдап отырғандарыңызды мен қалтқысыз ризалықпен қабылдаймын. Майдангерлер өсиет еткен және Қазақстанның Зерде кітабында айтылған мына сөздер маған сенімді тірек болады: «Біздің халықтарымыздың достығы дегеніміз – тарихи тағдыр. Бұл туралы біз жиі ойланып, байыбына барып, сонымен өмір сүрсек ше, ал қандай да бір қисынсыз сылтау бойынша жанып тұрған отқа шыдамсыздық пен дұшпандықтың тамыздығын тастаудан аулақ болу керек. Біз, бұрынғы майдангерлер, бұдан жарты ғасыр бұрын рейхстагтың төбесіне Жеңіс туын тігіп, Отанды фашистік құлдықтан құтқарғанда, ондай өмірді қалаған жоқ болатынбыз».

Дұрыс сөз, мен осы үшін сіздерге зор алғыс айтамын.

Соғыссыз және зорлықсыз дүние үшін

Жуырда менің бұдан жарты ғасыр бұрын дәл осындай мамыр күндерінде түсірілген кинохроника кадрларын – Мәскеудегі Қызыл алаңды, Вашингтондағы Ақ үй жанындағы көшелер мен Нью-Йорктегі Таймс-скверді, Париждегі Салтанат қақпасы мен саябақтарды, Лондондағы Уайтхолл алдындағы алаң мен Букингем сарайын қайтадан қарап шығуыма тура келді. Киномұрағаттар Еуропаның, біздің одақтас республикаларымыздың басқа астаналары мен қалаларында, оның ішінде Алма-

тыда түсірілген кадрларды да бізге дейін жеткізді. Тіпті ақ-қара кинотаспаның өзі де қуаныштың, баршаға ортақ шаттықтың көрінісін байқатады. Еріксізден: осынау алуан түрлі адамдар біріне бірі қалай ұқсайды дейтін ойға келдім. Шынында да солай ғой: олар біріне бірі өте ұқсайды, себебі оларды бастарынан бірге кешкен қасіреттер мен қуаныштар біріктіріп, жеңістен соң зорлықсыз және дұшпандықсыз жаңа дүние құру мұраты жүздерін жайнатып тұр. Бірақ, жеңімпаздардың армандары мен көңіл-күйлеріне қарамастан, олай болмады.

Кешегі одақтастар енді келіп жаңа сипаттағы – «қырғи қабақ» соғыстағы дұшпандарға айналды. Жүгенсіз кеткен жанталаса қарулану, бірін бірі қара-лап, жала жабу науқаны басталды, «социалистік және капиталистік лагерьлер» дейтіндердің арасындағы ықпал ету аумақтарын бөлісу жолындағы зорлық-зомбылық толқындары тұтас құрлықтарды шарпыды. Жинақталған ядролық қару-жарақ арқылы адамзатты жойып жіберудің сұмдық қатері туды.

Тарихтың өкімі бойынша біз қазір ғана, жарты ғасыр өткеннен кейін, бастан кешкен тақсіреттен тағылым алып, 1945 жылы алға қойылған «Дүние қандай болуға тиіс?» деген сұраққа жауап беруге бір мезгілде мүмкіндік алдық. Сөйтіп, біз жеңімпаздардың арманын енді ғана нақты жүзеге асырып, жаңа, қауіпсіз және демократиялық әлемдік тәртіп орната алатын болып отырмыз.

Біз бүгінгі шындықпен де байланыстымыз. Ащы шындықты айтсақ, «қырғи қабақ соғыстан» кейін де бұрынғы кеңес империясының аумағында, Шығыс Еуропада, планетаның басқа да түкпірлерінде жанжалдар жалғаса түсуде. Жергілікті соғыстардың алыста немесе жақында болғанына қарамастан, қазіргі ешқандай мемлекет

одан тысқары қала алмайды. Соғыс атаулының бәрі қаза тапқандар үшін, күйзелістер үшін, аналардың қайғысы үшін біздің жүрегімізді қатты ауыртады. Осыдан дәл бірнеше апта бұрын біз еліміздің тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан ұлдарын жерледік. ХХ ғасырдың аяғында мұндай болуға тиіс емес.

Соңдықтан өзара қатынастардың баршаны қамтитын жаңа құрылымын орнатудың ортақ міндеті аса көкейкесті, ал халықаралық қауіпсіздік пен прогрестің ғимараты соның іргетасында тұруы тиіс.

Қазақстан өзінің ізгі ниетін қазірдің өзінде-ақ білдіріп отырғанының терең нышандық мәні бар: 1991 жылы Президенттің алғашқы жарлықтарының бірімен біржақты тұрғыда жабылған Семей ядролық полигонының үні өшкен. Бұрынғы ядролық қаруды жою жөніндегі жұмыстар барынша қарқынды жүргізілуде. Мен ядролық сынақтар жасаумен өткен алғашқы жарты ғасырды әлем тарихындағы соңғысы етуге әбден болады деп есептеймін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде біздің бастамамыз бойынша қабылданған барлық шешімдер бейбітшілік пен келісімге жетуге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекет басшыларының соңғы – Алматы кездесуінде біз ұсынған ТМД-дағы бейбітшілік пен тұрақтылық туралы меморандум қабылданған болатын.

Еуропадағы соғыс бұдан 50 жыл бұрын күркіреп өтті. Бірақ, қаттырақ айтсақ, ол тіпті Шығыс Еуропадан соңғы кеңес солдаты әкетіліп, «социалистік лагерьдің» елдері мен Балтық маңы мемлекеттері нағыз тәуелсіздік алғаннан кейін де аяқталған жоқ. Өйткені «қырғи қабақ» соғыс өртің жаққаны үшін бірдей жауапты ол жақтан

да, бұл жақтан да істеген істеріне өкінген бір ауыз сөз естілген жоқ.

Біз қуғын-сүргінге ұшыраған және қоныс аударылған кеңес халықтарының, ЛАГББ-ның (ГУЛАГ) жүз мыңдаған тұтқындарының алдында да қарыздармыз. Иә, Кеңес Одағы ыдырады, сондықтан ешкімнен жауапкершілік талап етуге болмайтын сияқтанады. Алайда кеңестен кейінгі мемлекеттер қалды ғой. Дүние солардан күнәдан арылу сөздерін күтуде.

Осы мінберден мен, бәлкім, әлемдік дамуды тежеген тақсіретке, көптеген адамдардың тағдырын тәлкек еткен озбырлыққа Қазақстанның қатты өкінетінін, сондықтан ашық та адал үнқатуға әзір мемлекеттердің бәріне достық қолын ұсынатынын ресми түрде мәлімдеймін. Біздің еліміз өткендегі тоталитарлық кезеңге оралудың болмашы мүмкіндіктерінің өзіне жол бермеуге, бұдан былай планета «қырғи қабақ» немесе «ыстық» соғыс дегенді білмеуі үшін, өзіне байланыстының бәрін істеуге ұмтылатынына уәде етемін.

Мен жақында ғана Жеңіс мерекесін тойлауға шақырылған Ұлыбритания, Франция және Ресей сапарынан оралдым. Лондондағы, Париждегі, Мәскеудегі мерекелік шараларға шамамен 80 мемлекеттің басшылары және әлемдегі көптеген елдердің ардагерлер делегациялары қатысты. Ұлыбритания Премьер-министрі Дж. Мейджормен, Франция Президенті Ф. Миттеранмен, АҚШ вице-президенті А. Гормен, ГФР Канцлері Г. Кольмен, Ресей Президенті Б. Ельцинмен және басқалармен арадағы кездесулерім мен әңгімелерім осы басшылардың Қазақстанға деген ізгілікті көзқарастары мен сенімдерін тағы да қуаттап берді. Қазақстандағы биліктің тұрақтылығы біздің елімізге батыл түрде капитал

қосу ниетін тудыруда. Құрметті майдангерлер, сіздерге, Қазақстанның барлық азаматтарына біздің халықта-рымыздың өркендеп, дамуы жолындағы жемісті де тату-тәтті ынтымақтастыққа деген құттықтаулар мен шын жүректен жолдаған тілектерді мен зор қанағатпен жеткізіп тұрмын.

Сөзімді аяқтай келе, қазақстандықтардың жас ұрпағына тілек білдіргім келеді. Сайып келгенде, жігіттер мен қыздар, дәл сіздердің бақыттарыңыз үшін, осынау жер бетінде өмір сүрудің мүмкіндігі үшін әкелеріңіз бен аталарыңыз өлім мен өмірдің белдесуінде жауды талқандады. Ұрыс-ұрыстың арасындағы дамылдау сәттерінде олардың көз алдарына елестегеннің бәрі, олар армандағанның күллісі соғыстан соңғы өмірде қаз-қалпында орындала қалған жоқ. Бірақ қазір бір кезде ардагерлер бастаған істі жалғастыру, бейнелеп айтқанда, қуаныш пен бақыт мұнарасын тұрғызу мүмкіндігі бізде бар, әрі мен оның Вавилон мұнарасы сияқты бір күндік емес, кез келген дауылға қарсы тұруын, сан ғасырлар бойы сыр бермеуін өте-мөте қалаймын. Ал бұл көп ретте сендерге, жастарға, сендердің қоғамымызды қайта жаңғырту ісіне деген ниеттерің мен қабілеттеріңе байланысты. Сендер маған одақтас болады деп, сендердің күш-қайраттарың, бастамаларың мен оптимизмдеріңе сүйене аламын деп сенемін.

Қымбатты біздің ардагерлер, әкелеріміз бен аталарымыз!

Уақыт шіркінге тоқтау жоқ, ал сіздердің қатарларыңыз сиреп барады. Тарих алдында өлшеусіз еңбегі бар, өз мұраттарына деген қастерлі сенімін өмір бойы сақтап өткен, бір жағынан бақытты, бір жағынан тағ-

дыры тақсіретті адамдар кетіп жатыр. Бақытты дейтінім – олар рухани кіршіксіз, мақсаткер, қажыр-қайраты мен жігерін, өмірге деген сенімін мұқалтпаған адамдар болды. Сіздердің ұрпақтарыңыз – фашизм мен адам айтқысыз шаруашылық күйзелісін жеңіп шыққан қайсарлар ұрпағы. Бірақ ол қасіретті де ұрпақ, өйткені олар өздерінің бұрынғы мұраттары мен өмірлік нышандарының күйреуін бастарынан өткізді.

Дегенмен, бәлкім, күдіктерді ысырып тастап, алға қараған жөн болар? Иә, сіздердің өмірлеріңіз бұрынғы жүйеге сарп етілді. Алайда ол қару-жарақ пен ғарыш ісінде аса жоғары техникалық жетістіктерді паш еткенімен және адам баласына белгілі барлық табиғат байлықтары мен жерасты қазыналары жинақталған құрлық жердің алтыдан бір бөлігін алып жатқанымен, адамдардың ең қарапайым және күнделікті мұқтаждарын қанағаттандыруға қабілетсіз болып шықты.

Біз өз халқының жұмыскер қолынан басқа не жерасты қазбалары, не үлкен аумағы жоқ елдерден де кейін қала бердік. Рас, тұрмыс кедей болғанымен, тұрақты әрі болжамды еді және ол талайларды қанағаттандыратын да. Бірақ әлемдегі ықтималды ең бай мемлекет үшін мұның өзі масқаралық болатын, сондықтан ол ұзаққа созылуы мүмкін емес еді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс миллиондаған адамдардың өмірімен және қанымен келді. Бірақ соның ізінше социалистік жүйе экономикалық жарыста біржола және даусыз жеңіліске ұшырады, сөйтіп, кешегі жеңімпаздарды қалған әлемнің – жеңілгендердің және өз қаруластарының көз алдында қорлыққа душар етті. Тоталитарлық режім өз азаматтарын лайықты өмірмен қамтамасыз ете алмады, сондықтан да

жай ғана алғашқы сылтаудан оп-оңай күйреп қалды. Сайып келгенде, шартты түрде айтсақ, үшінші дүниежүзілік соғыс зеңбіректер мен танктерсіз-ақ жеңіп шықты.

Мұнда сіздердің ешқандай кінәларыңыз жоқ. Бұл ескі жүйенің тарихи дәрменсіздігінен болды. Бұл уақыттың, келмеске кетіп бара жатқан дәуірдің қателіктері еді. Социализм қоғамдық формация ретінде әлем алдына шыға алмады. Қазір біз жаңа мемлекет және жаңа демократиялы қоғам құрып жатырмыз. Оның экономикалық негізі ХХ ғасырда әлемнің көптеген елдерінде өзінің тиімділігін дәлелдеген әлеуметтік нарықтық шаруашылық болмақшы.

Уақыттың байланысын үзбестен, сіздердің қалауларыңыз бен бастан кешкендеріңізге деген ықыластарыңызды құрметтей отырып, баршамызға ортақ өткен күндерден пайдалы атаулының бәрін болашақтың қажетіне жарату арқылы біздің ұрпақ таяу уақытта өзінің тарихи дұрыстығын дәлелдейді деп сенеміз және мұны кәміл дәлелдейміз.

«Жеңіс күні – көзге жас алдырған мереке» дейтін өлең жолы қанатты сөзге айналды. Бірақ мен өз баяндамамды көтеріңкі сарында аяқтағым келеді.

Құрметті ардагерлер, мен сіздердің өсіп-өркендеген егемен Қазақстанды өз көздеріңізбен көріп, ұлы соғыстағы өздеріңіздің Ұлы Жеңістеріңіздің 60 жылдық мерейтойын атап өтулеріңізді қалаймын!

Сіздердің баршаңызға мықты денсаулық, жақындарыңызға бақыт пен игілік тілеймін!

**Бұрынғы Семей ядролық полигонындағы
соңғы ядролық зарядтың жойылуына байланысты
Қазақстан азаматтарына**

ҮНДЕУІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 26 мамыр

Қымбатты отандастар!

Жақын күндері біздің жерімізде атом қаруын сынаумен және орналастырумен байланысты Қазақстан тарихындағы ұзақ кезеңге түпкілікті нүкте қойылатын болады: бұрынғы Семей полигонының аумағында соңғы ядролық заряд жойылады.

Көп қасірет шеккен Қазақстан халқы ұзақ жылдар бойы халықаралық атом безгегінің бүкіл ауыртпалығын көтерумен келді. 45 жыл бойы дерлік Семей даласында 459 ядролық жарылыс, соның ішінде ауада 113 жарылыс

жасалды. Радиоактивтік сәуле алған жарты миллионнан астам қазақстандықтардың денсаулығы бұрынғы КСРО басшылығының ессіз ядролық жанталаса қарулануының құрбандығына шалынды. Біздің халқымызға келтірілген орасан зор материалдық және моральдық зиянды есептеп шығу мүмкін емес.

Әлбетте, істің мұндай жайы республиканың тұрғындарына да, оның Президентіне де ұнай қоюы мүмкін емес еді. Зардап шеккендердің тән мен жан азабы, біздің басымызға төнген өткір семсер қаупі менің парасат пайымына, өз жүрегімнің үніне құлақ асуыма түрткі болды: 1991 жылғы тамызда мен шешім қабылдап, өз Жарлығыммен Семей ядролық полигонын жапқыздым.

Алайда біздің жерімізде «қырғи қабақ соғыстың» аса қатерлі мұрасы – бұрынғы әскери ведомстволар полигон жабылғанға дейін орнатқан соңғы ядролық заряд сақталып келді. Осы қауіптің бар екенін Қазақстан мен Ресей мамандарының шағын ғана тобы білді, бірақ соған қарамастан, мен, мемлекет басшысы ретінде, оны жоюдың мүмкіндіктері жайында үнемі ойластырумен келдім. Тіпті ең соңғы болса да, ядролық жарылыс жасау туралы әңгіме болуы да мүмкін емес болғандықтан, менің тапсырмам бойынша зарядты адамдарға және қоршаған ортаға қауіпсіз түрде жоюдың нұсқалары әзірленді. Соның нәтижесінде мамандар оңтайлы шешім қабылдады: зарядты кәдімгі қопарғыш құрылғысының көмегімен жару ұйғарылды. Бұл орайда ядролық жарылыс дейтін болмайды, радиация мен рентген сәулесінің таралу мүмкіндігі толық жойылады. Ядролық заряд мамырдың аяғы – маусымның алғашқы онкүндігі аралығында жойылмақшы.

Зарядты қайта іске қосу жөніндегі жұмыстың бүкіл барысы менің қатаң қадағалауымда болды. Әрі бұл күндері осынау бірегей операцияны аяқтау туралы ақпарат үнемі маған келіп түсіп жатты. Сөйтіп, Қазақстан әскерилер мен мамандардың іс-қимылына қатаң бақылауды қамтамасыз етуде.

Құрметті қазақстандықтар!

Бірнеше күннен кейін ресейлік және қазақстандық жойымпаздардың күш-жігерімен біздің мемлекетіміздің ядролық өмірбаянына соңғы нүкте қойылады.

Шынайы тәуелсіздік алғаннан бері біз осы мақсатқа табанды да дәйекті түрде жүріп келдік. 1991 жылғы желтоқсанда қабылданған Алматы декларациясын еске алайықшы. Сонда ядролық қаруы бар республикалар оған бірлескен бақылау қоюдың тетіктерін бірден айқындаған болатын. Содан кейін біз Лиссабондағы бесжақты хаттамаға қол қойып, Стратегиялық шабуылдаушы қаруды қысқарту және шектеу туралы шартты орындау жөнінде өзімізге жауапкершілік алдық. 1993 жылы тағы да бір тарихи оқиға болды: Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды да, міне, шын мәнінде нақ сол кезден бастап ядролық қаруы жоқ мемлекетке айналды. Қарусыздану мәселелеріндегі түбегейлі ұстанымымызды әлемдік қоғамдастықтың қолдап отырғанын ядролық державалардан біз алған қауіпсіздік кепілдігі көрсетуде.

Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелеріне әрдайым адал. Биыл сәуірдің аяғында ажал сепкіш соңғы оқтұмсықтар республика аумағынан әкетілді. Ендігі жерде қазақстандықтардың еркіндікке

шықпақшы болып үрей туғызумен келген ядролық диюдан қорықпауына болады.

Ядролық қаруды жоюмен байланысты біздің еліміз бұрынғыдан күшейе түсетініне еш күмән жоқ. Өзіміздің бейбітшілік пен ынтымақтастық саясатына адалдығымызды паш етіп, біз өз шаңырағымызға тыныштық пен тұрақтылықтың рухын орнатып қана қоймай, сонымен бірге, барлық елдермен тең құқықтық және жемісті үнқату үшін есігімізді айқара аштық, қоғамды реформалаудың, демократиялық, өркендеген мемлекет құрудың жолына нық қадам бастық.

Соғыс өртінің түтіні шалмаған мөлдір, таза аспанды ең жоғары құндылық санап, қадір тұтатын барлық қазақстандықтар мені қолдайтынына берік сенемін. Өйткені ертеңгі күнге сенімді болудан, алаңсыз жұмыс істеп, балаларды өсіріп, үйдің шырағын сөндірмеуден асқан бақыт жоқ.

Қымбатты қазақстандықтар!

Біздің еліміз өзімізге берілген тарихи мүмкіндікті барынша толық пайдаланатынына және өркениетті даму-дың даңғыл жолына шыға алатынына сенемін. Барлығыңызға бейбітшілік, игілік, бақыт, жақсылық пен тыныштық тілеймін.

**БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі
конференциясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Швейцария Конфедерациясы,
Женева қаласы,
1995 жылғы 8 маусым

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстанның БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі конференциясына байқаушы ретінде қабылдануы мерзімі жағынан бұрынғы Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядты жоюмен тұспа-тұс келуінде терең нышандық мән бар.

Қазақстанның қарусыздану саласындағы қадамдары дүниежүзілік жетекші державалар мен халықаралық ұйымдардың жоғары бағасына ие болды және ол баршаға белгілі. АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай және

Франция тарапынан оның қауіпсіздігі мен аумақтық біртұтастығына кепілдік берілгені де кездейсоқ емес.

Ал бүгін мен жаңа талаптардың, қарусыздану мен дүниежүзілік қауіпсіздік үдерісінің мазмұнына өзімнің көзқарасымды білдіріп, бүгін таңда дүниежүзілік қарусыздану мен жаһандық қауіпсіздік үдерісі қандай деңгейде және ғасыр соңына қарай біз қандай жаңа талаптарға жауап іздеуіміз керек дейтін сұрақтарға жауап беріп көрсем деймін.

Қарусызданудың мақсаты қарусыздану үдерісінен сырт жатқаны айқын. Бақшашының тек қана гүлмен айналысқаны жеткіліксіз. Егер ол аспанға қарап отырмаса, онда дауыл мен бұршақ оны қапы қалдырады.

Дәл осылайша, қарусыздану үдерісі тиімділігінің өлшемдерін қоғам мен адамзат осы үдерістен тысқарыдан – жасампаздық саласы мен даму саласынан енгізеді.

Қарусыздану үдерісінің табысты өтуі біздің оқтұмсықтар мен зымыран ұшырғыштарды, танктер мен зеңбіректерді қанша пайызға қысқартқанымызбен емес, сонымен бірге, қарапайым адамдарға арналған игіліктер өндірудің қаншалықты өскенімен де өлшенеді. Шынайы қауіпсіздік қару-жарақ саны азайған жерде емес, балалар көп туатын, аналар оларды көп тауып, өз ұрпағының болашағы үшін алаңдамайтын жерде орнамақ.

Қарусыздану үдерісінің табысты болуы ең алдымен халықаралық қауіпсіздік жүйелерімен байланысты және ол солардың тиімділігімен айқындалады. Осыдан 7 жыл бұрын, 1988 жылғы мамырда, БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі III арнайы сессиясында қарусыздану бірнеше қуатты елдердің ерекше жеке жауапкершілігі

емес, қайта барлық мемлекеттердің бірлескен ісі деп атап көрсетілген болатын.

Осы идеяны бұдан да кең мағынада таратып: халықаралық қауіпсіздіктің пәрменді жаһандық жүйесін құру – барлық мемлекеттердің бірлескен ісі, ал қарусыздану осындай «дүниежүзілік бірлескен істің» түпкілікті нәтижесі деп айтса болар еді. Егер қарусыздануға осындай көзқараспен қарайтын болсақ, онда бүгіннің өзінде бірнеше өте елеулі проблемалардың толғағы жеткенін аңғарамыз.

Бірінші проблема: халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйесі мен қарусыздану үдерістері қаншалықты пәрменді?

Егер халықаралық қауіпсіздіктің сапасы туралы бейбіт халықтың алаңсыздануының объективті көрсеткіші ретінде босқындардың санына қарай пайымдайтын болсақ, онда дүние жүзінде соңғы 10 жылда олардың саны жүздеген есе артып кетті. Мәселен, егер 1983 жылы дүние жүзінде өз аумағынан 50 мың тұрғыны қашып шыққан 9 ел болса, арада 10 жыл өткенде, мұндай мемлекеттер 31-ге жетті, ал босқындарының саны миллионға жақындап қалды.

Сонымен, қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздік үдерістерінің тиімділігіне баға берген кезде, соңғы ондаған жылдардың ішінде дүниежүзілік жанжал әлеуеті едәуір өсіп, бұрынғыдан әлдеқайда шиеленісті бола түскенін мойындамасқа амал жоқ. Әрі бүгінгі таңда осы әлеует тек соңғы ширек ғасырда қысқартылуына ерекше көңіл бөлінген ядролық қарулар мен жаппай қырып-жою құралдарының дәстүрлі көрсеткіштеріне ғана келіп тіреліп отырмағаны айдан анық.

Қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйелері шиеленістің өсу үдерісін тоқтата алмайтын болса, оларды тиімді деп есептеу қиын екені де дәл сондай даусыз.

Қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру үдерістері соғыстан кейінгі 40 жыл ішінде өзінің айтарлықтай табысты болғанын көрсетіп отыр. Алайда 1980-ші жылдардың ортасынан бастап біз мүлдем жаңа дүниежүзілік үдерістерге – КСРО-ның ыдырауына, Варшава шарты ұйымының таратылуына және халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйелерін құру кезінде мүмкіндіктері еске алынбаған басқа да үрдістерге куә болдық.

Сөйтіп, қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйелері мен олардың шеңберінде жүргізіліп жатқан қарусыздану ісі қайта ой елегінен өткізіп, елеулі түрде жетілдіруді талап ететіні барған сайын айқын болып келеді.

Мұның соңғы дәлелі – Балқандағы барған сайын өрши түсіп отырған жанжал. Халықаралық қауіпсіздік ұйымдарының барлық күш-жігеріне қарамастан, бұл ошақ әлі жалындап жатыр. Ол біздің көз алдымызда баяғыда-ақ жергілікті шиеленістен аймақтық жанжалға айналды. Әрі таяудағы уақыттың ішінде ол құрлықтық ауқымдағы жанжалға айналып кететін қауіп бар.

Сірә, мұндай жанжал ошақтары бастапқы кезеңінде – аймақтық деңгейде басылуы керек болар. Әрі оны нақ сол аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйелерінің күшімен жасау керек. Сонда біз қазір бұрынғы Югославиядан көріп отырғанымыздай, аймақтық шиеленістің құрлықтық және жаһандық жанжалға ұласып кету ықтималдығы едәуір кеміген болар еді.

Бұдан халықаралық қауіпсіздік жүйелерін құру мен қарусыздану үдерістерінің 1980–1990-шы жылдардағы

белгілі талаптарға жаңаша қарауды қажет ететіні көрінеді.

Екінші проблема: осы ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік жанжал әлеуетін өзгертудің үрдістері қандай?

Егер өңірлік, құрлықтық және жаһандық халықаралық қауіпсіздік жүйелері мен олардың шеңберінде жүретін қарусыздану үдерісі негізінен алғанда оған кіретін елдер мен мемлекеттер тобының экономикалық және стратегиялық мүдделерінен туындайтынын мойындасақ қана, бұған жауап табуға болады.

Тарих бізге халықаралық қауіпсіздік жүйесі әрқашан да оған қатысушы елдердің бірлескен мүдделерін және ең алдымен экономикалық, сондай-ақ геэкономикалық, геоқаржылық және геостратегиялық мүдделерін түсінуге негізделіп құрылғанын көрсетеді. Сондықтан ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік шиеленіс әлеуетінің өзгеру үрдістері 1990-шы жылдардың аяғындағы дүниежүзілік геэкономикалық үрдістерімен айқындатылатын болады.

Соңғы онжылдық ішінде жаһандық геэкономикалық үрдістер үш ірі жаңа әлемдік шаруашылық орталықтарының – Солтүстік Америкадағы, Батыс Еуропадағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы орталықтардың құрылуымен байланысты екені айқын болды. Келесі ғасырда, сірә, Африка құрлығы да «оянатын» шығар. Дүниежүзілік ықпал жасаудың осы үш орталығының негізгі сұлбаларын нақтылай түсу, бәлкім, осы ғасырдың аяғында – келесі ғасырдың басында аяқталатын болар.

Дүниежүзілік шаруашылық-экономикалық күштердің жаңа тепе-теңдігін іздестіру дүниежүзілік жаңа стратегиялық тепе-теңдікті, соның ішінде

қауіпсіздік жүйелері саласындағы және олардың шеңберінде жүретін қарулану мен қарусыздану үдерістеріндегі тепе-теңдікті іздестіруге апарып соғатыны әбден түсінікті. Егер осы үрдістер өсе түсетін болса, онда ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік шиеленіс те өсе түсіп, бізге жаңаша талаптар қоятын болады деуге барлық негіздер бар.

Бұдан халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану жүйелерін құру жөніндегі «дүниежүзілік бірлескен іс» 1990-шы жылдардың соңындағы жаңа талаптарға жаңаша қарауға төселу үшін қазірдің өзінде барлық күшін жұмылдыруы тиіс екендігі келіп шығады.

Үшінші проблема – үшінші дүние өкілдерінің қарусыздану жөніндегі келіссөздерге қатысуы.

Қарусыздану жөніндегі барлық басты келіссөздер әзірге үшінші әлемнің өкілдерінің қатысуынсыз, Шығыс пен Батыстың аса ірі мемлекеттерінің арасында өткізіліп келгені баршаға аян. Ал мұндай көзқарас 1990-шы жылдардың аяғында қаншалықты тиімді болуы мүмкін?

Батыста Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) да, НАТО-ның ресурстары мен құрылымдарына да сүйенген халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйелерін құру үдерісі өтіп жатқаны бізге Еуразия кіндігінен жақсы көрініп отыр.

Ал Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы (АТЭЫ) форумына қатысушылар Азия елдері шығыста және оңтүстік-шығыста, бәлкім, өздерінің дербес құрылымдары шеңберінде саяси және әскери өзара ықпалдастық жолдарын іздейтін болар.

Солтүстікте Ресейден бастап, Оңтүстікте Үндістанға дейін Еуразиядағы бірқатар елдердің жаппай сатылас

қатары, бұған бұрынғы КСРО-ның Орталық Азия республикаларын, Иран мен Пәкстанды қосқанда, әзірге не Шығысқа, не Батысқа қосылмайтынын аңғару қиын емес.

Еуразия орталығының сатылы меридиан бойынша орналасқан біртұтас геосаяси елдер белдеуі «белгісіздік белдеуі» немесе «күту белдеуі» болады.

Осы «белгісіздік белдеуіне» кіретін елдердің іштейгі алуан тектілігіне қарамастан, олар Азиядағы немесе Еуразиядағы күштер тепе-теңдігіне ғана емес, сонымен қатар, дүниежүзілік геосаяси тепе-теңдікке ықпал ете алатын ықтимал ресурстар тұрғысынан алғанда, өзінше біртұтас топты құрайды.

Еуропадағы, әсіресе, Азиядағы қауіпсіздік проблемалары, Батыс Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дүниежүзілік шаруашылық орталықтарының арасындағы өзара ықпалдастық проблемалары елеулі түрде осы геосаяси «белгісіздік белдеуі» елдерінің өз ұстанымдары мен бағдарын қалай айқындауына байланысты болады.

Осы елдердің ішіндегі ең ірісі және ең қуаттысы Ресей екені сөзсіз. Сондықтан нақ оның таңдауы Еуразиядағы тұрақтылық пен өзгерістерді елеулі түрде айқындайтын болады. Жалпы алғанда, Ресей таңдауының үш нұсқасы бар. Біріншісі – Батыс Еуропа құрылымдарына қосылу, бірақ оны әзірге оған жібермей отыр. Екіншісі – шығысаязиялық ұйымдарға қосылу, бірақ онда да оны тосып отырған ешкім жоқ. Және үшіншісі – «белгісіздік белдеуіндегі» барлық елдерді олардың теңдігі негізінде жинап алып, ерекше топты – Еуразия құрлығындағы қауіпсіздіктің үшінші жүйесін құру.

«Белгісіздік белдеуіндегі» басқа Азия елдерінің екі ғана таңдауы бар: не Шығыс тобына қосылу немесе

өзінің үшінші қауіпсіздік жүйесін құрып, соның шеңберінде қарусыздану мәселелерін шешу.

Еуразиядағы қауіпсіздік және қарусыздану жүйесінің ауысу проблемасы КСРО ыдырап, Варшава шарты ұйымы таратылғаннан кейін бұрын байқалмаған тағы бір жаңа қырынан көрінеді. Бұрынғы социалистік лагерьдің жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің көпшілігі бүгін таңда, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздіктің өзіндік жеке ресурстарын құру туралы ойластыруда.

Осы жаңа факторды «жаңа дербес қауіпсіздік» ретінде анықтауға болады. Ол осы елдердегі қару-жарақтың өсуімен бірге өспей тұра алмайды. Әлбетте, әуелі өзіңе және өзіңнің қарулы күштеріңе сеніп, содан кейін ғана әлдебір қауіпсіздік жүйесіне және қарусыздану үдерісіне қатысуыңа иек артуыңа болады. Бұл орайда қарусыздану үдерісін кейбір елдер өз қаруларын жаңғыртудың амалы ретінде пайдалануы да мүмкін екенін естен шығармаған жөн.

«Жаңа дербес қауіпсіздіктің» мұндай жағдайы халықаралық қауіпсіздік жүйелерін құрудың мүлдем басқа сызбасын керек етеді. Бұл жерде енді мұның жүйелерді жоғарыдан құру жолы жұмыс істемейді. Сірә, бұл ретте әуелі дербес қарулы күштерді, содан кейін қауіпсіздіктің аймақтық жүйесін құрып, тек содан кейін халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі құрлықтық және жаһандық жүйелері мен қарусыздану жөніндегі тиісті үдерістерге қосылу оңтайлы болмақ.

Бұдан келіп жаңа геосаяси жағдайдың халықаралық қауіпсіздік жүйелерін құру мен қарусыздану үдерісінде дамушы елдерге немесе үшінші әлем елдеріне жаңа рөл атқаруды жүктейтіні туындайды.

Уақыттың өзі Біріккен Ұлттар Ұйымынан және қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздіктің басқа да дүниежүзілік құрылымдарынан ең алдымен өңірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйелерін құруға және қамқорлық жасауға, ал соның негізінде қазіргі бар құрылымдарды өзгертуге немесе халықаралық қауіпсіздіктің континенттік жаңа құрылымдарын құруға басты назар аударуды талап етіп отыр.

Еуразия материгіндегі қауіпсіздік проблемаларына жасалған талдау үшінші әлем елдері немесе дамушы елдер қарусыздану жөніндегі барлық келіссөздер үдерістеріне тең дәрежеде қосылуға тиіс екенін көрсетіп отыр. Мұның өзі үлкен мемлекеттерге тән осындай үдерістерді тым артық идеологияландырудан арылуға мүмкіндік береді. Және де қауіпсіздік пен қарусыздандудың халықаралық жүйелеріне жаңа сын-қатерлерге жаңа болжалды көзқарас ұсына алады.

Халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздандудың жоғарыда аталған үш проблемасына өзіндік көзқарасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Еуразиядағы халықаралық ынтымақтастықтың барлық деңгейіндегі қауіпсіздік пен қарусыздану жүйелерін құрудың үдерістеріне мақсатты түрде және белсене қатысып келеді.

Біріншіден, бұл – үш орталықазиялық мемлекеттердің – Қазақстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның – Орталық Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау жөніндегі күш-жігерін біріктіру саясаты.

Екіншіден, бұл – Қазақстанның ТМД шеңберіндегі халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану саласындағы белсенді бірігу саясаты.

Үшіншіден, бұл – Қазақстанның АӨСШК шақыру жөніндегі бастамасы. Бұл қауіпсіздік пен ынтымақтас-

тықтың қазіргі заманғы құрылымдарын құру жөніндегі ұзақ мерзімді жұмыс, ал кезі келгенде оның шеңберінде Азия құрлығында қарусыздану жөніндегі келіссөздер бастауға болады.

Төртіншіден, бұл – Қазақстанның ЕҚЫҰ жұмысына, «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына, ЯҚТШ-ға, СШҚ-1 келісіміне, сондай-ақ қарусыздану жөніндегі комиссия шеңберіндегі жұмыстарға қатысуы.

Қазақстан өзінің халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану мәселелері жөніндегі барлық практикалық сыртқы саяси қадамдарында жаңаша көзқарастың жоғарыда аталған екі қағидаттарын басшылыққа алады.

Алғашқысы: «жаңа геоэкономикалық үрдістерді түсінуден қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйелерін жетілдіру және жаңа жүйелерін құру арқылы қарусызданудың жаңаша көзқарастарын іздестіруге дейін».

Екіншісі: «өңірлік қауіпсіздік жүйелерін құрудан құрлықтық қауіпсіздік жүйелерін жақсарту мен жаһандық қауіпсіздік жүйелерін жетілдірудің тиімді үдерістерін іздестіруге дейін».

Халықаралық қауіпсіздік пен қарусызданудың жаңаша көзқарасын әзірлеуге деген осындай көзқарас 1990-шы жылдардың соңындағы – келесі ғасырдың басындағы жаңа талаптарға балама жауап табуға мүмкіндік береді.

Осынау ортақ мәселелерді шешіп алмайынша, біз әрқашан қарусызданудың жеке практикалық мәселелері шеңберінде кедергілерге, күтпеген жайларға және шешілмейтін түйіндерге кездесе беретін боламыз.

Қарусыздану жөніндегі конференция өмірдің өзі алға қойып отырған осы мәселелерді шешуден аттап

өте алмайды және кезі келгенде оларға лайықты жауап таба алады.

Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану саласындағы практикалық іс-қимылы ең алдымен осы саладағы республика қол қойған және қатысып келе жатқан барлық халықаралық шарттар мен келісімдерді сөзсіз және толық орындауға бағытталған. Оның ісі нәтижесінен көрінуде.

Қазақстан осыдан 5 жылдай бұрын ТМД елдерінің ішінде бірінші болып өз аумағынан барлық тактикалық ядролық қаруды алып шықты. Ол Лиссабон хаттамасына қатысушы елдердің арасында бірінші болып ЯҚТШ-ға ядролық қарусыз мемлекет мәртебесімен қосылды. Семей ядролық полигонын жапты.

Биылғы сәуір айында республика аумағынан 1200-ден астам құрлықаралық баллистикалық зымырандардың ядролық оқтұмсықтары шығарылды. Мамырдың 31-інде Семей полигонындағы жер астында қалған соңғы ядролық заряд жойылды.

Сөйтіп, Қазақстан жері ядролық қарудан толық тазартылды.

Менің елімнің нақ осы практикалық қадамдары мен біздің барлық қол қойылған халықаралық келісімдерге деген бекем адалдығымыз бізге халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану проблемаларына жаңаша көзқарастарды іздестіру қандай негізде және қалай жүзеге асырылмақ деген сұрақ қоюымызға мүмкіндік береді. Біздің осындай берік ұстанымымыз менің өзіме де, өзгелерге де осы айтылған сұрақты қоюыма негіз береді.

Әрине, осы үш проблеманы шешу белгілі бір ретте осы сессияға қатысушылардың және, жалпы алғанда, қарусыздану жөніндегі конференцияның құзыры шең-

берінен шығып жатуы да мүмкін. Нақ осыны айқын сезінуім менің сессияға қатысушыларға сөз арнауыма мүмкіндік береді, өйткені қарусыздану үдерісіндегі нақты табыстар, ең алдымен, осы залда отырғандардың бәрінің, бейнелеп айтқанда, «қарусыздану мен қауіпсіздік жөніндегі дүниежүзілік бірлескен іске тынымсыз қызмет ететіндердің» барлығының жеке күш-жігеріне, бай тәжірибесіне және дарынына байланысты екеніне мен кәміл сенімдімін.

Осы үш проблеманың қойылысы кейбір реттерде қарусызданудың қазіргі заманғы үдерістері туралы дәстүрлі түсініктің шеңберінен шығып жатуы да мүмкін. Бірақ мен өз сөзімнің міндетін нақ осы қарусыздану проблемаларын жаңа қыр көрсетулерге сәйкес көре білуді кеңейтуге, қарусыздану түсінігінің дәстүрлі шеңберінен шыға білуге, жаңаша көзқарас негіздерін іздестіруге арнадым ғой.

1980–1990-шы жылдардағы терең астарлы дүниежүзілік өзгерістермен байланысты жаңа жағдай қарусыздану жөніндегі конференцияның алдына жаңа талаптар қойып отыр. Осы жаңа сын-қатерлердің алдында қауқарсыз болмас үшін, оны дұрыс түсіну үшін біз халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану проблемаларына деген жаңа көзқарасты табуға тиіспіз.

Осылайша, жаңа жағдайдағы қарусыздану – жаңа сын-қатерлерді жаңа болжалды көзқараспен қаруландыру деген сөз. Бұған лайықты жауап біріккен күш-жігер арқылы табылатынына сенімдімін.

Конференция аясында ядролық сынақтарға тыйым салу жөніндегі арнайы комитеттің қайта құрылуын құптап, осы саладағы көпжақты келіссөздердің басталуын қанағаттанғандықпен атап өтемін.

Қазақстанда мыңдаған километр қашықтықтағы жер асты құбылыстарын тіркеуге қабілетті қазіргі заманғы үш сейсмикалық станса орналасқан. Осы стансаларды бақылаудың тиімді құралына айналуы мүмкін мониторингтің жаһандық желісіне қосуды ұсынамын.

Ядролық мемлекеттерді ядролық сынақтарға мораторийді тиісті шартқа қол қойылғанға дейін ұзартуға, ал сынақты жалғастырып отырғандарды осы мораторийге қосылуға шақырамын.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының
II сессиясында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 30 маусым

**Құрметті Қазақстан халықтары
Ассамблеясының сессиясына қатысушылар!**

Сіздердің бастамаларыңыз бойынша биылғы сәуір айында республика тарихындағы тұңғыш рет референдум өткізілді. Мен Қазақстанның барлық көпұлтты халқына және Ассамблея мүшелеріне біздің түбегейлі түрде реформаланып жатқан қоғамымыздың аса маңызды проблемаларын терең түсінгендері үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Өз табиғатымнан реалист бола отырып, Президенттің өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартуды

қолдаған адамдардың біз Қазақстанда қантөгісті жанжалдарға жол бермей сақтап келе жатқан тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім үшін дауыс бергенін мен жақсы түсінемін. Олар біздің бәрімізге аса қажетті қоғамдық татулықты сақтауға кепілдік беретін саяси бағытты жалғастыруға, демек, саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы біз жүргізіп жатқан стратегияға дауыс берді.

Қайта құру ұранымен басталған өзгерістер бүкіл бір ұрпақтың мұраттары мен тағдырларын күйретіп, олардың өмір ырғағын елеулі түрде бұлдірді, экономиканы құлдыратты және, соның салдары ретінде, жүздеген мың адамның әл-ауқаты төмендеп кетті. Қысқасы, шығын аз болған жоқ және соған қарамастан, референдумға қатысушылардың басым көпшілігі бюллетеньде қойылған сұраққа «Иә» деп жауап берді. Таңғаларлық жай ма? Тіпті де олай емес. Референдум нәтижелерін айқындаған қазақстандықтар біздің егемен республикамыздың болашағына деген сенімін танытты деп ойлаймын.

Сондықтан мен референдум өткізуге бастамашы болған Ассамблеяға ризамын. Айтпақшы, ол іс жүзінде консультациялық-кеңесші органнан адамдардың шынайы мақсат-мұратын білдіретін, көпұлтты Қазақстан халқын бірлікке жұмылдыратын белсенді қоғамдық институтқа айналып, Ассамблеяның жоғары беделін көрсетті. Сондықтан ол туралы жаңа Конституцияда айта кеткен жөн болар ма еді?

Азаматтардың референдумға жаппай қатысуы, олардың көзқарастары мен пікірлерінің үйлесуі жаңа ғасыр басталғанға дейін елдегі саяси тұрақтылық үшін негіз жасап, мемлекет басшысының алдынан тактика-

лық қана емес, сонымен бірге, белгілі дәрежеде стратегиялық кеңістік ашты, жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізуге және бұдан былайғы ілгерілеуіміздің бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.

1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында», сондай-ақ 1993 жылғы «Қоғамның идеялық топтасуы – Қазақстан дамуының басты шарты» деген еңбегімде жариялаған басты мақсаттарым өзгеріссіз қала бермек. Тек басым бағыттарды еске түсіре кетейін. Олар:

– реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың сөзсіз саяси шарты ретінде тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету;

– меншіктің мемлекеттік және мемлекеттік емес нысандарын үйлестіретін әлеуметтік нарықтық экономиканы қалыптастыру;

– адамның экономикалық еркіндігі қағидатын жүзеге асыруға қажетті құқықтық шарттар мен практикалық база жасау;

– өзінің барлық азаматтарының жеткілікті әл-ауқат дәрежесін қамтамасыз ететін қоғам құру;

– Қазақстанның этностық даралығын дамыту мен ұлттық-мәдени саналуандығын сақтау;

– демократиялық өзгерістерді тереңдету, саясатта пікір алуандығын қамтамасыз ету;

– адамның бостандықтары мен құқықтарын сақтау негізінде Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы лайықты беделін қалыптастыру, әлемдік экономикада бекем шептерге ие болу;

– Қазақстанның мемлекеттік құрылымын президенттік сипаттағы демократиялық республикаға айналдыру.

Біз осы бағытта жоспарлы түрде ілгерілеп келеміз. Мен осы жиында жағдайды өзімнің қалай көріп отырғанымды баяндап, қоғамдық өмірдің басты салаларында референдумның қорытындыларынан туындайтын саясатты негіздеп, ең жақын арада республикада демократиялық құқықтық мемлекеттің берік іргетасын қалап шығу үшін жүзеге асырылуға тиісті жоспарлармен таныстырып өтпекпін. Әңгіме, бірінші кезекте, нарықтық даму мен мемлекеттік құрылыстың стратегиясы туралы болып отыр.

Мемлекеттілік: қалыптасу проблемалары

Қазақстан қазір ТМД-ның барлық елдеріне тән күрделі, өтпелі кезеңді бастан кешіп отыр. Бұл халықтардың біртұтас мемлекетте бірлесіп өмір сүруінің дәстүрлеріне, діл мен саяси мәдениет ортақтығына, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді біртұтас халықшаруашылық кешені шеңберінде шешу дағдысына, еңбек бөлісу мен өндірістік мамандандырудың жаңа деңгейінің жоқтығына байланысты.

1991–1992 жылдары, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде, Қазақстанда, Достастықтың басқа да елдеріндегі сияқты, жаңа қалыпқа оп-оңай әрі қиналыссыз өте қою жөніндегі утопиялық түсініктер басым болды. Алда тұрған жұмыстың бүкіл күрделілігін және оның нәтижелері үшін жауапкершілік деңгейін жете бағаламау орын алды. Баспасөз бостандығы, халықтың демократиялық жолмен еркін білдіруі, ар-ождан мен жиналыстар бостандығы, сондай-ақ демократиялық қоғамның басқа да белгілері тәрізді ерекше құбылыстармен іс жүзінде алғаш кездескен адамдардың көпшілігі абдырап қалды. Ал сол кездегі кейбір саяси көсемдер, ашығын айтсам, жағдайды өз мүддесіне әдейі пайдаланып қалуға тырысты.

Сол кезде Қазақстанды реформалаудың миды ашытарлық және негізінен популистік сипаттағы теориялық ізденістерге толы қаншама идеялары, бағдарламалары мен үлгілері ұсынылмады десеңізші! Осының бәрі сол кездегі іс басындағы билікті көбіне әдепсіз сынаумен және тез арада игілікке жеткізетіні жөніндегі оңды-солды берілген уәделермен бірге адамдарға ақтарылып жатты. Әрине, мұның бәрі осы көсемдер мемлекеттегі түйінді қызметтерге орналасқанда ғана орындалмақ болатын. Бұл жерде Лев Троцкийдің Алматыда айдауда жүріп, Коминтерннің VI конгресінде социалистердің кейбір сөйлеген сөздеріне орай жазылған хатының бірнеше жолдарын еске түсірген де орынды. Ол достарына: «Көкжиектегі бұлтты түйеге немесе тіпті балыққа, ал ханзадаға (яғни, кезекші көсемге) қажет болса, оны жеке алынған бір елдегі социализмге және кез келген өзіндік бір құймаққа ұқсатып, теориялық дәлелдемелер ұсынуға болады», деп жазған еді. Бізде де шамамен нақ осылай болды, бірақ ол басқа бір тарихи жағдайда өтті.

Оппозициялықты жұрттың көбі сол кезде елдің басшылығы мен саяси партиялар арасындағы қатаң егестің көрінісі ретінде, сөз бостандығын нені болса соны айтуға және жазуға болатын мүмкіндік ретінде түсінді, тіпті бұл ұлтаралық және әлеуметтік қайшылықтардың отын өршіту қаупін төндірсе де солай етті. Оппоненттерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін аяққа басудан да тайынған жоқ. Сайламалылықты шағын топтық мүдделер үшін «өз» кандидатураларын өткізуге деген құқық ретінде бағалады.

Демократиялық қағидаттардың бұлайша бұрмалануы қоғамның оларды қабылдауға дайын болмағандығынан, сондай-ақ демократияның тек маңдай

тұсын ғана асығыс тұрғыздан туындады да, халықтың демократиялық бостандықтар туралы түсініктерінің олардың келеңсіз жүзеге асырылуымен алшақтығына әкеліп соқтырды. Бұл адамдардың терең түңілісін туғызды. Олар дәстүрлі мемлекеттік қамқоршылықтан айрылудан, құқықтар мен міндеттердің қатаң ұштауынан, өз тағдырын өзі анықтау қажеттігінен қорқа бастады.

Бұл кезеңде жұрттың бәрі ескі қоғамды күйретуге тырысқан яacobиншілерге айналды. Кең құлашты қоғамдық бірлік, қордаланып қалған проблемаларды бір дегеннен шеше салатын демократиялық басшылар туралы қиял басым болатын. Көптеген көңілдерді толыққанды нарықты қиындықсыз-ақ қалыптастыру, халықтың тұрмыстық дәрежесін тез арада көтеру, өте қысқа мерзім ішінде саяси бостандықтары дамыған құқықтық қоғам құру жөніндегі желікпе үміт жайлады. Қаласаң болғаны, бәрі де оңынан шешіле қалатындай көрінді.

Алайда бұрынғы режім күйретіле салысымен көп ұзамай батыстағы демократиялар тәрізді азаматтық қоғам мен демократиялық мемлекет орнайды деген барлық ТМД елдерінің үміті утопия болып шықты.

Бүгінде бұған тоталитарлық қоғамнан шығатын төте әрі қысқа жолдың жоқ екені белгілі болды. «Революциялық» құлшыныста тарихтың объективтік заңдары ұмыт болды. Батыс өркениетінің ғасырлар бойы құрылғаны да естен шықты. Онда ұлттық нарық талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқаны, демократиялық құқықтар жолында кескілескен күрестер жүргізілгені, парламенттік жүйенің де бір дегеннен оп-оңай қалыптаса қоймағаны белгілі.

Нарыққа тез арада көшу дәмесі де елес болып шықты. Нарық көбінесе қарабайыр жайма базарға айналды. Меншікті жекешелендіру, оның иесі болмағандықтан, пәрменді қызмет атқара алмады. Мемлекеттік бюджет несиелік алаяқтықтың көзіне айналды. Халық билігі ретіндегі демократия көбінесе әртүрлі ықпалды топтардың билік жолындағы күресімен, жершілдіктің күшеюімен алмасты.

Бостандықтың жемісін көп ретте қатардағы азаматтар емес, неше түрлі қылмысты және бүлікшіл элементтер пайдаланып кетті. Мойындаудың өзі қиын, бірақ қысылтаяң кезеңдегі арсыздықпен баюдың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың, құқық қорғау органдарының, қаржы-банк, коммерциялық құрылымдардың жылпос өкілдері мен қылмыскер алпауыттарды біріктіріп жіберді. Қазір нақ солармен ең қатал күрес жүргізіліп жатқаны сіздерге белгілі.

Бастан кешіп отырған әлеуметтік дағдарыстың себептері әзірше әлсіз саяси күштердің тайталасынан гөрі, бір жағынан, прогресшіл демократиялық үдеріспен, екінші жағынан, ескі сананың көрінісі ретіндегі кертартпа күштер арасындағы қайшылықтардан туды.

Ахуалдың шиеленісуінің мәні адамдардың реформалар мен еркіндікке деген бастапқы ынтасының нақты экономикалық, әлеуметтік және саяси тірек тауып, табандай алмауында. Біз әлі ескі мемлекеттік социализм жүйесінің қуатты топтамалары мен демократиялық өмір құрылымының шашыраңқы элементтері мидай араласып кеткен көмескі қоғамда өмір сүріп жатырмыз.

Бұл проблемалар неден туындап отыр? Ең алдымен, оған қайта құрудың яacobиндік кезеңі халықтың реформаларға, тіпті демократиялық ұғымға деген сенімін

біржола үзуі себепші болды. Біздің бұрынғы жүйеміздің шетелдік білгірлерінің бірі сол кездегі ахуалды былайша дәл сипаттайды: «Бәрін де істеуге болады, бірақ жасалып жатқан ештеңе жоқ. Бәріне де рұқсат берілген, бірақ еш нәрсені де жүзеге асыруға болмайды».

Гәп мынада: ол кезде Одақ басшыларында түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ешқандай бағдарламасы болған емес. Кеңестік жүйенің іргелі негіздерінің бірде-біріне – КОКП-ның жетекші рөліне, мемлекеттік меншік монополиясына, идеологиялық өктемдікке – күдік келтірілген жоқ.

Ал қайта құрудың басты объектілері нақ осылар болуға тиіс еді. Нәтижесінде жүйені реформалау емес, қайта оның заңды күйреуі жүзеге асты.

1991 жылғы тамыз айындағы белгілі оқиғалардан кейін тәуелсіз жаңа мемлекеттердің қалыптасуы мен қазіргі және болашақтағы проблемалардың әмбебап дауасы ретінде егемендік идеясына жаппай еліктеу кезеңі басталды. Ашық айтылмағанымен, тәуелсіздік туралы жариялап, демократия мен нарық бағытын белгілесе болғаны, барлық қиыншылықтар артта қалады деген түсінік болды. Бұл Қазақстанда да орын алды.

Шындық әлдеқайда қатал болып шықты. Ол жарияланған тәуелсіздік пен нақты егемендікке жетудің арасында ұзақ жол жатқанын көрсетіп берді. Демократия мен нарықты жариялаудан оларды нақты қалыптастыруға дейін дамудың күрделі кезеңінен өту керек екен. Бұл, әсіресе, 1993–1994 жылдары ерекше түсінікті болды. Бұл кезге дейін әлеуметтік топтардың арасы күрт ажырап кетті. Қоғам біртұтас емес, өз мүдделері мен қоғамның болашақ құрылымы туралы өзіндік түсініктері мүлдем бөлек топтар бар екен.

Осы кезең ішінде өздерін партия және қозғалыс деп дабырайта атап жүрген, шектен тыс өзімшіл және қоғамдық мүдделерден мүлдем аулақ көсемсымақтар бастаған толып жатқан ұсақ топтар пайда болды. Мемлекеттіліктің қалыптасуындағы осындай дерт ақыры белгілі болған екі бірдей парламенттік дағдарыстан және үкіметтің екі рет отставкаға кетуінен көрінді.

Иә, бұл адамдардың реформалардан көңілі қалған, терең қоғамдық саяси күйзелістің кезі болды. Бірақ бұл сауығу және реформаторлық жолдың барлық қиындықтарын біртіндеп сезіну кезеңі де болды.

Мұның бәрін мен тек атап өту үшін ғана емес, өзімнің де қателіктерімді сезініп айтып тұрмын. Бұл жерде тек байқап көру мен қателіктерден тағылым алу тәсілін пайдалана отырып, бұрын-соңды білмеген жолмен жүргеніміз арқылы ғана ақталуға болады. Осының бәрін түсіне білгенін биылғы 29 сәуірдегі референдумда көрсеткен халыққа рахмет.

Сонымен қатар, 1991–1994 жылдары өмірдің барлық салаларында, елеусіз болғанмен, іргелі сипат алған маңызды ілгерілеулер де болып жатты.

Экономиканы алайық. Біздің өмірімізге әлі толыққанды болмағанымен, өз ережелерін әкелген, республика ішіндегі және мемлекетаралық шаруашылық қатынастарына өзінің түзетулерін енгізіп жатқан нарық келіп кірді. Мысалы, біз ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі үзіліп қалуы өндіріс дағдарысының тереңдей түсуінің елеулі факторы болған бұрынғы шаруашылық байланыстарын қалпына келтіру туралы жиі айтамыз. Бұрын бұл байланыстарды мемлекет жоғарыдан реттеп отыратын, ал қазір олар нарықтық

жүйе арқылы төменнен реттеле бастады. Немесе тағы бір жайт: бәсекелестік пен оның салдары ретіндегі тауарлардың сапалылығы мен олардың нақты бағасы тәрізді нарықтық атрибуттар пайда болды және мұның игі іс болғанын атап өтпекпін. Сонымен қатарласа нарықтық инфрақұрылымның жекелеген элементтері қалыптаса бастады, отандық кәсіпкерлер жігі пайда болды. Меншік режімі белсенді түрде алмаса бастады, сыртқы сауда ырықтандырылып, ұлттық валютаның жайғасымы нығая түсті.

1993 жылғы қараша айында теңге енгізілген сәттен бастап біз елдегі қаржы-экономикалық үдерістері мен реформалардың барысын нақты басқара бастағанымызды естен шығармау қажет. Мемлекеттілігіміздің нақты қалыптасуы да сол кезде басталды. Қазақстан дүние жүзіне танылды, оның бейбітшіл мемлекет ретіндегі беделі арта түсті. Шетелдік инвесторлар үшін біздегі саяси тұрақтылық басты кепіл болды: олардың сенім білдіріп, бізге келе бастауы осыдан.

Одан кейінгі бүкіл кезеңде қоғамдық қақтығыстардың бәрінен Конституция мен заңдардың негізінде өттік. Таяуда өткенмен салыстырғанда мұның маңызы аз емес: өзгеше ойлау мен жеке адамды тұншықтырудың бұрынғы практикасының орнын проблемаларды шешудің саяси тәсілдеріне және өзгерістердің бейбіт, эволюциялық үлгісіне бейілділік басты.

Мен мұны жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудың қазақстандық нұсқасының айрықша белгісі деп бағалар едім. Біз саяси тайталастың қантөгісті қақтығыстарға ұласуына жол берген жоқпыз, біздегі парламенттік дағдарыстар қала көшелеріне танктерді шығарудан аулақ болды, біз азамат соғыстарына киліккен жоқпыз,

жікшілдік пиғылдармен байланысты шиеленістің ушығуына жол бермедік.

Біздің үлесімізге тиген қиындықтар аз емес, бірақ басқа елдердің басынан кешкенімен салыстырғанда, өтпелі кезеңнің көптеген сұмдығынан біз аман қалдық және сол үшін мақтана аламыз. Сондықтан да мемлекетіміздегі татулық пен тұрақтылықты бағалап, көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз.

Бүгін таңда бұрынғы режимге қайтып оралудың мүмкін еместігі баршаға аян деп ойлаймын – экономикалық жүйеде, адамдардың санасында және қоғамның әлеуметтік құрылымында өте көп нәрселер өзгеріп кетті. Міне, сондықтан, 3–4 жылда жүріп өткен жолымызға көз жүгірте отырып: халық пен мемлекет үшін тарихи мәнділігі жағынан ол ондаған жылдарға барабар болды деп анық айтуға болады.

Шынайы демократия, тұрақтылық, рухани жаңғыру жолында

Біздің қоғамымыз жаңа, шынайы демократиялық өзгерістердің табалдырығында тұр. Дегенмен, егер біз құқықтық мемлекет болуды шынымен қаласақ, онда Конституцияны мүлтіксіз сақтауға тиіспіз, өйткені ешқандай жағдай заңнан жоғары болуға тиіс емес. Өкінішке қарай, біздің идеологиямыз мемлекеттің қоғам мен жеке адамға қатысты құқықтық жүгенсіздігін солардың мүдделерін қорғаудың қажеттігі дейтінмен өте ұзақ уақыт бойы әрі жиі бүркемелеп келді. Ал сонау Қайта өрлеу дәуірінің заңгері Гуго Гроций: «Қажеттілік – адам әлсіздігінің ұлы бас сауғалайтын жері. Ол кез келген заңды бүлдіреді», – деп сақтандырған болатын.

Қазір ұзақ мерзімге арналған іргелі құжатты қабылдау алдында тұрғанда, біз жағдайдан, күнделікті қиындықтардан және неше түрлі «өтпелі кезеңнің қажеттіліктерінен» жоғары тұруға тиіспіз.

Біздің басты мақсатымыз – күшті мемлекет құру, бірақ ол өзіндік мәні бар күш емес, барша жұрт мойындаған демократиялық бостандықтар мен мұраттардың негізінде азаматтарды қорғайтын құрал болуға тиіс. Бұл орайда жол біреу ғана – мемлекеттің меншікке деген монополиясын мүмкін деңгейге дейін шектеу, оның басқа түрлерін дамыту және әрбір азаматқа кәсіпкерлік еркіндігін беру.

Осыған байланысты әлі күнге дейін «кеңестік шекпеннен» шыға алмай, мемлекеттік сектордың мүдделерін қорғайтын адвокаттар сияқты болып отырған үкіметті, министрліктер мен ведомстволарды жазғыруға тура келеді. Олар меншіктің басқа түрлерімен тығыз айналысып, жеке бизнеске көмектесуі қажет. Заңдар бұған мүмкіндік беріп қана қоймай, соған ынталандырып та отыр.

Экономикада пайда болған жақсару жемістерін халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің, ең алдымен – табысы аз, еңбекке жарамсыз азаматтардың, зейнеткерлер мен оқушылардың көкейкесті мұқтаждарын қанағаттандыруға жұмсаған жөн. Ал басқаларына келетін болсақ, мемлекет олардың еңбекте және шығармашылықта өзін өзі көрсетуі үшін экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджетті жүйелі және сенімді түрде толықтырып отыру керек. Бұл жерде барынша реттелген салық жүйесі шешуші рөл атқаруы тиіс. Біз салық қыспағының сал-

мағы халықтың экономикалық белсенділігін тұншықтырып, қазынаның кірісін қысқартатындай шектен асып кетпеуге тиіспіз. Салық төлеуші – ауланатын құс емес, мемлекеттің серіктесі дейтін алтынға бергісіз ақиқат бар.

Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету және соның негізінде халықтың қолын жақсы тұрмысқа жеткізу үшін, мен үкіметке биылғы жылдың қарашасына дейін 1996–2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативтік жоспарының жобасын жасауды тапсырдым. Көптеген егжей-тегжейді қозғап жатпай-ақ, ең бастысын айтайын: бұл құжат 1998 жылға қарай Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін кемінде екі есе арттыру, инфляцияның жыл сайынғы өсу қарқынын 10 %-ға дейін азайту, 1996 жылға дейін өндірістің өрлеуін қалпына келтіру үшін қажетті шараларды айқындауға тиіс.

Жасалып жатқан осы бағдарламада шағын және орта бизнестің тиімділікпен жұмыс істеуі, жекеменшік кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қалыптастыру белгіленді. Сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау жүйесін оңтайландыруға, оған неғұрлым нақтылық сипат беруге, соның ішінде мемлекеттік басқару органдары арасында міндеттемелерді айқын бөлуге және жергілікті органдарға бұрын кәсіпорындар мен шаруашылықтардың құзырына жатқызылып келген халыққа қызмет көрсету міндеттерін беруге баса назар аударылатын болады.

Кеңірек айтсақ, еркін экономика болмайынша, жарияланған демократиямыз диктатура туындайтын негізге айналады. Жеке тұлғаның, адамдар тобының немесе партияның диктатурасы болса да – бәрі бір. Қоғамның

құрылымы қалыптаспаған және тұрақтылығы жеткілікті болмаған жағдайда кез келген кездейсоқтық, оқиғалардың кез келген бұрылысы орын алуы мүмкін.

Жақында біз Жеңістің 50 жылдығын мерекеледік. Әлем қазіргі жағдайы үшін кеңес халқының өшпес ерлігіне борыштар. Ал дүниежүзілік қырғынды өршіткен Гитлер де өкімет басына демократиялық сайлау арқылы келген жоқ па? Және де қазір алуан түрлі экстремистік элементтер адамдардың мүдделерін бүркеніп, әр жерде билікке ұмтылып жүрген жоқ па? Біз өткеннен және осы бүгінгімізден тағылым алуға тиістіміз.

Қазақстанда демократияның қажетті саяси кепілдіктері бар. Мен өзіміздің дұрыс даму бағытын таңдап алғанымызға сенімдімін. Біздегі көппартиялылыққа кепілдік жасалып, баспасөз бостандығы қамтамасыз етілгенінің өзі осыны дәлелдейді. Мемлекеттік биліктің саяси бағыты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімге бағдарланған.

Өкінішке қарай, біздің адамдардың бәрі бірдей болып жатқан өзгерістердің қайта айналмайтынын сезіне бермейді. Республикада қоғамда жеткілікті дәрежеде жаппай қолдауға ие болып отырған партиялар әлі қалыптаса қойған жоқ, ал бұл мемлекеттік билікті қоғамдық көңіл-күйді объективті түрде біліп отыру мүмкіндігінен айыруда. Бірақ белгілі бір уақыт өтіп, өркениетті саяси құрылым қалыптасқаннан кейін, қоғамға ықпал ете алатын, бағдарламалары мазмұнды және елеулі кадрлар әлеуеті бар партиялар құрылады да, олардың билік басына келуі қалыптғы жағдайға айналады және, ең бастысы, бұл қоғам үшін пайдалы болмақ.

Демократиялық қоғамның қалыптасуындағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі туралы бірер сөз.

Бұдан бұрын да айтқанымдай, Қазақстанда еркін де тәуелсіз баспасөздің болуы – біздің баға жеткізгісіз демократиялық игілігіміз. Көп адамға бұл оғаш көрінеді әрі жайсыз да. Көбінесе мен де осыған байланысты түрлі тараптардан қысым көріп жүрмін. Соған қарамастан, бекем айтарым: біз алдағы уақытта да Қазақстанда ұдайы еркін журналистика болуы үшін жағдай жасай бермекпіз.

Ендеше, мына жағдаймен де келісу керек: мемлекет баспасөз үшін қалыпты жұмыс жағдайын туғызатын болса, онда ол да заң мен журналистік әдеп шеңберінен шықпауға тиіс. Өйткені абайсыз айтылған бір ауыз сөз болжап білуге болмайтын оқиғаларға соқтыруы мүмкін. Сірә, өз таралымын ұлғайту үшін кейбір басылымдар ұлттық немесе діни құмарлықтың ойынын ашық, яки астыртын түрде пайдалануға әрекет жасайды. Өмірдің ауыртпашылықтарын құлшына жазып, оның тек көлеңкелі жақтарын көрсету әдетке айналып барады, ал бұл қоғамда тұйықтан шығар жол жоқ деген сезім мен әлеуметтік күйзеліс туғызатынын және адамның жаңа жағдайда өз орнын тауып, оған бейімделуіне кесірін тигізетінін журналистердің түсінбеуі мүмкін емес.

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар!

Мен түрлі аудиторияларда және сан түрлі адамдармен әңгімелесу үстінде жүргізіліп жатқан реформалар рухани азғындауға соқтырады, қаласақ та, қаламасақ та, нарық психологиясы қара күшті, баюды, өзімшілдікті әспеттеу сезімін туғызады деген пікірді жиі естимін. Сіздер де жастарымыз адамгершілік бағдардан айрылып қалды, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінің бастауын тәрк етті, үлкенді сыйлаудан

қалды дейтін күңкілді талай естіген боларсыздар. Кілең бір мәңгүрттер, жоғалған ұрпақ, басқа ештеңе де емес секілді!

Мұндай үзілді-кесілді тұжырым – ежелден келе жатқан «әкелер мен балалар» таласында ең жақсы дәлел болмаса керек. Бұл проблемаға бұра тартпай қарайықшы: қазір жастардың басым көпшілігі шет тілдерін үйреніп, басқа елдердің мәдениетіне, салттары мен дәстүрлеріне ықылас қойып жүр, өз халқының рухани тамырларын зерттеп, маркетинг пен менеджменттің негіздерін, басқа да ілім-білімді үйренуде. Әрі байқайсыз ба, мұның бәрін әбден саналы түрде, жаңа білім алдағы уақытта өздеріне міндетті түрде керек болатынын толық түсінгендіктен істеп жүр. Мұның өзі шынайы руханилыққа, дүниежүзілік, демек, ұлттық мәдениеттің де бастауларына жеткізер жол осы емес пе?

Екінші жағынан, меніңше, жас ұрпақтың рухани және адамгершілік мұралардан қол үзіп қалуының қаупін толық жоққа шығару да елеулі қате болар еді. Иә, ақпарат ағынына жол ашқаннан кейін біз шынайы парасаттылықты жылтыр қағазға оралған арзан әрі жасанды құндылықтармен алмастыратын тобырлық мәдениет дейтін қоқыспен бетпе-бет келіп отырмыз. Әрине, жылдар өте келе жастар шынайы құндылықтарды жасандыдан ажырата білуді үйренетін болады. Ал олардың күрделі әлемде бағдарын тауып, рухани бағытын айқындауына біз, аға ұрпақ өкілдері, көмектесуге тиіспіз.

Біздің көпұлтты қоғамымыздың адамгершілік негіздерін тәрбиелеу мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілуі тиіс деп ойлаймын. Анығырақ айтқанда, бұл бағытта мемлекеттік саясат қажет, таяу және алыс

болашақтағы іс-қимылдардың мұқият әзірленген бағдарламасы керек. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өміріміздің қайтарымы ең көп салалары – білімнің, мәдениеттің, өнердің басым дамуы үшін Қазақстанда қажетті жағдайлар жасалуға тиіс екеніне барша жұрт келіседі деп ойлаймын. Адамға, оның білімі мен мәдениетіне жұмсалған қаржы – мемлекеттің болашағына жұмсалғаны. Сондықтан жаңа Конституцияның жобасы адамға барынша бағытталған, оның рухани және адамгершілік мұқтаждарын қанағаттандыруға кепілдік береді.

Негіз қалаушы қағидаттар

Қазіргі уақыт өткенді өзгерте алмайды, бірақ одан тағылым ала алады. 1993 жылғы Конституциядағы ағаттықтар мен шалағайлықтар, еріксіз жол берілген мәмілелер бірқатар жағдайларда елді құқықтық және саяси түйыққа апарып тіреді.

Қысқа мерзім ішінде парламенттің екі рет тарағанын еске алайықшы – мұның әрқайсысында ол белгілі бір дағдарысты жағдайда өтті, ал ондай жағдай Конституцияда көзделмеген болатын. Оның үстіне, биліктің тежемелік пен теңгермелік жүйесін сөз жүзінде жариялағанымен, іс жүзінде Конституцияда олар жоқ болып шықты. Социалистік өткен мен нарықтық болашақ арасындағы жарты жолда қалған ол алуан түрлі әрі өзара үйлеспейтін ережелердің берекесіз жиынтығына айналды да, дәйектілік пен біртұтастықтан айрылды.

Әуелде қолданыстағы Конституцияға мейлі көп болса да, тек түзетулер енгізумен шектелу керек деген нұсқаның ұсынылғанын көпшілік біледі. Бірақ одан соң

Негізгі заңның бүкіл құрылымын ауыстыру, көптеген басқа баптардың түзетілуін қажет ететін, ал бәрін бірдей біртұтас және өзара байланысты құжатқа жинақтау мүмкін емес аса принципті ережелерге өзгерістер енгізу қажеттігі айқын болды.

Соның нәтижесінде сапасы өзгеше Конституцияның жобасы сіздердің қолдарыңызда, мен онымен соңғы жарты жыл бойы шұқшия жұмыс істедім. Маған отандық заң ғылымының үздік өкілдері көмектесті. Жоба отандық және шетелдік әйгілі сарапшылардың тәуелсіз талдауынан өтті.

Жекелеген ережелер қоғамдық пікірді зерттеу жолымен тексерілді. Менің ойымша, барлық бұлтартыстар мүмкіндігінше ескерілді. Ұсынылып отырған тұжырымдамалардағы ең ширыққан мәселелердің құқықтық реттелуі – аса қиын толғаныстардың нәтижесі және оның мақсаты – баршаны біріктіру әрі біздің қоғамымызда қай тараптың да тайталасын тудырмау.

Жаңа Конституция халықтың билікпен біртұтас, анық әрі нақты «шарт жасауы» ретінде ойластырылып, ұсынылуы арқылы сапалық ерекшелікке ие болып отыр, ол адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің, қоғамды ұйымдастырудың, мемлекеттік жүйе құрылымы мен оның жұмыс істеуінің әркімге түсінікті іргелі, жүйе түзуші, басым элементтерін белгілейді. Бұдан басқа ештеңе де емес. Неғұрлым жеке сипаттағы өзге жайттар кәдімгі немесе конституциялық заңдарда реттелуі тиіс.

Бұл Конституцияны халық қолдайды деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қоғамдастыққа толық құқығы бар мүше болып енген Қазақстанның өмір сүруі мен дамуының негізгі бес қағидаты тұжырымдалған деп есептеймін.

Сонымен, біздің конституциялық басым бағыттарымыз мыналар:

1. Мемлекетте оның барлық азаматтарының құқық теңдігі негізіндегі ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық.

2. Республиканың бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму.

3. Елдің тұтастығы мен оның көпұлтты халқының бірлігі.

4. Мемлекеттің бірінші кезекте Қазақстан азаматтары туралы жан-жақты қамқорлығына негізделген қазақстандық патриотизм.

5. Мемлекеттік маңызды мәселелердің бәрін референдумда немесе парламентте дауыс беру жолымен бейбіт әрі демократиялық жолмен шешу.

Бұл қағидаттар жобада жоқ. Бірақ, меніңше, олар Конституцияның 1-бабында жазылуға тиіс деп есептеймін.

Сіздер жаңа Конституция жобасымен танысқан болар деген оймен оның тек өзекті қағидаларына ғана тоқталмақпын.

Қазақстан мемлекеттігінің табиғаты, оның мәні туралы мәселеден бастайын. Бұл орайда Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығы идеясы басым саналады және ол елдің жаңа Конституциясында көрініс табуға тиіс.

Өзінің қай ұлтқа жататынына қарамастан, әрбір қазақстандық азамат Қазақстан – өзінің жан-тәнімен біте қайнасқан туған мемлекеті екенін, Жер шарының қай түкпірінде жүрсе де, ол әрқашан өзіне көмекке келуге, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

екенін сезінуге тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін өркендету мен тәрбиелеу үшін түбірлі негіз пайда болады. Тек осы жағдайда ғана біздің азаматтарымыз қазір бүкіл әлем Қазақстан ретінде білетін мемлекеттің азаматы болғаны үшін мақтаныш сезіміне бөленбекші.

Дәл осыған байланысты жобада бұл мәселені шешудің қосбірлікті жолы көзделген. Бір жағынан, біздің елімізді Қазақ Республикасы деп атау ұсынылып отыр, ал ол ондаған жылдар бойы Қазақ КСР-і деп аталып келді және бұл ешкімді шамдандыра қоймаған болатын. Бұл орайда екінші бапта «Қазақ Республикасы» және «Қазақстан» деген түсініктердің тең мағыналы екендігі көзделген.

Сонымен бірге, қазір қолданыстағы Конституциядағы Қазақстан өзін өзі билейтін қазақ ұлтының мемлекеттігі екендігі туралы жазба біздің кейбір отандастарымыздың алаңдаушылығын туғызды. Менің өзім үшін Қазақстан – бір ғана қазақтардың емес, елімізді мекендейтін барлық ұлттар өкілдерінің мемлекеттік өзін өзі билеуінің нәтижесі.

Жобада президенттік басқару нысанындағы республика ұсынылады. Мұндай мемлекеттік құрылым бүгінгі мемлекет басшысының әлдебір мүдделері мен асқақ ниетінен емес, объективтік факторлардан туындап отыр. Әрі бұл біздің еліміз үшін айтарлықтай ұзақ болашаққа қажет.

Парламенттік республика жағдайында үкіметтің басшысы мен құрамын әдетте парламент белгілейді және олар парламенттің алдында саяси жауапты болады. Әрі үкімет парламентте көпшілік орынға ие болған партияның жетекшілерінен құрылады. Парламент сайлаған

президенттің мемлекеттік билікті жүргізуге ықпалы аз болады және оның шешімдері тек парламент пен үкімет мақұлдағаннан кейін ғана күшіне енеді.

Бұл жолмен жүру үшін елде парламентаризмнің жетілген дәстүрлері мен мәдениеті, көппартиялықтың дамыған жүйесі және, ең бастысы, осының бәрін ой елегінен өткізе алатын халықтың қалың бұқарасының түсінігі болуға тиіс. Қазір бізде бұл жоқ.

Президенттік республика түріндегі мемлекеттік құрылыс барынша икемді нысан. Ол президент, парламент және үкімет өкілеттіктерінің нақты арақатынасын көздейді, іс жүзінде билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлетін классикалық қағидатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда бүкіл халық сайлаған Президент Конституцияны сақтаудың кепілі, сондай-ақ биліктің барлық тармақтарының және халық алдындағы олардың жауапкершілігінің ұйымдастырушысы әрі төрешісі болады.

Ол мемлекет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, өзіне мемлекет басшысының рөлін және Конституцияны, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі рөлін атқаруына, биліктің барлық тармақтарының және бүкіл мемлекеттік организмнің үйлесімді және жемісті қызмет атқаруын қамтамасыз етуге көмектесетін органдар құрады. Демократиялық елде «бәрін бірдей шешетін» адам да, орган да болмауға тиіс.

Әрине, президенттік республиканың нысаны өкімет билігін дербестендіруге бейім келеді, бірақ демократиялық тежеулер бар болған кезде мұның өзі белгілі жағдайда тіпті қажет те. Мұндай басқару жағдай тұрақты бола қоймаған реформалар мен басқа қоғам-

дық жүйеге көшу кезінде, сондай-ақ аумағы кең-байтақ елдер мен көпұлтты мемлекеттерде ерекше тиімді. Қазақстанда және бұрынғы Одақтың басқа да республикаларында болып жатқан саясаттағы түбегейлі бетбұрыс мемлекет басшысының басқаруы арқылы мемлекеттің бақылауымен жүргізілуге тиіс, өйтпесе, бәрін түгелдей сыбайласқан топтар мен қылмысты бірлестіктер билеп алады. Бұрынғы Одақ кеңістігінде бұл үрдістің сорақы мысалдары бастан асады. Демек, бүкіл реформалар үдерісінің түпкілікті табысы үшін мұндай бақылаудың маңызы айрықша.

Президенттік республикадағы президент қандай болмақшы? Оны бүкіл халық сайлайды, ал ол премьер-министрді және оның ұсынысымен үкіметтің мүшелерін тағайындайды. Оларды президенттің өзі отставкаға жібере алады немесе оны үкіметке парламенттік сенімсіздік білдіру арқылы істейді. Белгілі жағдайларда парламент президенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтата алады, бірақ президент те, Конституцияда көрсетілген жағдайларда, парламентті таратуға құқылы. Президенттің қол қойған заңдары немесе жарлықтары Конституцияға қайшы келетін болса, Конституциялық сот оларды заң күшінен айыра алады.

Көріп отырсыздар, президенттік биліктің авторитарлық билікке айналуына жол бермейтін тежемелік және теңгермелік жүйесі бар. Мен жеке-дара билік жағында емеспін. Бірақ, сонымен бірге, мен Қазақстанда билік пен мемлекеттік институттардың барлық тармақтарынан азаматтары демократияны ел заңдарына қатаң бағыну жағдайындағы бостандық деп ұғатын жас мемлекетті дағдарыстан алып шығуға, оны аяғынан нық тұрғызуға, шынайы демократиялық қоғам құруға

қабілетті, күшті өкімет құруды жақтаймын. Және ең бастысы – барлық азаматтардың құқықтарының теңдігі негізінде саяси және этносаралық тұрақтылықты сақтау. Күшті президенттік билік әрбір жеке азамат пен тұтастай алғанда бүкіл қоғамды қорғау мүддесі тұрғысында барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдардың өктемдігін шектеп, жолын кесіп отыруға тиіс екенін де айту керек.

Оркестрде бір ғана дирижер болуға тиіс, сонымен бірге, ол әрбір сазгердің абыройы мен міндетін төмендетпеуі керек. Өткен жылдардың тәжірибесін талдай келіп, басқаша жолды көре алмай тұрмын. Өзіміздің жаңа тарихымызда біз алғашқы қадамдарды жасап жатырмыз және олар былықтың күшеюіне немесе жаңа қоғамдық тығырыққа соқтырмауы өте-мөте маңызды. Дүниежүзілік ахуал бүкіл әлем тек демократия тілімен сөйлейтін болуына қарай ілгерілеп барады деп сенетін ел басшыларына қосыламын. Біздің де осы бағытта жүруге тиіс екеніміз даусыз.

Мен демократияға терең берілгенмін, сондықтан осынау биік мінберден өзімнің жүрекжарды сөзімді: «Демократия өзіне байыпты қарайтын адамға алынбайтын асулар қояды, ал өзін жек көретіндерге шексіз мүмкіндіктер береді», дейтін белгілі тұжырыммен аяқтағым келеді.

Әлем әралуан, оның тартымдылығының өзі де осында: мәні бірдей бола тұрғанымен, демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті түрде өз реңкін қосады.

Бұрын айтылғанындай, біз үшін демократияны құрудың басты шарты бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, реформаларды тереңдете түсу, жемқорлық пен

ұйымдасқан қылмысты жою болмақшы. Әлсіз өкімет елде ең қарапайым тәртіптің өзін орната алмайды, тіпті соншалықты қымбатқа түсіп басталған реформаларды орға жығады. Бұл – менің ойымнан шығарғаным емес, объективті шындық. Шешуші сөзді Қазақстан халқы айтады.

Жұртшылықты толғандырған жерге жеке меншік пен азаматтық проблемалары, менің көзқарасымша, Конституция жобасында біршама оңтайлы шешімін тапқан. Жердің мемлекет меншігінде де, жеке меншікте де бола алатыны конституциялық жолмен тұңғыш рет айқындалып отыр.

Нарықтық экономика жағдайында жер сатып алу-сату объектісі болуға тиіс. Бірақ біздегі жағдайға қарайықшы. Қазір ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың қолында қаражаты болмай тұрып оны сату мен қайтадан сатудың жаппай үдерісін іске қосу бұл адамдарды тонаумен, оларды еріксіз малайға айналдырумен тең болар еді. Біздің қоғамымыз жерге жаппай жеке меншік енгізуге әлі дайын емес.

Жер – кез келген мемлекетте барлық бастаулардың бастауы. Конституцияны әзірлеу жұмысының барысында көптеген елдердің жер қатынастары саласындағы тәжірибесі зерттелді. Қай жерде де бұл мәселе өз елдерінің ерекшеліктері ескеріле отырып, көптеген түсінік-ескертпелерді алға тарту арқылы аса мұқият әрі сақтықпен шешілген. Иә, оларда жер сатылады және қайта сатылады, бірақ бұл үдерістер өмірлік маңызды ұлттық мүдделерге қысым жасауға мүмкіндік бермейтіндей шеңберде және тиісті рәсімдер арқылы жүргізіледі. Біздің қоғамымыз, оның басқарушы органдары

мен шаруашылық субъектілері бұл проблеманы білу мен түсінудің ондай деңгейіне әлі шыға қойған жоқ, сондықтан біз тек өзіміздің ғана емес, ел азаматтарының келесі ұрпақтарының да меншігі саналатын басты байлығымыздан бір-ақ сәтте айрылып қалуымыз мүмкін.

Нақ осы себепті біздің Конституциямыз «жай жүріп жалпақ бас» қағидаты бойынша «жүріп келеді» және бұл мәселелердің болашақта шешілуін көздейді, ал қазір жердің жеке меншікте тек заңда белгіленген негізде, шартта және шекте болуы қарастырылған. Осы ережеге сүйене отырып, бау-бақшалық және үйір-гелік телімге, сондай-ақ кәсіпорынның технологиялық қызметіне қажетті жерге ғана жеке меншік енгізілетін болады. Мұның соңғысы отандық және шетелдік инвестордың біздің елімізде өз кәсіпорнын батыл ашуына мүмкіндік береді. Өндірістік аумаққа жеке меншік құқығының болуы оны жергілікті билік орындары мен неше түрлі бопсалаушылардың өктемдігінен қорғайды.

Жерге жеке меншік мәселесіне тым саяси мән беріліп жүргенін ескерте кетейін. Қазіргідей жерді 99 жылға мұрагерлікпен пайдалануға болатындай етіп ұзақ мерзімге жалға берудің «толық» жеке меншікке беруден айырмашылығы шамалы. Тек бұл құқықты жалға берушінің жалға беру мерзімін өз бетімен қысқарта алмайтындай және әлдебір ойдан шығарылған талаптар қоя алмайтындай етіп нысандау керек.

Азаматтыққа келер болсақ, Конституция ешқандай да ауытқусыз, тек Қазақстан азаматтығын ғана бекітеді. Бізде Ресеймен азаматтық берудің өзара жеңілдетілген түрі туралы келісімге қол қойылғанын білесіздер. Таяуда мен бұл тәртіпті бүкіл ТМД кеңістігіне тарату туралы мәселе қойдым. Қазір біз азаматтық берудің

жеңілдетілген түрі жөніндегі келісім-шарттың жобасын дайындап жатырмыз және оны ТМД басшыларының келесі кездесуіне қарауға ұсынбақпыз.

Реформалау үдерісін бастан кешіп жатқан және ішінара өзара секемшілдікке ұшыраған қоғам жағдайында тек бірыңғай азаматтық қана айқындық енгізіп, адамдардың санасындағы екіұдайлықты жояды. Екі кеменің құйрығын ұстау ешқашан да жемісті болып, абырой әперген емес. Негізгі қағидаттарда айтылғанындай, біз тек Қазақстан азаматының жағдайы басқаның бәрінен басым болуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Тіл жөнінде айқындалу бәрінен қиын болды. Түрлі ықтимал нұсқалар қаралды. Талай рет жүргізілген әлеуметтік сауалдамалар мен ұзақ айтыстардан соң қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қалдырылсын деген бір тұжырымға келдік, оған мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады деген мазмұндағы маңызды ереже қосылды. Бүгінгі таңда бұл проблеманың ең оңтайлы шешімі деп ойлаймын. Бұған қоса, белгілі бір тілді білмегендігі үшін азаматтардың құқығын кемсітуге тыйым салатын арнайы ереже енгізілді. Тиісті баптың орындалуына қатаң мемлекеттік бақылау жасалады.

Бірден айтайын, қос мемлекеттік тіл енгізу туралы ұсыныстар болды, олар барынша мұқият және жан-жақты талқыланды.

Халықтың әртүрлі топтарында қоғамдық пікірді зерттеу жүргізілді. Ақырында көптеген себептер бойынша мұның тиімсіздігі туралы пікір басым түсті. Мұндай жағдайда азаматтардың барлығы үшін екі мемлекеттік тілді білу міндетке айналатыны маңызды дәлелдердің

бірі бола алады. Қазір мұның қисынға келмейтіні және мүмкін емес екендігі өз алдына, сонымен қатар, осының салдарынан шиеленістер мен қақтығыстардың туып кетуі ықтимал екені де өздеріңізге түсінікті.

Ал қазақ тілінің мемлекеттілігі ең алдымен оны қазақтардың өздері меңгеруі үшін қажет. Бұрын оның әдейі аз қажет етілуі салдарынан көптеген қазақтар қазір өз ана тілін нашар біледі немесе бірталайы мүлдем білмейді де. Бұған олар кінәлі емес. Ал оның үстіне екінші мемлекеттік тілді енгізу тек заң ғана – ол қазақ тілін тұйықтап, іс жүзінде теңсіз жағдайын тереңдете түсер еді, ал бұл қазақтарға жасалған тарихи қылмыс болар еді және бұрынғы империялық саясаттың салдарын жоюдағы біздің дәрменсіздігімізді көрсетер еді.

Тағы бір маңызды нәрсені ескермеуімізге болмайды. Кейбіреулердің ұсынғанындай, мемлекеттік қазақ тілін сақтамау қазақтарды Орталық Азиядағы мемлекеттік тілі бар көршілерінің ғана емес, сонымен бірге, ТМД-ның басқа да елдерінің алдында кемшін жағдайға қояр еді. Бұл ұдайы тұрақсыздандыру факторына айналып, ұлтшылдықты қолдаушы топтардың оны пайдаланып кетуіне мүмкіндік туғызар еді.

Тіпті Кеңес өкіметінің кезінде де бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл болды. Қазақстан егемен ел болмағанның өзінде де қазақ тілін қайта өркендету мәселесі көтерілетінін түсінген абзал. Өзіне тән мәдениеті бар, әлемдегі 1113 халық пен ұлттың арасында саны жағынан 80-ші орын алатын, аман-сау өмір сүріп отырған миллиондаған халық тапа-тал түсте өзінің тарихи жерінде ана тілінен айрылып, басқа бір ұлысқа сіңіп кетуіне бұдан былай ешкім де төзбес еді. Ал бұрынғы Кеңес Одағының бүкіл аумағында осындай, шын мәніндегі арсыз үдеріс

барлық халықтарға қатысты белсенді түрде жүргізіліп келгені жалған емес.

Егер орыс тілі туралы айтар болсақ, оның қазіргі бекем жағдайы сол қалпында сақталады, себебі ол қоғамда мемлекеттік тілмен қатар ресми түрде қолданылады деп көзделген. Басқаша айтқанда, Қазақстанда орыс тілінде алынған оқу мен білімнің өтімділігі, аттестаттар мен дипломдардың басқалармен тең жағдайы сақталады. Бұл біздің ұлты орыс азаматтарымыздың өз келешегі үшін және балалары мен немерелерінің тағдыры үшін алаңдаушылығын тыюға тиіс.

Орыс тіліне нақты мәртебе беруге қарсы шығып жүргендерге ашығын айтайын. Оның ресми тіл ретіндегі мәртебесі елдің орысша сөйлейтін азаматтарының тең құқығын қамтамасыз етеді. Және тек бұл ғана емес. Мұның өзі – біздің білімге, дамуға қажетті ақпараттар алып жүрген тілге деген құрметіміз. Бұл – қазақтарға жан дүниесі жақын орыс халқына және бұдан былай да сенімді бауырластық қатынастарды сақтап, дамыта бергіміз келетін Ресейге деген сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі құрметіміздің көрінісі.

Орыс тілі – бұрынғысынша білім берудегі басты тіл және алуан түрлі ақпараттар алудың негізгі көзі. Көптеген қазақтар осы тілде жоғары білім алуға. Ұлы Абайдың өсиетін еске түсіріп көрейікші: «Орыс тілін білсең, көкірек көзің ашылады... орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті...». Республиканың барлық тұрғындары дерлік орыс тілінде сөйлейді. Сондықтан орыс тілі кемсітіліп отыр деуге еш негіз жоқ. Мәселе, бұрынғы абсолютті этностық жайлы жағдай мен орыс тілінің бәрін қамтитын монополиясында кейбір өзгерістер пайда болғанында.

Қазақ тілінің мемлекеттілігі – орыс тілінің қолданылу аясын тарылту мақсатымен оған ор қазу емес, қайта қазақтардың тілі жоғалып кетуін болдырмауға және оны Қазақстандағы орыс тілінің деңгейіне дейін көтеруге деген ұмтылыс екенін баршаның түсінуі және қабылдауы қажет. Тіл төңірегіндегі айтыстар кезінде орыс тілінің шектес жатқан Ресей секілді қуатты да мәңгілік бесігі тұрғаны тәрізді маңызды жайт назардан тыс қала береді.

Осылардың бәрін қоса алғанда: таяу болашақта осы ұлы тілге төніп тұрған қауіп бар ма деген сұрақ туады.

Ал, сонымен қатар, лингвист-ғалымдардың пайымдауы бойынша, қазақ тіліне төнген қауіп қазірдің өзінде аса зор болып отыр. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне бес жыл өтсе де, оның қоғамдағы жағдайының өзгере қоймағанына өкінемін. Сондықтан басқа тілдердің кемсітілуіне жол берместен, қазақ тілін сауықтыру жөніндегі арнаулы заң мен әбден ойластырылған, салмақты шаралар қабылдау талап етіледі. Бұл Конституцияның өтпелі ережелерінде жазылған.

Жобада құқықтар мен бостандықтар туралы нормалар жаңаша ұсынылған. Олар өкіметтің қоғамға «барқыт қолғап киген темір қолын» көтеру мүмкіндігінің жолын кеседі. Бұл бөлімге тек азаматтың ғана емес, сонымен қатар, адамның да құқықтарына қатысты нормалар алғаш рет енгізіліп отыр. Онда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары өктемдікпен шектеудің кез келген түріне қатаң конституциялық кедергілер қойылған.

Әсем сөзбен өрнектелген әрі сап алуан, социалистік мазмұны бойынша шексіз құқықтар мен бостандықтардың орнына Конституцияның жаңартылған

бөлімінде күнделікті өмірде нақты қажет болатын және іс жүзіне асырылатын жайлар ғана көзделген. Өңгіме әр адамның қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық әдістер арқылы өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сот арқылы қорғану, заң мен сот алдындағы баршаның теңдігі, кез келген белгілері бойынша цензураға және құқықтарды кемсітуге жол бермеу, басқа да нормалар туралы болып отыр.

Жобаға адам мен азаматтың жеке бостандығының классикалық элементтерін құрайтын қосымша конституциялық құқықтары: жеке басының бостандығы мен оған қол сұғылмайтындығы; жеке басының және отбасының құпиясы, өзінің абыройы мен жақсы атын қорғауы; жеке салымдары мен жинақтарының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа да жолдармен жолдаған хабарларының құпиялығы; өзінің қай ұлтқа жататынын өзі айқындауы, оны көрсету немесе көрсетпеу құқығы; өз ана тілі мен мәдениетін пайдаланып, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауы енгізілген.

Жобада адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың кең өрісі ашылып қана қоймай, сонымен қатар, белгілі бір конституциялық шектеулер де қойылғанын айта кетуге тиіспін. Бірақ бұл конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілік мұраттарын сақтау мақсатында қаншалықты қажет болса, соншалықты деңгейде ғана болмақ. Біздің еліміздегі ұлтаралық келісімді бұзатындай кез келген әрекет конституциялық емес деп танылатыны айрықша атап көрсетілген.

Азаматтардың бірлестіктеріне келетін болсақ, мұнда мақсаттары мен іс-әрекеттері конституциялық құрылысты өзгертуге, мемлекетіміздің тұтастығы мен оның қауіпсіздігіне қатер төндіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, сословиелік және рулық араздықты қоздыруға бағытталған, сондай-ақ заңда көрсетілмеген әскерилендірілген құрамалар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Демократияның үлгісі ретінде саналатын көптеген елдерде мұндай шектеулердің бар екенін баса көрсеткім келеді. Біз енгізіп отырған құқықтар мен бостандыққа қатысты конституциялық нормаларда, сондай-ақ шектеулерде Франция, Германия сияқты елдердің және басқалардың конституцияларының тәжірибесі толық ескерілген.

Азаматтардың конституциялық міндеттерін қайта қарау барысында біз бұл міндеттерді қабаттастыра беру олардың орындалуына кепілдік бермейтінін ескердік. Қайта, керісінше, жүзеге аспайтын қағидалардың көптігі кереғар пікір туғызады. Сондықтан азаматтық міндеттердің тізімі ішінара ғана жаңартылды, ол тарих пен мәдениетті сақтау, табиғатқа, табиғи байлық пен қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау туралы қамқорлықты қамтиды. Бұл дұрыс істелді деп ойлаймын.

Парламент туралы конституциялық ұйғарымдар неғұрлым түпкілікті өзгерістерге ұшырады. Біздің әлемдік тәжірибеге сүйеніп, оны реформалау жөніндегі бұрынғы әрекетіміз жартыкеш шаралар болып шықты.

Президенттік республика жағдайындағы парламент – құзыры айқын белгіленген, халықтың шынайы қам-қарекетімен өмір сүретін және оның мүдделерін қорғау-

шы демократияшыл әрі баршаға түсінікті заңдарды қабылдайтын таза заң шығарушы орган.

Сондықтан біз көптеген елдерде тексерілген екі палаталы парламент құру жолына түстік. Бұрын бұл идеяны депутаттар қабылдамаған болатын.

Қазір елде заң шығарумен байыпты да жемісті түрде айналысатын, саны жағынан ықшам, екі палаталы заң шығарушы орган құру көзделіп отыр. Биліктің басқа тармақтарына парламенттің бұрынғыдай, көбінесе негізсіз қысым жасауына жол бермеу үшін оның заң шығару қызметінің ауқымы Конституцияда егжей-тегжейлі белгілеп берілген. Әр биліктің өзгелер таласпайтындай өз тауашпасы болады.

Біріншіден, бұл орган баршаға түсінікті «Парламент» деген сөзбен аталады. Жоғарғы палата «Сенат» деп аталады да, барлық облыстық мәслихаттар депутаттарының жиналысында әрбір облыстан және астанадан екі адамнан жанама түрде сайланады. Төменгі палата тікелей сайлау жолымен 55 депутаттан құралады. Ол «Мәжіліс» деп аталады.

Сірә, Президенттің Сенатқа 7 депутатты тағайындауы белгілі бір күдік туғызуы мүмкін. Мұндай практика Азия мен Латын Америкасы елдері үшін әбден үйреншікті. Ал оның мәні заң шығарушы органда әлдебір «президенттік қосын» құру ниетінде емес. Бұл – депутаттардың кәсіпкерлік, бәлкім, тіпті ұлттық құрамын нығайту жолдарының бірі. Қиялға берілмей-ақ қояйық – депутаттар корпусының пәрменді жұмысын қалыптастыру ісі ұзаққа созылады, сондықтан оны мемлекеттік тұрғыдан ойлайтын жігерлі, лайықты адамдармен ұдайы толықтырып отыру әбден орынды. Әрі 7 адам сенаттың шешімдерін қабылдауда басым ықпал жасай алмайды.

Сіздердің назарларыңызды тағы бір елеулі екі нәрсеге аударғым келеді.

Біріншіден, екі палаталы парламенттің конституциялық жұмыс істеу тетігі палаталардың бірлескен мәжілістері мейлінше сирек құбылыс болатындай етіп жобаланған, ал негізгі еңбекті көп керек ететін заң шығарушылық жұмыс тікелей палаталарда жүргізілетін болады.

Екіншіден, жинақталған теріс тәжірибені ескере отырып, депутаттың конституциялық мәртебесі айтарлықтай өзгертілді. Ол өзін өзі айрықша тұлға ретінде сезінбейтін халықтың шын мәніндегі қызметшісі дәрежесіне қойылады. Ол өзінің жұмысы үшін нақты жауап беруге тиіс және салақсып өз міндеттеріне немқұрайды қараған жағдайда парламент палаталарының өзінде жазалау шараларына тартылуы мүмкін. «Депутаттық мерзімін өтегендер» үшін бұрынғыдай қамқоршылық болмайды: олардың бұрынғы лауазымына ешкім кепілдік бермейді. Айтпақшы, барлық өркениетті елдерде осылай қабылданған. Өйткені бұл кәсіптік парламент қой. Сондықтан оған парламенттің мүшесі роліндегі қызметті өзінің өмірлік жолына айналдыруды көздеген адамдар баруға тиіс.

Оның үстіне, мемлекет басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тетігіне қарама-қарсы шара ретінде парламенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздері мен тәртібі тұжырымдалған. Бұл әдепті түрде, елді сайлаудың әуре-сарсаңына салмайтындай және парламенттің тұрақтылығына нұқсан келтірмейтіндей етіп жасалды.

Үкіметтің мәртебесі де жаңартылады. Министрлер Кабинеті туралы конституциялық заңның жоқтығы оның практикалық жұмысында, Президентпен, парла-

ментпен, жергілікті органдармен өзара іс-қимылында көптеген проблемалар туғызып отыр. Сондықтан осының бәрін айқын конституциялық негізге қою қажет екені түсінікті.

Жаңа Конституция жоғары мемлекеттік органдардың жүйесінде үкіметтің тиісті орнын нақты айқындайды, сөйтіп, Министрлер Кабинетінің мүшелері бірде Президентке, бірде парламентке жалтақтап, іс жүзінде екі әміршінің қызметшісі болып келген екіұдайлықты жояды.

Қазіргі Конституциядан айырмашылығы – мұнда үкіметтің негізгі функциялары нақты тұжырымдалған, ел Президентінің жаңа мәртебесіне сай үкімет қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын және оның нәтижелері үшін жеке жауап беретін Премьер-министрдің өкілеттігі кеңейтілген.

Парламент пен үкіметтің өзара қарым-қатынасында тежемелік пен теңгермеліктің аса елеулі тетігі енгізіледі.

Біріншіден, Президент Премьер-министрді парламенттің келісімімен тағайындайды. Бұл болашақта парламент сайлауында жеңіп шыққан партияның пікірін ескеруге мүмкіндік береді әрі Президенттің үкімет мүшелерін тағайындауы кезінде де ескерілетін болады. Екіншіден, Министрлер Кабинеті өзінің заң жобаларының парламентте өтуіне белсенді түрде ықпал етуге және, айталық, елдің қалтасы көтермейтін заңдардың қабылдануына кедергі жасауға мүмкіндік алады. Парламент үкіметтің қызметіне бақылау жасау мүмкіндігіне ие және үкіметтің бүкіл құрамына немесе оның кез келген мүшесіне сенімсіздік білдіру құқығы бар, ал сенімге лайық болмағандар осыдан кейін қызметінен кететіні туралы Президентке арыз беруі тиіс.

Ақыр аяғында, үкімет мүшесінің конституциялық мәртебесі, оның жауапкершілік негіздері мен рәсімі алғаш рет белгіленіп отыр.

Конституцияны жасау барысында өкімет билігін оның тармақтары арасында бөлу ғана емес, сонымен бірге, оның ақылға сыйымды тепе-теңдігін қамтамасыз ету міндеті де тұрды. Атап айтқанда, Конституцияның үкіметшіл болып шығуына жол бермеу керек болды. Билік те сынаптай сусымалы болып келеді. Оның бір тармағының әлсіреуі екіншісінің күшеюіне соқтырады және бұл міндетті түрде елеулі проблемалар туғызады. Үкіметтің бір жақты күшеюі парламентті ғана әлсіретіп қоймай, белгілі бір жағдайда Президентті де бейнелі тұлғаға айналдырып жіберуі мүмкін, ал бұл сырт қарағанда бәрі де орны-орнында сияқты көрінетін болады. Мұндай жағдай да ескерілді.

Енді сот билігі туралы.

Конституцияның оны реформалау туралы ережелері асқан қиындықпен және пікірлердің тым кереғарлығы жағдайында өтті.

Басқа тараулардың бірде-бірінде жанаға қарсы тұрушылық адам табиғатында әу бастан-ақ бар екендігі дәл осындай анық көрінген емес. Бірақ сот құрылысы мен іс қарау қағидаттарын бұрынғыдан жақсы ұйымдастыруға деген түбегейлі бетбұрыстың мүмкіндігі бұдан кейін болмайтынын және сол мүмкіндікті жіберіп алмау керектігін жұрттың бәрі де түсінді. Жобада соттардың қызметіне заңда ескертілген іс жүргізу формаларында қадағалауды жүзеге асыратын азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және соттарға қарасты басқа да істер жөніндегі елдің ең жоғары сот органы ретінде Жоғарғы сотты құру көзделген. Оған сот практикасының

мәселелері бойынша міндетті түрде түсінік беру құқығы беріледі. Бізді бұған шет елдердегі сот билігін ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу мен соттарды біріктіру едәуір нақты іс екендігі және бұдан олардың жұмысындағы тұрақтылықтың бұзылмайтындығы туралы жасалған байыпты қорытынды итермеледі.

Конституция сот жүйесін қалыптастыру тәртібін түбірінен өзгертеді.

Әңгіме, ең алдымен, сот жүйесінің жоғары буынын Президенттің ұсынысы бойынша парламенттің сайлайтыны қағидаттары туралы да, одан төменгі барлық судьяларды мемлекет басшысының тағайындайтыны туралы да болып отыр. Бұл жағдайда судья өз қызметі үшін ешкімнің алдында жауап бермейтін бұрынғы практика тоқтатылып, мемлекет атынан сот жүргізу үшін судья мантиясын кимек болғандардың даярлық деңгейін тексеру мүмкіндігі пайда болады. Әрбір судья әділет алқасындағы тәуелсіз біліктілік аттестациясынан өтуге тиіс болады.

Судьяларды тағайындау екі бірдей мүлдем жаңа органның – парламент палаталары өз өкілдерін тағайындайтын Жоғары сот кеңесі мен Әділет біліктілік алқасының барынша белсенді рөлі аясында жүргізілетін болады. Мұның өзі судья өкілеттігін беруді әлдебір құпия әрекетке емес, неше түрлі айла-шарғыларға жол берілмейтін айқын әрі демократиялық үдеріске айналдырады. Бұл орайда неше түрлі айла-шарғылардың жүзеге асуы мүмкін емес. Сонымен бірге, Конституцияда судьялардың тұрақты түрде жұмыс істейтіні атап көрсетіледі, олардың тәуелсіздігі заң арқылы қорғалады.

Жобада Конституцияны дербес сот қорғауы институты сақталады, ол Конституциялық сот түрінде көрі-

неді. Сонымен бірге, бұрын ол өзінің заңдық қызметіне нұқсан келтіре отырып, белгілі бір саяси функцияларға ие болуға ұмтылғанын да ескеру қажет. Бұл, тұтастай алғанда, осы органның құқықтық мәртебесінің пысықталмағанын білдіреді. Бұған қоса, тіпті оның үстінде кассациялық орган да жоқ. Бір топ адам бәрін өздері шешіп, оларға ешкім қарсылық білдіре алмайтынына жол берілмегені жөн. Бұл жерде ойланарлық жайлар бар.

Прокуратура туралы нормаларға жеке тоқталғым келеді. Әділ соттың бұл органына қатысты бастапқы сәт мынадай болатын: қоғамды реформалаудың қазір жүріп жатқан үдерістері табысқа жетуі үшін, біртұтас құқық қолдану практикасы мен заң бұзушылықтың жолын шұғыл кесуді қамтамасыз ету және нығайта түсу талап етіледі. Сондықтан Конституция прокуратураның жұмыс функцияларын нақтылап, қадағалау қызметі саласында оларды кеңейте түседі, прокуратураның өз өкілеттігін жүзеге асыруының басқа мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға тәуелді еместігін қуаттайды және оның Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретіндегі Президент алдында ғана есеп беруін енгізеді.

Жобада прокуратураға қылмыстық қудалау қызметін беру көзделмеген. Мұндай шешімнің пайдасына дәлелдер бар. Өйткені қазір прокуратура қылмыстық істерді өзі қозғап, оларды өзі тергеді және осы істер бойынша айыптауды сотта өзі ұстайды, ал бұл, әрине, дұрыс емес. Бірақ, сонымен бірге, белгілі бір күдіктер де бар. Осы мәселе бойынша сіздердің пікірлеріңізді білген жөн болар еді.

Енді жергілікті билікті ұйымдастыру проблемалары туралы. Біріншіден, жергілікті басқару туралы ережелерге айрықша өзгерістер енгізілген жоқ. Олар мемлекеттік құрылыстың осы саласын реттейтін заңдарда толық дамытылатын болады. Екіншіден, бұл орайда шын мәнінде толып жатқан нұсқалар бар, сондықтан тәжірибені жете талдамай және біздің жағдайымызға сай келетін жаңа көзқарастарды ғылыми тұрғыдан негіздеп алмай тұрып, олардың біреуін даусыз таңдауға болмайды. Өзінің ел мен реформалар тағдыры үшін маңызы жағынан бұл заң жобасы Конституциядан кейін екінші орын алуға лайық.

Осы тарауда жергілікті өзін-өзі басқару туралы нормалар алғаш рет пайда болғанын атап өтпекпін. Біздің ұланғайыр әрі өңірлерінің даму деңгейі жөнінен алуан түрлі елімізде мұндай маңызды саяси және қоғамдық институтсыз болу мүмкін емес. Бәрі-бәрін тек астанадан немесе жергілікті орталықтан реттеп, шешіп отыруға болады деп ойлау шындыққа сай келмейді. Адамдардың өз аумағындағы ақылға қонымды дербес бастамашылығы өте жемісті болады және бүкіл дүние жүзінде жоғары бағаланады.

Енді жаңа Конституцияны қалай қабылдау керектігі туралы. Қазір күшіндегі Негізгі заң парламенттік жолмен, яғни республиканың Жоғарғы Кеңесі арқылы қабылданғаны баршаға белгілі. Бұдан бұрын да айтқанымдай, осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын тыныштық пен қоғамдық келісімді сақтау үшін депутаттар корпусымен белгілі бір мәмілеге келуге мәжбүр болдық. Алайда, уақыт көрсеткеніндей, бұл мәміле бізге тым қымбатқа түсті, соның салдарынан біз қазір бәрін қамтитын конституциялық реформа алдында тұрмыз.

Осы жылдың нәтижесіне баға беру қиынға түсетін ең маңызды саяси оқиғасы туралы әңгіме болып отырғанын сезінгендіктен, мен жаңа Конституцияны қабылдау мәселесінде біздің тек бір ғана таңдауымыз – халыққа, оның еркін білдіруіне жүгінуіміз керек деген даусыз қорытындыға келдім.

Конституция жобасын референдумға шығару мейлінше табиғи және заңды шешім болады, себебі мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі және егемендіктің иесі – халық. Сондықтан енді Қазақстанның қандай Конституциясын қалайтынын референдумда азаматтардың өздері шешсін. Тек сонда ғана ол нағыз халықтық болады, тек сонда ғана біздің Конституциямыз билік үшін қоғамның өзі белгілеген тәртіп ережелері деп айта алатын боламыз.

Референдум арқылы жаңа Конституцияны қабылдау барлық қазақстандықтарды аса маңызды саяси шешімнің қатысушысы етеді де, олар одан әрі сырт бақылаушы емес, елдің Негізгі заңының ережелерін сақтауға және оны мүлтіксіз орындауға жауапты әрі мүдделі адамдарға айналады.

Нақ сол бүкілхалықтық дауыс беру оқшауланудың, топшылдық пен жершілдік мүдделердің ықпал етуінің, өзгенің сойылын соғудың небір қитұрқыларының орын алуына ешқандай мүмкіндік қалдырмайды, ал егер біз конституциялық реформаны жүзеге асырудың парламенттік немесе басқа жолымен жүрген болсақ, мұндай келеңсіз құбылыстар сөзсіз ұшырасқан болар еді. Оның үстіне, жұрттың бәрі сілтеме жасауды ұнататын әлемдік тәжірибе де конституцияларды референдум арқылы қабылдау неғұрлым демократиялық және мейлінше кең тараған жол екенін көрсетеді.

Сонымен, Қазақстанның жаңа Конституциясын референдумда қабылдау – бірден-бір сенімді және ықтимал жалғыз жол екендігіне ешқандай күмәнім жоқ.

Біздің еліміз бүкіл адамзат келе жатқан жолға түпкілікті және біржолата бет бұрды. Сондықтан жаңа Конституция қоғамдық келісімнің өрісін кеңейте түсуге жағдай жасап, Қазақстан халқының жалпы адамзат өркениетінің дамуына өзіндік үлесін қосуға деген шешімін нығайта түседі. Еліміздің Конституциясы мен заңдарын қатаң ұстана отырып, қазіргі және келер ұрпақ үшін талмастан еңбек ету арқылы біз өзіміз өсіп-өркендеген Қазақстанды мұра етіп қалдыратын болашақ ұрпақтың алғысына бөленетінімізге сенімдімін.

Жаңа Конституцияның негізгі сипаттары осындай. Ол біздің көпұлтты мемлекетіміздің стратегиялық мүдделеріне сәйкес келетін біртұтас әрі толыққанды құжат ретінде жасалды.

Конституцияның осы жобасының көптеген ережелері қазіргі күрделі де қиын уақытта қоғамға дұрыс бағдар беруге арналған. Сонымен бірге, оның негізіне демократиялық құқықтық мемлекеттің мәңгі жасайтын іргелі қазыналары мен өлшемдері алынды. Бірақ бұл болашақта өмірге жаңа көзқараспен қарайтын адамдар келетінін, жаңа сипаттағы жағдайлар туатынын және соған сәйкес жаңа заңдар пайда болатынын теріске шығармайды.

Сөзімнің соңында өзім аса маңызды деп санайтын бірнеше тұжырымды бөліп атағым келеді.

Бірінші. Қоғамды реформалаумен айналысып жатқан мемлекетазаматтықтатулықпенсаяситұрақтылықжағдайында өтпелі кезеңнен өтуге тиіс. Осы ереже сақталмаған жерде қоғамның өтпелі жағдайы ондаған азапты

жылдарға созылып, адамдардың ойын реформалар емес, күнкөрістің көкейкесті мәселелері жаулап алады.

Екінші. Этностық төзімділікті сақтаудың қоғамдық келісім үшін орасан зор маңызы бар екенін айтқанда, адамдардың әлеуметтік өкпе мен өшпенділік сезімінің құлына айналуына жол беруге болмайтынын ескерген жөн. Мұның одан да зор бүлдіруші салдары болуы мүмкін. Міне, осы арада оның қоғамдық қақтығыстарға айналуына жол бермеуге тиісті партиялар мен қозғалыстардың рөлі аса маңызды болмақ.

Үшінші. Орта жіктің қалыптасуы тек адал еңбекке, қабілетке, адамгершілік пен өнегелілікке ғана негізделуі тиіс. Тек осындай жағдайда ғана ол жүргізілетін реформалардың әлеуметтік ұйытқысына айналатындай құқыққа ие болады.

Төртінші. Біздің табысқа жетуіміздің негізгі көзі табиғи ресурстар мен геосаяси жағдай және шетелдік несиелер мен реформалардың бөтен үлгілері ғана емес, сонымен бірге, прагматизм мен өз күшімізге деген сеніміміз екенін бәріміз түйсінуге тиіспіз.

Бесінші. Қазақстанда дербестендірілген демократияны емес, тұрақты саяси жүйеге, шынайы көппартиялылыққа, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігіне, адам мен азамат құқықтарының сақталуына негізделген демократияны құру керек.

Сіздердің көңіл қойып тыңдағандарыңызға алғыс айтамын және баяндама мен Конституцияның жобасын сындарлы түрде талқылауға шақырамын.

Ассамблея мүшелерінен Конституцияның жобасын Ассамблеяда және бүкілхалықтық талқылаудан кейін оны республикалық референдумға шығару жөніндегі менің ұсынысымды қолдауды өтінемін.

**Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
1995 жылғы 9 тамыз

**Ардақты отандастар!
Қадірлі меймандар!**

Бүгін – ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиналып отыр. Оның дүниеге келгеніне әр он жыл толған сайын осылай бас қосып, өткеніміз бен кеткенімізді, жеткеніміз бен жетпегімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдетімізге айналған. Соның әрқайсысында Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке көтерілумен келеді.

Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасы таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. Кейін оның қадір-қасиеті өз аумағымызбен шектеліп қалмай, іргелес халықтар мен елдерге де кеңінен танымал бола бастағанына масаттанып, марқайдық. Ал бұл жолғы сүйінішіміздің жөні тіпті бөлек. Ол үшін бір-бірімізді қуана құттықтап, бір-бірімізден шүйліге сүйінші сұрасақ та, ешқандай ерсілігі болмас еді.

Абайдың әуелден-ақ әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Бұл жолғы тойдың төріне сол көксеген мұратына жетіп, барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат Адамзат Ардағы, Адамзат Ақыны, Адамзат Ақылманы болып көтеріліп отыр. Бұл жолғы салтанаттың Алматы мен Семейден, Қарауыл мен Жидебайдан басталмай, Батыс пен Шығыстың іргелі елдерінен, Еуропа мен Азияның ең беделді мемлекеттерінен, Мәскеу мен Ыстамбұл, Париж бен Бейжің сынды әлеуметтік астаналардан басталғаны да – соның айғағы. Бұл – бүкіл планетамыздың мәдени-рухани тынысын жүйелеп отырған аса беделді халықаралық ұйым – ЮНЕСКО-ның біздің жеке өтінішімізді ыстық ықыласпен қабылдап, мұндай шаруаның қалыптасқан жылтізбелік үрдісін алғаш рет бұзып, оны дүниежүзілік деңгейде өткізуді өзінің биік құзырына алуға шешім қабылдағанының арқасы. Біз мұны енді ғана тәуелсіздік алып, адамзат қауымдастығының тең құқылы мүшесі ретінде енді ғана санатқа кіре бастаған ежелгі халқымыз бен жас мемлекетімізге көрсетіліп отырған үлкен ықылас, биік саяси-рухани қолдау деп бағалаймыз.

Күллі қазақстандықтардың атынан ЮНЕСКО ұйымына, оның бас директоры, бүгін ортамызда отырған аса

сыйлы мейманымыз, көрнекті қоғам қайраткері, әлемге мәшһүр ақын, аса қадірменді Федерико Майор мырзаға шын жүректен шексіз ризашылығымызды білдіруді айрықша парыз санаймын. Сондай-ақ Абай мерекесін атап өткен, мұрасын насихаттауға белсене үлес қосып жатқан, бүгінгі салтанатқа өздерінің беделді өкілдерін жіберіп отырған барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға шын жүректен алғыс айтамыз. Мұны демократия мен гуманизм мұраттарының әлемдік кеңістікте түбегейлі жеңістерге жетуінің нәтижесінде қалыптаса бастаған жаңа рухани ахуалдың айқын айғағы деп білеміз. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген осы. Қуанышы мен қайғысы ортақ рухани бауырмалдықтың әлемдік деңгейде орныға бастауы біздің ертеңге деген сенімімізді нығайта түсері хақ.

«Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дейді қазақ. Ақ пейіліміз бен адал ниетіміздің асыл көрінісіндей Абайымыздың әлемдік татулық пен ынтымаққа өз үлесін қосатын рухани мәмілегерлігіне кіріскеніне ерекше тәнті болып отырғанымызды да жасыра алмаймыз.

Ері елінің атын шығарады, елі ерінің атын шығарады деген де осы. Біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдас-тыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындай түсетін Абайдай беліміз барлығына шүкірлік етеміз.

Қадірменді қауым!

Ерекше жағдай ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігер

де сондайда керек. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған адамзат нәсілі ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Өйткені, ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шындалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар шырғалаңында басы айналып, дағдарысты хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айрықша пейілі түскен періште ниет, пайғамбар тектес перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.

Ол қазақ тарихының айрықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны көктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздеген-ді. Сондай стратегиялық мақсаттың дәл өтінде тұрған ел Қазақстан болды. Басқадан айрылса да, одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті. Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі билік түрлері күштеп енгізіле бастады. Әуелі қазақтың

әр ұлысынан бірнеше ергежейлі хандықтар құрылып, этноаумақтық тұтастық бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді. Сөйтіп, сойылған тоқтыдай ұшаланып-мүшеленген хандықтар дербестіктен айырылып, көрші губерниялардың құрамына күштеп кіргізіліп, кірме күн кешті. Одан хандықтар дуандарға бөлініп, бекзаттардың орнына патша өкіметі тағайындаған «сенімді қазақтарға» басқартылды. Солай дәстүрлі ішкі жымдастық әбден жойылған кезде ел, ауыл, болыс, уезд, облыстарға бөлінетін түзіліммен қайта құрылды. Ең төменгі ауыл мен болысты жергілікті атқамінерлер, уезд бен облысты патшаның әскери шонжарлары биледі. Осылай қазақтар өз жерінде өзі кірме болып қалды.

Отарлау үдерісінің аяқталуы, тауар-ақша қатынастарының қарқынды дамуы, баламасыз айырбас, түбегейлі әкімшілік-аумақтық реформалар қазақтардың көшпенді шаруашылық-экономикалық жүйесін одан әрі тереңдетіп қана қоймай, сонымен бірге, дәстүрлі этноәлеуметтік құрылымын елеулі өзгерістерге ұшыратты, қалыптасқан қоғамдық байланыстарын бұзып, дәстүрлі құндылықтарын аяқасты етті.

Ескі мен жаңаның арасындағы күрестің осындай бет-бұрысты, күрделі кезеңінде қазақ қоғамы жолдан ада-сып, абдырап, жаншылып қалды. Сондықтан Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын жаңа қасиеттерімен байытқандығы.

Абай да ақыл айтпас бұрын қилы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткеріп көрді. Оның сол кездегі еуропалық саяхатшылардың аузынан «дала Цицероны» деген атақ алған шонжар әкесі ескі мен жаңаға бірдей жорға болды. Ел жақсылары мен патша әкімшілігіне сөзін бірдей өткізе білді. Сондай аса ақылды, көреген әке баулыған ұғымтал жас медреседе мұсылманша, мектепте орысша қатар оқып жүрген жерінен ауылға қайтарылып, билікке араласады. Ру мен ру, ескі үрдіс пен жаңа үрдіс, рулық-тайпалық психология мен самодержавиелік отаршылдық бетпе-бет шарпысқан тартыс пен таластың ортасында жүріп, есесі кетіп жатқан елінің жоғын жоқтауға күш салды. Бірақ түсінбеушілік пен секемшілдіктің тас қабырғасына маңдайы тиді. Қандастары қызғанышпен, отаршыл ұлықтар сенімсіздікпен қарады. Қапа болған жігерлі азамат билікті тастап, ақындықтың соңына біржола түсті, қалған жиырма жыл ғұмырын тек қана оқып білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады.

Абайдың кемеңгерлігі бар құдіретімен осы жолда ашылды. Ақын ретінде ол қазақтың суырыпсалма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырды, бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді, бұрын-соңды үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін, болмыстың тұңғиық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды.

Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік сапалылыққа, стиль-

дік әралуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұңдас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі, шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді. Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсемсөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты. Түп бастауы осы кәусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жанрлы көркем әдебиетіміз ХХ ғасыр зобалаңдары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр тауып бере алды. Біз мұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз.

Алайда Абайдың әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық

қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз заманының шым-шытырық қайшылыққа толы шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсіретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр боламын деп жүріп, күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіңдердің бәрінен жоғары тұра білді. Ұлықтарды ұнатпағанымен, көрші орыс халқына, басқа да халықтарға зор ілтипатпен қарады. Патшалық билікті мансұқтағанмен, ұлы орыс мәдениетінен тәлім алды.

Абай аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адамның баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, біртұтас құбылыс ретінде қарастырды. Дала өмірін түзету үшін, толассыз жетіліп, толассыз шыңдалып жатқан адамзаттық қауымдас-тықтың тыныс-тірлігіне үңілу қажет болды. Сөйтіп, ол өз дәуіріндегі өз жұртының әлеуметтік болмысымен шектелмей, оны қалай сауықтыру мен саламаттанды-рудың амалын іздеді. Өз пайымын ортаға салды. Ол қазақ зиялыларының осы ғасыр басындағы әлеуметтік прогреске талпынысына айта қаларлықтай ықпал етті. Онымен қоймай, қазақтың ХХ ғасырдағы қоғамдық санасына тікелей әсерін тигізе алды.

Абайдың әлеуметтік ойшылдығына тереңірек үңілетін тұс – қазіргі кезең. Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер болып жатқан бүгінгі күндер. Осы тұрғыдан келсек, дала ойшылы халқына жаны ашу деген онымен

қосыла жылау емес, оған өзін өзі шыңдаудың сара жолын айқындап беру деп түсінгені ешқандай күмән туғызбайтын басы ашық мәселе.

Ұлтты құтқарудың жолы тек оны рухани жандандыруда ғана. Бұл жолдың ұзақ әрі қиын болатынын, бірақ қалайда қажет екенін Абай жақсы түсінді.

Оның бірінші айтар ақылы: әуелі мал тап дейді. Әйтпесе, «қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен...».

Ал өнер-білімді қайдан іздеген жөн?

Абайға айтқызсаңыз: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі».

Ал енді сонда мұндай ақылдың патша ұлықтары таратып жүрген жексұрын екіжүзді пікірден не өзгешелігі бар? Өзгешелігі – ұлық жалба тымақты тұз адамын кемсіте беруді көздейді. Абай тезірек тең етуге асығады. Оның ұғымында сол астам ортаның «залаынан қашық, пайдасына ортақ болу үшін де оқуың, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді де, аса арсыздана жалынбайды».

Бұл қағидасын Абай өз өмірімен дәлелдеп шыға алды. Айдаладағы киіз туырлықты ауылда жатып, орыс классикасын түгелге жуық оқып қана қоймай, шетінен қазақшаға аударып, ел арасына насихаттаумен шұғылданды. Ол аз болғандай, орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Лесаж, Дюма, Мицкевичтерді зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты. Тіпті көне грек, ежелгі

Рим дәуірлеріне тереңдеп, Аристотель мен Сократтан бастап, Спиноза мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдарды шұқшия зерттеді. Дарвинді ақтарып, жаратылыстану жетістіктерімен танысса, Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрепердің еңбектеріне ден қойып, Еуропаның қоғамдық ақыл-ой дамуының тарихына, католицизм мен ғылымның арасындағы өзара байланыс тарихына қанықты. «Менің Қағбам енді батысқа ауысты» деуі де сондықтан еді.

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге дүние тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тілдеріндегі кітаптарды қайта ақтарып, Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен қарап, жаңаша баға берді. Әсіресе, Табари, Рабғузи, Рашид-әд-Дин, Бабыр, Әбілғазы еңбектеріне ерекше зейін қойды. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын үңіле зерделеді. Өз тұсындағы Кіндік Азия мен Күнгей Азияның мәдени-рухани өмірінен мейлінше хабардар отырды.

Абай зердесі тек сыртқы дүниеге ғана назар аударып қоймай, ұлттық болмысты пайымдайтын төл мұраларға да көңіл бөлді. Қорқыт, Асан Қайғы, Аталық, Сыпыра жырау, Қодантайшы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиёмбет ақындар жырларындағы уайым мен жігер, Бұқар, Төле, Қазыбек, Әйтеке өсиеттеріндегі өміршілдік Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді. Оған тұрандық ғұламалар Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Мұхаммед ибн Қайс, Хусан Аддин Бар-

шынлегінің еңбектерін қоссаңыз, қазақ ақынының көп қабатты, көп атырапты дүниетанымына еріксіз қайран қалар едіңіз.

Екі алып құрлықты алтын кіседей айқара құшақта-тып жатқан ежелгі сахарада қалыптасатын ғұламалық ой-сананың қаншалықты терең, қаншалықты кең қарымды, белгілі бір мәдениет, мектеп, ағым ауқымына тұтқындалмайтындай қаншалықты бостан әрі азат болатынына көзіңіз жете түсер еді.

Абайдың көзшоласы қандай ұланғайыр кең болса, таңданған, қызыққан, жиренген, құмартқан, алған әсерлері сондай ұлан-асыр, байқаған-түйген парасат-пайымы соншама терең еді. Бірақ оның мұншалық күрделі рухани әлеміне ерекше бір сындарлылық бітіріп тұрған әсер мен ой, сезім мен зерде, әуен мен бейне аражігін ажыратпай құшақ қауышып жататын шынайы адамилық, шынайы азаматтық кемелділік. Неге де болса даму тұрғысынан қараған, диалектикалық серпін. Тоқмейіл тоғышарлыққа бой бергісі келмейтін шыншылдық пен уайым...

Азияның шетқақпай түкпірінде туып-өскен түз ақынына мұндай рухани рационализм, адамгершіл максимализм қайдан бітіп жүр? Оның шығармаларына ол кезде Еуропаның өзі түгел мойындай қоймаған, адамды – басты тұлға, адамгершілікті – басты қасиет санайтын қайта өрлеу мұраттары, шын мәніндегі қайта құрушылық көзқарастар қайдан дарып жүр? Оқыған кітаптан ба, заманнан ба, ортадан ба, күнде-күнде көз алдында көлбеңдеп тұрған көңілсіз болмыстан ба?

Дұрысы – бәрінен біткен. Қара басының өзі ел баға-мын деп, алыс-жұлыстан мезі болған, мыңмен жалғыз алысып, әбден қажыған сананы сарғайтқан, дүние түгел

өзгеріп жатса да, өзгермей қойған дала тірлігі, қыр тұрмысы еді. Далиған даланың қай қиырынан да көзге ұрып тұрған мөлмиген мешеулік еді. Соны әлі ұғып болмаған аңғал жұрт еді.

Күні кеше өзінен өзгенің бәріне күлетін ауылдастарын тыңдай жүріп, «бізден басқаның бәрі антұрған, ең тәуір халық біз екенбіз» деп ойлап қалған аңғал ұғыммен айналасына көз тастай барласа, кешегі келеке қылып жүргендердің бәрі озып кеткен. Біреулердің «екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ», саудагеріне дейін «жүрмеген жері жоқ, қылмаған кәсібі жоқ». Біреулері «солдаттыққа да шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды». Біреулерінің «біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз», «біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз», «бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?»

Абайдың түсінігінде адам баласын азғындаудан сақтайтын бір ғана нәрсе – еңбек. «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады». Сондықтан да ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындайтын жарамсақтықты барша қиянаттың, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың түп атасы деп түсіндіреді. Халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал: «Егін, сауда, кәсіп, ғылым» деп біледі. Ол тек ыждаһат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: «Құдай саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды

білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» деп жазғыратыны да сондықтан.

Абай тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, отбасына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды. Әйтпесе, атадан қалған малға масаттанған масыл, ел үстінен күн көрген жымысқы, өзгедегіге көз сүзген өлермен бақастық пен ұрлықты, жалқаулық пен жарамсақтықты, қатыгездік пен найсаптықты өршітпесе, үй құлқын да, түз құлқын да түзей алмайды.

Абай барша ұғымның шын мәнін ашып беретін бірден-бір өлшем – еңбекке көзқарас деп санайды. «Алтыншы сөзінен» мына бір үзіндіні келтірейікші: «Қазақ айтады: «Бірлік болмай тірлік болмайды», – деп. Сондағы айтып отырғаны қай бірлік?.. Қазақ ойлайды: бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен, – дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді... әуелі біріне бірі пәле іздейді... Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Бұрыс алды – тірлік» дейді, ол қай тірлік?.. Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар... Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың».

Айтудай-ақ айтқан емес пе?! Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың.

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты – біздің ел болып қатарға қосылуымыздың алғышарттарының бірі. «Өзге өскен ел не істесе, соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер», – дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгіше айтсақ – интеграция.

Ал «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесең, істің бәрі бос» деген сөздері, шын мәнінде, ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек пе? Керек. Ендеше, Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық.

Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан Абай. Яғни, қазақ қауымына әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған – Абай.

Жерінен, суынан, тәуелсіздігінен, билігінен айрылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы – оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін,

сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатынын ақын жақсы түсінді. Сол үшін жан аямай күресті.

Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деген ақын сөзін еске алайықшы.

Егер әркім баяғыны қойып, өзгеріске ұшыраған 10 жыл, тәуелсіздік алғаннан бергі 4 жыл ішіндегі тіршілігін оймен шолып көрсе, қанша мүмкіндікті қапы жібергенін, қаншама нәрседен ғапыл қалғанын айқын аңғарар еді.

Әуелде ағайынға, кейін өкіметке қол жайып қалған, өз қамын өзі жемей, өзгеден жәрдем күтетін әлеуметтік енжарлық көп азаматымызды әліге дейін шұғыл өзгеріп жатқан уақыт талабына икемделгізбей келеді. Соның салдарынан, бейқамдық пен бейқарекеттіктің қырсығынан сыртта өндіріс пен шаруа, үйде тұрмыс күйзелуде. Біреуден нұсқау күтіп, әркімге қол жайып, айтпасаң білмеу, ақырмасаң түсінбеу кесірінен амалдың орнына – айла, істің орнына – сөз, ұсыныстың орнына – қолқа, дәлелдің орнына – сылтау, ақыл-кеңестің орнына өкпе-бопса айту бел алып барады.

Тарихтың берген мүмкіндігі мен табиғаттың берген байлығы әлі де болса орнын таппай, босқа зая болып жатқаны жанға батады. Ол үшін сыртқа өкпелейтін ештеңе жоқ. Тәуелсіздігіміз бар, егемендігімізді жұрт

уақтылы мойындады. Қолғабыс-көмектерін ұсынды. Экономикамызды, әлеуметтік-мәдени дамуымызды көтеру жолында бірлесе әрекеттенуге әзір екендіктерін білдірді. Жан-жағымызбен тату-тәтті қарым-қатынастамыз. Алыспен де, жақынмен де алысып-берісіп жатырмыз. Нағыз іскер ахуал орнатуға не керектің бәрі бар. Жетпейтіні: Абай айтқан ынта мен ыждаһат. Білуге ыждаһат, үйренуге ыждаһат, еңбектенуге ыждаһат күшеюдің орнына әлсіреп бара жатқандай. Оның орнына Абай айтқан қырсыздық пен қияңқылық, «өтірік пен өсекті жүндей сабаған» даукестік пен даңғойлық, «өз елін өзі аңдыған» ұрлық пен «жүз қараға екі жүз аларман бар» көрсеқызарлық, «қозғау салып қоздырғыш» жікшілдік пен «сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан партияшылдық» азаяр емес. Экономикалық белсенділікті, Абайша айтсақ, «өз жерімен, өз елімен ойраңдасып, ойсыздарға қойнын ашып, мал шашумен», «халыққа қайыры бар іс бітірмей», «қардың суы сықылды тез суалар, еңбек қылмай табылар мал-дәулет» қуумен, саяси белсенділікті дау жоқ жерден дау іздеумен, жау жоқ жерден жау іздеумен, әлеуметтік белсенділікті ұрынарға қара таппай жүретін ұрда-жықтықпен, әр нәрсеге бір тұмсық тығатын тіміскілікпен шатыстырып алу етек жайып барады. Бұған ренжімегенде, неге ренжисіз? Өзімізге өзіміз өкпелеуге мәжбүрміз. Соның бәрі «шала мейір шала байқайды» демекші, тәуелсіздігіміз бен бостандығымыздың қадірін шала ұғып, шала бағалаудан шығып жатқан кеселдер. Осы тұста ұлы ақынның: «Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтіні қалай?.. Тыныштық іздеп, таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?..

Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?.. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке серттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?» – деген сөздері ойға келеді. Осы бір жан айқайының бүгінгі біздің қоғамға да қатысы бар екенін естен шығармасақ болғаны.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, бас қосқан ұлы жиындардың бәріңде де мен халқымыздың бірлігі мен татулығы туралы айтпай қалған емеспін. Өйткені, әлімсақтан белгілі, ел болудың амалы – ішкі бірлік.

Тарихтың барлық кезеңінде даудан да, жаудан да қазақ ұтылса, тек бірлік пен татулықтың аздығынан ұтылды. Абайдың да өзегін өртеген қайғы осы болатын. Егер елде бірлік болса, Абай:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
 Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
 ...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
 Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
 Баста ми, қолда малға талас қылған,
 Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын,

– деп өкінер ме еді?

Бірақ Абай тағы да былай дейді: «...Бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың... бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінез қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен... екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін», – деп жамандығын жасырып, жақсылығын асы-

рамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, әруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен... Ағайынның азары болса да, безері болмайды», – деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – десіп. Кәніки, осы екі мінез қайда?»

Ел болудың қағидасындай болған, пәтуа мен бірліктің көзі – осы екі мінез дәл бүгін ұлт тағдыры шешілер тұста біз үшін бұрынғыдан да керегірек секілді. Рас, мен қазір Абайша ашынып, бұл екі мінез бізде мүлде жоқ деп айта алмаймын.

Өйткені отандастарым маған екі мәрте мәрттік жасап, екі тізгін, бір шылбырды сеніп тапсырып отыр. Олар үдесінен шықты. Мен де уәдемнен шығамын: бәрі де бауырым болғасын, мен де қарап қалмаймын, қамдарын жеймін. Олардан бөлек уайымым да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ. Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін.

Сондықтан да мынау өтпелі дәуірдің қиын қыспағынан тездетіп шығу үшін, жүйелі билік керек екендігін сезініп, жағдайды пәрмендірек түзеу үшін, бірақ заңсыздыққа ұрынбай, бәрін де заңға сәйкес атқарып шығу үшін Ата заңымыздың жаңа жобасын көпшілік талқысына ұсындым. Жұртшылық зор ықыласпен зерттей танысып, ұсыныстарын, ескертпе, пікірлерін білдірді. Айтылған сын аз болған жоқ. Ащы деп апшымадым. Тәтті деп тамсанбадым. Бәрі де ескерілді. Мұқият сұрыпталды. Сарапқа салынды. Түпкілікті

жобаға қосатын үлесін қосты. Бізге керегі – өтпелі кезеңнің тар көпірінен тезірек өткізіп, өзіміз көздеген адам мүддесі аяққа басылмайтын, әркім өз бақытын өз талайы мен талабына қарай табатын әлеуметтік әділетті қоғамның заңды кеңістігіне тезірек жеткізетін түп құжатты қабылдау. Егер Ата заңымызды халқымыз қолдап шықса, сөз жоқ, әлгі айтылған елдігіміздің екінші мәрте сипаты да жарқырап көрінген болар еді. Солай болатынына кәміл сенемін.

Бұл орайда басын ашып айтатын бір мәселе: біз экономикадағы реформадан қалай бас тартпайтын болсақ, демократиядан да солай бас тартпаймыз. Өйткені демократиялық бостандық жоқ жерде экономикалық бостандық та болмайды және, керісінше, біз сол бостандыққа қолбайлау болатын тұстарды ғана түзетеміз. Әйтпесе, уақытша қиындықтарды пайдалана қойып, жеке үстемдік құратын Жертәңірі болайын деп жатқан ешкім де жоқ. Ондай байбалам, шынында да, Абай айтқандай, кейістікті күндестікпен, тыныш отыра алмағандықпен шатыстырып алып жатқандардың аузынан шығуы мүмкін. Біздің далада арғы-бергіде қырсыздыққа көп төзгенмен, қиянатқа көп төзе қоймағанын жақсы білемін. Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір басыма керекті қай күнде де табармын. Халқыма керекті қалай табамын, қайдан табамын деп қам жел жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы қажет. Онымды алыстағы, жақындағы саясатшылардың кейбіреулері түсінбегенмен, халқымыз жақсы түсінгеніне ризамын.

Қысқасы, Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкін-

дік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес болып тиіп отыр. Өйткені біз – осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек бізбіз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял болып қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айналар-айналмасы мына біздерге байланысты.

Біз де бүгін ұлтшілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз. Қорыта келсек, бүгінгі таңда бәріміз ұлықтап отырған ұлы ақылгөй осыдан бір жарым ғасыр бұрын, өз тұсындағы өркениеттен атымен шетқақпай жатқан аймақта жүріп-ақ, тек бүгінгі өркениет қана қамтамасыз ете алар адамдар мен халықтардың бостандығы мен жарастығына негізделген, ізгілігі мен игілігі бірдей биік дамыған азат қоғамның қандай болмағы керек екендігін де дәл пайымдай алыпты.

Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш болып қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп. Ол үйреткен тағылым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгендігіміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден-бір белгісі де осы болып табылады.

Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе – сенім. Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады. Ал ұлы Абайдың, уайымшыл Абайдың болашаққа деген сенімін есте жоғалтпағанын мына бір сөздерінен көруге болады: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді», – дейді ұлы ақын.

Айтқаның келсін, жан баба!

Ел басына түскен бүгінгі қиын-қыстау кезеңнің баянсыздығына, халқымыздың көңілін шаттыққа бөлейтін келісімге, жарастыққа толы ырыздықты, молшылықты күндердің сарғайтпай ертең-ақ келетініне менің де сенімім мол.

Абайды бізбен мәңгілік бір қылатын да осындай ұғым, осындай сенім. Ендеше, Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай! Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне білгей!

Қабылданған қысқартулар

ТІЗБЕСІ

- АӨК** аграрлық-өнеркәсіптік кешен
- АӨСШК** Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі
- АТЭЫ** Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы
- АЭХА (МАГАТЭ)** Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік
- БАҚ** бұқаралық ақпарат құралдары
- БК (б) П** Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы
- БК(б) П ОК** Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті
- БҰҰ** Біріккен Ұлттар Ұйымы
- БҰҰДБ** БҰҰ Даму бағдарламасы
- ДДСҰ** Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
- ЕАО** Еуразиялық Одақ
- ЕҚДБ** Еуропа қайта құру және даму банкі
- ЕҚЫК** Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі
- ЕҚЫҰ** Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

- ЕММЖ (ОМОН)** ерекше мақсаттағы милиция жасағы
- ЕМО** Егемен Мемлекеттер Одағы
- ЕО** Еуропалық Одақ
- ЕЭҚ** Еуропалық экономикалық қауымдастық
- ЖЭО** жылу электр орталығы
- ИКҰ** Ислам конференциясы ұйымы
- Кеңшар** кеңестік шаруашылық
- КОКП** Кеңес Одағының Коммунистік партиясы
- КОКП ОК** Кеңес Одағы Коммунистік партиясының
Орталық Комитеті
- КСРО** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
- ЛАГББ (ГУЛАГ)** КСРО Еңбекпен түзеу лагерлерінің, еңбек
қоныстарының және қамау орындарының
бас басқармасы
- МТС** машина-трактор стансасы
- НАТО** Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы
- РКФСР** Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік
Республикасы
- СШҚ** стратегиялық шабуыл қарулары
- ТМД** Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
- ТСБК (ГАТТ)** Тарифтер мен сауда туралы бас келісім
- Ұжымшар** ұжымдық шаруашылық
- ХААҰ (ИКАО)** Халықаралық азаматтық авиация ұйымы
- ХВҚ** Халықаралық валюта қоры
- ХҚДБ** Халықаралық қайта құру және даму банкі
- ІЖӨ** ішкі жалпы өнім
- ЭСКАТО** БҰҰ Азия және Тынық мұхитқа арналған
Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы

- ЭҮҮ**Экономикалық ынтымақтастық ұйымы
- ЮНЕП**.....БҮҮ Қоршаған орта
жөніндегі бағдарламасы
- ЮНЕСКО**.....БҮҮ Білім беру, ғылым және мәдениет
жөніндегі ұйымы
- ЮНИСЕФ**БҮҮ Балалар қоры
- ЯҚТШ (ДНЯО)**.....Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

Географиялық атаулар

КӨРСЕТКІШІ

Абхазия.....	568
Австралия.....	175
Австрия.....	113, 566
Агдам қаласы (Әзірбайжан).....	509
Азия-Тынық мұхит өңірі.....	27, 69, 84, 91, 92 551, 631
Азия құрлығы	18, 24, 69, 113, 123, 159, 163, 188, 189, 259, 320, 387, 392, 407, 424, 522, 541, 568, 632, 668, 681
Ақ үй, АҚШ Президентінің резиденциясы (АҚШ, Вашингтон қ.).....	615
Ақмола қаласы.....	83, 428, 432, 445, 537–542 (1998 жылдан – Астана)
Ақмола облысы	457
Ақтөбе облысы.....	445, 446, 605
Алжир.....	566
Алматы қаласы	8, 21, 31, 33, 35–40, 42–49, 67, 83, 108, 117, 140, 146, 160, 165, 174, 193, 205, 236, 244, 265, 292, 302, 306, 320, 328, 330, 390, 393, 394, 399, 409, 422, 424, 458, 472, 482, 496, 532–545, 555, 563, 578, 593, 598, 602, 607, 616, 622, 624, 639, 643, 680, 681
Алтай өңірі	605
Алтай өлкесі (Ресей).....	430, 432
Америка құрлығы.....	122, 175, 189, 502, 521, 551
Америка Құрама Штаттары (АҚШ).....	47, 92, 102, 106, 112, 113, 118, 122, 125, 183, 212, 259, 417, 421, 447, 459, 520, 579, 618, 626

Анкара қаласы (Түркия астанасы)	543
Арал теңізі	95, 170, 191, 192, 312, 337, 393, 570, 571
Арал маңы өңірі	163, 192, 495
Армения	206, 510, 568
Арыс өзені	383
Астрахан қаласы (Ресей)	177
Атырау қаласы	83
Ауғанстан	175, 427, 575
Африка құрлығы	189, 566, 568, 630
Ашғабад қаласы (Түрікменстан астанасы)	37, 40, 41, 389
Әзірбайжан	18, 206, 510, 567, 568, 591
Әмудария өзені	314
Балқан түбегі	629
Балқаш көлі	376, 605
Балтық маңы өңірі	437, 547, 576, 604, 617
Баскілер елі (Испания)	569
Батыс Еуропа өңірі	92, 156, 207, 259, 426, 478, 480, 630, 632
Бейжің қаласы (Қытай астанасы)	102, 681
Беларусь	25, 37, 41, 43–46, 101, 102, 107, 111, 212, 261, 397, 421, 422, 430, 446
Беловежье қорығы (Беларусь)	40
Бельгия	569
Босния	567
Босфор бұғазы	83
Бөген өзені	383
Бразилиа қаласы (Бразилия астанасы)	544
Брест қамалы (Беларусь)	601
Брюссель қаласы (Бельгия астанасы)	156
Букингем сарайы, Ұлыбритания патшайымының резиденциясы (Ұлыбритания, Лондон қ.)	615
Бұланты өзені	376

Ванкувер қаласы (Канада)	159
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы).....	423, 606
Венгрия	566
Владивосток қаласы (Ресей).....	159
Возрождение аралы.....	571

(2003 жылдан – түбек, Арал теңізі)

Гана	566
Германия (ГФР)	47, 102, 113, 123, 136, 176, 178, 202, 259, 502, 507, 521, 577, 598, 604, 614, 618, 669
Грузия	206, 232, 547, 567

Давос қаласы (Швейцария).....	55
Дания.....	212
Дешті Қыпшақ өңірі.....	371
Днестр маңы өңірі.....	568

ЕАО.....	19, 479, 482, 485, 489, 481, 488, 490–495, 524, 546, 551–553, 578
----------	---

(Еуразиялық Одақ)

Екібастұз қаласы (Павлодар обл.).....	478
---------------------------------------	-----

ЕМО	37
-----------	----

(Егемен Мемлекеттер Одағы)

ЕО.....	94, 109, 426, 480
---------	-------------------

(Еуропалық Одақ)

Ертіс өзені	538
-------------------	-----

Есіл өзені	538
------------------	-----

Еуразия материгі.....	160, 161, 631, 634
-----------------------	--------------------

Еуроатлантикалық өңір.....	27
----------------------------	----

Еуропа құрлығы	16, 24, 45, 69, 84, 101, 113, 123, 154, 158, 159, 175, 189, 196, 212, 259, 389, 423, 492, 521, 541, 550, 552, 613, 615, 681, 690
----------------------	--

Жапония.....	47, 92, 123, 136, 285, 396, 478, 522, 544, 707
--------------	--

Женева қаласы (Швейцария)	626
---------------------------------	-----

Жерорта теңізі.....	93, 389
Жетісу өңірі	170
Жидебай ауылы (Семей обл., Абай ауд.)	681
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл., Абай ауд.)</i>	
Жоңғар хандығы (1635–1755 жж.).....	169, 374, 377
Иран	91, 93, 160, 175, 210, 259, 261, 388, 391, 412, 587, 632
Исламабад қаласы (Пәкстан астанасы).....	544
Испания.....	569
Италия	123, 136
Кавказ өңірі.....	389, 572
Кавказ сырты өңірі.....	437
Канада	95, 102, 175, 569
Канберра қаласы (Австралия астанасы).....	544
Карачи қаласы (Пәкстан)	544
Каспий теңізі	18, 93, 261, 340, 391, 393, 412
Квебек провинциясы (Канада).....	569
Киев қаласы (Украина астанасы).....	42
Козлов атындағы кеңшар (Қостанай обл., Наурызым ауд.)	445
Корея (Оңтүстік Корея).....	28, 114, 123, 251
Корсика аралы.....	569
Көкшетау облысы	170, 446, 450
<i>(1997 жылы таратылып, Солтүстік Қазақстан обл. құрамына қосылды, 1999 жылдан бастап біраз аумағы Ақмола обл. құрамына кірді)</i>	
Краснодар, қаласы (Ресей).....	438
КСРО	12, 14, 17, 34, 37, 38, 41, 43, 46, 56–58, 69, 107–111, 136, 141, 186, 217, 227, 314, 324, 336, 359, 418, 421, 422, 429, 431, 432, 448, 477, 495, 499, 500, 509, 524, 548, 569, 572, 607, 623, 629, 632, 633
<i>(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.)</i>	
Күлтөбе төбесі (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	384

Қазақ КСР.....	8, 11, 141, 217, 304, 572, 658
<i>(Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы, 1936–1991 жж.)</i>	
Қазақ хандығы (1465–1847 жж.).....	167, 168, 371
Қазан қаласы (Ресей).....	492
Қазығұрт тауы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	383
Қапшағай қаласы (Алматы обл.).....	534
Қара, теңіз.....	93
Қарағанды қаласы (Қарағанды обл.).....	83, 538
Қарағанды облысы.....	445
Қаратау тау сілемі.....	374, 375, 383
Қарауыл ауылы (Семей обл., Абай ауд.).....	681
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл.)</i>	
Қорған облысы (Ресей).....	430
Қостанай облысы.....	432, 437, 445, 446, 455
Қызылорда қаласы (Қызылорда обл.).....	312, 314, 316, 544
Қызыл, алаң (Ресей, Мәскеу қ.).....	600, 615
Қырғызстан.....	18, 160, 177, 212, 522, 552, 578, 597, 634
Қытай (ҚХР).....	18, 91, 93, 112, 114, 175, 211, 259, 261, 340, 392, 520, 522, 544, 579, 587, 626
Лагын Америка өңірі.....	102, 502, 521, 670
Лондон қаласы (Ұлыбритания астанасы).....	472, 615, 618
Магнитогорск қаласы (Ресей).....	478
Маринов кеңшары (Ақмола обл.).....	437
Марокко.....	566
Мәртөбе төбесі (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	371, 384
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы).....	42, 171, 438, 451, 472, 473, 480, 481, 500, 516, 523, 534, 544, 547, 602, 615, 618, 681
Мәскеу маңы өңірі.....	604
Мексика.....	102
Мельбурн қаласы (Австралия).....	544
Минск қаласы (Беларусь астанасы).....	37, 40–42, 45, 47, 207
Молдавия.....	437, 446, 567
<i>(1991 жылдан – Молдова)</i>	

Монғолия	175, 210, 412
Нагасаки қаласы (Жапония).....	192
Наурызым ауданы (Қостанай обл.).....	445
Новосібір облысы (Ресей).....	432
Нью-Йорк қаласы (АҚШ)	17, 106, 183, 417, 472, 615, 689
Ольстер провинциясы (Ирландия)	569
Омбы облысы (Ресей).....	548
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі	92, 102, 207, 502, 630, 632
Оңтүстік Азия өңірі.....	92
Оңтүстік Қазақстан облысы.....	370
Орал қаласы (Орал обл.)	132
<i>(1992 жылдан – Батыс Қазақстан обл.)</i>	
Орал облысы	121
<i>(1992 жылдан – Батыс Қазақстан обл.)</i>	
Ордабасы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	370, 375, 376, 380, 384
Орталық Азия өңірі.....	41, 91, 161, 186, 261, 312, 314, 337, 353, 376, 377, 393, 424, 437, 468 521, 522, 578, 587, 595, 632, 634, 665, 683
Орталықазиялық Одақ	552
Орталық Еуропа өңірі.....	94
Орталық Қазақстан өңірі.....	571, 606
Орталық Шығыс өңірі.....	92
Орынбор қаласы (Ресей)	177, 430, 544
Осетия	568
Өзбекстан	18, 101, 160, 177, 226, 378, 400, 404, 479, 522, 547, 552, 576, 578, 597, 634
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.)	83, 500, 510, 605
Павлодар қаласы (Павлодар обл.)	83
Павлодар облысы	432
Париж қаласы (Франция астанасы).....	615, 618, 681

Парсы шығанағы	261, 388
Пәкстан	91, 123, 136, 160, 210, 259, 391, 540, 566, 632
Польша	566, 604
Португалия	122
Псков қаласы (Ресей)	604
Ресей	18, 25, 37, 41, 43, 46, 49, 59, 61, 91, 93, 99, 101, 107, 112, 169, 196, 206, 212, 238, 260, 261, 266, 312, 353, 376, 396, 398, 400, 422, 430, 432, 433, 437, 445, 446, 467, 468, 472, 478, 480, 495, 516, 522, 523, 537, 539, 544, 547, 572, 576, 578, 579, 575, 593, 595, 597, 602, 603, 605, 618, 623, 626, 632, 663, 666, 667
Ресей империясы (1721–1917 жж.)	238, 377
Рио-де-Жанейро қаласы (Бразилия)	544
РКФСР	45, 46, 556
<i>(Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы, 1917–1991 жж.)</i>	
Руанда	568
Сайрам ауылы (Оңтүстік Қазақстан обл., Сайрам ауд.)	384
Салтанат қақпасы (Франция, Париж қ.)	615
Самара қаласы (Ресей)	492
Санкт-Петербург қаласы (Ресей)	544
Семей қаласы (Семей обл.)	163, 681
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл.)</i>	
Семей облысы	111, 163, 191, 394, 432, 451
<i>(1997 жылы таратылып, Шығыс Қазақстан обл. құрамына қосылды)</i>	
Сеул қаласы (Оңтүстік Корея астанасы)	102
Сингапур	28, 114
Словакия	604
Солтүстік Америка материгі	92, 207, 478, 630
Солтүстік Кавказ өңірі	572
Солтүстік Қазақстан облысы	432, 451
Сомали	566
Сочи қаласы (Ресей)	438

Сталинград қаласы	598
<i>(1961 жылдан – Волгоград қ., Ресей)</i>	
Сумгаит қаласы (Әзірбайжан)	509
Сырдария өзені	314
Таймс-сквер алаңы (АҚШ, Нью-Йорк қ.)	615
Талас өзені	167, 374
Таулы Қарабақ өңірі	427, 443, 568
Ташкент қаласы (Өзбекстан астанасы)	378
Таяу Шығыс өңірі	101
Тәжікстан	206, 232, 427, 567, 568, 575, 591
Тегеран қаласы (Иран астанасы)	390
Теміртау қаласы (Қарағанды обл.)	605
ТМД	40–45, 58, 79, 80, 93, 94, 99, 101, 102, 108, 109, 152, 156, 162, 163, 191, 196, 206, 207, 209, 242, 246, 247, 261–263, 286, 317, 319–321, 324–326, 339, 348, 351, 353, 359, 387–389, 406, 408, 412, 425–430, 435, 439, 449, 455, 459, 467, 477, 485, 486, 482–490, 516, 522–525, 546, 551–553, 567, 573, 577–579, 585, 591, 594, 595, 617, 634, 636, 642, 644, 647, 663–665
<i>(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)</i>	
Того	566
Токио қаласы (Жапония астанасы)	102
Түмен облысы (Ресей)	430
Түркия	28, 91, 93, 102, 114, 123, 136, 160, 175, 176, 178, 210, 251, 259, 389, 391, 412, 502, 543, 587
Түркі қағанаты (551–603 жж.)	167
Түркістан өңірі	556
<i>(1920-шы жылдардың ортасына дейін Орта Азияның атауы)</i>	
Түрікменстан	18, 160, 177
Тынық, мұхит	83, 92, 261
Уайтхолл сарайы (Ұлыбритания, Лондон қ.)	615
Украина	25, 39, 41, 43–46, 101, 107, 111, 212, 261, 397, 421, 422, 430–433, 437, 446, 547, 572, 576, 585, 597, 603, 605, 606

Ұлыбритания.....	113, 136, 210, 259, 502, 507, 522, 569, 579, 618, 626
Ұлытау, тау жүйесі.....	384
Үндістан.....	91, 123, 210, 259, 392, 502, 566, 631
Финляндия.....	112, 158, 566
Фламандия өңірі (Бельгия).....	569
Франция.....	113, 122, 176, 210, 212, 251, 259, 285, 412, 502, 521, 568, 604, 618, 627, 669
Харьков қаласы (Украина).....	604
Хельсинки қаласы (Финляндия астанасы).....	94, 158–160, 164
Хиросима қаласы (Жапония).....	192
Цин империясы (1644–1911 жж.).....	376
Челябі облысы (Ресей).....	432
Чернобыль қаласы (Украина).....	495
Чехословакия (1918–1992 жж.).....	566
Чистополь ауданы (Көкшетау обл.).....	450
Шешенстан республикасы (Ресей).....	568, 591
Шу өзені.....	371, 374
Шығыс Еуропа өңірі.....	29, 102, 106, 616, 617
Шығыс Қазақстан облысы.....	432
Ыстамбұл қаласы (Түркия).....	176, 386, 387, 543, 681
Эфиопия.....	566
Югославия (1918–1990 жж.).....	427, 443, 566, 567, 603, 604, 629
Ярославль қаласы (Ресей).....	438

Есімдер

КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.).....	20, 167, 170, 175, 581, 666, 680–700
Абылай хан.....	24, 169, 383
Аймауытов Ж.	686
Аквинский Ф.	589
Ақаев А. А.	378
Ақкөз батыр.....	169
Аристотель.....	688
Асанбаев Е. М.	537
Асан Қайғы	689
Асфендияров С. Д.	555
Аталық.....	689
Әбдіров Н.	603
Әбілғазы	689
Әбілқайыр хан	381, 383
Әйтеке би	19, 169, 370, 372, 375, 384, 385, 689
Әлібек.....	372
Әл-Фараби Әбу Насыр.....	167, 689
Әуезов М. О.	167
Бабыр Захир ад-Дин Мұхаммед.....	689
Байжігітов А.	601
Байрон Дж. Г.	688

Байтұрсынов А.	555, 686
Баласағұн Жүсіп.....	167, 689
Бараев А. И.	436
Баршынлегі Хұсан Аддин	689
Бәйбек	372
Беда Л. И.	603
Бекболат батыр.....	169
Бектұралиев Б.	608
Бельгер Г. К.	255
Бигелдинов Т. Ж.	603
Болат хан	375
Бөгенбай батыр.....	169, 383
Бөкеев Ш.	686
Бөкейханов Ә. Н.	686
Бродский И. А.	144
Брусиловский Е. Г.	143, 514
Будда.....	190
Бутрос-Гали Б.	161, 184
Бұқар жырау	689
Ганди М.	190
Гете И. В.	688
Гитлер А.	608, 652
Гор А.	618
Горбачев М. С.	37, 39, 43, 502
Григорьев А.	607
Гроций Г.	649
Дарвин Ч. Р.	689
Датұлы С.	169

Досмұхамедов Х.	555, 686
Доспамбет	689
Дрепер Д. У.	689
Дулати Мұхаммед Хайдар	167, 689
Дулатов М.	555, 686
Дюма А.	688
Ельцин Б. Н.	618
Есет батыр	169, 383
Есім хан	371, 381
Жалаири Қадырғали	689
Жандосов О. А.	555
Жансүгіров І.	19, 555–557, 562
Жамбыл (Жабаев Ж.)	607
Жәнібек батыр	169, 383
Жәнібек хан	371
Жәңгір хан	371
Жиёмбет	689
Жуков Г. К.	577
Жұмабаев М. Б.	555, 560, 686
Жұматов Ғ. Ж.	601
Заводовский М.	607
Затаевич А. В.	514
Зиманов С. З.	116
Иван Қаһарлы (Иван Грозный)	238
Иманов А. Ү.	169
Иса Мәсіх (Иисус Христос)	190

Кәрімов И. А.	378
Келдібек.....	372
Кеннеди Дж.	531
Керей хан.....	371
Кирилл.....	581
Клинтон Б.	423
Клочков В. Г.	602
Козлов	445
Коль Г.	618
Комаров В. Л.	607
Көбеев С.	686
Крылов И. А.	288
Кулаков А. Ф.	603
Қабанбай батыр.....	169, 383
Қазтуған.....	689
Қазыбек би.....	19, 169, 370, 372, 393, 375, 383, 384, 385, 689
Қайсенов Қ.	603
Қарасай батыр.....	169
Қарашев О. К.	686
Қасым хан.....	371, 372
Қасымов К.	169
Қашқари Махмұд.....	689
Қодантайшы.....	689
Қожанов С.	19, 555
Қонтажы хан.....	373
Қорқыт.....	169, 689
Құдайбердіұлы Ш.	686
Құлиев Б.	686

Лао Цзы	190
Левшин А. И.	371
Ледовских И.	601
Лесаж А. Р.	688
Ломоносов М. В.	19, 472
Луганский С. Д.	603
Луговской В. А.	607
Майлин Б. Ж.	19, 555–557, 562
Майор Ф.	682
Мақатаев М.	513
Марғасқа.....	689
Маршак С. Я.	607
Мәметова М. Ж.	603
Мейджор Дж.	618
Менделеев Д. И.	569
Мефодий	582
Миттеран Ф.	618
Мицкевич А.	688
Молдағұлова Ә. Н.	603
Момышұлы Б.	603
Мұхаммед (пайғамбар).....	190
Мұхаммед ибн Кайс	689
Наурызбай батыр.....	169, 383
Олжабай батыр.....	169
Орлова Л. П.	607

Өтемісұлы М.	169
Павлов И. Ф.	603
Пастер Л.	513, 514
Паустовский К. Г.	607
Петр I.....	238, 475
Прокофьев С. С.	607
Пудовкин В. И.	607
Рабғузи.....	689
Райымбек батыр.....	169, 383
Рашид ад-Дин	689
Рысқұлов Т. Р.	19, 555–562
Сахаров А. Д.	396
Сәтбаев Қ. И.	606
Сейфуллин С.	19, 555–562
Семинченко К. А.	601
Сералин М.	686
Снегин Д. Ф.	255
Сократ.....	688
Спенсер Г.	689
Спиноза Б.	689
Сталин И. В.	556
Сусанин И. О.	608
Сухамбаев Ә.	603
Сүлейменов М. К.	255
Сьянов И. Я.	603
Сыпыра.....	689

Табари.....	689
Тайманұлы И.	169
Тайыпов М.	603
Тәуке хан.....	371, 379
Твен М.	116
Тоқтабаев Ф. К.	431
Толстой А. Н.	607
Толстой Л. Н.	515
Торайгыров С.	686
Төле би.....	19, 169, 370, 372, 375, 376, 378, 384, 385, 689
Төлебаев М. Т.	143
Троцкий Л. Д.	643
Тынышпаев М. Т.	555
Уәлиханов Ш. Ш.	167
Федотова З. Л.	122
Фурсов В.	601
Хабибуллин Р.	601
Хақназар хан.....	371
Хамиди Л.	143
Хемингуэй Э.	115
Хлудов Н. Г.	514
Цицерон.....	685
Цицин Н. В.	607
Чапаев В. И.	451
Черчилль У.	507

Шалкиіз	689
Шиллер Ф.	688
Эйзенштейн С. М.	607
Яссауи Қожа Ахмет	167, 689

Мекемелер мен ұйымдардың КӨРСЕТКІШІ

Агробанк.....	450
Адам құқықтары жөніндегі халықаралық қауымдастық.....	212
Адвокаттардың америкалық қауымдастығы.....	212
«Аджип».....	163
«Азаматтық келісім үшін».....	121
Азия даму банкі.....	407
«Ақ жол».....	556
Ақтөбе ферроқорытпа зауыты.....	605
АҚШ Конгресі.....	212
АҚШ Конгресі кітапханасының Зерттеу орталығы.....	212
«Алаш».....	132
«Алматы».....	451
Алматы корей театры.....	585
АӨСШК.....	18, 160, 189, 320, 424, 522, 634
<i>(Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)</i>	
Араб мемлекеттерінің лигасы.....	550
Арал теңізі бассейнінің проблемалары бойынша мемлекетаралық кеңес.....	315
Аралды құтқарудың халықаралық қоры.....	315
Атом энергиясы бойынша еуропалық қоғамдастық.....	45
АТЭЫ.....	631
<i>(Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы)</i>	

АЭХА (МАГАТЭ).....	16, 34, 44
<i>(Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік)</i>	
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.....	473
«Байқоңыр» ғарыш айлағы.....	46, 83
БК (б) П.....	431, 432
<i>(Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы)</i>	
БК (б) П ОК.....	431, 432
<i>(Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті)</i>	
«Бритиш Газ».....	163
БҰҰ.....	17, 34, 44, 92, 99, 102, 184, 186–188, 191, 258, 260, 319, 419, 423, 626, 627
<i>(Біріккен Ұлттар Ұйымы)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясы.....	17, 164, 171, 183, 260, 315, 320, 393, 412, 424
БҰҰ Бітімгершілік әрекеттерінің қоры.....	92
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі.....	494
БҰҰ Орталық Азия бойынша комиссиясы.....	393
БҰҰДБ.....	16
<i>(БҰҰ Даму бағдарламасы)</i>	
Бітістіру мен төрелік жөніндегі жалпыеуропалық сот.....	161
Варшава шарты ұйымы.....	94, 324, 629, 633
Гурьев мұнай өңдеу зауыты.....	605
ДДСҰ.....	16
<i>(Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы)</i>	
Дүниежүзілік банк.....	16, 55, 60, 66, 92, 196, 247, 280
ЕАО елдерінің үлестері есебінен құрылатын экономикалық және техникалық ынтымақтастық істері жөніндегі қор.....	493

ЕАО Есеп айырысу ақша бірлігін (аудармалы рубль) енгізу жөніндегі комиссиясы	493
ЕАО Мемлекет басшылары кеңесінің жанындағы Экология қоры.....	495
ЕАО Мемлекет басшылары кеңесінің жанындағы Экономика жөніндегі комитет.....	493
ЕАО Мемлекет басшыларының кеңесі	490
ЕАО Мемлекетаралық атқару комитеті.....	491
ЕАО Мемлекетаралық атқару комитетінің жанындағы Стипендиялық қор	
ЕАО Мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіп топтар мен бірлескен кәсіпорындар бойынша комиссиясы.....	493
ЕАО Парламенті.....	491
ЕАО Сыртқы істер министрлерінің кеңесі	491
ЕАО Үкімет басшылары кеңесінің жанындағы Мәдениет, ғылым, білім беру саласындағы байланыстар мәселелері жөніндегі комитет.....	494
ЕАО Үкімет басшыларының кеңесі	
ЕАО Халықаралық инвестициялық банкі.....	493
ЕАО істері жөніндегі мемлекеттік комитет.....	492
ЕАО Экономикалық мәселелер жөніндегі мемлекетаралық арбитражы.....	493
ЕАО Экспортшы елдерінің шикізат ресурстары жөніндегі комиссиясы.....	493
ЕҚДБ.....	16, 154, 210, 247, 407
<i>(Еуропа қайта құру және даму банкі)</i>	
ЕҚЫК.....	18, 160, 161, 163, 189, 212, 319
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі)</i>	
ЕҚЫҰ	16, 94, 631, 635
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)</i>	

ЕММЖ (ОМОН).....	510
<i>(Ерекше мақсаттағы милиция жасағы)</i>	
Еуразия университеті.....	553
Еуропалық көмір және болат бірлестігі.....	45
ЕЭҚ.....	45, 102
<i>(Еуропалық экономикалық қауымдастық)</i>	
Жекешелендіру мен шетелдік инвестицияларға ықпалдасудың	
халықаралық қоры	154
«Желтоқсан»	123
ИКҮ.....	16
<i>(Ислам конференциясы ұйымы)</i>	
«Казагрореммаш-холдинг»	435
КОКП	10, 127, 646
<i>(Кеңес Одағының Коммунистік партиясы)</i>	
КОКП ОК	434
<i>(Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті)</i>	
Колумбия университеті (АҚШ).....	17, 417, 472
Коминтерн	643
<i>(Коммунистік интернационал)</i>	
«Коре ильбо»	585
КСРО Ғылым академиясы.....	607
КСРО Жоғарғы Кеңесі.....	43
КСРО Мелиорация және су шаруашылығы	
министрлігі.....	314
КСРО Мемлекеттік банкі.....	58
КСРО Мемлекеттік кеңесі	39
КСРО Орта машина жасау министрлігі.....	501
КСРО Орталық бірлескен киностудиясы.....	607

КСРО Түсті металлургия министрлігі.....	501
Қазақ АКСР Халық комиссарларының кеңесі	557
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі.....	10, 11, 26
Қазақ КСР халық депутаттарының кеңестері	10, 138, 304
Қазақ-мысыр университеті.....	251
Қазақ-неміс академиясы.....	251
Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығы	16, 152
Қазақ-түрік университеті.....	251
Қазақ жастарының революциялық одағы	556
Қазақстан халықтары Ассамблеясы	382, 574, 580, 583, 588
Қазақстан халықтарының келісу және бірлесу ассамблеясы	242, 256
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.....	449, 456
ҚР Әділет біліктілік коллегиясы	674
ҚР Білім министрлігі.....	514
ҚР Даму банкі	97, 251
ҚР Жинақ банкі	465
ҚР Жоғарғы Кеңесі.....	21, 36, 117, 205, 292, 319, 344, 499, 532
ҚР Жоғарғы Кеңесінің Экономикалық реформа жөніндегі комитеті.....	506
ҚР Жоғарғы соты.....	230, 673
ҚР Жоғары сот кеңесі	232, 345, 529, 674
ҚР Жоғары төрелік соты	231
ҚР Конституциялық комиссиясы	121, 134, 138, 200, 212, 214, 223
ҚР Конституциялық соты	137, 231, 298, 660, 674
ҚР Қаржы министрлігі	267, 286, 505
ҚР Қарулы Күштері	19, 45, 99, 317, 229, 603
ҚР Қорғаныс министрлігі	326, 535

ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	276
ҚР Министрлер Кабинеті	53, 118, 134–137, 220, 224, 225, 280, 286, 288, 307, 466, 528, 530
ҚР Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитеті	512
ҚР Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	286
ҚР Парламенті	490, 670
ҚР Парламентінің Мәжілісі.....	670
ҚР Парламентінің Сенаты	670
ҚР Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес	267
ҚР Президентінің жанындағы Кәсіпкерлік жөніндегі кеңес	157
ҚР Республикалық Ұланы.....	19
ҚР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	267
ҚР Сыртқы істер министрлігі	491, 535
ҚР Ұлттық банкі.....	279, 280, 402, 405, 505, 506
ҚР Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясы.....	402
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті.....	535
ҚР Ұлттық мемлекеттік банкі	103, 267, 279, 280, 286
ҚР Халықаралық даму жөніндегі агенттігі	247
ҚР Шетелдік инвестициялар жөніндегі агенттігі.....	104
ҚР Экономика министрлігі	272, 286
ЛАГББ (ГУЛАГ).....	618
<i>(КСРО Еңбекпен түзеу лагерлерінің, еңбек қоныстарының және қамау орындарының бас басқармасы)</i>	

Ломоносов М. В. атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	19, 473
НАТО.....	94, 423, 631
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)</i>	
«Невада-Семей».....	395
Нью-Йорк университеті (АҚШ)	689
«Одақ»	480
Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық су шаруашылық үйлестіру комиссиясы	314
Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты.....	605
Павлодар технологиялық университеті	251
«Приречное»	451
Ресей Федерациясының Орталық банкі	406
Семей ядролық полигоны	192, 337, 395, 495, 617, 622, 626, 636
Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі	478
Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесі	94, 423
Сібір казактарының одағы	132
Текелі қорғасын-мырыш комбинаты	605
ТМД Банк одағы.....	207
ТМД Мемлекет басшыларының кеңесі.....	206, 577
ТМД Мемлекетаралық банкі.....	207
ТМД Мемлекетаралық соты	207
ТМД Мемлекетаралық экономикалық комитеті	551

ТМД мемлекеттерінің Министрлер кеңесі	207
ТМД мемлекеттерінің Үкімет басшыларының кеңесі.....	45, 207
ТМД Парламентаралық ассамблеясы.....	207
ТМД Үйлестіру-консультациялық экономикалық кеңесі.....	207
ТМД Шаруашылық соты.....	207
ТСБК (ГАТТ)	92
<i>(Тарифтер мен сауда туралы бас келісім)</i>	
Түркістан конфедерациясы.....	108
«Українські новини»	585
Үлбі металлургия зауыты	501
«Филипп Моррис»	14
ХААҰ (ИКАО).....	97
<i>(Халықаралық азаматтық авиация ұйымы)</i>	
Халықаралық қатынастар жөніндегі Нью-Йорк кеңесі	17
ХВҚ.....	13, 16, 55, 57, 60, 66, 92, 102, 171, 196, 210, 259, 407
<i>(Халықаралық валюта қоры)</i>	
• ХҚДБ.....	92, 102, 210, 259, 314
<i>(Халықаралық қайта құру және даму банкі)</i>	
«Шеврон»	14, 163
ЭСКАТО	16
<i>(БҰҰ Азия және Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы)</i>	
ЭЫҰ.....	16, 386-393
<i>(Экономикалық ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЭЫҰ елдері Көлік министрліктерінің комитеті	388

ЮНЕП	16, 192
<i>(БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы)</i>	
ЮНЕСКО.....	16, 581, 681
<i>(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)</i>	
ЮНИСЕФ	16
<i>(БҰҰ Балалар қоры)</i>	

МАЗМҰНЫ

II ТОМ (1991–1995)

Жол басында	7
Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне ресми кірісуіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысында сөйлеген сөзі	21
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 10 желтоқсан)</i>	
Егемен мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі	31
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 21 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VII сессиясында сөйлеген сөзі	36
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 23 желтоқсан)</i>	
Бағаларды ырықтандыруға байланысты Қазақстан халқына үндеуі	49
<i>(Алматы қаласы, 1992 жылғы 14 қаңтар)</i>	
Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің басшылығымен кездесуде сөйлеген сөзі	55
<i>(Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы, 1992 жылғы 2 ақпан)</i>	
Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы	67
<i>(Алматы қаласы, 1992 жылғы 16 мамыр)</i>	
Халықаралық қатынастар жөніндегі Нью-Йорк кеңесінде сөйлеген сөзі	106
<i>(АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 1992 жылғы 23 мамыр)</i>	

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VIII сессиясында «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы» сөйлеген сөзі117
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 1 маусым)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VIII сессиясында Қазақстан Республикасы жаңа мемлекеттік рәміздерінің бекітілуіне байланысты сөйлеген сөзі 140
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 9 маусым)
- Қазақстан кәсіпкерлерінің I форумында сөйлеген сөзі146
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 20 маусым)
- Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің пленарлық отырысында сөйлеген сөзі 158
(Финляндия Республикасы, Хельсинки қаласы, 1992 жылғы 9 шілде)
- Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайында сөйлеген сөзі165
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 30 қыркүйек)
- БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі 183
(АКШ, Нью-Йорк қаласы, 1992 жылғы 5 қазан)
- Демократиялық қоғамға және нарық экономикасына көшудің проблемалары туралы Қазақ теледидары арқылы сөйлеген сөзі 193
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 22 қазан)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының IX сессиясында «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы» сөйлеген сөзі205
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 9 желтоқсан)
- Қазақстан халықтары форумында сөйлеген сөзі236
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 14 желтоқсан)

- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
1 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
«Қазақстанның өз жолы, өз болашағы бар» атты
сөйлеген сөзі 244
(Алматы қаласы, 1992 жылғы 15 желтоқсан)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он екінші шақырылымының X сессиясында
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен
әлеуметтік-экономикалық реформаларды
тереңдету бағдарламасы туралы
сөйлеген сөзі265
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 18 қаңтар)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің
салтанатты отырысында Қазақстан Республикасы
Конституциясының қабылдануына байланысты
сөйлеген сөзі 292
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 29 қаңтар)
- Қазақстан Республикасындағы
Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен
жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық
бағдарламасының жобасы туралы
Қазақстан Республикасы орталық және
жергілікті атқарушы органдардың
басшыларымен кеңесте
сөйлеген сөзі302
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 3 наурыз)
- Арал теңізін сақтап қалу проблемалары жөніндегі
мемлекет басшыларының I конференциясында
сөйлеген сөзі312
(Қызылорда қаласы, 1993 жылғы наурыз)
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің
1 жылдығына байланысты N-ші әскери бөлімінің
офицерлер құрамы алдында
сөйлеген сөзі 317
(1993 жылғы 29 сәуір)

- Идеология мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте
«Қоғамның идеялық топтасуы –
Қазақстан дамуының басты шарты» атты
сөйлеген сөзі 330
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 11 мамыр)
- XVIII ғасырдағы Қазақстанның көрнекті мемлекет
қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді
еске алу күндерінде
сөйлеген сөзі 370
(Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы, 1993 жылғы 28 мамыр)
- Экономикалық ынтымақтастық ұйымына
мүше мемлекеттер басшыларының кездесуінде
сөйлеген сөзі 386
(Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы, 1993 жылғы 6 шілде)
- Ядролық қаруға қарсы халықаралық конгресте
сөйлеген сөзі 394
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 30 тамыз)
- Ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты
Қазақ теледидары арқылы
сөйлеген сөзі 399
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 12 қараша)
- Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста
сөйлеген сөзі 409
(Алматы қаласы, 1993 жылғы 15 желтоқсан)
- Колумбия университетінде
«Бейбітшілік, даму, демократия» тақырыбында
сөйлеген сөзі 417
(АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 1994 жылғы 16 ақпан)
- Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің
40 жылдығына арналған салтанатты жиналыста
сөйлеген сөзі 428
(Ақмола қаласы, 1994 жылғы 25 ақпан)
- Қазақ теледидары арқылы сайлаушыларға
үндеуі 458
(Алматы қаласы, 1994 жылғы 1 наурыз)

- М. В. Ломоносов атындағы
Мәскеу мемлекеттік университетінде
сөйлеген сөзі 472
(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 1994 жылғы 29 наурыз)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он үшінші шақырылымы
Үйлестіру кеңесінің отырысында
Еуразиялық Одақты құрудың жобасы туралы
сөйлеген сөзі 482
(Алматы қаласы, 1994 жылғы 3 маусым)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он үшінші шақырылымының I сессиясындағы
«Реформаларды тереңдету мен жалпыұлттық келісім
арқылы – жаңарған Қазақстанға» атты
Жолдауы 496
(Алматы қаласы, 1994 жылғы 9 маусым)
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі
он үшінші шақырылымының I сессиясында
ел астанасын көшірудің орындылығы туралы
сөйлеген сөзі 532
(Алматы қаласы, 1994 жылғы 6 шілде)
- «Еуразиялық кеңістік: интеграциялық әлеует және
оны жүзеге асыру» атты конференцияда
сөйлеген сөзі 545
(Алматы қаласы, 1994 жылғы 20 қыркүйек)
- Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров,
Б. Майлинді тарихи еске алу кешінде
сөйлеген сөзі 555
(Алматы қаласы, 1994 жылғы 14 желтоқсан)
- Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясында
«Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын»
тақырыбында сөйлеген сөзі 563
(Алматы қаласы, 1995 жылғы 24 наурыз)
- Қазақстан Республикасы Президентінің
өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту жөніндегі
республикалық референдумның қорытындысы
бойынша отандастарға үндеуі..... 593
(Алматы қаласы, 1995 жылғы 30 сәуір)

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	598
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 9 мамыр)</i>	
Бұрынғы Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядтың жойылуына байланысты Қазақстан азаматтарына үндеуі.....	622
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 26 мамыр)</i>	
БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі конференциясында сөйлеген сөзі	626
<i>(Швейцария Конфедерациясы, Женева қаласы, 1995 жылғы 8 маусым)</i>	
Қазақстан халықтары Ассамблеясының II сессиясында сөйлеген сөзі	639
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 30 маусым)</i>	
Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	680
<i>(Алматы қаласы, 1995 жылғы 9 тамыз)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі	701
Географиялық атаулар көрсеткіші	704
Есімдер көрсеткіші	713
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші	721

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

II ТОМ

1991–1995

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
М. Б. Қасымбеков

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
С. А. Абдрахманов

ISBN 978-601-277-185-5



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.

Бас директор – Әлиев Қ. Ә.

Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.

Редактор, корректор – Раушанова Ғ. Қ.

Беттеуші – Бектебергенова Ж. Т.

Басуға 20.09.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 1/16, Шартты баспа табағы 42,8.
Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 9619.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru